

ҰЛЫ ДАЛА ЖЫРШЫСЫ

Қазақтың дәлділ ақыны Кенен Әзірбаев жайында
монографиялық ойтолғау, эссе, пікірлер



**«АЛАТАУ»
БАСПА-ПОЛИГРАФИЯЛЫҚ
КОРПОРАЦИЯСЫ
2019**



Ақынның баласы Бақытжан Кененұлы



Халық ақыны Кенен Өзірбаев атындағы мемориалдық
музей, 1981 ж



Кененің бала
кезіндегі домбырасы.



Кемер белдік.
Жамбылдың
сыйлығы. 1902ж



Сәбит Мұқанов пен Кенен Әзірбаев



Б.Кененұлы, Т.Кененқызы, М.Әуезов 2016 ж




Мұрат Әуезов отбасымен Кенен ақынның ауылында 2016 ж



Ноғайбай би, Кебекбай шешен, Өтеген батыр және ақын Кенен
Әзірбаевқа тұрғызған Тұлғалар тұғыры мемориалдық кешені, 2016 ж



Кенен Әзірбаев атындағы Жамбыл облыстық филармония, 2017 ж



УДК 78 (035.3)

ББК 85.31

К 30

*Бұл кітап ата рухына кір келтірмей жүрген және бір баласы
Кененбай Ырым Суанбайұлының қолдауымен жарық көрді.*

К 30 Кененұлы Б. Ұлы дала жыршысы

*(Қазақтың дүлдүл ақыны Кенен Әзірбаев
жайында монографиялық ойтолғау, эссе, пікірлер)*

- Алматы: «Алатау» баспасы, 2019. - 344 б.

ISBN 978-601-7461-49-2

Б. Кененұлының бұл туындысы ақиық ақын, күміс көмей әнші, ұлы композитор Кенен Әзірбаевтың өмірі мен шығармашылық жолына өзгеше көзқарас, жаңаша таным тұрғысынан келеді. Кененнің әншілік, ақындық дарынын сөз ете отырып, көнеден келе жатқан жыраулық, серілік дәстүрімізді сақтап қана қоймай, оның рухын асқақтатып, жаңаша түр, әуез, мақам енгізіп кейінгі ұрпаққа аманат еткен абыз ақын, ақылгөй жырау екенін айқындай түседі. Кенен ақынның өскен ортасы, өмірі, отбасы жайлы көпке беймәлім мағлұматтарды да осы туындыдан оқып біле аласыз.


Шығарма ақын жайлы көбірек білгісі келген оқырмандарға, Кенен әндерін насихаттап жүрген өнерпаздарға, жалпы өнер танушы, музыка, әдебиет зерттеуші жас ғалымдарға арналады.

ISBN 978-601-7461-49-2

© Б. Кененұлы, 2019

© «Алатау» баспасы, 2019





ТЕЛЕГЕЙІМ, ТЕРЕҢІМ, КЕМЕЛІМ!

Кенен Әзірбаевтың тұлғасында әншілік, күйшілік, композиторлық, импровизаторлық, жыршылық, әңгімешілдік, шежірешілдік, салдық-серілік, дастаншылдық өнер түрлері мен бірегей қасиеттер толық жарасым тапқан. Ұлы Дала Елінің көркемдік дәстүрлерін, мың қырлы тілінің тамаша даналық әлемін, сұлулық сырларын, жарқын көріністерін ХХІ ғасырға гүлдендіріп жеткізген синкретті өнердің жоталы иесі. Тумысынан зерек, отты жасөспірім шағында-ақ қамыстан сырнай, қалақтан домбыра жасап, өнерлі ортаның өнегесінен сусындап, тұйғындай түлеп ұшқан қыран еді. Әрбір сөзі жолбарыстың құнына татыр Сүйінбай, Майкөт, Сарбас, Шөже, Түбек, Қаңтарбай, Қуандық сияқты әншілік, ақындық, жыршылық, орындаушылық өнер жолындағы шамшырақтардың бірі еді. Бұған қоса сүйегінің асылдығын айтсаңызшы! Себебі, анасы Ұлдар әрі әнші, әрі суырып айтатын ұшқыр ақын, әрі шынардай сымбатты жан болған.

«Ер қазынасы – жүрген із, Ел қазынасы – көне көз, Сөз қазынасы – ескі сөз» дейтін халық даналығына жүгінсек және Ыбырай Алтынсаринше айтқанда, дәлелменен растамақ болсақ, ғасыр куәгері Кенекең өз заманының кемеңгерлері мен керемет дүлдүлдерінің көзін көрген, сөзін тыңдаған, тәлімін болмысына дарытқан. Ұлы жыршылардың айтуынан «Манасты», «Семетейді», Жамбылдың орындауында «Өтеген», «Сұраншы», «Саурық» дастандарын қызықтаған. Өзі де алты мың жолдық «Бұрынғы өткен батырлар» атты дәуірнамалық дастанды көсілте сөйлеткен. Халық рухы, жаны, тілі, дүниетанымы, көзқарасы осы бір дастаншылдық өнерде еді-ау! Негізінде, ұлы кеудесі жыр мен сырға толқыған Кенен Әзірбаевтың «Жалғыз қаз», «Бақ, Қыдыр мен Ынтымақ», «Қаба сақалды хан», «Үш кедей», «Бұлбұл мен көкек», «Сарбарпы» дейтін ертегі-мысалдарында, аңыз-тәмсілдерінде ойшылдық, тапқырлық, ең жоғары әділеттілік, рухани сұлулық дәріптеледі.





Кенен Әзірбаевтың естелігіне орай ой сабақтасақ, Меккеге 2 мәрте барған, ақ патшаға 3 рет барған, абырой-атағы жер жарған өзі әділ, өзі мырза, өзі зейінді – мейірлі, өрі-қыры бірдей жаратылған кесек тұлға Шәбден асында «нелер бір мырза шоралар, палуандар, ақын, әнші, күйшілер, сауықшыл сал-серілер ортасында, қазақ-қырғыздың Ноғайбай, Сарбас, Тоқтағұл, Қалмырза, Майкөтұлы Арқабай сынды саңлақтардың алдында қазақ-қырғызға ортақ ақылы асқар белдей, шалқар Еркебайдың ақыны атанған Кенен де Сарбасша құлағын бұрап, дауылша үдеп, сұңқарша таза дауыспен екпіндете, толқындата шырқайды. Сонда:

Мен өзім Дулат деген елден келдім,
Көл Қоп, Қордай деген жерден келдім.


...Астыма ат, үстіме тон берген соң,
Қасына Еркебайдың ерген едім.

...Мен өзім інісімін Сарбастың,

Он үште ел тойына араластым – деп сұлу әнін ақындық лебізбен жалғастырған.

Дарабоз Кенен Әзірбаевтың шығармашылық өмірбаянына ден қойсақ, өз дәуірінің көсем ойлы ділмарлары, адамзаттың сырттан-дары, сұңқарлары, сал-серілер турасындағы ой-толғаныстары өз алдына өзгеше бір әлем. Мысалы, Кебекбай, Ноғайбай, Бөлтірік, Бердібек, Тілеміс, Еркебай сияқты аузынан дүрлер төгілген шешендер, Дәурен сал, Қырмызы қыз, Сарбас, Әлмен, Әмір, Әлмейін, Бейсенбай сынды сал-серілер мен айтқыш ақындар, Сыпатай, Қордай, Жолбарыс тәрізді батырлар. Әрқайсысының өзіндік бет-бейнесі, деңгейі, машық-дағдысы, ерекшеліктері сипатталған. Айталық, Ноғайбайды: «Адамның қара тілді шешені, ақиық қыраны», Немесе: «Егескенді илеп, қағысқанды қағып, айтысқанды алып, аңдысқанды шалып, сыйласқанды сыйлап» дүркіреп-дүрілдеп өткен, «өз заманында бет қаратпайтын тапқыр, қырағы, сақ» адамның арыстаны болған деп тұжырым жасайды. Кенекен әңгімесінде жер тарихы да сәулеленген. Бұл ретте Ноғайбай шешен аталарының атақонысы – Сұлтүр. Оның бір уыс топырағының өзі қасиетті, ал сұлулығы қандай! «Сұлтүр десе сұлу төр, Нанбасаң өзің барып көр» деген қанатты сөзді келтіреді. Сондай-ақ, бодандықтың бұғауына буындырған шақтағы ел сөзі былайша: «Қайран жайлы жайлауымыз Сұлтүр-ай, бетегелі белің, сұлу айдай көркің айғыз-айғыз болды-ау».





Кенекен Сарбас ақынның Кебекбайға туыс екендігін және Жалайыр Қабан жыраудың қарындасынан туғандығын, нағашысы сияқты «домбыраға үкі тағып, өз құлағын өзі бұрап», айқай сап, жыр толғайтынын, мінезді, сесті, екпінді екендігін бажайлап әңгімелейді.

Осы тәрізді Әмір ақынның әдеті де бөлекше. Ол «алақанына қарап айтады, жұрт оны кітап оқып тұр екен деп қалатын» дейді.

Ал шешендігіне ақындығы, ақындығына батырлығы сай Бөлтірік «Жеті жарғы» атанған. Кенекен осы бір тіркестің сырын «жеті тосқауылдан сүрінбей өтетін тұлпарды осылай бағалаған» дейді.

Сарыарқаның саңлағы Балуан Шолақ, ел ардағы Қажымұқан, бір өзі сахара театры атанған Шашубай жайындағы әсерлері де сүйсіндіреді. Өйткені Кенен өнері және оның абырой-беделі ырғалған қалың елге ортақ екендігін көреміз.

«Ақылды адамның бағы жанбай, елдің бағы жанбайды» дегендей, өнер сапарында Кенекеннің бағын ашқан, ақ домбырасын сыйлаған ел серкесі Еркебай Түркісіб темір жолы бойындағы Отар, Қордай, Қопа стансаларының аттарын қойған екен. Оның тарихи еңбегін ұмытпаған дұрыс.

Кенекеннің әңгімешілдік өнері «Дәурен сал әңгімесінен» танылады. Дәурен салдың таңғажайып өнері мен өнегесі, қырғыз қызы Қырмызы салды қонаққа шақырғаны, Сал қыз аулының сәулеті, аққудай қалқып-ұшқан ақбоз арғымақтың үстіндегі Қырмызы салдың салтанаты, Дәурен салдың Қырмызы сал еліне сапары, соншалықты ізеттілікпен «Мен – тұлпардың құлыны Мінеки, алтын жүзігім, Көзімдей көрім сақташы» деуі, сонан соң ілтипатпен «ақ қалпақты қырғыздан бір адамға шалдырмай, көз қиығын алдырмай, Сізге қол арттым» дегені, тұйыққа тірелгенде Сарбас ақынның екі салға сертке жетіңдер деп айтуы, екеуінің отыз күн ойын, қырық күн тойын өткізуі, халықтың батасын алуы, екеуінің қызық дәурен сүруі, ақырында ата-енесі Дәурен салдың еліне оралуына жағдай жасады, ақ тілегін жаудырды. Дәурен сал еліне аттанарда ата-енесі мынадай көкейкесті тілек айтқан-ды: «Балаларым, шаруа түбі – кеніш, сауда түбі – борыш, таздың шашы – сұйық, салдың арты – сұйық» дейтін қазақ-қырғызға ортақ мақал бар. Енді салдықты екеуің де тастаңдар» – дейді.

Дәурен сал қосағы Қырмызы салмен Аспара – Меркіге оралған соң, той жасап, Сыпатай батырдан бата алып, салдықты доғарады. Осындай тағылымды әңгімелерді Дәурен сал өзін іздеп келген атағы кең тараған алты салға айтқан шынайы сырлары еді.





Ұлы Даланың ұлық жыршысы Кенен атаның «Ұлы Жүз жайында естігендерімді өлеңмен жаздым» дейтін толғауында шежірелік мәліметтер, тарихи деректер, ата-тек, ұран, таңба, би-шешендер, ақындар, батырлар жайы білгірлікпен айшықталған. Ол: Шежіре ойлап тұрсаң ел мұрасы,
Білген жақсы емес пе ел мұрасын – деп тәмамдайды.

Телегейім, тереңім, кемелім, оза шапқан кермиығым Кененім дерсің!

* * *

Ұлт руханияты тарихындағы сал-серілер, жыршы-орындаушылар шығармашылығы «көпшіліктің тыңдауына бейімделетін шығарма» және жанрлық түрі жағынан «сахна әдебиеті» (профессор Құдайберген Жұбанов анықтамасы) болғандықтан, көркемдік идея, мазмұн, тіл, стиль, құрылым – поэзиялық-музыкалық, халықтық қасиеттерге орайлас ұйымдасады. Сондықтан да Кенен Әзірбаев жаратындыларының көркемдік әлемін сипаттауға ойысамыз.


Кенен Әзірбаев – поэзия дүниесіндегі өзгеше лепті, тынысты, сиқырлы күйді сай-сүйегіне дейін сезінген, жазғы шөптің гүліндей жұпар аңқитын жақсы сөзді, жібек жіптей есілген, толқындай кестелі жырды халқына сыйлаған, ана тіліміздің өрісін кеңейткен, өрнегін байытқан жомарт дарын. Өзіне де, өзгеге де қатал сыншы бола білген суырыпсалма ақын, әнші, композитор, жыршы-әңгімеші айтыс ақындарына:

Қытықтамай, шымшып айт,
Өткір жырмен қыршып айт,
Ұл-қыздарым, қызып айт,
Ақбөкендей желіп айт,

Оза шауып орғып айт, – дейді. Әсерлі, қызулы, тасқынды, екпінді жырларыңмен оттай шалқып, еркін көсіліп сөйлеңдер деп үн тастайды. Асылы, ақынның бұл лебізінде өлең сөздің көркемдік болмысына, эстетикалық табиғатына қатысты құнды ойлар көрініс тапқан.

Жыршы ақынның әншілік, композиторлық өнеріне, музыкалық аспапта ойнау шеберлігіне ойысар болсақ, ой-сезімін құлпыртып жеткізуде көркемдік қабілетін танытатын бейнелегіш құралдарының бояуы қанық, өрнекті сөздерді ұлттық тілдің қазынасынан ойып алып отырған:





Ақ шәйнек, сары самаурын тұрса қайнап,
Отырса қыз, бозбала күліп-ойнап.
Киінген қызғалдақтай қыз-келіншек,
Сапырса сары қымыз құлан ойнақ.
Құраған қара ағаштай қақиғанша,
Жас шақты өткізелік гүлдей жайнап.

(«Ойжайлау»)

Тал шыбықтай бұралған жас,
Шырмауықтай оралған жас,
Жазғы гүлдей құбылған жас.

(«Балалар»)

Адам бол, жігерлі бол қырық бұраудай,
Мінезің жұмсақ болсын май сылаудай.

(«Ақыл-нақыл»)

К.Әзірбаев жаратылысқа, тұрмысқа, шаруа-кәсіпке, өсімдіктер дүниесіне қатысты атауларды негізгі ойын сабақтау үшін, әрі әсерлеп, әсемдеп жеткізу үшін, көркем теңеулер ретінде қолданып отырады.

Ақын алақашпа, жұлақашпа, арсыз сілімтік, опасыз жандарды «Қызғыш пен безгелдектей бебеу қаққан, күнбағардай құбылып, шыр айналып» деп суреттейді. Академик Нығмет Сауранбаевты жоқтауындағы:

Қазан желі ұрғандай жерге түстің,

Оқ тигендей аққуға көлде тұрған, – деген жолдар адам қабырғасы қайысарлық қайғылы жағдайды сұмдық суреттермен («оқ тигендей аққуға») бейнелейді.

Кенен Әзірбаевтың қос құлыны Базар мен Назар дүниеден өткенде:

Адамға бала деген балдай екен,

Сөйлесе, тәттілігі жалдай екен, – деп емірене, езіле сөйлейді.

Ақылдылық пен сұлулық турасында толғағанда «Кішіпейіл келеді білімді адам, дәні толық тарыдай басын иіп», «Тал бойында тарыдай бір мінің жоқ» деп «тары» сияқты сөз-образдың айналасында адамның кіршіксіз тазалығын, ешқандай мінсіздігін бейнелейді.

К.Әзірбаев ауыспалы мәнде қолданылатын ауыстыру сөздерді де тауып қолданады. Мәселен, пойызды суреттегенде:





Тамағы – от, сусыны – су біздің тұлпар,
Желгенде тау жаңғырып, жер солқылдар.

Жалпы алғанда, халық ақындарының қай-қайсысында болмасын, поэзияның жаны ретінде, көркі есебінде образ жүйесінің арқауы сипатында, поэзия болмысында лайық пейзажды шеберлікпен игерушілер деп айтар едік. Фольклордағы пейзаж – образды жүйенің бөлігі, ол көптеген көзге көрінбейтін арқаулар арқылы стильмен дәнекерлеседі. Бұл ұлттық нышандарды шынайы бейнелеудің ұтымды жолы.

Жаз арты, күздің алды мизам жайы,
Сентябрь, октябрьмен табыс айы.
Күн – піскек, жұлдыз – көбік, жер – кең саба,
Толықсып толған айдай түспек майы.

(«Алтын күз»)


Қазақ халқы өмірдің шындығы мен ұғымына тонның ішкі бауындай етене жақын. Дала табиғатының сырларына үңілу, ерекшеліктерін аңдау, өзіне лайық белгілерін қырағы танып, ақындық ойға желі ету – эстетикалық құбылыс. Осы шумақтың соңғы екі жолында зер салған кісіге не көрінер еді? Жердің өзі ырысы – мол ыдыс. Күн нұрының игі шарапаты болмаса, жерге бақыт, қыдыр дарымайды, көктеп өспейді. Сондықтан күнді піспекке ұқсатып беруі, сондай-ақ жұлдызды көбікке балауы әбден сәтті шыққан.

Кенен ақын Шашубаймен айтысқанында «көңіл – лашын» деген тың тіркесті қолданған. Мұның эстетикалық табиғатын тану үшін мәтінді қарастырсақ:

Шашеке, амансың ба, күйлі-жайлы?
Өнерге өрен аға сегіз сайлы.
О, шіркін, көрілік те келіп қапты,
Аяғы бұл өмірдің түйе-тайлы.
Жетуге бір арманнан бір арманға,
Құйқылжып, қанат қағад көңіл – лашын.

Осы тіркестегі «лашынды» эпитет деуге толық қисын бар. Теңеуге жатқызар болсақ, белгісі жоқ. Алайда бұл – метафоралық эпитет. «Лашын» сөзі ұшқырлықты, теңдікті, алғырлықты меңзейді. Бұл ретте халық лирикасында «Лашынға лайық қарағым-ай, бөктергіге қор болып барасың-ай» деген өлең жолдары бар. Мұндағы «лашын» аса сұлу, сүйкімді, сымбатты, сұлу бойжеткенге





лайық жігітті бейнелеп тұр. Немесе «Ер Тарғын» жырындағы «Көк бүркіттей түйіліп, лашын құстай шүйіліп» пен «Алпамыс батыр» жырындағы «Лашын құстай құйылып, қабағы тастай түйіліп, жауатұғын бұлттай» дегендерді алайық. Мұнда «лашын» өткірлік пен өжеттікті білдіреді.

Иә, әр сөздің өз алдына тарихы бар. Ол да тарих сияқты өседі, дамиды, түрленеді. Мағыналық аясы кеңейіп, образдық қуатының жаңадан көздері ашылып отырады. Кемелденіп, толысып, жаңа қуатқа иеленіп, қолданылу ауқымы, мағынасы кеңейе түседі. Этимологиялық тегінен бастап оған қаншама айшық, салмақ қосыла береді. Керісінше, олардың уақыт ағынымен ескіріп, көнеретін, қолданыстан қалып қоятын да жағдайлары болады.

Ұлттық тілдегі метафоралық сөз тіркестерін жүйрік білген жампоз жыршы «мейірдің кені», «нұр гүлі», «бақыт таңы», «көңіл құсы» сияқты зерлі тіркестерді тудырған.

Ақынның өлең-жырларында, айтыстары мен дастандарында «көңіл – лашын», «от-жалын», «Отан – қамал», «тілім серік», «ақыл күнің», «ән – әсер», «өлең – өрім», «талабым – тау», «үнім – арна» сияқты ассоциациялық тіркесімдер баршылық. Бұлар шығарманың, өлең-жырлардың эмоционалдық-экспрессивтік мәнерлігін, көркемдік әсерлілігін күшейтеді.

Жан-дүниенің сілкінісін, ақындық қиялдың серпілісін сипаттағанда «көктұйғындай сілкінді», «ақсұңқардай түледі», «тас түлектей таранды», «тау бүркіттей шаңқылдап», «ақиықтай таранды», «ақ бөкендей желейін», «құстай ұшып», «сұңқардайын қиялап» деген халықтық тіркестерді, бейнелі оралымдарды тапқырлықпен пайдаланады. Сөйтіп, бір ойдың өзін сан түрлі өң-реңке бөлеп, өдемілеп жеткізеді.

Кенен Әзірбаев шығарма мазмұнын әсерлі, ойын мәнерлі беру үшін халықтық мақал-мәтелдерді өзгертіп, түрленітіп қолданады. Мәселен, «Арыстан айға шауып мерт болыпты» деген белгілі мәтелді «Ақылы жоқ арыстан айға қарап шабынар» немесе «Айға шапқан арыстан аяғынан айырылған» деп құбылтады.

Кенен Әзірбаев ғаламның құбылыстарын, жаратылыстың жаратылуын, Күн мен Ай, жұлдыздарын өз мәні мен ауыспалы мағына беріп қолдануға шебер.

Қазақ тілінде «жұлдыз» сөз-образдың мағынасы – жолы болған, бақыты жанған дегенді білдіреді. Тілімізде «жұлдыздай ақты», «жұлдыздай самғады», «жұлдыздай жарқырады» деген





суретті, өрнекті тіркестер бар. Орыстың белгілі фольклоршысы А.Н.Афанасьев: «Сәби дүниеге келген шақта жарқырап жанған жұлдыз оны әрқашан да сақтап, қорғайды, осы аспан шырағының қолайлы, жағымды, ұнамды әрекеттерінің арқасында туған адам, сөзсіз, бақытты және керісінше де болады» дегенді айтады.

Ақын «жұлдыз» сияқты сөз-ұғымды, сөз-образды, сөз-символды өз жырларында көптеп пайдаланады. Мәселен:

Дәм-тұзыңды көп татқан қырғыз туған,
Жолың болып оңынан жұлдыз туған.

(«Қырғыз бауырыма»)

Бақыттысың ұл мен қызым,
Маңдайыңда таң жұлдызың.

(«Балалар»)

Гауһарлар көкте жарқырап,
Түскендей жұлдыз салбырап,
Бір ғажайып жерге енді.

(«Жеңіс салтанаты»)

Жұлдыздай жарқырап,
Атағың сөнбейді.


(«Күләшқа»)

Осынау образды, бейнелі сөздер әдеби шығарманың әрі мен ажарын көріктендіріп, сүйегізді, денеңді балқытады.

Жинақтай айтқанда, Кенен Әзірбаев құбылысы – ұлттық өнер тарихында әншілік-жыршылық, сап-серілік, әңгімешілдік-шежірешілдік, күйшілік өнегесімен, халықтық-поэзиялық дәстүрлерімен өзгешеленеді.

СЕРІК НЕГИМОВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
филология ғылымдарының докторы, профессор





БАСТАУ

Қазақтың ұлан-ғайыр кең даласын әнімен тербеткен, Алатаудың ақиығы, боздаланың бозторғайы атанған дүлдүл ақын, бұлбұл әнші Кенен Өзірбаевтың туғанына 135 жыл, дүниеден өткеніне 40 жылдан асыпты. Шіркін, көзден бұлбұл ұшқан зымыран заман-ай!

Сонау 1974 жылы тоқсан жылдық мерейтойын көзбен көріп, халқының ыстық ықыласына бөленген қарт ақын: «Енді менде арман жоқ» деп ағынан жарылып еді. Өндерім Алатау асып, әлемді шарлап кетті. Атақ-абыройым асқақтап, қуанышқа кенелдім. «Сабау қамшы, салт атты атанған» келеңсіз кездерім келмеске кетіп, «Аққу ата» атандым. Ұлдарым мен қыздарымнан тараған үрім-бұтағым бір қауым ел болды. Жұмыр бас пендеге бұдан артық не керек? Шын бақыт деген осы ғой!» дейтін жарықтық. Осының бәрі күні кешеге ғана өткен, бәріміз куә болған жәйлар емес пе. Ақынның:

«Ән үйреттім жасынан шөбереме,

Ән салады шетінен немеремде.

Ұлым, қызым, немерем әнші болса,

Армансыз бұл дүниеден жөнелемде» дейтіні содан болар.

Көз тірісінде аты аңызға айналған ақынға мұндай атақ-абыройдың бірден келмегені ақиқат. «Халқыңа адал қызмет етпесеңіз, абырой атақ деген келеме оңай» деп өзі жырына қосқандай мұның ар жағында ақын жүріп өткен өрім-өрім өмір сүрлеуі жатыр. Алатаудың өркеш-өркеш жоталары сияқты Кенен ақынның да өмір жолы сан қырлы, сан қилы. Енді сол ақын өткен өмір соқпағымен бізде жүріп көрелік.

Ең алдымен ойымызға ақынды жарық дүниеге алып келген ата-анасы келеді. Атасы Манабайдан үш ұл туған. Ниязбай, Өзірбай, Өбденбай. Үшеуі де сауықшыл, ат құлағында ойнайтын шабандоз, көкпаршыл, той-думанның көркі болған деседі. Бұлардың бабалары Байторы, Жанторы, Тайторы, Қойторы, Шәймен (Шімен). Бәрі де жаужүрек, ақыл-парасатымен, адалдығымен елге жаққан аузы дуалы адамдар екен. Ақынның кейінгі буын аталары да ел аузында аңыз боп қалған киелі, намысын қолдан бермейтін жандар болыпты.





Атақты Сүйінбай ақынның «Қасқарауда тоғыз құт бар, соның бірі – Бесжалаңаяқтар» деуі тегін айтылмаса керек.

«Бар екен Қасқараудың тоғыз құты,

Ортаймас келсе дағы қоян жұты.

«Бес жалаңаяқ» атанған сері, саңлақ,

Домбырашы, қобызшы өңкей мықты!».

«Қасқарау» деген сөз адамның аты емес. Бұл арғы бабамыз Бәйімбеттің лақап аты. Ол жөнінде ел арасында мынадай әңгіме бар. Қырғыз-қазақтар бас қосқан бір үлкен жиында сөзін өткізе алмай қатты қапаланған атамыз аяқ-асты дау шығарыпты. Оған себеп болған қырғыздың қаракер жорғасы екен. Тысқа шыққан Бәйдібек сәреде байлаулы тұрған бір топ аттардың ішінен қаракер жорғаға көзі түседі. Ат керіліп есінеген кезде тілінің астындағы бармақтай меңді көзі шалып қалады. Даудың басы осыдан басталған ғой. Қырғыздардан есемді қайтсем қайтарамын деп тұрғанда мынау аяқасты табыла кеткен себеп болды. Бәйдібек әзілдеп болса да тап сол жерде:

-Тай кезінде ұрланған жылқымды енді таптым. Тайға таңба басқандай дәлелім бар. Билерге жүгінемін. Әділін айтсын, дейді.

- Бұл қазақ танып тұр. Құлыншақ кезінен қолымнан жем беріп өсіргенмін. Бұл жалған сөйлеп, жала жауып тұр, деп аттың иесі шырылдайды. Әзілмен айта салған Бәйімбеттің сөзі аяғында келіп үлкен дауға айналыпты. Дауды ұзаққа созбай, тез бітіргісі келген билер тобы:


- Әй, Бәйімбет, бұлтартпайтын айғағың болса айт. Болмаса біреуді нақақтан күйдірме, дейді.

- Ендеше аттың аузын ашып көріңдер. Менікі екені рас болса тілінің астында меңі болуға тиіс. Болмаса осы жерде тілімді кесіп, көзімді ойып алыңдар, деп қасарысып тұрып алады. Екі-үш жігіт жабылып, аттың аузын ашып көріп, расында тілінің астынан үлкен қалды көреді. Мұны көрген жұрт шуласып кетеді. Сонда билер: «Ақиқат сөз. Бұлтартпас дәлел. Жылқы Бәйімбеттікі» деп түйінін айтыпты.

Бұған наразы болған ат иесі, қасына ерген бір топ қырғыздар: «Ата-қоқи! Мына қазақ «нағыз қарау», «қас қарау» екен деп ұлардай шулаған деседі. «Қас батыр, қас сұлу, қас жүйрік» деген сияқты Бәйімбет атамызға тағылған осы «Қасқарау» деген сөз, бүкіл бір рулы елдің лақап аты болып қалып қойыпты.

Ал аталарымыздың «бесжалаңаяқ» деп аталуы да өзінше бір әңгіме. Шомай дейтін қарттың ел аман, жұрт тынышта тоғыз түйесі үшті-күйлі жоғалып кетіпті. Ұры алғанын, не жер ауып кеткенін ешкім





білмейді. Іздемеген, сұрастырмаған ешкім қалмайды. Балқаштан бергі жердің бәрін аралап таба алмайды. Айға жуық уақыт өтіпті. Сөйтіп, күдерін үзіп келе жатқанда, балақтарын түріп тастап, суаттан мал суғарып жатқан бес жігітке кездеседі. «Оу, балалар, әруақты елдің жігіттері екенсіңдер, түйелерімді іздеп табанымнан таусылдым. Көздеріңе түссе айтыңдар» дейді қария.

Сонда әлгі жігіттер қаптаған түйелердің ішінен қарияның тоғыз түйесін бірін қалдырмай тауып беріпті. Сонда көпті көрген қария: «Бастарыңнан бақ кетпесін, астарыңнан ат кетпесін! Береке, дәулеттің нұрына шомылыңдар!» деп бата берген екен. Жол жөнекей «түйелеріңді қайдан таптың?» дегендерге, Қопаның жазығында түйе баққан «бесжалаңаяқ» жігіттер тауып берді дейді. Бұл атау содан қалған.

Міне сол қасқараудың бір бұтағы «бесжалаңаяқ» Манабайдан үш ұл туған. Кәрілік дендеген Манабай бір күні балаларын шақырып алып: «Бәрің тойшыл болғанша, бірің қойшы бол» деп шаруаның тізгінін Әзірбайға ұстатады.

Үш ұлдың тағдыры үш түрлі. Ниязбайдан ұрпақ жоқ. Өмірден ерте қоштасқан дейді. Кіші ұлы Әбденбай көкпар тартып жүріп, аттан құлап жамбасын сындырып алады. Содан бір аяғынан ақсап қалады. Бақалшы, ине-жіп, айна-тарақ сатып, ұсақ сауда-саттықпен айналысқан. Одан Іңкәрбек атты ұл туған. Іңкәрбектің өзі сонау 30-32 жылдардағы аштықта қайтыс болыпты. Әкесіз қалған екі баланы Жапарбек пен Нұртайды Кенен өз атына жаздырып алады. Кененов Жапарбек ұлы отан соғысынан оралған жоқ. Нұрбайдан Қамысбек атты бала бар.

Әкесінің үкілі үміті болған Әзірбайдың да тағдыры шырғалаңға толы. Бұрынғы ақын-жыршылардың жыр-дастандарын жатқа айта-тын, жасынан өнерге жақын, суырып салма ақындығы бар жан екен. Қараңғылықтың шырмауынан шыға алмай, кедейшілік қолын байлап, өрісін тарылтқан өр мінезді жігіт, ақыры тіршіліктің тауқыметіне мойынсұнып, ақындық деген киелі өнерден суысып кетіпті. Әсіресе атастырып қосылған зайыбы Алуа дүние салған соң отбасының сұрқы қашып, дастарқаннан береке кетеді. «Қырсық жалғыз жүрмейді» демекші, ат басын тартып мінуге жарап қалған екі ұлы бірінен соң бірі қайтыс болады.

«Байдың әйелі өлсе төсегі жаңғырады, кедейдің әйелі өлсе басы қаңғырады» дегендей орта жасқа келіп қалған Әзірбайдың күйі кетіп, сағы сынғандай еді. Ұзатылып кеткен екі қыздың ауылы алыс. Алыс





болса да аратұра соларға барып кір қоңын жуғызып, бірер ай жатып қайтады екен. Елден көшіп қыздарына баруға намыс жібермейді. Осылайша қайғы жұтып, қапалы күй кешіп жүргенде бір күні замандасы Кебекбай бастаған бір топ адамдар сау ете түседі. Кебекбай өзі шешен, әділдігімен елге жаққан, көріпкелі бар әулие атанған адам. Бүкіл Қасқараудың биі. Ол жөнінде халық арасында айтылатын небір аңыз-әңгімелер көп. Соның біразын Әзірбай да талай естіген, жадына сақтап жүретін еді. «Шырғанақтан сөз келсе, шырқаушының өзі боларсың. Түбі, бүкіл Қасқараудың тізгіні бір кезде сенде болар!» деп Байсақ қария бата беретін атақты Кебекбай шешен.

Жас кезінен-ақ ел арасында болып тұратын дау-дамайларға қатысып, түйінді айғақ сөздерімен ел аузына іліккен Кебекбай. Әсіресе Алтынемел жеріне таласып, Жалайыр мен Наймандар арасында үлкен дау болып, оның аяғы кісі өліміне дейін барады. Сонда арқадан билік айтуға Құнанбай бастаған бір топ адам, Алатаудан Бөлтірік шешен бастаған бір топ ел жақсылары келіпті. Ұзаққа созылған айтыс-тартыстан кейін:


«Бөлтірік шешеннің бұлтартпас сөзінен соң жер дауы шешілді. Ал енді мына шейіт болған адамдардың құны қалай болады? - Мұның түйінін кім шешеді дегенде Бөлтірік тұрып: Мұның шешімін Кебекбай айтсын, дейді.

Сонда он сегіз жасқа енді толған бозбала Кебекбай былай деген екен: «Есебін тапқанға ердің құны екі ауыз сөз емес пе? Сыйлас елдің бірлігі болады, бірлікті елдің тірлігі озады. Қараның ханға бергісіз билігі болады, онда ханның билігі далада қалады. Судың түбін шым сақтайды, сөздің түбін шын сақтайды. Ердің атын ел сақтайды. Ерлер елі үшін шейіт болады. Артында шеттігі өсіп жетеді. Екі ел сыйлас болса, бірін бірі қимас болар. Өлгенге – салауат, тіріге – аманат. Екі жақ қыз алысып, құйрық-бауыр асап құдандас болсын. Жер дауы бітті, осымен ер дауы да бітті» деп орнынан тұрып Құнанбайға қол беріпті. Екі жақ құшақтасып, жыласып табысқан екен дейді.

Кебекең жайлы сөз бола қалса таңға әңгімелейтін Әзірбайдың есіне әртүрлі оқиғалар тізіліп келіп жатқандай еді. Кебекеңнің оң батасы- бақыт әкеледі, теріс батасы – қапа қайғы әкеледі. Сөзі дұғалы, айтқаны киелі деп жұрт тамсанатын.

Бір жолы Кебекбай аң аулап жүріп жау қолына түсіп қалады. Оны ұстап берген сол жердің манабы Ысқақ дейтін кісі екен. «Мені қоқандықтарға жем қылма, босатып жібер. Жалғыз ұлың бар екен, сонымен дос, сыйлас болайын» дегеніне қарамай Қоқанға апа-





рып өткізеді. Қылышынан қан тамған қоқандықтар қолына түскен тұтқындарды іздеушісі табылса жүз жылқыға айырбастап қайтарады екен. Ал жоқтаушысы болмаса бір-екі айдан соң жұрт алдына шығарып дарға асатын көрінеді.

Әкесі Байторы баласына іздеу салып, талай жерге хабар береді. Кебекбайдың өлі-тірі екендігін ешкім білмейді. Жаугершілік заман ғой, жаудың қолынан қаза тапқан болар, деп түйеді. Ал қоқандық өзбектер болса екі ай кісендеп ұстаған Кебекбайды дар ағашының түбіне алып келіп: «Еліңе қадірлі адам болсаң артыңнан іздеушің келер еді. Ешкім келген жоқ. Сенің құның дар ағашы» деп мойнына қыл арқан салады. Тап сол кезде: «Айналайын, Қауызжан-ау! Сенің мұндай күйге түскеніңді ешкім білмейді. Байғазы, Торғауыт батырлар, бүкіл ел болып іздеу салып, таба алмай жүр» деп Кебекбайдың аяғын құшақтап, зар илеген әйелдің ащы даусы шығады. Ол кездің салты бойынша келін боп түскен әйел сол елдің үлкендерінің атын атамай өзгеше айтатын болған. «Қауызжан» деуі сондықтан.

Бұл жоқшылықтан елден кетіп, шалы сиыр жайып, өзі бұзау бағып қырғыз жерінде жансақтап жүрген қасқарау Боқай дегеннің Ажар деген әйелі екен. Өлгі әйелдің дауыс айтып, шырылдап жылаған даусына қоқандықтар сеніп, Кебекеңді қайтадан зынданға алып кетеді. Ал Ажардың қолына хат беріп, еліңе хабарла деп жібереді. Сөйтіп, ағайындары келіп жүз бестіге Кебекбайды сатып алып, зынданнан босатқан екен. Ал Кебекбайдың айтқанына көнбей қоқандарға ұстап берген Ысқақ манаптың жалғыз ұлы сол жолы аяқ-асты ауырып, бақилық болыпты. Мұны Кебекеңнің киесі ұрды, деп ел көпке дейін айтып жүрді.

Көп жылдар өткен соң қырғыздың Төрекелді деген батыры Кебекбайды қонаққа шақырады. Қасында Сарбас ақын, тағы басқа нөкерлері бар, күрең жорға мінген Кебекең бұлаң құйрық жүріспен келе жатып, ат-тоны сәулетті, алайда топтан бөлектеніп, қайта-қайта көзіне жас ала берген адамға көзі түседі.

- Ау, Төрегелді батыр, анау топқа қосылмай жырақтап келе жатқанкім? Ол неге жылай береді. Әлде сен бірдеме дедің бе? деп сұрайды.

- Баяғыда сізді қоқанға байлап-матап ұстап беретін Ысқақ манап осы. Сол уақиғадан соң жалғыз баласынан айрылып қарабет болған кісі деп жауап береді. Адам баласына кек сақтамайтын Кебекең әлгі адамды шақырып алып, оған жұбату айтып, «Кештім» депті.





Бұған баладай қуанған Ысқақ манап, ертесі күні Кебекенді бүкіл серіктерімен қонаққа шақырып, ат мінгізіп, шапан жауып күткен екен. Осы жолы қол қусырып Кебекбайдан бата алады. Көп ұзамай Ысқақтың әйелі жүкті болып, ұлды болыпты. Бүкіл қырғыз-қазақ Кебекбайдың атын аңызға айналдырып, әулие тұтатыны сондықтан.

Әлгінде Кебекбайлар келіп аттан түсіп жатқан кезде осы бір әңгіме Әзірбайдың ойына орала беріп еді. Оның себебі де жоқ емес. Сол Ысқақтың басына түскен жағдай мұның өзінде де бар. Ол атыңды ерттеп, қамшы ұстатар, қара шаңырақтың иесі атанып артыңда қалар ұлдың жоқтығы. Ер адам үшін, әсіресе қазақтар үшін бұл үлкен қасырет. «Оу, бәйеке, артыңнан ерген тұлымдарың қанша, күлшашарларың көп пе?» деп сұраса адамның күмілжіп қалатыны сондықтан. Осыны ойласа жүрегіне біреу біз сұғып алғандай жаны ауырып, құлазып қалатын еді. Ағайындар, дос-жарандар: «Әзеке, тым қайғыра берме. Қыз- бала емес пе? Екі қызың бар. Құдайға шүкір де. Тіпті ұрпақ көрмей, нәресте сүймей өткендер де бар ғой» деп жұбатқан болады. Иә, қыздың жаттығы жоқ. Бірақ құдыреті күшті жаратқан қыз баланы о бастан-ақ жат жұрттық етіп жаратқан ғой! Бұған не дерсің!


Қонақтар үйге кіргенде Әзірбайдың қысылғаны бұл емес еді әрине. Көп уақыт әйелдің қолы тимеген үйдің жәй-күйі белгілі емес пе. Қонақтарға төсейтін көрпе-төсеніштердің өзі өңін беріп, тозыңқырап қалыпты. Әзірбайдың бүгежеңдеп, қысылып қалғанын сезген Кебекең, келген шаруасына бірден кірісті:

- Әзеке, арамызда бір-екі жас айырма болмаса, итжейдені қатар тоздырып, Мәтібұлақтың бұлағынан сусындап, киелі топырағын бірге бастық емес пе? Заманымыз тарылып тұр. Жеріміздің біраз бөлігін Қоқандықтар басып алды. Солардың даурықпа, әпербақан сарбаздарымен айқасып, тартысып жүріп, сізге келе алмай, ат ізін суытып алыппын. Айыпқа бұйырмаңыз!

- О не дегенің, Кебеке? Ел іші - кеніш деген. Сол елдің көргенін бірге көрісіп, өмір кешіп жатқан қара шалға не болар дейсің? Сен халықтың қамын ойлап жүрген жансың. Ел үшін «басыңды өлімге тігіп, жаныңды садақа етіп жүрген адамсың» деп Әзірбай толқып кетіп еді. Кебекбай жәй ғана жымыып сөзін жалғастырды.

- Ағайын-туыстар жабылып, бір-бірлеп қозы-лағын берсе де сізді «қараусыз» қалдырмайды. Әңгіме басқада. «Бірінші байлық-денсаулық, екінші байлық – ақжаулық» демей ме, Әзеке. Үйдің берекесі де, ер адамның сүйеніші де осы ақжаулыққа байланысты. Замандасының бұл сөзіне екі иығы бүлкілдеп біраз күліп алған





Өзекең:

- Айтқышсың-ау, Кебекбай. Менің мына сиқыма, мынадай күйіме қарап қай бір есі дұрыс әйел келеді дейсің деп тағы күлді.

- Мен, мына серіктеріммен бірге Ақыш деген құрдасымның үйінен шығып келіп отырмын. Оның үш қызының бірі Ұлдардың басы бос екен. Өлі ешкім құда түспепті. Әке-шешесімен келісіп, қыздың да келісімін алдық. Басында, «жасы болса үлкен, кәрілік дендеген адамға қайтіп барамын» деп қарсылық білдіріп еді. Естияр, кісілігі бар, әруақ силаған қыз екен. Үлкендердің сөзін жықпай келісімін берді. Енді көп созбай екі-үш ағайыныңды ертіп, әке-шешесінің алдынан өтіп, Ұлдарды алып қайт, деп Кебекбай бұйыра сөзін аяқтады.

Бұлар кеткен соң терең ойға кеткен Өзірбайдың көзі жасаурап, көңілі босап қалды. «Адамның күні адаммен», «қарекетсіздік өліммен тең», «ердің қырсығын ер кеседі» деуші еді бұрынғылар. Қалай тауып айтқан десеңізші! «Көптен бері көңілін күпті қылып, жанын жегідей жеген осы бір түйінді Кебекеңнің өзі шешіп, ақиқатын айтқан жоқ па. Ендігім, жігерсіздік, ынжықтық болар деп шешкен Өзірбай сол жылдың күзінде Ұлдарды әкеліп, азын-аулақ той жасап, ақсақалдардың бата-сын алды.

«Жылқы кісінескенше, адам тілдескенше» демекші екеуінің жас айырмасы біраз болғанымен тез үйренісіп, тез ұғынысты. Мұнда да басты себеп екеуінің өнерге, ән-жырға деген құмарлығы болды. Өзірбай жасынан ақындыққа жақын болса, Ұлдар шілдеhana, тойларда ән шырқап әнші атанған. Ұлдардың даусы ерекше сазды, биік, сонысына қарамай жұмсақ, өте жағымды болыпты.

Өзірбай кейде қалжыңдап: «Сенің шын атың Ұлдар емес, Ұлар болуға тиіс. Ол құс атаулының киесі ғой. Өте таза, нәзік құс. Адамның қолы жете бермейтін, таулы шыңдарды мекендейтін пәк құс. Оны ешкім қолға үйрете алмайды. Балапанын қолға алсаң, сол сәтте жан тапсырады. Тұзақ, тор құрып ұстаймын деу бос әурешілік, бұқпантайлап барып атып ала алмайсың. Өте сақ құс. Ұлар құстың өзі де сүйкімді. үні де ерекше. «Ұлы тауға шықтың ба, ұлар етін жедің бе?» дейтін сөз содан қалған. Міне сен қыз Ұлар, құс Ұлар болып өз еркіңмен менің қолыма қондың. Менде енді арман жоқ» деп ағынан жарылушы еді.

Арман қайдан болмасын? Өмірімнің жалғасындай болып, шаңырақты ұстап қалатын артымда бірер «тұяғым» қалса дейтін арман-тілек қай әкенің болмасын көкейінде тұратын жәй. Сондай тілеу Өзірбайдың да жүрек түкпірінде тұнып жатыр. Жасым болса бел





асты. Бәріде бір жаратқанның қолында ғой, беретіні болса береді, алам десе алады. Оған бұйрық жүрмейді, деп түйген. Бірақ онысын Ұлдарға айтып көрген емес.

Ұлдар шаңырағына келіп түскен бойда шашылғанын жинап, бүлінгенін бүтіндеп, жыртылғанын жамап дегендей үйдің ажары, отбасының берекесі болды. «Осы келін келгелі бұл үйдің түтіні түзеліп, Өзірбайдың бағы жанды» деп ауыл ақсақалдары пейілдерін жасырмай айтып отыратын еді.

Біржолы кешкі ас үстінде Ұлдар: «Әзеке, (жасы үлкен ғой деп атын атамай Әзеке дейтін) сізге бір құпиямды ашсам деймін. Құдай қаласа құрсағымда бір тіріжан жатқан сияқты. Денем күннен күнге ауырлап барады. Жүрегім айнып, мазам болмай жүр» деп еді. Оның бұл сөзіне көздері шарасынан шыға қуанған Өзірбай: «О, жаратқан, мұныча тәубе! Ата-бабамның әруағы қолдасын!» дегеннен басқа аузына сөз түспей, осы айтқандарын қайталай берді.


Ай-күні толып, мерзімі жақындаған сайын екеуінен маза кетті. Тұңғыш рет құрсақ көтеруі ғой. Ұлдар соған алаңдайды. «О, тәңірім, күш-қайрат бере көр, аяғымды жеңіл қыла көр» деп жалбарынатын еді. Өзірбай болса үйден алыстап кете алмай, құлағы түрік жүрсе де, көңілі тым алаңдаулы.

Бүгін де тап солай болды. Ұсақ-түйек шаруамен айналысып жүрген Өзірбайдың құлағына шыр ете қалған баланың даусы естілгенде аңырып біраз тұрды. Жүрегі аттай тулап, дүние теңселіп кеткендей болып еді. Қолындағы айырын тастай салып үйге қарай жүгірді. Қызылшақа нәрестені орап кеудесіне басқан көрші әйел: «Әзеке-ау, сүйінші! Балпанақтай ұлды болдың. Қартайғанда сүйенішің болсын, шаңырағыңа бақыт әкелсін! деп өзі де абдырап тұрған Өзірбайдың қолына ұстата салды. Құдайға құлшылық етіп, жаратқанға жалбарынып жүріп көрген перзентін құшырлана иіскеген Өзірбайдың көзінен жас тамшылары ыршып-ыршып түсті.

Балаға ат қоюға келгенде Ұлдар екеуінің арасында біраз әңгіме болғаны рас. Өзірбай болса есімдері аңызға айналған, батырлығымен елге танылған, ержүрек бабаларының бірінің атын бергісі келген еді. Бұған табиғатынан сабырлы, сырмінез Ұлдар мынадай уәж айтты:

- Әзеке, осы баланың бойында тек анасы ғана сезетін ерекшелік бар. Бұл қаһарман батыр да емес, мыңғыратып мал айдаған бай да емес, өрісі кең, көңілі дарқан, нәсібі мол адам болатын сияқты. Бұған Әзекең мырс етіп:





- Өлі көзін де аспаған нәрестенің ертең кім болатынын қайдан білесің? Көріпкелің барма? деп күлген. Оның күлгеніне күлдіре жауап берген Ұлдар:

- Сол нәрестені тоғыз ай құрсағында тербеткен, толғатып жарық дүниеге әкелген, Өзеке сіз бе, әлде мен бе? Құдай маған бір аян берген шығар. Осы баланың қызығын мен емес, сіз көретін сияқтысыз. Өлі-ақ атыңды алысқа танытып, абыройыңды асқақтатын болады. Соған бола көңіл жығыспайықшы, Өзеке, деп жеңіл ғана әзіл тастап еді.

- Ол, не дегенің Ұлдар? Менікі жәй еркектік мінез ғой. Егер көңіліңде жүрген көркем ойың болса айт. Менің жаратқаннан сұрайтыным, екеулеп жүріп, аңсап көрген осы баланың өмірін ұзақ қылса екен! Манабайдың ұрпағы дейтіндей атақ-абыройға ие болса екен дейтін әкелік тілеу ғана.


- Келіссең айтайын. Қазақтың кең-байтақ көсілген даласы бар, дарқан мінезі бар, шалқар көлі, шалқып жатқан сай-саласы бар. Біздің нәрестеміздің де өмір жолы ұзақ, кемерлі болсын! Аты Кенен болсын, деді. Ұлдардан мұндай даналық күтпеген Өзірбай: «Болсын, болсын!» деп қайталай берді. Кешке бір малды сойып ақасақалдарды шақырайын, Кененге бата сұрайық деді. Бұл 1884 жылдың маусым айы болатын.

Алла тағланың кеңдігінде шек жоқ. Көңілі түскен пендесіне байлықты да, бақытты да үйіп-төгіп бере салады. Ал өмірдің бел ортасына келген Өзірбайдың шалқып жатқан байлығы жоқ, есесіне қошқар тұмсық, маңдайы жарқыраған баласы бар. Ұлдар екеуінің ендігі ермегі осы ғана. «Жайма кекіл, жалғызым!» деп анасы бәйек, «Кененім-кенішім, сүйенішім!» деп әке бәйек. Айналып-толғанып жүріп кештің қалай батқанын білмей де қалатын.

Уақыт – апталап, айлап өтіп жатты. Таңертең бозторғайдың әуенімен оянып, кешкісін анасының сазды әнімен ұйқыға кететін кішкене Кененнің үні, атақ-даңқы бір кезде Мәтібұлақтың шатқалынан шырқай шығып, қырғыз-қазақтың Алатауынан асып, сонау Атырау, Арқа жерін көктей өтіп, Алтай тауларына дейін жететінін тап сол кезде әкесі Өзірбай да, шешесі Ұлдар да қайдан білсін. Болашақ әншінің құлағына тек бозторғайдың шырылы ғана естіліп, тербелтіп тұрғандай еді.

Анасы көріпкел екен. Айтқаны дәл келді. Кенен жеті жасқа келгенде бұл дүниемен қоштасып жүре берді. Сондағы анасының жасаураған жанары, оң қолымен маңдайынан қайта-қайта сипап,





сыбырлағандай етіп «Жарығым, жаймакекілім!» дегені мәңгі есінде қалып қойды. Алпысқа тақалған әкесі болса екі иығы қушиып, кәрілікке мойынсұнғандай тез шөгіп кетті. Осының бәріне үрке қараған бала Кененнің лүпілдеген жүрегі бір жамандықтың боларын сезгендей еді. Бала жүрегі алдамапты. Шешесі өлген жылы қатты қыс болып, қорадағы азын-аулақ мал түгелдей қырылды. Сөйтіп әкесінің інісі Әбденбайдың қолына қарап қалды. Болашақ ақынның қиындыққа, қайғы-қасыретке толы, шырғалаң өмірі осылай басталып еді.

*«Ол кезде әкем менің алпыс жаста,
Байғұстың баласы жоқ менен басқа.
Баға алмай мен жетімді шешесі өлген,
Жыласа көзі толған қанды жасқа»* - деп еске алатын.


Кенен ақынның өмір жолын сөз еткенде оның балалық, бозбала шағынан аттап кете алмайсың. Өйткені оның атын, даңқын бүкіл қазақ даласына шығарған тап осы кезең. Қазіргі заман өлшемімен қарағанда бес-он жаста көзге түсіп, ақыл-ойымен дара көрінетін жасөспірімдерді «ерекше құбылыс», «феномен» деп жатады. Мұндай даналық, ерекше қасиеттер әсіресе қазақ халқында көптеп кездеседі. Ер баланы «он жаста отау иесі» деуі, 5-7 жасында ат құлағында ойнап, аламан бәйгелерге қатысуы, жас баланың дау-дамайларда билік айтуы осының айғағы емес пе? Жамбылдың қаршадайынан төгілтіп жыр толғауы, Абайдың он жасында-ақ билікке қатысып, даналық сөздерін айтуы тектен-тек емес қой. Мұндай мысалды көптеп келтіруге болады. Демек, ақындық, шешендік, даналық жас талғамайды. Мұның өзі қанмен келіп, сүйекке сіңетін ерекшелік. Қазіргі «ген», «генология» деп жүргеніміз осы.

Болмаса сегіз-тоғыз жасында Есқожа байдың жорғасын ұрлап мініп, тойға келе жатқан жайсаңдардың алдынан шығып:

*«Жеті қойды ұры алды,
Ұры алмаса кім алды?
Мүлкеман мен Қонайдың,
Ұрысының бірі алды.
Үлкендігі танадай,
Жетеуін бірдей алған соң,*

Иесі зарлап жылады-ай!» деп ұрлығын бетіне басқан бала Кененге, осы қылығы үшін оңбай таяқ жеп, ақыры айып төлеп әрең құтылған жоқтаушы Кененге осылай істе деп ешкім үйретпеген шығар? «Болар бала б.....н» деп халық бекер айтпаса керек. Қалай десекте, мұндай қасиет «атаның белінен, ананың құрсағынан» даритын ерекше құбылыс.





Әнші Кененнің дабысын кең байтақ қазақ сахарасына жайып жіберген атақты «Бозторғай» әні екендігі даусыз. Осыған байланысты болу керек Кененнің тұңғыш әні «Бозторғай» деген пікір қалыптасқан. Алайда әншінің тұңғыш әні «Ри, қойым!» деп аталады. Бұл әнді тоғыз жасында шығарған. Бұл жөнінде ақынның көптеген әндерін өз аузынан нотаға түсірген атақты музыка зерттеуші Б.Г. Ерзакович те, көрнекті әдебиет сыншысы М. Қаратаев та, академик-ғалым З. Ахметов те атап көрсетеді. Бәлкім, ән мәтініндегі «Туып өскен жерім бар Мәтібұлақ, қозы жайған жерім бар күнде жылап» дейтін өлең жолдары әсер еткен болу керек. Өткен шақпен айтылатын бұл шумақты ақын кейінірек қосқан сияқты.

«Алаңсыз, бақытты балалық шақ» дегенді бала Кененге таңуымыз әбестік болар. Жеті жасында шешеден айрылып, қарт әкесін қолтықтап жалғыз қалған Кенен тез есейді. Қытымыр аязға, аптап ыстыққа бойбермей өсетін емен ағашы сияқты, Кенен де өмірдің небір қатаң сындарына төтеп берді. Осының бәрінен аптықпай, күйреуіктенбей өтуіне ықпал еткен алдымен әкесі Әзірбайдың ақыл-кеңесі, содан кейін табиғат берген өр мінезі, ақындық дарыны еді.

Алдымен «қойшы бала, әнші бала» атанған Кененнің жасы өскен сайын, заманның өзгеруіне қарай жанама аттары да көбейе түсіпті. Қазақтың көрнекті жазушысы С. Бақбергенов өзінің «Бозторғай» деген повесінде осыны дәл аңғарған екен. Ол былай дейді: «Ақын жасаған тоқсан жыл ішінде «Кенен» деген атына қандай жанама аттар қосылғанын айтайын. «Бала Кенен», «Бақташы Кенен», «Қойшы Кенен», «Әнші Кенен» деп басталған. Малы жоғалған байлар Кененнің даусы ашық, әдемі болған соң базарда жар салғызған. Содан «Жаршы Кенен» атанып, оған «Жарапазаншы Кенен», «Көкшолақты Кенен», «Ақын Кенен» дейтін аттар қосылады. 1916 жылғы көтеріліске қатысқаны үшін «Сарбаз Кенен», «Дауылпаз Кенен» атанған. Революция жылдарында «Ревком Кенен», артынша «Болыс Кенен», «Қосшы Кенен» аталса, темір жол бойында көшпелі театрға қатысып, «Артист Кенен» атанды».

Жазушы бұл жерде ақынға тағылған жанама аттарды айта отырып, Кенен тікелей араласқан, өзі куәгер болған тарихи оқиғаларды меңзейді. Ал ақын өмір сүрген тоқсан екі жылға, қайтыс болғаннан кейінгі қырық жылды қоса отырып қарасаңыз осы үрдістің тоқтамай, жалғасын тапқанын көреміз. Ендігі жерде «Композитор Кенен», «Жыршы Кенен», «Қайраткер Кенен», «Дастаншы Кенен», «Жырау Кенен», «Төкпе Кенен», «Ақиық Кенен», «Дүлдүл Кенен», «Аққу ата»,





«Бұлбұл Кенен» деп жалғаса береді. Бұл енді ақынның өзі өлсе де сөзі өлмегендігін, халқының жүрегінде мәңгі сақталғандығын айғақтай түседі.

Мұның бәрі көп жылдар өткеннен кейінгі жәйлар ғой. Ал ол кезде әкесінің жусанның исі сіңген көнетоз шапанына басын тығып алып, көзі ұйқыға кеткенше небір әңгімелерді, хикаялардың, жыр-дастандары тыңдап жатушы еді. Әкесінің қоңыр даусы бойын жылытып, бала қиялын небір қиял-ғажаптарға елітіп әкететін. Шешесі қайтыс болған соң өзінің де көңіл-күйі өзгеріп, әкенің де әңгімесі азайған. Тіпті кей күндері түлкі құрсақ болып, аш жататын кездері жиі болатын.


Бір күні әкесі шақырып алып: «Балам, әлі мүшел жасқа да толған жоқсың. Бірақ мынау күйкі тіршілік, әруақ атқыр кедейлік сенің жағдайыңа қарап жатпайды. Қарекет етпесек болмайды, балам. Анау, Әймен байға барып келісіп келдім. Мен түнде қойын күзетейін, сен күндіз қозысын бақ. Сөйтіп екі жақтап күн көріс жасамасақ, ешкім бізді есіркей қоймас» деген.

Сөйтіп қозы-лақтарды өргізіп сайға баратын. Көк шалғында шалқалап жатып әр нәрсені ойлап қиялдайтын еді. Көп ретте өзіне ұғынықсыз сұрақтардың жауабын іздеп бала қиялы шарқ ұрады: Күн шықса жұлдыздар неге қашады? Байлар неге қой бақпайды? Адамдар неге бірдей емес? Бізден де анау «ақшабұлт» бақытты. «Ақшабұлт, сенде үн жоқ, менде мұң көп. Ашулансаң борандатып, нөсерлетіп аптығыңды басасың. Найзағаймен бәрін қиялай шабасың. Мен де ондай күш қайда?» дейтін өз-өзіне күбірлеп. Сөйтіп жатып ұйықтап кеткен екен. Түс көріпті.

Түсінде әппақ сақалы тізесіне түскен қария келіп. «Мә, мынадан ішіп ал. Қаталап өлетін болыпсың ау, балам!» дейді. Қария қарынға құйылған шалап-көжені аузына тоса беріпті. Салқын сусынды әбден шөлі қанғанша сіміріп жатып оянып кетеді. Кешкісін көрген түсін әкесіне айтып еді. Біраз ойланып отырып: «Бұл түсінді жақсылыққа жорып отырмын, балам. Анау қария алланың хабаршысы, шөліңді қандырған ақ сусын үлкен жолға бастайтын, молшылықтың нышаны ғой. Мұны әркімге айта берме, өзінде қалсын» деді.

Бірде байдың, бірде әйелінің қарғап-сілегенін естіп жүріп, биыл жазда он үш жасқа да келіп жетті. Бойы ұзарып, өзі қатарлас балаларға қарағанда қимылы ширақ, дене бітімі де өзгеше еді. Баласының түбітиек жігіт боп қалғанын әке де көріп, «мұныңа тоба» деп қоятын. Бір жолы әкесі: «Көрші ауылға Сарыбас ақын келіпті. Көптен ойымда жүр еді. Дүр ақынның алдын көріп, батасын ал. Сені байдан сұрап ал-





дым» деді. Ақынның дабысын сырттай естігені болмаса, өзін көрген емес. Бала жүрегі лүпіл қағып, кеудесін тесіп жібердей дүрсілдеп кетті.

Сол жолы Сарыбас ақын бала Кененнің көусар бұлақтай таза, ешкімге ұқсамайтын мөлдір даусын естіді. Бозторғайға үн қосып шырылдаған жас әншінің үніне тәнті болды. «Балам, сен жаңа бір дәуірдің бастауы бол, өнерің өрге басып, қырандай қалықтай бер!» деп маңдайынан иіскеп еді.

Кенен ақынның бала, бозбала кезінде, оның булығып жатқан өнерін, бойындағы дарын-талантын алғаш танып, бұлақтың көзін ашқандай үлкен демеу көрсеткен екі адам бар. Оның бірі көнекөз Сарыбас ақын болса, екіншісі жаңаның жаршысы болған Еркебай. Бұл екеуі туралы деректер өте аз, арнайы зерттеулер жүргізілмеген. Әдебиет зерттеуші ғалымдардың ғылыми еңбектерінде, ақындар жайлы жазылған мақала-естеліктерде бұлардың тек аты-жөні ғана аталады. Нақты мағлұматтар жоқтың қасы, жан-жақты пайымдаулар тым жұтаң. Онда да Кенен ақын жазып қалдырған мәліметтерді келтіріп, одан арыға бара алмайды. Біз де соларға қысқаша тоқталып өтейік.

Кененге аталас болып келетін Сарыбас ақынның шын аты – Тілеулі. Өңі-басы сары болған соң Сарыбас атанып кетіпті. Әкесінің аты Майкөт. Майкөттің тоғыз ұлы болған. Сарыбас кенже ұлы. Сарыбас (Тілеулі) жалайыр руынан шыққан атақты жырау әрі батыр Қабанның қарындасынан туған. Шешесі қайтыс болған соң нағашылары алып кетіп, он беске келгенше солардың қолында болады. Келсін келмесін домбыраны сабалап, бір қолымен құлағын бұрап айғайлап өлең айта береді екен. Жәй жүрмей әркімге бір ұрынып, ұрыс шығаратын сотқар болыпты. Бұл жынданған шығар деп тәуіп-балгерлердің бәріне қаратады. Ақыры болмаған соң Кебекбай шешен барып, елге алып қайтыпты.

«Мұның нағашы атасы Қабан да жыр айтарда мұртын қағып, құлағын бұрайды екен. Бұл соған тартқан бала. Кеудесін қысып жүрген жын емес, өлең болуы мүмкін. Басылады әлі, мықты ақын болады» деп Кебекбай қасынан тастамай алып жүреді. Кебекеңнің айтқаны рас болып, кейін кім болса да қаймықпай шаршы топқа шығатын айтыскер ақын болған.

Өңі сұсты, мінезі қатал болса керек. Сарыбас келе жатқанда ауыл балалары көзіне түспеу үшін тым-тырақай қашып тығылып қалады екен. Ол бетің бар, жүзің бар демей сараң адамды, айлакер-қуларды сөзбен қуырып, бар мінін көзіне айтып салатын өткір адам болыпты.





Ақынның осындай екпінінен қаймыққан бай-манаптар ығысып, кездесуден қашқақтайтын көрінеді. Сарыбас айтқан өлеңдері кейін нақылға айналып кеткен. Соның көбісін табиғатынан зерек Кенен есіне сақтап, өзінің «Аңыздар сыры» деген кітабында жазып қалдырды. Өзі де Сарыбасқа еліктеп ән саларда домбыра ұстаған сол қолын басынан асыра көтеріп, оң қолымен құлағын бұрап айтатын болған ғой. Ол әдетін ақынның көзін көргендердің бәрі айтады, өзіміз де талай куәсі болғанбыз.

Сарыбас айтыпты деген нақылдар көп. Сасықбай деген байға былай депті:

*«Сасықбайда құман жоқ,
Сараң байда иман жоқ.
Жабағы жеп, қыл жұтқан,
Тері илеп жүн түткен.
Бүйте берсең Сасықбай,
Өлесің ғой қыл – құрттан!»*

Байқара деген молда: «Ақын деген жын-шайтан. Ақынға бергенің сауабы жоқ, арам дүние» деп ақынның көзінше ел-жұртқа уағыз айтыпты. Сонда Сарыбас табан асты былай деген екен:

*«Молда жылаған жерден алады,
Ақын жырлаған жерден алады.
Молда шулатып алады,
Ақын дулатып алады».*

Сарыбас ақын өзі құралас ақындармен, әсіресе қырғыз ақындарымен көп айтысқан. Соның көбісі бізге жеткен жоқ. Құмға сіңген судай болып, құрдымға кеткен дүниелер. Ал ауыздан-ауызға көшіп бүгінгі таңда қағазға түсіп қалған бірер айтыстары бар. Олар Жамбылмен, Қуандық ақынмен, қырғыздың төкпе ақыны Қалмырзамен айтыстары. Онда да толық емес, үзік-үзік жыр жолдары сақталыпты. Осы айтыстардың ішінде Жамбылмен айтысы толықтай жеткен.

Қордай топырағында туып, атағы шыққан адамдар жайлы үзбей ізденіп, жазып жүрген қаламгер інім Жандарбек Қарабасовтың «Ноғайбай шешен» атты кітабында Сарыбастың Жамбылмен айтысы басылыпты. Онда айтыс «1895 жылы Верный уезінде Қожамберді (руы Қыбырай) деген байдың үйінде болған» деп нақты жазылған. Айтыстың мәтіні сонау 1957 жылы сол кездегі «Көркем әдебиет» баспасынан жарық көрген Жамбыл Жабаевтың бір томдық жинағында да бар. Мәтіндерінде көп айырма жоқ.





Бұл жинақтағы түсініктемеде Жамбыл мен Сарыбастың айтысы XIX ғасырдың 90-жылдары Верный қаласында болған дейді. Жетісу елінің бүкіл жайсаңдары, атқамінерлері, би, болыс, төрелері бас қосқан үлкен жиында Ноғайбайдың ақыны Сарыбас өз руын мақтап, өзгелерге кезек бермей қояды. Сонда атағы дүрілдеп тұрған 50 жастағы Жамбылды алдыртып, екеуін айтыстырады. Жамбылды «қара бала қайдан жүрсің, ажалыңа келдің бе?» деп мұқатуына қарағанда Сарыбас Жамбылдан біраз жас үлкен. Осы айтыста Жамбыл жеңіп 150 сом сыйлық алған.

Бұл айтыстың мәнділігі кімнің жеңіп, не алғанында емес. Осы айтыстың тариғи мазмұнында болып отыр. Ол кездегі айтыстар көбіне өз руын мақтау, сол рудан шыққан атақты батырларды, шешендерді, байлары мен билерін мадақтай отырып, елінің артықшылығын дәріптеу болып келеді. Атақты Сүйінбай мен қырғыздың төкпе ақыны Қатағаннан қалған бұл үрдіс Жамбыл мен Сарбастың айтысында да орын алған. Ал осы айтыстың мазмұнына ой жіберсек небір тарихи оқиғалар қылаң беріп, қаншама тарихи адамдардың, батырлар мен шешендердің, елі үшін жанын аямаған ерлердің аттары аталады. Ауыз әдебиетін тұнып тұрған тарих, халықтық шежіре деуіміз сондықтан.


«Шынын айтамын деп, сырын айтыпты» дегендей, бірін-бірі мінеп, әрқайсысы өз руының артықшылығын көрсетуге тырысқан екі ақынның да жырларында жұрт біле бермейтін тарихи шындықтар қаншама. Айтыста аттары айтылған Сұраншы, Саурық, Сыпатай батырлар, Майлыбай, Бөлтірік сынды шешендер әрқайсысы бір-бір тарихи тұлғалар. Соның ішінде Жамбыл жырына қосқан бүкіл Ұлы жүзге киелі, әулие саналған Домалақ (өз аты Нұриле) ана туралы деректер аса маңызды.

Домалақ ана туралы әркім өзінше долбар айтып, әркім өз естіп-білгенін жазып нақты дәлел айта алмай жүргенімізде, нағыз шындық екі ақынның айтысында жатыр екен. Тіпті Бәйдібектің ауылын шаппақ болған батырдың есіміне де дейін нақты айтылған. Ол қалмақ та, шүршіт те емес қырғыздың батыры Аққошқар болып шықты.

Бәйдібектің қаптаған жылқыларын айдап бара жатып, аяғы ауыр, жүкті Домалаққа жаны ашыған батыр: «Таңдаған бір жылқыны ұстап ал, жаяу қалдырып обалыңа қалмайын» дейді. Сонда Домалақ ана тұрып:

*«Көп жылқының ішінде,
Тоқсан екі құлынды,*





*Бір сары айғыр бар еді...
Соны ғана бергің деп,
Солай жауап қылады.
Қуанышы сенде болсын!
Түп қазығы менде болсын» дейді.*

Жылқыны қайтарамыз деп келген Бәйдібектің алты ұлына да басу айтып, бармаңдар мерт боласыңдар. Түп қазығы бізде ғой, дейді. Тілін алмаған алты ұл да жау қолынан мерт болады. Ақыры түн ортасы болғанда сары айғырды биік төбеге алып шығып, санына құрайт салады. Қыл арқанды бұраған кезде айғырдың шыңғырған даусынан тау жаңғырып, жер теңселгендей еді. Осы тұсты Жамбыл былай жырлайды:


*«Түн ортасы болғанда,
Құрайт салды Домалақ,
Сары айғырдың даусынан,
Тау жаңғырып, тас құлап,
Таң сарғайып атқанда,
Қалың жылқы шұрқырап,
Келеді шаңы бұрқырап».*

Тоқсан екі құлынды Сары айғырдың тұқымдары бірі қалмай қайтып келген дейді. Жауға кеткен жылқыны осылай қайтарған Домалақтың тапқырлығына, ақыл-парасатына тәнті болған Бәйдібек оған үлкен құрметпен қарайтын болыпты.

Айтыстан гөрі тарихи жырға ұқсайтын бұл туындының мәні зор. Ғалымдар болсын, қазақтың тарихымен айналысатын адамдар болсын бұған екі ақынның айтысы деп қарамай, көп мағлұмат беретін дерек көзі деп қабылдау керек. Әлгінде біз сөз қылып отырған Жамбыл мен Сарыбастың айтысы арналы, тарихи мағлұматтарға бай, іргелі айтыстар қатарына жатады. Жалпы айтыстарға қай ақынның жеңгені, жеңілгені тұрғысынан қарамай, сол айтыстың мәні мен мазмұны, тарихи біліктілігі жағынан бағалау дұрыс шығар.

Сарыбас тайсалмайтын қайсар мінезді, жүректі ақын деп жоғарыда айтып кеттік. Ол жыр сүлейі Сүйінбайды да, құлანаяң Құлмамбетті де айтысқа шақырып, жолыға қалса құлағын бұрап өлеңдетіп тиісе кетеді екен. Оны көбіне сабырға шақырып, арынын басып отыратын Кебекбай болыпты. Бірде Сүйінбайға:





«Сүйінбай бата қылмай Қарабайға,
Қарабай қатарласқа жарамай ма?
Көңіл айтып келмедің өлігіне,
Сүйінбай бұл қылығың жарамайды!» деп тиіседі:
Ал, бір жолы көпшілік алдында Құлмамбетке былай дейді:
«Құланаяң Құлмамбет, суан, шаншар,
Сарыбас ақын ақырса құтың қашар.
Кебеке-ау, айтысуға қоя берші,

Құлмамбет маған не деп ауыз ашар» - деп құлағын бұрап төпелетіп ала жөнеледі. Қой Сарыбас, бұл екеуі қырғыз-қазаққа аты мәлім киелі адамдар, жасы да, жолы да үлкен, әбестікке барма деп тоқтатады.

Кенен ақын бала кезінде естіген Сарыбастың өлең-жырларын, айтыстарын, қақпа сөздерін көңілге тоқып, ел арасында айтып жүреді. Кейін заманның өзгеруіне қарай бұрынғы өткен ақын-жыршылардың сөздері тұрмақ, өздерін айтуға тыйым салынды емес пе? Бұлар ендігі жерде ескінің қалдығы, феодалдық дәуірдің сарқыншағы деп есептелді. Сонда да кейін уақыт түзелген кезде есте қалғандарын қағазға түсіріп кетті. Сарыбас ақынның атын шығарған сондай бір іргелі туындысы Қуандықпен айтысы. Бұлар бірнеше рет кездесіп, жолыққан сайын бір бірін ала алмай тарасады екен. Бірде Сарыбас, енді бірде Қуандық басымдық көрсетіп жүреді.

«Солтанкелді – Бөкенсің
Атып алған текемсің.
Жар түбінде жататын,

Сорлы кедей екенсің» - дейтін Қуандық айтқан сөз жұртқа тарап, елдің аузынан түспей жүреді. Расында Сарыбас тоғыз ұлдың бірі болса да малға жарымай, кедейшілікпен күн кешкен ғой. Оның үстіне елге жаға бермейтін арсы-гүрсі мінезі тағы бар. Қуандықтың сөзіне намыстанған Сарыбас:

«Ау, құдай атқан, Қуандық,
Көрсет бері төбеңді,
Мен тұрғанда сен қашан,
Бастаушы едің өлеңді?
Қуандықты көрмеймін,
Бір қалаштық тиындай.
Сауырынан тістейін,
Келместей етіп жиынға-ай!» - депті.





Қуандықтың руы – Ысты. Екеуі алғаш рет Қаржау деген кісінің асында жолығып айтысқан. Жоғарыда біз келтірген өлең шумақтары сол айтыстан алынды. Бір жолы болыстар мен ояздар бас қосқан жиынға екеуі де келіпті. Бұл орыс патшаның билігі үстем болып тұрған кезі екен. Шешендер тілін безеп, ақындар сөзін кезеп оязды мақтайды. Кезегі келген Қуандық: «О, алдияр тақсыр, ұлығым,» деп мадақ жырын төкпелетіп келіп, былай дейді:

*«Түйедегі нарымсың,
Маңдайдағы барымсың.
Арыстаным, арланым,
Жылқыдағы тарланым.
Аспандағы жұлдызым,
Басымдағы құндызым».*

Сарыбастың да күтіп отырғаны сол екен. Қуандықтың осы сөзін астарын өзгертіп жіберіп өзіне қарсы пайдаланады. Мұндай әдіс айтысқа көп түсіп, әбден ысылған майталман ақындарда болады. Қарсыласының мүлт кеткен сөзін қағып алып, өзіне қайта бағыштау өте тиімді айла. Мұндай әдісті Кенен ақын да өзінің Шәлипамен айтысында пайдаланған. Сонда Сарыбастың айтқаны:

*«Ау, құдай атқан Қуандық,
Болыстар мен оязды,
Арыстан деп, қасқыр деп,
Қуайын деп жүрсің-ау,
Шоқпарменен тұмсықтан,
Ұрайын деп жүрсің-ау.
Түйедегі нарым деп,
Үш қап тұзды оязға
Артайын деп жүрсің-ау...
Сарыала қаздай шен тағып,
Бұлтитып алып ұртыңды,
Тілмашыңнан сұрағың,
Айуанға сені теңеген,
Қуандық деген шіркінді!».*

Мұның аяғы немен аяқталғаны айтпаса да түсінікті. Сарыбастың сөзін аударғанда қандай мағына шығатыны белгілі ғой. Ашуланған ояз қасындағыларға Қуандықты үйден қуып шығындар деп бұйрық береді. Сарыбасты төрге отырғызып сый-сияпат жасап, құрмет көрсетіпті дейді.





Бұл көне айтыстардың бір үлгісі. Қазір де айтыскер ақындар бар. Бірақ солардың бойынан бұрынғы ақындарға тән ұшқырлықты, табан астында суырып айтатын тапқырлықты, дөп басатын айла-әдісті көре алмайсың. Көбіне ой қуалап, сөз қуалап кетеді.

Сарыбастың туған жылы белгісіз. Кенен ақынның айтуынша 1913-14 жылдары қайтыс болған. Өзіне туыс болып келетін атақты Ноғайбай шешеннің асына жете алмай, соңғы қоштасу өлеңін жіберген екен. Бұл өзі ұзақ толғау. Соңында Әбдікәрім атты жалғыз ұлын ел-жұртына аманат етіп, өмірден өткен:

*«Біреуді патша құдай жарлы қылды,
Біреуді мал мен басқа зарлы қылды.
Артында ағасы жоқ, інісі жоқ,
Тапсырдым өздеріңе жалғызымды».*

Әнші атанып, өнерге «тәй-тәйлап» қадам басқан Кененнің бойындағы булыққан ақындықты көріп, батасын берген данагөй ақынның ғұмыры осылай аяқталған. Бірақ артында Кенен сияқты ұлы шәкірті, сол шәкірті там-тұмдап қалдырған азда болса өлең-жырлары, айтыстары қалды. Сарыбас жоқтаусыз қалған жоқ. Ұлы шәкіртінің әнінде, жыр-толғауларында қалды.

*«Мен өзім інісі едім Сарыбастың,
Он жаста ел тойына араластым.
Өлерде мені Сарыбас шақырып ап.
Тапсырды аманат деп домбырасын».*

«Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деп атақты ақынымыз Қадыр Мырзалиев айтқандай, халқы тірі тұрғанда, өнерпаз ұрпағы тұрғанда домбыра үні өшпек емес, ол мәңгілік күмбірлей береді. Сарыбас ақынның да рухы, асыл сөздері ұрпағымен жасай беретіні ақиқат.

ЖОЛ БАСШЫМ ДА, ЖОЛДАСЫМ ДА, ЕРКЕБАЙ!

Бұл Кенен ақынның «Еркебай» деген өлеңінің бір жолы. Қай дәуірде өмір сүрмесін, қандай тарихи кезеңді бастан кешірмесін өз халқының, келешек ұрпақтың баянды болашағы үшін күресіп, аянбай қызмет еткен қазақтың біртуар ұлдары аз емес. Солардың қатарында Еркебай Базарұлын да ерекше атауға болады. Еркебай жайлы алғашқы мағлұматтарды күміс көмей әнші, халқымыздың дүлдүл ақыны Кенен Әзірбаевтың естеліктерінен кездестіреміз. Ақын өзінің





«Аңыздар сыры» деген еңбегінде былай деп жазады: «Еркебай Қордай бекетінде жәмші болып жүрген (күймемен жолаушы тасушы) Мұса деген кісінің ұрпақтары. Еркебай мен Еркетай әкесінен жастай қалған. Кейін шешесі Жаңыл сол өңірде сауда-саттықпен айналысатын арғын Бұғылыбазарға тұрмысқа шығыпты.

Бір жылдары әр болыстан қазақтың бір баласын орысша оқуға жіберу туралы патшаның жарлығы шығады. Өзге жұрт «баламыз шоқынып кетеді» деп азарда-безер болғанда, өмір көріп, ел таныған Бұғылыбазар: «Мен Еркебай деген ұлымды жіберемін. Тізімге алыңыздар» дейді. Содан 7 – 8 жыл хабар-ошарсыз кеткен Еркебай оқалы киім киіп, төре болып шыға келді. Орысша білетін бір адамы жоқ Қасқарау еліне Еркебай емдәрідей болды»


Еркебай кедей-кепшіктерге бүйрегі бұрып тұратын. Олардың мұң-мұқтажын, өтініш-арыздарын оязға жеткізіп, жол көрсетуші, жоқтаушысы болды. Менің бойымдағы булығып жатқан өнерімді алғаш таныған да, домбыра жасатып, астыма ат мінгізіп, үстіме шақтап киім тіктіріп, ақ патшадан полковник шенін алған қырғыз манабы Шәбдан батырдың тойына (асына) алып барған да осы Еркебай еді. Ол кезде мен 18 жастағы бозбала едім. «Еркебай алыс жолға алып барды, қырғыздар қырсығымды алып қалды дейтінім сондықтан» деп қарт ақын есіне алып отыратын.

Жеті қойды жоқтаймын деп оңбай таяқ жеген бала Кененді, айыпқа деп жалғыз сиырынан айрылып, мұңайған Өзірбайды жұбатып, жылы пейіл білдірген де Еркебай. «Әзеке, мойымаңыз. Балаңыздың бойында көзі ашылмаған қайнар сияқты буырқанған үлкен өнер бар. Аман болсам, сол бұлақтың көзін ашуға ат салысармын» деп жуатады.

Еркебай бұл сөзінде тұрды. 1902 жылы қырғыздың атақты батыры, әрі манабы Шәбдан Жантаевқа арналған үлкен жиынға алып барды. Бозбала Кенен алғаш рет көпшілік алдына шығып өнер көрсеткен. Өзінің атақты «Көпшілік тыңда өнімді» дейтін туындысын шырқайды. Осы жолы қазақ-қырғыздың дүр ақындары Тоғолоқ Молданы (шын аты Байымбет Абдрахманұлы), Қатағанды, Қалмырзаны, Жамбыл, Бармақты көреді. Жамбылдың батасын алып қайтады. «Ең жас әнші, жаңа талап» деп беліне күміспен оюлап өрнектелген кемер белбеу тағады. Бұл жөнінде ақынның еңбектерінде де, Кенекең жөнінде қалам тартқандардың мақала-зерттеулерінде де молынан айтылған.

Ал бірі қырғыздан, бірі қазақтан шығып, өз заманында таң шолпандай жарқыраған екі тұлға бар. Олар қырғыздың манабы Шәбдан Жантаев пен қазақтың шешені Ноғайбай Дәулетбақов. Екеуі замандас әрі





дос болған. Бұлардың кезінде Қоқан хандығы талқандалып, орыстың билігі күшіне енген кез. Ноғайбайдың «Әкемді тастап, орысқа келдім, орыс болса да болысқалы келдім» деп мақалдайтыны сондықтан.

Архивтерді, көне мұрағаттарды ақтарып, көз майын тауысып жүрген қазақтың іздемпаз, талантты қызы Үміткен Бүркітбаеваның «Өткен күндер – қалған іздер» дейтін еңбегінде Ноғайбай жайлы деректер тұнып тұр. Мұнда Ноғайбай, Кебекбай басқа да осы өңірден шыққан тарихи адамдар жөнінде көп айтылады. Сол сияқты Жандарбек Қарабасовтың «Ноғайбай шешен» деген еңбегінде де Ноқаң жайлы тың, соны деректер келтірілген. Мұнда мынадай қызықты мағлұматтар бар.

Ноғайбай биге орыс патшасына адал қызмет етіп, орыс әскері үшін күш-көлік жинап бергені үшін – 1864 жылы мақтау қағазы, 1865 жылы – прапорщик шені берілген. Ал 1867 жылы 3-разрядты шекпен (кафтан) алған. 1868 жылы үлкен күміс медаль, лентасымен қоса беріледі. Ал үзеңгілес досы қырғыздан шыққан Шәбдан манаптың шені «Войсковая старшина» деп аталған. Кей деректерде «прапорщик» - майор, «войсковая старшина» - подполковник шеніне пара-пар деп айтылады. Бұл дұрыс та. Өйткені бұл шендер көбіне орыс мемлекетінің шет аймақтарында әскери қызметін атқарып жүрген (мәселен Кавказда) дон казактарына және басқаларға берілетін. 1867 жылы мұндай топқа жататын әскери қызметтер Жетісу жерінде де құрылды. «Войсковая старшина» шені 1885 жылы подполковник шеніне теңестіріліп 1917 жылға дейін өз күшін жойған жоқ.

Біз сөз етіп отырған Еркебай Базарұлы Ноғайбайды да, Шәбденді де жақсы білген, аралас-сыйлас болған. Дерек бойынша Ноқаң 1834 жылы қазіргі Жамбыл облысы, Қордай ауданында, атақонысы Сұпутөртеде туған. Еркебай болса 1866 жылы осы Сырымбет-Қасқарау болысына қарасты Иірсу елді мекенінде дүниеге келген. Ноғайбай жеті атасынан бері ел тізгінін ұстаған бай-қуатты, тектілердің ұрпағы. Еркебай қарапайым шаруа отбасынан шыққан білікті азамат. Алайда жас айырмасына қарамастан екеуінің ұстанған үрдісі, арман-ниеті ұқсас еді. Бір жолы Ноғайбай Еркебайдан:

- Көп жасағаннан сұрама, көп көргеннен сұра дейтін жүйелі сөз бар. Менен біраз жассың, бірақ менен гөрі көп нәрсені шолысың, оқығаның бар. Орыстың осы келуі қаншаға созылады? Әлде атан нардай біржола шөккені ме? деп сұрайды. Сонда Еркебай тұрып:

- Ноқа, Сарыбас пен қырғыздың ақыны Қалмырзаның жұмбақ айтысын өзіңіз де білетін шығарсыз? Сонда не деп еді? Қысқартып ай-





тайын. Қалмырзаның сауалы:

*«Оқ жыландай ысқырған,
Беліне қылыш қыстырған.
Ханның ұлын қосшы алып,
Қабакты шалды білдің бе?
Алатаудың баурына,
Сары нар шөкті білдің бе?
Ұзынағаш басына,
Аққұс қонды білдің бе?
Жер ортасын мөлшерлеп,
Тұзақ құрды білдің бе?»*

Сонда Сарыбас тұрып бұл жұмбақтың шешуін былай деп жырлайды емес пе:

*«Алматының бауырына,
Сары нар шөкті дегенің.
Балдыр, бұлдыр сөйлеген,
Адам тілін білмеген,
Жейдесінде жаға жоқ,
Етігінде таға жоқ,
Өзі сары, көзі көк,
Сары орыс болмасын.
Ұзын ағаш басына,
Аққұс қонды дегенің,
Әр қарағай басында,*

Ақ шынысы болмасын» дейді. Сіз сұраған сауалдың жауабын екі ақын сол кезде-ақ болжап айтып қойған екен. Өзіңіз айтатын «Ақынның құлағы өзінен қырық жыл бұрын туады» деген сөз осыдан қалған.

«Аумалы төкпелі заманда не болмайды?» деп ата-бабаларымыз айтып кетіпті. Бұл дәуірдің қаншалықты ұзаққа созылатынын ешкім білмейді. Бір ғана ақиқат бар. Ол қандай заман болса да еліңе, ұрпағыңа қажет-ау дегеннің бәрін алып қалу, үйреніп қалу. Орыс халқында үйренетін нәрсе көп. Соның ең бастысы ұрпағымызға білім беру. Сіз сияқты елге қадірлі, аузы дуалы адамдар осындай істі қолға алып мектеп салдырса қандай ғанибет болар еді».

Үнсіз отырған Ноғайбайдың ойын бөлмейін деп әдеп сақтаған еді. Сөзді Ноқаңның өзі бастап кетті. «Ойың дөп түсті. Өрісте жүздеп-мыңдап өріп жүрген малдың қызығы ішіп-жеуде емес қой. Соны бір





кәдеге жаратуды өзім де ойлап жүруші едім. Мына түйінің көңілімнен шықты» деді. Бәлкім Еркебайдың осы сөзі әсер етті ме, Ноғайбай сол жылы көп малын сатып, өз ауылында мектеп, диірмен салдырды. Қазақ балаларын оқыту үшін бірнеше орыс отбасын көшіріп әкелді.

Қолда бар, сондай-ақ жоғарыда аталған авторлардың тапқан деректеріне сүйеніп, Еркебай Базарұлының өмір жолын аздап болсада көзге елестетуге болады. Еркебай жайында 1963 жылы жарық көрген Ахмет Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» (Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. 297-бет) деген кітабынан оқуға болады. Онда былай деп жазылған:

«1910 жылдарда Еркебай дейтін болыс Кененнің дабысын естіп, оны ат жіберіп шақыртып алады... Біреулер Кенен жасынан қой бағып, таптық сезімі ерте оянып, байларға, болыстарға қарсы болып, оларға жолаған жоқ дейтін сияқты аңыздар айтады. Ол шындыққа жанаса қоймайтын әңгіме.... Еркебайдың қасына ергеннен Кененнің адамшылық қасиетіне де, ақындығына да, әншілігіне де, таптық сезіміне де ешбір нұқсан келмейді. Қайта Еркебайдың шақырту себебімен Кенен мойнындағы қойшылықтың лағнет қамытынан босайды. Осы кезде Кенен «Қос қалқа» («Қызыл қайнар» деп те аталып жүр) деген әнін шығарады». Бұл ән Естайдың «Құсни-Қорланы» сияқты апалы-сіңлі екі бойжеткенге арнап шығарылғаны» туралы айтылады.

Ал нақты деректерге жүгінсек Еркебайдың Қордай уезі, №4 ауылына қалай би болып тағайындалғаны, сондай-ақ оның Верный қаласындағы Жетісу әскери-губернаторлығына қызметке қалай алынғандығы туралы орысша жазылған ресми құжаттар бар. Соның орыс тілінде жазылған түп нұсқасын қысқаша келтіріп көрелік.

«...Представляя присем баллатировочный лист Курдайской волости, на трехлетие с 1-го января 1895 года по 1 января 1898 года, согласно ст. 69 и 114 степного положения, имею честь почтительнише просить Ваше Превосходительство объ утверждений избранных съездом лиц а именно: волостным управителем...№2 аула Нурбека Кебекпаева... №4 аула народным судьей Мамая Адильбекова, как занимающегося кражами и принужденного по прилагаемой копии с решение биев за номер 11 к уплате скота прошу не утвердить, вместо него утвердить Еркебая Базарова бывшего гимназиста, грамотного по русский могущего быть полезным по службе чем простой неграмотный киргиз...». (ҚРОММ, 44-қор, 1-тізбе, 3772-іс.)

Мұндағы қысқартылып берілген ҚРОММ сөзі – Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік мұрағаты деп оқылсын. Осында аты аталған Нұрбек Кебекпаев – атақты шешен Кебекбай Байторының





ұлы. Кенен ақынның «Жеті қойды жоқтаған» өлеңіндегі: «Сүйіншісін сұрасаң, Кебекбайдың баласы, Нұрбек биге барасың» дейтіні сондықтан.

Еркебай іскерлігімен, адалдығымен бірер жылда-ақ халықтың сый- құрметіне ие болады. Оның бұл ерекшелігін байқаған патшалық үкіметтің басшылары Еркебайды Верный қаласындағы Жетісу әскери-губернаторлығына қызметке алады. Ол жөніндегі Жетісу облыстық басқармасының 1900 жылғы 1-маусымдағы № 7454 бұйрығының көшірмесіне зер салайық. Онда былай делінген:


«Приказом Вице-губернатора Семиреченской областного правления от сего 20 мая киргиз Курдайской волости Еркебай Базаров согласно прощению и ходотайство Вашего определен канцелярским служителем Верненского уездного управления. Уведомляя об этом в ответ на рапорт от 12 мая №1151 областное правление просить Ваше Высокоблагородие привести Базарова установленным порядком присяге и присяжный лист представить в областное правление, отобрав при этом по прилагаемой форме от Базарова подписку о непринадлежности Китайским обществом которую также представить в областное правление». (ҚРОММ, 41-қор, 1-тізбе, 130-іс).

Мұнымен қоса, мемлекеттік мұрағатта Еркебай Базарұлының ешқандай құпия ұйымдарда болмағаны, партия қатарына кірмегені жайлы мағлұматтар бар. Оның жеке отбасы туралы: «Әйелі жоқ, Ұлдары: Іңкәрбек – 1895 жылы 26 маусымда туған, Арқанбек – 1898 жылы 14 тамызда туған деп нақты көрсетілген.

Осы кезеңде өмір сүріп, ел бастан кешірген небір оқиғалардың куәсі болған, соған тікелей араласқан Ноғайбай, Кебекбай, Еркебай сияқты тарихи адамдар жайлы талай ресми мағлұматтар табуға болады. Алайда соны ыждағаттап, талмай іздейтін жоқтаушы жоқ. Қордай жерінен аты әлемге әйгілі математик те, мәшһұр ғалым да, қаламы жүйрік ақын-жазушылар да шыққан. Өкінішке орай осы өлкенің өткен тарихын «мүшелеп», «жіліктеп» беретін этнограф-тарихшы болмай тұр. Болмаса осы бабаларымыздың ғұмыр кешкені, мыңжылдықтар өлшемімен есептесек кеше ғана емес пе.

Өкеден қалған Еркебайдың да, Еркетайдың да ұрпақтары жайлы мағлұмат таба алмадық. Осы жолдарды жазып отырған, бүгінде 73-ке келген менің өзім де біз солардың ұрпағы едік деген жандарды кездестірген жоқпын. Бәлкім, Қазан төңкерісі кезінде қудаланып, болмаса қазақтың тең жартысын қырып салған сонау 31-32 жылдардағы ашаршылықта шейіт болды ма екен? Қалай болғанда да осылардан





бір шеттік қалмады дегенге көңіл сенбейді.

Бозбала Кененді қасынан тастамай, ел аралатып, ақынның өзі айтатын «алты уықтың» астынан аршып алып жас бүркіттей баулыған Еркебай болды. «Жүйрікті көп шаппасаң көсілмейді, жорғаны көп салмасаң төселмейді» дейтін аталы сөзді ұмытпа, інім деп отыратын. Балуан Шолақпен, Жамбылмен, Бармақ, Шашубай, Майкөт сияқты жыр дүлдүлдерімен таныстырып, алдынан өткізген де Еркебай еді.

Еркебайға арнау өлеңдер шығарып, оның адами парасаттылығын жырларына қосқан ақындар көп болды. Мәселен, Сарбас ақын:

*«Ақмешітте оқыдың,
Ақылды жастан тоқыдың.
Жетім қалып өкіндің,
Орысша тілді білген соң,
Ортекедей орғыдың.
Қазыкей сұлуды алғаның,
Қарағай бекет салғаның,
Енді барма арманың?»* деп жырына қосса, атақты Майкөт ақын мынадай мадақ сөзін айтады:

*«Еркебай Жетісуға серке болдың,
Орысша етек-жеңің келте болдың.
Жасыңда жарымаған жетім едің,
Атлас жамылғаның көрпе болды.
Қара үзіп қатарыңнан тұр деген соң,
Іздеп кеп домбырамды шерте қондым».*
Арқадан арнайы іздеп келіп Еркебайдың қонағы болған атақты ақын Шашубайдың мына өлең жолдары Еркебайдың болмысын, қандай адам болғанын дәп басып, дәл айтады:

*«Еркебай, бай болдың сен мал жимаған,
Тәкаппар төремін деп шалжимаған.
Үлкенге, кішіге де сынық мінез,
Мақтанып асып-тасып далдимаған.
Еркебай туып-өскен жерің Қордай,
Атағың шыға келді туған айдай.
Әдейі көрейін деп келдім аңсап,
Баласы Қошқарбайдың мен Шашубай.*





Ал енді Еркебай Базарұлының 1916 жылғы халық-азаттық көтерілісі кезінде, одан кейінгі жылдары істеген істері жөнінде мағлұматтар тым аз. Көзі ашық, сол кездегі саяси ахуалды терең пайымдайтын адамның мұндай ұлы оқиғалардан тыс қалуы мүмкін емес қой. Жетісу губерниясының Қордай болысындағы ең атақты адамдардың қатарында патша үкіметіне қызмет етіп, биліктің тізгінін ұстаған адамның өз елінен қол үзіп кетпей (бөтен жаққа қашып кетпей деген мағынада түсініңіз) халық ішінде жүруі, оның ел алдында үлкен беделге ие болғанын айғақтайды.


Екінші жағынан, бұл жерде шәкірті, жанашыры Кененнің ықпалы болғанын айта кету керек. Кеңес дәуірі орнаған алғашқы жылдары: «Еркебай орыс патшасының өкілі, соған қызмет істеген» дейтін желеумен оның соңынан түскендер көп болды. Сол бір қысылтаяң кезде Ораз Жандосов, Тоқаш Бокин сияқты үкімет басшыларына айтып, Еркебайды қызғыштай қорғаған Кенен ақын болатын. Бұл жайды біреу білсе, біреу білмейді. Кейін Қордай ревкомитетінің төрағасы болғанымда, «көзі ашық, орыс тілін жетік білетін Еркебайды өзіме хатшы етіп алдым» деп айтып отыратын. Көпті көрген сұңғыла Еркебай маған саяаттың небір құбылмалы жолдарын айтып, ұғындырып отырушы еді. Айналада болып жатқан өзгерістерді, кеңес өкіметінің жүргізіп жатқан іс-әрекеттерін тап басып, талдап отыратын.

Еркебай Базарұлы кеңес үкіметі кезінде де қоғамдық, мемлекеттік жұмыстарға белсене араласқан қайраткер. Қарапайым халықтың мұң-мұқтажын терең түсінген білімді азамат олардың саяси белсенділігін көтеруде, сауатын ашуда көп қызмет көрсеткен. Түркісіб теміржолының құрылысы кезінде халықты жұмылдыруға ат салысып, соған басшылық еткен. Ал Кенен ақынның теміржол бойында көшпелі театр ұжымында әнші болғаны белгілі.

Еркебайдың тікелей араласуымен «Шоқпар», «Аңырақай», «Бел», «Қордай», «Құлжабасы», «Шилібастау», «Отар» деген атаулар қойылған. «Отардың» тарихи аты «Атар» болған. Ол жоңғар шапқыншылығы кезінде аты шыққан Атар батырдың аты. Кейін орыс тілінің ықпалымен Отар деп аталып кеткен. Еркебай сол кездегі қазақтың біртуар ұлдары Тұрар Рысқұлов, Мұқамеджан Тынышбаевтармен тығыз қатынаста болғанын ресми құжаттардан көріп-білуге болады.

Ақын болып қалыптасуыма, өмірден де, өнерден де өз орнымды табуыма себепші болған Еркебайға айтар алғысым көп, дейтін қарт ақын. Қолдан келгені «Еркебай ауылында» деген жүрек жарды жы-





рымды арнадым, «Еркебай» деген әнімді шығардым. Өле өлгенше халқына қызмет еткен, ақындардың жанашыры, қамқоршысы болған Еркебай Базарұлы туралы жайлы айтар сөз көп. Ол енді келешек ұрпақтың парызы.

ТУҒАН ЖЕРГЕ - ТАҒЗЫМ

Ақынның жан дүниесін, болмысын терең сезіну үшін оның туған жерін аралап көру керек. Расында әр адамның табиғатына, мінезіне, тіпті денсаулығына зор әсер ететін оның туған топырағы, жұтқан ауасы, ішкен суы екенін ғылым да жоққа шығармайды. Ал көңілі сергек, жаны сезімтал ақын-әншілер үшін оның ықпалы тіпті жоғары.

«Сұлу қыздай керілген Сұпутөрім», «Қордайдың тауы да, алтын тасы да алтын», «Ойжайлау шөбің шүйгін, суың дәрі», «Қызыл қайнар шөлғайын, су ағады сай-сайын» дейтін өлең жолдары ақын туып өскен, той-жиындарда қыз келіншектермен айтысып думандатқан, шабытына шабыт қосып, асқақ әндерін шығаруға себепкер болған жер-су аттары.

Кенен ақынның кіндік қаны тамған жері атақты Мәтібұлақ. «Туып өскен жерім бар Мәтібұлақ, қозы жайған жерім бар күнде жылап» дейтіні сондықтан. Осындағы жердің де, таудың да, судың да аты Мәтібұлақ деп аталады. Мұндағы түйе өркеш тау жоталары сонау Қытай жерінен бері қарай созылып жатқан Тарбағатай тауының сілемдері. Балқаш көлінен бергі аралықта таңбалы тастар деп аталатын тарихи жәдігерлер көптеп кездеседі. Бұл аймақ бұл күнде ЮНЕСКО-ның қарауына алынған. Үлкен ғылыми зерттеулер жүріп жатыр. Ғасырлар куәсіндей өркеш-өркеш тау сілемдері де, күндіз-түні ағып жатқан суы мол бұлақтар да тереңнен сыр шертеді.

Мәтібұлақ атауы қалмақтың тұтқынға түскен Мәті деген қыздың атымен аталыпты дейтін жаңсақ пікір бар. Бұл шындыққа жанаспайды. «Мәті» сөзі мол, дария, көпті білетін, шексіз деген мағына береді. Бұл қазақтың байырғы, көнеден келе жатқан сөзі. «Мәті шешен», «мәті бай», «мәті би» деген ұғымдар халық арасында қазір де бар. Мәтібұлақ та суы мол, шалқар дегенді білдіреді.

Ғасырлар куәсі дегенде айтпағымыз осы жерде ықылым заманнан бері талай-талай тарихи оқиғалар өткен. Қара қытай қаптаған дәуірді де, Шыңғысхан заманын да, қалмақтармен болған қиян-кескі ұрыстарды да бастан кешірген. Соның бір дәлелі тарихтан белгілі





«Аңырақай шайқасы» болған жер Мәтібұлақтан аса қашық емес.

Ақынның ата-бабалары көне заманнан бері осы өңірді мекендеген. Сырттай қарағанда жұпыны, момақан жоталар болып көрінгенмен, сай-саласы көк шалғын, малға қолайлы, сулы жер. Кебекбай шешен: «Мәтібұлақтың топырағынан қойдың құлағы, бидайдың сабағы қылқиып тұрады. Бұл жердің шөбін жеген қойдың еті мейіздей дәмді болады» дейді екен. Расында көк жуа, ебелек, ошаған, тікенек, ермен, жусан дейтін өсімдіктерге жайылған малдың еті ерекше болатыны белгілі. Жамбыл ата дәмді етті аңсаған кезде: «Анау, жалаңаяқ бөкендерге барып ет жеп қайтайық. Көкті көп жегеннен болар біздің малдың еті жасықтау, олардың қойының еті тәтті болады» деп інісі Кененнің ауылына тартып кетеді екен.


Алматыдан батысқа қарай сапарға шыққан жолаушы үшін екі жол бағыты бар. Бірі теміржол, екіншісі тасжол торабы. Мәтібұлаққа осы екі жол арқылы да баруға болады. Пойызбен шыққан адам темір жол бойындағы Боралдай, Ақсеңгір, Шеңгелді, Саз, Қопа, Қызылтаң сияқты аялдамалардан өтіп Отар станциясына келіп түседі. Мәтібұлақ бұл жерден бар болғаны 5-6 км жерде. Алматының іргесіндегі Боралдай елді мекені, жекпе-жекте қазақ батырының қолынан қаза тапқан қалмақ батырының атымен аталады. Бұл ата-бабаларымыздың ел басына түскен қасіретті ұмытпау, ұрпақтардың жадында қалдыру мақсатында жасаған әрекеті.

Алатауды бөктерлеп Пішкек, Тараз, Ташкент бағытында үлкен автокөлік жолы шығады. Бұл Қытайдан, Үндістаннан бастау алатын ежелгі Жібек жолының күре тамыры іспеттес. Осы жолдың бойында Қаскелең, Шамалған, Ұзынағаш, Самсы, Тарғап, Ақтерек т.б. елді-мекендер бар. Осы жердің бәрін де Кенен ақынның іздері жатыр.

Айналма жол салынбай тұрып, көліктердің бәрі осы елді-мекендердің ішімен өтетін. Ауылдан шықсақ та, Алматыдан қайтсақ та, осы жерлерге тоқтап, сусындап жолымызды жалғастыратын едік. Сонда алысқа көзін тігіп, терең ойда келе жатқан ақыннан сұрыптап әңгіме сұраймыз. Көне көз қария небір қызықты жәйларды айтушы еді.

- Алатаудың жалғасы іспеттес сонау бір биік жотаны «Қызыл соқ» деп атайды. Бұл жыр сүлейі Сүйінбай Аронұлының туған жері. Ел оны көргенде: «Қызыл соқ, Сүйінбайдай ақын жоқ» деп мәтелдейді. Расында, бұл өңірде бұған дейін өлең сөзді құйындай үйіретін, топан судай селдететін ақын болған емес. Сүйінбай өте жүректі, батыр адам болған. Қылышынан қан тамған Шыңғыс ұрпағы Тезек төренің





алдына екі ғана ақын бара алған. Соның бірі Сүйінбай.

Күні-түні сөзінен бір жаңылмай жыр төпелеген ақынды қалай сүрінтудің амалын таппаған Тезек, оны бұлаққа жуынуға шақырады. Төмен қарап қолын жуып отырған Сүйінбайдың басындағы тақиясын қылышымен түртіп жіберіп: «Қане, шын ақын болсаң анау ағып бара жатқан тақияңа өлең шығаршы» дейді қылышын мойнына батыра тақап. Сонда Сүйінбай табан асты:

*«О, құдай менбе едім жек көргенің,
Бастағы тақияма тап бергенің.
Ербеңдеп екі қолым қала бердің
Қанеки, тап бергенде ап бергенің?»* - депті.

Сонда Тезек: «Шіркін, бар ақын сендей болса ғой! Өлең сенің қаныңнан өтіп сүйегіңе сіңген-ау, сірә» деген екен.

Қалмақ пен қазақтың арасындағы жүз жылға созылған теке-тірес соғысты кім білмейді. Сол кезде сарбаздардың қаны текке төгілмесін, одан гөрі ең мықты, жаужүрек батырларымызды жекпе жекке шығарып бақ сынайық. Батыры жеңілген жақ, жеңілгенін мойындасын деп ұйғарысады.

Мынау «Қаскелең», «Шамалған» деген атаулар жекпе - жекте жеңіліп басы кесілген қалмақ жауынгерлерінің аты. Ол кезде қалмақ аты өзгеше айтылуы мүмкін ғой. Қазір осылай қалыптасып кетті. Мұндай жекпе-жектер бір күнде әлде неше рет өткізіледі екен. Бір батырдың өзі күніне 5-7 дүркін сайысқа шығатын кездері болыпты.

Екейден ақын- жыршылар көп шықса, Шапыраштыда найзасын айға білеген батырлар көп. Бұл топырақтан Қарасай, Сұраншы, Саурық сияқты аттары бүкіл қазаққа әйгілі батырлар, Нарбота, Сарыбай секілді билер шыққан. Солардың ұлы көші Сүйінбай, Жамбыл болып жалғаса береді.

«Кенеке, осы киелі Қызыл жолбарыс жайлы көп айтылады. Ол әуелі Төле биден Сұраншы батырға, одан осы елдің қол бастаған батыры, сөз бастаған шешені Сарыбайға, одан Жамбылға көшіпті деген сөз бар. Сол жөнінде айтып беріңізші, жол қысқарсын» дейміз. Кенекең, сәл ойланып әңгімесін одан әрі жалғастыратын еді.

Сарыбай бүкіл Жетісуға әйгілі, атынан ат үркетін беделді адам болған. Шапыраштының бас биі, аға сұлтаны атанған. Ат басын Алатауға тіреген Кенесары ханға байланысты оқиғаларды көзбен көрген адам. Ол қырғыздың атақты билері Орман ханмен де, Шәбдан манаппен де дәмдес болып, сыйласқан кісі. Кенесарының өлімінен кейін екі елдің арасы суысып, көп уақытқа дейін қатынас үзіліп қалған





ғой. Сол кезде екі елді жақындастыруға, татуластыруға көп еңбек еткен азамат.

Ал Кене ханның ұлы Сыздық төре Жетісуға келгенде алдымен осы Сарыбайдың үйіне түскен. Сөйтіп Сыздық сұлтанды ертіп Кенесары мен Наурызбай опат болған Тоқпақтың маңындағы Кекілді сайына алып барады. Осы жерде құрбан сойылып, құран оқылып екі жақ ымыраға келеді.

Сарыбай өзінің замандасы Сүйінбайдың ақындығына жол ашып, қимас дос атанған. Жаугершілік заманда шашырап кеткен бүкіл Шапыраштыны жинап, туған елге қайтуына көп күш салған адам. Айта берсең Сарыбай шешен туралы әңгіме де көп, ол жөнінде ақындар айтқан өлең-жырдың да шегі жоқ. Осы жайды терең пайымдайтын адам, Сарыбайдың бейітіне басын иіп, құран оқытпай кетпейді. Бұл үрдіс көнеден келе жатқан жоралғы. Сендер өмір кешіп жатқан заманда осының бәрі ұмыт қалып барады, қарағым деуші еді

Сонау биік төбенің астында «Үңгіртас», «Дегерес», «Басбатыр» деген жерлер жатыр. Үңгіртастың құпия жолдары бар, оған барған адам ерекше күш-қуат алып, жасарып кетеді деп бұрынғылар айтып отыратын. Тылсым қасиеті бар жер. Дегерес биікте орналасқандықтан малға да, жанға да аса жайлы, табиғаты шипалы жер. Төменде шілденің аптап ыстығынан ауа тарылып, жер күйіп тұрғанда бұл жерде самал есіп, жауын бүркіп тұрады. Ал «Басбатыр» деп аты айтып тұрғандай, сонау жаугершілік заманда биік тауды бөктерлеп елдің көшін осы соқпақпен алып өтетін болған. Төмен қарасаң басың айналатын терең құзды жағалап өтуге әркімнің жүрегі дауалай бермейді. «Қане, батыр болсаң басып көр» дейтін сөз осыдан қалған.

Мына тұсынан өтіп бара жатқан жердің аты Көлқамыс деп аталады. Бұрын Верныйдан Пішкекке дейін баратын тас жолдың бойында әрбір 40-50 шақырым сайын осындай бекеттер болушы еді. Онда пошта, хабар таситын күймелер тоқтап, демалып, аттарын айырбастайтын. 20-30 адамы бар қарулы күзеттер тұратын еді. Менің «Әли батыр» деген дастанымда айтылатын оқиға тап осы жерде болған. Қолында дұрыс қаруы жоқ қара қазақты баудай етіп қырып салған жер бұл. Көзіммен көрген сол бір оқиға есіме түссе әлі күнге дейін денем дірілдейді. Мұздай қаруланған патша әскерінен қашып, бір топ адам қырғыздың жерін паналағанбыз. Бірер жыл елден жырақ кетіп, туған жердің қадір-қасиетін, туған елге деген адамның сағынышын сонда көргенбіз.





«Ер жігіт шетте жүрген ел сағынар,
Содан соң кіндік кескен жер сағынар.

Алатау аңсадым-ау, асқар белін,

Қордайдың көкседім-ау қоңыр желін - деп әнге қосып, тау-тасты жаңғырта шырқаған шырқау шағым кеше ғана болған сияқты.

Ақын атаның әңгімесін қызықтап отырып, Мәтібұлақтың тұсына қалай жеткенімізді білмей де қалыппыз. Біз бүгін көлікпен жүрсек, Кенекең осының бәрін атпен жүріп аралаған адам ғой. «Әй, сендердің сол май сасыған «гүрілдектеріңе» болайын! Ат баратын жерге ол шіркінің күшеніп жете алмайды. Тастан аққан кәусар бұлақтан су ішпеген соң, қиялап барып биік шыңға шықпаған соң несі қызық?» деп баладай күліп алушы еді. Шіркін, туған жерін сүйген адам, Кененше сүйсе ғой!

Ақынның 2009 жылы шықан төрт томдық толық жинағын оқып отырып, бүгінде мүлдем ұмытылып қалған жер-су аттарын кездестіреміз. Осы төрт томда басылған жыр жолдарының өзі 19450-ден асып жығылады екен. Білу үшін бүкіл өлең-жырларында келтірілген атауларды санап шыққанымызда 170 жер-су аттары, оған қоса 270 адамның аты-жөні айтылған екен. Таңқалмасқа шараң жоқ. Басқа жақты былай қойғанда бір ғана Қордай өңіріндегі жер-су аттары алпыстан асып жығылады.

Мәтібұлақ, Бүргенді, Ырғайты, Қырқұдық, Жайсаң, Көлқамыс, Сұлутөр, Кіндіктас, Иірсу, Ойжайлау, Қарақия, Ұларұшқан, Аңырақай, Ақдолы, Ақтасты, Арпатектұр, Жаманты, Бесмойнақ, Ешкілі, Қарақоңыз, Бүркітұя, Қызыл қайнар, Жалпақ қайнар, Шоқпар т.б. сияқты тізбектеліп кете береді. Мұндағы басты мәселе жер-су аттарының тізбесінде тұрған жоқ, осыншама атауларды, адам есімдерін ақын қалай еске ұстап, жадында сақтаған деген ой келеді.

Анау жылы қазақтың атақты ақыны Әбділда Тәжібаев теледидарда берген сұхбатында: «Кенен секілді құйма құлақ, ерекше туған адамдар бұрын да, қазір де бар. Олардың, әсіресе өлеңді табан асты шығарып айтатын айтыс ақындарының миында жүздеген, тіпті мыңдаған ұйқастар, сөз тіркестері, жер-су аттары жатталып тұрады. Бұлардың басқалардан артықшылығы осында» деп еді.

Бұған қоса қазақтың халық жазушысы Шерхан Мұртазаның Кенен ақын туралы, оның айтыскерлігі туралы айтқан мынадай сөзі бар: «Суырып салып айту деген бұл бөлекше өнер, төтеннен келетін өнер. Бұл әлгі миыңды қазып, қаламмен жазып отыратын дүние емес. Алапат сөзді ақынның аузына Алланың өзі салады».





Алатаудың қатпар-қатпар шың құздары сияқты қазақ халқының өткен жолы шырғалаңға толы, қасіреті көп дүние. Жер-су аттары тұрмақ, жеті атасын білмейтін ұрпақтың қандай күй кешетінін уақыт елегінен өте алмай, бұл күнде аты да, заты белгісіз ғайып болған жұрттың тарихынан көріп отырмыз. Сондай күйге тап болмас үшін келешек ұрпақтың ой-санасын, болмысын таза ұстау парыз. Ол үшін Кенен ақын сияқты көнекөз қариялардың жер-су жайлы айтқандарын жанымызға түйіп, қағазға түсіріп кету аса қажет.

АҚЫННЫҢ ҰСТАЗДАРЫ

Ұстаз, ұстаздық ету киелі ұғым. Ол жөнінде айтылған түйінді ой да, жазылған өлең-жыр да, арнаулы ән де жетерлік. Ұлы Абайдың «...ұстаздық қылған жалықпас, үйретуден балаға» дейтін сөзінің өзі-ақ талай нәрсені ұғындырып тұрған жоқ па? Алайда жас ұрпақтың тәрбиешісі, ұстазы болу бір бөлек. Өнегесін алып, үлгі еткен адамды ұстаз санау, тіпті пір тұту дегеніміз бір бөлек ұғым. Өмірде жиі кездесетін қалыпты жағдай. Бұл әсіресе ақын-жыршылар арасында көп кездеседі. Жыр тәңірі Жамбылдың «менің пірім Сүйінбай, сөз сөйлемен сыйынбай» дейтін аталы сөзі осыдан қалған.

Кенен ақын өзінің тым ертеде, сонау 1914 жылы шығарған «Менің ұстаздарым» деген өлеңінде былай дейді:

*«Анам Ұлдар әнші екен, әкем де ақын,
Ұстазым Сарбас ақын дүрілдеген.*

*Шашубай мен Шолақтың әнін естіп,
Мен де сондай болсам деп дірілдегем»*

Өзінің бала қиялын жасырмай айтқан ақынға дау айта алмаймыз. Бала үшін ең алғаш тәрбие беретін, ұстаздық көрсететін әке-шешесі екені даусыз. Ал ақындық жағынан ең алғашқы ұстазы Сарыбас болғанын Кененнің өзі нақтылап тұр. Сондай-ақ, Кенен айтқан: «Он жаста Сарыбас мені шақырып ап, ұстатты аманат қып домбырасын» деген өлең жолдары бұл ойымызды айғақтай түсері сөзсіз. Бұдан Кененді ақын еткен Сарыбас екен-ау дейтін ой тумау керек. Кенен Бұқар жыраудан бастап, қазақтың не бір сәйгүлік ақын-жырауларының өнерінен сусындап, өзіне керегін ала білген ақын. Әнші, ақын деген атағы шыға бастаған, нағыз жігіт кезінде Жамбыл, Бармақ, Қуандық, Майкөт сынды сөз дүлдүлдерінің алдын көріп, үлгісін алған.

Ал арқаның құйқылжыған алуан түрлі әндерін, ән салу мәнерін





Жетісуға алғаш әкеп көрсеткен Балуан Шолақ пен Шашубай екені мәлім. Бозбала Кененнің жайдақ тайға мініп барып тұңғыш рет Шашубайды көргені, атақты Балуанның алдына жүгініп бата сұрағаны тағы рас. Мұнысын ақынның өлеңдерінен көреміз. Сондықтан бала Кененнің ақындық тұсауын кескен Сарыбас, әншілік өнеріне үлкен серпіліс берген Балуан Шолақ, Шашубайлар десек артық айтқандық болмас. Тереңірек үңіліп байқасаңыз, Кененнің шығармалары Абаймен де, Біржан, Ақан, Әсетпен де үндесіп, үйлесіп жатады.

Кененнің өміріне де, өнеріне де зор ықпал етіп, өрісін кеңейткен тағы бір өнер арнасы қырғыз халқының төкпе-жыр мектебі деуге болады. «Екі өркеші түйенің, екі емшегі биенің, қырғыз-қазақ бір туған, бір тумаса кім туған?» -дейтін аталы сөздің астарында қаншама мән-мағына жатыр. Кененнің ауылы қырғыздың жерінен алыс емес. Шу өзенінен ары өтсең қырғыз елі, бері өтсең қазақ жері жатыр. Төскейде малы, төсекте жаны араласып кеткен. Атам заманнан бері қыз беріп, қыз алысып құдандас болып кеткен екі ел жатыр. Кенен жас кезінен-ақ осы екі арнадан бірдей сусындап, екі тілде бірдей жырлаған саңлақ ақын. Кешінде бастап, күннің таңғы шапағына шомылып, ұласып кете баратын қырғыздың төкпе жырын естіп өсті. Соның қыр-сырын, мақамын, айтылу тәсілін бойына сіңірді. Кенен жыр төккенде оның қимыл-әрекетінен қырғыздың байырғы манасшыларын көргендей боласың. Бұны біз әлі терең пайымдай алмай жүрген Кененнің орындаушылық, әртістік ерекшелігі деуге де болады.

Кейін өзімен замандас Алымқұл, Атай, Оспанқұл, Халық, Төкпе, Мұса сияқты қырғыз ақындарымен танысып, үлкен силастықта болғаны белгілі. Олардың жыршылық өнерінен көп нәрсе үйренді. Кенен өмірінің ең-қиын-қыстау кезінде қырғыз елін паналап, достарынан қол үзген жоқ, сүйеніш тапты. Бар қайғысын, басына түскен бүкіл ауыртпалықты, қиыншылықты солармен бөліскен ақын. Кенен қырғыз-қазаққа ортақ ақын деуі сондықтан. Кенен «Қырғыз бауырларға» деген өлеңінде:

«Қазақ, қырғыз басынан көршілес ел,

Араласып бір жүрген еншілес ел.

Қыз алысып, қыз берген құда сүйек,

Басынан-ақ аралас, көңілдес ел» - деп екі елдің ғасырлар тезінен өтіп, шындалған татулығын, силастығын, бауырластығын жырына қосса, қырғыз халқының ұлы жазушысы Шыңғыс Айтматов ақынның өз ерекшелігін, екі елге бірдей қадірлі, ортақ ақын екендігін айғақтай түседі. Бұған жазушының:





«Сіз, Кенен ата, қазақ-қырғызға тең ортақ ұлы адамсыз...Қырғыз елі сізді Жетісудағы қырғыз-қазақ жерін бірге араласқан, атағы жер жарған, бұлбұлдай сайраған ақындарындай көреді, солардай ардақ тұтады. Сізді өз атамыз, өз ақынымыз, өзіміздің өнердегі Алатауымыз деп есептейді» деген сөзі дәлел.

«Кенен Әзірбаев – қазақ халқының дәстүрлі өнерпаздығын тал бойына дарытып, екі ғасыр жапсарына, өткен мен бүгіннің арасына көпір болған санаулы саңлақтардың бірі. Бір сәт қазақ топырағында дүниеге келген, дарыны тасқын, арқалы ақындардың тағдыр талайына зер салыр көрейікші. Қобызы күңіренген Бұқардың, көкірегі шерлі Абайдың, жүрегі жалын Сүйінбайдың, жырдан семсер соққан Махамбеттің, жезтаңдай Жамбылдың асыл өнерінен халықтың қайыспас рухани көпірі соғылғандай. Егер біз уақыттың үзілмейтін, тозбайтын ескерткіші сияқты сол асыл өнерден соғылған көпір Бұхардың, Абайдың, Сүйінбайдың, Махамбет пен Жамбылдың еңселі иығын көктей өтіп, Кененнің иығына сүйенеді десек, еш әсіре сөз болмас еді».

Бұл жүрекжарды әділ сөз, «дала өркениеті», «дала философиясы», «дала психологиясы» дейтін жаңа терминдерді өмірге енгізіп, әдебиет тарихын танып-білудің жаңаша үлгісін, соны қағидаларын көрсетіп кеткен, филология ғылымдарының докторы, өнер зерттеуші Ақселеу Сейдімбектің «Кенен әндері» деген мақаласынан алынды. Ғалымның бұл сөзін тал бойына әншілік, ақындық, жыршылық өнері бірдей дарыған Кенен Әзірбаевтың бүкіл өміріне, шығармашылығына берілген әділ баға деп түсінген абзал.

Ал 13 жасында бозторғайға үн қосып шырылдаған дала баласының осы аты аталған ғұлама жыршы, ақиық ақындардың бірін де біле қоймағаны ақиқат. Сондықтан да Нұрғиса Тілендиев айтқандай Кененнің бойына ғажап өнердің дәнін еккен, алдымен ата-анасы, содан соң туып өскен жердің мөлдір бұлағы, саф ауасы, ғажап табиғаты. Ақын кейін есейген кезде жазған «Менің ұстаздарым» деген шағын өлеңінде өзінің өнерге деген ынтызарын, бала махаббатын оятқан адамдар жайлы сөз етеді. Бұл арқалы ақынның имандай шындығы.

Ата-анасының қамқорлығы, балауса ақынға көрсеткен тәлім тәрбиесі жайлы шама шарқымыз келгенше айттық. Тұңғыш ұстазы, дарабоз ақын Сарбас туралы да біраз сөз болды. Ал сонау арқадан келіп жас ақынның сезімін оятып, жүрегін жаулаған атақты Шашубай мен Балуан Шолақтың орны бір бөлек. Енді әңгіме осылар жайында.





1960 жылғы «Жұлдыз» журналының 10 - нөмірінде Кенен Әзірбаевтың «Шашубаймен кездесулерім» деген естелік әңгімесін жариялапты. Мұнда ақын Шашубайды төрт рет көргенін айтады.

Алғаш рет Қасқараудан шыққан атақты би әрі шешен Ноғайбай Дәулетбақұлының асында көреді. Ресми деректерге сүйенсек Ноғайбай 1834 жылы туып, 1910 жылы қайтыс болған. Демек, Кенен Шашубайды алғаш рет 26 жасында көрген болып шығады. Онда ақынның «Көргенмін мініп барып жайдақ тайды» деуі шындыққа жанаспайтын сияқты. Бәлкім бала Кенен ақынды бұдан да бұрын көрген болуы мүмкін.

Шашубай Жетісуға бірнеше рет келген. Сырнайланып ән шырқағанда даусы кең даланы жаңғыртып, тыңдаған жұрттың айызын қандырады екен. Ат үстінде біресе басымен, біресе аяғымен тұрып түрлі қимылдар жасайды. Әсіресе дүр ақын ән салып отырып қабағын қағып қалса басындағы тақиясы біресе желкесіне, біресе маңдайына түседі. Онысын көріп таң-тамаша қалған жұрт, мынау адам емес, сиқыршы шығар деп таңдай қағады екен.

Шашубай жайлы аңыз көп. Оның арғы аталары қырғыз дейді. Абылай хан ордасын арқаға көшіргенде қырғыздың жаужүрек, «сен тұр, мен атайын» дейтіндей 1000 жігітін өзімен бірге ала кеткен көрінеді. Шашекең солардың бірінің ұрпағы болса керек дейтін де жорамал бар. Ноғайбайдың дәуірлеп тұрған кезінде арнайы келіп өлеңмен сәлем бергені жайлы жоғарыда сөз еттік. Бірақ Шашубайдың осы жолғы келуі үлкен бір оқиғаға байланысты болған. Ел еркесі, дүлдүл ақын өз елінде басы дауға қалып, өміріне қатер төнеді. Содан қашып келген кезі екен. Шашубайдың арқалы ақын, парасаты мол адам екенін көрген Ноқаң алдына мал салып, үйлендіріп, үйлі-жайлы болуына көмектескен көрінеді. Мұны Кенен ақынның Шашекеңе айтқан мына бір өлең жолдарынан көруге болады:

*«Кең байтақ Сарыарқада шапқан дүлдүл,
Түлкіні төстен қашқан қаққан дүлдүл.
Сұлу қыз, жора-жолдас, төрт түлік мал,
Бір кезде Жетісудан тапқан бұлбұл.»*

Екінші рет, Аңырақай стансасында болған үлкен бір жиында, аламан бәйгені қатар отырып көргенін айтады. Бұл 1921-24 жылдар болуы мүмкін. Кенен ол кезде жаңа өкіметтің жоқтаушысы. Қордай ревкомының төрағасы қызметінде жүрген кезі. Осы тойдың соңында өнерпаздардың қатысуымен үлкен концерт болады. Сонда Шашекең





өзінің атақты «Ақ қайың», «Сырлы қайың» деген әндерін құйқылжыта салғанда тыңдап отырған кәрі де, жас та орындарынан тұрып ұзақ қол соғып қошемет көрсеткен екен. Осы жиынға қазақтың біртуар ұлы, қоғам қайраткері, қаламгер Ораз Жандосов та қатысқан.

Шашубайдың әйгілі осы екі әнін өз аузынан үйреніп қалдым деп, еске түсіретін. «Ақ қайың», «Сырлы қайың» әндерінді, үйреніп мендей інің елге жайды» дейтіні бұған дәлел. Кенен сондай-ақ, Шашубай Қошқарбаевтың Сарыбаспен, Жамбылмен, Қуандықпен айтыстарын жатқа айтып отырушы еді.

Үшінші рет, Шашубайды түрксиб теміржолын салу барысында кездестіреді. Ол кезде Кенен ақын жол байындағы көшпелі театрда әнші болған. Теміржол салып жатқан жұмысшыларға арнайы келіп, концерт беріп отырған. Шашубайды Аягөз стансасында көреді. Бәлкім, ол да осындай міндетпен жүруі мүмкін ғой. Бұл шамамен 1928-30 - жылдары болған. Екі атақты адамның бұл кездесулері жәй ғана аман-саулық сұрасу, дастарқаннан дәм тату болды десек қатты қателесеміз. Өйткені халыққа аты мәшһұр, әнші-ақын деген аттары бүкіл қазақ даласына тарап кеткен қос дүлдүлдің тұяқ түйістірер бұл кездесулерін терең мәні бар, тарихи оқиға деп қабылдау керек.


Төртінші рет Шашубаймен Мәскеуде жолығады. Бұл кездесу 1949 жылы Мәскеуде өткен қазақ өнерінің онкүндік декадасы кезінде болған еді. «Бұл атақты ақынды соңғы көруім, соңғы рет дидактасуым еді» деп еске алатын. Бұл кезде Шашубайдың жасы 85-те екен. Дүниеден Жамбыл өткеннен кейін, қазақ ақындарының ең жасы үлкені Шашубай болған.

*«Шашеке, кепті жасың сексен беске,
Аяққа тұсау түсіп шешілмеске.
Алты күн айлық жолды басқан тұлпар,
Қалыпсыз ілесе алмай қозыкөшке»* - деп көңіл қимас, інілік пейілін білдірген еді.

Екі үлкен жүректі ақындар арасындағы қимастық, силастық өле өлгенше бәсеңдеген жоқ. Оны Кенен ақынның Шашекеңе арнаған өлең-жырларынан айқын сезінуге болады. Кезінде елін-жерін аралап, дәм-тұзын татқан, халықтың зор қошеметіне бөленген Жетісу жері Шашубай ақынның жүрегінен мәңгі орын алды. Қордайдың еліне, жеріне деген сағыныш сезімін Шашубай Кененге айтқан жауап өлеңінде былай жеткізген:

*«Жас кезде аралаған Жетісуым,
Ән шырқап, сайрандаған асқар нуым.*





*Халқыма қазақ, қырғыз менен сәлем,
Орнатқан өкіметтің жеңіс туын.
Аралап ел-жұртымды қайтар едім,
Шіркін-ай, қалтырап тұр мына буын!»*

«Социалистік Қазақстан» газетінің 1948 жылғы 23 июньдегі нөмірінде Кенен ақынның әндеріне талдау жасаған музыка зерттеушісі Борис Ерзакович былай деп тұжырымдайды: «Кененнің әндері 50-ден асады (бұл 1948 жылғы мәлімет бойынша). Олардың халыққа әсерлілігін, түсініктілігін, жүрекке жағымдылығын сөзбен айттып жеткізу қиын...Оның өз даусы өте үнді, тыңдауға жеңіл, әуезділігі жағынан өте сүйкімді келеді. Оның үстіне Кененнің ән салу кезінде ішкі сезім дүниесін шебер жеткізе алатын артистік қабілеті өте күшті».

Әнші-ақын ретінде менің бойымдағы біраз қасиеттер сонау бозбала кезімде көрген, осындай болсам деп еліктеген Шашубай сияқты атақты ақындардан жұғысты, деп Кенен ақынның өзі де еске алып отыратын.

Өнердің аламан бәйгесінде бірі аға, бірі іні болып қатар шапқан қос дүлдүлдің өмір жолы, бір-біріне деген силастығы, құрмет тұтуы кейінгі ұрпаққа үлгі, өнеге. Шын тұлпардың бір бірімен тебіспейтіні сияқты, шынайы ақындық дарыған адамдар көңіл жығыспайды. Олар өнерді бәрінен жоғары қояды.

Бозбала кезінде-ақ мың құбылған әндерін, таудан аққан бұлақтай буырқанған өлең-жырларын естіп, сондай болсам деп армандаған бала Кененнің пір тұтқан тағы бір ұстазы – Балуан Шолақ. Бұл лақап аты, өз аты Нұрмағамбет Баймырзаұлы.

Балуан Шолақты алғаш рет көргені туралы ақынның өзі тәптіштеп жазып кеткен ғой. Сол жолы Балуанға еріп, Жетісудың біраз жерін аралағаны, әншінің өз аузынан 12 әнін үйреніп қалғаны жайлы жұрт жақсы біледі. Балуан Шолақтың өмір жолына мұқият үңілген адам оның Жетісуға бірнеше рет келгенін байқауға болады. Мәселен, Кенен ақын Балуанды он сегіз жасында көргенін айтады. Бұл шамамен 1902 жылы болған оқиға. Сол кезде Балуан Шолақты қонақ етіп силаған, оның өтінішімен жас талап Кененді алдыртып әнін тыңдатқан Қордай болысының биі атақты Еркебай Базаров еді.

Бұдан кейін Балуан Шолақ бұл жаққа екінші рет 1914 жылы ат басын бұрып, Верный қаласына дейін аралап, содан соң Балқаш арқылы еліне қайтқан дейтін мағлұмат бар. Оны біз көп кейін, 1986 жылғы





12 желтоқсанда «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрген Жайық Бектұровтың «Балуан Шолақ» дейтін мақаласынан оқып білдік. Бұл жолы Балуанның қырғыз Алатауына баруына бөгет болған мынадай жағдай болыпты. Ол жөнінде мақала авторы былай дейді:

«...Шөкең қырғыз Алатауын көріп, туған жерін араламақ болып, Қордай асуына беттейді. Дәл осы кезеңге жеткенде Балуанның алдын орағытып, уезд бастығының қарулы отряды шығып, батырдың жолын бөгейді. Бұған себеп: ...Шолақты Түркияның тыңшысы әрі ел кезген қарақшы, қазақты патша өкіметіне қарсы үгіттеп жүр» деген жалған жала екен. Мұны жазған Мойынқұм уезінің бір кертартпа болысы екен. Осы азды-көпті бөгелуден де Қырғыз Алатауына оралмай, Балқаш көлінің үстін басып күзге қарай еліне келеді.»


«Көргенше қош-есен бол, қалың Дулат» дейтін өлеңін осы жолы шығарған дейді. Алматыны біраз аралап, жұрт алдында өнер көрсетеді. Өзінің атақты әні «Дікілдекті» осы сапарында айтқан екен. «Залог сап жетпіс бес сом күрескенде, сындырдым Карон палуан қабырғасын». Бұл әнді Кенен ақын келістіріп орындайтын. Оны өз құлағымен естігендер: «Кенен Балуанның осы әнін салғанда көзіміз көрмеседе Балуан Шолақтың асқақ бейнесі, асау мінезі елестегендей болушы еді. Балуан тап қазір қасымызда отырғандай сезінетін едік», деп еске алатын. Осы әннің соңында көп адам мән бере бермейтін бір шумақ өлең бар:

*«Бұл күнде аққан судай тасып жүрмін,
Кеудесін дұшпандардың басып жүрмін.
Жаласы сексен өгіз маған ауып,
Ояздан сол себепті қашып жүрмін».*

Әлгінде жолын тосқан қарулы әскердің де, ақынды ары қарай жібермей кері қайтарған бұйрықтың да басты себебі осы болар. Көкшенің билік басында отырған казак-орыстары, қазақтан шыққан би-болыстары Балуан Шолақтың артынан шырақ алып қуғындағаны жұртқа мәлім. Жаласы сексен өгіз маған ауып, дегенде ақын осы жағдайды меңзеп отыр.

Балуан Шолақ туралы академик жазушы Сәбит Мұқанов та біраз қалам сілтеген. Оның атақты «Балуан Шолақ» повесін жұрт жақсы біледі. Әлденеше рет басылып, орыс тіліне де аударылған. Балуан жайлы Сәбең айтқан әңгімелерді, шым-шымдап жинаған қолдағы деректерді салыстырып көрсек, аса көп айырма жоқ. Алайда өзі палуан, ғажап әнші, «мыңмен жалғыз алысқан» күрескер Балуанның





өмір тарихы жайлы білетініміз өте жұтаң екен. Бұған Жайық Бектұров ақсақалдың «Енеден ерте айрылған төл секілді» дейтін шығармасынан соң көзіміз жетті. Бұл кісінің аты-жөнін алғаш рет, Алматыдағы Ұлттық кітапхананың архивін ақтарып отырып кездестірдім.

Менің қолымда сонау 1940-41 жылдары шыққан Жамбыл облыстық «Коммунист» газетінің бірнеше нөмірі бар. Газетте Кенен ақынның бірнеше өлеңдері (латын әрпінде) жарияланыпты. Атап айтқанда, 1941 жылғы 23 февральдағы нөмірінде қызыл әскердің құрылғанына 23 жыл толуына арналған «Айдар тұлым» деген өлеңі басылған. Төрт айдан соң, яғни 1941 жылғы 22 июнь күні Ұлы отан соғысы басталады. Дәл төрт күннен соң (26 июнь) осы газеттің бетінде Кенен ақынның «Аттаныңдар!» деген өлеңі шығады.

«Ал, қырандар, аттанғың,

Шық майданға топтанғың.

Мылтығыңа оқ салып,

Болат найза саптағың!» - деп жар салған ақынның үні естілгендей еді. Ақын өз өмірінде екі рет «Аттан!» деп халқына жар салған екен. Оның бірі сонау 16 жылғы ұлт-азаттық көтерілісте ел-жұртын ақ патшаға қарсы күреске үндеген өлеңі. Сол кездегі оқиғаның көрінісін көз алдыңызға әкелгендей әсер ететін дауылпаз сарыны бар. «Аттаныңдар!» деп аталатын бұл ән Кененнің өз орындауында таспаға жазылып қалды.

Ал осы аталған газеттің сол кездегі редакторы Жайық Бектұров екен. Ол жөнінде қаламгер жазушы былай деп еске алады: «Мен соғыс алдында Жамбыл облыстық «Коммунист» газетінде редактор болдым. Отар станциясына таяу тұратын әйгілі әнші, ақын Кенен Әзірбаев, Шу ауданында тұратын ақын Жақсыбай Жантөбетов ақсақалдармен редакцияда да, олардың өз үйлерінде де көп сұхбаттастым. Олардың шығармаларын газетте жиі басып тұрдық» дейді.

Кенен ақынның арнау өлеңдері, көрнекті ақын, қаламгер Арғынбай Бекбосыновтың, Жайық Бектұров ақсақалдың жазып қалдырған еңбектері Балuan Шолақ сияқты еліміздің қайталанбас, қайсар ұлының бейнесін сомдап, айшықтай түсетін құнды дүниелер.

Ұлы бабаның арғы аталары: Есентай – Қазанғап – Жарықшақ – Баймырза – Нұрмағамбет болып келеді. Ел аузында мынадай аңыз бар. Балuanның бабасы Есентай тал түсте ауылын шауып, қыз-келіндеріне зорлық-зомбылық көрсеткен бір топ қалмақ сарбаздарын түнде ұйықтап жатқан жерінен бауыздап, аяқтарына тас байлап, Шудың суына ағызып жіберіпті. Сол түні үйлерін жықтырып, бүкіл ау-





ылды бастап арқа төсіне қарай тартып кеткен екен. Мұндағы ағайын алыстан қиналып жеткен Есентайға жер бөліп береді. Арада бірер жыл өткен соң шөкімдей ғана ауыл бір қауым ел болыпты. Сөйтіп, «Үйсін» ауылы деп аталған екен. Нұрмағамбет Баймырзаұлы осы ауылда дүниеге келеді. Қазіргі Ақмола облысының жерінде орналасқан бұл ауылды кейін Балуан ауылы деп атап кетіпті.

Ерте кезден осы аймақты мекендеген жағалбайлы, жалайыр, алшын, естек деп аталып кеткен жеке-жеке ауылдар болыпты. Осының өзі-ақ ықылым заманнан бері қазақ жұртының бір-бірімен аралас-құралас өмір сүргендігін, басына қиындық туғанда біріне бірі қол созып, көмегін аямағандығын айғақтай түседі.

Қазақта «Жігіттің үш жұрты бар. Өз жұрты - күншіл, қайын жұрты - міншіл, нағашы жұрты – сыншыл» дейтін сөз бар. Қалай десекте дөп айтылған сөз. Өз жұртың «бар болса көре алмайды, жоқ болса бере алмайды», қайын жұртың әр қадамыңды, іс-әрекетіңді күнбағыстай бағып, мін іздеп отырады, нағашы жұртың мінеп те, сынап та қарайды. Алайда көп жағдайда жанашырлық танытып, қиындық түссе қол ұшын созатын осы нағашы жұртың болады. Халық айтса, қалт айтпайды деген. Бұл ғасырлар бойы қалыптасқан тәжірибе.

Балуан Шолақтың нағашы жұрты Абылай ханның замандасы әрі серіктесі болған атақты Қанай биден бастау алады. Қанай бидің сөзге шешен, ержүрек Бекболат деген ұлынан тарайды.

Біз көп біле бермейтін мына бір оқиға да Жайық Бектұровтың мақаласында айтылады. Шолақтың ата мекені Елтай станциясының сыртындағы Тастыөзек дейтін жері шұрайлы қойнауда екен. Оның зиратының орны да осы жерде. «Орны» деуіміздің мәнісі – Шолақтың ақ тастан орнатқан бейітін өзімен көп жауласқан дұшпандары, отаршыл бай-кулактар қиратып кеткен. Тіпті Балуан Шолақтың мәйітін қазып алып, қорламақ болған дейді. Мұны сезген Балуанның ағайындары Қайрақты өзені маңынан жалған бейіт те салған екен.

Ел біле бермейтін тағы бір дерек. Балуан Шолақ көп жасамаса да 18 баланың әкесі болған. Үлкен ұлы Изахарды сонау отызыншы жылдары өштескен жаулары орман ішінде атып өлтірген. Оның да құлпытасы Қайрақты өзені бойындағы Возносенское селосына таяу жерде жатыр. Балуанның үрім-бұтағы жайлы көптеген мағлұматты осы шығармадан алуға болады.

Балуанның патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы күресі 1916 жылғы халық көтерілісіне келіп жалғасты. Алексеевка – Салқынтау көтерілісі деп аталатын осы өлкедегі халықтың ұлт-азаттық қозғалысы





ел тарихында тиісті орнын алып, мәңгіге жазылып қалды.

Қара нардай, табиғат берген алапат күштің атасы, құйқылжыған әсем әннің киесі Балуан Шолақтың алдын көріп, болашаққа меңзеген ақыл-кеңесін алған бозбала Кененнің өнері бұрынғыдан да биіктеп, асқақтай түскені ақиқат. Өзінің жас кезінде шығарған «Тік шырқау», «Ойжайлау», «Қос қалқа» әндері ұстазы Балуанға еліктеп тудырған дүниелер деуге болады. Ән иіріміндегі асқақтық, дауыс екпіні, жастық жігер ұлы ұстазынан қабылдаған ерекшеліктер.

Ат үстінде отырып ән салудың тәсілдерін Шолақтың үйрендім дейтін. Оның өзі үлкен өнер. «Қолыңды жөнсіз ербеңдетпей, аяғыңды үзеңгіден шығарып, еркін отыру керек. Ән салғанда адам арқаланып кетеді. Сол сәтте тақымыңды қысып, тебінуге болмайды. Құр айғайға салмай, даусыңды еркін жібер. Үнің жұмсақтау болсын. Ат адамнан да сезімтал, жағымды ән болса құлағын қамшыламай, көзін мөлгітіп, тырп етпей тыңдайды» дейтін еді.

Ал жұрт алдында өзінді қалай ұстауға келетін болсақ, ол бөлек әңгіме. «Көпшіліктің ортасында өзінді сыпайы ұста. Арқаңнан қағып, мадақтап жататындар көп болады. Жалпаң қаққанның бәрі тілеулес бола бермейді. Жұрт мақтады екен деп еліріп, елпеңдеп кетпе. «Дегбірсіз ат сілкіншек, дегбірсіз ақын жұлқыншақ» дейтін халқымыздың нақылын ұмытпа. Өзің де сұңғақ әдемі жігіт екенсің, мінезің жұмсақ, биязы болсын» деген Балуанның сөзі әлі ел аралап, жер таний қоймаған жасөспірім Кененнің жан сарайын ашып жібергендей әсер етті.

Айтса айтқандай-ақ, сонау бозбала кезінде естіген ұлы ұстазының осы айтқандарын жан тұмарындай жадында сақтап, берген ақ батадай қабылдап еді. Өзі де ғасырға жуық ғұмыр кешкен ақын атамыз, ұстазының осы тілеуін өміріне «темірқазық» етіп алды. Өмірден баз кешкенше сыпайы мінезінен, адал көңілінен, табиғат берген жан сұлулығынан ауытқып көрген емес.

ӨМІРІН ӨЛЕҢМЕН ӨРГЕН АҚЫН

Он бір жасында шығарған «Ри, қойымнан!» бастап, тоқсанның сеңгіріне келгенде шығарған «Қалады-ау!» әніне дейін белес-белес жылдар жатыр. «Ри, қойым!» тырнақалды туындысы болса, «Қалады-ау!» ең соңғы әні. Тоқсан екі жыл ғұмыр кешкен ақын өзінің бүкіл өмір жолын әнмен көркемдеп, өлеңмен өріп отырған. Сондықтан да





ақынның өмірін, оның өлең-жырларынан бөліп алып қарауға болмайды. Мұнда Кенен өткен өмір белестері, басынан өткерген небір шытырман оқиғалар айтылып, суреттеледі. Тағы бір бұлтартпайтын ақиқат Кененнің бүкіл көргендері, туған халқының да басынан өткізген тарихи дүниелер. Ақынның өз сөзімен айтқанда:

*«Мен сүйемін халқымды,
Жасың менен қартыңды.
Ардақты елге ән салсам,
Денем майдай балқиды».*

«Мен халқымның бастан кешкендерін бірге көрдім, қайғырса бірге қайғырып, қуансы бірге қуандым. Елімнен бөліп алар еншім жоқ. Бар болғаны сол көргендерімді әнге, өлең-жырға айналдырып, өзіне қайтарып бердім» дейтін.

Айтса айтқандай-ақ ақынның қайсы бір өлең-жырын алсаңыз да, олардан сол дәуірдегі оқиғалардың желі есіп тұрады. Ақынның жас кезінен бастап, ақсақалдық кезеңге дейінгі қай туындысы болмасын сол уақыттың шежіресіндей әсер етеді. Бұл заңды да. Өйткені Кенен ақын сол кезде болып жатқан, ел бастан кешіріп жатқан оқиғалардың бел ортасында жүріп, соны қарапайым қазақы тілмен халқына жеткізді. Бұл туындылардың ерекшелігі, өміршеңдігі, ел жадында мәңгі сақталып қалатыны да сондықтан.

Әдебиет зерттеуші, ғұлама ғалым Р. Бердібаев «Кенен ақынның өлеңдері» деген мақаласында: «Сол қарапайым қара өлеңдердің, еуропа поэзиясымен таныс оқушыға жат көрінетін кейбір «сүргіленбеген» өлеңдердің ішінде табиғаттың өзіндей сұлулық, кіршіксіз сезім, қалтқысыз жан сыры жататындығын ұмытпауымыз керек. Кенен ақында халық поэзиясының тамаша қасиетін танытатын өлең жолдары көптеп кездеседі.» деген пікір айтыпты. (Әдебиет және искусство» журналы, 1956 ж. №4.)

Ғалымның сөзін тірілтіп, ойын жетелеп көрейікші. Суырып салма ақындарға тән қасиет, олардың бәрі домбыраға сүйеніп, белгілі бір мақаммен айтады. Кенен де солай істеген. Өлең-жыр болсын, терме болсын төгілтіп әнге қосып айтқанда ұйқастағы кейбір кедір-бұдырлары байқалмай қалады. Бұл халық ауыз әдебиетінің бәрінде кездесетін жай. Ал ғалымның «Кенен ақында халық поэзиясының тамаша қасиетін танытатын өлең жолдары көптеп кездеседі» деуі ақиқат сөз. Ол үшін ақынның бүкіл туындысын талдап, ақтарып жатудың қажеті болмас. Бірер өлеңдеріне тоқталсақ та жеткілікті.





Атақты «Базар-Назары»- бұл ұзақ жоқтау әні. Соның мәтінінде мынадай жолдар бар. «Базарым-ай, Назарым-ай! Отбасында күлшашарым, ажарым-ай! Жалған дүние-ай, салдың күйге! Омырауымнан үзіліп түстің екі түйме» дейді. Мұның бірінде, көз алдыңызға ошақтағы күлді шашып ойнаған екі ұлдың бейнесі тұра қалса, енді бірінде арасына күн салмай шетінеп кеткен екі ұлын «үзіліп түскен екі түймеге» теңеп айтады. Сол сияқты «Қос қалқа» деген өлеңінде:

*«Сұлуқыздай керілген Сұпутөрім,
Ән шырқатып, айтысып жүрген жерім.
Керегенің көзінен қол жалғасып,
Шәйі орамал ұстатқан кербездерім!» - дейді.*

Кенен ақынның «Жас кезеңдері» деген өлеңінде:

*«...Он бес пен жиырма бес, отыз жаста,
Қайнардан тасып аққан бұлақтайсың.
Қырық жаста қия шапқан қылыштайсың,*

Елуде ерлер мінген пырақтайсың...» - деп адамның жүз жасқа дейінгі болмысын тап басып суреттейді, көзіңе елестетеді. Ал «Көрмеде туған ойлар» дейтін өлеңінде мынадай теңеу бар.

*«Жұртта қалған жұрыным,
Домалап келіп қой болды.
Сайда қалған тулағым,
Ойнақтап келіп тай болды».*

Кененнің өлең-жырларынан мұндай дөп айтылған өлең жолдарын, небір әсем суреттемелерді, тапқыр ойларды көптеп кездестіруге болады.

Ал енді әлгінде ғалым ағамыз айтқандай, осыны озық дейтін европалық поэзия тіліне аударуға бола ма? Аудару мүмкін емес. Өйткені бұл қазақы ұғым. Қазақтың болмысына, табиғатына, жан дүниесіне етене жақын ұғым. Қазақтың киіз үйіне жатып көрмеген, керегесінен сығалап, шаңырағынан аспандағы жұлдызды санап көрмеген өзге жұрт мұны қайдан ұғынсын.

Кенен ақынның поэзиясындағы тағы бір ерекшелік, өлең-жырларына қазақтың небір мақал-мәтелдерін, қанатты сөздерін жымдастырып, шебер қолдана білуінде. Ол үшін біз ақынның өлеңдерін тізіп жатпай, сонда кездесетін мақал, мәтел, нақыл сөздердің біразын келтірейік.

«Ұялмайтын бетке, талмайтын жақ береді», «Қазанат қамшы тигізбейді, азамат жоғын білгізбейді», «Ақындардың айырмасы бар, ән мен күйдің қайырмасы бар», «Кесірлі адам кер болады, кемеңгер





адам кең болады», «Бір кесек, мың қарғаға», «Жауға барсаң бәрің бар, дауға барсаң бірің бар», «Судың түбін шым бекітеді, даудың түбін қыз бекітеді», «Ердің көңілін сақта, лебізін сатпа», «Бір ағашта қанша бұтақ, біреуі ғана балтаға сап». Бұл жерде екі жолдан тұратын нақыл сөздерді ғана теріп көрсеттік. Ал бір-бір шумақтан тұратын мақал-мәтелдер, қанатты сөздер тіпті көп. Осылардың басым бөлігі ақынның өзі шығарған даналық сөздер.


Мәселе, өлең-жырдағы мақал-мәтелдердің көптігінде емес. Ақын соларды өз орнында, жымдастыра пайдалана білгенінде. Бұдан өлеңнің табиғатына, ұйқасына залал келмейді, керісінше айтар ойды ширықтырып, мағынасын аша түседі. Мұндай қарекетті орыстың ұлы ақыны Пушкиннің, қазақтың кемеңгер ақыны Абайдың өлеңдерінен көруге болады. Яғни, халықтық поэзияның біраз элементтерін, классикалық әдістемелерге үйлестіріп қолдану үлкен шеберлікті, дарабоз ақындықты қажет етеді деген сөз. Мұндай қарекет ұлы ақындардың, табиғи дарындардың қолынан ғана келетін дүние.

Иә, «елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» демекші. Заман өзгерді, соған қарап адам да өзгерді. Танымы, табиғаты бөлек ұрпақ келді. Барлығы солардың қолында. Өткенімізді түгендеп, жоғалтқанымызды іздеп тауып жатса ол бір ғанибет. Әсіре қызыл, даңғаза тірлікті қызықтап, соның жетегінде кетіп, мәңгүрттікке бой алдырса орны толмас қасірет. Қазақ халқы қандай заманда да өскелең ұрпағына сеніп артып, соның тілеуін тілеген ғой. Болашақ ұрпағымыз салауатты, білікті, намысқой болсын!

«Кенен – әнші, Кенен – ақын, Кенен – композитор деп ардақтай төбеге көтеріп жатсақ бүгінгі балаларға таң көрінуі де ықтимал. Ағаны басқа әріптестерінен бөле-жара, жекедара ілгері шығарып тұрған қасиеттер – осы үш өнер тоғысы» деп толғана жазған Ғали Ормановтың өзі де исі қазаққа аты мәлім көрнекті ақын. (Лениншіл жас, 1974 ж, 22 июнь)

Өрқайсысы бір-бір іргелі зерттеуді қажет ететін Кенен Әзірбаевтың бұл қасиеттері әлі талай ғылыми еңбекке арқау болатыны сөзсіз. Ақынның осы ерекшелігін талдап, тұжырымдама жасау болашақтың ісі. Мұның өзі әлі де терең зерттеуді, зерделеуді қажет ететін тың дүниелер. Ақынға берілген осы атаулармен қоса, соңғы кезде «Кенен жыршы», «Кенен қоғам қайраткері», «Кенен эпик ақын» дейтін жаңа көзқарастар айтылып жүр. Кенен ақынның жас кезінде қырғыздың әлемде теңдесі жоқ «Манас» жырының үлкен бір тарауын жатқа айтқандығы белгілі. Бұл жөнінде хабары жоқ адамдарға айтарымыз,





«Манастың» бір тарауы екі күнге жететін жыр толғау. Ал Кененнің «Бұрынғы өткен батырлар», «Көкетайдың асы» деген жыр-дастаны танды таңға ұластырып айтатын қомақты шығармалар.

Қордай жерін көктей өтетін Шу өзені бастауын қырғыздың Алатауынан алады. Өзеннің екі жағалауын бойлай орналасқан қазақ пен қырғыз ауылдары бір бірімен қыз алысып, құдандас болып кеткелі қашан. Ықылым заманнан бері біріне- бірі бауыр басып араласып кеткен ел. Кенен өзінің ақындық, жыршылық өнерін осы қырғыз елінде жүріп шыңдаған. Тіпті қырғыз еліне сіңісіп, атағының жайылғаны соншалық, «Кенен өзіміздің шайырымыз» деп есептейді екен.

Қырғыздың Алымқұл, Османқұл, Атай, күйші Мұса сияқты төкпе ақын-күйшілерімен жиі кездесіп, қырғыздың күңгейі мен теріскейін аралап талай жердің дәмін татқаны белгілі. Ол жөнінде ақын өзінің «Қырғыз бауырларға» деген көлемді өлеңінде де айтып кеткен.

Бір жолы Кененге жиен болып келетін, замандасы әрі әріптесі, қырғыздың атақты шайыры Османқұл Бөлебалаев былай деп қалжындапты:

«Оу, Кенеке! Сен шоң ақынсың, маған да етене жақынсың. Мен жиенің, сен нағашы. Жиен ел болмайды, желке ас болмайды дегенді қазақтар көп айтады. Біз, әсіресе, Кенеке, сіз үшін елдігімізді әбден танытқанбыз. Бозбала кезінде келіп, жұрт алдында әніңді төгіп алғаш рет атағың шыққан қырғыз Шабданның асы. Бұл бір. Ақ таяқты ат қып мініп жүргенде, Тоқмақтан сатып алған Көкшолағың жауыр да болса қырғыздың аты. Бұл екі. 16-жылғы қуғын-сүргінде қашып кеп паналаған елің қырғыз, сені патшаның жандаралдарынан жасырған досың Мәсімхан. Ол да қырғыз. Бұл үш. Сонау қазақтар шыбындай қырылған 32-нің аштығында осында келіп, аман қалғансың. Сонда қол ұшын берген достарың міне отыр. Бұлар да қырғыз. Бұл төрт. Базар – Назар ұлдарыңа қапа болып жүргенде алдымен келіп жырмен көңіл білдірген мен жиенің Османқұл. Мен де қырғызбын. Бұл бес. Қағылайын, нағашы, қырғыз еліне әбден қарыздарсың! Өтемі қашан болады?» деп зілсіз әзіл айтқан екен.

Османқұлдың бұл әзілінде үлкен шындық жатыр. Расында, 18-ге енді толған Кененнің бағы жанды. Кім біледі тап сол кезде бағына Еркебай сынды көзі ашық, өнерді сүйетін азамат кез болмаса, қырғыздың атақты манабы Шабданның тойына бару бармасы екі талай еді ғой. Бәлкім, Балуан Шолақ айтқандай «қой қиына көміліп, алты уықтың астынан шыға алмай» қала берер ме еді.





«Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?» дегендей жалы жоқ, құйрығы жоқ Көкшолақ болмаса адамды жылатып отырып күлдіретіндей ғажап ән дүниеге келер ме еді, келмес пе еді.

1916 жылы Әли Нұрғожаевтың бастауымен болған халық көтерілісі жеңіліс тауып, тоз-тоз болған сарбаздар күңгей Алтауын асып қырғызды паналағанбыз. Бауырлас қырғыз елін сауғалап қылышынан қан тамған патша жендеттерінен аман қалдым. Сол кезде қолға түссем, атылып, дарға асылған көп қазақтың бірі болып кетер ме едім.

Осы күні айтып жүргендей қазақтың басына төнген алапат қайғы, ол – 1931-32 жылдардағы ашаршылық. Өзі де шөкімдей аз ғана ауылдан бір-екі ғана отбасы аман қалды. Қырғыз бауырларымның арқасында бұл індеттен де тірі қалдым.

Иә, Османқұл жиен, сөзіңнің бір бұлтартпасы жоқ. Дұрыс сөзді мойындамасқа не шара? Қырғыз еліне қарыздар екенімді өлең-жырымда, толғау-термелерімде айтпай кеткен жерім жоқ. Тәңірім, нәсібімнен айырмаса әлі талай-талай қуанышыма ортақтасып, дәмтұзымды бөлісерсің деген.


Ақынның осы сөзі рас боп шықты. Ақынның көзі тірісінде республикалық деңгейде тойланған 75, 80-90 жылдық торқалы тойына қырғыз достарының біразы қатысып, сый-сыяпат көріп тарасты. Қомыздарын қолға алып қырғыздың мың бұрау термесін төкпелетіп, құйқылжыта ән салғандары әлі есімізде.

«Аяғыңды етік қысса, дүниенің кеңдігінен не пайда» дегендей әнші Кенен, тойшы Кенен деп ел дәріптейді. Дабысы біраз жерге жеткені де рас. Бірақ бозбала жігіттің сағын сындырып, көңілін тұмшалайтын нәрсе – кедейлік. Оның құрығы ұзын. Қайда барса да алдынан сонысы шығады. Қанаты қырқылған құс сияқты еркіндеп ұша алмайсың.

*«Сол қорлықпен он беске жасым жетті,
Мен қатарлы балалар басып өтті.
Жорға мініп бәрі де жігіт болды,
Соны көріп жүрегім жасып кетті».*

Бұл бозбала Кененнің, арманшыл Кененнің еңсесін басқан имандай шындығы еді. Жалғыз ұлының шарасыз жайын әке де көріп, сезіп жүретін. Баласының аты шыққалы қорасына азын-аулақ мал да бітті. Бірақ онысы қарызынан артылмайды. Оның үстіне биыл інісі Әбденбайдан бөлініп, жұпыны болса да үй тігіп, бөлек





шаңырақ көтерді. Кенен өлеңіне қосатындай «торғай әкеп қамасаң тұрмайтындай, киізі шұрқ тесік жабағы үй». Осының өзі көңілге медет. Кененім жігіт болды, қартайғанда сүйенішім, жанымда асыраушым бар деп әкесі қуанышын жасыра алмайтын.

Баласының той-томалақтарда ән айтып, әркімнің түсірген келіндерінің бетін ашып тапқан азын-аулақ малын сатып, оған бір-екі жылда тапқан өзінің табысын қосып Әзірбай қырғыздағы Тоқмақтың базарына барады. Шалдың қолындағы аз ғана пұлға күліп қарағандар: «Ақсақал, мына ақшаңызға әбден ыңыршығы шығып жауыр болған, ақсақ-тоқсақ кәрі жылқы болмаса басқа не келеді?» дейді. Күні бойы жылқы тандап базар аралаған Әзірбай ақыры іші қабысып, қабырғасы ырсиған арық жылқыны таңдайды. Сөйтсе, бұл бір қырғыздың сатуға емес, жәй базарды көруге мініп келген көлік аты екен. Өлгіден, қолындағы бар пұлын беріп, әрең дегенде сатып алады. Тоқмақ пен Мәтібұлақтың арасы көп болса бір-екі күндік жер ғой. Көтерем атпен бірнеше күн жүріп әрең жетіпті.

Мәтібұлақтың мақпал көгіне аунап, кәусар суын ішкен жануар екі-үш айда желкесі күдірейіп, жалы күлтенеліп, ойнақтап шыға келеді. Терісінің көгілдір түсіне, құйрығының шолақтығына қарап жұрт «Кененнің көкшолағы» деп атап кетіпті. Бозбала Кененнің атын шартарапқа жайып, өміріне үлкен серпіліс әкелген «Көкшолақтың» тарихы осындай.

*«Көкшолағы әкемнің дөнен шықты,
Қойға мініп қиқайып Кенен шықты.
Шілдеhana, тойларда әнге салып,
Қиыстырған кеудемнен өлең шықты».*

Келесі жылы Бибол деген атақты байдың немересі Құрман, атасының құрметіне үлкен той жасаймын деп жан-жаққа ат шаптырып, жар салады. Ақыры Аянбай деген досына қойын тапсырып осы тойға Кенен де барады. Осы жолы Шәлипа қызбен айтысқаны белгілі.

Бұл айтыс жөнінде көптеген жазушылар, әдебиет танушылар, ғалымдар қалам тартып, өздерінің ой-пікірлерін айтқан. Алайда ақынның кітабына басылғаны айтыстың қысқаша нұсқасы ғана. Бұған сол кездегі «цензура», тағы басқа да себептер болған шығар. Ал біздің сонау бала кезімізде ақынның өз аузынан естіген айтыстың мәтіні ұзақ болатын. Бәлкім, суырып салма ақын әндерін, айтыстарын түрлендіріп, жанынан жаңа дүниелер қосып айта беруі мүмкін. Бұл ақиқат. Өйткені Кенен ақынның өлеңдері де, әндері де, тіпті ауқымды толғаулары да әртүрлі нұсқасында кездесе береді.





Қолымызға түскен Кенен мен Шәлипаның айтысының толық мәтінін жазуға да болар еді. Айтыс 24 шумақтан тұрады. Онымыз тым ұзақ болатын секілді. Мемлекеттік орталық мұрағаттан алынған осы айтыстың мәтінінде ақынның кітаптарында кездеспейтін мынадай шумақтар бар. Бір шумақтан кезек-кезекпен қайталай бергенше Кененнің айтқанын бір бөлек, Шәлипаның айтқанын бір бөлек топтастырып көрсеткеніміз ыңғайлы болар.

Кенен:

*«Аспанда бұлт басқан ай бола ма,
Ат-тоны қойшылардың сай бола ма?
Келгенше жиырма беске күйеуің жоқ,
Сұлу ат, сәнді киім бай бола ма?».*

*«Болмаса кедейлігім мінім бар ма,
Құдаша қойшы көрсең жының бар ма.
Тамырыңды ертіп кеп табыс қылар,
Қойшыларсыз, байғұс-ау, күнің бар ма».*

*«Қойды жайып келемін қоғалыға,
Бүркіт салған шығады обалыға.
Жиырма беске келгенше үйде бағып,
Әке-шешең қалыпты обалыңа».*


*«Сауысқан мекен қылар таудың басын,
Көңілімді жайды білсең қалдырмассың.
Шешең өліп мен құсап жетім қалсаң,
Желке шашың жүн болып маңдымассың».*

*«Сиқымбайдың қызы едің өтпей жүрген,
Қырсық шалып басыңнан кетпей жүрген.
Несіне мақтанасың сорлы жазған,
Қол созып қойшыға да жетпей жүрген».*

Бұл мәтінде қыздың әкесінің аты аталады. Кейін оны «Қызы едің сен бір байдың өтпей жүрген» деп ақынның өзі өзгерткен екен. Ағайындас, түбі бір туыстас елдің қызы болған соң әдеп сақтаған болу керек.

Шәлипа:





*«Қызыл қыршын ойнаған ойның құрсын,
Құл-құтандай қылқиған мойның құрсын.
Жұлма тайлақ секілді түрің құрсын,
Сары майдан дәметкен құлқың құрсын».*


*«Басында көк төбенің жалғыз тал бар.
Өзім сал, өзім сылқым мен кімге зар.
Бір байдың тауға біткен шынары едім,
Аулақ жүр көлеңкемнен менде нең бар».
«Сары ағаш кескен сайын құм болады,
Аяғы өтіріктің шын болады.
Еске алатын қойшының бірі екенсің,
Аты-жөнің бейшара-ау, кім болады?».*

Осы айтыста шығарған әні «Көкшолақ» атанып қырғыз-қазаққа тез тарайды. Ақынның мерейі бұрынғыдан да өсіп, асқақтай түседі. Көкшолақ әнінің иірімдері ойнақы, екпінді болғанымен, ар жағында көлеңкесі сияқты қыр соңынан қалмай қойған кедейшілікке деген боз-бала Кененнің ашу- ызасы, қарсылығы жатыр. Бұл әнге жәй әншейін күлкі шақыратын, жеңіл әзіл деп қарамай, оның мазмұны мен мәніне терең үңілген абзал. Бұл жалғыз Кененнің басындағы жай емес, сол заманда мал соңында жүрген жүздеген, мыңдаған қазақ жігіттерінің қайғы-мұңы, шарасыздығы деп қабылдау керек.

«...Қыздарға, жас сұлу аруларға көз қиығын тастап, әзіл-қалжыңмен бірге наз білдіре отырып, жүректің нәзік сезімдерін қозғайтын үн, сөз таба біледі. Осылардың өзінде Кенен тек жеке қарабасын емес, мазмұнды өткізген жастық шақты жырлайды» деп жазған әдебиетші, ғалым Мырзабек Дүйсеновтың сөзі осы ойымызды толықтыра түскендей.

Кенен ақынның жастық шағы алаңсыз, той-томалақта ән салумен өтті десек қиянат болар. Ақынның үйленіп, үй болуының өзі талай кедергілерге, қиындыққа тап болғаны рас. Мұнда да Кененнің жолын кесіп, жүрегіне дақ түсірген жәйіттер көп болды. Соның бір себебі баяғы кедейшілік еді. Көрпеңе қарап көсіл дейтін заманда әркім өзінің теңін тауып құда түсіп жататын. Әзірбай да өзі құралас, аздап малы бар біреумен құда болады. Кейін ант-су ішкен құдасы сөзден тайып, қызын Шоқы деген байға тоқалдыққа беретін болады. Әзірбайдың азды-көпті берген қалың малын жеп қойып, енді оны менсінбеуге шығады.





«Мен құда болғанда,
Екі ғана құлағың бар еді,
Басыңда жаман тұмағың бар еді.
Дәулетің менімен тең еді,
Мен сенен қашан кем едім?
Жал біткен соң жалтарғаң,

Не қылған арсыз неме едің?!» - деп Әзірбай ашу шақырады. Барған сайын сағы сынып, мұңайып қайтады. Сондағы биге де шағымын айтады. Алып-жеп ұрты майланған би-болыс сіңірі шыққан кедейдің сөзін не қылсын.

Қыздың аты Ханзада. Мінезге бай, өнерге жақын, келбетті деп естиді. Ауылы Қырқұдық деген жерде. Жас әншінің өзін көрмесе де, жұрттың ол туралы таңдай қағып айтатын мадақ-мақтауларын естіп бір көруге, ол да асық екен. Бір күні қасына екі-үш жолдасын ертіп ұрын барып, қыздың уәдесін алады. Әкесінің қыңыр мінезін жақсы білетін Ханзада, сұрықсыз, сараң байға тоқалдыққа барғанша мені біржола алып қаш дейді.

Ақыры Ханзаданы алып қашып келеді. Бірден өз үйіне апармай Құрақбай деген құрдасының үйіне апарып жасырады. Артынан ағалары қуып кеп, екі жақ жаға жыртысуға дейін барады. Кейін Еркебай бастаған сол ауылдың игі жақсылары тоқтау айтып, Кененді жақтайды. Оның үстіне елдің орыстар әкелген заңына, тәртібіне мойынсұнып қалған кезі ғой. Содан да сескенген болу керек. Азынаулақ айыбын алып екі жақ келісімге келген екен. Осы оқиға туралы Кенен өзінің «Құдалар» деген көлемді толғауында келістіре жырлаған. Кейін ел арасында Үлпілдек атанып кеткен ақынның атастырып алған жары, Әзірбайдың егде тартқан кезде көрген тұңғыш келіні. Осыдан соң Әзірбайдың көңілі орнына түсіп, жаңа буын, жас талап Кененнің де тасы өрге өрлей беріпті.

2016 жылы қазақ халқының тарихында үлкен орын алған 1916 жылғы ұлт-азаттық күрестің 100 жылдығы атап өтілді. Республиканың біраз бөлігінде осы тарихи оқиғалар туралы ғылыми конференциялар, ақындар айтысы, басқа да іс-шаралар өткізілді. Атап айтар болсақ, Кеген, Нарынқол жерінде болған Албан көтерілісі, Алматының (ол кезде Верный) іргесінде болған Ұзынағаш оқиғасы, сонау Торғай жерінде Амангелді Иманов бастаған халық көтерілісі. Ақ патшаның бұйрығына қарсы шыққан мұндай қарсылықтар қазақтың көптеген өлкесінде бол-





ды. Бәрінде де адамдар қырылды, қан төгілді, жер аударылды, дарға асылды. Соның бәрі дерлік қазақтар болатын. Қандай жағдайда да бұл жылы жауып қоя салатын дүние емес қой. Неге екенін қайдам, осы шаралардың «жаңғырығы», әсері, көңілді селт еткізер жаңалығы болған жоқ. Кезекті бір есеп үшін өткізіле салған науқан сияқты көрінді.

Ел болу, ұлт болып қалыптасу дегенді көп айтамыз. Мұның өзі тәуелсіздікті жариялаумен, шекараны бекітумен, әнұранымызды шырқатып салумен ғана шектелмейді. Біртұтас ел болу деген, ең алдымен әр адамның, әрбір қазақтың санасын ояту, ойлау жүйесін біріктіру, бір бағытқа бағыштау деген сөз. Біздің халық бұл жағынан әлі ақсап жатыр. «Рухани жаңғыру» деген өз халқының тарихын, өткен жолын, бастан кешірген оқиғаларды біліп қана қоймай, соған үлкен құрметпен қарауды ұрпағымыздың санасына сіңіру болуға тиіс. Сонда біздің немерелеріміз кеше ғана өткен Ұлы Отан соғысының қанды оқиғаларына «класный боевик!» деп таң қалмайтын болады.

Орда бұзар отыз жастан енді асқан Кенен Әзірбаевтың 1916 жылғы аласапыран оқиғадан тыс қалмағаны даусыз. Өзі көзбен көріп, бастан кешірген сол бір қанды оқиғаларды ақын өзінің: «Әли батыр», «Қырғызбай», «Көлқамыстағы қырғын» атты өлең-жырларында жазып қалдырды. Кейіннен осы өлеңдерін кеңейтіп, толықтырып «Әли батыр» поэмасына айналдырған.

Бұл көтерілісті аяқ асты, халықтың ашу- ызасынан туған жәй ғана қақтығыс дейтіндер де болған. Патшаның аузы көпірген жандайшаптары осы көтерілісте орын алған, қанды қол қарақшылардың жауыздығын жасыру үшін барын салды. Кенен ақын сол бір қанды оқиғаны жырына қосып, бар шындықты көрсете отырып бізге қалдырып кетті. Оның маңыздылығы, кейінгі ұрпаққа берер тағлымы орасан зор.

Орыс патшасының ұзақ жылдар бойы жүргізген отарлаушы саясаты өзінің шырқау шегіне жеткен кез. Бүкіл қазақ жері патша өкіметінің қарамағына көшіп бітті. Ендігі жерде қазақтар орналасқан барлық өлке, елді – мекендер, сол жердің бар байлығы орыс империясының жеке меншігі, соның құзырындағы дүние болып есептелді. Ресейдің орталық аудандарынан шаруа-мұжықтар қазақ жеріне көшіріле бастады. Ең құнарлы, суы мол, шалғын жерлер солардың иелігіне көшті. Қазақтың атам заманнан бері көшіп-қонып жүрген өрісі тарылып, шөлді аймақтарға ығыстырылды. Сол кездегі қазақтың мүшкіл жағдайын менің әжем де айтып отыратын еді. «Япырма-ау, өз жөнімен келе жатқан көшімізді мұжықтың екі-үш баласы алды-





нан шығып тоқтататын. Қолдарындағы «аша ағашпен» (рогатка) тас атып, түйелерді бақыртып берекемізді алушы еді. Оларға тиген, қол жұмсаған қазақты тап ол жерде әкесі келіп атып тастайтын. Ондай оқиғалар жиі болушы еді» деп еске алатын.

Патша өкіметінің бұл саясатына қарсы түркі-мұсылман халықтары атынан 500-ге жуық петиция (қарсылық білдіру) жолданыпты. Онда жергілікті ұлттардың діні, тілінің сақталуы, жерге байланысты талап-тілектері, оқу ағарту істері жөнінде сауалдар айтылған. Халықтың бұл талаптарын аяқасты қылғаны былай тұрсын, бірінші дүние-жүзілік соғысқа қазақтарды мүлдем қатыстырмау саясатын ұстанған екен. Шетінен ержүрек, ат құлағында ойнайтын, табиғатынан құралайды көзге атқан қазақ жігіттерін орыстың атты кавалериясына алуға тыйым салған. Себебі әскери оқу-жаттығу ойындарын меңгерген, соғыс тәжірибелерін үйренген қазақтар кейін өздеріне қауіп болуы мүмкін дейтін пікірде болған.

Жылдар бойы кеудесіне кек болып жиналған, халықтың ашу-ыза-сы бұрқ етіп сыртқа шықты. Оған себеп 1916 жылы 25 июньде шыққан «бұратана халықтан 19 бен 43 жасқа дейінгі 500 мың адамды қара жұмысқа (окоп қазуға) алу туралы орыс патшасының жарлығы еді. «Майданға баламызды бермейміз деп, қалың ел орынынан қарғып тұрды» деп Кенен ақын жырына қосқан халық көтерілісі осылай басталып еді.

Қордай өңірінде басталған бұл көтеріліске қазақтардан басқа қырғыздар, дүңгендер, қарашай, шешендер де қатысқан. Көтерілістің тізгінін көзі ашық, оқығаны бар, кеудесінде оты бар қазақтың белді азаматтары басқарды. Елі үшін басын оққа тігіп, патшаның қарулы әскеріне қарсы тұрғандардың ішінде Бекболат Әшекеев, Ұзақ Саурықов, Әжі Төлесов, Сәт Ниязбеков, Әли Нұрғожаев сияқты ержүрек азаматтар болды. Кеңестік насихатшылардың жазғанындай бұлар тақыр кедейден шыққан, бұратана елдің өкілдері емес. Арғы аталары би, батыр, болыс болғандар. Ескіше де, еуропаша да азды-көпті білім алған, ел билігіне араласқан сауатты адамдар еді. Мәселен: Бекболат – Жаныс руының биі Әшекей Дайырбековтың ұлы, Ұзақ – Албан руынан шыққан атақты Саурық батырдың ұлы, Әжі – Ырғайты болысының басшысы Қарабай Төлесовтың ұлы, Әли – Жаныс руының биі Нұрқожа Әйнекиннің ұлы.

Қордайдағы халық көтерілісінің басшысы – Әли Нұрғожаев. Ресми деректерге қарағанда Әли 1872 жылы дүниеге келген. Жазба құжаттарда ол Жетісу облысы, Верный уезі, Ырғайты болысының Жа-





манты ауылында туған деп көрсетіледі. Оның шығу тегіне қарасақ: Ұлы жүз Дулат – Жаныс – Жарылқамыс – Бәйімбет – Бұқар – Баба – Жандос – Бекболат – Қонақбай – Әйнеке – Нұрғожа – Әли болып таралады. Жоғарыда айтқанымыздай бұл көтеріліс алдын ала ұйымдастырылған еді. Оның үгіттеушілері сол кезде патша өкіметіне қарсы ұйымдар құрған Тоқаш Бокин, Ораз Жандосов, дүңген Масанчи сияқты большевиктер болғаны белгілі.

Бұлар жөнінде мынадай ресми деректер бар. 1916 жылғы 7 шілде айында Үш қоңыр тауында Сәт Ниязбеков пен Бекболат Әшекеев бастаған үлкен жиын өтеді. Жиынға 100-ден астам адам қатысқан Бұлар әр болыстан келген өкілдер еді. Мұнда әр ауылдан 20 рубльден (сом) ақша жинап, қару-жарақ алуды көздейді. Осы мақсатта Шамалған және Жайылмыс болысынан ауылдарынан шамамен 580 рубль жиналады...

Осы жиыннан соң Верный уезіне қарасты Күрті, Ұзынағаш, Қастек, Қордай, Ботбай т.б. болыстарынан келген 5000-астам адам, Ұзынағаш болысының Үлкен саз жайлауында бас қосып, «...балаларымызды қолдан беріп жат жерде қаза болғанша, өз топырағымызды жастанып өлген артық» деп құрбан шалып, ант беріп тарасады. Бұған нақты дәлел Верный полицмейстрінің штабс-ротмистрі Поротиков толтырған хаттамада: «Все перечисленные лица одинадцать волостей 7 и 8 июля собрались на урочище Улкен-саз и решили живых людей на работу в действующую армию не давать. В подтверждение зарезали белую кабылу, совершили бату и каждый смочил свои руки в крови. После этого разъехались по волостям и начали собирать своих людей с в волсть и вооружать» деп жазылған. (ҚРОММ. 51-қ., 1-т., 98-іс.) Біз тарихи мәні бар бұл құжатты түп нұсқасында беруді жөн көрдік.

Патшаның құзырлы органдары өздерінің арнайы жіберген тыңшылары арқылы халық арасында болып жатқан әрбір іс-әрекетті бақылап, біліп отырды. Соның нәтижесінде аса қауіпті деген адамдардың тізімін жасап, соларды тұтқындай бастады. Сол жылдың 16 шілдесі күні халық алдында үлкен беделі бар Сәт Ниязбеков пен Қожбанбет Қилыбаевті, сол сияқты Асқар Ибраимовты тұтқындады. Кенен ақынның жырында: «Естідік Алматыда Сәтті алды деп, тізімге талай қазақ қатталды деп» келетін өлең жолдары осы оқиғаға байланысты айтылған.

Дүр көтерілген халықтың тасқын судай алғашқы қарқынын күшпен басу оңай болған жоқ. Сондықтан қолында билігі бар патшаның





өкілетті органдары осындай қулыққа барды. Халықтың арасына өздерінің жансыздарын жіберіп, «тартпасы» босаңдау кейбір адамдарды өз жағына тартуды көздеді. Онысы сәтсіз де болған жоқ. Қорадағы қойынан басқаны ойламайтын надан, сараң адамдарды пайдаланып, көтерілісті ұйымдастырып жүргендердің нақты аты-жөндерін білді. Оларды сол сәтте тұтқындап тұтанып келе жатқан өрттің алдын алған жайлар да болыпты. Сәтсіздікке ұшыраған сондай бір іргелі көтерілістің бірі Көлқамыс бекетіндегі шайқас. Бұған басшылық еткен Әли Нұрғожаев болса, оның дем берушісі, насихаттаушы серігі Кенен Әзірбаев болған.

«Сол кезде отыз екіде еді жасым,

Патшаның күш-құралы болды басым.

«Қайран ел», «Аттан», деген ән шығарып,


Тербеттім зарлы үніммен таудың тасын» - деп жырлаған ақын осы шайқасты көзімен көріп, көтеріліс жеңіліс тапқан соң да Әлидің қасында болған куәгер адам.

Көлқамыс қазіргі «Ақтерек» елді мекеннің бұрынғы аты. Осы жерде қару-жарағы мол, жақсы бекінген әскери бекет орналасқан. Отардағы почта бекетін, сол жердегі приставтың үй-жайын басып алған Әлидің жасақтары, ендігі жерде Көлқамыс бекетін алуды көздейді. Ондағы мақсат Самсыға қарай беттеп, Үшқоңырдан шыққан Бекболат Әшекеевтің жасағына қосылу еді. Сол тұста күш біріктіріп, Ұзынағашта тұрған үлкен әскери гарнизонға шабуыл жасау болатын. Содан кейінгі мақсат гарнизондағы мол қару-жарақты, зеңбірек, пулеметтерді иеленіп Верныйға қарай бет алу. Верныйда Тоқаш Бокин бастаған астыртын ұйымдар үлкен көтеріліс ұйымдастырып жатқан еді.

Бұл жоспардың жүзеге аспай қалғаны белгілі. Ол жөнінде әртүрлі тұспалдар, сәуегей қорытындылар айтылды. Бірақ осы Көлқамыс көтерілісі туралы жан-жақты зерттеу, ғылыми терең тұжырымдамалар әлі күнге дейін жасалған жоқ.

Бекетке әлде-неше рет шабуыл жасағанмен екі жақтың күші тең емес еді. Бірінші күні-ақ, яғни 17-шілдеде оққа ұшқан жүздеген адамдардың ішінде Кененмен бірге келіп Әлидің жасағына қосылған (аты Мерқұл болуға тиіс) Көшербаев оққа ұшады. Жасағы кәдімгідей сиреп қалған Әли бұдан әрі соғысудың мәні жоқтығын түсініп, қалған адамдардың обалына қалмауды ойлайды. Сөйтіп Қопаның қалың қамысы арқылы Балқаш көліне қарай шегінеді. Бірақ соғысын тоқтатпай әрі қарай жалғастырғаны, талай жаудың көзін құртқан





ерлігі туралы Кенен ақынның поэмасында жан-жақты айтылған. Ең соңында жасағын таратып, өзі бір топ ең сенімді деген серіктерімен тауға жасырынады.

Осы оқиғадан соң Әлидің басына көп ақша тігіліп, іздеу басталды. Оның қай жерде жүргенін айтпай қасарысқан талай азаматтың өмірі қиылды, атылды. Туған інісі Жапарды қолға түсірген жендеттер зұлымдықпен қинап өлтірді. Күйеуінің қайда жасырынғанын айтпадың деп жұбайы Күлипаның кеудесін тілгілеп, хайуандықпен жазалайды. Ұлы Төлеу де көрмегенді көріп, әрең дегенде құтылып шығады. Ең соңында Әли: «сұрауы жоқ, жабайы адам сияқты қашыппысып жүргенше қанішерлермен соттасып өлейін» деп, өз еркімен келіп беріледі. Кейін тоғыз жылға сотталған Әлиді қазан төңкерісінен соң босатады.

Бұл бір Әлидің басынан өткен зұлмат. Ал қара халықтың халі бұдан да мүшкіл болды. Патша жендеттері оларды қынадай қырып, тоз-тоз етіп қаңғыртып жіберді. Кененнің «Әли батыр» жырында мынадай өлең жолдары бар:

*«Тау мен тасқа тығылып,
Жұрт шұбырып ағылған.
Ұл әкеден айрылып,
Ми далада қаңғырған,
Азан-қазан мал шулап,*

Меңіреу дала жаңғырған» - дейді. Сәл ойланып үнсіз отырсаңыз құлағыңызға шулаған малдың, жылаған бала-шағаның даусы талып естілгендей, шаңырағы ортасына түсіп, тас-талқан болған ауылдың сүреңсіз көрінісі көзіңізге елестегендей болады. Бұл енді ақиқат, тап сол кездің ащы көрінісі. Көтеріліс басылғаннан кейін арнайы жазалаушы отрядтар құрылып, сол өңірдің халқын аяусыз жазалау туралы жарлық берілгені белгілі. Яғни орыс тілінде оны «устрашение» деп атаған.

Жетісу облысының әскери-губернаторы Фольбаум: «тәртіп орнату үшін бүлікшілердің бірнеше жүзін қырындар» деген талап қояды. Бұл ресми деректерде бар. (ҚРОММ., 44-қ., 19575-іс., 80-п.). Осындай арнайы тапсырма берілгеннен кейін жазалаушы жендеттердің қандай сұрқия істерге барғаны айтпаса да белгілі ғой. Сол Көлқамыстың өзінде сол жерде тұратын 12 қазақ жігіттеріне окоп қаздырып, бір-бірлеп атып көміп тастайды. Ішінде қордайлық Манапбай Саурықұлы, Аманбай Әбденұлы бар төрт адамды атып, құдыққа салып кеткені жайлы деректер бар. Ал елдің есінде мәңгі





қалған Бекболат Әшекеевтің өзі және серіктестері сегіз адамның Алматының іргесіндегі Боралдай жерінде дарға асылғаны ақиқат. Айта берсе мұндай деректерді ел аузынан да, ресми құжаттардан да көптеп кездестіруге болады. Осындай жантүршігерлік оқиғалар болмаса, соның бәрін өз көзімен көрмесе Кенен ақынның аузынан мынадай өлең жолдары шығар ма еді?


*«Қазақ егер көрінсе,
Қыра бер жанға санама.
Басын кес те, қанын шаш,
Ақ патшаға садаға...
Айтқаны болмай қалама,
Талай ауыл иесіз қап,
Талай түндік жабылды.
Білмеймін деген Әлиді,
Талай бастар шабылды.
Талай ару мазақ боп,
Ыстық қанын жамылды!».*

Осының бәрін көзбен көрген, қайғысы мен қасіретін бірге бөліскен Кенен ақынның өлең-жырларын, поэма, дастарын жан-жақты зерттеу болашақтың емес, бүгіннің, тап қазіргі ұрпақтың парызы. Өйткені уақыт өткен сайын халқымыз басынан өткерген осындай оқиғалар көмескілене түседі. Ал бірер ғасыр өткен соң мұндай тарихи оқиғаларға сол уақыттың таным тұрғысынан қарау, тұжырымдама жасау өте қиынға түседі. Өйткені жоғарыда айтқанымыздай «елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан».

ӘЛЕМДІ ДҮР СІЛКІНДІРГЕН ОҚИҒА

Кенен дауылдата келген кеңес үкіметін құшағын айқара ашып қуана қарсы алды, Лениннің саясатын терең ұғынып, ол нұсқаған сара жолға түсті, қолына домбырасын алып большевиктер партиясын жырына қосты дейтін ой-түйіндер шындыққа жанаса бермейді. Ақиқатын айтқанда ақын ол кезде «партия», «революция», «большевик», «меньшевик», «тап күресі» деген сөздерді естігенімен, соның мәнін терең ұғына да бермейтін. Елге келген соң алғаш барып жолыққаны өзінің ұстазы, көкірегі ояу, көзкөргені Еркебай Базарұлы болды. Ерекең әдеттегідей сабырлы мінезіне салып, көп жайды түсіндіріп беріп еді. Сондағы айтқандарын Кенен өмір бойы есінен





шығарған емес.

- Сен де, сенің аталарың да өмір бойы қой соңында жүрген кедей адамдар. Оларды саясат тілімен айтқанда езілуші тап дейді. Міне сол «езілуші тап» кедей шаруалар мен жұмысшылар бірігіп патшаны тақтан құлатты. Ендігі жерде бүкіл билік солардың қолына көшеді. Соның бір өкілі мына сенсің. Патша жағындағылар, патшаға қызмет еткендер қудаланады, жазаланады» деді.

- Ереке, тұра тұрыңыз. Сонда сіз сияқты кедейлерге жанашыр болып, сөзін сөйлеген адамдар да жазалана ма қалай?

- Оны ендігі жерде осы үкіметтің билік басында отырғандар шешеді. Солардың ой-өрісіне, ұстанған адами парасатына байланысты. Кенен інім, сен ақын адамсың, көңілің дарқан, жүрегің таза жансың. Өйтпесең өнер деген киелі орда саған есігін айқара ашар ма еді? Сондықтан өмірде, қоғамда болып жатқан оқиғаларды, жаңалықтарды қалт жібермей пайымдап, ақылға салып шешу қажет.

- Мені ойлап әлекке түспе. Патшаға қызмет еткендердің бәрі жендет, бәрі қатігез деу ағаттық. Менің атқарған жұмысым жәй ғана хаттама толтыру, хат жолдау, халықтың мұң-мұқтажын тиісті жерлерге жеткізу ғана. Үлкен қылмысқа баратындай себеп болған жоқ. Қысқасы қолым таза. Оның үстіне кейбір залалы тиеді –ау деген өзіме қатысты құжаттарды жойып жібердім. Сөйтіп, қызметімнен босап елге келдім. Ендігісі «елмен көрген – ұлы той» дегенге саяды.

Ағынан жарылған ақылгөй ағаның сөзінен көп нәрсені естіп, көңілге тоқығандай әсерленіп қалды. Әсіресе өзі де есеңгіреп жүрген қазақтың ендігі күйі қалай болмақ, тағы да сорлап, тағы да тентіреп кетпесіне кім кепіл? Ақынның ой-санасынан шықпай, көңілін мазалай беретін сұрақ осы еді. Сонысын тап басқандай Еркебай:

- Сырттан келген жаумен шайқасу көп жеңіл. Кіммен жауласып жүргенінді, не үшін бұған барғаныңды жақсы білесің. «Іштен шыққан жау жаман» деп атам қазақ айтқан жоқпа. Ғасырлар бойы билігін жүргізген патша әулеті құлады. Мұнымен іс біткен жоқ. Нағыз қан майданның басталуы әлі алда. Ақ патшаның өз тұқымын былай қойғанда, байлығынан айрылған, зауыт-фабрикасынан айрылған ақсүйектер мен дворяндар әулетінің қарап жатпасы белгілі ғой. Бұл сонау Ресейде болып жатқан әрекет, бізге қатысы жоқ деуге болмайды. Соның жаңғырығы қазаққа да келіп жетті. Қазақтардың өздерін қырық пышақ болып, қырқысуға итермелейтін саясат бұл. Үлкен аласапыранның аулы алыс емес деп еді. Сол жолы Кененге беймәлім талай жайдың тігісін жатқызып, түйінін шешіп, көңілін





алаңдатқан талай сұраққа жауап бергендей болды.

Еркебай көріпкел екен. Айтқаны айнымай келді. Ауыл - аймақты былай қойғанда, бірге туған бауырлар екіге бөлініп, біріне бірі жау болып шыға келді. Тіпті туған баласы әкесінің жағасынан алып, ауыр-ауыр сөздер айтып, сүйрелегенін көзбен көрді. Ақыр заман келгендей күй кешкені рас. Тағы бір жолыққанда Еркебай:

- Кенен, сен тағасы жоқ ат секілді тасырқамай, жаңа дәуірден жатырқамай болып жатқан өзгерістерді сол қалпында қабыл алуың керек. Жаңа өкіметтің не ойлайтынын қайдам, ал елге уағыздап, жүргізіп отырған саясаты көңілге қонымды. Биліктің тізгінін қарапайым халыққа, өзің сияқты кедей-кепшіктерге беріп жатыр. Тартынбай барып білгеніңді, бар өнеріңді соған сал. Жүрегіңнің қалауымен жүр, арың таза болсын. Өйткені бұл дәуір ғасырлар бойы езгіде болған қазақ сияқтыжүздеген халықтардың көксеген арманы деп еді.

Еркебайдың тереңнен қозғаған ұлағатты сөзінен кейін де Кенен біраз толқып жүрді. Санаға сіңе бермейтін, толықтай қабылдауға келе бермейтін сұрақтар көп. Соның бірі: «Би-болыстың бәрі жау. Ескінің бәрін талқандап, жаңа қоғам орнатамыз. Дін – апиын, адамзаттың жауы. Қожа-молдаларды түп-тамырымен жою керек» деген сияқты даңғаза ұрандар құлақ тұндыратын.

Сонда қалай? Халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрпын, сенімін, діни нанымын, болмысын бірер жылда жоқ етіп жаңаша құратын қоғам, ол қандай қоғам? Тойларда көкпар тартылып, ат шабылмай ма? Өлгенге құран оқылып, жаназа шығарылмай ма? Жыршылар таңға жыр төгіп, ақындар айтыспай ма? Келін түсіріп, құдаларға құйрық-бауыр асатпай ма? Айта берсең мұндай сауалдың шегі жоқ. Ең сорақысы әйелдерге теңдік тиді. Ендігі жерде келіндер атасының атын дауыстап айтуға ұялмасын, дейді. Бірінен бірі өтетін осындай дәрекі, беймәлім сұрақтар қарапайым елдің есін аударып, зәресін алатын еді.

Табиғатынан сұңғыла, сезімтал ақынның көңіліне тоқып, өзіне медет ететіні - бұл кедей-кепшіктің үкіметі, солардың жоғын жоқтап, сойылын соғатын үкімет дейтін сөздер ғана. Осылардың байыбына барып, терең ұғынған ақын бірте-бірте осы биліктің бел ортасында жүріп шырықты. Үкімет жасап жатқан шаралардың қайсысы қонымды, қайсысы зиян екенін зерделеп, ой елегінен өткізіп барып елге жеткізетін. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдары Кенен сияқты толқуда болған адамдар көп болды. Сол кезеңде болып жатқан небір жаңалық, өзгерістердің байыбына барып, түсіне алмағандардың біразы елден





жырақтап, басқа жаққа көшіп те кетті. Солардың ішінде ақындар да бар. Кенен де біраз уақыт екіұдай күй кешіп, іште буырқанып жатқан наразылығын әрең басқан.

Ақынның жан дүниесін шайқап, көңілін күпті қылған нәрсе кеңес үкіметінің орнығуы, жаңа дәуірдің басталғаны емес. Бұған ақын қуанбаса, өкінген жоқ. Басты себеп тереңде жатыр. Ол ақынның бала кезінен естіген, құлағына әуен болып құйылған қазақтың көне сарыны, батагөй жыраулардың жыр-дастандары, дауылпаз ақындардың айтыстары. Нақты айтқанда Кенен ауызданған, бойына сіңірген солардың көне мектебі, солар өткен көне сүрлеу еді. Кенен солардың бәрін пір тұтты, айтқандарын еске сақтап, жадында қалдырды. Өзінің «Өткен талай ақындар» деген өлеңінде сонау Қорқыт баба, Асан қайғыны айта келіп:

*«Орынбай, Кеншімбай мен Қабан ақын,
Кемпірбай, Түбек, Шөже, Бұқар қартым.
Сүйінбай, Бақтыбаймен олар да өткен,
Біледі барлық халық Жамбыл атын.
Кеншімбай, Жиенбай мен Қарқабаттар,
Нұрпейіс, Доскей, Тайжан, Құлыншақтар.
Қашаған, Мұрын жырау, Сәттіғұлмен,*

Құлмамбет, Қуандық пен Сарыбастар...» - деп жалғасып кете береді. Осы өлеңінде 44 ақынның аты аталады екен. Мұның бәрін келтіріп отырғандағы себеп Кенен ақын осылардың бәрінің дерлік өлең-жырларын, айтыстарын, әндерін жадында сақтап, біразын жатқа айтатын. «Өнердің дәл осындай мен де иесі, өн бойым - тек жақсылық дүниесі» деп өзі мойындағандай үлкен додаға, аламан айтысқа түсуді ойлап жүретін. Сүйінбай мен Қатағанның, Жамбыл мен Құлмамбеттің айтыстары сияқты елдің аузында жүретіндей сөз сайысына түсуді армандаушы еді. Бұл ойы жүзеге аспады.

Ең басты себеп, кеңес үкіметі алғашқы жылдардан бастап-ақ көне жол-жоралғыларға, аталардың рухын дәріптеуге, діни көзқарастарға тыйым салды. Шілдехана, той-томалақтар сиреді. Ақындар айтысы азайып, жыршылардың өрісі тарылды. Былай айтқанда халықтың көнеден келе жатқан, көзі үйренген дәстүрлердің бәрі дерлік ескінің қалдығы деп қабылданды. Ендігі жерде жаңа заманды жырлау, Лениндік идеаны дәріптеу, большевиктердің саясатын насихаттау бірінші кезекте тұрды. Көкте жүзген қырандай еркін қалқитын ақын шабыты, қиял-қанаты тарылып бүкіл құдыретінен айрылғандай еді.





Міне осындай тұста Кенен сияқты табиғи дарыны бар адамдар аса қажет болды. «Кенеке, заманың түлкі болса, тазы боп қу» демеуші ме еді? Қандай заманда да еліңе қызмет етуден артық бақыт болмаса керек. Сіз ақын, біз саясаткер ретінде аянып қалмайық. Талай ғасыр тұмшаланып қараңғылықта қалған елдің көзін ашып, санасын ояту оңай шаруа емес. Тап осы сәтте халқыңа керектің бәрін жасап қалу керек. Алмағайып заманда ертең не болатынын өлшеп-білген кім бар?» деп ағынан жарылған үлкен жүректі азамат Ораз Жандосов болды.

Сөйтіп, көңілде жүрген күдік атаулыны сылып тастап іске кіріскен Кененнің үні Алатау асып, қазақтың кең даласын шарлап кетті. Елінің бостандығын шабыттана жырлаған өлең-термелері, құйқылжыта салған әндері әр қазақтың жүрегіне жол тапты десек артық айтқандық болмас. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында тап Кенен ақындай шабыт шақырып ширақтық танытқан, өлмес туындылар шығарған адам болмаған шығар. Сол кездегі ақынның «Бал құйылды даладан», «Қайран елім!», «Жас екпін», «Балдай бол», «Октябрь», «Шаңқ етпе» деген әндері көкте шалқып, әр адамның жүрегіне құйылып жатты.


Тоқсан екі жасының алпыс жылын кеңестік дәуірде өткерсе де халқына қызмет етудің небір үлгісін көрсеткен ақынды науқаншыл, кеңес үкіметінің жаршысы деп бағалау әбестік болады. Кенен науқыншыл ақын емес, керісінше туған еліне бүкіл өмірін, өнерін сарп еткен нағыз патриот ақын. Қиыннан қиыстырып, туған елдің көсегесін қайтсем көгертемін деп барын салған ақындар да, білікті азаматтар да аз болған жоқ. Ендігі ұрпақ солардың адал еңбегін қастерлеп, әр уақытта еске алып жүрсе «нұр үстіне нұр» деген сол.

НАСИХА – АЛТЫН ҚАЗЫҒЫМ!

Кенен ақын екі рет үйленген адам. Оның сонау жігіттік шағында атастырып алған жары Ханзада-Үлпілдек туралы жоғарыда айттық. Аяғы үлкен дауға ұласқан бұл оқиғаның арты үлкен силастыққа, жақын туыстыққа айналды. Үлпілдек ашылып көп сөйлемейтін, бірақ қолы ашық, кең пейілді, дастарқаны мол, адал жар болыпты. Талжібек, Ұлтай атты екі қызды дүниеге әкелген.

Сонау 1916 жылғы дүрбелеңді, одан кейінгі байларды жер аудару, жазалау, жоқшылық сияқты ел басына түскен нәубетті Кененмен бірдей көрген, сол кездегі азапты күндерді бірдей бөліскен жан.





Кейін сал ауруына шалдығып, төсек тартып жатып қалған Үлпілдек Кененді шақырып алып: «Менің де күнім тақалған секілді. Мен ризашылығымды берем. Көзін жаутаңдатып мына екі қызды біреудің босағасына телмірткім келмейді. Сен неде болса Қабылтайдың қызын ал. Биыл он жетіге шығайын деп отыр. Тәлім-тәрбиесі, адамгершілігі мол, парасатты қыз. Бір жағынан туыстығы бар, әрі сіңлім болып келеді» дейді.

Кеңес үкіметі әбден орнығып қалған кез. Өзі болса сол биліктің бір құлағын ұстап отырған шағы. Қордай болысы ревкомының төрағасы. Күндіз-түні ел аралап үй көрмейтін еді. Ауру әйел, қаршадай екі қыздың жайы мұнында жанына қатты бататын. Үлпілдек маған жаны ашыған соң айтып отыр ғой. Әйелдің шапағаты түспеген, қолы тимеген үйде береке бола ма? Бірақ көп әйел алғандарды ескінің «құйыршығы» деп қудалап жатқан мына үкімет бұған қалай қарайды екен? Ақыры ауыл ақсақалдарымен, өзі құралас жора-жолдастарымен ақылдасып Насиханы айттырмақ болады.

«Сенің қазіргі жәй-күйіңді елде, үкімет те көріп отыр ғой. Соқыр емес шығар!» деген сөздері демеу болды. Сөйтіп 1921 жылы бәйбішенің көз тірісінде Насиха келінді әкеп түсірдік. Талжібек те, үш жастағы Ұлтай да жатырқаған жоқ. Мінезі ақжарқын, үнемі күліп жүретін Насиқаға бүкіл ауыл-аймақ риза болып, шалдар батасын беріп жататын еді. Көңілі орнына түскен бәйбіше де бірер жылдан соң, ақырғы тілеуін айтып, екі қызды Насиқаға тапсырып, «алыс сапарға аттанып» жүре берді. Осының бәрі кейін өз басына қатер болып оралатынын тап сол кезде Кенен де, өзгелер де білген жоқ.

«Мал да сол, байлық та сол әнім болса,

Әніме жарастықты сәнім болса.

Келгенде құрбы-құрдас, сыйлы қонақ,

Күтетін жарқын жүзді жарым болса».

Құлаққа өте жағымды, сұлу әні бар осы өлең жолдарын Кенен сонау «сабау қамшы, салт атты Кенен» атанып жүргенде шығарған. Өннің екі нұсқасы бар. Кейін, 1931 жылы ақын бұл әнге қайта оралып, сөзіне біраз өзгерістер енгізген екен. Ақынның өзі арман еткендей Насиқа бүкіл туған-туыстарына, алыс-жақын ағайындарына бірдей сыйлы, қадірлі болды.

«Ердің абыройын арттырып, елге танымал ететін, астындағы аты мен қасындағы (қойнындағы қатыны) жары» дейтін сөз бар. Өзілмен айтылса да рас сөз. Осы келін келгелі Кененнің түтіні түзуленіп, дабы-





сы асқақтай түсті деп жұрт таңданысын жасырмайтын еді. Насиқаның текті жерден шыққаны, көркіне ақылы сай әйел екені істеген ісінен, сөйлеген сөзінен көзге ұрып, көрініп тұратын.

Сондай қасиеттері болмаса, бәйбішеден қалған екі қызды туған қызындай бағып-қағып, өсірер ме еді? Қолынан ұзатып, солардың қуанышы мен қайғысын туған анасындай көтерер ме еді? Тіпті Талжібекпен екеуі бірдей қартайды. Қатар отыра қалса қайсысының жасы үлкен екенін ажырату қиынға соғатын.

Әбденбайдың (Әзірбайдың інісі) немерелері Жапарбек пен Нұртайды баурына басып, барын солардың аузына тосып, ашаршылықтан аман алып қалар ма еді?

1946 жылы Кавказдан жер аударылып келген жетім қызды асырап, өз қызынан еш кем қылмай өсіргені жұртқа мәлім. Өз қолымен қазақтың жігітіне ұзатып, тойын жасап берер ме еді? Бұл күнде Айша мен Нәметтен тараған ұрпақ бір қауым ел болып Қордайда тұрып жатыр.

Насиқа шешеміз 14 рет құрсақ көтеріпті. Кененнің «Ақ ешкінің зары» атанып бүкіл қазақтың сай-сүйегін сырқыратқан атақты әніндегі Базар-Назардың анасы.

Айта берсең Насиха шешеміздің шапағаты тиген мұндай жәйлар толып жатыр. Ол жөнінде Кенен ақынның өлеңдерінде де, ұл-қыздарының жазған естеліктерінде де көптеп айтылады. 1931-32 жылдардағы ашаршылықты, 1937-38 жылдардағы қуғын-сүргінді, 1941-45 жылдардағы соғыс зардаптарын бастан кешірген қасиетті анаға қандай марапат айтсаң да артық болмас.

Кенен ақын да бұл жағынан тарылып қалған жоқ. «Насиқа» деген ән шығарып, үлкен толғауын арнады. «Насиқаға теңеу жоқ, бұл сөзімде желеу жоқ. Қабағы ашық жазығым, Насиқа алтын қазығым!» деп түйіндейді ақын.

«Қосылған қыз күнінде адал жарың,

Бауырың, баладан да жақын екен.

Жоқ болса сүйегінде төзбес еді,

Атасы, нағашысы батыр екен».

Ендігі жерде ақынның осы өлеңінде айтылған жәйға тереңірек үңіліп көрелік. Насиқаның шыққан тегі, арғы аталары расында атақты батырлар, шешендер, ел тізгінін ұстаған билер болып келеді. Қордай батыр, Бәйімбет, Байтүгел, Мүлкеман, Қонай. Бұлардың бәрі де тарихта, шежіреде аты қалған адамдар. Қордай туралы ел арасында





аңыз көп. Соның біразын Кенен ақын өзінің «Аңыздар сыры» деген кітабында жазып қалдырған. Әсіресе мына бір аңыз оқыған адамның есінде көпке дейін сақталып қалады.

...Қордай батырдың бүкіл денесін жара басып, күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан қалады. Емдетпеген емші жоқ, бармаған бақсы-балгер қалмайды. Енді не істерін білмей жүргенде, таудан отын теріп келе жатқан кемпірге жолығады. Қордайдың мұңын естіп-білген кемпір, денесін тыр-тыр қасыған батырға:

«Балам, түйе қотыр, қой қотыр, ешкі қотыр деген бар. Соның ең қауіптісі ешкі қотыр. Сенің үстіңдегі жара ешкі қотырға ұқсайды. Оған ем қонбайды. Ермен, жусан, адыраспан суына ол бой бермейді. Оның бірден бір емі ту жыланның «Уы». Мұндай жылан таулы, сулы жерде болмайды, бетпақ даланың ыстығында тірлік етеді. Шілденің аптабына қақтанған жыланның уы тіпті күшті. Соны ұстап, өлі күйінде емес, шалажансар кезінде кесіп жіберіп, екі-үш кесегін кәдімгі қазы асағандай жұтып жібер. Сонан соң үстіңе ешкінің жүнімен қаптаған тон киіп, қалың көрпе жамылып жат. Жыланның уыты ұйқы шақырады. Шылқыған термен бірге, жараң да үгітіліп түседі. «Қардың басын қар алады, ханның басын хан алады. «Удың» уытын, «у» қайтарады» дейді.

Сары далада үш күн сенделіп жүріп, кемпір айтқан жыланды әрең тауыпты. Батырдың білегіндей жұп-жуан қарашұбар жылан екен. Қамшымен тартып жіберіп, беліндегі қанжарымен ирелеңдеп жатқан жыланның белдеу тұсынан кесіп алып, асап-асап жіберіпті. Батырдың екі езуінен аққан қан-жылымды көрген серігі жүрегі айнып аттан құлап түскен екен. Сөйтіп, кеселінен жазылған батыр, әлгі кемпірге сыйсияпат көрсетіп, бір үйір жылқыны тарту етіпті.

«Қарабек нағашысы жол бастаған, Жолбарыс ұран болып қол бастаған» деп Кенен жырына қосқан Насиқаның нағашылары да өмірде болған кісілер. Көсем сөзімен, көзсіз батырлығымен елдің жадында қалған тарихи адамдар. Жолбарыс Қарабектің құдайға жалбарынып жүріп көрген ұлы. Әйелі осы балаға жүкті болып жүргенде жолбарыстың жүрегіне жерік болыпты деген сөз бар.

Әйелінің қатты қиналғанын көріп, неде болса бұл қауіпті іске жалғыз баруды жөн көреді. Қарабек батыр кеудесіне темір сауытын киіп, сол қолын жолбарыстың тісі жетпейтіндей етіп арқанмен бірнеше қабат шандып тастайды. Бес қаруын алып жолға шығады. Жолбарыстың аң аулайтын, су ішетін, жататын жерлерін жақсы біледі екен.





Шу өзенінің ит тұмсығы өтпейтін қалың қамысын аралап келе жатып, кенет жолбарыстың ырылын естіп тұра қалады. «Сен шошып қаласың, аулақта бол» деген сөзін тыңдамай ілесіп келген әйеліне тырп етпей осында тұр деп өзі ілгері жылжиды. Бес - алты қадам жасағаны сол екен, қалың қамыстың арасынан өзіне қарай атылған жолбарысты көреді. Сол сәтте арқанмен әлденеше қабат шандып тастаған сол қолын жолбарыстың арандай ашылған аузына тоса қойыпты. Жолбарыстың тісінен дымқыл арқан бытыр-бытыр үзіледі. Сол сәтті қалт жібермей қолындағы ай балтамен жолбарыстың басынан бірнеше рет ұрып үлгерген екен. Үлкендігі тайыншадай жолбарыстың кеудесін жарып, жүрегін суырып алыпты. Сол сәтте батырдың әйелі «тұра тұр қаны сорғысын» дегеніне қарамай жолбарыстың жүрегін жұлып алып, жерігін басқан екен.

Кейін ұл туып, атын Жолбарыс деп атайды. Жолбарыс құралайды көзге атқан мерген, қорқуды білмейтін ер жүрек батыр болыпты. Жоңғар шапқыншылығы кезінде, сол сияқты Қоқан хандығына қарсы кескілескен ұрыста аты шыққан жаужүрек адам екен. Ол жөнінде ақын-жыраулардың өлең-жырында көп айтылады. Жолбарыс батыр туралы деректерді қазақтың өткен тарихына байланысты ғылыми зерттеулерден де кездестіруге болады.

Насиқаның әкесі Қабылтай. Өр мінезді, біртоға жан екен. Тағы боп кеткен асаудың өзін қарғып мініп, құлағынан тартып жуасытатын жүректі жігіт болыпты. Қабылтайдың әкесінің аты Күдері. Күдеріден Абай, Қабылтай туған.

Абай – өз қатарынан озық туған, жас кезінен-ақ оқуға құмар болған екен. Ақыры Верныйдағы ер балалар гимназиясына оқуға түсіп, сонда білім алған. Күдерінің бір баласын Абай деп атауы, ұлы ақынның даңқы сол кездің өзінде (1870 жылдар) Қордай өңірінде белгілі болғанын айғақтайды. Кенен ақынның «Абай қордай еліне келіп, Ноғайбайдың қонағы болған» дейтін сөзін де растай түсетін сияқты. Өйткені Абайдың сол сапарынан кейін бұл өңірдің қазақтары ырымдап ұлдың атын Абай деп қоя бастаған. Бұл да сондай ниетпен қойылған есім болса керек.

Абай Күдеріұлынан Жұмақыз, Қыдырбай туады. Орысша сауатын ашқан, жасынан өжет, білім құмар Абайдың өмірі, істеген қызметі жайлы мардымды ешнәрсе жоқ. Кененнің өлең-жырларынан да Абай жайлы айтылған бірде бір өлең жолдарын кездестіре алмайсыз. Бір құпия, жылы жауып қойған дүние сияқты. Ал оның ар жағында адамның тағдыры жатқан жоқ па? Абай жайлы әкем де, шешем де,





әжем де көп сөз етпейтін. Болмаса, әйтеуір бір айтқандары есімде қалар еді ғой.

Мемлекеттік орталық мұрағаттан табылған бір ғана ресми құжат Абай Күдериевтің (Кудеринов деп жазылған) атына берілген бір парақ куәлік қана. Орыс тілінде жазылған бұл куәлікте Абайдың туған жылы көрсетілмепті. Оқуға түскен жылы август, 1885 жыл деп көрсетілген. Мұнда Абай Күдериев Верный гимназиясының 3- класында оқиды. Тәртібі – өте жақсы. Үлгерімі мынадай: орыс тілі –(удовлетворительно) қанағаттанарлық (3), латын тілі – недостаточно (2), арифметика, алгебра – недостаточно (2), орыс тарихы – қанағаттанарлық (3), сурет салу – жақсы (4). Ата-анасының өтінішімен, үй жағдайына байланысты 1891 жылы 3-майда оқудан шығарылды деп нақты жазылған. Егер осы куәлікте көрсетілген мерзімге сүйенер болсақ Абай осы оқу орнында 6 жыл оқыған, жасы 15-те болып шығады. Ал Верныйдағы ерлер гимназиясына «қырғыз» балалары арнайы жолдама бойынша 8-9 жастан қабылданатынын ескерсек, Абай Күдериевтің туған уақыты шамамен – 1875-76 жылға сәйкес келеді. Міне, Абай туралы қолда бар жалғыз құжат осы ғана.

Ал Абайдың балалары Қыдырбай атаны да, Жұмағыз тәтені де бозбала кезімде көрген адаммын. Қателеспесем, 1961 жылы Жұмағыз елге келді. Ташкентте тұрады екен. Сонда менің әжем, шешем, басқа да туыстары Жұмағызбен дауыс айтып, жылап көріскені әлі есімде. Ертесі күні бұларды әкемнің жеңіл машинасымен Ешкілі деп аталатын жерге апардым. Ауылдағы молданы ала кеттік. Жусан басып, әбден тегістеліп қалған қорықтан әлдебіреудің мүрдесін іздеп көп жүрді. Ақыры бір түп жусанның жанына беторамалын жайып, құран оқытты. Бұл кімнің бейіті? Әкесінікі ме? Қабылтай ағасынікі ме? Әлде атасы Күдерінікі ме? Әлі күнге беймәлім. Әкемнің, шешемнің көз тірісінде осы жайды сұрап, тәптіштеп біліп алмағаным осы күні қатты өкінемін. Ол кезде 16 жасқа енді толған бозбаланың бұл қаперіне де кірмегені рас.

Бір-екі жылдан соң қасында өзбек күйеуі бар, бір ұл, бір қыз жетектеген Жұмағыз елге көшіп келді. Өзінен бала болмаған Жұмағыз екі баланы балалар үйінен асырап алған екен. Алғашқы жылдары Отар станциясында тұрып, кейін Краснооктябрь колхозында жұмыс істеді. Күйеуі көкпар тартып жүріп қайтыс болыпты деп естідік. Көп кейін өзі де дүниеден өтті.





Қыдырбай ата болса көп жылдар теміржол бойында жұмыс істеген. Балалары болған жоқ. Бидай өңлі, көп сөйлемейтін орта бойлы адам еді. Кейін зейнеткерлікке шыққанда Кенен ақын ауылға (ол кезде Киров колхозы) көшіріп әкеп, жер бөлдіріп берді. Сондағы ағайындарды асарға шақырып үй салдырды. Осы ауылда қайтыс болды. Насиқаның жалғыз ағасы, көзі ашық, көкірегі ояу, орысша сауаты бар Абай жайлы, оның ұрпақтары жайлы білетініміз осы ғана.

Қабылтайдан – Зейілдә, Насиқа, Қыдырбек туған. Абайдың ұлы Қыдырбайға серік болсын деп атын Қыдырбек қойған. Насикадан бес жас кішілігі бар. Үлкен әпкесі Зейілдә Қасым деген жігітке тұрмысқа шықты. Одан Әбдіқожа, Әбдіболат деген ұл туды. Бәрі де үйлі-жайлы, ұрпақтары өніп-өскен құрметті отбасы.

«Жалғыз қайным» деп Кенен әнге қосқан Насиханың жалғыз інісі Қыдырбектің жайы белгілі. Ұлы отан соғысынан қайтқан жоқ. Қолында «брона» бола тұра, ешкімге білдірмей майданға өзі сұранып кетеді. Қыдырбектен ұрпақ қалған жоқ. Мәйіті Ресей жерінде, Орел қаласының маңындағы Вязовое деген елді-мекенде жатыр. «Курская дуга» деген атаумен тарихта қалған жойқын соғыста қаза болыпты. Аға сержант, артеллерист.

Насиқа шешеміздің өз аузынан естіген әңгімеге қарап, әкесі Қабылтай өте қайратты, ат үстінде ұршықтай ойнайтын жігіт екен. Бір жолы жүйрік атқа таласып, өзіне қарсы шыққан алты жігітті ұрып – жығып кетеді. Арты үлкен дауға ұласып, қомақты айып төлетіп басылады. Бұған өкпелеген Қабылтай нағашы жұртына хабар береді. Қабылтайдың нағашылары Албанның Қызылбөрік руынан екен. Солар сегіз түйемен келіп көшіріп алып кетеді. Ағайындары бұған қатты намыстанып, қайта – қайта барып жүріп әрең қайтарыпты.

«Бұл қазан төңкерісінен көп ерте болған жай. Кеңес үкіметі кезінде әкем қосшылар одағына кіріп, белсенді болды. Кенен ақынмен бірге жүріп, кеңес үкіметін бірге құрысты. Кенен әкеммен бірге үйге жиі келетін. Таңға ән салып, думандатып жүретін. Әкем екеуінің арасында терең силастық болды. Ақынның отбасындағы қиындықты, дарынды әншінің мұңын көзбен көргендіктен болар менің Кененге тұрмысқа шығуыма қарсы болған жоқ» дейтін.

Насиқаның анасының аты Мысбала. Неге екенін қайдам, жұрттың бәрі «Иша» деп атайтын. Жаныстың рулық шежіресін қарап отырсаңыз «Бесқалмақ», «Байқалмақ» дейтін атаулар кездеседі. Мысбаланың әкесінің аты Байқалмақ. Бұл атаулардың «қалмаққа» қаншалықты қатысы бар екенін дөп басып айту қиын. Алайда жоңғар, қалмақ





шапқыншылығы кезінде келген сарбаздардың қазақ жерінде қалып, кейін үй-жайлы болып сіңіп кеткендері көп болған ғой. Бұл жағдай сонау Шыңғысқан дәуірінде де болған. Осыған қарап Насиқаның шеше жағынан келгенде бір уығы қалмаққа барып тірелуі әбден мүмкін.

Байқалмақтан – Әлмен, Жезбала, Шүкітай, Мысбала атты төрт қыз, Әлімбай, Әпейбек атты екі ұл туған. Мұның бәрі Насиқаның нағашы жұрты. Жезбала, Шүкітайдан ұрпақ қалмаған. Жастай қайтыс болыпты. Ал Әлімбай, Әпейбек аталарымыз көп кейін дүние салды. Колхоздың түйесін, қойын баққан малшылар еді. Екеуінен біраз ұрпақтар бар.

Бұл жерде көбірек көңіл аударатын жәй атақты ақын қыз Әлменнің шырғалаңға толы тағдыры. Әкесі Қапал руының бір байымен бесік құда болады. Ол заманның құдаласып, уәде беру дегені «ант-су» ішіп, баталасумен бірдей. Сол кездің бұлтартпайтын заңы. Оны бұзған адам, бәтуасыз, сөзінде тұрмайтын, сатқын ретінде қабылданған. Тіпті атақты, бақуатты адамдар болса, мұның соңы жанжал ғана емес, екі жақ соғысып адам өліміне дейін баратын еді.

Жасынан өжет, қайсар мінезді Әлмен әкесіне келіп, «өз билігімді өзіме беріңіз, жүрегім қалаған адамға шығайын, басымды байламаңыз» деп жалынғандай болады. Бірақ сөз байласып, қалың малын алып қойған әкесі бұған көнбейді. Ақыр соңында құдаларға астыртын хабар беріп, тойға бара жатқан Әлменді жолдан тосып күшпен алып кетіпті.

Әлмен жасынан алғыр, тік мінезді, өжет екен. Алтыбақан тепкен қыз-бозбалалар бір-бірімен әзілдесіп айтысатын, басқа да жастар жиналатын той-томалақтарда өзіне қылжақтап, дерекілеу сөз айтқан қатар - құрбыларын табан астында өткір сөзбен төпелеп, тұқыртып тастайды екен. Сырын білетін қатарластары тілі ащы, адуынды ақын қыздың маңайына жоламай, қашқақтап жүретін болыпты. Сондай бір сәтте өзіне жөнсіз тиісіп, қылжақтай беретін Өскенбай деген ақын жігітке: «Осы ма Өскенбайың жұрт мақтаған, сойып қойған түлкідей ыржақтаған» деп отырғызып кетіпті.

Елдің пышағын қайрап, сақина, білезік, сырға сияқты бұйымдар жасап ауыл аралап жүретін Көнтеке деген жігітке:

*«Ауылға көшіп келсің Көнтеке ұста,
Көнтеке деген шықты ғой біздің тұста.
Сенің соққан пышағың майға өтпейді,*

Сақинаңды соға бер көтің қыс та...» - дегенде жиналып тұрған жұрт ду күліпті. Әлмен тап басып айтты. Осының соққан пышағы





қайыс тұрмақ, жіп кесуге жарамсыз деп әжуалапты

Он сегіз жасында күштеп әкеткен Әлменнің келін боп түскен от-
ауы сұрықсыз, берекесі жоқ, даңғой адамдар екен. Атастырып ти-
ген күйеуінің аты Досыбай. Оның екі ағасының аты Ешмадиар,
Қошмадиар. Бұл аз болғандай, атасының да, қайын ағасының да,
күйеуінің де басы таз екен. Жұрт бұларға: «таздың үйі- жал бітпейтін,
қу сараң аздың үйі» деп күледі екен. Бір күні Ешмадиар деген қайын
ағасы бүкіл елдің көзінше Әлменге тиісіп:

*«Кербұлақты айналып қона алмадым,
Қаракерей, Наймандай бола алмадым.
Жалғыз атым бар еді қасқыр жеді,
Осы келін келгелі оңа алмадым»* - деп кекетеді.

Өзі де іш-құсаболып, терісіне сыймай жүрген Әлмен, тап сол жерде:

*«Мен үйімде жүргенде сөк жарма едім,
Әкем тазға берді деп арманда едім.
Үшеуіңнің басыңды құрт жегенде,*

Сонда да қастарыңда мен бар ма едім? - деп жауап қайтарады.
Әлменнің табан асты тауып айтқан сөзіне шыдай алмаған қайын
ағасы үйден атып шығыпты.


Айта берсе Әлмен айтыпты деген өлең сөздер ел арасында
көп кездеседі. Соның көбі бізге жетпей, қағазға түспей қалған. Ке-
нен ақынның Әлмен жайлы естеліктерінен, белгілі жазушы Ма-
рал Ысқақбаевтың жазғандарынан оқып білуге болады. Әлменнің
айтыстарының көбі анайылау, құлаққа ерсілеу болып келгендіктен
болар, көпшілік арасында көп айтыла бермейді. Әсіресе замандас
құрдасы Тәкен салмен айтысы, Қабасақал дейтін ақынмен айтысы
Әлменнің дауылдай екпінді ақын екендігін, қылыштай кесіп түсетін
өткірлігін, өжет мінезін көрсететін туындылар.

Әлменнің «Сайрашы бұлбұл тілім-ай!» деген әні де бар. Кейін ав-
торы ұмытылып, халық әніне айналып кеткен. Бұл әнді сіңлісі Мыс-
бала ұршық иіріп отырып, ыңылдап айтатын еді. Әже бұл кімнің әні,
тым мұңлы екен? деп сұрасам, «Е, қарағым. Бұл сормандай болған
менің тәтем Әлменнің әні ғой» дейтін. Сол әнді нотаға түсіріп, өзімнің
орындауымда жаздырып қойдым.

Өзінің тағдырына разы болмай, күйікпен өткен өміріне лағнет ай-
тып, қайғы жұтқан Әлменнің тағдыры талай қыршынның басынан
өткен ғой. Сонысын ақын «Сайрашы бұлбұл тілім-ай!» деген әнінде
мынадай өлең шумақтары арқылы жеткізеді:

*«Қызы едім Байқалмақтың атым Әлмен,
Қыз байғұс қадірлі екен қалың малмен.*





*Қызы бар қыр асады дейтін қазақ,
Кетеді сатқан қойдай кәрі шалмен.*

*Несіне жаратты екен қызды қор ғып,
Көрген жоқ екі көзім бір күн сорғып.
Жүректің жарасына дауа таппай,
Киіктей торға түстім орғып-орғып.*

*Қазақтың «бесік керткен» заңы құрсын,
Амалсыз арманда өтті талай қыршын.
Тегі жоқ өңшең тазға қор болдым-ау,
Қорғамай ата-бабам қайда жүрсің?».*

Кенен ақынның сүйеніші, адал жары болған Насиқаның шыққан ортасы, өз жұрты, нағашы жұрты туралы қысқаша мәліметтер осы.

«Баласы ер жігіттің өле берсе, шырағы жанып тұрған демде өшеді» дейтін өлең жолдары екі баласынан бірдей, бір күнде айрылған Кенен ақынның зарынан туған. Шешем осының бәрін бізге тәптіштеп айтып отыратын еді.

Базар-Назар, Әбсәмет өлгеннен кейін, дүниеге қызбала келді. Ең болмаса осы тірі тұрсын деп ырымдап атын Тұрсынқыз қойдық. Бір жасқа толмай ол да шетінеп кетті. Содан кейін де туған балаларым Сағатбек, Төленді, Тұрарларда тәй-тәй басып жүргенмен, өмірлері қысқа болды. Бұрынғы бастан кешіргенімізді мен ғана еске түсіріп, әңгімелей аламын. Бұл жөнінде Кененнен сұрамаңдар. Оның көңілі кең болғанмен жүрегі нәзік, өткенін еске алуды ұнатпайды дейтін жарықтық.

Балаларымыз тұрмай шетіней берген соң көненің жолымен Райымбек бабаның, Көккөз әулиенің, Кебекбайдың басқа да киелі адамдардың бейітіне барып тәу етіп, құран бағыштау әдетке айналған. Басқа істер шара қайсы. Әсіресе төкпе жырдың тарланы Жамбыл атамыздың ауылына жиі барып, жырауды көп төңіректеуші едік.

Жәкең, Кененге ұстаз ғана болған жоқ, бауырлас ағасындай жанашыр болды. Кененнің жәй-күйін сырттай болса да сұрастырып, біліп жүретін. Қажет болса адам жіберіп шақыртып алатын еді. Жамбыл атаны мен алғаш рет Отар станциясында көрдім. Кенен ол кезде теміржол бойында үгітші ақын болатын. Аякөзге, Әулиеатаға, Түркістанға тағы басқа жерлерге барып-келіп жүруші еді. Бір күні сақалы қалың, аққұба, көрікті шалды ертіп келді. «Насиқа, бұл кісі Жамбыл деген атақты ақын. Сәлем қыл» деді. Басымды иіп шын





көңілден сәлем жасап, астарына көрпе төсеп, шай дайындауға шығып кеттім. Екеуі домбырасын күмбірлетіп көп отырды.

Сол жолы екеуі үш күн бойы Отардағы жұртқа, жақын маңайдағы ауылдарға барып жыр төкті. Қайтар кезінде Кенен мені шақырып алып: «Қолыңда не бар? Барыңды қойып, батасын ал!» деді. Алдын ала тігіп әзірлеп қойған әппақ жейде, ақтүсті матадан тігілген іш киімді алдына қойып бата сұрадым. Ол кезде қай бір дүние бар дейсің. Жоқшылық кез ғой. Жамбыл жарықтық өлеңмен ұзақ бата берді. Ұмытпасам, бұл 1929-31 жылдары болу керек. Өйткені, бес-алты жылдан соң Жамбыл бастаған ақын-әншілер Мәскеуге аттанды.

Кененнің сол сапары күні кеше болғандай көз алдымда тұрады. Ақындарды Алматыға шақырып жатыр деген соң Кенен де кетті. Екі-үш күн өткенде Кенен: «Бізге су-жаңа киім берді. Келіп ескі киімдерімді алып кет» деп хабар жіберді. Жастау кезім ғой ары-бері өтіп жатқан пойыздардың біріне мініп сол күні-ақ қалада болдым. Қонақ үйде Жамбылды ортаға алған ақын әншілер, домбыра тартып, ән шырқап дүрілдетіп жатыр.

Кененнің киімдерін буып-түйіп алдым. Жамбылдың інісі Аққұлы да келіпті. Жәкеңнің ауылына барғанда көргенмін. Ұзын бойлы, аққұбаша жігіт еді. Ол да атасының киімдерін жиыстырып жатыр екен. Оның қолынан Жамбыл атаның көнелеу жейдесін жұлып алып, қойныма тыға салдым.

-Оны не істейсің? дейді күліп.

- Тәбәрік болсын!

- Жарайды алсаң ала қой. Шалдың исі сіңген киім ғой. Ырым болсын!, деп аңқылдап күліп жатыр.

Балаларымыз тұрмай Кенен де, мен де іш-құса болып жүргенімізді қайдан білсін. Ер адамнан гөрі әйелдің жаны нәзік болғанмен, болмысы берік, ойға ұшқыр, іске шапшаң келетіні сондықтан болса керек.

Бір аптадан соң Кененнен тағы хабар келді. Бұл жолы: «Мәскеуге жүретін болдық. Мен Жәкеңнің қасында боламын. Пәлен күні Отардан күт. Бір марқаны сойып, түгелдей пісіріп ала кел» депті. Сол күні айтқанын дайындап алдынан шықтым. Вагоннан секіріп түскен бір топ жігіттердің ішінен Иса Байзақовты болмаса, қалғанын танымайды екенмін. Қолымдағы буы бұрқырап, бетіне үйітілген бас салынған табақты Исаға ұстата салдым. Ол табақты алып вагонға қарай жүгіре жөнелді. Артынан бәріміз улап-шулап бірге кірдік.

Кенен, «басты Жәкеңнің алдына қой, бата берсін», дейді. Жам-





был ақсақалы желбіреп, қолдарын жайып бата берді. Тар купеде сығылысып отырып, бәріміз бетімізді сипап қабыл алдық. Пойыз дүр сілкініп орнынан жылжып жүре берді. Бұл Кененнің ұзақтап шыққан алғашқы сапары. «Жаңа заң» деген әнімен Кремльдің қабырғасын теңселткен тамаша күндері еді. Бұл қазақ өнерінің тарихында жазылып қалған 1936 жыл болатын.

Мәскеуден үлкен абыроймен оралған Жәкеңнің ауылында бір айға созылған үлкен той болды. Қарт жырауға сол кездегі өкіметтің ең жоғары наградасы «Еңбек қызыл ту» ордені берілді. Құттықтап келіп жатқан адамдарда шек жоқ. Қазан-қазан ет асып, күндіз-түні жүгіріп қызмет еттік. Жәкең Кененге әбден бауыр басып қалыпты, қасынан шығармай ән салдырады. Кенен де жас баладай айтқанын екі етпей жүгіріп жүр. Сыйлық, сый-сияпат деген үйіліп қалды. Келген кілем, шапан, бөрік, тақия дейсізбе есебі жоқ. Міңгізген аттарды Жамбылдың балалары жетектеп алып кетіп жатты. Бізді Жәкең жібермей, екі апта сонда болдық. Қайтатын күні Жәкең:

- Келін, қандай бұйым-тайың бар? Ұялмай айт деді. Үйіліп жатқан көп кілемнің біреуін сұрасам қайтеді, деп Кененге қарап едім:

- Қой, мұның бәрі Жамбылға арнайы әкелген сыйлықтар. Одан да бата сұра, деді бүйірімнен түртіп.

- Жәке, көп рахмет! Батаңызды берсеңіз болғаны. Ризамыз, дедім.

«Келінім, жай қолыңды бата берем,

Айтпасаң кеуде қысып жатады өлең.

Қол бастайтын бір ұл тап,

Той бастайтын бір ұл тап.

Кененіңмен жүз жаса,


Қолдап жүрсін әруақ!» - деп бата берді. Әйел заты тым сезімтал ғой.

Жәкеңнің шын ықыласымен берген батасы әсер еттіме, әлде қоңыр даусына еліктедім бе қайдам, көңілім толқып, көзіме жас үйірілгенін сезбей де қалдым.

Бұрынғының адамдары оқуы болмаса да, жан сарайы кең, пейілі таза, түйгені көп болып келеді. Жәкеңде өте сұңғыла, тез аңғарғыш адам еді. Батасын алып, орнымыздан тұра беріп едік, «Кенен, айналайын сендер сәл кідіре тұрыңдар» деді. Баласы Тезекбайды, Алғадайды, келіндерін, жақын туыстарын шақыртты.

«Мынау Кененнің осы жолы маған сіңірген еңбегі зор болды. Өңіміз тұрмақ, түсімізге кірмеген Мәскеу сияқты орыстың шаһарына, буыны қатпаған баладай етіп мені қолтықтып апарып, алып келді. Апталап жол жүру оңай ма? Шөлдесем аузыма сусынын тосып, жөтелсем дәрі-дәрмегін беріп маған жас баладай бәйек болғанына разымын. Әкесі





Өзірбайды жақсы білуші едім. Ата-анадан жалғыз туса да бағына берген бала екен. Тезекбай, кешегі кекілі кесілген күрең жорғаны алып кел. Мен Кененге ат мінгіземін» деді.

Содан соң келіндерінің үлкені Сатикаға қарап: «Келіндерімнің патшасы» деп бекер айтқан жоқпын. Осы әулеттің ұйытқысы, дастарқанымның берекесі болған келінсің. Анау жылы күйім кетіп, қиналып жүргенімде әппақ жейде кигізіп, сый-сыйапат көрсеткен, туған қызымдай күткен Кененнің үйіндегі келін осы. Сатика, Насика деген аттарың да жұп екен. Осы келінге бір емес, екі-үш көйлек тігіп киетіндай ең жақсы матадан сый жаса. Мұның жөнін Сатика саған тапсырдым», деп еді. Жұрт Жәкеңді қолдап қауқылдасып қалды.

Япырмау, талай жыл өтсе де қарт адам осының бәрін қалай ұмытпаған деп, мен таңмын, Жамбылдың жомарттығына риза болып, «өмірімде тақымым дұрыс атқа тиетін болды-ау!» деп Кенен мәз. Ұлы жыраудың ауылында екі аптадай болып, көңіліміз өсіп, төбеміз көкке жеткендей қуанып елге қайттық.


Жағдайымыз түзеліп, жағамыз кеңейіп, баланың зарын татқан күндеріміз артта қалды. Ұл да, қыз да көрдік. Олардан тараған немере-шөберелердің шуақты күлкілеріне бөлендік. Жамбылдың қасына еріп ақ батасын алған Кененнің де абыройы асқақтап, елінің құрметіне ие болды.

«Бақыт қайда барасың? Ынтымағы жарасқан елге барамын. Береке қонған жерге барамын» демекші, Кенен екеуміздің 55 жыл бірге өткерген өміріміздің қуанышты, шуақты кездері көп болыпты. Оның бәрін тізбектеп айтып шығу мүмкін емес. Соның бәрі Жәкеңнің батасынан, Жамбыл тұстас ақсақалдардың батасынан келген сияқты болады да тұрады. Өз басым төрт рет тіземді бүгіп Жамбылдың батасын алған екенмін. «Жауынмен жер көгереді, батамен ер көгереді» дейтін сөздің бір түйіні осы болар.

ЖАМАНДЫҚ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ

«Жау қайда деме – жар астында, бөрі қайда деме – бөрік астында» дегенді халық қалай тауып айтқан десеңізші. Сырттан келіп жау шапса оның жөні бөлек, қарсы тұрып «ұран» тастауға болады. Қасында жүріп, көзіңе күліп, бір дастарқаннан дәмдес болып-ақ дұшпанкөз болуға болады екен-ау! Алпырт шақта төңіректеген адамның бөрі дос, жылы ұшырағанның бөрі сыйлас болып көрінетіні ақиқат. Жас





адамның аңғырт, сенгіш болатыны да сондықтан болар.

Кененнің достары көп, дұшпандары мүлдем болған жоқ десек жәй көлгірсу болар еді. Сонау аты ел аузына ілініп, әнші – ақын деп дәріптелген күннен бастап-ақ Кененге қырын қарайтындар көбейді. Бірі өктемдік білдірсе, бірі қызғана қарайтын. «Қыздың қандай бола-рынан анасынан танысың, қасың менен досыңды қарасынан танысың» деп ақынның өзі айтқандай Кененнің аяғынан шалуды, реті келсе көзін жойып жіберуді ойлайтындар болмай қалған жоқ.

Соның басы кеңес үкіметі орнаған сәттен басталды деуге болады. Қолынан домбырасын тастамай күндіз-түні ел арасында үгіт жүргізіп, бай-манапқа, болыс-билерге қарсы насихаттаған ақынның бар мақсаты, өзі сияқты кедейшіліктен құтыла алмай, әркімнен түрткі көріп, белін жаза алмай жүрген бұқара халықты жаңалыққа, жаңа дәуірге бастау еді. Жаңа дәуірдің жаршысы, кедей-жалшының сойылын соққан ақын атануы да сондықтан шығар. Қалай болғанда да Еркебай ұстазы айтқан әділдіктен, адамгершіліктен, азаматтық пиғылдан еш ауытқып көрген жоқ.


«Даудың басы Дайрабайдаң көк сиырынан басталды» дегендей, қанқұйлы қастандықтың басы ақынның отыз қой беріп сатып алған «Ақбоз» аттың өлімінен басталады. Ақбоз десе, дегендей-ақ, түсі ақ қояндай әппақ, бітімі сұлу, қаз мойынды арғымақ екен. Той-томалақта бәйгеден үзіліп келетін, көкпарға салса тартыстың шаңын шығарып алдын бермейтін белді жылқы болыпты.

Қайтсек Кененнің сағын сындырамыз, жанын жаралаймыз деп аңдып жүрген қастары, түнде келіп қорада байлаулы тұрған атты пышақтап өлтіріп кетеді. Кененнің үйде жоқтығын пайдаланған қаныпезерлер, аттың төрт аяғын байлап, шыңғырған даусы естілмеу үшін аузын тұмшалап тастаған дейді.

Мінсе сәні болған, Ақбоздың үстінде отырып ән салғанда ерекше арқаланып, даусы асқақтай түсетін еді. Өзіне он жыл серік болған сәйгүлігін адамша көміп, қоштасқан дейді. Ақбозға арнап өлең де шығарған:

*«Қош, аман бол боз атым,
Он жыл мінген өз атым.
Мен жүйрікпін дегеннің,
Қолтығын талай созатын.*





*Ерте шапқан жарыстан,
Шулатып кешке озатын.
Боз тұлпарды өлтірген,
Нығмет қандай тозақы?».*

Көп кейін Ақтерек, Шұбарбайтал тауларында қашып, жасырынған Нығмет, бірнеше серіктерімен ұсталып жер аударылып кетті.

Мұнымен іс біткен жоқ. 1925-30-жылдары кеңес үкіметіне ашық қарсы шыққандардың саны көбеймесе азайған жоқ. Топ-топқа бөлініп әрекет істегендердің көбі тәркілеу кезінде малынан айрылған, жер аударылған бай-болыстардың ұрпағы, туған- туыстары болатын. Бір ауылдың малын айдап кетіпті, енді бірде, жаз бойы жинаған шөбін өртеп кетіпті, қыrmанды шабуылдап, күзетшіні атып өлтіріпті деген сияқты бірінен бірі өтетін қорқынышты хабарлар күн сайын келіп жататын.

Әсіресе қаталдығымен, құйын, жел сияқты ұстатпайтын, шапшаңдығымен белгілі Сматай басқарған Қасқарау тобы болды. Оны ұстауға бір-екі жолы Кененнің өзі де қатысқан. Жан жағынан қоршауға алып, енді тырп еткізбей қолға түсіреміз деп ұмтылғанда, таулы жердің ұқыр-шұқырын жақсы білетін Сматай серіктерін алып жылысып ұстатпай кететін. «Көзге көрінбейтін жын ба, қолға түспейтін құйын ба?» деп ел таңқалушы еді.

Бұлар көбіне Дегерес, Беріктас, Қордай, Ырғайты тауларына жасырынып, іс-қимыл жасайтын. Ал Сматайдың өз басы айтқанынан қайтпайтын, батыл, жүректі адам екен. Бұл жөнінде атақты қаламгер-жазушы Қыдырбек Балғабекұлының «Алатау» атты кітабында біраз айтылады. Оның қалай ұсталғаны туралы Кенен де қызықтыра әңгіме айтатын. Бұл жылдары Кенен ревкомдықтан кетсе де, ел ішінде болып жатқан қауырт істердің бел ортасында жүрді. Қауіпті деп бас сауғалайтын кез емес. Елінің көргенін бірге көріп, сол дәуірдің ащы-тұщысын бірге татып, жанды шүперекке түйіп жүрген кездері аз болған жоқ.

Бір күні жолаушылап келген жігіт Кененді оңаша алып шығып:

- Кенеке, ертең сізді сәске кезінде Шұбарбайтал жартасында Сматай күтеді. Қарусыз жалғыз барыңыз деді. Менің абдырап қалғанымды сезген болу керек.

- Басыңызға келетін еш қауіп жоқ. Қорықпай барыңыз, деп нықтай сөйледі. Бірнәрсе сұрайын деп ұмсынып едім, оған қараған да жоқ, атының басын шалт бұрып текіректете жөнелді.

Ойым сан-саққа тартып шарқ ұрады. Япырай, неге мені қалады





екен? Жолығам десе ел ішінде белсенділер көп қой, туған-туыстары да аз емес. Бұнысы айла ма, әлде шарасыздық па? Түні бойы кірпік ілмей, дөңбекшіп шықты.

Аты аңызға айналған адам жайлы ел ішінде сөз көп. Бірі оның катігездігін айтса, бірі құралайды көзге ататын мергендігін айтып тамсанатын еді. Қуғын салып ізінен қалмай қойған 10 адамды жайратып, аттарын жетелеп әкетіпті дейді. Бір жиында биік бәйтеректің ұшар басына ілген шолпы тиынды атып түсірген дейді. Қойшы, мұндай сөздің шегі жоқ, айтыла беретін. Неде болса, бетпе-бет жүзін көрейін, не айтпағын білейін деп шешеді. Насиқаның «қасыңа бір-екі адам ертіп ал, ең болмаса анау бүкір мылтығыңды ала кет» дегеніне қарамай үнсіз шығып кетті.

Бүкір мылтық дегені анау жолы Ораз Жандосов келгенде: «Жау өршіп тұр, Қапыда қалып жүрмендер. Қару асынып алыңдар, бұл да үлкен сес» деп бірнеше адамға қару беріп кеткен еді. Маған тигені қолға ебедейсіз «маузер» деп аталатын, мойныңа асып жүретін шағын қару екен. Біреуге мылтық тұрмақ, таяқ кезеніп көрмеген бала мінезді ақын онысын біраз қызықтағаны болмаса қолына ұстап та көрмеген. Балалардың қолына түсіп қалмасын деп жүктің арасына тығып тастайтын.

Уәделі уақытында Сматай айтқан жерге келді. Сматай бұдан да бұрын келсе керек. Айналасына жем алатын бүркіттей сұстана қарайды. Сыртынан қараған кісіге үлкен қара тастың үстінде адам емес, алып қара құс отырғандай көрінді. Кененнің сәлемін үнсіз қабылдап, қасыма отыр дегендей ишарат білдірді. Аман-саулық сұрасып қауқылдасып жататын жер емес. Оның реті де жоқ. Кенен сұрақты төтесінен қойды.

- Ал, Сматай, кел депсің. Өзіңді болмаса да, сөзіңді силап келдім. Түбін қусақ, қарға тамыр қазақтың баласымыз ғой! Жеті атадан бері қайырсаң алыстығымыз да жоқ. Сыртыңнан атыңа қанықпын. Неге шақырдың? Құлағым сенде, деп қысқа қайырды.

Қолындағы бесатарын, оң жағына қойып, төңірегіне тағы бір көз тастады. Шүңірек көзі адамның өңменін тесіп өтетіндей өткір екен. Қаршығаның көзіндей жалт-жұлт етеді. Әлде Кененге солай көрінді ме, көптен басылмаған қаба сақалы бетін тұтастай жауып, Сматайдың жүзін одан да сұсты етіп тұрғандай еді.

- Кенен, өзіңді еркін ұста. Сен менің нысанамдағы адам емессің. Саған кектенетіндей ешнәрсем жоқ, деп бір тоқтады. Сәлден соң: «Сенің жұрт тамсана айтып жүрген қоңыр үніңді, ғажап әндеріңді ел-





мен бірге отырып, мен неге тыңдай алмаймын? «Базар-Назарыңды» естігенде қара тасты құшақтап, жаралы жолбарыстай тау-тасты жаңғыртып күңірендім. Сол жылы менің де екі баурым дүние салған еді. Айлап-жылдап жабайы аң сияқты тау ішінде қашып-пысып жүргенім мынау, деді.

- Осындай күйге түскеніңе ел кінәлі емес қой. Райыңнан қайтып, жігіттеріңді таратып жіберіп үкіметке өз еркіңнен берілсең мұндай жағдай болмас еді. Үкімет басындағылар бұл ісіңе оң көзбен қарайтынына кәміл сенемін, деді. Бұл сөзімді қалай қабылдайды екен деп көз қиығын тастап еді, Сматайдың жүзінен қыбыр еткен еш белгі көре алмады. Тіпті мұның сөзін естімеген сияқты, жайбарақат отыр. Біраз үнсіздіктен соң сөзін жалғастырып:

- Мен бір нәрсені ұқпаймын, Кенен. Атам заманнан бері малмен айналысқан қазақтың бар байлығы сол қора-қора қойда, үйір-үйір жылқада емес пе? Қазақтың қолында басқа не бар? Бақуатты адамдардың бәрі арсыз, тойымсыз, қатыгез деу көңілге қонбайды. Олардың ішінде де қолы ашық, кедей-кепшікке жанашырлық білдіретіндері азба? Малын бақтырады, шаруасын істетеді. Өзіне адал қызмет еткендерге ақысын еселей төлеп қарайласады. Тіпті сол байдың төлеген ақысынан есін жинап, шаруасын дөңгелетіп байып кеткендер де бар. Бұл бүкіл қазаққа тән өмір салтымыз емес пе? Соның бәрін талқандап, жаңа қоғам орнатамыз дегені не сандырақ? Міне оның арты мынау, жік-жікке бөлініп алып, қырықпышақ болып жатырмыз. Сматай сөзін аяқтар тұста қолындағы қамшысымен жерді бір ұрып қалды. Денесін қомдап, атылатын жолбарыстай ширақ отыр.

- Кешегі 16-жылдың дүрбелеңін өзің де білесің, деді Кенен барынша сабырлы үнмен. Жер таянған қарттардан басқасы түгелдей атқа қонды. Ақ патшаның кемсітуіне қарсы көтерілген халықтың алаулаған намысы еді бұл. Ақыры не болғанын көрдік. Енді патшада кеткен сол кекті кеңес үкіметі алып беріп отыр. Халыққа еркіндік, кедейге теңдік әпереміз деп келген үкіметті сен де қолдасаң болатын еді ғой, деген. Неғұрлым ұғынықты болу үшін, қарапайым сөйлеуге тырысты.

- Ол оқиғаны бел ортасында жүрмесемде жақсы білемін. Мына теке-тірестен оның айырмасы бар. Ол кезде басты мақсат біреу болды. Бүкіл елдің мүддесі соғысқа бала бермеу еді. Ал сен қолдап жүрген үкіметтің мақсаты қазақты бай кедейге бөліп қойып, бірімен бірін қырқыстыру, бірінің қолымен бірін жою болып отыр. Сонда мыңғырған малың бар, сараң байдың бірі екенсің деп өз әкеме қалай қарсы шығамын?





Екеуі де бұл сауалдың жауабын ойша іздегендей үнсіз отырып қалды. Бұл сияқты белден басатын, ұғынықсыз, салт-дәстүрімізге оғаштау көрінетін істерді Кененнің өзі де талай байқаған. Соның бүгешігесін түсіндіріп қазбалағанмен, тоңмойын, біржақты ойлайтын Сматайды көндіре алмасын сезген ақын ендігі сөзін орағытып алыстан бастады.

- Жарайды, Смеке! Осы екеуміз отырған жермен ықылым заманнан бері кім өтпеген? Шүршіт те, моңғол да, қалмақ та өткен. Соның бәрінде де дана халқымыз бай-кедей, би-болыс демей-ақ тізе біріктіріп күрескен ғой. Егер сен осы үкіметті халықтың басына төнген нәубет деп есептесең, онда неге халық жағында емессің?

- Ол заманмен, бұл заманды салыстыруға болмайды, Кенен. «Алатаудың баурайына сарынар шөкті білдің бе» деп сауал қоятын ақынның аты кім еді? Қуандық. Иә, сол ақын айтқандай «Қазанның құлағы қайда барсаң да төртеу» демекші, қазан төңкерісіне дейін де, одан кейін де бар билік орыстың қолында қалып қойды. Мына іс-әрекет, мына жүргізіп жатқан саясат солардікі. Екеуміздікі жайдақ атқа мініп алып далақтаған әлдебіреудің тірлігі сияқты. Алдында әлі талай-талай «зұлмат» күтіп тұрғанын момын қазақ қайдан білсін?

Сматайдың қыңыр мінезіне іштей зығыры қайнап отырған Кененге, оның мына сөздері құлағын елең еткізгендей әсер қалдырды. Өңгімесін үзбейін деп үнсіз отырды. Сматай ішінде жатқан шөмен сөздің иесін енді тапқандай, Кененнің жүзіне бір қарап алып, ойын жалғастырды.

- «Малым - жанымның садақасы, жаным- арымның садақасы» демейме. Мейлі, қолынан келсе малымды да, жанымды да алсын. Тіпті итжеккенге айдап жіберсе де өз еркі. Бірақ өзімен қосып бүкіл отбасын, үрім-бұтағын қоса жер аудару дегенді қалай түсінуге болады. Мұның өзі ғасырлап тұрған көне бәйтеректі түп-тамырымен қопарып жұлып алғанмен бірдей ғой. Жерінен ауған ердің де, елдің де ертеңі күмәнді, құмға сіңген бұлақтай болмай ма? Шетте жүрген адамның қандай күйде болатынын сенен артық білетін кім бар? «Бұлбұлға» деген әніңді біз естіген жоқ деймісің? Қол астымдағы боздақ жігіттердің бәрі естіп, көздеріне жас алған. Осыны неге түсінбейді, анау сенің шөпжелке жетесіздерің?

Өңгіменің қызығына түсіп, уақыттың қалай өткенін екеуі де білмей қалыпты. Түс ауып кеткен екен. Кенен қайтуға ыңғай танытып еді. Сматай, басын изеп, сәл тұра тұр дегендей белгі берді.

- Сен мені, мен сені ұға алмадық, Кенен. Бәлкім онымыз да дұрыс





шығар. Сен кедейден шыққан жігітсің, мен болсам кезінде жорға мініп, айдарымнан жел ескен адаммын. Өріс тарылды. Торын құрып, қасқыр аулағандай анталаған иттердің қолына түспеймін деп шарқ ұрып қарсыласқаннан пайда жоқ. Оны өзім де сеземін. Сені жеке шақырғандағы себебім де осы. Мен ешкімді іздеп барып қасақана өлтірген жоқпын. Мойнымда ешкімнің құны жоқ. Ал ізіме түсіп, артымнан қуғандарды қорғана, қашып жүріп өлтірсем оның жөні бөлек. Олар да атты, мен де аттым. Оқ адам таңдамайды, деп орнынан көтерілді.

Екеуі аттарына мініп, біраз тұрды. Екі қолын бірдей созып Кененнің қолын алған Сматай: «Менімен жолыққаныңды ешкім білмесін. Тісіңнен шығарма. Басыңа бөле болады» деді жымыып. Осынша уақыт әңгіме құрғанда, оның бірінші рет езу тартқаны осы болды.


Құлан аяңға салып, атының шылбырын бос қоя берген Кененге осының бәрі түс сияқты көрінгені рас. Әсіресе таң қалғаны, аяушылықты білмейтін, қаныпезер деп ел шошитын адамның аузынан осындай әңгіме шығады деп ойламаған екен. Сматайдың сөзі терең ойға қалдырды. Қалай десек те, қолын қанға малған жаукеспе ұры десек те соның сөзінде бір ақиқат бар-ау деп ойлап еді.

Бірі жылдан соң Сматай ұсталыпты деген хабар келді. Ел ішінде әртүрлі әңгіме таралды. Бір жағы, өз еркімен беріліпті десе, енді бірі, інісінің үйіне алдап шақырып сол жерде қолға түсіріпті дейді. Әсіресе: «Бар кінәмді мойындаймын. Қолымды қойып берейін. Ең болмаса сүйегім туған жерде қалсын. Осы жерде атып кетіңдер. Болмаса өзім атылып өлейін!» деп қанша жалынса да ұстап алғандар көнбей қойыпты дейді.

Осы әңгімені естіген де Кененнің жүрегіне біреу ине сұғып алғандай шаншып кетті. Есіне қырғызға қашып барып, «ұшарын жел, қонарын сай білетін қаңбақтай» болған күндері түсті. Ықпыл-жықпылы көп саясаттың қолы ұзын. Сматай сияқты кеңес өкіметіне қарсы болғандардың талайы оққа ұшты, атылды, жер аударылды. Сол кеткеннен Сматай да қайтып оралған жоқ.

Голощекиннің «Кіші октябрь» дейтін саясатын көзі ашық, тарихты жағалаған адамдардың бәрі де жақсы біледі. Әсіресе қазақ ауылдарына қырғидай тиіп, «большевиктер жасаған революция қазақ даласына әлі жетпепті, мен октябрьді ауылға апарамын» деп көлгірсіген көсемсымақ өз дегеніне жетті де. 1925 жылдан бері Қазақстанды басқарған адамның қолында үлкен билік болды. Қазақша пайымдасақ:





«қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса» дегенге саяды.

Қазақ халқының басына қара бұлт болып үйірілген құйтырғы ойын 1925 жылдан бастап іске асыра бастады. Құрғақ ұран мен көзсіз науқаншылыққа бой ұрған өкіметтің белсенділері, иегінің астындағыны көрмейтін даңғаза жандайшаптары Голощекиннің бұл бастамасын іліп әкетіп, іске кірісті. Бұл науқан әсіресе 1928 жылдан бастап қарқынмен жүргізілді. Байлардың мал-мүлкін тартып алып, кедейлерге бөліп беру жұмысы ресми түрде басталды. Бұл жерде нағыз бай мен кедейдің аражігін ашу көзделген жоқ. Қара тізімге ілінсе болды. Елу қойы барлар да, қырық ешкісі барлар да бай атанып жататын еді. Жеке бастың қамын ойлап жала жабу, жалған ақпарат беру, өтірік көрсету, кегін алу сияқты жайлар да болмай қалған жоқ.

Қордай ауданының мұрағат құжаттарына зер салсаңыз сол жылдардың өзінде көптеген адамдардың бай-кулактар тізіміне кіргенін көруге болады. Бір қызығы осылардың ішінде басқа ұлттың адамдары тіптен аз. Бұл тізімнің әр ай сайын еселеп көбейіп отырғандығы байқалады. Сол жылдардағы Қордай аудандық мұрағат деректерінде тәркіленуге жатқызылған бірнеше адамның аты-жөні көрсетіліпті.

Телтаев Сейдахмет – хан тұқымы. Малдыбай мен Ноғайбайдың ұрпағы. Ұзақ жылдар болыс болған. 1920 жылы жараланған милиционерді ұрып, кедейлердің комитетін таратқан... 1925 жылдары 16 ірі қараға өзінің әйелін сатып жіберген...

Алғатаев Уәли – 9 жыл болыс болған. 1916 жылғы көтеріліске қатысушыларды жазалауға қатысқан... 1926 жылы қазақтар мен қырғыздар арасында көкпар ұйымдастырып, оның соңын төбелеске ұластырған.

Қожағұлов Бекетай – Қордай ауданы, қыбырай ауылының тұрғыны. 35 жаста. Отбасында 7 адам. Қорасында 40 қой, 8 жұмыс жылқысы, 1 киіз үйі бар еді... 1917 жылы оның меншігінде 10 жылқы, 60 қой, 2 сиыр болған...

Балменов Опабек – имам. Қосшы одағы мүшелерінің арасында әртүрлі өсек-аяң таратып, биліктің тәркілеу саяатына қарсы үгіт-насихат жүргізеді, делінген.

Бұл тізімдегі адамдарды толық көрсету қажет болмас. Мұндағы негізгі мақсат тағылған кінәлардың тым жұтаң, жалпылама, екі ұшты екендігін көрсету. Нақты деректер мүлдем жоқтың қасы. Кез-келген адамды бай деп тәркілеп, жер аударып жіберу үшін осының өзі-ақ жеткілікті болғаны ғой. Қазақтың басынан өткен сол дәуірді бүгінгі күннің деңгейімен, бүгінгі көзқарас тұрғысынан қарасақ адамның





күлкісін келтіреді. 10 жылқы, 40 қой да сөз болып па деген ойға қаласың. Бұған тереңірек үңілсеңіз астарында жәй тәркілеу емес, саяси қуғын-сүргін жатқандығын байқауға болады. Бұл құйтырғы әрекеттің бастауы болса, кеңес үкіметінің 1937-38 жылдардағы жүргізген қан-құйлы саясаты осының жалғасы болды. Мұнда да мыңдаған қазақ зиялылары атылып, нақақсыз жер аударылып, түрмеге тоғытылғанын жұрт жақсы біледі.

Тәркілеу тізіміне ілінгендердің ішінде Қордай округінен екі адам бар. Олар Мүсәпір Хожамбердиев пен Құлажан Ақатаев. Мүсәпір жасы алпыстан асқан ақсақал. Бала-шағасы көп екен. Ауылға сөзі өтетін силы адам болыпты.


Құлажан Ақатаев – 47 жаста... Тәркілеу кезінде оның қорасынан 21 ірі қара, 242 ұсақ мал шыққан. Отбасында 6 адам. Тұқымымен болыс. «Саты-Боты» әулетінің басшысы. Ауылдық советке, партия, комсомол ұяларына басшылық жасайды...Ауылдағы түйінді мәселелерді шешіп, құн төлетудің шебері. Бағынбағандарды қамшының астына алған, дейтін мәліметтер көрсетіліпті.

Құлажанның арғы аталарының бай-бақуатты адамдар болғаны рас. Қарға тамыр қазақтың, болмаса үш жұрты бар кез-келген жігіттің тегін қуаласаң әйтеуір бір атасы бай немесе би болып шығатыны сөзсіз. Бұл жағынан келгенде қазақтың ең осал тұсы осы. Үкімет қармағына ілінген адамды көп тексеріп жатпай-ақ халық жауы, қоғамға қауіпті деп айдар таға салуды әдетке айналдырған. Осындай тізімге Құлажан да ілінді.

Құлажан мен Кенен екеуі бір жылдың төлі. Құлын-тайдай тел өскен құрдастар еді. Бай баласы болса да Кененге ерекше құрметпен қарап, қолынан келген жақсылығын аямайтын. Алғаш үйлену тойын жасағанда да, кейін әкесі дүние салғанда да қол ұшын беріп, көмектескені есінен кетпейді. Әкесі Ақатай да ел арасында беделі бар, сыйлы адам болған. Жағдайын айтып алдына келген адамның пейілін қайтармай, көмек беруге әзір тұрады екен.

Сол құрдасы кеңес үкіметін құру кезінде де қасында болып, талай іске араласты. Қосшылар одағына қосылды. Ауылдық кеңестің белсенді мүшесі болды. Қажет жерінде малын сатып ақшалай көмек көрсетуден де қалыс қалған емес. Міне, енді тәркілеу тізімінде жүр. Бар кінәсі бай баласы болғандығы, бай-қуатты екендігі. Бұған не шара. Жоғарыдан айтылды, төмендегілер бұлжытпай орындауға тиіс. Құлажанды алып қалудың жолын іздеп көріп еді. «Сен кімге араша түсіп жүрсің? Кешегі сүйегіңнен өткен байдың қамшысын ұмытайын





дедің бе?» деп өзіне тап бергендер аз болған жоқ.

Амалы таусылған Кенен Алматыға барып, үкімет басында жүрген, кезінде дәмдес болған адамдарға да айтып көрді. «Мұнымыз Голощекинге қарсы шығумен бірдей ғой, Кенеке. Ақылға салып көрсенізіші», деп жалтаратын.

Тіпті оңы түсер ме екен деп Ораз Жандосовқа да кірді. «Кенен сенің бұл ісің бос әурешілік. Тізімге қатталған, бұйрыққа ілінген адамды ешкім де қорғай алмайды. Сонау жылдары Еркебайды қорғап біраз әлекке түскенің есімде. Оныңды дұрыс шешіп бергенбіз. Ендігің қисынға келмей тұр» деп ашығын айтты.


Сол жылдың күзінде Құлажанның бүкіл дүниесін тәркілеп, өзін үй-ішімен қоса жер аударды. Улап-шулаған ел, туған –туыстарының жылаған даусы құлақ жарғандай. Осы сәтті пайдаланған Кенен, Құлажанның кіші әйелінен туған төрт-бес жастағы баланы жасырып алып қалды. Құлажанның туыстарының бірінде басқа фамилиямен жүрген бала, кейін ержетіп Кененнің қызы Ұлтаймен бірге оқуға барды. Құлажанның артында қалған бір тұяғы деп оған үнемі қамқорлық жасап жүретін.

Жалғыз Құлажан ғана ма? Шаңырағы ортасына түсіп, тоз-тоз болған талай жандардың куәсі болды. Осындай келеңсіз жайларға тап болған сайын Кененнің есіне Сматайдың ширығып айтқан сөздері түсетін. Япырмау, оқығаны жоқ, надан, қараңғы дейтін адамның сәуегейлігіне іштей таң қалатын еді.

Осы оқиғадан соң Кененнің басына да бұлт үйріліп, қатер төне бастады. Бұған себеп жатпай-тұрмай Кененге қастық ойлағандардың әрекеті еді. «Екі әйел алған, ескі заманды көксейтін ақын, бай-болыстарға бүйрегі бұрып тұрады» деген сияқты домалақ хаттар қарша борады. Ақыры Алматыдан арнайы тексеру келіп, үлкен жиналыс болды. Өзін де тергеді, Насиқаны да қыспаққа алды.

Ең соңында қатал жаза беретіндей іс-әрекетін таппаған соң, болыстық қызметінен босатып, қатаң ескертумен қалдырды. Бұл тұста ерекше ықпал еткен нәрсе Кененнің азамат, ақын ретінде халық алдындағы зор беделге ие болғандығы. Былай айтқанда халықтың өзіне деген зор құрметі, табиғат берген дарыны, өнерге деген құштарлығы бұл жағдайдан да аман алып шықты. Ендігі өмірімді ел басқаруға емес, сол елге қызмет етуге арнаймын, деп түйді. Өзілдеп айтса да:





*«Болыстықтан түсіп,
Еліме қайттым.
Әнімді шырқап,
Үйімді жаттым»* - дейтіні сондықтан болар.

Сөйтіп жүріп аты-шулы 1930-32-жылдың халықты баудай түсірген ашаршылығын да көрді. Төңірегіндегі ағайын-туыстардың өлгені өліп, қалғаны жандарын сауғалап көшіп кетті. Бірі қырғыз асты, енді бірі Қытайға қарай шуады. Қимайтындай, дүние қайсы? Қарайлайтын нем бар? деп шешкен Кенен бәйбішеден қалған Ұлтайды жетелеп, Насиханы алып, аз ғана мүлкін арбаға тиеген күйі қырғыздың Тоқмағына қарай тартып кетті. Мұндағы жағдай мүлдем бөлек. Бозасын ішіп, екі беті нарттай болған қырғыздар, сол баяғыдай көкпарын тартып, той-тойлап жатқаны.


...Насиқаны ертіп Тоқмақтың базарына келетін. Сондағы көретіні баудай түсіп қырылып жатқан адамдар. Солардың дені қазақтар еді. Өліктен зәредей қорқатын Насиқа жеңінен тартып, сүйрегендей етіп базардан алып шығатын. Көзінен аққан жасын тия алмай, көп уақытқа дейін өксігін баса алмай жылаушы еді. Күніне екі-үш рет ат арбаға салып өлгендердің мәйітін алып кетіп жатады. Олардың кімдер екенін, қайда апарып тастағанын ешкім білмейді. Бұл күнде көріп, көз үйренген жай.

Бір жолы әдеттегідей ұсақ-түйек іздеп базарда жүргенбіз. Насиқа бүйірімнен түртіп тоқтатты. Нұсқаған жағына қарап едім, аяғын ілби басып, әрең жылжып бара жатқан адамға көзім түсті. Үсті-басы алба-жұлба, сақалы қауғиған біреу. «Бұл кім?» дегендей Насиқаға жалт қарадым. «Кенен саған не болған? Танымай тұрсың ба? Іңкәрбек қой!» дейді. Тап қазір көрден шыққандай бейшараның тұрпаты адам көргісіз, аянышты. Беті көнектей болып ісіп кетіпті, ар жағынан екі көзі жылтырап әрең көрінеді.

Сол жерде бауырым-ау! деп бас салдым. Насиқа шырылдап жылап жүр. Тіпті даусы қатты шыққаны сонша, өзге жұрт аңтарылып қарайды. Іңкәрбекті екі қолтығынан сүйемелдеп үйге әрең әкелдік. Әбден арып кеткен, құр сүлдері қалыпты. «Көке-ау, сендерді іздеп келдім ғой» дейді. Екі иығы бүлкілдеп жылаған болады. Жылауға да дәрмен қалмапты. Іңкәрбек содан қайта оңала алмады. Бірер күннен соң қайтыс болды. Бар айтқаны: «Көке, Жапарбек пен Нұртайды тауып ал. Балалар үйіне алып кеткен» деуге ғана шамасы келді.

Қырғыз елінде көп болған жоқпыз. 1933 жылы елге қайттық, дейтін





шешем сол сұрықсыз күндерін еске алғанда. Ауыл-аймақ, ағайын арасы тым сиреп қалыпты. Қарғыс атқыр аштықтан келген бұл шығынды кім есептеп жатыр дейсің? Ол кезде мұның бәрі қасақана жасалған «науқан» екендігі ешкімнің де қаперіне кірген жоқ. Өмірден мол тәжірибе алған, көкірегі ояу дейтін Кененнің өзі де көңіліне қаяу түсірген осы жайды терең ұғына алмап еді. Жүрегі әлденеден шошынғандай, дүдәмал күй кешетін.

Іңкәрбектің балаларын іздеп көп өуре болды. Тоқмаққа, Алматыға, Таразға тағы басқа мекемелерге сұрау салған хаттарына, «мұндай фамилиядағы балалар бізде тіркелмеген» деп қысқа жауап келетін. Бірде ертеңгі шәйімізді ішіп отыр едік, есіктен аңқалаңдап Жапарбек кіріп келгені. Улап-шулап, Жапарбекті кезек-кезек кеудемізге басып, қуанып қалдық. Әсіресе, Кенен, баладай елпелектеп, орнынан бір тұрып, бір отырды.

Жапарбек бала кезінен естияр, елгезек еді. Қағазға жазып тіркеген кезде атасы Әбденбайдың да, әкесі Іңкәрбектің де атын айтпай, Кененнің атымен жазылыпты. Бұлардың табылмай жүргені де сондықтан екен. Неге өйттің? деп сұрап едік. Атын халық біледі ғой, бірінен бірі сұрап, түбінде бір іздеп келер деп ойлағанмын, дейді күліп.

Темір жолдың бойында өскен бала ғой. Тараздағы балалар үйінен қашып шығып, Отарға қарай ағылып жататын пойыздың бірімен жеткен екен. Кенен бұған жас баладай мәз болып: «Болсын ендеше, бұдан бастап сен де, Нұртай да менің баламсыңдар. Кененов Жапарбек, Кененова Нұртай боласыңдар» деді. Бірер күннен соң Жапарбек екеуі Таразға барып, Нұртайды алып қайтты.

Жапарбектің бұдан кейінгі өмірі Кененнің өлеңдерінде айтылған. 18 жасында соғысқа сұранып кетіп, қайтпады. Өжет, жаны жәй таппайтын жүректі еді. Артында тұяқта қалған жоқ. Көңілге медет етері ақынның өлеңінде қалғаны. «Сағындым-ау Жапарбек!» дейтін әні де бар.

*«Жапарбек, сағындым-ау шошақ басым,
Тілеуші ем аман қыл деп ошақ басын.
Артынан Қыдырбектің кеткенімде,
Қалдым-ау, қоштаса алмай талдырмашым.*

*Тетелес көркем туған май құйрығым,
Аузыңа асатып ем қой құйрығын,*





*Жауды жеңіп жарқырап аман келгің,
Сүйе де алмай қалдым-ау, жас сүйрігім».*

Сол саясаттың ішінде жүргендер, соны өз қолдарымен жүргізгендер болмаса, қарапайым адам оны қайдан білсін. Қазан төңкерісі – тап күресін туғызды. Кедей мен байға бөлінген жұрт бірін-бірі аяусыз қырды. Бұдан кейін бай-кулактарды құрту керек болды. Олардың бар мүлкін, малын тәркілеп, күшпен жер аударды. Мұнда да адамдар жазықсыз қырылды. Бұл аз болғандай ұжымдастыру науқаны басталды. Күштеп жасалған бұл науқан да талай адамның тағдырын тәлкек етті. Соңғы тұяғына дейін қалдырмай малын сыпырып алған жұрт аштықтан қырылды. Есеңгіреген елге есін жинауға мұрша берместен, 1937-38 жылдың қуғын-сүргіні басталды. Ендігі жерде қазақтың қаймағы, оқыған, көзі ашық азаматтарына қырғидай тиді. Көбісі атылды, жер аударылды, ұзақ жылдар түрмеге тоғытылды.


Осының бәрін халықтың жадынан шығарып, ұмыттырып жіберетіндей амал қажет еді. Оның да орайы табыла кетті. Бас-көзге қарамай, Ұлы отан соғысына кірдік те кеттік. Миллиондаған адамдар тағы қырылды. Оның ішінде қазақтар да еселеп саналады. Бұл қалай болды? Қайда кетіп барамыз? Бұлардың сауабы қайсы? Бұл сауалға тереңнен қозғап, жауап берген ешкім болған жоқ.

Мұның бәрі кеңес дәуіріндегі ахуал. Тәуелсіздік кілті қолымызға тиген күннен бастап саясаткерлер де, тарихшы ғалымдар да, білікті деген азаматтар да қазақтың басына түскен сол бір нәубеттің шымылдығын түріп, шындықтың көзіне тік қарауға ұмтылып жатыр. Талай сұрқия істің беті ашылып, көп жайдың сыры мәлім болды. Ашылмай қалып қойған, тарихтың тұңғыығына батып, құрым болған дүниелер қаншама.

Менің қолымда «Жас Алаш» газетінің 2004 жылғы 2-қыркүйектегі нөміріне басылған жас кәсіпкер, білікті азамат Ораз Жандосовтың көлемді сұхбаты тұр. Бұл қазақ тарихында аты қалған, атақты мемлекет қайраткері Ораз Жандосов емес, Ораздың үш ұлының кенжесі Әлидің баласы. Атасының рухы өлмесін деп есімін Ораз қойған.

Атасы Ораз Жандосовтың үш ұлы болғаны белгілі. Едіге, Санжар, Әли. Едіге жастай қайтыс болып кеткен. Үлкен қызметтерде болған, қоғам қайраткері Санжар Жандосовтың есімі жұртқа танымал. Оның әйелі Ильфа Жансүгірова – қазақтың ұлы жазушысы Ілияс Жансүгіровтың туған қызы. Анасы Фатима Ғабитқызы Ілиясқа тұрмысқа шығып, қыз туады. Сөйтіп өздерінің есімінен бір-бір буынын алып, қыздарының атын Ильфа деп қойған.





Осы мақалада Санжар өзінің туған немересінің атын Кенен деп қойғаны айтылады. Атасы Ораз Жандосов халық жауы атанып түрмеге қамалғанда, жағдайын сұрап баруға ешкімнің жүрегі дауаламай, Кенен ақын ғана іздеп барған екен. Осы деректер бізді көп кейін шегінуге, сол бір зұлмат дәуірді көзімізге елестетуге мәжбүрлейді.


Кенен мен Ораздың таныстығы қазіргі әдебиет зерттеушілері жазып жүргендей кеңес үкіметі кезінде емес, одан көп ерте басталған. Жамбылды жағалап, жыраудың ауылына жиі баратын Кенен Оразды сол ауылдан көргенін айтады. Бұдан соң Ұзынағаштағы үлкен мал базарында жолықтырып, біраз әңгімелескен едік дейтін. Ал 1916 жылғы дүрбелең кезінде, одан кейін де Ораз Жандосовты бірнеше рет кездестірген. Сол кезден бастап екеуінің арасындағы байланыс, Ораз халық жауы ретінде атылып кеткенге дейін, яғни 1938 жылға дейін үзіліп көрген емес.

Кенен үшін Ораз кеңес үкіметін құрысқан жәй әріптес қана емес, ақындық, әншілік өнерінің қалыптасуына үлкен ықпал еткен азамат. Жаңа дәуірдің мән-мағынасын түсіндіріп, ақынның өмірде болып жатқан өзгерістерді тез қабылдауына, жатырқамай белсене араласуына көмектескен адам. Тіпті Кененнің сол кездегі көптеген өлең-жырларына бағыт-бағдар көрсетіп, кемшіл тұстарын айтып, тақырып тауып беретін болған. Өйткені Ораздың өз бойында да ақындық, жазушылық қасиеттер мен мұңдалап тұратын. Мықты қаламгер, тегеурінді журналист еді.

1919- 1923 жылдар аралығында екеуі қатар жүріп, қызметтес болды. Бірі Жетісу губерниясының басшысы болса, бірі Қордай болысы ревкомының төрағасы қызметін атқарды. Сауатсыздықпен күрес, іштегі арпалысқан жаулармен, топ-топқа бөлініп елді тонап, берекесін алатын ақ гвардияшылармен күрес. Кімнің дос, кімнің қас екенін білмей сенделген адамдарды үгіттеп, райынан қайтару. Бұл айтуға ғана оңай. Оның ар жағында күн-түндемей ел ішінде болу, қаруын кезеген жауға кеуденді тосып, «қанға-қан, жанға-жан» дейтін бітіспес майдан тұрған жоқ па? Осының бәрінде де Кенен Ораздың қасынан табылды.

Сәкен де, Ілияс та, Қуаныш та халық жауы атаныпты, жер аударылыпты дегенді естіген сайын Кененнің жүрегі үркіп, көңілін мұң бастатын. Кеше ғана қазақтың бүкіл маңдайалды азаматтарын (ішінде қарт жырау Жамбыл да бар) Мәскеуге жинап, көл-көсір дастарқан жайып қонақ еткендер, бүгін езулері қисайып шыға келгені қалай? 1936 жылғы Қазақстан өнері мен әдебиетінің онкүндігіне Жәкеңді қолтықтап





Кенен де барған. Сондағы алған әсері мен көргендерін айтып бітіре алмай жүргенде, Мәскеуден келген мына селебе ақынның есін аударып, жанын түршіктіргендей еді. Кремльдің кең сарайында жайылған дастарқан қуаныш мәзірі емес, жаназаға жайылғандай көрінетін.

1938 жылы кезек Оразға да келіпті. Халық жауы Ораз Жандосов отбасымен бірге Қоқанға жер аударылатын болыпты, дегенді естіген Кенен төртөбеліне қарғып мініп, қамшы басты. Ымырт жабылғанша аттан түспей, іштегі күйігін, күңіренісін оңаша қалып тау-таспен бөліскен еді.


Жергілікті атқамінерлердің: «Кенеке, халық жауының алдынан шыққаныңыз сізге де, бізге де оңай тимейді. Басымыз бөлеге қалады. Бұл райыңыздан қайтыңыз!» дегеніне қарамай, Оразды алып келе жатқан «конвойдың» Қордай асуынан өтетін күні алдынан шығып, қоштасқан екен. Ораз сол кеткеннен қайтып оралған жоқ. Бұл аз дегендей артынан бүкіл отбасын, бала-шағасымен өзбек жеріне жер аударды. Одан кейін Маңғыстауға, Құлсарыға айдалды. Небір азаппен тауқыметті көрген Ораздың ұрпақтары 1957 жылы ғана Алматыға қайта оралды. Кененнің осы оқиғаға байланысты шығарған «Қош аман бол, Оразжан!» деген асқақ әні Ораз Жандосовтай қазақтың біртуар ұлына, замандасына, көзкөрген досына арналған мәңгі ескерткіштей қазақтың көгінде әлі шырқалып тұр.

«Басымыз бөлеге қалады» деп бәйектеген жандар, тап сол кезде Кененнің жайын емес, өздерінің қарабасын ойлап қалтыраған, тартпасы бос, борпақ адамдар еді. Оны Кененнің өзі де жақсы білетін. Кеңес үкіметін жақтап, жалпаң қағып жүргендерің ішінде жалтаңкөз, басына күн туса жалт беріп өзіңнен сырт айналатындар да табылады. Менің бұл қылығымды естіген үкімет, маңдайымнан сипай қоймас деп түйген ақын неде болса артын күтті.

Көп уақыт өтпей-ақ «Ауданда кезекті жиналыс болады. Соған ауылдық кеңестің басшысы Кенен Әзірбаевта шақырылады» дейтін хабар келді. Алаңсыз жұрт бұған аса мән бермеген де шығар. Көңілі сергек Кенен бұны бірден сезді. Насиқа мен қызы Ұлтайды құшағына алып, екі жасқа енді толған Төрткеннің маңдайынан иіскеп: «Көп кідірсем, әкеңнің қолына көшіп бар. Аққа – құдай жақ демейме. Құдай қаласа, бірер күнде келіп қалармын. Аман-есен қауышуға жазсын!» деген. Бірақ Кенен сол кеткеннен мол кетті.

...Тергеушінің алдында өзі жайлы жазылған домалақ хат, жерлестері (ішінде Насиқаның туыстары да бар) қол қойып бекіткен хаттама жатыр. Бұлардың кімдер екені, не туралы жазғандары Кененге айтпаса да түсінікті болатын. Ақыры түрмеден бірақ шықты.





Тар камерада үш адам жатады. Қасындағылардың қамалғанына көп уақыт болса керек. Нағашысының үйінде жатқандай көсіліп, көп уақытын ұйқыға береді. Көптен алынбаған сақал-мұрттары сарғайып кетіпті. Денелерінен ыстың иісі шығады. Көздері шүңірейіп, құр сұлдері ғана қалған. Осылардың ұсқынына қарап-ақ, мұндағы жәйдің қандай екенін сезуге болатын еді. Кененнің есіне сонау жылдары қуғындаудан қашып қырғыз жерінде жүріп шығарған «Бұлбұлға» деген әнінің екі жолы орала кетті. «Ер жігіт тіршілікте нені көрмес, ер болса қасіретке бойын бермес...».

Беті ісіп, еріндері жырылып кеткен қартаңдауы Кененді әңгімеге тартқысы келеді. Шала болса да, қазақша біраз сөздер біледі екен:

- Мен украин. О,о алыстан. Город Саратов. Знаешь? Сеники жаман статья. Ұрды-соқты, қол қойма. Сеники дұрыс болады, дейді. Сөзінен гөрі, қолдарымен көрсеткен қимылдары көп. Бұдан Кененнің ұққаны, ешнәрсеге қол қойма, мойындама дегені. Ал ұрып-соғатыны былайда белгілі жәй.

Белін былғары белдікпен қатты тартып алған, аяғында сықырлаған хром етігі бар тергеушінің алғашқы сөзі:

- Халық жауы Әзірбаев Кенен деген сіз боласыз ғой? Кіріңіз, болды.

Аты-жөнімді, қайдан екенімді, қандай істер атқарғанымды тайға таңба басқандай тізбектеп айтып шықты. Тіпті сонау бозбала кезімде Мөртай сұлуды алып қашамын деп басым дауға қалғаны, Еркебай Базаровпен бірге Тоқмақтан астық сатып алғанымға дейін тәптіштеп айтты. Өзім туралы, тіпті өзім жарытып білмейтін небір оқиғаларды естігенде таңданысымда шек болған жоқ дейтін. Менің әрбір қадамымды, әрбір істеген ісімді қадағалап, біліп, соның бәрін қағазға қалай түсіріп отырған?

Жаны жақсылықтан сусындаған, баладай аңғал ақынның таңқалатындай да жөні бар. Өйткені жамандыққа бару, біреуге нақақтан жала жабу, өтірік-жалған сөйлеу сияқты жаман қасиеттер пейілі таза, жүрегі ақ, бала мінезді ақынның табиғатында жоқ нәрсе еді. Тергеуші неше түрлі сұрақ қояды. Оның көбі Кененнің қаперіне емес, түсіне де кірмеген сұрақтар.

- Байларды тәркілеп, жер аудару кезінде, олардың отбасын, малын Мәтібұлақтың жартастарына тығып, жасырғаныңды мойындайсың ба? Кеңес үкіметіне қарсы әрекет ұйымдастырған Құлажан Ақатаевтың жақтасы болғаныңды біз жақсы білеміз. Бұлтарпайтын дәлеліміз жеткілікті. Мойныға ал. Рас, деп қол қой дейді. Менің ақталған сөзіме құлақ та аспайды. Қол қоймасаң, ендеше, мә.... «Мә!» деген сөзден





соң не болары белгілі ғой. Бірінші тергеуде Кенен қатты соққыға жығылып, екі күрек тісінен айрылды.

- Патшаның тыңшысы болған, Колпаковсийдің мекемесінде қызмет атқарған Еркебай Базаровты қолдап-қорғағаныңды мойында. Байларды тәркілеу кезінде екеуің жалған құжат жасап, өтірік мағлұмат бергенсіңдер. Қылмысыңды мойныңа ал, дейді. Ақын қарсылығын білдіреді. Оның арты тағы да «мә»...Бұл жолы Кененнің екі қабырғасы сынып, ауыз тістері түгел дерлік босап қалды.

- Сенің арқа сүйерің Жамбыл ғой. Ұстазым дейсің, қамқоршым дейсің! Оның өзі де үш әйел алған. Бұрынғының қалдығы. «Тентек шалдың» да кезегі келеді әлі. Жамбыл келіп, қолымнан жетектеп әкетеді деп ойлама. Өзіңе тағылған қылмыстың бәрін мойындасаң ғана жол ашық, дейді көлгірсіген тергеуші.

Бұған Кенен не десін? «Мың асқанға, бір тосқан». Билігіне мастанып, желке жүнін күдірейткен хайуан. Сол айтқан зауал саған да жетер» дейді. Әрине, мұның бәрі іштей ғана айтылған, іштей булыққан ақынның ашуы, ыза-кегі еді.

- Сәкеннің, Ілиястың, Бейімбеттің құпия іс-әрекеттері әшкереленді. Бәрі де шетелдің тыңшылары. Солармен ауыз жаласып, кеңес үкіметін құлатуды көздеген. Сен де соның бір пұшпағысың. Бұл аз болғандай нағыз «контра» Ораз Жандосовқа ән шығарғаның рас па? Ақындықты, әншілікті бет перде етіп жүрген сен де халық жауысың. Мойында, болмаса атыласың! дейді жер текпілеген тергеуші.

- Қаласаң, мен Ленинге де, Сталинге де ән шығарған адаммын. Сәкенмен де, Ілияспен де дәмдес болған ақынмын. Ақын өз жүрегіндегісін айтады, көзбен көріп, көңілге түйгенін айтады. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» дейтін бабадан қалған нақылды білмеуші ме едің? Сәкен, Ілияс сияқты сұңқар ақындардың жау болып қатталғанына емес, намысының тапталғанына жаным күйінеді. Олар жау болса, ақындардың бәрі де жау. Білгеніңді істеп қал! деп еді. А, солай дедің бе? «Мә» саған...

Бұл жолы Кененді екеулеп тепкіледі. Талып қалған ақынды су құйып қайта тұрғызды. Қолына қалам ұстатып, күштеп қол қойғызды. Неге қол қойғаны, не үшін қойғаны құпия болып қалды. Құр сүлдесі қалған ақынды сүйретіп камераға апарып тастады. Не болғанын екі күннен соң есін жиған Кененнің өзі де білген жоқ. Қасындағы бейкүнә, сорлы шал ғана: «Кенен, тірі қалдың. Слава богу!» деп елпең қақты.

Төрт айға созылған тергеу, қорқыту, күш көрсетуден запы болған ақынның денсаулығы бірден сыр бере бастады. «Үш күннен кейін, адам көргеде үйренеді» демекші бұған да көнігеді екенсің. Түрменің





айғай-шуына, таң атқанша басылмайтын адамдардың ыңырсу мен шыңғырған даусына құлағым үйренген, алғашқы күндегідей емес, алаңсыз жата беретін едім, деуші еді.

Күндер апталап, айлап өтіп жатты. Бұл құрсаудан енді құтылу жоқ екенін сезінген сайын ақынның жүрегі сыздап, жарық дүниеден түңілгендей күй кешетін. Қапысын тапса шындықты аяққа таптап, әділеттілік дейтін киелі ұғымның өзін тас-талқан етуге болады екен-ау!

Шұбатылған жіп сияқты бірінен соң бірі келіп жататын ой түбіне кім жеткен. Өз ойымен арапалысып жатып ұйықтап кетіпті. Түсіне, басында ақ орамалы бар, әппақ көйлек киген әйел кірді. Анасы Ұлдар екен. «Балам-ау, жаймакекілім-ау! Не боп кеткенсің?» дейді. Даусы алыстан шыққандай әрең естіледі. Мақпалдай жұп-жұпсақ алақанымен шашынан, маңдайынан сипап өбектеп жүр.

- Мә, мынаның ұшынан ұста, деп орамалын шешіп, қолына ұстатты. «Менің соңымнан қалма, алысқа, ел баспаған жерге алып кетемін» дейді. Өзі болса ұзап кетіп барады. Қолындағы орамалы әппақ болып, артында шұбатылып жатыр.

- Апа, апатайым тұра-тұр. Мені тастап кетпе! Жүрегім жаман, жүрегім қысылады, деп айғайлап жатып оянып кетті.

«Кенеке, даусыңыз қатты шықты ғой. Жүрек жағымен жатыпсыз, бастырылып қалдыңыз-ау осы?, деп бәйек боп жатқан жаңадан келген көршім екен. Осыдан бірер күн бұрын украин шалды тергеуге алып кеткен. Камераға қайтып келген жоқ. Оның орнына осы жігітті әкеліп жатқызды. Бұл да ақын екен. Қытайда туыпты. (аты-жөні есте қалмаған). Бұған тағылған жала да, сол баяғы «үкіметке қарсы үгіт айтқан, жасырын ұйымның мүшесі болған» дегенге саяды.

Есімді жинап, біраз жатқан соң шыдай алмай түсімде шешемді көргенімді айттым. Жеті жасымда қайтыс болған анам мені өзімен бірге алып кетпек болды. Түсімде көрген ақ орамал қайтпас сапардың, келе жатқан ажалдың нышаны сияқты. «Менің де татар дәмім таусылған шығар. Соңғы күндерім осы қапастың қабырғасында өтеді-ау, сірә!» деп түске қатысты өзімнің жоруымды да жасырмай айтып салдым.

«Кенеке, бұл не дегеніңіз? Түсінде анасын көру деген үлкен бақыт, қуаныш қой! Әппақ киім киіп анаңыз болып келген, ақ періште емес пе! Мына қапастан құтылады екенсіз. Көп ұзамай жарыққа шығады екенсіз, Кенеке», деп әлгі жігіт, тіпті сол түсті өзі көргендей әсерленіп қалды. Анау шұбатылған ақ орамал ақ жолдың нышаны. Өміріңіз ұзақ, баянды, жарқын болады екен, деп қосып қойды. Көңілің күпті,





жаның жаралы боп жүргенде, естіген бірауыз жылы сөздің өзі адамға қаншама медет, күш беретінін мұны бастан кешірген жан ғана ұғына алады.

Сөйтіп, мұнда жатқанына да бес ай болды. Қасында бірге болғандардың көбісі қайтып келген жоқ. Олардың орнына басқа біреулерді әкеліп жатты. Оның ішінде кім жоқ дейсіз? Дүңген де, ұйғыр да, қырғыз да бар. Өзіне көңіл жуатар сөз айтып, түсін жорып берген әлгі қазақ жігіт те қайтып оралмады. Бір ғажабы соңғы бір-екі апта бойы Кененді тергеуге шақырған жоқ. Тіпті, мұның бар екенін ұмытып кеткен сияқты. Өзі де, қасындағылар да бұған таңғалып қоятын.

Дүйсенбі күні еді, камераның есігін айқара ашқан күзетші: «Кенен Әзірбаев, тысқа шық, заттарыңды ала шық, қалғандарың орындарыңда қалыңдар» деп өктем бұйрық берді. Әлгі маған күш көрсетіп, қоқан-лоққы жасайтын тергеуші жоқ. Оның орнында сөзі тісінің арасынан әрең шығатын, орта бойлы, дөрекілеу сөйлейтін қара жігіт отыр. «Кенен Әзірбаев сен босатылды. Мына қағазға екі жерден қол қоясың. Арабша қоюға да болады. Білмесең бармағыңды бас. Мұнда болған жәйлар аса құпия. Көрген, білгеніңді тістен шығармауға тиіссің. Жария етсең, осы жерге қайта, қалай түскеніңді білмей де қаласың. Ұқтың ба?» деді.

Ақын жарық дүниеден үмітін үзген жоқ, жаратқанның алдына тосар талай сыйы барына кәміл сенді. Ол жақсылық нышаны еді. Көмейіне ән оралып, көкейіне өлең жолдары келгендей сезінді. Бұл 1938 жылдың қараша айы болатын.

*«Үміт шіркін қашанда қашқан елік,
Кейде жазып қаламын, кейде көріп.
Тұлпардаймын көңілім қиқулаған,
Шабытыма шаршамас тілім серік».*

Мен осы жерде әкем жайлы ойтолғауымды сәл тоқтата тұрып, сәл кейін шегініс жасауды жөн көріп отырмын. Бұған себеп осы жазғандарымның бірсыпарасы әкемнен естіп білген жайлар. Ал ақынның айтпай, өзімен бірге әкеткен құпиялары қаншама десеңізші? Онысын бел баласы маған да сыр тартып айтқан емес. Өйткені мен ақынның 61 жасында туыппын. Бозбала болып бұлаңдап, жігіттік жасап сыланып жүріп жиырма жасқа келгенде әкем сексеннің сеңгіріне шықты. Орда бұзар отызға толғанымда әкем тоқсанның торғынына





оранды. Мен отыз екі жасқа енді толып, ақыл тоқтатар кезімде, тоқсан екіге келген әкем дүниеден өтіп жүре берді. Айтылмай қалған сыр да көп, сұралмай қалған сауал да жетерлік. Ең өкініштісі де сол.


Мамандығым журналист болған соң әкемнен өмірде көргені, түйгені жайлы суыртпақтап сұрай беретін едім. Көз көрген ақындар, дәмдес болған атақты адамдар жайлы ерінбей айтып отыратын. Басынан кешкен небір оқиғаларды өзінің өлең-жырларында да түйіндеп кеткен ғой.

Албырт жастық кезі, ат тізгінін тартып жігіттік құрған шақтарын, қызды ауылды торып, қызыққа батқан хикаяларын сұрауға ұялатынбыз. Ол жөнінде әкеден сұрау әбестік болса, екінші жағынан жас айырмасы тағы бар. Ал енді халықтың басына қара бұлт үйірілген сонау 20-30- жылдардағы ашаршылық туралы, одан кейінгі қазақтың көш бастаған серкелерін қырып-жойған сұрқия заман жайлы айтуды жаны қаламайтын. Оған кеңес үкіметінің жоғарыдан төмен қарай бірін біріне аңдытып қойған өзәзіл саясаты да мұрша берген жоқ. Бар болғаны: «Қарағым, ол дәуір өтті де кетті. Сендерге оны көрмеуге жазсын. Замандарың жаман емес. Білім алыңдар, оқыңдар» дейтін де қоятын.

1963 жылдың күзі. Далада ызғар жел соғып, берекені алып тұр. Көркемжан трактормен әкеліп шөп түсіріп кеткен. Соның төбесін шығарып, үйіп қою керек. Болмаса жаңбыр өтіп, шөп бүлінеді. Бүрсендеп үйге кіргіштей беремін. Ып-ыстық пешке қолымды, бетімді жылытып алып қайта шығамын. «Шаруа болар балаңды шөп шапқаннан танысың, үйкүшік болар балаңды от жаққан танысың» дейтін әкемнің өлеңі бар. Сол есіме түсіп кетіп, мырс етіп күліп жібердім. Сонда шаруасы Көркемжан, үйкүшігі мен болғаным ғой, деп күлемін. «Үйкүшік» дейтін сөздің мағынасын түсінбейтін едім, оны да әкем айтып ұғындырды. Ешкі сияқты терісі жұқа, шыдамсыз, ыстыққа да, суыққа да төзімі жоқ адамды айтады. Ондай бала бүгежеңдеп үйден, оттың қасынан шықпайды. Үйкүшік дейтіні содан, дейтін.

Өрең дегенде шөпті жинап, малды жайғастырған соң үйге кірген едім. Төргі бөлмеде әкем теріс қарап тұр екен. Үйде «Север» деген жазуы бар, кішкене радиоқабылдағыш бар еді Соны құлағына тақап алыпты. Менің кіргенімді байқаған да жоқ. Радиодан халық жауы ретінде қуғын-сүргінге ұшырағандар жайлы хабар беріп жатыр екен. Аракідік Сәкен, Ілияс, Бейімбеттердің, тағы басқа адамдардың аты-жөні айтылып қалады.






Даусымды шығарып, жөтелген болып келгенімді сездірдім. Маған жалт қараған ақынның екі көзінен жас парлап, сақалын жуып кетіпті. Әкемнің бұлай күйзелгенін бірінші көруім. Өзімде сасып қалған едім. «Е, балам, сен екенсің ғой» деп көз жасын көрсеткісі келмей жазу бөлмесіне кіріп кетті. Сол күні де, бұдан кейін де әкемнен осы жайлы сұраған емеспін. Әкем де бұл жөнінде тіл қатқан емес. Сол көрініс менің жадымда бір құпия, айтылмаған бір сыр болып қалып қойды. Беймәлім- белгісіз, сұрауы бар- жауабы жоқ көрініс.

Көп жылдар өткен соң оқуымды бітіріп, әскери қызметімді атқарып келгеннен кейін, бірер жыл баспаларда, кейіннен Ғылым академи-ясында қызмет істеген кездерім болды. Академиядағы кітапхана архивінен әкемнің өлең-жырларын қарастырып отырып, халық жаулары жөнінде жазылған екі-үш шумақ өлеңін кездестірдім. Сол шумақтарда ақынның табиғатына мүлдем келмейтін сөз тіркестері айтылыпты. Латын әрпінде жазылған екен. Мұны әлде біреудің өткізгені немесе ақынның өзі өткізгені беймәлім. Өзі өткізсе, бұған ақын қалай барады? Көп кейін, (отыз сегіз жылдан соң) 1976 жылы дүние салған ақынға ол өлеңін баяғыда-ақ алып тастауға болатын еді ғой. Сонысына қарап, ақынның өзі бұл жөнінде мүлдем бейхабар болғаны ақиқат.

Әкем жасамаған істі мен жасайын деген ой да болды. Сол бетті білдірмей жыртып алып тастағым келгені де рас. Бірақ сол кездегі ақуалды әшкерелейтін, солақай саясаттың ақын-жазушыларды зымияндықпен қалай пайдаланғанын, қорқытып күшпен қандай істерге итермелегенін білу үшін, осындай ақиқаттың болғаны да жақсы.

Бала кезімнен-ақ, әкем Сәбит Мұқановтың, Тайыр Жароковтың, Хамит Ерғалиевтың тағы басқа ақын-жазушылардың үйлеріне ертіп баратын еді. Содан болу керек атақты адамдар болса да, мен олардың үйіне жатырқамай бара беретін едім. Әкем қалаға келген сайын бір соқпай кетпейтін үйдің бірі Мұқаметжан Қаратаевтың отбасы. Әдебиет және өнер институтында қызмет істеп жүргенімде академик, сыншы Мұқаметжан Қаратаевтың үйіне мен де барып тұратынмын. Ағаның тау қозғалса да қозғалмайтын сабырлы мінезі, ақырын ғана баппен сөйлейтін тектілігі таң қалдырушы еді. «Осы Мұқаметжанды көргенде байырғының батырларын көргендей боламын. Төртбақ, мығым тұлғасы қас батырларды еске түсіреді. Ғасырлар бойы қыстың қаһарлы боранына, жаздың бас айналдырар аптап ыстығына бойбермей қасқайып тұратын Қордайдың көне жартасына ұқсатамын» дейтін әкем.





Бір жолы ғалым ағаға көңілімде жүрген сұрағымды айтып қалдым. Ақынның «Достарым» деген өлеңінде бірнеше адамның аттарын атай келіп, сізге ерекше ілтипат білдіріп, мынадай шумақ арнапты:

*«Сегізінші Қаратаев достың бірі,
Кетеді шындықты айтса көңіл кірі.
Түрмеде жатқанымда жәрдем берген,
Себепкер жүргеніме елде тірі».*

«Осы сөздің мәнін түсіндіріп беріңізші. Ақын нені айтып, нені меңзеп отыр» деп сұрадым. Әкемнің қолжазбасынан көрген, көңілге түрпідей тиетін өлең шумақтары жайлы да айтып бердім. Өзінің сабырлы әдетінен бір танбайтын академик аға менің күмәнді ойымды сөйілетіндей біраз әңгіменің шетін шығарып еді. Сенің әкеңнің бұл жерде ешқандай қатысы жоқ, деп сөзін бастады.

«Бір елі аузыңа екі елі қақпақ» деген қазақтың мәтелі бар. Сендер ондай заманды көрген жоқсыңдар. Көрсетпей-ақ қойсын. Ол кезде «бір елі ауызға екі елі емес, бес елі қақпақ қоятындай уақыт болған. Қазір де сондай. «Басқа пәле – тілден» дегенді естен шығарма. Бірін бірі «жау» деп көрсету, бірінің үстінен бірі домалақ қағаз жазып жалған ақпарат беру деген сияқты үрдістің етек алғаны соншалық, адамдар бір-бірімен араласпақ тұрмақ, сөйлесуден қашатын. Үш адам қол қойса болғаны, халық жауы болып шыға келетін. Тіпті ол аз болғандай әр мекемеге, әр ұйым мен ұжымдарға өз арасынан жау іздеп табатындай арнайы нұсқау берілетін. Мұның бәрі де жоғарыдан қадағаланып, арнайы жоспар бойынша жүргізілетін еді.

Мен сол кезде Жазушылар одағының ең жас хатшысы едім. Ондай тапсырма бізге де беріліп жатады. Қара тізімге ілінген ақын мейлі жазушы болсын амалын тауып алып қалуға тырысасың. Бірақ оған мүмкіндік бола бермейді. «Өлгеннің артынан өлмек жоқ» дегендей кейде біреуді аман алып қалу үшін, атылып немесе сотталып кеткендерді даттайтын материалдар ұйымдастырған кездеріміз де болды. Бұл амалсыздықтан туған шаралар. Сен айтқан жаңағы өлең Кененді түрмеден шығарып алудың амалы болатын. Түрме бастығына, тергеушілерге Кененді халық жауы емес, керісінше басқа қырынан, соларға қарсы көзқарастағы ақын деп көрсетіп, көзін жеткізу қажет еді.

Мұны түсінбеген кейбір даңғойлар өзімізді кінәлап, балағаттап жататын. Сол жылдардағы баспасөз беттерін ашып көрсеңіз мұндай жәйларды көптеп кездестіруге болады. Бұдан ешкім де, тіпті ең беделді, атақты дегендердің өздері қашып құтыла алған жоқ. Заман





өзгеріп, оңтайлы уақыт келгенде мұның бәрін тексеріп, ақ-қарасын айқындайтын шығар. Сен жассың ғой әлі. Дабыраң қылып, елдің құлағын елеңдетіп жүрме. Қатыгез дәуірдің жаңғырығы әлі басыла қойған жоқ. Құлағын түріп, аңдысын аңдып жүрген өзәзілдер әлі де жеткілікті. Аяғыңды аңдап баспасаң опық жейсің, сақ жүр. Айтпақшы, мұндай деректер, кітапханаларда емес, тиісті органдардың архивінде сақталуға тиіс еді. Мұнда әдейі өткізген біреу болды ғой. Кенекеңнің артынан шырақ алып түскен дұшпандарының бірі болар? деп сөзін аяқтады.


Әкем айтса айтқандай еді. Өмірінің он сегіз жылын сібірдің қалың орманында ағаш кесумен өткізген Мұқаметжан ағаның болаттай берік, қайсар мінезі, еңбекқорлығы кімге де болса үлгі боларлық жай. Халық жауы атанса да мойымай, қазақ әдебиетін өркендетуге ат салысты. Бұрын болмаған «әдебиет сыны» жанрының негізін қалап, оны үлкен белеске алып шықты. Тоқсан бес жыл ғұмыр кешіп, еңбегінің жемісін көрді. Академик атанды.

Мен үшін айтылмаған құпия, әкемнің көзінен жас боп аққан терең сырдың төркіні осылай бопты. Содан бері жарты ғасырға жуық уақыт өтсе де, ағамен болған осы әңгімені мен де аузымнан шығарып көрген жоқпын. Өкенің жүрегін жаралаған, тоқсан екі жыл бойы ішінде шеммен болып жатқан осы жайды, тоқсан екі жылдың үстіне тағы жетпіс екі жыл (өз жасым) қосып бірінші рет айтып отырмын. Бұл дегеніңіз бір жарым ғасыр деген сөз.

Әкелер, ағалар жете алмай кеткен тәуелсіздік бақытын көру бізге, біздің замандастарға жазған екен. Шапағатына шомылып, нұрына бөленіп ғұмыр кешіп жатырмыз. Ел жаңарды, саналы ұрпақ келді. Сол ұрпақтың болашағы баянды болса екен. Елдің де, ел басқарып жүрген азаматтардың да көксегені осы. Алайда жүрегіңе күдік әкеліп, көңіл алаңдатар жайлар да жоқ емес.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ, «сол өткенді халыққа неге жайып салмаймыз, кімнің азғын, кімнің сатқын екенін неге ашып көрсетпейміз? Соны көзбен көріп, бастан кешірген ағаларамыз қасымызда жүр. Солар неге үндемейді?» деп даурыққан желөкпелер аз болған жоқ. Олардың ішінде қаламы төселген тәп-тәуір ақын, жазушылар да болды. Қазақ поэзиясының ақсақалы болып қалған Әбділдә Тәжібаев ағамыз көлемді мақала жазып: «Біткен жараның бетін тырнамас болар. Өткен дүние сонымен кетсін. Ондай әбестікке бармайық» деп ағалық ақылын айтып тоқтатқан еді. Көңіл алаңдатын осындай даурықпа мінезіміз бар. Ауруын жасырған арам өледі





демекші ұрпағымызды осындай зиянды әдеттен аулақ болуға күш салуымыз керек.

Тап осы тұста халық жазушысы, шындықты шымырлата айта білетін қаламгер Шерхан Мұртазаның Қазақстан Жазушыларының XIV құрылтайында(2012 ж., 24 қыркүйек) айтқан мына сөзі еріксіз еске түседі: «Дүниеде не жаман? Бүлінген жаман...Іргенді сөгіп, қабырғанды қақыратып, шаңырағыңды ортаңа түсіретін сол. Ауызбірлік кеткенде солай болады. Ұмытылмас азабы мен шері бар ғой оның...Осыны ойламаудан емес пе, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллиндердің опат болғаны. Обалдарына кім қалды? Жалғыз Қызыл өкіметтің қанды қолы ма?...


Ауызбірлік кеткен жерде, түрлі-түрлі арамза әрекеттер, бөлежалалар, қарадай қараулықтар үстемдік алады. Топ құру, жікке бөліну, айдап салу, арандату, алдау...Осыдан кейін бүлінбегенде нең қалады?». Біраз жыл бұрын айтса да жазушының осы сөзі тап қазіргі таңда да өте мәнді, аса қажетті ойтұйын.

Бокста «ноқдаун», «нокаут» деген сөздер бар. «Нокдауны» - есеңгіреп қалды, «нокауты» - есінен танды дегенді білдіреді. Ғасырға жуық билігін жүргізген кеңес үкіметінің идеологисынан кейін халқымыз да, ұрпағымыз да есінен тануға шақ қалды. Есеңгіреп барып есімізді жинадық. Егемен ел болдық, етек-жеңімізді қымтап, жаңа қоғам құрып жасампаз елге айналдық.

Әр заман, әрбір кезең өзінің ауыртпалығын ала келеді. Бүгінгі таңда соның ең қауіптісі жаһандану болып отыр. Бұның қауіпті болатыны сол - ел, жер, ұлт, жас таңдамайды.Жүздеген, мыңдаған, тіпті миллиондаған хабарламалар, алуан түрлі деректер, әсіре бояуға малынған музыкалық көріністер, адамның есін аударатындай қаптаған мағлұматтар түсіп жатады. Осының бәрін күндіз-түні көріп, құлағына құйып жатқан жас өркенге қалай араша түсеміз? Гәп, осында. Бұл «тажалдан» тегеурінді, тарихи тамыры тереңде жатқан, тілі мен ділі бұзылмаған, текті ел ғана аман қалады.

Өкінішке орай батыстың даңғыр-дұңғыр әуеніне, абажақ мәдениетіне әуес, соған бүйрегі бұратындар аз емес. Соларды биік санап, өз тілі мен әдет-ғұрпынан, тіпті елінен жерігендерге не дейсіз? Сатқындық пен жамандық міне осылардан шығады. Өз елін менсінбей, өзгені пір тұтатындар жоқ емес, бар. Болмаса «қазақ поэзиясының пайғамбары» атанған, кемеңгер Абайға тіл тигізер ме еді? Ақынның «мен ішпеген у бар ма?» дейтін өлеңінің парқын түсінбеген бейшара:





«Абай да апиын тартқан, нашақор болған» дер ме еді.

Жыр дүлейі, төкпе жырдың құдыреті Жамбыл бабамызға: «Жамбыл деген ақын болмаған. Жамбылдың атақ - даңқы қолдан жасалған, жасанды ақын» деп көлгірсігендерге не айтасыз?

Осының бәріне адамның миын лайлап, санасын тұмшалап, ұлттық намысын тұншықтырып жатқан жағандану кінәлі десек артық айтқандық болмас. Ертең-ақ «Кенен ақынның осындай өлеңі бар екен!» деп жерден жеті қоян тапқандай, «сенсация» жасағыш желөкпенің шыға келмесіне кім кепіл? Лайым, осындай жетесіздерден, «уызынан» жеріген желөкпелерден сақтасын!


ҚАС ЖҮЙРІК ҚОСЫЛМАЙДЫ ҚОЮ ШАҢҒА

Ғасырлар бойы халқымызбен біте қайнап, бірге жасасып келе жатқан өнердің көне түрі – айтыс. Оның ауқымы кең, мән-мағынасы тереңде жатыр. Ру мен рудың арасын ғана емес, тіпті ел мен елдің арасын татуластыратын, тіпті жауластырам десе жауластырып жіберетіндей ықпалы зор өнер. Айтыс өнерінің құдыреттілігі де, өміршеңдігі де сонда.

Сонау Қабан, Сүйінбай, Кемпірбай, Түбек сынды таңды таңға жалғап жыр төгетін айтыскер ақындар легі мұнымен аяқталмайды. Ол Бақтыбай, Майкөт, Шөже, Жиенбай, Қарқабат, Қатаған, Сарбас болып жалғаса береді. Осындай қоңыраулатқан ұлы көштің соңын ала Жамбыл бастаған ақындардың жаңа легі келді. Бұлар жаңа дәуірдің бастауы болған өнер саңлақтары еді. Солардың бірі әрі бірегейі Кенен Өзірбаев.

Ақыннан ақынның айырмасы көп. Бірі табаны қызған сәйгүлік сияқты ылди-өрге бірдей шабатын арқалы ақындар. Енді бірі табиғаттың өзіндей жаны сұлу жаратылған дарынды ақындар. Ештеңеден жасқанбайтын, табан асты сөз табатын суырып салма ойы ұшқыр ақындар. Осылардың бәріне тән ортақ қасиет елдің тарихын, өткені мен бүгінін бүге-шігесіне дейін білетін сұңғыла, шежіре, шешен болып келетіні.





«Бірден сен бола алмайсың жақсы адам» дейтіндей бұл қасиеттердің бәрі ақынның бойына біртіндеп сіңеді. Көп жылдық тәжірибеден келеді. «Ақынды баптау, жүйрікті баптаумен бірдей» дейтін еді Кенен. Жас ақындардың өзінен көп жас үлкен ақындарды жағалап, солардан айтыстың қыр-сырын үйреніп, батасын алатыны сондықтан. Жамбыл Сүйінбайдың сынынан өтсе, Кемпірбай Шөженің мектебінен өткен. Кенен де көненің көзіндей болған Сарыбас ақынды пір тұтқан.


Бұрынғының ақындары атағы шыққан ақын болса арнайы іздеп барып айтысқан ғой. Соның бір айғағы Біржанның сонау арқадан ақын Сараны іздеп баруы. Айтыс жария болуы да, жасырын болуы да мүмкін. Кей ақындар үстіне адам кіргізбей бетпе бет отырып айтысқанды жөн көрген. Бұл жерде мақсат бір-бірін тұқыртып жеңуде емес, сөз сайысына түсіп тәжірибе алу. Палуандар сияқты аңдысып, бірінің әдіс-тәсілін бірі қабылдау болған.

Естігені бар, көзбен көргендері бар, Кенен сол ақындар жайлы, олардың өлең бастардағы шабыт шақыратын айла-әдістері туралы көп айтатын. Айтып қана қоймай, көп ақынның қимылын айнытпай салып беретін еді. Сүйінбай өлең айтарда «сақал-мұртын сылап, оң қолымен сақалын тарап, желпіп-желпіп алады екен. Бұл әдет жалайырдың дүр ақыны Қабан жыраудан қалған дейді.

Менің ұстазым Сарыбас ақын өлең айтарда өзін-өзі қамшылағандай екіленіп, оң құлағын бұрап-бұрап алатын еді. Мұндағысы шабыт шақыру, көмейіне келіп қалған сөзді сыртқа шығару үшін жасалатын әдіс. Мұндай әдет арқалы ақындардың бәрінде болған. Ақындарды бақсының бір түрі дейтіні сондықтан. Осындай дағды атақты әншілерде де бар. Ән саларда домбырасын басынан асыра көтеріп дауыс шақырып, елдің назарын өзіне аударады. Сарыбастан көргенімді кейін мен де жасайтын болдым. Онсыз ақынның да, әншінің де аузына сөз түспейді, шілдедегі бұлбұлдай үні шықпай қалады.

Жамбылдың жыр төгерде жеміне ұмтылатын бүркіттей қомданып, жан-жағына қырандай көз тастап алатынын талай көрдім. Домбырасын қатты сабалап, екі иығын бүлкілдетіп біраз отыратын еді. Әбден бабына келді- ау дегенде өлең-жырлары түйдек-түйдек болып шыға бастайды. Енді оны тоқтату мүмкін емес. Екпіндеткен жорға сияқты термелетіп ала жөнеледі. Сөздің небір асылдары, жақұттай жарқылдап төгіліп жататын еді. Сөз маржанын ақынның кеудесіне





біреу шелектеп құйып жатқандай көрінетін. Өлең-жырды осылайша төкпелетіп айту көбіне қырғыздың ақындарында кездеседі. Кейін төкпе жырдың осы тәсілін Жәкеңнен біз үйрендік.

Атақты Қалқа ақын өлең айтқанда аузын алақанымен қалқалап алатын еді. Кәдімгі бір іштегі сырын құпиялап айтатын ақын сияқты көрінетін. Қызған сайын өлеңді үсті-үстіне төпелеп адамның есін алатындай шабытпен жырлайды. Осының бәрі жұдырықтай адамның қай жағынан шығып жатыр деп таң-тамаша қалушы едік.

Маған тетелес Бейсембай деген ақын болды. Оқығаны бар, сауаты болатын. Ол өлеңді қағазға қарап отырып айтатын. Онда да айтар сөзін қағазға түртіп-түртіп алып, анда-санда көзінің қиығын сала отырып, төкпелетіп айта беретін еді. Бұл енді Абайдың дәуірінде пайда болған хат арқылы айтысудың бір түрі болса керек. Мұның өзі атақты Сара ақынның өлеңмен жазысқан хаттарын еске түсіреді.

Оңтүстік өңірден Италмас деген ақын шыққан. Ол өлең айтса да, айтысқа түссе де жұрт алдында екі қолын артына ұстаған күйі түрегеп тұрып айтады екен. Үйтпесе аузына сөз түспей, өлең айта алмайтын болған. Тіпті қойдың жауырынына немесе алақанына қарап отырып, кәдімгі кітап оқып отырғандай жыр төгетін ақындар да болған. Мәселен, Әмір ақын алақанына қарап өлең айтатын еді.

Домбырасы күмбірлеген ақындарға кейіннен сырнайға дауыс қосып айтатын ақындар легі қосылды. Солардың ішінде өз ерекшелігімен есте қалғандары Шашубай, Тайжан, Нартай деген ақындар. Шашекеңнің өлең-жырларын талай естідім. Ақын көбіне ат үстінде, үзеңгіге аяғын тіреп қойып айтқанды ұнататын. Шашубай ақынның ерекшелігі қазақ жеріне кең тарай қоймаған цирк өнерінің кейбір элементтерін, өзінің ақындық өнеріне үйлестіре білгенінде. Ақын сонысымен дара тұрды, ел есінде сақталып қалды.

Нартайды да, Тайжанды да 1936 жылдан бері жақсы білемін. Жамбылды қолтықтап Мәскеу бардық. Өнерімізді көрсеттік. Ал Нартай екеуміздің жас айырмамыз 5-6 жыл. Бес жас бел құрдас, деп әзілдесе беретін едік. Сол таныстығымыз кейін достыққа, үлкен силастыққа айналғанын жұрт жақсы біледі. Басымыз қосыла қалса сыпайы әзіл-қалжыңға басатын едік қой. Көбіне Алматыға бара қалсам, қазақтың атақты ақыны Әбділда Тәжібаевтың үйінен табысатын едік. Бірімен бірі тіл тауып, әзілі жарасатын адамдар сирек болады. Әсіресе табиғатынан сезімтал, секемшіл, қылт етпе мінезі бар ақындардың





арасынан ондай жайды сирек кездестіресің. Нартай екеуіміздің жарасымды, зілсіз әзіл-қалжыңымызға жұрт таң қалушы еді. Осы екеуінде әдемі әзілдесетін ақындар жоқ деп таңданатын.

Бір жолы Нартайға еріп, өлең-жырдың ордасы Сыр бойына да барып қайттым. Екі адамның құлашы әрең жететін, асаудай тулаған балығын да көрдім. Балықтың етінен әзірлеген тағамын жеп, тамсанғанымды несіне жасырайын. Қазы-қартасын, жал-жаясын салып таудай етіп алдыңа тартатын арқаның етінен бір кем емес екен. Осындай бір дастарқан үстінде Нартай:

- Әй, замандас, Кенен. Балықтың қылқаны деген болады. Бұл саған қылқып жұта беретін Қордайдың майлы қазысы дейсің бе? Абайлап же. Құдай бетін ары қылсын анау-мынау болып кетсең, «тамағына қылқан қадалыпты» дегенге кім сенеді? Неде болса Нартайдан келді демей ме мына жұрт? деп әзіл тастады. Бұған отырған қонақтар біраз күліп алды. Қолына сырнайын алып, бірқатар ән салды. Өлең айтып, ән шырқағанда бар жан-тәнімен айтатыны соншалық қияқтай мұрты едірейіп, самайынан аққан тер омырауын жуып кететін еді. Сырнайын жұлқылап, қара терге түсетін. Сонысын көріп мен де әзіліне әзілмен жауап бердім:

- Нартай-ау, қалжа жеген әйелдей сел-сел болдың ғой. Жынын шақырған бақсыға ұқсамай, андағы шиқылдауынды тастап, қолыңа домбыра алсаңшы. Домбыраның қоңыр үні ақынды терлетпейді, қайта жаныңды тербетіп, рахатқа бөлейді. Бет орамалымен бас көзін сүртіп әлекке түсіп жатқан Нартай менің сөзіме мырс етіп күліп, маған құлана қарады.

- Домбыраға айтар дауым жоқ. Сонда да мың құбылған сырнайға жетпейді ғой. Сырнай тартсам құлағыма жұмақта жүрген қор қыздарының сықылықтаған күлкісі келгендей болады. Денем балқып, шабыттанып, солардың арасында жүргендей сезінесің деп әзілдейтін. «Сері Кенен, пері Кенен, сеніңде сол қыздардан бар ғой дәмең» деп сөзінің аяғын өлеңге айналдырып жіберді. Бұған күлмеген адам қалмады. Табан астында туатын тапқырлық деген осы.

- Қордайдың бір тойында сенің әңіңе еліккен бір топ қыз-келіншек, соңыңнан қалмай жайлауға шығып кетіпті ғой, Кенеке? Мына жұртқа сол әңгіменді айтып берсеңші, деп ақтарыла күлуші еді.

Тайжан (Тайжан Қалмағамбетов) аққұбаша келген, жұқалаң мұрты бар, қағылез жігіт. Есесіне даусы зор, арқалы ақын болатын. Мәскеуде





жаңылмасам, «Әгугай!», «Тайжанның әні» деген туындыларын орындады. Даусының биіктігі сондай бүкіл залды жаңғыртып жібергендей болды. Кейін қонақүйге келген соң:

- Неге сонша айғай салдың? Құлағымыз тұнып қалғандай болды деп едім.

- Кенеке, қалың топтың алдына шыққан кезде, арқам қозып кететін әдетім бар. Бір құдырет бойыма күш бергендей сезінемін дейтін.

Балтағұл Бигельдиевпен 1963 жылдан бері хат алысып тұрдым. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында қоғамдық жұмыстарды бірге атқарыстық. Мен Қордай елінде, ол Балқаш жерінде еңбек етті. Жер қашықтығына қарамастан бір-бірімізді іздеп баратын едік. Менің атақты Ләтипа ақынмен айтысыма куәгер болған ақын. Балтағұл үйленгенде күйеу жолдас болып та барғанмын. Балқаш, Бақанас, Бестораңғыл, Топар деген жерлерді аралап, талай жерлің дәмін татқан едім. Балтағұлдың бойынан ақындықтың желі есіп тұратын:

- Әрі шешен, әрі ақын Бөлтірік атаң сияқты неге болмайсың? Соның ізін неге жалғастырмайсың? деймін.

- Оу, Кенеке, оларға жету қайда! Мен сөз теріп кетсем, үкіметтің жұмысын кім істейді? деп әзілдеуші еді.

Менің осы сөзім қамшы болған болу керек. Кейін ақындыққа бет бұрды. Маған көбіне өлеңмен хат жазатын. Бір хатында: «Кенеке, аузыма өлең келе бастаса болды, шақшасын іздеген насыбайшыдай қалам-қағаз іздеп әлек боламын. Ұйқыда жатып, біреу бүйірімнен түртіп оятқандай атып тұратын болдым. Ақындықтың осындай да сиқыры бар ма еді?» деп жазыпты.

Тағы бір хатында Бөлтірік бабам туралы жыр бастадым деген еді. Кейін «Алматым-астанам» деген жырын жазып маған жолдапты. Оқып, сынатпаққа жіберген екен. Оқып шығып, өлеңмен былай деп хат жаздым:

*«Балтағұл көрініп тұр ақындығың,
Белгілі ниетіміз жақындығың.
Бұрынғылар айтады деген сөз бар,
«Бүкең қағып кетерміз» ақыр бір күн.*

*Алматы Қазақстан астанасы,
Тәуір екен поэмаң бастамасы.*





*Ақын болып жүргеннің бәрі сендей,
Өнерді бойға біткен тастамашы».*

«Ақындардың айырмасы болады, ән мен күйдің қайырмасы болады» дегенді Кенен жиі айтушы еді. Ақынның да, әншінің де өзіне тән ерекшеліктері болады. Тау шыңдары сияқты бірінен бірі асып-түсіп жатады. Ал олардың нарқын біліп, тұлпардай екіленген жүйрігін, сұңқардай алғырын халық таңдайды. Тиісті бағасын беретін де халық. Әсіресе айтыс ақындарының бойында мұндай ерекшелік өте көп кездеседі. Соның ішінде әсіресе мынадай бес қасиеттердің болғаны абзал.


Біріншісі – дарындылық. Бұл алланың сыйы, ананың сүтімен берілетін тартуы. Дарынсыз ақын қолтығын жазып көсіле шаба алмайтын шабан ат сияқты. Қаншама жұлқынып, домбырасын сабалағанмен, сөзінің берекесі қашып тез болдырады. Тыңдаған ел мұндай ақыннан тез жериді.

Екіншісі – шыдамдылық. Сабырлы, салмақты, байсалды болу айтыс ақындарына өте қажет. «Қасқырды ұрып жатсаң қыңқ етпейді, нар түйе ұрып жатсаң мыңқ етпейді». Айтыс барысында небір артық сөздер айтылады емес пе? Намысыңа тиетін, жаныңды жаралайтын, тіпті сүйегіңнен өтетіндей шымшыма сөздерді естисің. Әккі ақындар мұны әдейі жасайды. Қарсыласының ашуланып, сабырынан айрылғанын көздейді. Ал ашуға берілген ақын бейберекет сөйлеп, тұғырынан айрылып қалатыны сондықтан.

Үшіншісі – парасаттылық. «Ұялмайтын бетке, талмайтын жақ береді» дейтін сөз бар. Алдыңда отырған ақынның жасына, жынысына қарамай шашау сөйлеп, «бәдіктеніп» кететін ақындар болады. Жеке басының, болмаса отбасының, тіпті ата-тегінің кем-кетіктерін тергіштеп қарсыласының ар-намысын таптайтындай сөз айтады. Мұндай ақынды қазымыр, күл-қоқыстың ақыны дейді жұрт. Осындай ұсақ-түйекке бармай, қарсы ақынның өнерін, азаматтығын құрмет тұта отырып айтысқан ақынның абыройы артады.

Төртіншісі – ойдың ұшқырлығы. Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов, ақынның бойындағы осындай қасиетін, «қынаптан суырылған қылыштай» жарқ ете қалатын ерекшелік деп бағалаған. Айтыс үстінде қарсыласының сөзінен кеткен болар болмас қателікті, «қақпанның шаппасындай» сарт етіп ұстап, өзіне қарсы шебер қолдануы ақын қиялының ұшқырлығын көрсетеді. Табан астында қарсылас ақынның





апшысын қуырып, адымын аштырмай қоятын әдіс. Осындай сөз саптауы шапшаң, ұшқыр ойлы айтыс ақындарына Сүйінбайды, Жамбылды, Қуандықты, Шөжені, кейінгі толқыннан Үмбетәлі, Кененді, Нартайды, әйел ақындардан Әлмен, Ләтипа, Нұриләны жатқызуға болады.

Бесіншісі – сөз байлығы. Айтыскер ақын үшін баға жетпес қазына ол - Сөз. Сөзге шорқақ ақын шоқалақтаған атпен бірдей. Ол үшін ақынға көп іздену, көп жүру, көп білу қажет. Бұрынғылардың өлең-жырларын, айтыстарын, дастандарын оқып, судан балық сүзгендей ең асылдарын жинау қажет. Еліміздің тарихы, шежіресі, батырлар жыры ақын үшін таусылмас байлық көзі.

Бұл жөнінде Жамбыл мен оның айналасындағы ақындар жайлы сүбелі ой айтқан атақты ғалым Мырзатай Жолдасбековтың мына бір ойтүйінін келтіруге болады: «...қазақ сөз өнерінің екі үлкен айшықты мектебі бар. Бірі өмір, замана жайында терең толғанатын шежірешешендік, фәлсафалық (философиялық) данышпандық мектеп. Мұның аты сақталып бізге жеткен түп атасы Асанқайғы, одан бұл өнер ғасырлап аттап кешегі біздің ұлы Абайдың қолына тиді.

...Екіншісі – өле-өлгенше көмейі күмбірлеп, жағы талмаған дариядаңғыл жыраулар мектебі. Сыпыра жырау- түпкі атасы. Шалкиіз, Бұқар, Мұрын жырау т.б. Сондай жыраулардың ең соңғы үздігі Жамбыл... Ұлы жыраудан үлгісі Кененге көшкен. Жамбыл Сұраншы батырдың, Кенен Өтеген батырдың ұрпағы».

Ақындықтың жолына түсіп, айтыс өнерін терең игеру үшін көнеден бастау алатын осындай ғұлама ақын-жыраулардың өлең-жырларын електеп, жинап, бойға сіңіре алған ақынның ғана мерейі үстем, жүзі жарқын болары сөзсіз.



СУРЕТТЕР СӨЙЛЕЙДІ...



КСРО Халық әртісі Б.Төлегенова ақынның 90 жылдық
тойында 1974 ж



К.Əзərbayев және жазушы С.Бақберенов



Кенен Өзірбаев Қазақстан композиторларының арасында




25-й Международный конгресс Востоковедов, Москва 1960 г




К.Байсейітова, К.Өзірбаев, Нартай ақын 1950ж






Жыр алыбы Жамбылдың ауылында



Д.Қонаев, Н.Назарбаев және басқа да мемлекет қайраткерлері
ақынның 100 жылдық тойында, 1984 ж



Ақынның шәкірті Шолпанкүл Сейітов



Ақындар: Кенен Өзірбаев пен Нартай Бекежанов.
Мәскеу, 1949 ж.



Академик Ахмет Жұбанов пен Кенен Өзірбаев
1959 ж.



Ақын атақты қазақ композиторлары: Л.Хамиди,
Е.Брусиловский, Ғ.Жұбанова, М.Төлебаевтармен бірге



Кенен ақынның шәкірті Асылқұл Бұрбаев



Ә.Тәжібаев, К. Әзірбаев, М.Жолдасбеков



Кенен жұбайы Нәсихамен



КЕНЕННІҢ АЙТЫСТАРЫ

«Әнші болу бір басқа, ақын болу бір басқа» дейтін Кенен ақынның өлең жолдары бар. Бірақ солай десе де ақындық пен әншіліктің тізгінін тең ұстаған ақын. Мұның өзі сонау ықылым заманнан бері өзгермей келе жатқан үрдіс. Ән мен жыр біте қабысып кеткен ғой. Қазақтың қандай тойы болса да әнсіз, жырсыз өтпеген. Тіпті бесік тойынан бастап, адамды жер қойнауына тапсырғанға дейін ән айтылып, өлеңмен шығарып салу дәстүрге айналған нәрсе. Ұлы Абайдың «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең» деген сөзінде қаншама мағына жатыр.


Кенен айтыс өнеріне жас кезінен машықтанып, ерте араласқан. Тіпті байдың қозысын бағып, қойын күзеткен кезден-ақ айтыс десе делебесі қозып, тең құрбыларымен, жеңгелерімен келсін-келмесін айтысқа түседі екен. Сол кезін ақын былай деп өлеңге қосыпты:

*«Менің көңілім сондағы өлең айтпақ,
Жас күндегі жүрегім неден қайтпақ.
Қой күзеткен қыз-қатын шуылдаса,
Айтысамын солармен сандырақтап».*

Кенен ақынның бұрынғы жыр жинақтарында Шәлипамен болған айтысынан бастап, жалпы саны он екі айтысы басылыпты. Бұған 2017 жылы «Келешек» баспасынан жарық көрген 5 томдық шығармалар жинағына Қалқа және Үмбеталі ақынмен айтысы енгізілді. Бұлардың көбісі дидактасу, қағысу, сөз жарыстыру болып келеді. Мәселен, 1948 жылы Шашубаймен кездесуін, айтыс деуге болмайды. Бұл бірі аға, бірі іні ретінде жүздескен екі ақынның өзара силастығы, бір-біріне деген сый-құрметі деп ұққан дұрыс. Сол сияқты ақын Халимамен қақтығысуында да осындай ізет, сыйласу, жарасымды әзіл жатыр.

Кезінде жазып алу мүмкін болмағандықтан осы айтыстардың толық мәтіні сақталмапты. Бізге жеткендері кейіннен ақынның есіне түсіріп жазып қалдырған дүниелері. «Па, шіркін, есіл өлеңдер-ай! Ал шырқа, десе күндіз-түні төгілтіп айта беріппіз, айта беріппіз. Оны еске сақтап,





жазып алып жатқан жан болмапты. Үлкен жиындарда, ақындар бас қосқан айтыстарда, мереке-тойларда, қырман басында, малшылар арасында айтылған өлең-жырдың есебін кім білген?» деп ақын еске алушы еді.


Кенен айтыстарының ішінде шоқтығы биік тұратындары Шәлипамен, Ләтипамен, Әбдіғалимен айтыстары. Осы үш айтыстың болған уақыты да, тақырыбы да, мән-мағынасы да әртүрлі.

Шәлипамен айтысы ақынның жас кезінде, жүрегі шайлықпаған жас қырандай алымды шағында болған. Айтылған өлең жолдарынан кедейлік қолын байлап, намысын қайраған жас жігіттің жалын атқан жүрегін көргендей боласың. Кенен кедейлігіне мойымайды, қайта менің кім екенімді таны, алдында «теке сасыған» қойшы емес, тегеурінді ақын тұрғанын байқа деп ширығады. «Мен өзім Алатаудың ителгісі», «Арқам қозса кетермін шырғақтатып», «Жүйрік аттай самғаймын көсілгенде» деп қыздың алдында өз бағасын өзі беріп асқақтық көрсетеді. Осы жерде қазақтың атақты композиторы, профессор Еркеғали Рахмадиевтің: «Кенекен қай кезеңде болмасын өз өнерінің бағасын түсінген, өзін-өзі пір тұта білген, көңілі ханға бергісіз дарқан өнерпаз» дейтін сөзі ақынның табиғатын терең сезінуден туған болса керек.

Ақынның астындағы «қырсық» шолағы, байдың қызы мінген байталға оқыранбаса осы айтыс болар ма еді, болмас па еді? Осы сәтте Кенен көмейіне келіп қалаған өлеңді айтпай іркіліп қалса ше? Ақындықтың шымылдығы түрілмей, іштегі буырқанған жыр алауы тұмшаланып қалар ма еді? Бәрі де бір сәттік дүние. Ақынның атын шығаратын да, даңқын жаятын да бір сәт. Кенен мен байдың қызы Шәлипаның айтысын жұрт жақсы біледі. Осы айтыс жайлы ғалымдар, әдебиет зерттеушілер тамсана жазып, талай-талай іргелі пікірлер айтып қалдырған. Осы айтыстан қысқаша көрініс ақын жайлы деректі фильмде де бар. Онда Шәлипаның ролін атақты әнші-термеші Сәуле Жанпейісова орындаса, Кененнің ролінде белгілі әнші Дүйсенбек Өмірәлиев ойнап еді. Екеуінің де студент кезі болатын. Осы айтыста туған «Көкшолақ» әні бірер ғасырды артқа тастап, бізге жетті.

Жазушы-ғалым Мұхтар Әуезов айтты деген мынадай сөз бар: «Ер-теректе Жетісу өңірінде айтыстың «Тау өлең», «Жер өлең», «Шөп өлең» дейтін көне түрлері болған екен. Жазушының осы айтқанын әдебиет зерттеуші ғалымдарда қостайды. Мұндай айтыстардың ерекшелігі жұмбақтап айту. Жер-су, таулы аймақтардың, шөптердің түрлерін сұрау арқылы ақынның біліктілігін айқындау, ой өрісін білу





болған. Жұмбақ айтыстың көнеден келе жатқан үлгісі көп. Оны ақын жанынан шығарып, жұмбақтап сұрақ қояды. Мәселен ерте кезде Жалайыр Қабан ақын айтыпты деген мынадай жұмбақ-өлеңі бар. Қымыз пісіп жатқан бойжеткенге қарап отырып былай дейді:

«Керіп қойған немене?

Кете деген немене?

Малып қойған немене?

Бал татыған немене?

Аяқ асты қойылған сұраққа не айтарын білмей, қызарып, қысылған бойжеткен не дерін білмей қалады. Сонда орнына шешесі былай деп жауап беріпті:

«Керіп қойған - желісі,

Кетегесі - құлыны,

Малып қойған - піспегі,

Бал татыған – қымызы»

Сыпайы айтыс, сыйласу, марапаттау, ащы айтыс деген де түрлері болған. Уақыт өте айтыстың бұл түрлері көмескіленіп, жойылып кеткен дейді. Бұдан шығатын қорытынды. Ақын қандай тақырып болса да тосылып қалмауға тиіс. Ол үшін ақынның білгені, ойға тоқығаны шексіз көп болғаны қажет. Айтыстың қай түрінен болса да Кененнің құралақан еместігін Әбдіғали Сариевпен айтысынан көруге болады.

Кенен мен Әбдіғалидің айтысы 1943 жылы болған. Соғыстан ығыр болған елдің рухын көтеріп, жеңістің жақын екенін сездіру үшін әдейі ұйымдастырылған еді. Бұл айтыстың өзгешелігі, ұмытылып қалған айтыс түрін қайта жаңғыртуға ұмтылыс жасалды. Кенен де, Әбдіғали да бұрынғы ақындардың мектебін көрген, ысылған ақындар. Бірінің сөзін бірі іліп әкетіп, толықтырып, айтысты жандандырып жіберуге екеуі де шебер еді.

Кенен байырғы дәстүрді еске түсіріп, Әбдіғалидан қазақтың атақты батырларының, әнші-күйшілерінің қайдан шыққанын, Хантәңірі, Байқара Жамбыл тауларының қайда екенін, Жетісу өзендерінің атын атап, қайдан басталып, қайда құятындығына дейін жырлап беруді сұрайды:


«Қар өседі қылаумен,

Бала өседі сылаумен,

Ер Тарғын мен Қобыланды,

Исатай мен Махамбет,






Құрманғазы, Тәттімбет,
Қайдан шықты, жауап ет!
Жетісуды атап бер,
Малдай санап, матап бер.
Аяғы қайда құяды,
Басы қайдан шығады?...»

Әбдіғалида одан бір кем түспей сұрағына жырымен жауап береді. Кенен сұраған адамдардың шықан жерін, ататегін тәптіштеп айтқан ақын, жеті су жайлы былай дейді. Жауап өлеңнің қысқаша нұсқасы мынадай:

«Тянь- Шань, қырғыз жері Шудың басы,
Айқасып біздің жерге кемерленген.
Ертеде қырғыз, қазақ жорығында,
Жер екен ата-бабам көп өрлеген.
Айтайын Жетісудың арнасынан...
Ақсу барып Жоңғардың жонын тіліп,
Іле қиып ағады жамбасынан,
Қаратал, Көксуменен қатар түсіп,
Жарысып бір-біріне жалғасынан.
Балқашқа мың тараптан құйылады,
Қаратал кен шығарды қамбасынан.
Лепсі – Саржазықты жарып аққан,
Канал бар кең қазылған ортасынан».

Мұндағы айтпағымыз қай ақын қалай айтты, қайсысы басым түсті емес. Қазіргі кезде айтыстың осындай түрінің мүлдем ескерілмейтінін де болып отыр. Арқалы, сөзге ұтқыр ақындар да жоқ емес. Тіпті ол кездегі ақындардан әлде қайда білімді, оқығаны мен тоқығаны көп таланттар бар. Солай бола тұра айтыс неге тоқырап барады? Бұл жөнінде ақындар да, әдебиетшілер де, айтыс десе ішкен асын жерге қоятын жанкүйелер де ойларын айтып, таласты. Ешқандай бетбұрыс болмайтын секілді. «Сен саларда мен салар, атқа жемді кім салардың?» кері боп тұр. Бүгінде жазба әдебиетінің өкілдері, ауыз әдебиетінің өкілдері дейтін бұрыннан қалыптасып кеткен пікір бар. Демек, өлеңді жазып айтатындар, ауызша айтатындар бар деген сөз. Осындай екіұшты бұлыңғыр анықтамаға бір кезде Кенен де қарсы шыққан еді. Жазбаша поэзияның өкілдері бір басқа, ауызша поэзияның өкілдері бір басқа. Айырмасы жер мен көктей дегенге ақын дау айтып, өз пікірін білдірген еді. Оны ақынның көзін көргендер жақсы біледі.





Кенен сияқты жазып та, ауызша да айтатын ақындар көп. Бірақ айтыстың, айтыс ақындарының өрісі неге тарылды? - деген сауалға нақты жауап жоқ. Көбіне, кеңес үкіметі жүргізген саясатқа, сол кездегі идеологиялық ахуалға итере салады.


Бұған мынадай уәж айтсақ деймін. Ең алдымен айтыс ақындарының өз статусы болуға тиіс. Айтыс өнеріне науқандық, бір жолғы іс-шара деп қарауға болмайды. Оған кәсіби тұрғыдан келген жөн болар еді. Жазушылар одағы секілді болмаса да, айтыс ақындарының қауымдастығы деген сияқты өз орталығы болуға тиіс. Өзінің басшысы, басқару құрылымы, мүшелері, жарна төлейтін органдары болса нұр үстіне нұр дер едік. Өйтпесе, айтыс өнерін жаңғыртамыз деу бос сөз болып қалады. Сонда ғана қазіргі ақындарымыз бау-бақшасын күтіп-бағып, күз келіп науқан біткен соң кетпенін босағаға сүйей салатын диқаншының күйін кешпес еді. Айтыс ақындарының домбырасы күні-түні күмбірлеп тұруға тиіс. Ақынның өзі болса өмір бойы ізденісте, шабытын қамшылаудан бір танбауы керек. Суырып салма өнерге «кәсіп» деп қарамайынша айтыстың бағы ашылады дегенге көңіл сенбейді.

Зерттеуші-фольклорист, Кенен ақының 100 жылдық мерей тойында ақындар айтысын ұйымдастыру комитетінің мүшесі болған Мардан Байділдаевтың «Атадәстүр» деген мақаласы көп ойға қалдырады. («Лениншіл жас» газеті, 1984 ж., 20 маусым). Сонда мынадай дерек келтіріпті:

«Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1948 жылғы 29 июньдегі Указы бойынша айтыс ақындарына «Қазақ ССР-інің халық ақыны» құрметті атағын беріп тұру белгіленген еді. Бұл Указ күні бүгінге дейін күшінде. Ал, бұл атақ 1963 жылға дейін 8 ақынға ғана берілді. Бірі – Кенен. Бүгінде солардың ешқайсысы жоқ. Осыдан соң 1980 жылға дейін, арадағы 17 жылда халық ақыны атағын алған жалғыз – Манап Көкенов, Бұл не? Осы да халық ақынына деген қамқорлық болып па?» дейді.

Кенен ақынның 100 жылдық мерей тойының ашылуы М. Әуезов атындағы драма театрында болды. Үш күнге созылған айтыс өтті. Мемлекеттік деңгейде өткізілген бұл жиынды көргенде арманда, көрмегенде арманда. Сол кездегі мемлекет басшылары түгелдей қатысты. Атақты ақынымыз Олжас сөйлеп, артынан, академик ғалым Зәки Ахметов баяндама жасады. Қазіргі Елбасы – тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының: «Халық өмірінде Кенен Әзірбаев үн қоспаған, өзінің жарқын талантымен шуағын төкпеген





бірде-бір айтулы оқиға болған жоқ...Оның тамаша, өшпес туындылары бүгін де осы жауапты, құрметті істе сапта тұр» дейтін жүрекжарды сөзі осы мерекенің түйіні болғандай еді.

Бұл жерде айтпағымыз тойдың қалай өткендігі емес, Жоғарыда ғалым Мардан Байділдаев айтқандай көмескіленіп, құрымға кетіп, жойылуға айналған айтысымен халықтың қайта қауышуында болып отыр. Үш күн бойы тырп етпей айтысты тамашалаған жұрт, тіпті үзіліске шығудан бас тартып, айтысты жалғастыра беруді өтініп шулағанын көзбен көрдік. Құдайға шүкір, айтысымыз жоғалмапты. Сәл ғана көмескі тартып, шаң басқаны болмаса, саф алтындай жарқырап шыға келді. Мұның өзі айтыс өнерінің мың жылдық тарихы бар екенін, халқымыздың қанына сіңген, ажырағысыз дәстүр екенін айғақтай түседі.


19 облыстан небір арқалы ақындар қатысты. Айтыстың беташарын жасаған Манап Көкеновтен өзгелері, айтыстың табалдырығын алғаш аттағалы отырған жастар еді. Шын мәнінде өнер додасына айналған бұл айтыстың үлкен бетбұрыс болғаны ақиқат. Көңілге қуаныш әкелетін бір жәй, ақындардың жаңа бір легі келді. Әрқайсысының өзіне ғана тән мінезі, мақамы, сөз саптауы көзге бірден ұрып тұратын. Суытылған жүйріктей, жер тарпыған тұлпардай әсер қалдырды.

Көрермендердің ықыласына бөленген ақындардың ішінде, Есенқұл Жақыпов, Қонысбай Әбілов, Әсия Беркенова, Әселхан Қалыбекова, Серік Қалиев, Баянғали Әлімжанов сынды ақындар осы айтыстың көркі болды. Осы ақындардың біразына кейін халық ақыны деген құрметті атақ берілді. Ең бастысы халық қастерлейтін айтыс өнерінің әлі бар екендігіне, көнеден келе жатқан дәстүріміздің жаңғырғанына, қайта түлегеніне куә болдық.

Бұл енді кеңес үкіметінің тұсында болған жәй. Ол кезде ақындарға шектеу қойылып, артық сөз айтпауын, саясатқа бармауын қадағалайтыны жасырын емес. Соның өзінде қиыннан қиыстырып, жол тауып, халықтың көкейіндегісін дөп басып айтатын айтыс ақындарына қалай тәнті болмайсың. Ал тап бүгінгі күні Тәуелсіздік туымыз желбіреп, тынысымыз ашылған кезде айтыс өнерінің мұнша құлдырауына себеп не?

Тағылатын айып: айтысқа үкімет тарапынан көмек көрсетілмейді, бұл өнердің нағыз жанашырлары жоқ, заманы өткен, болашағы бұлыңғыр дегенге саяды. Расында солай ма? Ендеше, жүлде ретінде ақындарға мінгізіп жататын қымбат машиналар, жүздеп-мыңдап





беріліп жатқан ақша қайдан шығып жатыр? Гәп, берілетін ақша да емес, сол ақшаға құнығуда, дүниеге табынуда жатқан сияқты.

Кенен ақынның айтқан мынадай сөзі бар. «Өзім тұстас, өнері де, ақындығы да менен асып түсетін талай ақындар құрымға кетті. Өзі ғана емес, аты да аталмай қалды. Солардың түбіне жеткен қу дүние, дүниеқоңыздық» деп еді.

Ақша билеген тап қазіргі заманда бұған дау айта алмайсың. Қазіргі ақындардың бәрі сондай деуге аузың бармайды. Онымыз әбестік. Бірақ әйтеуір айтыс бар жерде, ақша бар, өйтіп-бүйтіп қатысып қайтсаң қолыңа бірдеме тиеді дегенге өзіміз үйретіп алдық-ау деймін. Құлқынын ақша тескен ақыннан қандай асыл сөз күтесіз? Ол да бір, саудасынан «нәпаха» күткен саудагер де бір. Ондай ақын ізденбейді, өнерімді шыңдай түсейін, айтыстың қыр-сырын игерейін, сөз қазынасын ақтарып, сөз маржанын терейін деп қиналмайды. Тіпті кей жағдайда қонақ үйін дайындап, сыйлығын беріп, құрмет көрсетпесең айтысқа келмей де қояды. Келмесе келмесін. Ол нағыз айтыскер емес. «Ақын» деген киелі атты қор етіп жүрген сәуегей десек те болады..

Сөйтіп, Кенен ақынның 100 жылдық мерей тойына орай, айтыс өнерінің шымылдығы қайта ашылып, үлкен серпіліс болғаны рас. Осы тойға келіп, тұңғыш рет айтыс додасына түскен, бүгінде Халық ақыны Қонысбай Әбілов сондағы алған әсерін былай деп жазады: «Кененнің тойы –тіліміздің тойы, Кененнің тойы –діліміздің тойы, Кененнің тойы – салтымыздың тойы, Кененнің тойы – халқымыздың тойы. Кененнің тойы бір ғасырда бір-ақ туар кемелдің тойы». («ЕҚ газеті, 2009 жыл.). Бұл енді ширек ғасырдан соң қайталанбас өнер иесі Кенен Әзірбаевқа бүкіл бір ұрпақтың атынан білдірген құрмет, шын жүректен айтылған ақ тілеу екені ақиқат.

Сол ұлы көштің жалғасындай болып 80-90 жылдары суырып салма ақындардың үлкен бір шоғыры келіп қосылды. Үркер жұлдызындай жарқырады десек артық айтқандық болмас. Солардың ішінде әйелдерден шыққан біраз ақындар болды. Сондай айтыскер ақын қыздарымыз бүгін де арамызда жүр.

«Мен атақты Сараның сіңлісімін, атым Сара, руым Найман, Семейдің Тарбағатай жеріненмін» деп сурылып шыққан тілі өткір, өжет қызға таңданбаған адам болмаған шығар. «Япыр-ай, тағы бір Сараны (Сара Тоқтамысова) уақыт туғызған екен-ау, қадамыңа нұр жаусын!» деп көрген жұрт батасын беріп жататын еді. Айтысқа көп түсті. Талай





додада жарып шығып, талай ақынның апшысын қуырғанын көзбен көрдік. Одан бері де біраз жыл өте шығыпты.

Адам нені қиялдамайды дейсіз? Шіркін, осы Сара атты ақын қызды арнайы іздеп барып, уақытты шектемей, көпке дабыраң қылмай-ақ жеке өзін айтысқа шақырып кең көсілетін бір ақын жігіт табылса ғой дейтін жұрт. Оны жариялап, сыйлық тігіп жатудың қажеті жоқ. Бұл дегенің екі ғасырдың (XX-XXI ғ.) тоғысында болған үлкен оқиға болар еді. Кәдімгі Біржан сал мен ақын Сараның айтысын қайталағандай көрініс. Өттең, біздің дәуірде шыққан ақын Сараға бір Біржанның табылмағаны өкінішті-ақ! Бұл жағын сол айтыстың төңірегінде жүргендер де ескермеген екен.

КЕНЕНДІ МОЙЫНДАТҚАН КЕЛІНШЕК

Кенен ақынның айтыстарының ішінде тартымдылығымен, ойдың ұшқырлығымен ерекше көрінетін Латипамен айтысы. Айтыстың көне сарыны әлі басыла қоймаған, саясаттың ықпалына түсіп үлгермеген кезде болған еді. Екі ақынның да жалтақсыз, еркін көсілгені байқалып тұрады.


Айтыста жеңіліп көрдіңіз бе деп сұрадым бір күні әкемнен.

- Е, баламысың деген-ау! Мен пәленнен жеңілдім деп мойындаған ақынды осы жасқа келгенше естіген де, көрген де емеспін. Анау Алатаудың шыңдарына қарашы. Бірі - асқар биік, бірі - аласа. Ақындар да сондай. Оларға баға беретін де, төрелік ететін де халық, содан соң уақыт. Сондай шыңдардың бірі ақын Ләтипа деп еді...

Хантауды бөктерлеп жүріп келеміз. Астымдағы құлақасқа құлақтарын қайшылап, аяқтарын екілене басып, дегбірсізденіп келеді. «Артқы айылдың батқанын иесі білмес, ат білер» - демекші ұзақ жолдан қажыған жануар алдымызда ауыл бар екенін, соған тезірек жетсе жаны сая табатынын сезгендей басын шұлғып-шұлғып қойып екпіндей түседі.

Осы ауылға жақындаған сайын менің де жүрегім өрекіп, көңілімде бір қобалжу пайда болғандай, мазасыздана түсемін. Өйткені бұл көзбе-көз жолықсам, отты өлеңдерін өз құлағыммен естісем деп көптен армандап жүрген әйгілі ақын Ләтипаның ауылы. Сондықтан





бізге жол көрсету үшін қосып берген серіктес жігіттен Ләтипа жайлы әлсін-әлсін сұрап келемін.

Осы елге күштеп ұзатылғандығы, атастырған күйеуі мыңғырған малы бар байдың баласы екендігі, бұған өркөңіл Ләтипаның разы еместігі туралы осы жігіттен естіп білдім. Палуандардың белдесер алдында бір-бірінің айла-тәсілдері, күші, осал тұстары жайлы алдын-ала біліп отыратыны сияқты, айтыс ақындарының да бұл бойына сіңген әдеті.

Әсіресе Ләтипаның ақындық дабысын бүкіл Жетісуға кең таратып жіберген мына бір оқиға еді. Алдына келген ақындарды өткір тілмен аузын буып, аяғын тұсағандай тырп еткізбей қоятын Ләтипаға бір күні алты ақын бірге келіпті. Өзара келісіп алған Қайрақбай, Сауытбек, Көшкімбай, Досмырза, Бәсімбек, Жидебай сынды ақындар: «Тілі шоқтай дейтін Ләтипаның алдына алтауымыз қоса барайық. Не дейді екен әуселесін көрейік! Сасқан үйректей болсын» деп ұйғарысады. Өрқайсысы жұптап келген бірер шумақ өлеңдерін айтып тиісе кетеді. Жастарының үлкендігіне қарамай бәдіктеу сөздер айтады. Сонда бозаға тойып, желігіп алған әлгілердің түр-тұрпатына, сырқы әлпетіне сынай қарап отырған Ләтипа табан астында былай депті:


*«Досмырза, баспаймысың мұртыңызды,
Боза исі сасытпай жұртымызды.
Екі елі аузыңа келмей әлің,
Алғанын білмеймісің құнтыңызды.*

*Қайрақбай, селдіреген мұртың жаман,
Емшектей салбыраған ұртың жаман.
Ешкіні иіскеген текеге ұқсап,
Ерніңді шошайтасың шіркін, жаман*

*Бәйсеке, тары түйдім кебегі жоқ,
Өлеңім ұшан теңіз кенері жоқ.
Өзіңнің қатарыңа айтсаңызшы,
Шалдардың аузы сасық керегі жоқ.*

*Ашадан іздеп келген алты қақпас,
Жастарға өлеңдерің енді жақпас.
Қақпанның салдыры бар, кәуқары жоқ,
Түлкіге салмағы жоқ қақпан шаппас...*





Ләтипаның ащы сықағына шыдай алмаған ақындар: «Тіліңе теріскен шыққыр, Ләтипа!» деп домбыраларын сүйрете үйден атып шығыпты.

Міне біз бет алған ауыл өлеңдері ел аузында жүрген, өткір мінезді ақын Ләтипаның келін болып түскен жері – Топар.

Ләтипаны мен арнайы іздеп шыққам жоқ. Балқаш, Мойынқұм өңірін аралап әскер үшін жүз түйе жинап қайту керек деген үкімет жүктеген бұйрық бар. Бұл менің Қордайға жаңадан «ревком» болып сайланған кезім. «Кенен деген атыңды халық біледі, әніңді сала жүріп, жаңа үкіметті насихаттай жүріп осы шаруаны бітіріп қайт. Басқа адамның реті келмей тұр» деп бұл істі маған Ораз Жандосов тапсырған еді. Жауларға сес болсын дегендей қасыма Иван Щпегальский деген милиция жігітті қосып берді.

Аулына қонақ болып қас жауы келсе де алдынан шығып, ат басын ұстайтын қазақтың ежелгі дәстүрі бойынша, бізді де бірнеше жігіт қарсы алды. Амандық сұрасқан соң оқшау тігілген сегіз қанатты еңселі үйге бастап жүрді. «Бұл біздің Ләтипа келіннің отауы» деген соң үйдегі жиғаздарға көз жүгіртіп біраз отырдым. Менің іздегенім басына үкі таққан келісті домбыра еді. Ол көзіме түспеді. Қолдан шауып жасалған кер домбырамды кереге сүйей салып, жәйлана отырыстық. Көңілде толқумен қатар, таңданыс та бар.


...Дастарқан мәзірін жасап, әйелге тиесілі қызмет көрсетіп, кіріп-шығып жүрген қараторы келіншектің бойынан ақындықтың ешбір нышаны байқалмайды. Сабырлы, салмақты күйінен бір танған жоқ. Сонда біз естіп жүрген отты өлеңдер осы бір қарапайым, сыпайы әйелдің қай жағынан өреді екен деп ойға батып отыр едім:

- Кенеке, құдай қалап аулымызға келіп қалыпсыз. Атақ-даңқыңызға әбден қанықпыз. Мына жұрт әндеріңізді өз аузыңыздан естиміз деп жиналып отыр. Сізді көргісі келіп қаумалаған ел далада да күтіп тұр, деді қымыз ұсынған жігіт.

- Жұрт қаласа амал қайсы? Көптің көңілін қалдыруға болмайды. Бар өнердің несін бәлсінейін, көп қолқалап жатқан соң, деп домбырамды қолға алдым.

Осы жолы үнім де ерекше шыққандай. Өндерімді бірінен соң бірін ерекше шабытпен айттым. «Өннің де естісі бар, есері бар» деп кемеңгер Абай айтқандай, сан өрім әндерімнің ең жақсы дегендерін таңдап шырқадым. Жұрттың ұйып тыңдағанына, Ләтипаның тырп етпей үнсіз отырғанына қарағанда, әндерім бәрінің де көңілінен шығып, жүрегіне жеткен сияқты. Жастар жағы қолқалап болмаған





соң, сонау жігіттік кезде шығарған «Тік шырқау» деген әнімді салдым. Домбыраның төменгі сағасынан басталып, екпіндете айтылатын бұл әнді даусым әбден бабына келген ғана салатын едім:

*«Алма мойын ей, қыздар жарғызарсың,
Алуа шекер тіліңнен қанғызарсың.
Қамысты терең көлдің сұқсыры едің,
Бір күні ақиыққа алғызарсың.
Қоймасаң бұл сәулетті сұлу қыздар,
Біреуді көлеңкеңде талдырарсың.
Кез болған кенедейін асау қыздар,
Көңілімді қайтіп менің қалдырарсың...»*


Бозбалалар жағы өзара жымыңдасып қалды. Ләтипаға көз тастап едім қараторы жүзінде болар болмас қызыл рең байқалғандай болды. Бәлкім, маған солай көрінген де шығар.

«Па, шіркін, жастық шақ! Көңілімізді не бір қияндарға елітіп әкеткендей болдың-ау, Кенен. Өркенің өссін. Өнерің шарықтай берсін. Өнге жүйрік екенсің, қарағым. Саған тағы да бір қолқа салғалы отырмын. Мына біздің Ләтипа келін де өнер иесі, суырып салатын ақындығы да бар. Өнер де бір, өткір пышақ та бір. Қайрап, жанып отырмасаң кетігеді, тот басады. Бәлкім, бұл сөзім ерсілеу де болар? «Күш атасын танымайды» деген. Екеуің біраз өнер сынассаңдар қарсы емеспіз» деп төрде отырған ауыл ақсақалы мені айтысқа шақырған сыңай білдірді. Отырған жұрт «айтсын-айтыссын» деп шу ете қалды. Менің де ішкі қаупім осы болатын. Осыншама елдің беркерге жиналмағанын, осындай тілек-сауалдың болатынын жүрегім әлдеқашан сезген еді.

Бозбала кезімде қасына ертіп жүріп талай ақыл-кеңесін айтып, баулыған ұстазым Балуан Шолақ: «Қошеметті кім сүймейді, Кенен. Қолпаштады екен деп елеуреп, еліріп кетпе. Сыпайы бол, іштей жинақы бол» дейтін. Сол есіме түсіп, өзімді-өзім сабырға шақырғандай біраз отырдым. Қарсы алдымда талай ақынның шайтанын қағып, шөмендеткен Ләтипа отыр. Сырт көзге жұпыны көрінгенмен, оқта-текте жалт ете қалған жанарынан бойындағы ақындықтың ұшқыны сезілгендей еді. Ән салып отырып оны да байқап қалғанмын.

«Айтысуға келгем жоқ. Шаруамен келдік, түіе жинап жүрміз» деп қалай айтарсың. Онда жұрт: «Кенен айтысудан жалтарды. Ләтипаның мысы басып кетті» деуі сөзсіз. «Жігіттің көзге түсіп көрінері де, абыройының төгілері де бір жиын» дейді екен Кебекбай шешен. Ішімнен әруақтарға сыйынып, домбыраны қолға алдым. Ақын





Ләтипамен айтыс осылай басталған еді.

*...Мен едім Кенен ақын Қордайдағы,
Төгейін өлеңімді таңдайдағы.
Топардың тоғайында сен бір бұлбұл,
Түрлентіп әуеніңе салғайдағы.
Ақиық Алатаудың қыранымын,
Қондырып бұтағыңа алғайдағы...*

Бірін бірі тарпа бас салмай біраз уақыт аңдысып жүретін әккі сайыскер сияқты мен де айтысты сыпайылап, жұмсақ бастадым. Мұндағы ойым өлеңін былай қойғанда, осы уақытқа дейін үнін де жөндеп естімеген Ләтипаның әуенін, сөз саптауын байқап көру еді. Ақынның ішкі иірімі, арыны, мінез-құлқы, тіпті бар шама-шарқы осыдан аңғарылады. Сөзін алыстан орағытып, өзіңді сылап-сыйпап отырып-ақ тірсектен ұратындар бар. Болмаса салғаннан дүрсе қоя беретін, басы қатты ақындар да бар. Суырып салма ақындардың ерекшелігі де міне осында.


*...Сен бе едің Қордайдағы Кенен деген?
Құлағым келеді деп елеңдеген.
Сыртыңнан естуші едім атағыңды,
Ойда жоқ түлен түртіп келер деген.
Ап етпей, шап етпестен Кенен құрбым,*

Азырақ сынасалық өлеңменен - деп бір түйіп тастады. Өлгінде ғана дастарқан жайып, шай құйып жүрген қарапайым, бұйығы келіншектен жұрнақ та қалмапты. Жанарынан от шашып, өрши түскендей көрінді. Қараторы жүзі алаулап, сұлуланып кеткендей. Көздерін алысқа тігіп, тәкаппар қарайды. «Өзім қақтықпаймын, бірақ қарсы келгенді қағып өтердей мінезім бар» дегенді аңартқандай еді.

Ләтипа да өлеңін әдеппен бастады. Арқалы ақын екені көрініп-ақ тұр. Үні де, әуені де, сөзі де қорғасындай салмақты. Әсіресе «Ел еркесі ақын Кенен», «Әнші Кенен» дейтін қошеметке әбден үйреніп кеткен болуым керек, Ләтипаның «Кенен деген сен бе едің?» деуі, «түлен түртіп келген шығарсың?» дегені шымбайыма батып кетті. Осы сөзде асқақтық та, тәкаппарлық та жатыр. Екі жағында отырған қос келіншек Ләтипа айтқан өлеңнің соңғы екі жолын іліп әкетіп, қоса табалағандай қайталап шырқайды.

Домбыраның орнына қойдың жауырынын ұстап немесе алақанына қарап отырып, тіпті екі тізесін ұрғылап өлең айтатын ақындарды бала кезімде талай көргенмін. Қолына домбыра ұстамаса да мына көрініс әрі қызықты, әрі жарасымды екен.





«Ашадан іздеп келген алты ақын, айтысып менен көңлі төмендеген» деді Ләтипа енді бір тұста. Алдында кім отырғанын байқап көр, қапыда қалып жүрме деген сыңай танытады. Ата-тегін, байлығын айтып төпелей жөнелетін өзге ақындарға мүлдем ұқсамайды. Сонда да аузынан шыққан әрбір сөзі дөп түсіп, дәл тиіп жатыр.

Біршама уақыт өтті, талай сөздер айтылды. Тұяғы қызған тұлпардай Ләтипаның арыны басылар емес. Тыңдаушы жұрт екіге бөлінген. Көпшілігі Ләтипа жағында. Оның аузынан шыққан әр сөзіне ду ете қалады. Бұл да үлкен сеп, ақынға шабыт қосатын, арқаландыра түсетін осындай қошемет.


Ләтипамен айтысты еске алғанда мына бір жай ойыма орала береді. Анау бір жылы жас ақындардың айтысын ашып беріңіз деген соң Жамбыл қаласына барған едім. Ақындарды жұпқа бөліп, уақытын шектеп, белгілі бір тақырыпқа орай айтыстырғанды бірінші рет көрдім. Аяқтарын тұсап жіберген ат сияқты кібіртктеп, еркін көсіле алмай әбден мазалары кетті. Әлгілерге жаным ашып, орнымда әрең отырдым.

Айтысқа түскен ақын да, бәйгіге қосқан жүйрік сияқты. Шу дегенде бәрін басып озып, бара-бара қалып қоятын ат болады. Керісінше алғаш соңғы лекте келе жатып денесі қызған сайын өршеленіп үзіліп алға шығатындары болады. Ақындар да міне осындай. Бес, он жұпқа бөліп айтыстың берекесін алғанша, нағыз суырып салма, арқалы дегендерін таңдап алып еркімен айтыстырса ғой. Айтысқа түскен ақынның да, тыңдаған жұрттың да айызы қанбас па еді? Шын дарын жасқа қарамайды, жағдай таңдамайды. Өлеңді табан асты тауып айту, ол да туа бітетін қасиет. Дарынды деп сондайларды айтады. Кейін осы ойымды сондағы басшыларға айттым. Заман басқа, уақыт сондай дегеннен басқа татымды жауап болмады.

Ләтипа жайлы сөз еткенде менің көз алдыма жарқылдаған жай оты елестейді. Қазақта ақын қыз да, батыр қыз да, ақылгөй қыз да көп болған ғой. Ақын Ләтипаның тұла бойында осы қасиеттер түгел тоғысқан. Ақын болғаны - ақылгөйлігі, тайсалмай айтысқа түсетіні - батырлығы. Ол үшін де үлкен жүрек керек. Мұндай пікірге кейін, көп уақыт өткен соң келдім. Ал тап сол сәтте, қызғын айтыс үстінде Ләтипаға тек әйел деп қана қараған екенмін. Сонымды ақынның нәзік жаны сезіп қойғандай өршеленіп, ширыға түседі.

*«Сен бе едің Дулаттағы Кенен ақын,
Құраған көкшолақпен сірі тақым...*





*Сен болсаң кім қорқады Кенен болыс,
Қолына таяқ алған кедей болыс.*

Қазақтан бүкіл мынау серік таппай,

Қасыңа ертіп апсың сары орыс, - деп салды. Өзі де желігіп отырған жұрт күлкіге батты да қалды. Қасымдағы серігіме қарап едім құлағына дейін қызарып кетіпті, басын шұлғып күле береді.

Осы сапарға шығарда: «Маған елдің жөн-жосығын білетін қазақтың бір жігітін қосып беріңдер. Жол шалғай. Заман болса мынау, қауіп те жоқ емес. Жаңа үкіметті жұрт әлі мойындап та үлгерген жоқ» дегенмін. «Біздің Иван қазақ арасында өскен, тілін де, әдет-ғұрпын да жақсы біледі» деген соң келіскенмін. Ләтипаның ұшқыр ойы мұны да қалт жібермепті. Менің де өткенімді, жай-күйімді жақсы білетіні көрініп тұр. Шу бәсеңдеген сәтте даусымды биіктеу алып шырқай жөнелдім.

«...Ләтипа, келтірмегің шайтанымды,

Білгенмін осы сөзді айтарыңды.

Талассаң тар кезеңнен мен шығармын,

Тыртаңдап шауып көргің байталыңды».

Мұндағы «байталыңды» деген сөзде үлкен мән бар. Сол жылдары осы өңірден «көк байтал» дейтін жүйрік шыққан. Қырғыз-қазақтың бәйгісінің алдын бермейтін. Атағы дүйім елге жайылған сәйгүлік еді. Көк байтал жайлы Үмбетәлі мен Нұриләнің айтысында да айтылады. Сонда Үмбетәлі:

«Аттан байтал аптығып озған емес,

Ат шириқса байталды басып озар» - деп әйелдің осалдығын айтпақ болған. Бұған Нұрилә былай деп жауап береді:

«Көкбайтал көрдің бе аттан қалысқанын,


Ауыздықпен алдында алысқанын.

Күніне үш бәйгеден келген жүйрік,

Менің сондай сенімен жарысқаным».

Көкбайтал – 1919 жылы Верный (Алматы) қаласында әскери қызметін өткеріп жүрген қызыл гвардия жауынгерінің астындағы көк биеден туыпты. Тұрқы сұлу, қазмойынды, келісті бие екен. Оны қазақтар Теке-Жәуміт (Ахал-Теке) деп атаған. Құлыны да анасына тартып көк түсті болады. Әскери жорықта қиындық туғызатын болғандықтан иесі құлынды Қастек болысының бапкері Оспан Қаржауұлына сатып кетеді. Құлын кезінен-ақ сымбатымен, ұшқырлығымен көзге түседі. Сол Көкбайтал 1921 жылы 7-ноябрь мерекесіне орай өткізілген жарыста үзіліп алдымен келеді. 11 болыстан әкелген жүйріктерді шаң





қаптырып кетіпті. Бәйгенің алды 100 қой, 1 ат тігілген. Айналымы 5 шақырым, жалпы ұзындығы 25 км.

«Байтал озып бәйге алмас» дейтін ескі ұғымды талқан етті. Қожа-молдалар жағасын ұстап «ақыр заман» деп шуласқан екен. Көкбайтал 1926 жылға дейін бәйгенің алдын бермеген. «Тұлпардың тұяғы асыл» деген мәтел тап осы Көкбайталға арнап айтылғандай еді. Бірақ содан туған құлын әлжуас, шабан болып шықты.

Менің әлгінде Ләтипаға ұғындырмақ болғаным да осы жай. Өзін байталға теңеп айтқанымды намыс көріп қалған ақын келіншек бұрынғысынан да шириға түседі. Сондағы Ләтипаның жасындай жарқылдаған өлеңі тап қазіргідей құлағымда әлі тұр. Үнім биік, әнім тартымды, алайда жауап сөздерімнің осалдау түсіп жатқанын өзім де сезіп отырмын. Соны тап басқандай:

«Ей, Кенен, жүйрік емес, жүріскерсің,

Әуенге, өлең сөзбен мініскерсің.

Арының қайтпай жүрген ақын болсаң,

Шындасам сөз таба алмай тіміскерсің.

Көк байтал күнде шауып жүлде алып жүр,

К...н бәйге алса иіскерсің! - деп жұртты тағы да күлкіге батырды да тастады. Күлдіріп отырып-ақ жоныңнан таспа тілу деген осындай болар? Өз сөзіммен өзімді басқа бір ұрғандай әсер қалдырады.

Ендігі айтарымды қай жағынан орап әкелсем екен деп мен отырмын. Жолда келе жатып әлгі жігіттің айтқандары есіме түсті. «Ләтипа өз тағдырына разы емес. Күйеуі тоңмойындау, дөрекі адам. Бірақ ақын қызын халқы силайды. Шашасына шаң жұқтырмай, еркелетіп ұстайды» деп еді-ау!

Әйел адамның бақыты отбасының берекесінде, көз қуанышы еркелеп келіп мойнына асылатын балада екені ақиқат. Баланың зарын көп татқан мен үшін бұл етенеден белгілі жай. Баланың жөні бір бөлек. Ал ерлі-зайыптылар өзара жарасым таппаса бұдан өткен азап, қасірет жоқ. Мұндай тірлік қанша әрекет жасасаң да бұрауы үндеспейтін домбыра сияқты.

«Әйелің жақсы болса,


Далада отырып дабырла.

Әйелің жаман болса,

Үйіңде отырып сыбырла», дейтін Сүйінбай ақыннан қалған қанатты сөз бар. Мұның еркектерге де қатысы болса керек.

Көңіл түкпірінде Ләтипаға деген жылы ілтипат, сезім де жоқ емес. Бірақ оны айтыс үстінде айтып, жалған көлгірсуге болмайды.





Табиғаты сезімтал ақын онымды қорлау, мұқату деп ұғынып қалуы да мүмкін. Мен ендігі жерде сөзімді алыстан орап, мұның шешуін Ләтипаның өзіне қалдырғандай етіп айттым.

«Заман өзгерді. Әйелдерге теңдік тиді, жол ашылды Ләтипа. Кеңірдегі кетпеннің ұңғысындай күйеуің өзінді, өнерінді ұғынбаса, силамаса амал қайсы? Арғымақ пен қашырды матағандай бұл не тірлік? Бұған қалай шыдап жүрсің? Бізбен бірге жүр. Қалаға апарайын, өнеріңе жол көрсетейін, теңіңе қосайын» деп ағымнан жарылдым. Ақынның нәзік жүрегі менің ақ ниетімді түйсінсе де, төкаппар мінезінен тайған жоқ.

*«Ей, Кенен, қоқан сөзден қорықпаймын,
Дүлдүлмін неше таңға зорықпаймын.
Өлеңнің таңдайымда ұясы бар,
Ешкімнен сұрамаймын, тарықпаймын.
Елімнің еркелеткен арқасында,
Дарияда жүзіп жүрген балықтаймын».*


Айтыстың өзгеше рең, бағыт алғанын іштей сезіп, қуанып отырмын. Сол кездегі қазақ әйелдерінің сүреңсіз тірлігін, ой-арманын, қайғы-мұңын айтып екеуміз біраз көсіліп алдық. Сол сәттегі ақын Ләтипаның ширыға, арқалана, төгіп айтқан өлеңдерін жазып алар адам болса ғой, шіркін! Арманда кеткен өлең-жыр деп соларды айтса керек. Ақ пейіл ақын болмысы бала сияқты аңғал да келеді.

*...Ей, Кенен, бұл сөзіңе нана алмаймын,
Шын болса мен соңыңнан қала алмаймын.
Ақ бата, қызыл қанды бұзбаймыз деп,
Байлап-матап ұзатты ел-ағайын.
Өзіңдей замандаспен әзілдессем,*

Еркексіп тіл тигізер надан байым - деп іштегі шерін жайып та-стады. Әзілдеп болса да айтып қалған өркені Ләтипаның жансыры, көкейдегі арманы, еркіндік көксеген жан алауы еді бұл.

Біраз уақытқа созылған айтысымыздың соңы жарасымды қалжыңмен, жақсы тілекпен аяқталар-ау деп күткенмін. Кенет: «Мынау не оттап отыр өзі» деген өктем дауысқа отырғандар жалт қарады. Күйеуі екен. Өрістегі малын түгендеп келген беті екен. Ләтипаның әзілмен айтқан соңғы сөзіне шамданып қалған болу керек. Қамшысын үйіріп Ләтипаға тап берді. Жұрт шу ете қалды. Біреулер әлгіні сүйретіп далаға алып кетті. Ләтипа төмен қарап, мұңайып отырып қалды. Айтыстың шырқы бұзылғанын, бұдан кейінгі сөздің артық екенін сезіп, біз де жәйлап үйден шығып кеттік.





...Келген шаруамыз бітсе де жақын ауылдарды аралап бірнеше күн аялдап қалдық. Мені мазалаған бір ғана ой. Қайткенде де Ләтипаға жүздесіп, сөйлесіп қалу. Үнсіз, қоштаспай кетуге ар-намысым жібермеді. Менің осы күйімді сезген болу керек, серіктестерім де асықтыра қоймайды. Ақыры ауыл маңындағы Қостөбенің етегінде Ләтипамен кездесудің сәті түсті.

Ұзақ әңгімелестік. Мүмкін болса, расында, қалаға барып өнер жолына бой ұсынсам деген арманын қоса айтты, мен қоштадым. Осы жолы Ләтипаның шын жүйрік, суырып салма дарын иесі екенін өз көзінше мойындадым. Сөйтіп, қырық күн дегенде Қостөбенің етегінде ол күтетін болып, мен алып кететін болып уәде еттік. Бұл келісуіміз уәдеден гөрі сертке ұқсайтындай еді.

Тағы бірер күн жол жүріп елге де жеттік-ау! Үй-ішіммен қауышып, балалардың бетінен сүйіп, жаным байыз тапқандай күйде отыр едім, үйге ауылдың үш-төрт ақсақалы кірді. Орнымнан атып тұрып төрден орын беріп жатырмын. Аман-саулық сұрасып біраз отырған соң: «Кенен, өзіңе айтсақ деген азғантай сөзіміз бар» деді төрдегі қария:

- Сені елдің кәрі-жасы арқалы ақын, күміс көмей әншіміз деп қастерлейді, құрметтейді. Той-томалаққа жиналған жұрт, сауық-сайран құрған жастар алдымен сенің әндеріңді салады, мақтан етеді. Үлгі тұтады, жамандыққа қимайды. Шалғайдағы Балқаштан біреудің жесірін алып келе жатыр деген қаңқу сөз өзіңнен бұрын жетті. Соның мәнісін айтшы. «Жау қайда деме, жар астында» демекші, кейбір дұшпан көздер: «Кенен екі әйелдің үстіне тағы бір ақын келіншекті алатын болыпты» деп көпіртіп жүр. Бұған не айтасың? Мына жаңа үкімет мұныға қалай қарайды екен?» деді.

Осындай бір әңгіменің боларын, әлгінде шай құйып отырған бәйбішенің қабағынан да сезгендей едім. Көне көз қарияларға болған жайды тәптіштеп айтқанмен дұрыс түсінсе жақсы. Бәрін сол қалпында пайымдайтын ауыл ақсқалдары мұнымды ақталу деп ұғып қалуы мүмкін.

- Биыл үкімет қазақтың өнерлі жастарын, ақын-әншілерін Алматыға жинап жатыр. Оқытамыз, білім береміз дейді. Ләтипа да өнерлі, ақын әйел. Соларға ертіп апарып көрсетсем, жол сілтесем деп едім. Менде басқадай ой жоқ, қариялар дедім.

- Кенен шырағым, шын көңілден туған ақ ниетіңді біз түсінгенмен, оқуы жоқ қараңғы жұрт ұғына ма? Кешегі өзіңе тісін қайрап жүрген бай балалары бұл ойыңды отқа айналдырып жүрмесін, абай бол десіп тарасқан еді.

Бір адамға тарыдай жамандық істеген емеспін. Пәле-жала мені не қылсын деп ойлаушы едім. Ол ойым бекер екен. Қырсықтың құрығы





ұзын деуші еді. Соның басы Базар-Назардың өлімінен басталды. Құлын-тайдай ойнақтап жүрген екі баланың қазасы өзегімді өртеп, қабырғамды қанша қайыстырса да уақыт емші, оған да төтеп бердік. Бұл, әрине, төтелей келген алланың ісі, оған не шара? Қайғырасың, төзесің, көнесің. Бәрінен де адамдардың қасақана істеген қысастығына не дерсің?

Сол жылдары менің үстімнен Үкімет орындарына көптеген шағым түсіпті. Онда: «Кенен ескі дүниенің ақыны. Намаз оқиды. Әруақтарды аузынан тастамайды. Көне жыр-дастандарды айтады, ескіні көксейтін адам. Екі әйел алған, жастарға теріс үлгі көрсетіп жүр» деген жайлар айтылған.

Осы шағымға байланысты ауданда үлкен жиналыс өтті. Ұзақ ай-тыс-тартыстан кейін соңғы сөз жұбайым Насихаға берілді. Елдің бәрі «әйелі не дер екен? деп күтеді. Жұрт алдына шығып көрмегендіктен құлағына дейін қызарып кетіпті. Қатты қысылып тұр. «Мен Кененге күштеумен келген жоқпын, өз еркіммен шықтым» деп бір-ақ ауыз сөз айтып, жүгіріп шығып кетті. Жиналыстың ендігі түйіні де осы болып еді. Ел басқаруды білімі бар, көзі ашық жастарға берейік дегенді сылтау етіп, мен де қызметімнен босадым.

Уақытта тоқтау бар ма? Өстіп тіршіліктің иірімінен шыға алмай жүргенде зымырап күндер, ағылып айлар өтті. Ләтипаға берген уәдемді орындай алмадым. Шауып барып келетіндей жақын жер емес, хат-хабар жазу дейтін мүлдем жоқ кез. Осылай іш-құса болып жүргенімде жолаушылап келген бір жігіт алақандай ғана қағазды қолыма ұстатты. Өлеңмен жазылған алты-ақ жол Ләтипаның хаты екен.

*«Сәлем айт төрт Дулаттың Кененіне,
Ынтық ем өлеңі мен әуеніне.
Ер емес, ез екенсің ақын Кенен,
Артыңа бір қармай жөнөдің бе?
Қостөбе көз алдыма елестейді,
Ләтипаға обал-ау, бір демедің».*

Бар болғаны осы. Бар айтқаны осы. Мұңын да, ренішін де, өкпесін де алты жолға сиғызыпты. Жүрегіме біреу ине сұғып алғандай болды. Сол бір аяқталмай қалған айтыстың соңғы түйіні осы сияқты болып көрінді маған. Бұл ақын Ләтипаның ең соңғы лебізі екенін білсемші сонда. Біраз жылдар өткен соң Ләтипа қайтыс болыпты деген суық хабар естідім. Бұл 1933 жылдың күзі еді.

Көзі ашылмай тартылып қалған қайнар іспеттес, «таңдайында өлең-жырдың ұясы бар», «неше таңға зорықпайтын» дүлдүл ақынның





бейнесі, құлағымда мәңгі үні қалған, жүрек түкпірінде тұнып жатқан қазақтың біртума ақын қызы Ләтипаның жан-дүниесі осындай еді.

БҰЛБҰЛ ӘНШІ – ҰЛЫ КОМПОЗИТОР

Ақын, әнші, жыршы, күйші, сері, композитор, шежіреші, қайраткер, ұлы өнерпаз дейтін адамның бойындағы ерекше қасиеттерін дара-лап көрсететін атаулар бар. «Кенен соның» қайсысы? деп сұрағанға, «Кененнің бойында осының бәрі тоғысқан» деуге болады. Ақынды жақсы білмейтін, шығармаларын оқымаған адам бұған күмәнмен қарауы әбден мүмкін. Болмаса ғасырға жуық өмір кешкен ақын, мұндай марапатты, құрметті көзінің тірі кезінде де көптеп естіген, дүние салғаннан кейін де үзбей айтылып келеді. Осы атаулар Кененнің өзіне ғана жарасады, өзінің болмысына ғана үйлесімді.

Мәселен, ұлы Абайды суырып салма ақын, алапат күйші десек құлаққа ерсілеу естілері нақ. Ол – ойшыл, кемеңгер ақын. Сол сияқты төкпе жырдың дүлдүлі Жамбылға күміс көмей әнші десек әбестік боп көрінуі де мүмкін. Ол жырау, жыр алыбы. Біржан сал, Ақан сері деп қастерлегенде халық олардың болмысына, дарын ерекшелігіне қарап қадір тұтқан ғой.

Ұлы жазушымыз М. Әуезов: «Кенеке, сіз күміс көмей әншілігіңіздің үстіне ғұлама жырау, әрі әбжіл шешен, байтақ шежіре екенсіз. Халқымыздың аяулы өнерін шет жұртқа жеткізген талантыңызға дән ризамын» деп ағынан жарылғаны кеше ғана.

Атақты ғалым М. Жолдасбеков: «Кенен Әзірбаев – сан өнерді жарастырып тең ұстаған ұлы өнерпаз, жырау әрі ақын, жыршы әрі күйші, әнші әрі композитор, шежіреші әрі ел мұрасын сақтаушы үлкен қайраткер» деп ой түйеді.

Есімі әлемге әйгілі саясаткер, көп жылдар ел басшысы болған үлкен жүректі қайраткер Д. Қонаев: «Кенен Әзірбаев – өмірде де, өнерде де қайталана бермейтін ерекше құбылыс» деп бұл ойымызды тіпті тереңдете түседі.

Академик, әдебиет сыншысы М. Қаратаев: «Кенен ән шығарып сөзін жасайды (мұнда ол – ақын шайыр), сөзге шақтап әннің мелодиясын жасайды (мұнда ол – композитор), сол мелодияға тиісті музыкалық аспапқа (домбыраға) қосып өзі орындайды (мұнда ол -музыкант), ақырында өзі шығарған әнін өз әуенімен салады (мұнда ол – әнші)» дейді.





Еуропа мәдениеті қазақ жеріне жете қоймаған сонау көне дәуірде «әнші» деген атау, біздің қазіргі ұғымыздағыдай «тек ән орындаушы» деген мағынада емес, оның ауқымы әлдеқайда кең болған. Әнші – ән орындаушы ғана емес, жанынан өлең шығаратын ақын да, оған лайықтап ән туғызатын сазгер де, сол мақамына қосып жыр тудыратын жыршы да болған. Ал композитор деген сөз бізге кейін қосылды. Арнайы музыкалық білім алған, консерватория сияқты арнаулы оқу орындарын бітірген адамдарды айтамыз. Композитор – кәсіп, мамандық.

Сонда даланың көне мәдениетінен сусындап, дала өркениетін жасасқан Біржан сал, Үкілі Ыбрай, Ақан сері, Абай сияқты өнер саңлақтарын кім деп атауымыз керек? Қазақ музыка өнерінің шаңырағын көтеріп, керегесін бекіткен осындай өнерпаздар жүздеп, мыңдап саналады. Солардың ешқайсысы да арнайы музыкалық білім алмаған. Халықтың ортасынан шыққан тума таланттар. Сондықтан да оларды халық ақыны, халық композиторлары дейді.

Ал өздерінің өшпес туындыларымен туған халқының даңқын шығарып, оның мақтанышына айналған ұлы жазушылар, композиторлар көп. Тума дарындар қазақта да толып жатыр. Еуропа ұғымында оларды «классиктер», ал жасаған еңбектерін «классикалық туындылар» деп атайды, демек ең үздік туындылар деген мағына береді. Осы тұрғыдан алғанда өз халқына өшпес туындылар силаған, атақ-абыройын арттыра түскен ақын-әншілеріміз (композиторларымыз) аз емес. Солардың бірі әрі бірегейі Кенен Әзірбаев.

Халқымыздың ұлттық музыка мәдениетінің жаңа түрге еніп, жан-жақты дамуы кеңес үкіметі дәуіріне тұспа-тұс келгендігін айтпасқа болмайды. Алайда сол уақыттағы саяси ахуалдар қазақ өнерінің өркендеуіне еуропалық тұрғыдан жаңа бағыт бергенімен, жан-жақты зерттелуіне, көнеден келе жатқан ұлттық мұрасын тереңірек талдап көрсетуге мүдделі болған жоқ. Қазақ халқының мәдени мол мұрасы, музыкалық қазынасы, өзіне ғана тән ерекшеліктері ашылмай қалды. Қайта керісінше ондай өркениет бұратана халықта қайдан болсын дейтін көзқарас қалыптасты. Сөйтіп кеңес дәуірі кезінде қазақ елінің ежелден қалыптасқан мәдени тарихының сабақтастығы үзілді. Ендігі жерде ол өктем саясаттың ықпалымен біржақты зерттеле бастады.

Сол кезеңдегі өнер танушылардың, музыка зерттеушілердің еңбектеріне көз жүгіртсеңіз мұны аңғару қиын емес. Сөйтіп солақай саясаттың ықпалынан шыға алмаған ғалымдарымыз, тарихшыларымыз өте ерте заманнан бері келе жатқан қазақтың мәдени мұрасын,





музыкалық туындыларын өз деңгейінде, ұлттық көзқарас тұрғысынан жан-жақты зерттей алмады. Осыдан келіп қазақ халқы бұратана ел, өзінің жазу-сызуы болмаған, мәдениеті дамымаған жабайы деген пікір қалыптасты. Бұған наразылық білдіріп, қарсы болған қазақ зиялылары, ақындары, өнер зерттеушілері қуғынға ұшырады, жер аударылды, көбісі атылды.

Ал ендігі жерде осындай олқылықтардың орнын толтыру үшін қазіргі заман талабына сай басқаша көзқарас, басқаша талап-таным қажет екендігі айтпаса да белгілі. Бұған халқымыз тәуелсіздікке қол жеткізіп отырған қазіргі кезде мол мүмкіндік бар.


Еліміз егемендігін алған алғашқы жылдардан бастап-ақ, Елбасы – тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы ұмыт қалған халық мұрасын іздеп табуға, оны келер ұрпаққа табыс етуге ерекше мән берді. Бабалардан қалған аманатты берік сақтауға, тарихи туындыларды, ескерткіштерді, көнеден қалған жәдігерлерді тауып, елге жеткізу шараларын қолға алды. Соның арқасында Қытайдан, Монғолиядан, Түркиядан, Ресейден, Еуропа елдерінен қазақ халқының тарихына байланысты көптеген жазбалар, тарихи құндылықтар, көне туындылар Қазақстанға жеткізілді.

Қазақ халқы сонау көне заманда-ақ өзінің музыкалық дәстүрін қалыптастырып қана қоймай, оны бір жүйеге келтірген ел. Бұл тұрғыдан біз өркениетті дейтін еуропалық елдердің қайсысынан болса да кем түспейміз, қайта озық тұрамыз деуге болады. Қазақ халқының байырғы салт-дәстүріне «қыз ұзату, келін түсіру, шілдехана, жастардың ойын-сауықтары, жоқтау т.б.), тіршілік ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі жанрдағы әндер мен күйлер дүниеге келді. Соның нәтижесінде халықтың орасан бай музыкалық мәдениеті қалыптасты. Бар айыбы осының бәрі ұрпақтан-ұрпаққа ауызша көшіп отырды. Олардың ішінде классикалық деңгейге жеткен туындылар аз болған жоқ.

«Аты аңызға айналаған Қорқыт баба (VIII-IX ғасыр), нота жазудың ең алғашқы үлгілерін ойлап тапқан Әбу Наср Әл-Фараби (X-XI ғасыр), XY – ғасырда өмір сүрген Қазтуған мен Асан қайғы – қазақтың өткендегі дамулы музыка мәдениетінің дүлдүл өкілдері. (ҚСЭ, 6-том, 293-бет.).

Музыка зерттеуші ғалым А.В. Затаевич қазақ халқының мыңнан астам ән-күйлерін жинап нотаға түсіргені белгілі. Міне осы кезеңнен бастап ғасырдан ғасырға ауызша беріліп отырған қазақтың дәстүрлі музыкалық мұралары жаппай нотаға түсіріле бастады. Бұл енді қазақ өнері үшін жаңаша бетбұрыс еді.





Заманымыздың біртуар композиторы Нұрғиса Тілендиев өзінің «Дүлдүл еді әннің де» дейтін мақаласында, халық ақыны Кенен Әзірбаев жайлы ой түйіндей келіп: «Кененнің кей шығармалары үлкен полотнодағы музыкалық еңбектерге арқау болды. Мысалы, Е. Брусиловский оның А. Затаевич нотаға түсірген бір әнін «Қыз Жібек» операсында пайдаланған» дейді. Бұл әрине тек Кененге ғана қатысты емес, қазақтың басқа да атақты әнші-композиторлары жайлы да осындай деректерді көптеп келтіруге болады. Сондықтан қазақ халқының жазуы, музыкалық өркениеті болмаған, ол кейін еуропа дәстүріне сай, соның ықпалымен дамыған деуге ешқандай негіз жоқ.


Бір адамның бойынан ақындық, композиторлық, күйшілік, ғажап әншілік те табылып жататындығы ақиқат. Осындай феномендік ерекшеліктеріне, табиғат силаған тума талантына қарап халық оларды, «сегіз қырлы, бір сырлы» өнер иесі деп дәріптеген. Қазақтың сондай саңлақтарының бірі Кенен екені даусыз. Бірақ оның бойындағы өнерін, сан алуан ерекшеліктерін жеке-жеке талдап, жан-жақты зерттеп-зерделеуге келгенде ғалымдарымыз біржақтылық танытады. Көп жағдайда ақынның өмір жолына, өлең жырларына, сол туындының шығу тарихына баса көңіл бөліп жататыны рас. Кененнің әндеріне замануи тұрғыдан, музыкалық терең, жан-жақты тұжырым жасаған зерттеулер әлі жоқ. Ал сол өнердің ішінде шоқтығы биік тұратыны Кененнің әндері, яғни композиторлығы.

«...Кенен әндерінің құрылысы ерекше. Әнші-композитор ой мен сезім тілін әнмен өрнектеп, кестелеп жеткізуге келгенде өзінен бұрынғы өткен халық композиторларының ешқайсысына ұқсамайды. Үлгі алуы бар, қайталауы жоқ. Домбыраның құлақ күйіне дейін өзгеше. Әсем әндері кім орындаса да «мен Кененнің перзенті едім» деп оқшау, дара тұрады. Осы жолдардың авторы атақты әнші, өнер зерттеуші марқұм Жәнібек Кәрменов. Бұдан әрі ойын жалғастырып «...Кенен Әзірбаев сөз жоқ ірі тұлға. Кенен әндерінің бітім болмысынан сахараның мол пішімі, ондағы өмір сүрген елдің арман-мұңы, тағдыр-талағыкөлбеңдеп көз алдыңа келгендей болады» деп түйіндейді.

Кенен әндерінің ерекшелігін тап басып көрсеткен әнші-ғалымның ойын, белгілі жазушы, ақынның жерлесі Несіпбек Дәутаевтың мына пікірімен толықтырсақ деймін:

«Кенен әндерінің бауыры жазық, құлашы кең. Ол шексіздікке бет алған, самғауы ұзақ құстардай жер бетін сызып, көк төсін арқалап, құладүзденіп кете барады. Бұған жел жетпейтін жүйріктің алапат





жүрек соғысы керек... Кенен – дала музыкасының классигі» дейді. Айтса айтқандай-ақ, Кененнің әндерін осы уақытқа дейін дәл өзі сияқты келістіріп орындаған әншіні көрген жоқпыз. Жәнібектің сөзімен айтсақ, «талпыныс көп, тап басу жоқ».

«Пайыз әні» Кененді бүкіл қазақ-қырғызға әнші ретінде танытты. «Пайыз» деген сөзді Жетісу мен оңтүстіктің тұрғындары арқасы, пайызы (құжыры) қозып деген мағынада түсінеді. Кейін бұл әннің аты көпке ұғынықты болсын деп «Көпшілік тыңда әнімді» болып өзгертілді.. 1939 жылы осы ән «Тік шырқау» деген атпен грампластинкаға жазылған екен. Екі әннің де басталуы өте ұқсас. Алайда мазмұны да, әннің табиғаты да, иірім-баяуы да бір біріне мүлдем ұқсамайды. «Тік шырқау» ақынның (25 жас) жігіттік кезінде туған әні. Балуан Шолаққа еліктеп шығарғанмын дейтін.

«Тік шырқауды» естиміз деп қаумалаған жұрт, алты қанат ақ үйді қиратып кеткен екен. Бұл оқиға жалайыр руынан шыққан Сүндетбай деген атақты байдың тойында болыпты. Мұнысын ақын:

«Жалайыр Сүндетбайдың жиынында, Алты қанат ақорда үй шайқалды (қирады), Алатауды жаңғыртып ән салғанда» деп еске алады. Ал Кененнің атақ-даңқын бүкіл қазақ даласына паш еткен «Базар-Назар», «Көкшолақ», «Ойжайлау» әндері. Осы үш ән адамның тіршілік-болмысында кездесетін үш жағдайды білдіріп тұр. Бірі – қайғы, бірі – әзіл, бірі – шаттық.

Өзі жоқта шейіт боп кеткен балаларын жоқтап шығарған «Базар-Назар» әні жұртқа кеңінен мәлім. «Көштің көркі болмайды түйесі жоқ... Бірте бірте баламды ала бердің, домбырамның қала ма иесі жоқ?» дейтін зарлы әні талай жанның көңілін босатып, жүрегін тербеген туынды.

«Көкшолақтың» өрісі тіпті кең болды. Адамды бір мұңайтып, бір күлдіретін ғажап әнді сол кездегі кедейлік құрығын киген бүкіл жас жігіттердің арман-мұңы деуге әбден болады. Ақынның бозбала кезінде шығарған бұл әні ғасырлармен жарысып, әлі күнге дейін сахнадан түскен емес. Қазақтың төрінде әлі шырқалып келеді. Классикалық ән, мәңгілік ән.

«Ойжайлау» әні қазақтың байырғы өмір-салтынан елес беретіндей ғажап ән. Осы әнді естіп отырып, құлағыңа қыз-бозбаланың салған әні, бойжеткен таққан сырғаның сыңғыры, желіге байланған бие-құлынның кісінесі естілгендей әсерде боласың.

*«Ақ шәйнек, сары самаурын тұрса қайнап,
Отырса қыз, бозбала күліп-ойнап.*





Киінген қызғалдақтай қыз-келіншек,

Сапырса сары қымыз, «құлан ойнақ» - дейтін сөзге мың бұралған ойнақы ән қосылғанда жұмақтың төрінде отырғандай әсер алатының сөзсіз. Ақын бұл жерде сөзбен шілтер тоқығандай әдемі көріністі көз алдыңызға әкеледі. Қыл қалам шеберлері салатын суретті сөзбен көркемдейді. Қыз-бозбаланың бір бірімен әзіл-қалжыңы, алтыбақан тепкен ойын - сауығы, «көктем кезіндегі құланның ойнақ салып, тістесіп-тебіскенін» еске салғандай. Ән құдыреті деген осы.


1910 жылы шыққан бұл әннің тағдыры құбылмалы болды. Тіпті ақынның көз тірісінде-ақ оны халық әні деп жариалап, орындайтын еді. Бұған қапаланған ақын «көзіміз тірі тұрғанда бүйтіп жатыр, өлгеннен кейін не болар екенбіз» дейтін. Бір ғажабы уақыт өткен сайын бұл ән өзгеріп, жасарып бара жатқан сияқты. Ал қазіргі эстрада мақамына салғанда тіпті түрленіп кетеді екен. Оған жастар қосылып билегенде, апыр-топыры шығады. Уақыттың сұранысы солай шығар. Әбестігі жоқ. Шіркін, мұны ақынның өзі көрсе ғой, деп күліп қоямыз.

...Кенен ақын өз өмірінде үш соғыстың куәгері болды. 1916 жылғы халық көтерілісі. 1917 жылғы қазан төңкерісінен кейінгі азамат соғысы. 1941-45 жылдардағы ұлы отан соғысы. Осындай тарихи оқиғаларды көзбен көргендігі бір басқа, соның бел ортасында жүріп, талай дауылпаз әндерін шығарды. Мұны ақынның шығармалар жинағынан оқып білуге болады. Ол жөнінде әдебиетшілер де, музыка зерттеушілер де көптеп қалам тартқан.

Осындай патриоттық сезімге толы, азаматтық рухта шығарған әндерінің бірі «Батыр Москва» әні. Бұл ән 1947 жылы Мәскеу қаласының 800 жылдық мерекесіне арнап шығарылған. Оны бүкіл астана жұртшылығына радио арқылы әншінің өзі орындап берген. Кененнің әндерін зерттеуді бірінші болып қолға алған музыка зерттеуші ғалым Б. Ерзакович: «Бұл әнді қазіргі қазақтың халық музыкасындағы эпикалық-жауынгерлік стилінің жоғарғы үлгісі деп есептеу керек» деп тұжырымдайды.

«Кененнің «Бұлбұлы» бір үлгі, дейді қазақтың ұлы композиторы Ахмет Жұбанов өзінің «Замана бұлбұлдары» атты кітабында. ... Алдыңғы әндеріндегі аяқ алыстан «Бұлбұлда» басқа бір қадам бар сияқты. Басында Кенен бірнеше ұстамды, сабырлы, созымды ноталар арқылы іштегі шерін шығарып алғандай, тек содан кейін ғана сөзге бағынған қысқа әуенді музыкалық әуендер арқылы ойын





жеткізеді...Кененнің бір кездегі творчестволық туындыларының ішінде «Бұлбұлы» музыкалық тілінің анықтылығынан, байсалдылығынан, ырғақтың жан-жақтылығынан ерекше орын алады».

Ұлы композиторлар мен ұлы ақындардың шығармашылық үндестігі деген ұғым бар. Бұл бірін бірі көшіру немесе қайталау деген ұғымнан әлде қайда тереңде жатыр. Ұлы адамдардың өмірге, тылсым жаратылысқа, табиғатқа, адам болмысына деген көзқарасында ұқсастық, сабақтастық болатынын ғылым да жоққа шығармайды. Олардың өздері мұндай ерекшелікті аңғармауы да мүмкін.

Махамбет Өтемісовтың:

*«Ей, қызғыш құс, қызғыш құс,
Қанатың қатты, мойның бос.*

*Сені көлден айырған,
Лашын құстың екпіні,
Мені елден айырған,*

Хан Жәңгірдің текпіні» - дейтін өлеңіне Кененнің «Бұлбұлға» деген әніндегі мынадай шумағы үндес келіп жатады.


*«Ей, бұлбұл, сен де бұлбұл, мен де бұлбұл,
Қаңғыртқан екеумізді патша құрғыр»*

Мұндай ұқсастық Абай өлеңінде де бар. Ұлы ақын: «Қайран елім, қазағым, қайран жұртым, ұстарасыз аузыңа түсті-ау мұртың» десе, Кенен өзінің «Қаладау» деген әнінде «Қайран елім, туған жерім ажал жетсең қаладау, қара жерге, қатты көрге халқым шулап саладау!» дейді. Осындай тақырып ұқсастығы, ойдың сәйкестігі ұлы композиторлардың музыкалық туындыларында да көптеп кездеседі.

Мәселен, ұлы Абайдың шығармашылығын терең зерттеген ғалым-жазушы Тәкен Әлімқұлов, «Жұмбақ жан» деген зерттеу кітабында әлгіндей жәйларға ерекше тоқтап, мұның өзі ойлау жүйесі, сезіну қабілеті ерекше жаратылған тұлғаларға тән қасиет екендігін баса айтады.

Осы кітапта Б. Ерзаковичтің мынадай әңгімесін келтірген. «Абай Омбы мен Семейде жиі болған. Бұл қалаларда оған таныс орыс зиялылары көп еді. Абай үлкен-үлкен концерттерді көреді, достарының үйінен музыка тыңдайды... Сахарасына қайтып келгесін Абай орыс және қазақ әндерінің әуенін пайдаланды. Осы кітабында Б. Ерзакович Абайдың алпысқа жуық әні анықталғанын, соның ішінде он екісі «Евгений Онегиннің» аудармасына жазылғанын әңгімелейді.





Абайдың «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» деп аталатын өлеңі һәм әні – А.Г. Рубинштейннің «Разбитое сердце» («Я видел березку») атты романсының аудармасы....Абай романстың сөзін барынша жатық, дәл аударса, музыкасын да сондайлық үйлесімді, оралымды келтіреді, деп жазған.

Мұның бәрін келтіріп отырғандағы себеп, байырғы ақын, әншілердің туындысынан әйтеуір бір ұқсастық байқап қалса болды, оның байыбына бармай жатып, «мынау пәленнің сөзі (әні), содан алған» деп кеңірдек созатын «дүмше» ғалымдарға айтар уәжіміз еді.

Кененнің әндерінде қырғыздың, татардың, орыстың да ән элементтері кездеседі. Бірақ олардың жымдасып,сіңісіп кеткендігі соншалық, олардың ара жігін, ұлттық реңін айыру ең білікті деген музыканттарға да қиын түседі. Нағыз дарын, ерекше қасиет деген осы.


Кенен 1940- жылы Москваға барып ССРО-ның халық әртісі Р.М. Глиердің бастамасымен ашылған әнші-композиторлар курсына қатысып келгені белгілі. Ол жөнінде ақын әзіл-шынын араластыра отырып әңгімелеуші еді. «Бір ай оқып - до, ре, ми, фа, соль— дегеннен басқасы миыма қонсашы, шіркін! Музыкаға байланысты небір термин сөздерді еске сақтай алмай қаратер болатын едім. Көңіл арнасы көң болып қатып, тепсеңге айналып кеткен бе өзі? деп өзіме-өзім талай ренжіген кездерім болды» дейтін.

Есесіне орыс музыка өнерінің тарихын бар зейінімді салып тыңдаушы едім. Оны бізге қазақ тілінде оқып түсіндірді. Қазақша ағып тұрған татар жігіті оқыды. Осы курсқа келген өзге де ұлттың әнші-музыканттары көп болды. Солардан бірқатар ән үйреніп қалдым. Орыс, татар, ұйғыр, грузин, украин- әндері бар. Әсіресе маған қатты әсер еткен грузин халқының «Сулико» деген әні.

Менің «Бозторғай» әнімді тыңдап, бастарын шайқап, таң қалатын еді. Бір-бірімен орысша сөйлесіп, у-шу болып, кәдімгідей кеңірдек созысып дауласып қалатын. Не деп жатқандарын толық түсінбесем де қимыл-ишараттарына қарап әңгіме менің әнім жайлы болып жатқанын топшылаймын. Қолдарына менің домбырамды алып, ары-бері қарап бастарын шайқайтын еді. Қалақтай ғана «ағаштан» осыншама дыбыс иірімі қалай шығады дегенге сенбейтін болу керек.

«Бозторғайды» қайта-қайта айтқызып, қағазға түсіріп әлек. Мен айтқан сайын «жаңа басқаша орындағансыз, неге өзгертіп жібердіңіз, әлгінде мына иірімдер жоқ болатын»» деп шулайды. Мен әнімді қайта шырқаймын. Бастарын тұқыртып, жазуға кіріседі. «Тағы да өзгертіп





айттыңыз» деп ренжиді. Кейін ұққаным, менің ән салғандағы дауыс ырғағын, бірде созып, бірде баяулатып айтатын тұстарын нотаға түсіру қиын екен ғой. Қазақтың дарқан даласындай кең, мың бұралған мөлдір бұлағындай, бірде самғап, бірде төмен құйылып шырқалатын, табиғаттың өзіндей тап-таза ән иірімдерін дәл басып, нақ өзіндей етіп нотаға түсіру мүмкін емес. Мұны көп кейін өз әндерімді нотаға түсіру кезінде байқап, қатты налығанмын.

1948-жылдан бастап Кенен Әзірбаевтың әндерін нотаға түсіруді алғаш болып қолға алған музыка зерттеуші ғалым әрі ақынның досы Борис Ерзаковичтің: «Кенен – дарынды халық әншісі. Оның күшті де, күмістей сыңғырлаған әдемі тембрлі даусы кең диапозонымен ерекшеленіп, әбден қартайған шағында да өз әсемдігін жойған жоқ. Кененнің орындаушылық, мәнерлік құралдары ән мазмұнына қарай, маңғаз байсалдылықтан темпераментті екпінділікке дейін, енді бірде масаттанған күшті сезімділіктен жадыраған, жайлы көңіл-күйіне дейін түрленіп отырады» деуі ақынның әлгінде айтқан ойын нақтылай түседі.

Кенен ақынның 125 жылдық мерейтойы 2009 жылы республика көлемінде тойланды. Осыған орай арнайы қаржы бөлініп, ақынның бес томдық шығармалар жинағы жарық көрген еді. Осы жолы композитордың 107 әні, 7 күйі, сондай-ақ айтыстағы ән туындылары тұңғыш рет домбыраға лайықтап нотаға түсірілді. Оны түсірген белгілі күйші, профессор Орынбай Дүйсен. Осы еңбекте Кенен әндеріне нақты музыкалық зерттеу тұрғысынан тұжырымдама жасауға, оның қыр-сырын ноталық жүйелеу арқылы ұғындыру жағына ұмтылыс жасалған.

Кенен әндерін нотаға түсірудің өте қиын екендігін айта келіп, композитордың ән туындыларындағы басты ерекшеліктерге түсініктеме беріпті. 26 пункттен тұратын түсініктеменің бірнешеуіне ғана тоқталып кетейік.

а) Кенен әндерінің негізгі екпіндік ерекшелігінің көрсеткіштері мынадай: адымдай, аяңдай, бүлкілдете, желдірте, термелете айту.

б) Автордың мұңлы, қайғы-қасіретке толы әндерінің өзі тым созылмай, аяңмен, бүлкіл екпінінде орындалады.

в) Кейбір әндердің негізгі екпінінен, орындалу мақамынан астындағы аттың жүріс-қимылына сәйкестігі аңғарылады. Мұның өзі әншінің көп жағдайда, алқалы жиын-тойларда ат үстінде отырып ән салғандығын аңғартады. Бұл да ақынның ән салудағы ерекшелігінің бір көрінісі деп түсінген жөн.





г) «Гі-гі-гай», «гік-көй», «ге-ге-гөк» т.б. дыбыс тізбектері автордың өзіне ғана тән ерекшелік. Кененнің әндерін орындау кезінде осыларға ерекше көңіл аудару қажет.

д) Әннің сөздері анық, ырғағы нақты, музыкасы айқын, интонациясы таза болу үшін әннің сөздерінің кейбір тұстары музыкаға байланысты орфоэпия заңдылығымен айтылғаны жөн.

Ұлағатты ұстаз, табиғатынан қарапайым Орынбай Дүйсен өз түсініктемесінде Кенен әндерінде кездесетін осындай ерекшеліктерге, Кенен әндерін домбыраға лайықтап нотаға түсіру кезінде ұстанған принциптерге, Кенен әндерін орындау үшін қандай жайларға баса көңіл бөлу қажеттігі жайында біраз пікір айтыпты. Ең бастысы осының бәрі музыка маманы ретінде әрі өнер танушы ғалым ретінде ұғынықты жазылған. Бұл ең алдымен композитордың әндерін орындағысы келетін жас әншілерге пайдалы кеңес болса, екінші жағынан Кененнің әндері дауысқа салып, шырқап айтуға келмейді деп көлгірситін сәуегейлерге де дөп тиетін уәж.

Кененнің бітім-болмысы сияқты, оның әндері де асқақ, сан-алуан әрі сұлу болып келеді. Бір бойына сан қырлы өнер тоғысқан ақын-әншінің бүкіл ерекшелігін, өнерін саралап, зерделеу үшін қаншама ізденіс қажет екені айтпасада белгілі жай. Ақынның шығармашылығы зерттелмей қалды десек әбестік болар. Ол жөнінде талай қаламгер қалам тартып, ақын-жыршылар толғауын арнап, талай ғалым ой-пікірін білдірген. «Мен бақытты ақынмын. Менің әндерім, өлең жырларым халыққа жетті, жүрегінде қалды. Қазақтың байтақ даласын тербетіп, дүниені шарлап кетті» деп ақынның өзі де ризашылығын білдіріп отыратын.

Кенен ақынның 125 жылдық тойына орай жазылған Секен Сыздықовтың «Ән мен жырдың кені еді» деген мақаласында («Алаш айнасы», 2009 ж., 27-қазан) былай депті: «... Алайда, анау-мынау әнді менсіне бермейтін Арқада да, өзіндік ерекшеліктері бар батыста да, тіпті көне түркі өнерінің өнегесі қалған Алтайда да Кенен Әзірбаев әндерін жатырқамай, жата-жастана тыңдайды. Егер бұл әндер соншалықты құдыретті болмаса, күллі қазақ даласына дәл осылай кеңінен тарай алмас еді. Сонымен қатар қандайда бір арнайы насихат арқылы емес, ауыздан ауызға өздігінен тарап кеткен».

Бұған қосып аларымыз жоқ. Бұл күмән туғызбайтын ақиқат. Халқының жүрегіне жол тапқан өнер, нағыз халықтық өнер.





АҚЫННЫҢ ЖОҚТАУ ӨЛЕҢДЕРІ

Қазақ поэзиясында өлең-жырдың мұндай түрлері көп. Арғы-бергі ақындардың бәрі де өлеңнің осы әдісін молынан пайдаланған. Жоқтау, арнау, қоштасу адам жанының үш пернесі іспеттес. Басып қалсаң бірі қайғы, бірі қуаныш, бірі сағыныш болып адамның ішкі жан толқуын жайып салады.

Орыстың Пушкин, Лермонтов, Есенин сияқты дара туған ақындарының да осы тектес өлең-жырлары көп. Бұл қазақ ақындарында да жетерлік. Бар айырма, орыс ғалымдары бұларды бүге-шігесіне дейін зерттеп, талдап, қазақша айтқанда мүшелеп, жіліктеп тастады. Ал бізде бұл жағы әлі шабандау, жан-жақты, ауқымды зерттеу аз. Бірер ақынның осындай өлеңдерін зерделеп, көпке жеткізгеніміз болмаса, қолға алынбай жатқан істер әлі де баршылық. Осы тақырыпта көптеген жоқтау, арнауларын, қоштасу өлеңдерін қалдырған Кененнің туындылары да түңлігі түрілмей, тың жатқан дүние.

Жоқтау – аты айтып тұрғандай мәңгілікке кеткен, қолдан бұлбұл ұшқан, көңілің қимас адамға арналатын сияқты. Алайда қазақтың байырғы дәстүрінде малын, сәйгүлік жүйрігін, тіпті жылқы-түйесін жоғалтқандар да жаршы жалдап, жоқтау айтқызғаны белгілі. Кенен ақынның он жасында тойға келе жатқан дүйім жұрттың алдынан шығып, жеті қойды жоқтағаны сол дәстүрдің бір мысалы. Ақын бұл жерде тек хабаршы ғана емес, сол малдың түр-түсін, белгісін айшықтап береді, тіпті тапқан адамға қандай сый-сияпат берілетініне дейін айтады. Жоқтаудың бұл басты ерекшелігі.

*«Жетеуі де құнан қой,
Үлкендігі құландай...
Жетеуінің мұрнында,
Орай тартқан таңба бар,
Аяғымен жүр десең,
Жеті теңге аласың.
Сүйіншісін бер десең,
Кебекбайдың баласы,
Нұрбек биге барасың,
Он төрт сом санап аласың»,*





*Жеңіл-желпі тұғырдан,
Бір ат мініп қаласың...»*

Көнекөз ақындардың бізге жеткен өлең-жырларынан жоқтаудың небір түрлерін кездестіруге болады. Заманына қарай жоқтаудың да сипаты, мән-мағынасы, айтылу ерекшеліктері өзгеріп отыратыны заңдылық. Қазіргі қазақ поэзиясында үш ақынның жоқтауы ерекшеленіп тұрады. Оған себеп, өз перзентіне жоқтау жазған үш әкенің, демек үш ақынның қайғысы. Ол, сүйікті ұлы Әбдірахманның (Әбіштің) қазасына айтылған Абайдың жоқтауы. Екіншісі, Жамбылдың жақсы көретін ұлы Аяғайды жоқтауы. Үшіншісі – Кенен ақынның Базар-Назарын жоқтауы. Бұларды бүге-шігесіне дейін талдап, поэтикалық ерекшеліктерін айқындап, ғылыми тұрғыдан сипаттама беру болашақ әдебиет немесе фольклор зерттеушілердің абыройлы міндеті деп ойлаймыз.

Үш ақын, үш тұлға, қайғы жұтқан үш әке. Бұлардың өскен ортасы, өмір жолы, көріп-түйгендері бір біріне ұқсамайтын бөлек әлем. Абай мен Жамбылды бір жылдың түлегі, құрдас ақындар деседі болады. Кенен олардан біраз жас кіші. Үш ақынның тағдырына қарап отырсаңыз біріне бірі үйлеспейтін, бірін бірі қайталамайтын үш бәйтерек іспеттес. Сонау студент кезімізде Абайдың, Жамбылдың жас кезіндегі буырқанған өлеңдерін оқып, пікір таластырып, улап-шулап жатушы едік. Студенттерден қалжың артылған ба?

- Япыр-ай, Жамбыл атамыз, құдай сақтап Сталиннің құрығынан аман қалды. Жүз жасады. Жүзге жетсе де желігі басылмаған қазақта ондай ақын жоқ, дейді біреуі.

- Ал кемеңгер Абай жүзге келсе не істер еді? Мына өлеңдерін үш орап алатын дүние жазар ма еді, шіркін! Қара түнектен шыға алмай, қараңғылықпен арпалысып, көңілі жадырап бір күле алмай арманда кетті, дейді екіншісі.

- Әй, жігіттер, дейді үшіншісі сыбырлағандай аузын құлағына тосып: Абайдың ерте кеткені абырой болды ғой. Әйтпесе, «қайран елім қазағым, қайран жұртым» дегені үшін-ақ 37-жылы атылып кететін еді дейді. Ақиқат сөз. Бұған не дерімізді білмей аңтарылып қалушы едік.

Адамдар әртүрлі болғанмен қайғы-қасірет біреу. Қайғының ауыр, жеңілі жоқ. Ол адам таңдамайды. Әке-шешенің, бауырдың, жақын ағайын-туыстардың өлімі деген бар. Соның ішінде адамға қатты батаыны, көңілді құлазытып, күйретіп жіберетіндей әсерлісі – бала өлімі.

Абайдың зор үміт артып, болашағынан үлкен жақсылық күткен ұлы Әбдірахмен еді. Қанша баласы болса да, соның біреуіне ғана әкенің пейілі түсіп, көңілі ауады. Ол табиғаттың заңы. Бір үйде он бала бол-





са, оны он түрлі, мінезі де, істеген ісі де, жүріс-тұрысы да әрқилы. «Бір анадан ала да туады, құла да туады» дегенді халық қалай тауып айтқан. Жасынан ерекше мінез танытып, ізденгіш, талапкер боп өскен Әбіш, расында басқа балаларына қарағанда өзгеше болды. Онысын ақын-әке жүрегі қалт жібермей танып еді.

*«Тұл-бойың ұят, ар едің,
Ескеріп істеп, ойлаған.
Тәуекелге нар едің,
Талаппен терең бойлаған»* - деп баға берген.

Үлкен жүректі, ұлы ақындардың ерекше танымы, тылсым қасиеттері, парасаттылығы қарапайым адамға түсінікті бола бермейді. Жамбыл екеуі қатар туып, бір уақыттың адамдары болса да бір бірін көрмеген, кездеспеген жандар. Алайда, Абайдың дабысы құлағына жетіп, сырттай болса да тілеушісі болып жүретін. Верный қаласында ұлы жатыр, көптен науқас екен дегенді естіп, арнайы барып Әбіштің көңілін сұрайды. Кейін Әбдірахман қайтыс болғанда Абайдың қайғысына ортақ болып мынадай өлең жолдайды:


*«...Жапанға біткен бәйтерек,
Жалғызбын деп жүрмесін.
Кемелге келген асыл-ай!
Тасқынды тәңір басуы-ай!
Нар көтерген ауырға,
Арқаны тоссын жасым-ай!»* - деп жұбату айтады.

Ер адамның қайғыруы да ерекше. Іштей тынып, іштей күңіренеді. Өйелдер сияқты дауыс көтеріп, жоқтау айтып, жан күйігін сыртқа шығара алмайды. Көз жасын көлдетіп екі көзге ерік бере алмайды. Онысын намыс көреді. «Ерлер көзбен емес, жүрекпен жылайды» дейтін сөз содан қалған болар.

Әбдірахманның өлімі Абайды есеңгіретіп, жан дүниесін құлазытып жіберердей ауыр соққы болды. Ақынның сол кездегі сезім арпалысын, «жанын шүперекке түйіп» жаратқаннан шарапат тілеп, жалбарынған көңіл-күйін тап өзіндей етіп ешкім жеткізе алмасы хақ.

*«Алланың рахметін,
Яр тұтып әрнеге.
Әррахман ол атын,
Үйреткен жұмлеге.
Дұғамның қуатын,
Жіберме өңгеге,*





*Әбіштің сиқатын,
Беркітсең кеудеге...».*

«Яр тұтып» деген сөз, (парсыша) жәрдем сұрау, жалбарыну, көмек күту дегенді, «Әррахман» - (арапша) мейірімді, кең, рахым-шыл, «Жұмлеге» - (арапша) бар әлемге, бүкіл дүниеге деген мағына білдіреді.

Аз ғана уақыт ішінде Әбдірахманға арнап жоқтау-арнау түрінде тоғыздан астам өлең жазған екен. Осыдан-ақ Абайдың қандай күйде болғанын, аласапыран жан дүниесін сезінуге болады. Бұл жәй ғана қайғы-мұңға құрылған өлеңдер емес, балаға деген әкенің сүйіспеншілігін, әкелік сезімді, әкелік қамқорлықты, ажал алдындағы адамның шарасыздығын көрсететін мағынасы терең ой-тұжырымдар.


«Жетпесті кума, өткенге өкінбе», «Қандай қайғы келсе де, қара нардай шыдас бер», «Ажал айтып келмейді», «Бала адамның бауыр еті» дейтін сияқты халық даналығын Абай білмейді дейсіз бе? Білді, сабыр сақтады, үміттенді, шыдады. Бұл ауыртпалықты ақын ретінде ғана емес, «ет пен сүйектен» жаралған адам, қамқоршы әке ретінде қабыл алды. «Ақынға қара сөзден, өлең оңай» деп Кенен ақын айтқандай, суылдап соққан жүрегінің лүпілін, көңіл күдігін, «бір ысып, бір суыған» әкелік сезімін өлең ғып тарқатты.

*«Я, құдай, бере көр,
Тілеген тілекті.
Қорқытпай орнықтыр,
Шошынған жүректі.
Жүрегім суылдап,
Сүйегім шымырлап.
Алладан тілеймін,
Құпия сыбырлап» - дейді шарасыз әке.*

Апталап, айлап жалбарынған ақынның бұл сөзі тәңірдің құлағына жеткен-жетпегені бір құдайға ғана аян. Сұм ажал дегеніне жетті. 27 жасқа енді толған Әбішін жүрек-қолқасын суырып алғандай етіп, жұлып әкетті. Әбіштің өлімінен соң Абай өмірден мүлде түңіліп, қайғы-мұңның құрсауынан шыға алмай тірлік құрды дейтін жаңсақ пікір бар. Бұл шындыққа жанаспайды. Табиғатынан сұңғыла, оқып-тоқығаны көп, өмірдің тылсым қасиеттерін жанымен сезінетін кемеңгер ақын ондай әлсіздікке бармайтыны ақиқат. Бұған ақынның мына сөзін оқып, тәнті боласыз:

*«Бермеген құлға қайтесіз,
Жұлынарлық ерікті.*





*Ажал тура келген соң,
Шыдатпайды берікті...
«Сақта!» дейміз, қайтеміз,
Ілінген жалғыз тіректі.
Тағдырына тәбдил жоқ,
Тәубә қылсақ керек-ті».*

Жалпы ұлы ақындар жайлы сөз еткенде үлкен жауапкершілікті, ақыл-парасатты қару еткен жөн. Ғалым, әдебиет зерттеуші екенмін деп тым саяз, ұсақтыққа бармаған дұрыс. Ол әркімнің ойлау деңгейіне, биік танымына, талғамына байланысты. Ең қауіптісі өз бойындағы саяздықты, жетесіздікті, білімсіздікті ғылыми көзқарас ретінде басқаға таңу өрескел қателік.

Абайдың да, Жамбылдың да шығармашылығы зерттеуден кенде болған жоқ. Ғылым академиясында Абай тану, Жамбыл тану аталатын арнайы бөлімдер де бар. Жәкеңнің шәкірті ретінде Кенен Әзірбаевтың өмірі мен шығармашылығы жайлы талай іргелі пікірлер айтылып, ғылыми еңбектер жазылды. Сонда да болса ұлы ақындардың қияста, қалтарыста қалып қойған дүниелері әлі баршылық. Ақынды терең тану үшін оның шығармаларын ғана зерттеп-зерделеу азшылық етеді. Олардың бойындағы адами қасиеттерін, мінез-құлқын, әуре-сарсаңға түскен жастық дәуренін, қайғы-мұңын қоса зерттеу ақындарды неғұрлым терең ұғынуға сеп болатыны даусыз.

2018 жылмен есептегенде Абайдың дүние салғанына 114 жыл, Жамбылдың қайтыс болғанына 73 жыл, Кененнің өмірден өткеніне 42 жыл болыпты. Зымыран заман деп осыны айтады. Ұлы ақын, ұлы жырау, ұлы композитор жайлы ендігі ұрпаққа заман талабына үйлесетін соны көзқарас, соны зерттеулер қажет. Өйткені адамдардың таным-түйсігі бөлек, талап-тілегі, көзқарасы басқаша, өмірді өзгеше пайымдайтын жаңа буыны келіп, есік қағып тұр.

Тәкен Әлімқұловтың «Жұмбақ жан» атты кітабында жазылған мына бір сөзін ойтүйін деп қабылдауға болады. «Абай Құнанбаев сынды ұлы ақындардың мағынасы терең мұрасы бір кезеңнің, бір дәуірдің еншісінде қалмайды. Оған ауыспалы ұрпақтар өз көзқарасын білдіріп, өз бағасын бере жатады. Мазмұнды өмірбаянның, мәністі творчествоның қыры мен сыры дәуірлердің барысында ашыла түседі».

Иә, дүниенің бәрі қоғалыста болатыны, өзгермейтін ешнәрсе жоқ екендігі, ұрпақтар ауысып, жаңаланып отыратыны табиғи заңдылық. Тек сол келер ұрпақтың санасы уланбасын, мөлдір бұлақтай таза





болсын. Жазушының осы пікірі ұлы жырау Жамбылға да, ұлы композитор Кененге де жұғысты болғай деп тілейік.

Көзінің шырағы сөніп, кеудесінен соңғы демі шыққанша домбырасын күмбірлетіп жыр төгіп өткен Жамбылдың есімі қазақ даласына ғана емес, бүкіл әлемге танымал. Халқымыздың басынан өткен небір зұлмат заманды, найзасын айға білеген жаужүрек батырларын, көмейі бүлкілдеген ақын-жырауларын, аузы дуалы шешендерін талмай жырлаған Жамбылдың бір өзі – бір академия. Бұл жөнінен қазіргі әдебиет тану жүйесі, әдебиет зерттеушілер ақынға көп қарыздар десек артық айтқандық емес.


Жамбылдың өзін де, артында қалған дариядай шалқар, мол мұрасын да зерттеп түгестік деу асығыстық болады. Кеңес үкіметінің солақай саясатының ыңғайына қарай, бір жақты жүргізілген зерттеулер, ұлы жыршының адами тұлғасын, жан дүниесін, табиғи болмысын жан-жақты ашып бере алмады. Бұған сол кездегі саяси ахуал мүмкіндік берген жоқ. Керісінше, бір тоға, көп ретте жалпаң-жалтаңдау жүргізілген зерттеулер жыршының табиғатын дәл көрсетудің орнына, зиянын тигізіп жатты. Осыдан келіп, аузынан Сталин түспейтін, «советтен» өзге сөз білмейтін ақынның бейнесі қалыптасты.

Бұл енді өткеннің ісі. Тап қазір, тәуелсіздік тұғыры өз ырқымызға тиген кезде осы олқылықтардың орнын толтыру басты міндет. Жалғыз Жамбыл ғана емес, сол кездегі саясаттың қаһарына ұшыраған басқа да халық ақындарының шығармашылығын қайта қарап, зерделеуге тиіспіз.

«Жүз жасаған Жамбылың, не көрмеген?» демекші екі ғасырдың куәгері болған ұлы жыраудың көргені де, түйгені де көп. Өмір жолына көз тастап, сәл ғана шолу жасап көрейік. Жамбыл атамыздың көзін көрген, үнін естіп, домбырасын ұстаған тарихшы - ғалым Еркеш Мәмидің «Ата тағлымы» атты еңбегінде (Алматы, «Айтұмар» баспасы, 1996 ж.) Жәкеңнің өзі, елі, отбасы, адами қасиеттері туралы көп айтылған, соны деректерге тұнып тұр. Жамбылдың өнегесін біле бермейтін адамдарға, әсіресе «құлағы бітіп» бара жатқан қазіргі жас ұрпаққа аса қажет осындай дүниелер неге көптеп, көп данамен шығарылмайды екен деп налисың.

Жамбыл атаның өзі үш ағайынды екен. Тәйтi, Жамбыл, Қоман. Үлкені Тәйтi имандылық жолын қуып, діндәр болған. Меккеге екі дүркін барған, тақуа, жаны таза адам болыпты. Бір жолы Меккеден





Абайдың әкесі Құнанбайды жолықтырған деседі. Кейін ырым қылып, бір баласының атын Абай қояды. Бұл бала 8 жасында қайтыс болған екен. Екінші ұлының аты Сатыш. Екінші рет Меккеге сапарға шығар кезде, Сатышты інісі Жамбылға табыстап, қайта-қайта дұғасын оқып қоштасқан екен. Өзі сол сапардан қайтып оралмайды. Мәйіті Меккенің киелі топырағында қалған дейді.

Ағасының сеніп тапсырған аманатын Жәкең өмір бойы ұмытқан жоқ. Сатышты қолынан үйлендірді. Салиқа атты келін түсірді. Осы отбасының бүкіл қуанышы мен ауыртпалығын бірдей бөлісті. Әкенің орнын жоқтатпай, бар қамқорлығын аяған жоқ. Інісі Қоман да ақынмен үлкен силастықта болған. Одан туған Аққұлы Жамбылдың туған баласындай болғанын жұрт айтып отыратын.

Жамбылдың ғұмырнамасын оқып отырсаңыз, тек өз отбасының ғана емес, бүкіл ағайын-туыстың, ауыл-аймақтың жанашыры, қамқоршысы болғанын аңғаруға болады. Осының өзі-ақ, Жамбылдың ақын-жыршылықтан өзге, азаматтық, адами болмысын, қайраткерлігін айғақтап тұрған жоқ па.

Жәкеңде, халқымен бірге небір қиындықты, жоқшылықты, аштықты бастан кешірген ақын. Үш рет үйленген екен. Солардан 10 ұл, 2 қыз сүйген ардақты әке. «Жамбыл менің өз атым, халқым- менің шын атым» деп жыраудың өзі айтқандай туған елімен мәңгі жасай беретін, ардақты жыраудың зердеге салып, зерттелуді қажет ететін дүниелері көп. Өсіресе, жыраудың қақпа сөздері, өзі қатарлас адамдарға, шәкірт інілеріне айтатын әзіл-қалжыңдары қандай еді.

1936 жылы тұңғыш рет Мәскеуге барып, «көсемдердің көсемі» Сталинді көрді, Калинин кеудесіне орден тақты. Елге келген соң, осы көргендерін жұртқа әзілдеп айтып отыратын. Бұл жөнінде шәкірті Кенен ақынның айтатыны көп еді. Сталин жайлы:


- Екі иығына екі кісі мінгендей, Қобыланды сияқты бура сан, толағай жігіт екен десем, өзім секілді төртпақ келген, орта бойлы біреу ғой. Гәп, соның мұртында ғой деймін? Мұртын шыйыруы жаман!, дейтін көзін сығырайтып.

Енді бірде қулана қарап: «Патша деген ат мінгізіп, шапан жауып жататын еді. Ұзатылатын қыз құсатып «шылдырмақ» таққаны несі?» деп кеудесіндегі орденін шертіп-шертіп қоятын.

Үмбетәлі ақынның өлең айтса біразға дейін екпіндеп, тоқтаусыз айтатын мінезіне қарап: «Басы қатты қара жорғам!» деуші еді.

Шашы ерте ағарған Кененге: «Басын ұнға тығып алған қара мысықтай бопсың ғой» деп әзілдейтін. Жамбылдың мұндай





тап басып айтатын әзіл-оспақтары ел арасында көп сақталған. Жамбылдың мінез-құлқын, жыраулық ерекшеліктерін, бойына біткен ерекше қасиеттерін тап басып көрсеткен туындылардың бірі Кенен Өзірбаевтың «Жамбыл- жыр» поэмасы.

*«Жамбылды Жамбыл десем кім білмейді,
Өлеңнің ордасына кім кірмейді.*

*Елу жыл ертіп жүрген ардақты ата,
Домбыраң құлағымда күмбірлейді».*

Ұлы жырауға арнап, ұлы шәкірті айтқан осы шумақта ақынға деген сыйластық та, сағыныш та, өлең-жыр сияқты киелі өнерге деген құрмет те бар.


Ажал – арсыз. Ажалдың құрығынан құтылған пенде жоқ. Ол адамзат мойындаған ақиқат. «Алдыңғы толқын ағалар, кейінгі толқын інілер, кезекпенен өлінер, бұрынғыдай көрінер» дейді Абай. Бұл енді табиғат заңы. Абай тұжырымдағандай ажал шіркін рет-ретімен, өз жөнімен келіп жатса, оған ешкімнің дауы, айтар уәжі жоқ. Тойымсыз ажал олай етпейді. Өзін адамның әлде қашан мойындап, мойынсұнғанын ұқпайды. Кенен ақынның мына бір өлең жолдары осы ойымызды бекіте түскендей:

*«Амалың күллі әлемнен ассаңдағы,
Жан үшін алтын-күміс шашсаңдағы.
Ауылға от жақпайтын бір барармыз,
Жел мініп жеткізбейтін қашсаңдағы».*

Тоқсаннан әлде қашан аунап түсіп, жүзді бетке алған қарт жырау өз жөнімен келетін ажалды күткені рас. Бірақ ойдағысы болмады. Сұм ажал алдымен ең жақсы көретін ұлы Алғадайды әкетті. Ажалдың түрі-тұрпаты болмағанмен, адамға тигізетін зардабы әртүрлі болатын сияқты. Бірі – табиғи өлім, екіншісі – еріксіз келген өлім, соңғысы – қайғы-қасіреті қоса жүретін өлім. Өзі өлсе, алланың әмірімен болған табиғи өлім болатын еді-ау! Асарын асап, жасарын жасаған адамға бұл тоймен бірдей. Жұрттың «әбден қартайып барып, өз ажалынан өлгеннің арты той» деп жататыны содан болар.

Алғадайдың қазасы қарт ақынға ауыр соқты. Еріксіз келген өлім деп осыны айтатын шығар. Кіндік қаны тамған жерде емес, бөтен елде, өз ажалынан емес, соғыста қаза тапты. Қарт жыраудың «маңдайыңнан бір иіскеп өлсем арманым болмас еді-ау!» деп өксігені жұрттың қабырғасын қайыстырды. Төсек тартып, теріс қарап жатып алды. «Сұм ажал мені ұмытқан болсаң, өзім шақырып алайын сені» деп түйгендей еді. Екі-үш күн нәр татпай жатып қалған ақынға,





абдыраған жұрт неде болса сүйікті шәкірті Кененді шақырту керек деп шешеді. Бұған себеп, «Кененнің үні басқа, Кененнің сөзінен басқасын ұқпаймын» дегенін жұрт талай естіген. Кенен келіп өзінің мақпалдай жұмсақ даусымен, бұрынғының жолымен, әруақтарды шақырып былай дейді:

*«Ау, Жәке, көпті көрген батырымсың,
Қайғырып Алғадайға жатырмысың.
Пендеге бұл жалғанда өлім рас,
Құдайдың сөгесіз бе қылған ісін.
Кім күшті, тәңірім күшті, тағдыр күшті,
Жүзге дейін көрдіңіз талай істі,
Миуалы отанның дарағы едің,
Жел соғып бір бұтағың жерге түсті.
Сен тұрмасаң береке бізден қашты,
Түгесіп те бітірдік көзден жасты.
Қарасай бабаң шейіт емес пе еді,*

Атаң, батыр Шапырашты, көтер басты!» - дегенде буыны бітіп, әбден қалжыраған қарт жырау: «Кененсің бе-е-ей? Үніңнен таныдым, деп басын көтергені сол-ақ еді, Жәкеңнің аузына бір тостаған айранды тоса бердік. Осы оқиға жайлы атақты жазушы Сәбит Мұқанов та, жыраудың көзін көрген ақын-жазушы, ғалымдардың бәрі де еске алып, әңгімелеуші еді.

Тұғыры мықты жырау бұл қайғыға қатты қайғырса да, «үгіліп-түңілген» жоқ. Ақынның қайғысын бүкіл ел болып көтерді. Үкімет адамдары, ақын-жазушылар, әнші-күйшілер Жамбылдың қасынан табылатын. Ауыл арасы қашық болса да, апталап-айлап Кенен де келіп тұрды. Ақын інісі келгенде Жамбылдың реңі өзгеріп, баладай қуанып қалатын. Күндіз-түні ән салдырып, өзі әбден шаршағанша Кененнің әнін тыңдаудан жалықпаушы еді. Әсіресе, «Базар-Назарды» жиі сұрайды. Бұл әнді айту қаншалықты ауыр болғанмен, ұстазының көңілін жықпай қайтара айтып беретін. Сондай бір сәтте, қарт жыраудың көңілінде не тұрғаны белгісіз, бірақ еріндері жыбырлап, қолын созып домбырасын сұрағандай ишарат білдірді. Кененге қарап, «жақындау отыр» деді.

Үні әлсіздеу көрінгенмен, сөзінен жаңылмаған қарт жырау: «Кенен, сен баланың өлімін көп көрген адамсың. Жас кезде адам бәріне шыдайды. «Қазанат қамшы тигізбейді, азамат жоғын білгізбейді». Сен жастау болдың, соның бәрін көтердің. Жасым жүзге жеткенде, көрейін дегенім осы ма, еді?





Көңілі толқып кеткен қарт жырау біраз үнсіз отырып, домбырасын әлсіз саусақтарымен қаққандай болды. Көмейіне өксікпен қатар өлең келіп тұрғандай еді.

*«Алатауды айналсам,
Алғадайды табам ба?
Сарыарқаны сандалсам,
Саңлағымды табам ба?...
Темір өзек пенде жоқ,
Өлмес адам елде жоқ.
«Орынсыз деп өлімі»,
Ондай ойлау менде жоқ...
Бауыр-етім, Алғадай
Мен өлгенім жөн еді,
Ақтаяққа сүйеніп,
Сен жыласаң еб еді.
Қорқытпаймын құдайым,
Қорлығыңа жылаймын.
Жасым жүзге жеткенде,
Басыма түсті уәйім!»*


Ақын қарлығыңқы даусымен біраз жыр айтты. Көзінен аққан жастың, сақалын бойлап, тамшылап жатқанын да сезген жоқ. Бауыр-еті баласы Алғадайды жоқтауы дүниеге осылай келген. Кейін ақынның сөздерін біраз толықтырып, мақамына аз ғана өзгерістер енгізіп халыққа молынан таратқан жыраудың сүйікті шәкірті Кенен еді.

Тумасы бөлек, екі бірдей дара тұлғаның бір біріне деген сыйластығы, құрмет тұтуы ерекше болды. Аға - інідей болып силасқан екі ақынның осы өнегесін көзбен көрген ақын-жазушылар: «түйенің қос өркешіндей», «домбыраның қос ішегіндей», «Ұлы жыраудың – ұлы шәкірті» деп тамсана жазды.

«Совет оқушылары Кенен Әзірбаевтың есімін халық әдебиетінің аса ұлы алыптары Сүлеймен Стальскиймен, Жамбыл Жабаевпен қатар атайды. Кененді бүгінгі Жамбыл, екінші Жамбыл деп біледі» деген орыс жазушысы Георгий Марковтың пікірі осы ойымызды айғақтай түсері сөзсіз.

Ірі тұлғалардың арасында болатын, осындай риясыз, ешқандай «мысық тілеусіз», таза пейіл мен силастыққа негізделген өсиет-өнегесін кейінгі ұрпаққа үлгі етіп айтуымыз қажет. Өйткені ұлы адамдардың өмір жолы – үлкен мектеп.





Ерекше туған адамдардың түс көруі де ерекше болады, деуші еді Кенен. Бұл жөнінде классик жазушымыз М. Әуезов та төгілтіп жазған ғой. Абайдың жанын тербетіп, көңілін еліткен түсіндегі ғажап ән, оянып кеткен соң да құлағына сол қалпы естіліп, ақынның таңданысын туғызған сәтті Мұхтар асқан шеберлікпен суреттейді емес пе? Абайдың есін аударғандай әсер еткен әннің айтушысы, Тоғжан бейнесінде түсіне енген болашақ жары Әйгерім еді. Ұлы ақын алдымен әнге, сол арқылы Әйгерімге ғашық болады. Мұндай үндестік, болмысы ерекше жаралған, жаны сергек, сезімтал адамда ғана болатын тылсым құпия, деп түйіндейді.

Осындай ерекшелік Жамбылдың бойында да болған. Жәкеңнің албырт, шалымды жас кезінде көрген түсі тіпті ғажап. Жыраудың осы түсін Кенен өзінің «Жамбыл – жыр» деген поэмасында өте тартымды суреттеген.

...Жерге алаулап келіп Күн қонады. Жалыны жан шыдатпайды. Күнді ұстаймыз деп жүгірген жұрт маңына бара алмай әлек. Тіпті, күннің лебіне адам тұрмақ, он айлалы айдаһардың өзі шыдай алмай, өзен- көлден су ұрлап жан сауғалап жүр. Жамбыл үйге жапқан жамылғы үзікті ала салып тұра жүгіреді. Кенен ақын осы сәтті былай жырлайды:

*«Үйіме жапқан үзік қап-қара еді,
Жүгірдім сол үзікті жұлып алып...
Қалың жұрт маған қарап тұрды абайлап.
Бас салдым бардым-дағы жалын күнді,
Ақырып бар даусыммен Қарасайлап!
Ұстаған ұлы Күнді үзікпенен,
Бола ма бұдан артық қызық деген?
Жүгірдім үйге қарай көтеріп ап,
Балқыды қорғасындай қызып денем.
Таңырқап тұрған халық ерлігіме,
Төріме күнді әкеліп орнатып ем,
Ай қонды жайып қойған терлігіме...
Ет жеген шал- кемпірлер айта кетті,
«Жақсылық бар екен деп ерте-кешпе.
Біз айттық ақындық деп сүтпен біткен,
Әншейін түс емес деп өткен-кеткен,
Бар дедік ғылымда да түске сенген,
Арманың, аңсағаның көптен күткен».*

Осы түстен кейін Жамбылдың ақындығы дауылдай есіп, ел таныған





атақты ақын болған деседі. Бұл жерде, бір назар аударатын нәрсе, жазушы Мұхтардың да, ақын Кененнің де ойының бір жерден шығуы. Мұндай таңғажайыптар ерекше жаратылған адамдарда ғана болады дейтін ортақ ұғым.

Кенен Жәкеңді соңғы рет 1945 жылдың мамыр айында көргендігін айтады. Ақындарды Алматыға жиі-жиі шақырып, соғыстың барысы, үкімет қабылдаған қаулы-қарарлар жайлы, алдағы істелетін іс-шаралар туралы біраз мағлұматтар беретін еді. Мұндай жиындарға Жамбыл көптен қатысқан жоқ. Денсаулығы мазалап, сыр бере бастады. Қайтар жолда Жамбылдың ауылына бұрылып, жағдайын сұрап тұратын едім. Осы жолы да солай болды. Расында, Жәкең, бір уыс болып, арып қалыпты. Бірақ сөзі ширақ, ақыл-есі өз қалпында.

- Жәке, біздің үйдегі келініңіз сәлем айтты. Өзі келе алмайды, аяғы ауырлап жүр. Құдай қаласа бір қуаныш боп қалар? Алдымен сізге хабар жеткіземін. Сүйіншіңізді дайындай беріңіз, деп әзілмен сөзге тартты.

- Кененжан, саған деген пейілімді жақсы білесің. Келін екеуің бала-бала деп зарлап жүргенде талай батамды бергенмін. Көркемжаның дүниеге келгенде ат арылтып барып, қуанышыңды бөліскенмін. Келінге сәлем айт, туары жаман болмас, тағы бір ұл тусын! деп бетін сипады. Мұнысын тілектен гөрі батаға санап жақсы ырымға жорыған едік.

Бұл жолы да екі-үш күн қасында болдым. Өткенді айтып, біраз әңгіме құрдық. Бұрынғы ақындар, замандас шешендер-билер жайлы әңгімесі таңға таусылмайтын еді. Жүзге келген адамның осыншама әңгімені қалай есте сақтағанына таң қаласың. Кетер күні Жәкең мені оңаша алып қалды.

- Менің де татар дәмім азайды- ау, Кенен. Сонау Қарасай бабамнан бері үзілмей келе жатқан Қызыл Жолбарыс жайлы аңыз бар. Оның киесі жұққан адам ерекше бақытқа, атақ-даңққа ие болады деп халық әлі күнге дейін аңыз етіп айтады. Сол киелі жолбарыс мені де айналсоқтап жүруші еді. Кеше түсіме кірді. Үш рет дауыстап шақырғаным қайрылмады. Алатаудың қарлы шыңын бетке алып ұзай берді. Биік жотадан асып, көзден ғайып болды. Мәңгі қоштасқан сияқты. Ажал менің де есігімді қағып тұр-ау, осы. Қош бол, Кенен, жолың болсын!, деді. Бұл ұлы жыраудың ұлы шәкіртіне айтқан соңғы назы еді.

1941 жылдың 22 маусымында Ұлы Отан соғысы басталса, 1945 жылдың 22 маусымында Ұлы жырау, шежіре, төкпе жырдың тәңірі






Жамбыл жырау көз жұмды. Осы жылдың шілде айында Жәкеңнің тілек-батасы дәл келіп, Кенен ақын ұлды болды. Жамбыл келіп атын қойған Көркемжанға тілеулес болсын деп атын Бақытжан қойды. Айтсаң нанғысыз, Кененнің туған күні де 22 маусым болатын. Ақынның 75 жылдық мерей тойы осы күндері тойланған. Кейін үкімет басындағылар фашистер соғыс ашқан күнге дәп келеді екен деп, 19 маусымға өзгертті. Ақынның бұдан кейінгі мерейтойлары осы 19-маусымда тойланып, туған күні болып қалды. Мұндай сәйкестікті әркім өзінше ұғынатын шығар. Бірақ, қалай болғанда да осының бәрін үйлестіріп, дәптестіріп отыратын әйтеуір бір беймәлім күштің бары рас. Мұның жауабын осындай тылсым жәйларды зерттеп жүрген ғалымдарға қалдырайық.

Ал қаншама жыл өтсе де Жамбылдың есімі көмескіленіп көрген жоқ. Атақ-даңқы бұрынғыдан да асқақтап, бүкіл әлемді шарлап кетті. Ұлы Жыраудың атымен аталатын қала, көше, мектептер, басқа да ұжымдардың тізімін жасар болсақ оның өзі ауқымды бір кітап болар еді. Ақын түсінде көрген киелі Қызыл Жолбарысы да ұзай қоймапты. Аңыздың жалғасындай болып Тәуелсіз елімізге қайта оралыпты. Қазақ деген ұлт бар екенін төрткүл дүниеге танытқан, тәуелсіз еліміздің тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының қасында жүрген сияқты болады да тұрады. Қалай болғанда да еліміздің абыройы артып, аңыздар шындыққа айналып, жалғасын таба берсін.

Кенен Әзірбаевтың егіз қозыдай ойнақтап өсіп қалған екі баласы бір күнде қайтыс болады. Базары төртте, Назары үштен енді асқан еді. Жұмыс бабымен алыс сапарда жүрген ақынға хабар кеш жетеді. Күні-түні аттың терін кептірмей асығып жеткенмен кеш қалған екен. Балаларды қара жерге тапсырып, дұғасы оқылып та қойыпты. Топырағы кебе қоймаған молаға қайта-қайта келгіштеп, күңіренген ақынның іштегі күйігі кеудесінен жыр болып төгіліп, зарлы әнге айналған еді.

Алғашында әннің «Ақ ешкі» деп аталуы кездейсоқтық емес. Өйткені екі бала дүние салатын жылы Базарға бәсіре деп атаған ақ ешкі де егіз лақ туады. «Туғаның сорлы ақ ешкі егіз лақ, біреуі өлгенінің салпаң құлақ» деп ақын өлеңіне қосқандай екі лақ та тұрмайды. Лақтарын іздеп безек қаққан ешкінің даусы ақынның көңіл-күйін астаң-кестең етіп, сай-сүйегін сырқыратты. «Айтайын десе тілі жоқ бейшараның осы күйін, ендігі жерде ақын зарлы әуенімен жеткізгендей еді. Кейін бұл ән екі баланың атымен «Базар-Назар» аталып кетті.





Әннің мәтінін әркім әртүрлі айтатын болып жүр. Біреу «зарланасың ақ ешкі» деп айтса, енді біреу «маңырайсың ақ ешкі» деп бастайды. Бұған енді біреулер, «зарланатындай ол адам емес қой» деп дау айтса, тағы біреулер «ешкі маңырамағанда не істейді, ит боп үреме?» деп қарсы пікір білдіріп жатады. Бұл сияқты мәтінін өзгертіп, өз бетімен сөз қосып айтушылар кейінгі кезде тым көбейіп барады. Бұл тек Кененнің әндеріне ғана қатысты емес, басқа да халық ақындары мен композиторларының туындыларына байланысты. Мұның өзі талғамы тайыз, қазақ өнеріне жаны ашымайтын, әйтеуір әнші атанып, ел көзіне түсуді ғана ойлайтын «әлжуаз» әншілер басым дегенді аңғартады. Айтқысы келген әннің тарихын, бұрынғы мәтіндерін саралап, тексеріп жатпайды. Ізденіс жоқ. Дұрысын айтсақ, Кененнің өзі айтатын түпнұсқасында, 1949 жылы шыққан грампластинкада былай деп айтылады:


*«Сорлы ақ ешкі жылайсың лағыңа,
Емшегіңнен емізген шырағыңа.
Кел екеуміз қосылып бір зарлайық,
Жетер ме екен, құдайдың құлағына».*

Кененнің «Базар-Назары» классикалық туындыға айналған ерекше мазмұндағы ән. Бұл әнге адамның ішкі эмоциясын білдіретін, қайғы-мұңын көрсететін жоқтау деп біржақты тұжырым жасауға болмайды. Ән құрылымы, айтылу мәнері, иірімі қандай күрделі болса, оның мақамы да соншалықты күрделі. Мұның өзі әншіден үлкен шеберлікті, кең диапазонды талап етеді. Оның үстіне адамның іштегі мұң-қайғысын, әкенің балаға деген ерекше ықыласын, сүйіспеншілін дәл жеткізу үшін әншіден табиғилықты, тіпті актерлік шеберлікті талап етеді. Бұл әнді жүрексіз, шынайы сезімсіз, жеңіл-желпі айта салу мүмкін емес дейтініміз сондықтан.

«Базар-Назар» әнінің өзге жоқтау әндерден ерекшелігі, тыңдаушының жүрегін тербеп, көңілін бірден елітіп-ертіп алып кететіндігінде. Әннің сөздері де қарапайым, қазақтың ұғымына сай келетін, ұлттық нақышқа, бояуға толы. «Баланың керектігін мен айттайын, қу бас десе біреудің сөзі өтеді», «Баласы ер жігіттің өле берсе, шырағы жанып тұрған демде өшеді» дейтін өлең жолдары, ақынның басынан кешкен жайлар, мұны өзі де талай естіген.

*«Адамға бала деген балдай екен,
Сөйлесе тәттілігі жалдай екен.
Алыстан арып-ашып келгеніңде,
Асылып мойыныңа алдайды екен»*





Ешқандай әсіре бояуы жоқ, кез-келген отбасында болатын үйреншікті көрініс, нақты айтылған сөз. Кез-келген әкенің сезім пернесін дір еткізетін, сағынышын оятып, ой салатын сөздер. Зарлы ән осылай биіктей береді, әнмен қоса ақынның сөзі де ширыға түседі. Діни тағылым тұрғысынан айтсақ: «Намаз-дігәр болмаса пейішті қайдан көресің? Ұл мен қызың болмаса кейісті қайдан көресің?» дегенге саяды. Баласыз дүние тұл, баласыз адам – ғәріп.

Әсіресе бұл әннің кімді болсын бей-жай қалдырмай көңілін босатып, өзіне тартып алатын бір ерекшелігі бар. Ақын өзінің жай-күйін, жанына батқан ішкі күйігін күнделікті тірлікте көріп жүрген қазақы тұрмыс-салтымен салыстыра отырып, халыққа ұғынықты тілмен жеткізеді. Өзінің басына түскен қайғысына көптің көңілін аударып, бұл табиғи заңдылық адам ғана емес, жан-жануардың бәріне ортақ жаратылыс, тіршілік мәні дегенді аңғартады.

*«Байқасаң қойлар қандай, қозы қандай,
Базардың жаутаңдаған көзі қандай?»...*

*«Байқасаң ешкі қандай, лақ қандай,
Лақ ойнап тезекті құлатқандай»...*

*«Әлеумет түйе қандай, тайлақ қандай,
Түйе де тайлақайын ойнатқандай»...*

*«Тай қандай, құлын қандай, дөнен қандай,
Шерленіп іште жатқан шемен қандай?».*

Мұндағы өлең жолдары Кенен ақынның әншілік табиғатын ғана емес, күнделікті тұрмыс-тіршілік көріністерін шебер айшықтай алатын сөз зергері, ғажап суреткер екендігін дәлелдей түседі. Сауал тастай отырып, жұрттың көңілін өзіне аудару, өзінің қайғысына оларды да ортақтастыру тәсілі Кененге дейінгі ешбір ақындарда кездеспейді. Ал іштегі өксікті, «үффу-үффу» деп дыбыстап жеткізу әншінің өз жанынан туған, ерекше жаңалық деуге болады. Бұған бірде көкке көтеріліп, енді бірде жер бауырлай сызылған зарлы әуен қосылғанда тіпті жүйкесі мықты адамның өзі босап, көзіне еріксіз жас алғанын талай көрдік. Ән құдыреті, әншінің қайталанбас қасиеті деген осы болар.

Композитордың осы бір ғана әнінің төңірегінде талай әдебиетшілер, ғалымдар ойтүйіндеп, пікірлерін айтты, ақындар өлеңдерін арнап, қаламгерлер мақалалар жазды. Бірақ уақыттың сұранысына қарай осы ән жайлы әлі талай соны пікірлеп айтылып, ғылыми тұжырымдар жасалатыны сөзсіз.

Осы оқиғадан кейін ақын домбырасын қолына ұстамай, көп уақытқа дейін елден жырақтанып, өмірден түңілгендей күй кешкені рас. Мұның





да «емін» тауып, Кененді ұйқысынан оятқандай, серпіндірген ұлы ұстазы Жамбыл болды.

Шәкіртін құшағына алып: «Кененжан, не боп кеткенсің өзің? Атыңның бұты тыртыып, өзіңнің мойның құлқиып, көнегі бар жігіт ең, қалғанба саған тіл тиіп. Балаларды ойлап зарлама, су құрымасын арнада. Баласы өлген жалғыз сенсің бе, тәйірі! Құдайдың кеңдігіне шүбә келтірме. Әлі талай «құрсақ» береді» деп ағалық пейілін білдіріп, даналық өсиетін көрсеткен тағы сол, ұлағатты ұстазы еді. Бір жағынан Жамбыл сынды ұстаздары дем берсе, екінші жағынан қырғыз достары, ақын-жыршылары жырларын арнап, қапалы көңілін көтеріп, жанына сүйеніш болды.

«Қырықтан асқан жасың бар,

Көкала сақал, шашың бар.

Қамықпағың, Кенекем!

Түскен тұман жарқ етіп,

Шыққан күндей ашылар.

Әйешің тағы ұл туып,

Асығы қайта шашылар...

«Жал-құйрығың жетілсін,

Өткенге кімдер өкінсін.

Әйешің тағы ұл туып,


Мойныға қайта секірсін».

Ақын жегідей жеген жан азабынан әрең құтылды. Кененсіз өтпейтін той-жиындарға, үкіметтің ұйымдастыруымен болатын әртүрлі іс-шараларға қатысып, өзіне тапсырған қоғамдық жұмыстарын атқарып жүре берді. «Бейшара көп зарламай отыңды отта, бізге де беріп қалар бірер тұяқ» деп ақ ешкіге айтқан жұбатуын, өзіне де айтып көңіл сергітуші еді. Көптің тілеуі, Жамбыл берген бата, қырғыз достарының жүреюжарды тілектері бос қалған жоқ. Ақын 55 жасқа келгенде (1939 ж.) ұлды болды. Сонау Ұзынағаштан атын «тепеңдетіп» Жамбыл келді. Көркемжан деп ат қойып, батасын беріп кетті. Алланың бергені сол, артық та емес, кем де емес үш қыз, екі ұл. Жаратқанның «өзі беріп, өзі алған» сегіз ұлдың, әсіресе өзегін өртеген Базары мен Назарының төлеуі осы болар деп ақын қанағат айтатын. Баланың зарын көп көрген біз үшін ұлдың да, қыздың да артықтығы жоқ. Аман қылса болғаны деуші еді.

«Екі өркеші түйенің,

Екі емшегі биенің,





*Көркемжан мен Бақытжан,
Маңдайыңнан сүйемін».*

«Базар-Назар» әнінің халыққа кең тарап кеткені соншалық, ақынға қолқа салып келетіндер көп болды. Бірі ақынды көруге, бірі әнін естуге арнайы келетін. Еліміздің әр түкпірінен келушілер бір бөлек, тіпті көрші өзбек-қырғыздан да ат басын бұратындар аз болған жоқ. Соның бәріне ақын үлкен шыдамдылық көрсетіп, қатты қиналып отырса да, өтініштерін орындайтын еді. Бұл адамнан қаншалықты күш-жігер қажет ететінін, мұндай қайғыны бастан өткергендер ғана сезіне алады.


Базар-Назарды сирек айтып, кейін мүлдем айтпай кетуінің тағы бір себебі бар. Онысын ақын былай деп түсіндіруші ғді. «Есім ауып, көзімді қайғы басқаны соншалық құдайға қаратып өкпе айтып, сауал жасағандай болыппын. Пендешілік қой, болмаса жаратушыға өкпе арту, наразылық білдіру үлкен күнә ғой» дейтін.

Расында, әннің мәтініне назар аударсаңыз құдайға қаратып айтқан бірнеше өлең жолдарын көруге болады. Оның бірінде «Кел екеуміз қосылып бір жылайық, жетер ме екен құдайдың құлағына» десе, енді бір жерінде «Жазықсыз еш адамға жүруші едім, құдайға мен не жаздым жылатқандай» деп сауал тастайды. Бұл аз болғандай, «Баланы беріп тұрып қайта алатын, не жазыппын тәңірге зарлатқандай!» дейтін көңіл толқуы тағы бар. Қаншама кең, мейірімді десек те құдайға өкпе жүрмейді, жер басып жүрген пендесіне сауал айту күнә. Алладан талап етпейді, шын пейілден тілейді, жалбарынып сұрайды. Алланың көңілі кең, адамның «біліп істеген, білмей істеген» күнәсін кешіретіні даусыз.

Бұл жерде діни уағыз айтудан аулақпыз. Бірақ Кенен ақын сонау кеңес үкіметінің дәуірлеп тұрған кезінде де, әбден қартайып аққу ата атанғанша қолынан тәспихын тастап, бес уақыт намазын «қаза» етіп көрген емес. Бәлкім, өмір жасын ұзақ етіп, атақ-даңқын әуелетіп, халқының құрметіне бөленуі, алдымен құдай берген табиғи талантына, содан соң, ақынның пейілі мен жан тазалығына байланысты десек, еш сөкеттігі жоқ сияқты.

Өткен ғасырдың 20-30 жылдар аралығында қазақ тарихында, әдебиеті мен өнер саласында аса ірі, елеулі оқиғалар болып жатты. Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Күләш Бәйсейітова, Шара Жиенқұлова, Қалибек Қуанышбаев сияқты қазақ





халқының өнер саңлақтары шықты. Солардың ішінде ең жасы, қазақтың бұлбұл қызы Күләштің шоқтығы биік тұратын. Оның ешкімге ұқсамайтын күмістей сыңғырлаған даусына, қазақтың кең сахарасы іспеттес шалқар үніне тәнті болмаған адам болмаған шығар. 1936 жылы қарт жырау Жамбылмен бірге, қазақтың сол кездегі жарық жұлдыздарының бәрі дерлік Мәскеуге барып, өнер көрсетті. Жәкең төкпелетіп жыр төксе, Күләш құйқылжытып ән салды. Бағы жанды, қазақтың әншілік өнерін әлемге паш етті. Қазақ өнерінде алғаш болып ССРО-ның халық әртісі атағын алды. Біртуар әншінің ғұмыры тым қысқа болды. 1957 жылы 6 маусымда дүниеден өте шықты.


Осының бәрін көзбен көріп, көңілге тоқыған Кенен ақынның қарап қалуы мүмкін емес еді. Күләштің мезгілсіз өлімі әнші жүрегін селт еткізбей қойған жоқ. Көңіл түкпірінен баяулап көтерілген мұңлы ән бірте-бірте ұлғайып, адамның жанын тербегендей ғажап туындыға айналды. Сөйтіп, «Күләшқа» арналған, ешқандай мақамға ұқсамайтын мұңлы, сазы да ерекше жоқтау әні дүниеге келді. Кәсіби музыка зерттеушілер Кененнің осы әнін қазақтың байырғы жоқтау жанрына өзгеше саз әкелген, мелодиялық тұрғыдан да, поэзиялық жағынан да жаңаша сипат берген ерекше туынды деп баға берді.

Жоқтаудың жаңаша нысаны, заманына қарай әрқилы түрленуі Кененнен басталады дейтін пікірлер бар. Бұл қалай болғанда да ұшқары айтылған, шындыққа жанаса бермейтін тұжырым. Өйткені халықтың көнеден келе жатқан жоқтау үлгілері бар. Мұндай жоқтау тәсілдері Абайда да, Жамбылда да, өзге де ақын-жырауларда кездеседі. Бір ғана ақиқат, осы әннің ерекше сезімнен, ақынның жүрегін жарып шыққан, терең толғаныстан келген дүние екендігі.

Біз ол кезде Отар теміржол бекетінде тұрамыз. Күні бойы қозылақ бағып, торғай атып, көбелек қуатын алаңсыз балалық шақ. Біздің бар қызығымыз кешкі тамақтан кейін әкенің мың құбылтып айтатын әңгіме-ертегілері. Ол кезде теледидар дегеннің өзін емес, атын да білмейтін едік. Біз үшін театр да, кино да әкеміз болатын. Күрең шайды қанып ішіп, көңілі жадыраған ақын, басымыздан мейірлене иіскеп алып әңгімесіне көшетін. Басынан өткерген небір ғажап оқиғаларды, бұрынғы өткен батырлар, төкпе ақындар жайлы, Жамбыл мен Күләшқа еріп Мәскеуге барғанын жыр ғып айтушы еді.

- Жамбыл ақ сақалы желкілдеп, екі иығы бүлкілдеп жыр төккенде, жыраудың дауылдатқан шабытына таңданбаған адам қалмады. Жауына түйілген батырдай, жеміне шүйілген бүркіттей болды. Бүкіл залда отырғандар Жәкеңнің жырына елігіп, орындарынан тұрып кетті.





Есі шыққан жұрт, бірін бірі итермелеп жырауды түсіріп аламыз деп ұмтылған фотосуретшілер Жамбылды басып кете жаздады, дейді. Біздің ашылған ауымызға, таңғалған түрімізге қара қойып, әңгімесін жалғастыра түсетін.

- Ал енді залға «гәккулетіп» Күләш шыға келгенде, қазақтың қас сұлуы дегенді естімеген, мұндай сәулетті көрмеген шетелдік меймандар аузын ашып, көзін жұмды. Залға бір ғана әнші емес, бір топ бұлбұл ұшып кіргендей әсер қалды. Құйқылжыта ән салған Күләштің даусына бүкіл кремльдің қабырғасы иіп, тыңдаған жұрт бастарын шайқап, таңдай қақты. Қол шапалақтап, айғайлаған дауыстан құлақ тұнатын еді. Құшақ-құшақ гүлдерге көмілген Күләштің басы ғана көрініп тұрды. Қорғасындай салмақты дейтін Сталиннің өзі орнынан қалай тұрып кеткенін білмей де қалды...

Әкенің көркемдеп, әсірелеп айтқан әңгімесін баз қалпында қабылдайтын балауса, бала жүрегі кіршіксіз, аңғал болатыны рас. Даусын мың құбылтып, бірде Жамбыл, бірде Күләш бейнесін көз алдымызға әкелгендей әсер қалдыратын. Осының бәрі қиял-ертегідей боп көрінуші еді. Әңгіменің әсерлі болғаны соншалық, өзін тап Мәскеуде жүргендей сезініп, қиялға берілген ерке Көркемжан шыдамсыздана сұрақ қойды.

- Ата, сен қайда болдың? Күләштің қасында тұрдың ба? Күләш не деді?

Бұған әкем жәй ғана жымыйып:

- Қайда болушы едім, Жамбыл мен Күләштің қасында жүрдім, бүкіл Мәскеуді аралап көрдік. Күләш қазақтың маңдайына біткен таңшолпаны ғой! Ондай әнші өмірге енді келе ме, келмей ме, бір құдайға ғана аян дейді. Бұл жауапқа көңілі тола қоймаған Көркемжан:

- Ту, ата, сол Күләш тәтені неге алмадың? Бәріміз әнші болатын едік, деп бұртияды. Бұған балалардың үлкені, ес біліп қалған Төрткен дау айтып:

- Ақымақ! Күләшті алса, мына бізді, мына сені кім туып береді? Миың жоқ, дейді кәдімгідей ашуланып.

- Несі бар, Күләш тәте туып береді, деп Көркем міз бақпайды. Сөздің төркінін ұғып та жатқан жоқ. Біздің осылай дауласып мәресіре болғанымызға әкем де, шешем де мәз болып, «баламысың» дегенді айтып жадырай күлуші еді.

Бұл енді сонау алаңсыз-аңқау балалық шақтың бір көрінісі. Ал ақиқатына келгенде атағы әлемге таралып кеткен бұлбұл Күләшқа, үні сыңғырлаған әнші Күләшқа тамсанбаған, іштей болса да ғашық





болмаған адам жоқ. Тіпті, тоқсанның торғынына оранған Жамбылдың өзі Күләшты көргенде жүзі нұрланып, көңілі жадырап шыға келеді екен. Оң жағына отырғызып, әдемі әзіл-қалжыңын айтып, арқалана түсетін еді дейтін көзбен көргендер. Осы жерде атақты, арқалы ақын Мұхтар Шахановтың мына бір өлең жолдары еске түседі:

*«...Жер бетінде жел өшірген із аз ба,
Жігерсіздің өрісі әркез тар болған.
Отызында кемпір болған қыз аз ба,
Жігіт аз ба отыз жаста шал болған.
Бақыттысың әр таң сайын көзіңді,
Сұлулыққа суарудан қашпасаң.
Қартайдым деп алдай көрме өзіңді,
Қарттық жаспен өлшенбейді ешқашан».*

Сұлулықты көре білу, тамсана білудің өзі үлкен өнер. Табиғаттың, адамның, әннің, жан-жануардың, тау-тастың, өзен-көлдің, түптеп келгенде күллі дүниенің өз сұлулығы болады. Соны сезіне білген адам бақытты. Ондай қасиет әсіресе ақындарға тән. Кенен де мұндай сезімталдықтан құр алақан емес. «Сұлу қыздай керілген Сұпутөрім», «Керіліп кер маралдай көзі күліп», «Қабағы ашық- жазығым», «Тоты құстай түрленіп туарсың ба», «Ойжайлау шөбің шүйгін, суың дәрі» десе, осының бәрі ақынның қиялынан туған құр теңеу ғана емес, өмірде бар, көзі көрген, жанын сүйсіндірген нақты жәйлар.

Ақын өзінің жоқтауында Күләштың табиғи болмысын тым әсірелеп жатпайды. Оның ерекше жаратылған әйел екенін, өмірде де, өнерде де сирек кездесетін жан екенін, теңдесі жоқ әнші екенін дөп басып айтады. Жалаң тамсану емес, жанымен сезгенін, көзімен көргенін айтады.

*«Қара көз, қиғаш қас,
Бұраң бел, қолаң шаш.
Тік иық, кер миық,
Күләштай қыз тумас.
Қазақтың бұлбұлы,
Әйелдің дүлдүлі.
Мезгілсіз үзілді-ау!
Отанның нұр гүлі».*

Осындай сөз саптау, ұйқас таңдау ұлы Абайдың әйел сыны, ат сыны сияқты өлеңдерінде де кездеседі. Бірақ бұл көшірме емес. Ақынның мұндай тәсілге баруын Абайға еліктеп, сұлулықты Абайша көруге, Абайша тануға ұмтылыс деп қабылдаған жөн.





«Кенен әндерінің ерекшелігі бір ғана сезімнің еркетотай әуезі емес. Олардың ішінде...қыранның қос қанатындай қиядан қиқу салып кете баратын да, тік шырқаса тікенді ойдың тігісін қақыратып жіберетін де кездері көп» деп жазушы суреттегендей Кенен әндеріне жеңіл-желпі қарауға болмайды. Расында, оның қырандай асқақ, ақпанның боранындай екпінді, бозіңгеннің зарындай мұңлы әндері жетерлік.

Ақынның сөзбен өріп айтқанындай-ақ, «ізі бар, өзі жоқ», «кремлькең сарай даусына жаңғырған», «гаккуге шырқаған, таңқалған тыңдаған» бұлбұл үнді әншінің халық жадында мәңгі сақталып қалатыны, қазақ өнерінде есімі алтын әріппен жазылатыны даусыз. Тап осылай болатынын көрегендікпен сезінген ақын:

*«Өнерің өлмейді,
Әуенің сәнбейді.
Артыңда шәкіртің,
Өзіңдей сөйлейді»* - деп түйіндейді.

Күләшқа арналған жоқтау әннің ақынның өзге әндеріне ұқсамайтын, тек өзіне ғана тән ерекшелігі бар. Ол тамағы жыртылғанша айғайлауға, «кеше кетіп, бүгін келгендей» созып айтуға, ащы дауысқа салуға келмейтін табиғаты өзгеше ән. Ән болмысында сұлулыққа деген таңданыс, бұлбұл әншінің рухына деген құрмет, өкініш, сағыныш сезімдері жымдасып, сіңісіп кеткен. Сондықтан бұл әннің мән-мағынасын терең сезінбей, ішкі иірімін бойына сіңірмей айтуға болмайды. Айта кететін тағы бір жәй, «Күләшқа» арналған осы жоқтау әні әсіресе қобызға немесе скрипкаға салып ойнауға өте ыңғайлы. Әннің сазы, әуені өте сұлу.

Кененнің ерекше құрмет тұтып, үлкен силастықта болған адамы – қазақтың ұлы классик жазушысы Мұхтар Әуезов болды. Отбасымен етене жақын, араласып кетпегенмен үлкен жүректі екі тұлғаның бірі біріне деген ілтипат, сый-құрметі ерекше болатын. Бір-бірімен ат ізін суытпай қатысып тұрды десек артықтау болар. Бұған жазушының көп жағдайда қызмет бабымен сырт елде көп болатыны, айлап-жылдап жазумен айналысып, жырақтау жүретіні де себеп болған шығар. Бірі Алаш партиясының мүшесі, бірі халық жауы ретінде кеңес үкіметінің құрығына ілініп әрең құтылғаны тағы бар. Бұған қоса жазушының қалада, Кенен ақынның қырда тұратыны да әсер етуі мүмкін. Қалай болғанда да сырттай алшақ жүргенмен, іштей тілеулес, ниеттес болғаны ақиқат.





Өзінің қаншалықты жұмыс бастылығына қарамастан Мұхтардың үнемі көңіл бөліп, назарында ұстайтын үш ақыны болған. Иса Байзақов, Қалқа Жапсарбаев, Кенен Әзірбаев. Үшеуі де суырып салма, өлең-жырды төкпелетіп айтатын, қызуқанды ақындар. Кененнің бұлардан айырмасы ақындығына қоса, ғажап әнші, мың өрім ән шығарған композитор. Ақын сапарлап қалаға келген сайын, мүмкіндік болса Мұхтарға, Сәбитке, Мұқаметжанға жолығып қалуға тырысатын. «Олармен, әсіресе терең ойлы Мұхтармен дидарласқан бір күнің мың жылға татитын дүние» деп еске алушы еді.

Ақынның 75 жылдық мерейтойы тұңғыш рет (бұған дейін бірде бір тойы өтпеген) 1959 жылы кең көлемде тойланды. Бұл тойдың ерекшелігі сол кеңес үкіметі кезінде көп насихаттала бермейтін бәйгі, қыз қуу, ақындар айтысы, палуандар күресі, ат сайыс секілді халқымыздың ұлттық ойындары түгелдей көрсетілді. Өйткені Сталин дүниеден өтіп, оның «шаш ал десе, бас алатын» жаналғыш «әзірейілдерінің» тартпасы босай бастаған кез. Осының алдында алты жыл бойы төсек тартып, сырқатынан енді ғана айыққан ақын үшін бұл үлкен оқиға болды. Шабытына шабыт қосқандай, арқаланған ақын:

«Бағалады партия алып еске,

Қос орденін қадады кәрі төске.

Ардақты елді аралап ән сап жүріп,

Келгенімді білмеппін жетпіс беске» - дейтін өзінің әйгілі «Жетпіс беске» атты әнін осы тойда шырқаған еді. «Сайра тілім, шырқа үнім, отан үшін сайраймын алмай тыным!» деп шабыттана жыр төкті.

Осы шумақтағы «қос орденін қадады» дейтін сөздің өз себебі бар. 1944 жылы Кенен 60 жасқа толды. Ел басына нәубет боп келген соғыс кезінде, ақынның тойын тойлаудың еш реті жоқ еді. Сөйтіп, ақынның ұлы отан соғысы кезінде сіңірген еңбегін бағалап, 1945 жылы «Құрмет белгісі» ордені берілген болатын. Ақынның 1954 жылғы 70 жылдық мерейтойы да атаусыз қалды. Ол ұлы қолбасшы Иосиф Сталиннің қазасына дөп келді. Міне, он бес жыл өткен соң Кененге екінші қайтара «Құрмет белгісі» ордені беріліп отыр. Көңілі алаң, «партияның» мұнысына көңілі тұщынбаған ақынның «қос орденін» деп сілсіз қағытуы сондықтан.

Мұхтар мен Кененнің арасында үлкен силастық болғанмен, екі ұлы тұлғаның бір біріне етене жақындасқан тұсы осы 1959 жылдан басталады. Ақынның тойына қатыса алмаған ұлы жазушы 1960 жылы ақынның ауылына ат басын бұрып, арнайы келді. Бірер сағат





Кенекенмен дидарласып, жолға шығамыз деп келген Мұқан, сол жолы қонып, ертесі күні сәскеге таман аттанып еді. Оңаша қалып ұзақ уақыт әңгіме құрған. Көргені-түйгені көп екі тұлғаның небір оқиғалардың тігісін сөгіп, арғы-бергі тарихымыздан, көнекөз ақын-жыраулардан бері тартып, тереңнен сұхбат құрғаны, сол әңгімеден үлкен ғибрат алғаны айтпаса да белгілі.

Қырғыздың Манас жыры, ақ патшаның ант беру салтанатына қатысқан қырғыз манабы Шәбдан жайлы, Қордайдан шыққан Ноғайбай, Кебекбай, Бердібек сынды шешендер, Өтеген, Сыпатай батыр және басқа да толып жатқан ақпа ақын-жыраулар, күйімен ақуды көлге қондырған алапат күйшілер жайлы, осы топырақта болған небір тарихи оқиғалар туралы Кененнің аузынан естіген әңгімесі ұлы жазушыға үлкен ой салғаны ғажап емес.


Өйткені Кенен тек ақын-әнші ғана емес, тұла бойы тұнып тұрған шежіре, құйма құлақ ғұлама адам. Қордайдың киелі жеріне келіп, елін көріп дәмін татқан кемеңгер Абайдың, атақты Шашубай, Балуан Шолақ, Шөже, Майкөт сынды ақындардың осы топырақта іздері, ел аузында өлең сөздері қалғаны ақиқат. Осының бәрін Кенен ақынның жадында сақтап, әндерін, өлең-жырларына дейін жатқа айтып беруі Мұқанның таңданысын туғызбай қойған жоқ.

Осы жылдың күзінде Кененді Мәскеуде болған фольклор зерттеушілерінің дүниежүзілік ХХҮ- конгресіне (1960 жыл) алып барды. Кенен осы іргелі жиында «Қобыланды» жырындағы Тайбурылдың шабысын айтып берді. Үлкен абыройға ие болған Кененнің өнеріне риза болған жазушы, ақынның құрметіне дастарқан жайып, үлкен банкет өткізді. Бұл жөнінде сол конгреске қатысып, Кененнің ғажап өнерін, Мұхтар Әуезовтың ақынға деген құрметін көзбен көрген әдебиет зерттеуші ғалымдар тамсана жазған еді.

Ақынның табиғат берген дарынына, сұңғыла шешендігіне, көп білетін, сол көріп-білгендерін жадына тоқыған данагөйлігіне риза болған ұлы қаламгер: «Кенеке, мен сізді терең танымаған екенмін. Сіз күміс көмей әншілігіңіздің үстіне ғұлама жырау, әрі әбжіл шешен, байтақ шежіре екенсіз. Халқымыздың аяулы өнерін шет жұртқа жеткізген талантыңызға дән ризамын» деп баға берді.

Ақын осы сапары туралы сөз еткенде өзінің сонау 1936 жылы алғаш рет Мәскеуге барғанын еске алатын. «Ол кезде қарт жырау Жамбылды мен қалай өбектеп, күткен болсам, осы жолы мына Бекмұрат балам, мені тап Жәкеңдей үлгілетіп, арнайы шапан тіктіріп, суытылған аттай жаратып алып барды» деп әзілдейтін. Әзіл





болғанмен бұл шындық сөз. Талғамы басқа еуропа ғалымдары, өзге де шетелдік әдебиет зерттеушілері қатысатын мұндай жиынға арнайы дайындық керек екені рас. Жыршы өзін қалай ұстауы керек, көпшілік алдына қалай шығып, қалай кетуі керек, қандай киім кигені жөн дейтін мәселелер бар. Осының бәрі ғалым Бекмұрат Уахатовқа тапсырылды.

Кенен ақынның Мәскеудегі осы табысы жайлы шабыттана жазған ғалым: «Кенен Әзірбаев – атақты әнші-ақындарымыздың бірі. М. Әуезовтың сөзімен айтқанда, «қынаптан қылыш суырғандай жалт еткіш, өткір өнер иесі. ...Кенен шығармаларының тілі жұртқа түсінікті, қарапайым, шешен. Ол қазақ халқының тіл байлығын аса мол игерген ақын. Кенен халықтың ауыз әдебиетін де көп жаттаған адам. Ол қырғыздың атақта эпосы «Манастан» Көкетай ханның асы деген үзіндіні ұзақ сонар әңгіме етеді» деп түйінді сөз айтады.

Осы оқиғаның тағы бір куәгері атақты ғалым Оразгүл Нұрмағамбетова сондағы көргенін былайша суреттейді:


«...Бір кезде Кенекең жан-жағына қарап, қанатын қомдаған Алатаудың алғыр қыранындай бір бой жазып алды да өзінің әсем, қоңыр әніне бастады. Әрине айғай аз, мәнер көп...О, ғажайып! Бір кезде Тайбурылды құтыртып үстінде отырған қас батырдың өзі сияқты көрінді. Біз бәріміз демімізді ішке тартып не болар екен, асыл атамыз айнып кетпес пе екен, шаршап қалмас па екен, ұятқа қалдырмас па екен деген әрі қуаныш, әрі мақтаныш, әрі қорқыныш сезімдерін бірдей кешіп отырдық. Жыр бітті. Тотыдай таранған, әппақ, әсем сақалды әулиеміз орнынан тұрды...».

Осы әсерден көпке дейін арыла алмадық. Біраздан соң Мұхтар аға телефон соқты. «Ертең мен Кенен Әзірбаевтың құрметіне арнап үлкен қабылдау жасаймын, той дастарқанын жаямын. Соған міндетті түрде Кененді алып келіңдер. Дастарқан иелері Ләйлі мен Ернар» деді.

Сол жылдың күзінде Мұхтар Әуезов бастаған қазақ ақын-жазушылары қырғыздың ұлы жыршысы Тоғолоқ Молданың 160 жылдық тойына барып қайтты. Осындай іргелі жиынға Кененді де бірге алып жүрді. Көңілі толып, әбден разы болған ақын «Жігіті едің арқаның, Абай ақын дарқаның, бірге барып Мәскеуге, көп құмардан тарқадым» дейтін жүрекжарды өлеңін осы оқиғаларға байланысты шығарған.

Мұхтар да ақынның шығармаларында әлі түңлігі түрілмей, тың жатқан дүниелердің көп екендігіне көз жеткізді. Ұлы қаламгер әсіресе





Кененнің жыраулық өнеріне, ақын туғызған жыр-дастандарына көбірек көңіл бөле бастап еді. Бұл ақынның өнеріне деген жаңаша көзқарас, тың үрдіс болатын. Қос тұлпардың тұяқ түйістіргені сияқты, бір - бірін терең ұғысқан пейіл жарастығы ұзақ болмады. Бұған себеп тағы да сол арсыз ажал еді. 1961 жылдың 6-маусымында аты әлемге әйгілі ұлы жазушының жүрек соғуы мәңгі тоқтады. Сыйласы, сырласы Мұхтарынан айрылған ақын:

*«Сырғақ өмір сынаптай,
Жатарда өшкен шырақтай.
Інім кеттің келмеске,
Қоймайды өлім жылатпай.
Асыл сөздің шешені,
Досымыз едің кешегі.
Торқа болсын топырағың,
Қош, бауырым, қош енді!»* - деп күңіренген еді.

«Қой асығы демегін, қолыңа жақса сақа тұт, жасы кіші демегін, ақылы асса аға тұт» демекші, ұлы жазушы әрі ұстаз Мұхтар Әуезовқа алғашқылардың бірі болып өлеңмен көңіл білдірген ақын Кенен болды. «Мұхтарға» деген атақты жоқтауын жазып қалдырды.

Мұхтар Әуезовтың қырқына байланысты ҚР Ғылым академиясында үлкен жиын өткізілгені белгілі. Осы жиынға шартараптан небір сыйлы қонақтар, ақын- жазушылар келді. Қоштасу рәсіміне Кенен ақын да шақырылды. Жазушының жақын туыстары, аға-бауырлары түгелдей қатысқан екен. Қаралы жиында Кенен ортаға шығып, ұлы жазушының өліміне арнап өзінің жоқтауын айтады. Тыңдаушының бірін жылатып, бірін мұңайтып ерекше әсер қалдырған ақынның даусы да өте зарлы. Қанша уақыт өтсе де таспаға жазылған Кененнің үні кімді болса да бейжай қалдырмайды. Көңілің босап, көмейіңе өксік тығылғандай боласың. Ұзақ айтылған жоқтауда Ұлы жазушы, ғұлама ғалым Мұхтардың бойындағы ерекше қасиеттерін саралап, дөп басып айтады.

*«Шіркін-ай, Мұхтар дара, артық еді,
Жүрісі-тұрысы да тәртіп еді.
Абайды жазамын деп жастайынан,
Көңілі қорғасындай балқып еді.*

*Шіркін-ай, өттің ерте Мұхтарым-ай!
Шың басына шынардай шыққаның-ай!
Шығыстың барлық тілін сарқып білдің,
Халыққа талай айтып ұққаным-ай!».*





Өзінің «Бозторғай» әнінің мақамына салып айтылатын бұл жоқтаудың ерекшелігі сонда, адамды бірден баурап әкетеді. Бір ғажабы талай естіп, құлаққа сіңісті болып кеткен ән мүлдем өзгеше рең алып, өзгеріп кеткендей. Оған әншінің зарлы үні қосылып, тыңдаған адамның жан сезімін тербеткендей өте әсерлі. Әсіресе әннің қайырмасын жүз құбылтып, бірде биіктетіп, ендігі бір тұста баяулатып айтатын жері аса тартымды. «Дейді, дейді, дейді-ау, бір күн ажал жейді-ау!» деп даусын созып, өкініш-күйінішін білдіретін тұсы, бұдан соң жәймен термелете айтатын жерлері ақынның тап сол сәтте, табан асты шығарған жаңа мақамы екені аңғарылады. Жоқтаудың ұтымдылығы да осында. Бұл жерде жоқтаудың көне мақамы, Кененнің «Базар-Назар», «Бозторғай» әуендері бір-бірімен шебер үйлесіп, сіңісіп кеткендігі сонша құлаққа мүлде жаңа сарын, өзгеше мақам болып естіледі.


Жиында көбіне шеттен келген қонақтар, жас ақын-жазушылар сөз алып, сонау Сүйінбай, Жамбылдардың сарқытындай көрінген ат төбеліндей ғана қарт ақындарға кезек тимей, біраз уақыт өтіпті. Ішінде Болман, Қалқа секілді арқалы ақындар бар. Кезінде жер тарпыған бозтарландар шыдамы таусылған соң, ең болмаса бәріміз үшін сен шығып көңіл білдір деп Кененге салмақ салады. Сөздің орайы келгенде тайсалуды білмейтін Кенен ортаға шығып:

*«Бермеді комиссия бізге кезек,
Талай жүйрік отырсың ұзын өзек.
Есдәулет, Үмбетәлі, Қалқа ақындар,
Шыдамады кезекті бізге бер деп.
Ақыры ортаңызға Кенен шықты,
Бар ақынның атынан тілін безеп»* - дейтіні сондықтан.

Ақынның айтпағы сол. Қонақты разы еткен жақсы, бірақ тым өбектеп, араларыңда отырған қарттарыңды ұмытқаның әбестік. Бұлар жәй ғана шалдар емес, көмейінде өлең-жырдың ұясы бар, таңды таңға қосатын дүлдүл ақындар. Елдің түкпір түкпірінен келген жас буын бізді біле жүрсін. Алдарыңда Мұхтарды жоқтап күңіреніп отырған жеті жасында жетім қалып, көктегі бозторғайға үнін қосқан жетпіс бестегі Кенен ақын дегенге саяды.

Кененнің Мұхтарға деген көңіл ілтипаты өзі өмірден өткенше бәсеңдеген жоқ. Ұлы жазушының қазақтың даласындай кеңдігін, дүниетанымының дариядай тереңдігін, ақыл-парасатының Алатаудай асқақ екенін елге, ұрпағына үлгі етіп айтудан жалыққан емес. Тамыры тереңге кеткен қос бәйтеректей алып жандардың достық қатынасы,





сый-құрметі ұрпаққа үлгі. Жазушы Мұхтардың дүниеден өткеніне жарты ғасырдан, ақын Кененнің қайтыс болғанына қырық жылдан астам уақыт өтсе де екеуінің арасын жарастырып, жалғастырып тұрған бір жәй бар. Ол жазушы мен ақынның ұрпақтары.


Сәл кейін шегініс. Мен жазушының ұлы Мұрат ағаны көрмей, білмей тұрып-ақ кіші ұлымның атын Мұхтар, үлкен балам Мұхиттан көрген тұңғыш немеремнің атын Мағжан деп қойыппын. Көп кейін білгенімдей Мұрат ағаның ұлының аты да Мағжан екен. Бір қызығы Мұхит пен Мағжан екеуі әрі дос, әрі әріптес ретінде көптен бері бір салада қызмет істеп келеді. Анау жылы Мұрат аға бүкіл отбасымен арнайы келіп, Кенен ақынның рухына тағзым етіп, құран оқытып қайтты. Ақынның туған жері Мәтібұлақты көрді. Өлгі ырымшыл сәуегейлердің тамсана айтатын, ақын-жазушылардың таңдана жазатын тылсым күші, аталар рухының ұрпақтарға көшуі, жұғысты болуы дейтін осы болар.

АҚЫННЫҢ АРНАУ ӨЛЕҢДЕРІ

1972 жылы шыққан Қазақ совет энциклопедиясында: «Арнау – шығарма қай оқиғаның құрметіне немесе кімге арналғанын, кімге тарту етілетінін көрсетіп, кітаптың беташары ретінде автордың жазған ескертпесі» деген өрісі тарлау, біржақты түсінік берілген екен. «Арнау» деген ұғымның ауқымы кең. Ол тек шығармашылық туындыларға қатысты немесе проза-поэзия түрінде ғана болмайды. Нақты біреуге арнап музыкалық шығармалар жазылып, кең сарайлар салынып, той-жиындар өткізіліп жатпай ма? Кең мағынасында бұл да арнау, тарту болып есептеледі. Ал ақындардың арнау өлеңдері сонау көне Рим дәуірінен бері келе жатқан поэзия түрі. XIX- ғасырда өлеңнің осы жанры еуропа, орыс әдебиетінде кең тарады.

Арнау өлеңдер қазақ поэзиясында кейін пайда болды дейтін ұшқары пікірлер бар. Бұл кеңестік саясаттың ықпалынан шыға алмай жүрген кезде амалсыз, асығыс жасалған тұжырым. Тереңірек үңілсек арнау жанрының бастауы тым ерте, түркілер заманына құлаш ұрады. Тіпті алысқа бармай-ақ, Шыңғысханға ұлы Жошының өлімін естірту оқиғасын алайықшы. Күйшінің он саусағынан төгілген «жоқтау» күйі, ақсақ құланның жанұшыра жанталасуы қатыгез ханды сабасына түсірген жоқ па. Осы жәйдің өзі-ақ қазақтың жоқтау-арнау күйлері, өлеңдері, жыр туындылары сол кездің өзінде-ақ кең тарағанын айғақтай түседі.





Арнау өлеңнің тамаша үлгісін ұлы ойшыл Абай қалдырып кетті. Оның Күлембайға, Көшекбайға, Ақылбайға, Оспанға тағы басқа да арнаулары өзінің жаңа сипатымен, мазмұндылығымен ерекшеленеді. Әсіресе Күлембайға арнауы сол кездің болмысын, тіршілік-тынысын дөп басатын туынды. Мұнда жәй ғана мадақтау, жалаң «көлгірсуден» гөрі адамның ішкі дүниесін, мінез-құлқын, істеген ісін дәріптеу басым. Көп жағдайда өз құлқыныңды ойлап далақтай бермей, аз болса да жұртыңа, ағайынға себің тисін, соның қамын ойла дегенді меңзейді.

Осындай арнау өлеңдер Кененде де баршылық. Кенен ақынның арнауларына тән бір ерекшелік, солардың басым бөлігі әнге құрылған. Өлең сөз әнмен көмкерілген соң өзгеше сипат алып, өз алдына бөлек туындыға айналады. Ақынның «Шолпанқұлға», «Нәсиқаға», «Күләшқа», «Жүз жасаған Жамбылға», «Қырғыз достарыма» т.б. арнаулары осындай дүниелер. Ал тек өлеңмен айтылған: «Омар Шипинге», «Ғабитке», «Қайран Тайыр», «Сәбитке» деген сияқты бірқатар арнаулары тағы бар. Кененнің жоқтауларын, арнауларын, тіпті қоштасуларын арнайы зерттеп, ара жігін ашып көрсету үшін де үлкен білімпаздық, ізденіс қажет екені даусыз. Бұл жағын әдебиет зерттеушілердің еркіне қалдырамыз.

Біз бұл жерде ақынның бір-екі арнауына тоқтала кетпекбіз. Соның бірі, әрі аға, әрі ұстазы болған Сәрсебай Билібайұлына арнаған «Сәрсекем» деген терме-өлеңі. Бұл терме өзінің мазмұны жағынан арнауға да, жоқтауға да үйлес келеді. Өткен шақпен қарасаңыз – жоқтау, осы шақпен қарасаңыз – арнау іспеттес. Сәрсебай жасынан жетім қалып, атасы Билібайдың қолында өскен. Жасынан алғыр, маңдайы жарқыраған, аққұба сұлу жігіт. Кененнің әрі ағасы, әрі ақылшысы болған адам. Кеңес үкіметін бірге құрысып, туған еліне көп қызмет істеген. Тіпті бір кезде ревком Кененнің орынбасары да болыпты.


«Сексен бесте секіріп,

Атқа мінген Сәрсекем.

Талай үлгі әңгіме,

Жатқа білген Сәрсекем» - деп басталатын терме-өлеңді бір деммен оқып шығасыз. Ақын бұрынғының үлгісімен айтылған арнауында Сәрсебайдың бойындағы бүкіл жақсы қасиеттерін теріп көрсетеді. «Әзіл, қалжың, қағыста, шалдырмаған Сәрсекем, дау-дамайда ешкімге алдырмаған Сәрсекем. Шешендікке келгенде алдына жан салмаған, жүйрік аттай ойқастап адымдаған Сәрсекем» деп желдірмелете жырлайды.





Жүз жолдан тұратын терме-өлеңнің, әрбір екінші жолы Сәрсебайға арнап айтылған мадақ, теңеу сөздер. «Шешен еді», «көсем еді», «қажымаған», «жүдемеген», «майда тілді», «сегіз қырлы» деп тізбектеліп келіп жатқан елуден астам сөз тіркестері бір-бірін қайталап тұрған жоқ. Бұл енді ақынның дариядай мол сөз байлығын аңғартса керек.

*«Талай үлгі, өсиет,
Айтып еді Сәрсекем.
Келер істі болжайтын,
Батыл еді Сәрсекем.
Асыл өлең жазатын,
Ақын еді Сәрсекем.
Сөйлемейтін орынсыз,
Сабырлы еді Сәрсекем.
Қасқарауға қария,
Қадірлі еді Сәрсекем»*

Жас кезінен бір-біріне ғашық болып, сөз байласқан Сәрсебай мен Биқа сұлудың тағдыры жайлы Кененнің үлкен толғауы да бар. Ақын өз толғауында қыз айттырушы жақтың ондап-жүздеп атаған қалың малына қарамай, серттескен екі жастың елден қашып жүріп, қалай қосылғандығы туралы тартымды етіп жырлайды. Алайда махаббаттары баянды болғанмен, тағдырлары ауырлау болды. Жалғыз ұлдары соғысқа кетіп, елге оралмады. Ақын «Қанша қайғы келсе де, қажымаған Сәрсекем, жалғыз ұлы өлсе де, жүдемеген Сәрсекем» деп, екеуінің болаттай берік болмысына, қайсар мінезіне тәнті екендігін жасырмайды.

Бала кезімде Сәрсебай ата мен Биқа шешейді мен де көргенмін. Әкеммен ұзақ әңгімелесіп, сыр шертетін. Біз Қордайға көшкенде бір-бірімен үзбей хат алысып тұрушы еді. Хатты үнемі өлеңмен жазатын. Кейін әкемнің архивінен сол хаттарды тауып, оқыдым. Сәрсебай атаның өлеңдері терең ойға, өмірдің мән-мағынасын кең ұғынуға жетелейтін туындылар екендігі бірден байқалады.

*«Құдайым беріп еді алтын қылып,
Әр сөздің сөйлеуші еді нарқын біліп.
Бойымда сол алтынның буы қалмай,*

Жүзімді жүре алмаймын жарқын қылып» - дейтін соғыстан оралмаған жалғыз ұлына арналған осы бір шумақ өлеңнің өзі-ақ Сәрсекеңнің ақындық болмысын айғақтап тұрғандай. Ақын боп туып, сол өнерден қол үзіп алғанына өкінесің.





Жаңылмасам, 1957 жылдың күзінде Сәрсейбай атаға ат шаптырып, ас берілді. Бұл жиын Кенен екеуінің туған жері атақты Мәтібұлақ тауының етегінде өтті. Ас-тойды көрмекке келген адамдардан жер қайысты. Өйткені бұл ерекше жиын еді. Сәрсейбай атаның көз тірісінде ас беріліп, жорға жарыс, аламан бәйге болды. Палуандар тіресіп, күш сынасты. «Тағдырым осылай болған соң не шара? Артымда қалған тұяқ жоқ. Ең болмаса, ел-жұртымның ризашылығын алайын, Кенен» деп інісіне салмақ жүктеген болатын. Сөйтіп, көз тірісінде жиын өткізіп, жұртымен қоштасып еді. Жарықтық бірер жылдан соң өзі де дүниеден озды.


Кененнің қазақтың ардагер ақыны Омар Шипинге арнап шығарған өлеңі қысқа болғанмен айтары мол, кең тынысты туынды. 1916 жылғы Аманкелді Иманов бастаған халық көтерілісі қазақ тарихында ерекше орын алған айтулы оқиға болғаны мәлім. Ол жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізіліп, талай өлең-поэмалар жазылды. Халық көтерілісі жайлы көркем фильм де түсірілді. Аты аңызға айналған батырмен үзеңгілес жүріп, осының бәрін көзбен көрген, кейін Аманкелді туралы үлкен жыр-толғау жазған ақын Омар Шипин болатын. Кенен ақын Омарға жазған арнау өлеңінде осы жөнінде айта келіп:

*«Ардагер Аманкелді досы едің,
Жолдас боп қайрат-ақыл қосып едің.
Майталман, майда қоңыр жырларыңды,
Әр уақыт қарсы алатын тосып елің.
Еңбегі елге сіңген ер өлмейді,
Бөленген ер даңқына жер өлмейді.
Тобылдың толқын суы өз жырыңдай,*

Келер күн кенересін кемерлейді» - деп өзінің ақынға деген сыйқұрметін, ел ырзығына айналған майда қоңыр жырларының мәңгілік екендігін өлеңмен көмкерлеп жеткізеді. Өзінен алты жас үлкендігі бар Омар ақынды әрдайым құрмет тұтып, сыйластық көңілде болғанын Кененнің басқа да өлең-жырларынан аңғарасыз. Өйткені 1916 жылғы халық көтерілісі туралы алғаш болып қалам тартқандар, жыр-дастан арнағандар Жамбыл Жабаев, Омар Шипин, Кенен Өзірбаев, Есдәулет Қандеков сияқты ауыз әдебиетінің өкілдері болды.

Әрі замандас, әрі әріптес, бір-бірімен үлкен силастықта болған, ақындық өнердің қос алыбы Омар мен Кенен екеуіне Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша «Қазақ ССР Халық ақыны» құрметті атағы 1961 жылы берілді. Сол кездегі ресми құжатта былай жазылған:





К. Өзірбаев және О. Шипин жолдастарға
Қазақ ССР халық ақыны құрметті атағын беру туралы Указ (іс № 272 /22/)

Ақындық өнер саласында аса көрнекті еңбектері және қазақтың советтік көркем әдебиетін дамытуға қосқан үлесі үшін:

- 1.Импровизатор ақын Кенен ӨЗІРБАЕВҚА
 - 2.Импровизатор ақын Омар ШИПИНГЕ
- Қазақ ССР халық ақыны деген құрметті атақ берілсін.

Кенен ақынның өмірінде әрі ақын, әрі дос ретінде ерекше орын алатын Тайыр Жароков болды. Оны қазақтың Маяковскийі деп те атаған. Тайыр өлең оқығанда даусы саңқылдап, ерекше шабыттанып кетеді. Бір қолын артына ұстап, шашын сілкіп тастап, қасқайып тұрып оқитын. Ұшқын шашқан көздері сұңқардың жанарындай жарқ-жұрқ етуші еді. Тегеурінді, дауылпаз ақын деп Кенен еске алатын. Өзінің атақты «Достарым» деген өлеңінде етене жақын дос болған адамдарды айта келіп:

«Тоғысыншы бір достым Тайыр сері,

Тамаша, ойын-сауық жүрген жері.

Мінездес болмай адам дос бола ма,

Келеміз көңіл қосып көптен бері» - деп ағынан жарылады.

Тайыр Жароков Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданы, Жетібай ауылында туып-өскен. Бірі сонау батыста, бірі күңгей Алатаудың етегінде дүниеге келген екі адамның жарасымды достығы адамға ой салады. Оның үстіне Тайыр жазба поэзияның, Кенен ауызша поэзияның өкілі. Сонда екеуін жақын еткен, ең алдымен «өлең сөздің патшасы сөз сарасы» деп Абай айтпақшы ақындық өнерге деген терең құштарлық, екіншісі екі ақынның бойындағы булығып жатқан шабыт- тегеурін болса керек. Расында, Кененнің өзі айтқандай «Мінездес болмай, жан дүниесінде ұқсастық болмай» адамдар дос бола бермейді.

Тайыр дүниеден өтіпті дегенді естігенде сексен жасты енді еңсерген Кенен ақынның қандай күйде болғанын ешкім тап басып айта алмайды. Бұл 1965 жылдың көктемі еді. «Бала қасқа» деген жүйрігін ерттеп мініп, Қордай тауын бетке алып жүріп кетті. Қайсы бір қуанышта немесе қайғылы хабар естігенде бәрінен бөлектеніп, оңаша қалуды





ұнататын. Бұл жас кезінен қалыптасқан әдет. Осы жолы да тап солай болды. Күн ұясына батып, іңір қараңғысы түскенде бірақ келді. Сол түні жазу бөлмесінде ұзақ отырған ақын «Қайран, Тайыр!» деген арнау өлеңін шығарды. Тайыр досын еске алып, рухына бағыштады.

«...Емес пе ең асыл сөзді алқасы бар,

Ер едің еңбегіңмен алға шығар.

Топ жарған той-думанда дүлдүлдейін,

Аршынды азамат ең, арқасы бар.

Қақ жарып, Каспий менен Қара теңіз,

Поезда әнге шырқап, күнде екеуміз.

Айрылмас досым едің қайран, Тайыр,

Жүріп ек со бір күндер жандай егіз».

Арнау өлеңнің көлемі әртүрлі болып келеді. Ұзағы да, қысқасы да кездеседі. Тіпті бір ғана шумақтан тұратын арнаулар да бар. Арнаудың тақырыптары да сан алуан. Ақындарға, қасиетті аналарға, данагөй әкелерге, қас сұлуға, көзсіз батырға, жүйрік атқа т.б. арнап шығарған өлең-жыр, поэмалар қаншама. Мысал ретінде Сәбит Мұқановтың «Сұлушаш», Ілияс Жансүгіровтың «Құлагер» поэмалары осыған дәлел.

Кенен ақынның арнау өлеңдері де әртүрлі тақырыпты қамтиды. Соның ішінде сонау Бұқар жыраудан бері тартқанда, халық ақын-жыршылары көп бара бермейтін, адамның жас мезгіліне қаратып айтатын арнау өлеңдері. Бұл жерде Кенен бұрынғы ақындар салған сүрлеуден шығып, мүлде басқа нұсқада жырлайды, жаңаша тәсіл қолданады. Ақынның көпке әйгілі «Қайран жастық», «Адамның төрт мезгілі» әндерімен қоса, өзінің өмір жасына орай шығарған «Жетпіс беске», «Сексенге», «Тоқсан толғауы» секілді арнау өлеңдері бар. Мұның бәріне лайықтап әнін қоса шығарады. Бұл туындыларын арнау ән десе де, арнау өлең десе де болатын секілді.

Сондай бір үрдісті сөз құйыны Сүйінбай ақынның сексен жасында шығарған мына бір өлеңінен де көруге болады.

«Сексенге келгенде өлеңім,

Кетті ағып бір селдей боп.

Жердің жүзін қаптаған сеңдей боп,

Жері жоқ барып жетпеген.


Өлеңді топан суындай,

Жетісудан ақтарам.

Тыңдамай жердің алысын,

Арқаға жетті дауысым.





*Алтайдан әрі аттадым,
Қартайдым деп өмірден,
Қайғыланып жатпадым.
Жастық шіркін көңілде,
Сонда да болды мақтаным».*


Мұнда ақын сексеннің сеңгіріне шықса да өлеңім селдей боп елге тарады, қартайдым деп тұрған жоқпын дегенді аңғартады. Бұл арнау емес, сол сәттегі ақынның шама-шарқын көрсететін өлең ғана.

Сүйінбай, Жамбыл, Сарыбас дәстүрлерін қабылдап, солардың жыр-толғауларынан сусындаған Кенен де 1964 жылы сексен жасқа толды. Ұлы ұстаздарының ізін қуалап «Сексенге» деген өлеңін жазды. Бұл өлеңнің ерекшелігі сонда, ақын сексенге келдім деп дабыл қағып жатпайды, қайта сол сексенге деген өзінің күдігін, қаупін айтып арызданғандай әсер етеді. «Сексенді» серіктесі сияқты сөзге тартып, ішкі ойын, пиғылын білгісі келеді. «Сексені» жай ғана сан емес, жанды дүниеге айналғандай болады. Ақынның қиыннан қиыстырар тапқырлығы, ой-өрісінің кеңдігі, шеберлігі деген осы.

*«Атақты сексен, келдің бе,
Алайын деп сырымды.
Сезікті сексен, келдің бе,
Табайын деп мінімді.
Сүйкімсіз сексен, келдің бе,
Қатырғалы буынды.
Айналдырмай аулақ жүр,*

Көрсетпеймін шенімді» - деп алдын ала ескертіп қоюды да ұмытпайды. «Атақтысың», соған қоса «сезіктісің», «сүйкімсіз» жағың да бар дейді ақын. Сөйтіп «Сексеннің» түр-тұрпатын, жаман пиғылын, түпкі мақсатын айшықтап береді. Қанша мықты болсаң да мені қанжығаңа байлап алу оңайға түспес. Өйткені «тұсауым жоқ аяқта, сүйенгем жоқ таяққа, сыр алдырман сексенге, тоқсан жүзің қай жақта?» деп ақын асқақтай түседі. Өзіңіз көріп отырғандай жансызға жан бітіріп, «Сексенге» өктем мінез көрсете білген ақынның тапқырлығына қалай таңданбайсыз. Сондықтанда Кененнің «Сексенге» атты арнау өлеңін (әні бар) жаңа тәсілде жазылған, ерекше туынды деуге толық негіз бар. Мұны адамның жас кезеңіне арнап шығарған арнау-өлеңнің жаңа бір үлгісі деп қабылдау қажет.





«БОЗТОРҒАЙ» НЕГЕ ҰМЫТ ҚАЛДЫ?

Гитлер жаққан өрттің алауы дүниежүзін шарпып, ақыры бүкіл еуропа, азия елдері жабылып әрең сөндіргені тарихтан мәлім. Сол өрттің шарпуынан қазақ даласы да шет қалған жоқ. Бес жылға созылған алапат соғыс елдің сағын сындырмаса да, еңсесін басып, белін жаздырмады. Соғыстың алғашқы күні-ақ, қолына домбырасын алып саңқылдаған Кенен ақынның үні соғыс аяқталғанша бір тынған жоқ десек артық айтқандық болмас. «Аттан», «Біздің отан жеңеді», «Сайып қыран» деген ән-өлеңдерін шығарып елдің көңілін аулап, еңбекке жұмылдырып, жеңіске шақырған ақын Кенендей-ақ болсын.


Арасы 5-10 шақырым болатын ауыл-аймақтарды атпен аралап, күндіз-түні бел жазбаған ақынның бұл қайрат-қажырын, ауыл ақсақалдары әлі күнге дейін жыр етіп әңгімелейді. Қой қоздату, егін салу, шөп шабу, күзгі орақ сияқты бітіп болмайтын науқан кезінде ақынның төбе көрсетпеген жері жоқ, бұған қоса майданға азық-түлік әзірлеу, киім-кешек жіберу сияқты шаралар тағы бар. Ол кезде қай бір техника болды дейсіз. Осы жұмыстардың барлығы дерлік қолмен атқарылды. Ауылда қалған қарттар, әйелдер, жасөспірім балалар жүзеге асырды.

«Қырманда, малшылар мен егіншілер арасында, өзге де жиындарда желдей ескен өлең-жырымды кім есептеп жатты дейсің. Соның бәрі ел үшін айтылды, жеңіс үшін шырқалды. Көңілге медет сол ғана» дейтін қарт ақын.

Соғыстың барлық зардабын көзбен көрген ақын, халқымен бірге мұңайды, халқымен бірге ширықты. Жүрегі дауаламаған ауыл басшылары соғыста қаза болғандарды естіруге көп жағдайда Кененді жіберетін. Күңіренген әкелердің, бетін жыртып аңыраған аналардың қайғысын көру оңай ма. Соның бәріне бұрынғының жолымен көңіл жұбатар сөз айтып, қайғы-мұңын сейілтер орамды жол табатын еді. Қанша мығым болса да, адамның сай-сүйегін сырқырататын мұндай жәйлар сезімтал ақын жүрегін сыздатпай қойған жоқ. Оның үстіне туған баласындай баурына басқан, сүйікті Жапарбегі де соғыстан қайтпай қалды. Нәсиханың жалғыз бауыры, ақынның жалғыз қайынысы Қыдырбек те соғыстың құрбаны болды.

Ақыры көптен күткен жеңіс күні де келіп жетті. Ұлы жеңіске халқымен қоса қуанған Кенен, домбырасын қатты бұрап алып көпшілік алдына





шықты. «Жеңіс жылғы шаттық ән, дұшпандарды сап қылған, шаттан елім, шаттан көңілім!» деп асқақтата шырқады. «Ел қуанышы», «Батыр Москва», «Жеңіс жылғы шаттық ән» атты әндері сол кезде шыққан тарихи туындылар.

*«Жауды жеңіп шаттандық,
Жеңіс туға топтандық.
Жеңімпаздар кеп жатыр,
Туған жерге мақтанып».*

Бұл жалғыз ақынның ғана емес, бүкіл халықтың қуанышы еді. Расында, бірі аяғынан, бірі қолынан айрылған, енді бірінің жарақаттан сау тамтығы жоқ жеңімпаздар келіп жатты. Қаншама аналар жесір қалып, қаншама бала жетім қалды. Сонда да болса, тәубәшіл халық осының өзін қуаныш тұтты, тірі оралғандарға шүкіршілік етті. Кенен де осылардың бірі еді.

Анда-санда жүрек тұсын ұстап, уқалап-уқалап қоятын. Онысын үйішіне білдіргісі келмей, көбіне далаға шығып біраз жүріп келетін еді. Қанша тырысқанмен ақынның жан-дүниесін, көңіл қалтарысын қалт жібермейтін жұбайы Нәсікадан жасыра алмады:

- Жүрек тұсыңды ұстай бересің, мазаң кетіп жүр ғой өзі. Дәрігерге қаралсаңшы, деген бір жолы. Өзіл-қалжыңы даяр тұратын ақын күле жауап берді.

- Е, Нәсіха, не көрмеген бұл жүрек? Оны өзің де жақсы білесің. Мені әлі сүйретіп келеді. Жұдырықтай болса да менен әлдеқайда қуатты, мықты екен! Өзіңдей тағы бір сұлуға ғашық боп қалғанмынау деймін. Басқа не болуы мүмкін?» деп сөзінің аяғын әдемі қалжыңға айналдырып жіберетін. Ақын солай деуін десе де, көңіл түкпірінде бір қаяу, реніш жатқандай көрінетін. Тап сол сәтте алпыстан асқан ақынның жүрегінде қандай сыр тұнып жатқанын асыл жары Нәсіха да сезе қойған жоқ.

Соғыстан есеңгіреген ел енді-енді есін жинағаны сол екен, атышулы «үш әріп» атанған жандайшаптар тағы да баяғы әуеніне сала бастады. Ендігі жерде кеңестің қас жауларын, дұшпан пиғылды адамдарды бір елдің ішінен емес, бүкіл бір ұлт, бір халықтан іздей бастады. Неміс фашистеріне тілеулес болған деп, ата-жұрты Кавказдан түрлі ұлт пен этностарды жер аударды. Солардың басым бөлігі қазақ жеріне тоғытылды. Қазақтың зиялы қауымына, ғалымдары мен ақын-жазушыларына тағы да шүйлігу, тағы да қара тізімге енгізу басталған еді. Соның шет жағасын Алматыға барғанда Кенен де естіп қайтқан. Ақынның көңілін үркітіп, жүрегін қобалжитқан осы жәйлар болатын.





Соғыстың әбден қызып, фашистердің жанталаса қарсылық көрсетіп, жан қармалаған кезі – 1944 жыл. Осы жылы Кенен де алпысқа толды. Бейбіт кез болса оның жөні бөлек. Жан беріп, жан алысып жатқан шақта той тойлау кімнің қаперіне кірді дейсіз. Табиғатынан салмақты, қағылез ақын да: «Осынша жас берген, төрт мүшемді түгел етіп ғұмыр кештірген, Жаратқан саған разымын! Қанағат!» деп бетін сипаған еді. Сөйтіп, аласапыран кезде Кененнің 60 жылдық мерей тойы атаусыз қала берді. Кенен ақынның 65 жасқа толу қарсаңында, яғни 1948 жылы ақынның туғанына 65 жыл толуы мен шығармашылық және қоғамдық қызметінің 50 жылдығын кең көлемде атап өту туралы үкімет тұрғысынан әрекет жасалған екен. ҚР мемлекеттік орталық мұрағаттағы ресми құжаттарға сүйенсек, мұның бастаушысы Қазақстан жазушылар одағы болған. 1948-жылғы атауы «Қазақстан совет жазушылары союзы» деп аталған. Орысша атауы «Союз советских писателей Казахстана – ССПК». (Түсінікті болу үшін бұдан кейін де ресми мекемелердің атаулары сол кездегі атымен аталады. Автор.)

Сол жылдары Қазақ ССР министрлер советінің председатели Оңдасыновтың атына жазылған өтінішке Жазушылар басқармасының председатели Сәбит Мұқанов пен осы мекеменің жауапты хатшысы Дмитрий Снегин қол қойыпты. Кенен ақынның Жамбыл Жабаевтың шәкірті екенін, орта жасқа келсе де сталиндік дәуірдің адамдары туралы жаңа, идеялық жағынан терең туындылар туғызып келе жатқанын, еліне сіңірген ерен еңбегі жайлы айта келіп: «В связи с этим Президиум Союза советских писателей Казахстана ходатайствует перед Вами о проведении юбилея Кенен Азербева и утверждении прилагаемой сметы.» деп жазыпты.


Бұлардың өтінішіне орай Қазақ ССР министрлер советі арнайы қаулы қабылдап, онда мынадай шараларды жүзеге асыру міндеттелген. Бір-екі ғана пунктін келтірсек те болады:

...Обязать Джамбулский Облисполком Совета депутатов трудящихся создать все необходимые материально-бытовые условия для его творческой работы.

Выделить единовременное пособие народному акыну Кенену Азербеву в размере 10.000 рублей.

Сол сияқты екі томдық шығармалар жинағын басып шығару, басқа да іс-шаралар туралы айтылған. Бұл шараға мемлекеттік тұрғыдан үлкен мән берілгені сондай, 1948 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің секретары Ж. Шаяхметовтың өзі тікелей қолдау





көрсеткені ресми құжаттарда нақты көрсетілген. Бұған Қазақстан КП (б) ОК-і үгіт және насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары Т. Жұмағазиннің 1948 жылғы 3 сәуірде жазған өтініш-хаты делел.

Тіпті мерей тойдың өткізілетін мерзімі, кімдердің қай тақырыпта баяндама жасайтыны, шақырылатын қонақтардың тізіміне дейін бекітілді. Той мерзімі 1948 жылдың 25,26,27-маусымы деп белгіленді. Тойдың барлық салтанаты Жамбыл қаласында өткізілетін болды. Той салтанаты 25-күні кешкі сағат 7-де басталады. ССПК басқармасының председателі Сәбит Мұқанов «Кенен Әзірбаевтың өмірі мен шығармашылық жолы» деген тақырыпта баяндама жасайтын болды.

26 июнь күні. Ақын-жазушылар қаланың кәсіпорындары мен оқу орындарында болып, қала маңындағы колхоздарды аралап кездесулер өткізеді.

27 июнь күні. Ақындар айтысы өткізіліп, юбилейге қатысушы өнерпаздар өнерін көрсетеді. Мерейтойдың жабылу рәсімі.

Үш күнге созылатын тойға 12 облыстан бір-бірден ғана қонақ шақырылуға тиіс еді. Тізімде Шашубай, Омар, Нартай, Қалқа, Саяділ секілді қазақ ақындары, сол сияқты қырғыз ақын-жыраулары Османқұл Бөлебалаев, Алымқұл Үсенбаев, Аалы Тоқамбаевтар бар.

ССРО Жазушылар одағы ұлттар әдебиеті секциясының меңгерушісі, жазушы П. К. Скосырев те шақырылған екен. Алматы қаласынан 10 адам. Барлығы 16 адам тізімге енгізіліпті.


Жазушылар одағы қолға алып, үкімет қолдаған ақынның тұңғыш рет тойланғалы отырған мерейтойына дайындық аяқ асты тоқтатылды. Бұған соғыстың алдында ғана қабылданған мына бір қаулы себеп (сылтау деседі болады) болған екен. Түпнұсқасын сол қалпы оқып көрелік. Анықтама хат (справка) сол кездегі ҚазССР Министрлер Советі Төрағасының орынбасары И. Шәріповтың атына жолданған.

«Согласно постановлению Совнаркома СССР и ЦК ВКП (б) от 10 апреля 1941 года № 886 «О порядке проведения юбилеев», юбилей выдающихся государственных и общественных деятелей отмечаются лишь в связи с 50 летием, 60 летием и 70 летием со дня их рождения. При этом организация юбилеев и расходование средств на их проведение может производиться только с особого разрешения Совета Министров Союза ССР и ЦК ВКП(б)...

Таким образом вопрос об организации юбилея Кенену Азербайеву в связи с указанными выше датами отпадает...

20 апреля 1948 года. (Аубекеров)





Қол қойған адамның аты-жөні толық жазылмапты. Бар жоғы осы ғана. Осы жолдарды оқып отырып, содан бері 70 жыл өтсе де, жүрегің жиі соғып, көңіл алауы су сепкендей басылып, құлазып қалғандай боласың. Қолында өз билігі жоқ, біреуге тәуелді елдің қаншалықты бейшара екенін жаныңмен сезгендейсің. Бәрін Мәскеу ғана шешетін кеңес дәуірінің ызғарлы, өктем желі денеңді бір шарпып өткендей әсерде қаласың. Ал өмірде талай теперіш көрген ақынның тап осы кезде қандай күйде болғаны айтпаса да белгілі жәй.

Бір айдан соң Жазушылар одағы басқармасының хатшысы, жазушы Дмитрий Снегиннің атына мынадай хабарлама келді. Мұны да сол қалпында оқып көрелік: «Настоящим сообщаем, что проведение юбилея Кенена Азербоева в связи с 65-летием со дня рождения и 50-летия творческой деятельности в настоящее время невозможно, так как не соответствует требованиям постановления Совнаркома СССР и ЦК ВКП(б) от 10 апреля 1941 года № 886 «О порядке проведения юбилеев».

Управляющий Делами Совета
Министров Казахской ССР


(Д. Сырцов)

Елді дүр сілкіндіріп, бір қуантып, енді бірде реніш тудырған осы жәй ақынның құлағына жетпеді дейсіз бе? Әлбетте Кенен мұның бәрін естіді. Баяғы сабырлы мінезіне салып, сыр білдірген жоқ. Бәлкім, ертеде шығарған мына бір өлең жолдары тап сол сәтте сабырына сабыр қосып, қуат берген де шығар.

*«Жігіт бол, сегіз қырлы қырық бұраудай,
Жігіт бол, сыр мінезді май сылаудай.
Желдетпей, борандатпай, дауылдатпай,
Өте шық дұшпандардан май сылаудай».*

Ақын қаншалықты шыдап, сабырлылық танытқанмен дұшпан көздер тыныш жата ма. Кененнің заманы бітті. Өн-өлеңдері ескіріп, қадеге жарамай қалыпты. Барлық атағын үкімет қайтарып алатын болыпты. Советті жақтаймын деп әруақтарға тіл тигізген Кенен енді орнынан тұрмайды дейтін қауесет-өсекті судай сапырған желөкпелер болмай қалған жоқ. Осының бәрі айналып келгенде ақынға шым-шымдап келетін кесел боп жабысты. Абайша пайымдасақ «дастан да, дұшпаннан да көңілі қалған» Кенен ақынның өмір ағысы үлкен





бір бөгетке тірелгендей, жаңа арна таппай буырқанған көңіл толқыны байыз таппай, бүкіл дүние шыр айналғандай болып еді.

Соғыстан кейінгі бес-алты жыл ақынға оңай тиген жоқ. Әбден тыйтықтаған елдің еңсесін көтеру, майданнан қайтқандар бар, елге оралмай қалғандардың отбасы бар. Соларға жағдай жасау, балаларын оқыту сияқты жұмыстардан Кенен де қалыс қалған жоқ. Тұралап қалған ауылдың тірлігіне жан бітіріп, колхоз жұмысына елді жұмылдырды. Осының бәріне әнімен де, сөзімен де ат салысты. «Тракторлар гүрілдеп далада еңбек қайнаған, жер жыртқан өрен жастарым құлпырып гүл-гүл жайнаған, жастарменен жарыс сап көрілерде қалмаған» деп жырына қосты.

1947 жылы шығарған «Көктем жыры» атты терме-өлеңінде көк майсаға оранған, «көлде аққу, көкте қаз, орманда бұлбұл сайраған» дала көрінісін суреттей келіп, осының бәрі несімен қымбат, несімен көрікті деген сауал қояды, соған өзі жауап береді.

«Көктемнің көркі не болар?

Көркейген колхозды ел болар.

Елдің көркі не болар?

Топтан озған ер болар.

Даланың көркі не болар?

Егін еккен жер болар» - деп төгілте жырлаған еді.

...Жаны сұлулыққа құштар, өмірдің небір сұрапыл дауылына қара нардай қасқайып шыдас берген ақынның өзі де, домбырасының үні де сап тыйылды. Бұл 1950 - жылдың күзі еді. Кенен науқастанып төсек тартты, елін де, отбасын да шошындырып ұзақ жатты. Дүниеден безінгендей, ешнәрсеге құлқы жоқ, күн ұзақ жалғыз отыратын. Ақынның сүлейсапа солғын тартқан көңіл-күйіне біреу күйінсе, біреу сүйінді. Қаралған дәрігерлер, тәуіп-тамыршылар ақынның бойынан қатерлі ешнәрсе таба алмай таң болатын. Мұның қандай ауру екенін, қалай пайда болғанын ешкім дөп басып айта алмады. Бар айтатыны «әбден қалжыраған, психикасына күш түсіп, жүрек қабы кеңейген» дейтін болжам ғана.

Кейін «Ауырып жазылғанда» деген өлеңінде ақын осы жөнінде былай дейді:

«Басып жатты бір кесел алты жылдай,

Қызығымнан қалыппын талай-талай.

Күн мен түнді есепке алмағанда,

Мен жатқалы өтіпті жетпіс екі ай».





Бұл енді ауырып жазылғаннан кейінгі, демек алты жылдан кейінгі ақынның сөзі. Ал сонау елуінші жылдардың ызғарын, соғыстан кейінгі «түлкі құрсақ» күн кешкен елдің жағдайын бес-он жастағы балалар, біздер де айқын сезінетін едік. Бір үйде мал сойылып, құдайы тамақ берілсе бәріміз топырлап сол үйдің маңында жүретінбіз. Сондағы мақсат әжелеріміз ебін тауып құлақ, сирақ, жілік ұстатып қалар дейтін шайтан үміт.

Жылдар жылжып өтіп жатты. Ақынның денсаулығы күннен күнге нашарлай берді. Жығылғанға жұдырық демекші, Кененін мүлдем ұмытқандай бәрі де тым-тырыс, бейжай. Радиодан күн сайын шырқалатын ақынның әндері де сап тиылды. Әсіресе ақынның қабырғасына қатты батқан нәрсе, он үш жасынан бері өзімен бірге жасасып келе жатқан, бойтұмарындай болған «Боторғай» әнінің мүлдем айтылмай, ұмыт қалғаны. Тап сол жылдары екінші тың мал шаруашылын өркендетеміз. Қойдың санын 50 миллионға жеткіземіз деп дабыл қаққан саяси науқан басталған кез. Қойды көбейтіндер деп жатқанда, «құтылар күн бар ма екен, осы қойдан бір күн-ай» деп шырғақтатудың қаншалықты қауіпті екенін бала мінезді ақын аңғармаған да шығар.


Кенен осы күйінде 1954 жылы жетпіске толды. Құдайдың құдыретін қараңызшы, ақынның мерейтойы «ұлы қолбасшы, фашистерді талқан етіп, әлемді құлдықтан азат еткен адамзаттың көсемі» деп даурыға мақтаған Сталиннің өліміне дәп келді. Көсемнің қайтыс болғанына бір жыл толмай жатып, қазақтың қайдағы бір ақынының 70-ке толғанын тойламақ түгіл, сөз етуден қорқатын кез. Тағы да үнсіздік, тағы да меңіреу тыныштық. Баяғы жартас – сол жартас. Сөйтіп, бұл жолы да Кененнің жолы болмады. Науқасымен айқасып, өзгеден де, өзінен де безінгендей халде жатқан ақынның бұған аса құлқы да болған жоқ.

Көңілін сұрап, жағдайын көріп кететіндер көбіне ақын-жазушылар еді. Солардың ішінде Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Мәриям Хакімжанова, Ғали Орманов, Тайыр Жараков сынды қазақтың қаламгер-ақындары ерекше көңіл бөлетін. Ол жөнінде ақын былай деп еске алады:

*«Шыр-шыр етті Насиха қызғыштай боп,
Азып-тозып, ой ойлап, қырғыштай боп.
Жазушылар кеп тұрды кезек-кезек,
Сәбит, Мұхтар, Мәриям жыл құстай боп».*

Сталиннің өлімінен кейін жылымық келіп, жылдар бойы сіресіп жатқан тоң-мұздақ ерігендей болып еді. Адамдардың еңсесі көтеріліп, жаңа бір леп ескендей әсер етті. Осындай шуақты сәттер Кененнің





отбасында да сезіле бастады. Айлап-жылдап ат басын бұруды ұмыт қалдырған аудан, облыс басшылары жиі келетін болды. Жағдайын сұрап, біраз әңгіме айтып кететін. Әйтеуір бір жақсылықтың боларын ақын жүрегі қалтқысыз сезді.

1955 жылғы 7 сентябрьде сол кездегі Қазақ ССР Министрлер Советінің Председателі Д. Қонаевтың атына жіберілген мына бір хатта Кенен Әзірбаевқа «Еңбек сіңірген өнер қайраткері», орайы келсе «Халық ақыны» атағын беру туралы ұсыныс айтылған. Соңына атақты жазушы Ғабиден Мұстафин қол қойған екен. Бір қызығы ақынның 70 жасқа толғаны туралы ешнәрсе айтылмайды. Орыс тілінде жазылған осы құжаттың қысқартылған нұсқасын оқып көрелік.

«В связи с тем, что исполком Джамбульского областного Совета депутатов трудящихся возбудил перед Вами ходатайство о присвоении Кенену Азербайеву почетного звания «Заслуженный деятель искусств» президиум Союза писателей Казахстана считает необходимым высказать по этому поводу свои соображения:

...На наш взгляд, было бы целесообразно присвоить Кенену Азербайеву почетное звание «Народный акын»...

Председатель
Правления Союза советских
писателей Казахстана (Г. Мустафин)

Қолдағы дерек хатқа қарағанда ақынға құрметті атақ беру жайлы 1955 жылдың өзінде-ақ сөз бола бастаған екен. Алайда Кененге «Халық ақыны» деген құрметті атақ, тек 1961 жылы, яғни 6 жылдан соң ғана берілді. Неліктен кешіктіріп берілгені жұмбақ күйінде қалып қойды. Бәлкім, тағы сол Мәскеудің көңіл-күйіне байланысты болған шығар.

Осымен қатар, 1955 және 1956 жылдары Қазақстанның сол кездегі басшылары Л.И. Брежнев пен Д.А. Қонаевтың атына тағы екі ұсыныс хат жазылыпты. Бұл хаттарда ақын әрі әнші, композитор Кенен Әзірбаевқа көмек көрсету шаралары туралы сөз болады. Екі бетке толтыра жазылған ұсыныс хатта Кенен ақынның қысқаша өмірбаяны, кеңес үкіметін құру кезінде атқарған қызметтері, қандай поэтикалық және музыкалық шығармаларды дүниеге әкелгені туралы кең мағлұмат берілген. Хаттың қысқаша мазмұны мынадай:

«...В настоящее время Кенен Азербайев из-за болезни и преклонного возраста творчески работать не может, вследствие чего живет с





большой семьей в неблагоприятных бытовых и материальных условиях...

Еще раз обращаемся к Вам с просьбой:

1. Присвоить Кенену Азербаету почетное звание заслуженного деятеля искусств Казахской ССР.

2. Выделить из резервного фонда Совета Министров республики 50 тыс. рублей на строительство жилого дома Кенену Азербаету...

Секретарь обкома
КП Казахстана
(Ч. Артыгалиев)

Председатель исполкома
облсовета депутатов трудящихся
(М. Сапаргалиев)

Ақынның өміріне байланысты осындай құжаттарға қарап, көптеген беймәлім мағлұматтарды білуге болады. Басына ауыртпалық түсіп, іш-құса болған ақынын ойлайтын, қол ұшын созып, көмек көрсетуге дайын тұратын азаматтардың болғанына қуанасың. Осындай азаматтар болмаса, ел басқарып отырған, мемлекет қайраткерлері Д. Қонаев, А. Асқаров, ақын-жазушылар Ғ. Мұстафин, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов сияқты біртуар ұлдары болмаса Кенен ақынның бұл тамұқтан шығу-шықпауы екі талай еді.

Ауасы жұпар, бұлағы мөлдір Қордай тауының етегінен үй салдырды. Осында көшіп келген соң ақынның денсаулығы түзеле бастады. 1959 жылы Кененнің 75 жылдық мерей тойы тұңғыш рет бүкіл ел болып осы Қордай тауының етегінде тойланды. Той мерекесін Сәбит Мұқановтың өзі басқарды. Көңілі жадыраған қарт ақын, қуанышын жасыра алмай:

«Аурудың дауасын елім тапты,

Кеселімнің өкімет емін тапты.

Жетпіс беске келгенде той жасады,

Тау суындай көңілімді тасқындатты» - деп ағынан жарылды.

Ақынның шаңырағына бақыт құсы келіп қонғандай, қуаныштан қуанышқа кенелді. Бұл мерекені 75 жыл халқымен бірге жасасып, бірге өткерген бүкіл өміріне, ақындық, әншілік жолына берілген үлкен баға деп қабылдады. 1959 жылы тұңғыш рет мерей тойын көрсе, келесі жылдың көктемінде тұңғыш рет келін түсіру тойын жасады. «Сен туып ең Жамбылдың батасынан, бергендей боп суырып қалтасынан» деп әнге қосатын, 55 жасында көрген Көркемжаны үйленді.





Осындай үлкен істің бастаушысы, жанашыры, қамқоршысы Сәбит Мұқанов екенін біреу білсе, біреу біле бермейді. Бұл жөнінде ақын «Достарым» деген өлеңінде шегелеп айтып кеткен:

*«Сәбитпен достығымды кім білейді,
Кейбіреу ашық жүрмей күбірлейді.
Алты жыл ауырғанда ат салысқан,
Жүректің ыстық қаны үзілмейді».*

Айтса айтқандай-ақ өмірінің соңғы сәтіне дейін жазушы Сәбитке, бауырындай болған ақын Сәбитке деген сағынышы, сый-құрметі ерекше болды. Қазақтың ұлы перзенті, сүйікті Сәбитіне деген Кенен ақынның ақ тілеуі, жүрегінің ыстық қаны бәсеңдеген емес.


ЖҮРЕКТІҢ ЫСТЫҚ ҚАНЫ ҮЗІЛМЕЙДІ

Сәбит Мұқанов қайтыс болыпты деген суық хабар келгенде біздің үйдің шаңырағы аласарып, айнала күңгірт тартқандай сезіліп еді. Өлгінде ғана кіргізген самауырдың ысылы болмаса, қалған жұртта үн жоқ. Шешем әлсін-әлсін кимешегінің ұшымен көзін сүртіп үнсіз жылайды. Табиғатынан сабырлы дейтін әкемнің өзі дегбірсізденіп, қолындағы тәспихын уыстаған күйі ұзақ отырды. Сол сәтте тоқсанды алқымдаған әкемнің палуан денесі шөгіп, кішірейіп кеткендей болып еді. Өлден соң басын көтеріп: «Өзегі темір жан болмас жалғанда. Сұм ажалдың құрығы саған да түскен екен-ау! Қайран, Сәбит!» дегені әлі құлағымда. Арада қанша жылдар өтсе де осы бір көрініс менің жадымда сурет болып мәңгі сақталып қалыпты.

Әке өкімі қысқа болды. «Насиха, балаларды ертіп барып қайтыңдар. Мәриям келінге көрініп, көрісіп қайт. «Тұяғы кетілген тұлпардай, топшысы сынған сұңқардай» болып кәріліктің шеңгелінде отырған менің күйімді жеткізе барыңдар» деп қарт ақын терең күрсінді. Біз сол күні асығыс жолға шықтық.

«Дос адамның белгісі қарлығаштай, қас адамның белгісі қара тастай. Сәбиттің маған жасаған жақсылығын, қамқорлығын, сіңірген еңбегін атан түйеге артсаң да көтере алмас» дегенін талай жолы естігенмін. Баланың үлкені Төрткеннен бастап, Көркемжан, Ақтамақ, Ақбілек, менің өзім де Сәбит аға мен Мәриям апайдың қамқор көңілін қаршадайымыздан сезініп, бала жүрегімізге сіңіріп өстік. Төрткенді «әнші қыз», мені «кішкене Кенен» деп еркелетуші еді.





Әкенің осы бір жүрек жарды сөзіне бала кезімізде мән беріп жатпадық. Ержетіп, ақыл тоқтатқан шақта үлкен жүректі жандардың силастығы да, қимас достығы да ерекше, мәнді, терең, мәңгілік болатындығына талай рет көзім жетті.

Сәбит ағаны алғаш көруім еміс-еміс есімде. 1956-57 жылдары болуға тиіс. Ол кезде біз Отар стансасында тұратын едік. Бір-біріне жалғастыра соғылған қоржын там. Төбесі жайдақ болғандықтан ба, оны жұрт «тоқал там» деп те атайды. Түпкі бөлмеде әкем жатады. Бірнеше жылдан бері науқас. Бөгде адам түгіл біз өзіміз әкенің үстіне сирек кіретін едік. Алыстан арнайы келген адамдар болмаса, көңіл сұраған ағайын- жұрт шешеммен ғана тілдесіп, біліп қайтатын. Осы бір сүреңсіз, сүлейсапа солғын тірлігімізді ақын «Ауырып жазылғанда» деген өлеңінде былай көрсеткен.

*«Шілдедегі бұлбұлдай тілім келмей,
Дүниеден безгендей, көңіл желмей.
Жекжат-жұрат, ағайын, балаларға,
Мекіреніп, қарамай, мейірленбей
Суық күздей сұрланды үйдің іші,
Балалардан тиылды ойын-күлкі.
Ауруменен қосыла әлек кіріп,
Өтіп жатты тіршілік ұйқы-тұйқы».*

...Сүліктей қара түсті жеңіл мәшине біздің үйге қарай бұрылды. Бір топ бала ойынымызды тастай салып, тобықтан келер май топырақты бұрқыратып тұра жүгірдік. Аулада бірнеше адам қонақтарды қарсы алып жатыр. Аман-саулық сұрасып, дабыр-дұбыр болып жатқан үлкендердің сөзінде шаруамыз жоқ. Көзіміз әлгі мәшинеді. «ЗИМ» деген жазуы бар екен. Жабыла оқимыз. Айнала жүріп, ішіне үңілеміз. Біз түгіл үлкендердің өздері таңдай қағып, бас шайқайды. «Келістіріп-ақ жасаған екен. Мініп алып заулатар ма еді!» деп құмарландыра түседі.

Шешем ымдап шақырып алды. Үстіме таза көйлек кигізіп жатып:

- Алматыдан силы қонақтар келді. Барып сәлем бер. Бейбастық жасап жүрмеңдер, дейді.


- Апа, мынау кімнің мәшинесі?

- Сәбит ағандікі.

- Онда мені ішіне отырғызшы деймін. Қой, балам, былғап тастайсыңдар, ұят болады деп зекіп тастады.

Шай құйып отырған шешеме қайта-қайта келгіштеп, мазалап жүргенімді Сәбит аға байқап қалса керек. Менің жүзіме байыптап қарап алды.





- Жеңгей, балаңыз бірнәрсе айтқысы келе ме? Жүзінде реніш бар ғой өзінің деп сұрады.

- Ерке өскен баланың әдеті емес пе? Сіздің мәшинеге отырғыз деп қыңқылдап жүр.

- Пәлі, отырса несі бар? Баланың жаны нәзік, сезімтал болады. Көңілін қалдырсаң жасып қалады, жеңгей. Отырсын, деді. Шопырына қарап орысша бірдеме айтып жатыр. Анау басын изеп, маған кеттік дегендей ишарат білдірді.

Орыс шопыр қолындағы дымқыл шүперекті көрсетіп бірдеңе деген болады. Аяқтарыңда мынаған сүртіп кіріңдер дегені екен. Оны түсініп жатқан біз жоқ. Таласа-тармасып мініп алдық. Көшеден шыққан соң түзу жол басталады. Сол жолға шыққан мәшине Қордай тауын бетке алып заулап келеді. Қуанышымызда шек жоқ. Айдаушының өзі де балажан адам екен. Ұлардай шулаған бізбен қосыла күледі. Сол сәтте дүниенің бәрі бізге қол бұлғап, бізді ғана қызықтап тұрғандай еді. Сонау балалық шақтан есімде қалғаны Сәбит аға мінген осы қара түсті «ЗИМ» ғана.

Сәбит ағаның бұл сапары тек әкемнің ғана емес, бүкіл отбасының, тіпті менің өміріме де үлкен серпіліс, өзгеріс әкелерін балаң жүрегім қайдан түйсінсін. Кейін білдік. Сәбит Мұқанов үкімет басшыларына қайта-қайта кіріп, ақынның өлең-жырларын, әндерін басып шығаруға, қалаған жерінен үй салдыруға қаражат бөлдіртіпті. Әкем қалаға барсам тынысым тарылады, үйренген жерім осы деп Қордай тауының сағасын таңдаған екен. 1957 жылдың күзінде Қордай ауданы Киров колхозында (қазір Кенен ауылы) салынған жаңа үйге көшіп бардық. Ауасы тар, едені сыз қоржын тамнан кейін едені ағаш еңселі үйдің хан сарайындай көрінері хақ.

Жаңа қоныс, жұпар ауасы әсер етті ме әкемнің еңсесі көтеріліп, денсаулығы да оңала бастады. Айлап жатқанда қасына баруға батылымыз жетпейтін, енді айналсоқтап әкенің қасынан шықпайтын болдық. Ондай сәтте әкем: «Қарақтарым-ай, жаутаң көз болып, жасып қалдыңдар-ау!» деп басымыздан иіскер еді. Әке мейірімі ерекше. Оны бала жүрегім қалтқысыз сезінер еді. Дастарқанның берекесі кіріп, шаңырағымыздан домбыра үні естіле бастады. Онысын ақын:


«Сағынтқан домбырама ішек тақтым,

Өзімде ішім толып өліп қаппын.

Шыққанда құлақ күйдің қоңыр үні,

Қалжа жеген әйелдей терім ақтың» - деп жырына қосып еді.





Қуаныш қуанышқа ұласты. Жасы жетпістен асқан шағында әкем тұңғыш рет келін түсіру тойын жасады. Онда да шашуын алып қаладан Сәбит аға мен Мәриям апай келді. Сонда шығарған «Келінжан» әні елге кең тарап, көпшіліктің ырзығына айналды. Көңілі көкке жеткен қарт ақын аяулы Сәбитін құшақтап тұрып: «Кәрілік пен көлденең келген науқастың құрсауынан құтқарып, араша түскен тілеулес інімсің. Арқаның кең даласындай дарқан көңіліңе тәнтімін, ризамын!» деп ағынан жарылды.

Ал 1959 жылдың маусым айында біздің өңірде бұрын болмаған ғаламат той өтті. Қордай тауының бөктерінде палуандар белдесіп, табаны қызған жүйріктер аламан бәйгіде сынға түсті. Ақындар домбырасын безеп жыр төкті. Ол кезде қандай ақынның болмасын мерей тойын ұлттық нақышта өткізу қиын болатын. Бұл тойдың ерекшелігі де осында.

Үш күнге созылған мерей тойдың бас-қасында Сәбеңнің өзі болды, өзі басқарды. Қарагер жорғамен сызылтып ортаға шыға келген Сәбиттің атқа отырысын, дене бітімін көрген жұрт: «Жазушы дегенің болмаса, сәйгүліктің құлағында ойнайтын сайыпкердің нағыз өзі ғой!» деп таңқалып, таңдай қақты. Дардай атағына қарамастан өзінің ақжарқын мінезімен кісілік пен кішіліктің өнегесіндей болған Сәбеңе ауыл ақсақалдары жабыла батасын беріп еді.


Той соңында әкеммен қоштасып тұрып: «Кенеке, өзіңізге айтарым. Жасыңыз келгенде көріп көзайым болған балалардың көз алдында жүргенін қалайсыз. Оны түсінем. Алайда заман талабы. Мүмкіндігінше балаларды қалада оқыту керек. Дұрыс білім алсын, орысша үйренсін. Өзім көмектесейін» деген. Сәбеңнің осы сөзі қамшы болған болар, сол жылдың күзінде мені Алматыдағы № 12 қазақ орта мектебіне өткізді. Сол жылы он төрт жасқа толған едім.

Өнер жолында бірі аға, бірі іні боп табысқан әкелердің риясыз достығы бір сәтке бәсеңдеген емес. Бірер ай жолығыспай қалса, сағынып көрісетін.

Жыл сайын соғым кезінде шешем семіз бір қазыны «Сәбит пен Мәриямның сыбағасы» деп қаптағы ұнға тығып жатар еді. Жаз айының бірінде Сәбит аға отбасымен немесе жолдастарымен келіп қонақ болып қайтады. Ол күні әкемнің жүзі нұрланып, шабыттана жыр төгер еді. Ән де ерекше, әңгіме де ерекше. Небір күлдіргі әңгіме, әзіл-қалжыңдар айтылар еді. Сондай бір сәтте айтылған әкемнің:

*«Насиха екеуміз де қашықтадық,
Көжедей күбідегі ашып қалдық.*





*Кеудені қанша өрге сүйрегенмен,
Кездіктей жанымаған жасып қалдық.
Сәбит, Мәриям сағынтпай келіп тұрғын,
Шалыңа ақыл-кеңес беріп тұрғың* - дейтін өлең жолдары ыстық
ықыластан, жарасымды көңілден тұған.

Бір жолы әкемнен:


- Бүкіл ақын-жазушылардың ішінде Сәбит Мұқановты ерекше көресіз, ықылас танытасыз. Соның сыры неде? - айтыңызшы дедім.

- Балам, адамның ғұмырында сыйластар көп, сырластар аз болады деп бастады әңгімесін. Адамға сый-сыяпат көрсету басқа, ал көңілдегіні бүкпей айтып, сыр ашуың басқа. Сәбит екеуміз сыйлас қана емес, сырлас доспыз. Сәбит те мен сияқты жасынан жетім қалып, жоқшылықтың ащы дәмін ерте татқан адам. Өміріміз ұқсас. Бұл жағынан - тағдырласпыз. Жазуды көбірек кәсіптегені болмаса, Сәбит те ақын. Бұл тұрғыдан - әріптеспіз.

Дүниенің астан-кестеңін шығарған кеңес үкіметінің алғашқы жылдары менің бағыма Ораз Жандосов сияқты оқығаны бар, көзі ашық азаматты жолықтырды. Кейіннен тағдырым осы Сәбитпен табыстырды. Ауыздығын шайнаған асаудай, арынды кезім. Тосын келген алапат заманның ыңғайын таба алмай іш-құса болып жүргенімде, жалынан сипап жуасытқан асаудай етіп қасына ертіп жүріп көп нәрсеге көзімді жеткізіп еді.

Күндіз-түні ел аралап халқыма теңдік, ұрпағыма бақыт әпермек үкіметтің жаршысы болдық, шашбауын көтердік. Сол жылдары айтылған кемері жоқ, ұшан теңіз өлең-жырымның есебін кім өлшепті? Сөйткен азаматтардың бәрі қара тізімге ілікті, атылды, айдалып кете барды. Көкейді «Бұл қалай?» деген запыран сұрақ қалып қойды. Үнсіз қалғам жоқ: Бұл сауалды төтесінен қойғандардың бірі мен екенмін. Оған «Оразжан» әнім куә. Осы үшін Алматыда бірнеше ай абақтыда жатқанымды біреу білсе, біреу білмейді. Бұдан аман-есен құтылуыма ең алдымен тақыр кедей екендігім, Жамбылдың үзеңгілес шәкірті екендігім себеп болған да шығар. Алайда осының бәрін орайын тауып тиісті орындарға жеткізген, елге оралуыма себепші болған Мұқамеджан Қаратаев пен осы Сәбит ағаларың еді. Тұрлаусыз тірлік, заман қысастығы бір жағынан, тұрмыс тауқыметі, балалардың өлімі (бізге дейін жеті баласы өлген) екінші жағынан қыспаққа алған кез. Өзім түгіл, ән-жырларым да кәдеге жарамай, ұмыт бола бастады. Баспалар да, радио да тым-тырыс. Кеше ғана Алатауды жаңғыртып, алты қанат ақ үйді әнімен шайқалтқан Кененін мүлдем ұмытқан





сыңайлы. Тіпті дүмбілез біреулер кейбір әндерімді халық әні деп салатын да болды. Осының бәріне іштей налып, күштеп шөгерген атандай болып жатқанымда қасымнан тағы да сол Сәбит табылып еді.

«Кенеке, мұндай күйді кешегі Ақан да, Біржандар да бастан кешірген. Құлазу, дүниеден безіну, құса деген жаны таза, болмысы ерекше адамдар да ғана болады. Сарыуайымға салынбай, серпілу керек. Сіздің өнеріңізді ел таныған, жұрт мойындаған. Ондай өнер еш уақытта өлмейді, мәңгілік» дегенін қалай ұмытармын.

Сәбиттің айтқандары дәл келді. Жетпістен асқан шағымда қанатын қомдаған кәрі қырандай қайта түлеп, науқасымды сілкіп тастап, өнеріммен қайта табыстым. Қанатымен су бүріккен қарлығаштай отбасымның қамқоршысы болған, төніп келген ажалға араша түскен Сәбиттің алар орны ерекше, қарағым, деп әкем ағынан жарылып еді.


...Сәбит ағаны соңғы рет көруім күні кешегідей көз алдымда. 1972 жылдың маусым айы. Ол кезде мен «Қазақстан» баспасында қызмет істеймін. Телефонды көтеріп едім, өзімді сұраған дауыс естілді. Тани кеттім. Сәл қарлығыңқырап шығатын, жұмсақ дауыс. «Бақытжан, сені бастығыңнан сұрап алдым. Әкеңе барып қайталық. Ертең жүреміз. Сағат онда мәшине жіберемін, дайын отыр» деді Сәбең. Менің күмілжіп қалғанымды сезе қойып: «Кенекең аман-есен, жәй барып, сәлем беріп қайтамыз» деді артынша.

Жолға шықсаң ақын-жазушымен шық. Қалай жеткеніңді білмей қаласың дейтін еді бір танысым. Дәл айтыпты. Қаладан шыққалы құлағым Сәбит ағада. Жәй әңгіменің өзін майын тамыза келістіріп айтады, жазған кезде тіпті төгілтетін шығар деймін ішімнен. Ұзынағаштың тұсынан өте бере әңгіме желісі Жамбыл атаның өміріне ауысты.

...Жамбылға көп адам хатшы болған. Мен де болдым. Жарықтық тілі өткір, нені болса да тап басып айтатын еді ғой. Ал бір қисайса икемге келтіру оңайға соқпайтын. Жәкеңнің осындай мінездерін жақсы білемін. Жамбылдың атақ-даңқы әсіресе сұрапыл соғыс жылдары әуелеп тұрды. «Правда» газетінің бірінші бетіне Жәкеңнің суретімен қосып, «Ленинградтық өрендерім» деген толғауы басылды. Сөз құдіреті деген осы. Бір қиырда жатқан Жамбылға еліміздің түкпір түкпірінен, майдандағы жауынгерлерден жүздеп, мыңдап хат келетін. Мәскеуден Сталиннің өзі телефон шалып, қарт жыраудың аман-саулығын біліп тұрады екен деп еститінбіз. Соның өзі-ақ Жәкеңнің әруағын аспандатып жіберіп еді.

Баласы Алғадайдың соғыста қаза болғаны жайлы хабар келді. Үкімет басшылары, ақын-жазушылар барып естірттік. Жамбыл





теріс қарап, үнсіз жатыр. Бір-екі күн өтті. Нәр татпайды. Жарықтық ең жақсы көретін баласынан айрылған соң өлімге бел байлаған шығар деп ұйғардық. «Шалды өлтіріп алмаңдар, басымыз кетеді» деп жоғарыдағылар қайта-қайта телефон соғып безек қағады. Ауыл-аймақ, ақын-жазушылар құрақ ұшып әлекпіз. Әбден сасқандары: «Сәбит, бір амалын тап, көпті көрген жазушы емессің бе?» дейді.

«Қатар-құрбы қадірлес,

Замандасты сағындым.

Қатаған мен Кебекбай,

Мақамдасты сағындым - дейтін қарт жыраудың көңілін кім табды? Қайғысын кім сейілте алады? Қырық жыл қасында жүріп сырмінез болған шәкірті, көз көрген замандасы әрі жақсы көрер інісі Кененді шақыртайын деген ой келді. Мәшине жіберіп Қордайдан Кененді алдырттым.

Екеуміз оңаша отырып ақылдастық.

- Сәбит, мен айтсам бұрынғының жолымен, құдайды ауызға ала отырып, әруақтарды шақыра айтамын. Басқа сөзді Жамбыл ерен қылмайды. Мұнымыз үкіметке жақпай қалып жүрмесін» деді Кенен.

- Тәуекел! Жәкең басын көтерсе болғаны. Қалғанын көре жатармыз.

Кенен биік қоңыр үнімен ұзақ жырлады. Арғы аталарын бастап, кешегі ұстаздары Қабан, Сүйінбайлардың әруағын тізіп айтты:

«Не күшті дүниеде – құдай күшті,

Көрдіңіз бір ғасырда талай істі.

Миуалы Отанның дарағы едің,

Жел соғып бір бұтағың жерге түсті...

Бір балаң халық үшін құрбан болды,

О, Жәке, тәуба қылып басың көтер».

Кенен төкпелетіп барып, жоқтауын аяқтады. Бәріміз іштей толқып, ұмсынып тұрмыз. Жамбыл, бетін сәл бұрып: «Е, е, Кененбісің?» деп ишарат білдіргендей болды. Сол екен, біз де қолтығынан демей бердік. Әбден қаталап қалған екен Кенен ұсынған бір тостаған сусынды сіміріп жіберді. Жамбыл қартты осылай «тірілтіп» алғанбыз деп Сәбең ақтарыла күліп еді.

Сенің бітімің, сөз саптауың, отырысың баяғының билеріндей орнықты екен. Берекелі боласың-ау, Сәбитжан!» деп арқамнан қағар еді.

Баласы Тезекбаймен қатарлас болғаннан ба Тайырды (Т. Жаров) тым жақсы көретін. Әкесінен қайта-қайта ақша сұрап мезі қылған Тезекбай батылы бармаған сәтте Тайырды жұмсайды. Жәкеңнің





мінезіне әбден қанық Тайыр ебін тауып, әкесіне еркелеген баладай тілегін білдіретін еді.

- Біліп тұрмын, әлгі Тезекбай ғой сені жіберіп отырған. Желігің қалыпсыңдар, тағы да ұстатпай кетесіңдер-ау, желөкпелер, дейді Жәкең зілсіз. Епті Тайыр:

- Мә, онда өлеңдеріңді өзің жазып ал, деп қаламын тастай салып, өкпелеген болады.

- Жә, жә, ұзатылатын қыздай қыл ете қалуын мұның, деп Жәкең көне кететін. Жарасымды, ерке әзіл еді-ау бұл.


Тарғаптан өтіп Ақтерек ауылына жеткенше Сәбең әңгіме желісін үзген жоқ. Айта түссе екен деп мен отырмын. Ойымды сезіп қойғандай оқшау тұрған биіктеу төбені нұсқап: «Анау төбенің қалай аталатынын білесің бе?» деді. Оның да өз қызығы бар.

Мен алпыс жасқа толғанда Кенекең қонаққа шақырды. Бір топ ақын-жазушыларды ерте бардым. Үй маңындағы алма бағының ішіне үлкен палатка құрып, бүкіл ауыл болып қонақ күтісті. Қайтарда шығарып салуға ере келген ауыл азаматтары осы төбенің басына дастарқан жайып жолаяқ жасады. Отырғандардың бірі: «Сәбеңнің тойынан ескерткіш болсын мына өзіміз отырған төбеге ат қоялық» дегені. Сол-ақ екен, қызып алған жұрт жабыла ат қоя бастады. Бірі «Мерейтөбе» десе, енді бірі «Өлеңтөбе» болсын дейді. Бірінен бірі өтетін талай әдемі аттар айтылды. «Ақынтөбе», «Жалғызтөбе», «Сыйластөбе»...десіп даурығып жатыр. Ұмытпасам Хамит Ерғалиев болу керек: «Ұлардай шуламай тұра тұрсаңдаршы. Бәріңді елеуретіп, желпінтіп қойған шампанның арқасы емес пе? «Шампантөбе» болсын дегені. Сөйтіп сол төбе «Шампантөбе» атанған. Біліп ал кейін айта жүрерсің» деп Сәбең әңгімесін бір қайырып тастады.

...Сонау бір жылы әкеңе тірі қасқыр апарым сыйлағам. Сен ол кезде кішкене баласың қайдан есінде болсын деп Сәбит аға тағы бір әңгіменің ұшын шығарып қойды. Ынтықтыра түскісі келгендей біраз үнсіз отыр.

Бұрын Ақтерек тауының төменгі жағы қалың қамысты, сулы, сазды жер еді. Түлкі, қоян, кекілік, үйрек-қаз дегенің көп болатын. Қазіргідей емес мәшине де сирек жүреді. Қасымда үлкен ұлым Арыстан бар. Астымызда судай жаңа «Победа». Күн ерте болған соң аң-құс аулап уақыт өткізейік, Кенекеңе кешке қарай қонаға барайық деп ұйғардық. Жолдан шығып ашық даламен сырғып келеміз. Кенет қалың шидің арасынан бір ит ата жөнелді. Алғашында ит екен деп қалғанымыз рас. Адамға үйреншікті ит болса біраз жерге ұзап барып тоқтар еді. Олай





етпеді. Бейшара есі шыққан болу керек, тауға қарап емес, далаға қарай зытып барады. Қасқыр екенін тани кеттім. Біз де мәшиненің жүрісін ұлғайтып, қиялай қуып, бастырмалатып келеміз. Тақай бере қос ауызды басып қалдым. Оғым тимей кеткен сыңайлы.

Жасырақ кезімде киік аулағандарды көргенім бар, ал тақтайдай тегіс даламен қасқыр қуған тіпті қызық екен. Делебеміз қозып, есіміз кеткендей шулап келеміз. Астымызда мәшине екенін, жолда арық-шұңқыр кездесіп қалса қауіп боларын мүлдем ұмытқан сәт. Қасқыр амалдап тауға қарай бұрылса, алдын ораймыз. Амалы құрыған түз тағысы даланы бетке алады.

- Папа, тағы да атсаңызшы! дейді дегбірі кеткен Арыстан.

- Жоқ енді атудың керегі жоқ. Соғып аламыз.

Ұзақ қудық. Болдыра бастаған болу керек, қарқыны баяулаған тәрізді. Есік пен төрдей жерде тілін салақтатып әлі қашып келеді. Шопырым да әккі болатын, бір-екі рет қағып жіберіп аунатып түсірді. Ақыры өкпесі өшіп, талығып жатқан қасекеңді тұмсығынан буып, аяқтарын байлап мәшиненің артына салып алдық. Артынан байқадым. Менің оғым зая кетпеген екен. Артқы аяғынан қатты жараланыпты. Сол күйінде Отардағы Кенекеңнің үйіне алып келдік. Көрші-қолаң, бала- шаға тірі қасқырдың о жақ, бұ жағына шығып, қызықтап мәз болысып еді.

Жол бойы Сәбең айтқан неше өрім әңгіменің әсерімен біз де ауыл шетіне кірген едік. Тоқсан жасқа толғалы отырған қарт ақынның жәй-күйі бізге мәлім. Жақында келіп кеткенмін. Бұрынғыдай емес денесі ауырлап, толыса бастады. Дәрігерлер мұны көп қимылдамағаннан дейді.

Сол күні әкем екеуі оңашаланып ұзақ әңгімелесті. Ежелден сырлас адамдардың не айтқандары, нендей ой түйіскендері өздеріне ғана мәлім. Баяғыда екеуі отырып-ақ бір табақ етті жұғын көрмейтінін талай көрген шешем: «Сәбиттің өңі солғындау көрінді. Бір жері ауырмай ма екен? Тағамға да аса зауқы жоқ» деп секем алған. Біз бұған пәлендей мән берген де жоқпыз.

Ертесі күні дастарқан жиналып, оңаша қалған сәтте:

- Бақытжан, бір нәрсе сұрайын, көңілге алма. Әкең қартайып отыр. Ажал айтып келмейді. Мұндайда дайын жүрген жөн. Әке ойын балаға айтады, ақыл-кеңес береді. Осы жайлы әкең сөз қылған жоқ па? деп сұрады. Қаперімде жоқ сұрақ. Күмілжіп қалдым. Әке мәңгі жасайтын-дай бейғам жүре беріппіз. Бір жолы:





- Ажал жеткен күні менің сүйегімді анау бір алма ағаштың түбіне көміндер, дегені бар. Қалжыңдап айтқаны, әлде шыны сол ма беймәлім. Әкенің бұл сөзіне күлген де қойғанмын. Сәбеңе осы жайды айтып бердім.

- Кенекеңдей кемел ақынға мына бақтың іші тарлау болады. Әттең, о баста ойластырылмаған екен, деп өкініш білдірді. Содан кейін қасына мені ертіп ауыл маңын шолып қайттық. Ауылдың желке тұсында жылға бар еді. Суы да мол болатын. Соның қасына келгенде мәшинеден түсіп айналаны көзбен шолып ұзақ тұрды.

- Анау Қарабарақ, Иірсу маңының жері жақсы екен. Бірақ жолдан қиыс, қашықтау екен. Мына жылғадағы суды бері бұрса маңындағы жердің көк шалғынға айналары сөзсіз. Ағаш отырғызса тіпті жақсы. Осы тұс ыңғайлы болар. Біраз үнсіз тұрып, ендігі сөзін маған қарата айтты: - «Екі Кенен тумайды Алатауға ексеңде» дейтін әкеңнің өлеңін білетін шығарсың? Кенекең халық құрметіне бөленген, киелі адам. Өмірі ұрпаққа өнеге, бойына ақындық дарыған адам. Ол жайлы «Балуан Шолақ» романымда да жазғанмын. Ондай адамның жатқан жері де киелі, әлі-ақ жұрт тағзым етіп келетін болады. Мұның бәрін тәптіштеп айтып жатқаным сондықтан. Есіңе сақтап ал. Алда тоқсан жылдық тойы келе жатыр. Дәм бұйыртса оны да келістіріп тойлаймыз. Бас-қасында өзім де болармын» деді.

Жүзінде нұр үйірілген аяулы ағаның бұл соңғы аманаты, соңғы рет келуі, Кененін соңғы рет көруі екенін кім болжап білген. Тойымсыз, қайырымсыз, қатігез ажал Сәбеңді де алып тынды.

«Жасасып келіп едің бұл ғасырмен,

О, Сәбит, бауырым ең, сырласым ең.

Шынымен қоштасам ба, сенбей тұрмын,

Сәбиттің қайталанбас тұлғасымен» - деп күңіренген қарт ақын аяулы Сәбитімен осылай қоштасып еді.

Сәбит ағаның болжап айтқандары дәл келді, аманаты түгелдей орындалды. 1974 жылы әкемнің тоқсан жылдық торқалы тойы өтті. Бірінші рет Сәбитсіз тойланды. Құттықтай келген Ғабит Мүсіреповтың қолын алақанымен сипай отырып: «Ел бағына Мұхтар, Сәбит, Ғабит боп қатар туып едіңдер. Екі інім «келмес» сапарда. Қартыңның тойына үшеуің бірдей келіп, қатар тұрсаңдар қандай жарасар еді! Амал не? Ендігісі сенің ғұмырыңды ұзақ қылғай, Ғабит інім!» деп бата бергені құлағымда тұр.

92 жыл жасап әкем де дүниеден өтті. Мәйіті сол Сәбит аға көрсеткен жерге жерленді. Сол жылдары отырғызылған нәзік шыбықтар, бұл





күнде бой түзеп, зәулім баққа айналды. Кейіннен ақынға арнап мұражай салынды, бейітінің басына ескерткіші орнатылды. Қордай асуынан ары-бері өткен жолшылар арнайы бұрылып келіп тағзым ететін киелі жайға айналды. Жас жұбайлар гүл шоғын қойып, келешек ұрпақтары бас иіп еске алатын болды. Осының бәрін алдын ала сезіп білген Сәбит ағаның көрегендігіне қалай тәнті болмайсың?

Жыл сайын бала-шағамызды ертіп әкеміз жатқан жерге тізе бүгіп, құран оқытып қайту әдетке айналған. Қыс барайық, жаз барайық көңіл түкпірінде Сәбит ағаның жарқын бейнесі тұрады. Қордайдың қоңыр желі ескен бақ ішінде Сәбит Мұқановтың рухы кезіп жүргендей сезінесің. Әкем екеуі әлі сырласып отырғандай көрінеді.

КЕНЕН ЖЫРАУ МА?


Көне ғұн-үйсін дәуіріне қарап құлаш тастайтын халқымыздың жыраулық, сал-серілік өнері, оның тарихи тегі түбегейлі зерттеліп болған жоқ. Бұл жөнінде ауыз әдебиетін зерттеуші ғалымдар да бір тұжырымға келе алмай жүр. Оның бірнеше себептері бар. Басты себеп, тағы да сол, кеңестік саясатқа апарып тірейді. Расында, көненің бәріне үрке қарайтын кеңестік идеология, қазақтың ежелден келе жатқан жыршылық өнерін, көне жыр-дастарын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік берген жоқ, оған құлқы да болмады. «Жабұлы қазан жабұлы күйінде қалсын», жазу-сызуы жоқ бұратана елдің қандай көне өнері болуы мүмкін дейтін көзқарас қалыптастырды.

Екінші бір себеп, кеңестік үрдістен шыға алмаған, соның ықпалына ұрынған кейбір «дүмше» ғалымдарымыз, жыраулық, сал-серілік өнердің өрісін тым тарылтып жіберді. Көне дәстүрдің бастауын тым беріден (XV-XVI ғасырдан) шығарып, тереңге бойлай алмады. Мұндай көзқарасқа тосқауыл қойып, мұның тым ұшқары пікір екендігіне алғаш рет көңіл аударған Мұхтар Әуезов болды.

Ал әрі жазушы, әрі қазақтың жыршылық дәстүрін терең зерттеген тарихшы ғалым Мұхтар Мағауин жыраулық өнердің кемерін кеңейтіп, сонау X – XI ғасырларға теліп дәлелдегенін, тіпті одан да арғы дәуірге дейін апарып тастағанын жұрт жақсы біледі.

Үшінші бір себеп, теңіздей шалқып жатқан, ғасырлар бойы қалыптасып, адамзат өркениетінің шоқтығы биік арқауына айналған далалық мәдениетімізді, көне өнерімізді талапайға салғанымыз. Бәлкім, бұлай деуім, тым ұшқарылық болар. Жоғарыда айтқанымдай,





мен әдебиет зерттеуші емеспін, алайда сол әдебиеттің оқушысы, жанашыры ретінде өз пікірімді білдіруге толық құқым бар.


Қазақтың өзен-көлі, таулы алқаптары, байтақ даласы қандай біртұтас болса, оның өнері де біртұтас. Оған батыстікі, шығыстікі, арқаның мектебі, жетісудың мектебі де ат қойып, айдар тағып жатқанымыз әбестік. Бұл өз алдына бөлектенген «мектеп» немесе оқшауланған өнер емес. Мұны жалпы қазақ мәдениетінің ерекше бір ағымы, қазақтың ортақ өнерінен сусындайтын үлкен бір тамыры деуіміз әлдеқайда орынды. Осындай бір бөлектену, көрпені мүмкін болса өзіне көбірек тарту үрдісі өткен ғасырдың 50-60 жылдары көрініс тапты. Бұған «езуі қисық», жікшіл, рушыл ғалымдардың ықпалы да болмай қалған жоқ.

Сөйтіп қойды қуып әкеп қораға қамаған сияқты, бүкіл жыршы-жыраулық өнерді «сыпырып» алып Сыр бойына телідік. Ән-күй атаулыны қайырып-қақпайлап апарып Арқаның еншісіне бердік. Жетісуда бұрын-соңды ән салынып, жыр айтылмағандай, еншісіне айтысты апарып тықпаладық. Сонда бөліп алып, илеп жатқанымыз бір терінің пұшпағы екеніне ешкім мән бермегендей әсер қалады. Тіпті ғұлама ғалым Мұхтар Әуезовтың: «айтыс, жырау өнері қазақтың барлық жерінде бар. Бірақ ол тарихи жәйларға байланысты бір жерде бәсеңсіп, енді бір жерде өсіп-дамып отырады» дейтін көрегендікпен әрі сыпайылап айтқан пікіріне де мән бермегеніміз өкінішті. Халқымыздың ақындық, әншілік, жыршылық өнерін зерттегенде, оны әр жердің ыңғайына қарап емес, қазақтың біртұтас өнері тұрғысынан келу әлдеқайда тиімді. Олардың бір бірімен сабақтастығын, үндестігін, бірін бірі толықтырып, жаңғыртып отыратынын аша түскен абзал. Қолымызға тиген нәрсені үшке бөлгіміз, үшке бөлінгіміз келіп тұратыны қынжылтады. Осы зауалдан қашан құтылар екенбіз?

Салдары қалай болды? Осылайша ортақ өнерімізді бөлшектеп, мүшелеп-жіліктеп дәріптеудің нәтижесінде өнер адамдарының, әдебиетші ғалымдардың, тіпті жұртшылық арасында жоғарыда айтылған көзқарас қалыптасты. Содан бері адамдардың, жыраулық дәстүрді зерттеуші ғалымдардың бірнеше буыны ауысса да, жыршылық тек – Сырда, ән мен күй тек – Арқада, айтыс өнері тек – Жетісуда пайда болып, сонда дамыған дейтін пікір өзгеріссіз қалып қойды.

Қабан жырау, Сүйінбай ақын, жыр алыбы Жамбыл деп үкілеп, ардақ тұтқанымызбен, солардың төңірегіне үркердей топтасқан ақын-жыршылардың болмысы ашылмай қалды. Оларды айтыскер ақын,





суырып салма ақын, халық ақындары деп бөлшектеп, бөліп тастадық. Ал солардың дені таңды таңға қосып жыр төгетін төкпе ақындар болатын. Олар да жыраулық дәстүрден сусындаған. кеудесі күмбірлеген ақындар.

Тарихи оқиғаларға, уақыттың талабына сәйкес өмір де, өнер де өзгеріп отыратыны дәлелдеп жатуды қажет етпейді. Сол сияқты уақыт өте келе жыраулық өнер де өзінің бастапқы батырлық, жаугершілік сипатын өзгертті. Сонысына қарай жырдың көне түрі де, мақамы да өзгеріске түсті. Кей аймақтарда, әсіресе оңтүстікте ол - терме-жыр, төкпе жыр, желдірме жыр болып түрлене түсті. Қалай түрленсе де жыраулық өнер өзінің философиялық, абыздық, шешендік, ғұламалық ерекшелігін жоғалтқан жоқ. Жыраулық өнерден бейхабар адам, көп жағдайда өлеңді - жырмен, жыршыны – жыраумен шатастырып жатады. Жыршылық өнер мен жыраулық дәстүр деген бар. Екеуі екі мағынаны білдіреді. Жыршы – орындаушы, жырау – жыр тудырушы десек ұғынықты болатын сияқты. Әнші - орындаушы, сазгер - ән шығарушы деген сияқты.

Жыр дүлдүлі Жамбылды төңіректеген шәкіртері көп болды.

«Екейде елу бақсы, сексен ақын,

Жаратып мінеді екен ерттеп атын,

Қобызы, домбырасы үнін қосып,

Жын қаққандай шулайды кешке жақын» - деп Құлмамбет ақын айтқандай Жәкеңнің ауылы шын мағынасында өлең-жырдың ордасына айналған еді. Ұлы жыраудың ізін басқан, ең дарынды шәкірті Кенен болды. «Жырды төпелетіп, төгілтіп айтуды Жамбылдан үйрендім» дейтін.

Әнші Кенен, ақын Кенен, композитор Кенен дегенге құлағымыз әбден үйренгені соншалық, басқаша айтылған атауға жатырқай қарайсың. «Кенен жыршы-жырау» деген сөзге бойымыз үйренбей жүрген тәрізді. Болмаса, Кенен ақынның жыраулық дәстүрді жалғастырып, өзгеше рең беріп, бүгінге дейін алып келгені туралы қазір ғана айтылып жүрген жоқ. Мұндай пікірлер өткен ғасырдың 60-70-жылдары, мүйізі қарағайдай ғалымдардың, ақын-жазушылардың, әдебиетшілердің аузынан талай естілген жәй.

Мұхтар Әуезовтың ертеректе Жамбылдың жыршылық өнері жайлы айтқан мынадай ойтүйіні бар: «Жамбыл – тек өз шығармаларымен ғана емес, тарихи-әдеби зерттеу тұрғысынан да, өзгеге ұқсамайтын дара, оқшау, аса зор құбылыс. Ол фольклорды белгісіз, құпия (анонимные) ақындардың ғана творчестволық еншісі деп менсінбей, ен-





жар қарауға бағытталған буржуазиялық үйреншікті ұғымды қиратып отыр. Ол сондай-ақ ауызша және жазбаша, индивидуалдық поэзия деп әдеттегідей тарихи-әдеби бөлушілікті де қиратып отыр». Ғалымның бұл пікірі Кененнің де жыршылық өнеріне сай келеді.

«Қатар жанған екі жұлдыздың өз жарықтары бар, өз тарихтары бар. Сондықтан да халық поэзиясында Жамбыл – Жамбыл, Кенен – Кенен болып қалады. Ешкім Жамбыл бола алмайтыны сияқты, ешкім Кенен де бола алмайды». (М. Дүйсенов. ҚӘ, 1976 ж., 16 апрель).


Жырауды – данагөйлік, шешендік, күйшілік, жоғары парасаттық деңгейден көрінген тарихи тұлға деп қарайтын болсақ, Кенен де өзінің бүкіл ғұмырында осындай деңгейден көрінген ақын. Халқына оннан астам дастан, жеті күй, бес бірдей ауқымды жыр-толғауларын, «Ертөстік», «Көкетайдың асы», «Бұрынғы өткен батырлар» сияқты тарихи тақырыпқа арналған жырларын мұра етіп қалдырды. Кененнің «Көкетайдың асы» деген жыр-дастаны Қобыланды, Алпамыс жырларының үлгісінде жазылған ауқымды шығарма.

Мұхтар Әуезов кезінде Кененнің осы жыр-дастанымен танысып: «Бұл батырлар хикаясын шығыс халықтарының қай-қайсысы болсын жырлауы мүмкін. Өйткені ол кез – халықтың рудан жігі ажырамай бәрі бір тайпа ел болып жүрген кезі ғой. Бұл қырғыздың «Манасы» емес. Көкетайдың асын суреттеген жері аздап оқиға жағынан келеді. Ал жырлануы, сөз саптауы екі басқа.» деп ой түйген екен. (Б. Батырбекова, ҚӘ., 1974 ж. 26 апрель).

Қазақ халқының сонау ықылым заманнан бері келе жатқан жыраулық дәстүрін өз заманына лайықтап, өзгеше бояумен, жаңа мақаммен бүгінгі ұрпаққа табыс етіп отырған Кенен Әзірбаевтың жыршылық өнерде алатын орны ерекше. Ақынның батырлық аңыздар, қиял-ғажайып ертегілер негізінде шығарған іргелі жырларының ішінде «Төкетай мен Мәнікер», «Ер Төстік» жырлары ерекше орын алады. Бұл жырлар тақырыптық, мазмұндық сипатымен ақынның өзге жырларына қарағанда оқшау екендігіне фольклорист ғалымдар да көңіл бөліп, өз пікірлерін айтып кетті.

Кенен Әзірбаевтың 90 жылдық мерей тойы қарсаңында (1974 ж.) Қазақ ССР Ғылым академиясында ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған мерекелік жиын өткені мәлім. Мұл жиынның бір ерекшелігі сол, сирек те болса айтылып жүрген ақынның жыршылық өнеріне, оның өзгелерге ұқсамайтын жаңашыл ерекшеліктеріне кеңірек тоқталды. Осы бас қосуда филология ғылымының докторы Рахманқұл Бердібаев «Эпос сарыны» деген





тақырыпта баяндама жасады. Ғалым өз сөзінде Кененнің жырларына ерекше көңіл бөлудің, соның ішінде «Төкетай мен Мәнікер», «Ер Төстік» жырларына арнайы зерттеу жүргізудің қажеттігін баса айтқан еді. Сондағы көтерілген мәселелер жайлы жас ғалымдар Е. Естаев пен Ш. Сариеваның «Кененнің Ер Төстігі» деген мақаласында толық қамтылған. («Қазақстан мектебі» журналы, 1978 ж., №9.) Енді осы мақаланың ізімен ой сүзіп көрелік.


Р. Бердіқұлов өз баяндамасында осы жырлар ерекше тексеріп-зерделеуді қажет ететіндігін айта отырып, оның басты үш себебіне тоқталады. «Біріншіден, мұнда әрекет ететін қаһармандар қазақ пен қырғыз еліне ортақ кісілер, Манас батыр дәуірінің адамдары. Көкетай, Ер Қосай, Алмамбет, Ер Көкше. Екіншіден, балаларына қалыңдық іздеп, күнбатыста Ақжелек, күншығыста Көкжелек елдерінің арасын кезетін Төкетайдың жүрген жолы – Ертістен Қырымға дейінгі жерлерді мекендеген бір замандағы Алтын Орда империясының аймағын қамтиды. Үшіншіден, жырда қазақ ертегісінің әйгілі қаһарманы Ер Төстік Қырым елінің батыры ретінде көрінеді...Жанрлық жағынан алып қарағанда мұнда батырлық эпостың да, тарихи жырдың да, ертегінің де элементтері аралас келеді.».

Ғалымның осы дәйекті пікірінің өзі Кенен жырларының қаншалықты тарихи мәні бар екендігін аңғартады. Тек жыраулық өнер үшін ғана емес, қазақтың көне тарихын зерделеу үшін де аса қажетті мағлұмат көзі екендігін білдіреді.

Ажалдан қашып жер асты елінде жеті жыл болған Ер Төстіктің басынан өткен шырғалаңы, сол елді қорғап жауына ойран салған ерекше батырлығы, ерен ақылдылығы жырдың негізгі тақырыбына айналған. Асырап алған әкесі қанша сұлуларды көрсетіп, айттырса да көңілі түспеген батырдың адами болмысы, еліне-жарына деген сағынышы уақыт өткен сайын артпаса, еш кеміген жоқ. Ақыры «әкесі» айтқан алып қарақұстың көмегімен жер үстіне қайтады. Ол үшін жыл сайын алып қарақұстың балапанын жұтып кететін айдаһарды өлтіріп, қарақұстың сеніміне кіреді.

«Яғни, Кенен бұл жолы да өзінің творчествосында айрықша орын алатын, азаматтықты, адалдықты, таза махаббатты ұрпағына үлгі етеді» деп түйіндейді ғалым. Осының бәрін асқан шеберлікпен, тартымды етіп жырлаған Кененнің кең тынысты, алысқа құлаш ұратын, дарынды жырау екенін айғақтап тұрған жоқ па. Осы тұста қазақтың ұлан-ғайыр тарихын зерттеп, ұлы ғұламасы атанған Әлкей Марғұланның мына бір тұжырымына жүгінсек деймін: «Қырда болған





ұлы оқиғалардың тарих бетіне ең алғаш түсуі біздің заманымыздан үш ғасыр бұрын, ежелгі Үйсін-Ғұн заманында болған. Бұл кез – тайпалардың ерлік заманы, жыр, ертегі, миф шығарудың басы. Ал жырдың ту бастағы геройлары – Көкетай, Ер Қосай, Ер Көкше, Ер Төстік, Ер Үбі, Ер Қараш, Манас, Алмамбет» дейді. Ұлы ғалымның осы сөздерінің өзі-ақ Кенен жыраудың тарихты тереңнен түйіндейтінін, көп білетінін, қайда құлаш ұрғанын аңғартып тұрған жоқпа.


Кенен ақынның 90 жылдық тойында сөйлеген шешендердің ішінде, адамзаттың Айтматовы атанған, қырғыздың ұлы жазушысы Шыңғыс Айтматов та болды. Ол сөзін былай деп қорытындылайды: «Кенен – представитель той плеяды акынов, творческие силы которых были отданы стихам и музыке. Вместе с тем он является одним из ярчайших наследников древней традиции эпических поэтов – жырау».

Қырғыздың Алатауынан биіктеп, көкке көтерілген жұлдызды алауынан таныған қазақтың ғұлама жазушысы М. Әуезов болса, соның қайырымы ретінде Мұхтарды «менің Ұлы ұстазым!» деп бас иіп өткен Ш. Айтматов болды. Екі ұлы дарынның қаламгерлік қарымы қандай ұқсас болса, көзқарасы да үйлесіп, бір-бірін толықтырып тұрғандай. Мұнысын, әлгінде ақын Кененге, жырау Кененге берген екі ұлы жазушының бағасынан да көруге болды.

«Алдыңғы толқын ағалар, соңғы толқын інілер» демекші Кенен Әзірбаевтың жыраулық өнері туралы аға буынның ойтүйіндерін біраз сөз еттік. Сол үрдістің жалғасы, толықтырушысы, жаңа көзқарастағы әдебиетшілердің көш басы М. Жолдасбеков, А. Сейдімбеков, Ж. Кәрменов сияқты ғалымдар болды. Солардың біразы қазір арамызда жоқ. Бірі әдебиет зерттеуші, бірі өнер зерттеуші ретінде көнені бүгінгімен жалғастырып, ақындық, әншілік, жыраулық өнерді бөліп жармай, бір бірімен сабақтастыра, үйлестіре отырып біртұтас қалпында зерттеудің үлгісін көрсетті. Сол үрдісті ары қарай дамытып, жыраулық дәстүрдің өрісін кеңейтіп жүрген С. Негимов, А. Алматов секілді ғалымдар шоғыры бар.

Әрі журналист, әрі жыршылық өнерді дәріптеуші ретінде талмай еңбек етіп жүрген Қошан Мұстафаның есімі әдебиет зерттеушілерге кеңінен таныс. Оның талмай ізденуінен болып жатқан «Інжу – маржан» атты радио хабары эфирге шыққанша елдің құлағы елеңдеп, асыға күтіп отыратыны жасырын емес. Кейде Қошанның бір өзі бір институттың жүгін көтеріп, тірлігін жасап жатқандай көрінеді. Өйткені аты әйгілі жырауларды былай қойғанда, есімдерін ел ұмытқан, атаусыз қалған ақын-жыршыларды тірілтіп, халқымен қайта табыстырып





жатқан азаматтың тірлігіне қалай сүйсінбейсің.

Кенен ақынның жырлары мен жыраулық өнері жайлы 8 хабар әзірледі. Әр хабардың өзіндік ерекшелігі бар, мағлұматтарға толы, мазмұнға бай, музыкалық көркемдеуі өте жоғары деңгейде. Осы хабарға талай ғалым, композитор, өнер танушы, әнші-жыршылар, ақын – жазушылар, музыканттар қатыстырылды. Кененнің жыраулық өнері жайлы талай-талай келелі пікірлер айтылды. Солардың ішінде түйінді сөз айтып, терең пікір білдірген, атақты жыршы, ұстаз Алмас Алматовтың айтқан уәжі, жасаған тұжырымы өте бағалы. Оның ой-түйіндері жоғарыда айтылған аға буын ғалымдардың пікірімен сабақтасып, жалғасып жатыр. Бүгінде Қазақ Ұлттық өнер университеті жанындағы Қорқыт атындағы өнертану ғылыми-зерттеу институтының професоры А. Алматовтың пікірін ой елегінен өткізіп көрелік.

«Біздің жыраулық дәстүр деп жүргеніміз, жыраулық өнердің мұрагер ұрпақтары арқылы ХХІ- ғасырға жетіп отыр. Бұл жыраулық дәстүрдің жоғалып кетпегенін, әлі тірі екендігін көрсетеді. Жетісу өңірі ғана емес, бүкіл қазаққа ортақ жырау Кенен Әзірбаев атамыздың ХХ- ғасырға мол мұрамен еніп, ұлан-ғайыр жыр, ән, әуен, мақам, саз жөрегіне орап мұншама байлық қалдыруы, біздің жырауларымыздың тірі екендігінің анық айғағы...

...Кенен атаның сол мол мұрасын халыққа жариялаған тұста ол кісінің тек композитор, орындаушы емес, бүтіндей жыраулық өнердің алтын тін, арқау жібін үзбей ХХ ғасырға әкеліп, қолымызға ұстатып кеткен абыз күйін көреміз. Кенен – Абыз жырау» дейді.

Өзі де сол жыраулық өнердің толқынында жүзіп, оны жан-тәнімен сезінетін, жыр айтудың әдіс-тәсілін бойына сіңірген ғалымның бұл пікіріне алып-қосатындай ешнәрсе таппайсың. Ақиқаты да осы.

Қазақта «ай ортақ, күн ортақ, қара жер ортақ» деген нақыл сөз бар. Соған қоса «елден шыққан ер ортақ, данадан шыққан сөз ортақ» деп те айтады. Жыршы-ғалым ойын сабақтай келіп: «...біз айтып отырған Қабан. Сүйінбай, Жамбыл, Кенен, Құлыншақ, Майкөт, Құлмамбеттер Жетісудан - Қаратауға қарай ұласатын селдей аққан ақындық, жыраулық өнер. Ол барып Сырға қарай жалғасып, Маңғыстау түбегі мен Алтай өлкесін, Сарыарқа даласын тұтастай қамтып, диірмен тастай төбемізде айналып тұрған тарихтың бір жәдігері. Тірі үні, тірі мақамы, салт әуені.» деп тереңнен алып, байыпты тұжырым жасайды. Демек, қазақтың көне өнері болсын, мейлі жаңа өнері бөлсін халық мұрасы, бәріне ортақ, тұтас қазына. Өнердің тұтастығын сақтау, елдің де тұтастығын сақтау деген сөз.





Жырауға тән біраз ерекшеліктердің ара жігін ашып, біршама пікірлер айтылды. Жырау синкретті, кәсіби, дара тұлғалық өнер шоғыры. Оның бойынан шешендік те, ұстаздық та, ойшылдық та, данагөйлік те көрініс табады дегенді әңгіме басында айттық. Кенен жыраудың осындай ерекшеліктерін оның өлең-жырларын оқып-ақ көз жеткізуге болады. Мәселен:

*«Ақылы жоқ арыстан,
Айға қарап шабынар.
Бозторғайға бақ қонса,
Бидайық, қыран бағынар.
Шымшық құсқа бақ қонса,
Самұрық келіп жалынар.*

*Арғымақ ат сілкінсе,
Алыс жолға шабылар»* - десе, бұл Кенен жыраудың тереңнен қозғап, мақал-мәтелдеп жеткізген көреген көсемдігі.

*«Ұры болар балаңды,
Түн қатқаннан танисың.
Шешен болар балаңды,
Тіл қатқаннан танисың.
Епті болар балаңды,
Ым қаққаннан танисың.*


*Сараң болар балаңды,
Зар қаққаннан танисың»* - деп толғанса бұл көпті көрген жыраудың өмірден алған тәлімі, өсиет-танымы, ұлағатты ұстаздығы деп ұғыну қажет.

*«Жүйрікті көп шаппасаң көсілмейді,
Жорғаны көп салмасаң төселмейді...
Су шығар қамысы көп, шилі жерден,
Сөз шығар естімеген үлгілі елден...
Сөз басынан тұнады,
Сөз ақылдан шығады.*

*Тезге салмай түзелмес,
Түрлі ағаштың бұраңы»* - дейтін аталы сөздері Кенен ақынның данагөйлік келбетін айшықтай түсетін сөз мақамы.

*Жауға барсаң бәрің бар,
Дауға барсаң бірің бар...
Дәлелсіз сөз қыр асырмайды,
Өтірік сөз бұра бастырмайды...
Ел ұрысыз, жер бөрісіз болмайды,*





Шаруа түбі кеніш,
Сауда түбі борыш...
Ердің көңілін сақта,

Лебізін сатпа» - деген өлең жолдары мағынасы кең, терең ұғымды білдіретін шешендік сөздер. Демек, Кененнің шешендік ерекшелігін айқындап тұр. Сөйтіп, «Кенен жырау ма? деген сұраққа ғалымдар, әдебиетшілер, өнер адамдары бір ауыздан «болғанда қандай!» деп жауап береді. Оған бәріміздің көзіміз жетіп отыр.

Қорыта айтсақ, Кенен жыраулық дәстүрді жалғастырушы ғана емес, оны асқақтатып, замана ерекшелігіне орай түрлендіріп, ерекше әр берген ақын. Халқымыздың көне өнерін жандандырып, алдағы талай ғасырларға жол сілтеген самғауы биік арқалы жырау. Өйткені жыраулық өнер жасампаз әрі мәңгілік. Ол да уақыттың құбылуына, заманның талабына қарай түрленіп, жаңғырып, өзгеріп тұрады.

САЛ-СЕРІНІҢ СОҢЫ

Қазақтың классик жазушысы, көркем сөздің зергері атанған Ғабит Мүсірепов ақынның өмір жолы туралы түсірілген деректі фильмде Кенен Әзірбаевтың дарынды ақын, күміс көмей әншілігі жайлы айта келіп, «еуропа халқында соңғы могиқан деген ұғым бар. Сол сияқты Кенен де қазақтың сал-серісінің соңы, соңғы тұяғы» деген пікір айтты. Жазушының бұл сөзі кімге болса да ой салатыны даусыз. Сал-сері дегенде ойымызға ең алдымен ерекше үлгіде киінген, бөркіне үкі тағып, домбырасы күмбірлеген дауылпаз ақындаркелетіні сөзсіз. Көз алдымызға асқақтада ән шырқаған Біржан салдың, көктегі аққуға үнін қосқан Ақан серінің бейнесі тұра қалғандай болады.

Сал-серілік өнер кейбір ұшқары ойлайтын ғалымдар айтқандай Біржан мен Ақаннан бастау алмайды. Оның шығу тегі ықылым заманнан басталады. Ғұлама ғалым Ө. Марғұланның пайымдауынша сал-серілік дәстүр де жыраулық өнер секілді өзінің бастауын тым алыстан алады, біздің заманымызға дейінгі үшінші-бесінші ғасырға иек артады.

Сол дәуірдегі жаугершілік кезеңге орай сал-серіліктің ол кездегі сипаты, мәні-мазмұны өзгеше болуы да, тіпті өзгеше аталуы да мүмкін. Ол батырлық, жаужүректік, қаһармандық сипатта көрініс тапты. Көзсіз батырлар, құралайды көзге атқан мергендер шықты. Найзасын көкке білеген апайтөс баһадүрлер жекпе-жекке шығып күш сынасты.





Бұл бір жағынан өзінің күш-қайратын көрсету болса, енді бір тұрғыда жауының мысын басу үшін жасалған әрекет еді. Мұның өзі жалаң ерлік қана емес, үлкен парасаттылықты, керек кезінде қас жауын да көшіре білетін кең ұғымды білдіретін.

Бүкіл еуропа жеріне алапат дауылдай жеткен көшпенділер өзімен бірге осындай далалық мәдениетін, салт-дәстүрін, өмір салтын ала барды. Бүгінгі таңда адамзат тарихына үлкен серпіліс беріп, жаңа бастау болып қосылған «дала өркениеті», «көшпенділер мәдениеті» дейтін пайымдаулар адамдар санасына енді-енді жол тартты. Қайта зерттеліп жатыр.


Еуро-Азия кеңістігінде көсіліп жатқан кең байтақ даламыздың тарихы тым тереңде. Сол кеңістікте мыңдаған жылдар бойы тірлік құрып келген көшпенділердің тарихи мұрасына, біз сөз етіп отырған «сал-серілер» ұғымы да кіреді. Бүгінде еуропада қалыптасып қалған «джентльмен», «рыцарлық», «витязь» деген ұғымдар, термин сөздер, көшпенділер дәстүрінің бір көрінісі. Бұл жайлы алысқа бармай-ақ, сол дәуірде өмір кешкен ғұндардың тарихына, Әділ патша (Аттилла) жайлы жазылған деректерге көз жүгіртсеңіз болғаны.

Замана талабына орай, көне дәстүрлер де өзгеріп отыратыны ақиқат. Ендігі жерде сал-серілік дәстүр де өзінің бастапқы жаугершілік мәнінен ауытқып, басқаша мән-мағынаға ие болды, өзгеше сипат алды. Көшпенділердің тұрмыс салтындағы жоғарыда айтылған құндылықтар, ендігі жерде «жомарттық, мәрттік, батырлық, азаматтық» деген ұғымдарға келіп ұласты. Уақыт өте келе, халқымыздың осы дәстүріне ақындық, әншілік, жыраулық өнері келіп қосылды. Сөйтіп, сал-серілер дәуірі басталды.

Сал-серілік өнерді түсін-түстеп, тереңнен зерттеп, түгестік деу әлі ерте. Оның әлі беймәлім, ашылмай жатқан тұстары жетерлік. Кімді «сал», кімді «сері» деп атаймыз? Олардың айырмасы қандай, тіпті басқа ақындардан өзгешелігі қандай? - сұрақтар кімді болса да қызықтырады. Бұл тұрғыда, жан-жақты зерттеуді, «салдық» пен «серіліктің» ара жігін ғылыми зерделеп тұжырымдауды ғалымдардың үлесіне қалдырғанымыз жөн болар.

Ғылыми деректерге, сондай-ақ қазақ энциклопедиясының түсініктемесіне жүгінсек «сал» деген сөзге бірнеше анықтама берілген. Бірінде, «сал» ұғымы суда жүзетін, ағаштан құрап жасалатын көлік ретінде айтылады. Енді бір тұста адам миының зақымдануы салдарынан адамның бар мүшесі қимылсыз, қозғалмай сал болып қалады дегенге саяды. Әйтсе де, соңғы пікір «сал ақын» деген ұғымға жақын





келетін сыңайлы. Мәселен, «сал ақын» ауылға келгенде, оны атынан көтеріп алып, аяғын жерге тигізбей төрге апарып отырғызу дәстүрі кешегі Біржан салға дейін жетті. Бұл ең алдымен ақынға көрсетілген үлкен құрмет болса, енді бірде, алыс жол жүріп жолсоқты болған ақынның қол-аяғы ұйып қалды, қимылсыз қалды дейтін мағына беретін секілді.


Әдебиет ғылымында сал-серілердің шығу типі, тегі, генедесі деген ұғымдар бар. Бұл жөнінде жалпылап болса да өз пікірімізді жеткіздік. Ал олардың ән тақырыптары, репертуарлары, басқа ақындардан айырмасы деген сауалға мынадай түсінік беруге болады. Ең алдымен сал-серілік өнер синкретті, бірнеше өнердің басын қосатын дәстүр. Демек, сал-серінің бойында әншілік те, ақындық та, суырып салма айтыскерлік те, әртістік те бірге тоғысуы қажет.

Бұдан басқа сал-серілер парасаттылықты, адалдық пен ақиқатты, таза махаббат пен асқақ сезімді, сұлулық пен өмірге деген құштарлықты жырлайтын өнер иесі. Оның репертуары кең, мазмұны сан алуан болып келеді. Қайғысы да, өкініші де, асқақ сезімі де, махаббаты да бір жерге тоғысып, әсем әнге айналады. Осы тұрғыдан келгенде Кененнің «Көкшолағы» - Ақанның «Құлагерімен», «Базар - Назары» - Біржанның «Теміртасымен», «Қос қалқасы» - Естайдың «Қорланымен» үндесіп, үйлесіп тұрғандай көрінеді.

Сонау қырықыншы жылдардан бері Кененнің әндерін үзбей зерттеп, нотаға түсіріп, жинақтап келе жатқан атақты музыка зерттеуші Борис Ерзаковичтің мына бір пікіріне жүгінсек: «...творчествосының бағыты, музыкалық өнерінің жарқындығы жағынан қарағанда Кенен музыкалық мәдениет қайраткерлерінің даңқты тобына жатады. Күміс дауысты Кененнің репертуары өте бай. Ол тек өз халқының әндерін ғана емес, орыс, украин, татар, грузин, қырғыз әндерін де шебер орындайды. ...Әншінің бірқатар әндері мен күйлерін Қазақстан композиторлары өздерінің опералық, балеттік, симфониялық шығармаларында пайдаланды.» деуі жоғарыда айтылған ойымызды толықтыра түсері хақ. («Жұлдыз» журналы, 1959 ж., №7.)

Расында, әнші Кенен, ақын Кенен, сері Кененнің бұл ерекшелігі әлі зерттеуін күтіп жатқан мол дүние. Сал-серілер өнерін, сал-серілік дәстүрді зерттеп-зерделеп жүрген ғалымдардың Кененге тек ақын-әнші тұрғысынан қарамай, оның шығармашылығына кеңірек үңілсе, тұнып жатқан сал-серілік өнеріне көңіл аударса деп тілек айтамыз. «Мен ән салудың, әсіресе ат үстінде тұрып өнер көрсетудің тәсілдерін





Балуан Шолақтан, айтыскерлік әдісті Сарыбастан үйрендім» дейтін. Кенен Біржан салды да, Ақан серіні де көз тірісінде көрген жоқ. Бірақ олардың атақ-дабысы Алатауға да жетіп жататын. Асқақтаған әндеріне қарап, «қырандай самғаған неткен еркіндік, қазақтың дала-сындай неткен кеңдік деп тамсанатын едік. Біржанның да, Ақанның да әндерін Жетісуға әкеп табыстаған атақты Балуан Шолақ еді» дейтін. Кейін Шолақтан үйреніп қалған сол әндердің таратушысы Кенен болды.

Қазақтың атақты ақыны Әбділдә Тәжібаевтың: «Кенен жылатамын десе – жылататын, күлдіремін десе – күлдіретін құдыретті ақын» дегені бар. Айтса айтқандай-ақ Кененнің үнінде адамды елітіп, ертіп әкететін тылсым күш бар екенін өнердің шашбауын көтеріп жүргендердің бәрі мойындайды. Ақын:

«Базарым-ай, Назарым-ай!

Отбасында күл шашарым ажарым-ай!

Базарым-ай, Назарым-ай!

Қу шешектен болды сенің ажалың-ай!

Жалған дүние салдың күйге,

Омырауымнан үзіліп түсті екі түйме!» - деп бозінгендей боздаған ақынның сөзіне жүйкесі мықты деген адамның өзі басын төмен салып, көзіне жас алады.

Ал тұрпаты кісі күлерлік, өзі қыршаңқы, қабырғасы ырсиған арықтығына қарамай басы қатты, көткеншекттей беретін Көкшолағына налып, кейіген өлеңі қандай?

«Жылдам жүрші, Көкшолақ,

Шапшаң жүрші, Көкшолақ,

Олай жүрші, Көкшолақ,

Былай жүрші, Көкшолақ,

Жамандатқыр, Көкшолақ,


Арам қатқыр, Көкшолақ,

Мені құртқан, Көкшолақ».

Ақын ән салумен қоса, қиқар атын тебініп, әбден діңкесі құрыған адамның қимылын айнытпай салады. Мұны көрген адамдар күлкінің астында қалып, тап сол Көкшолақтың үстінде өзі отырғандай әсер алушы еді.

Шындыққа жүгінсек, әндерінің сан-алуандығы, әуезділігі, тақырыбының көптігі, эмоциялық әсерінің күштілігі жағынан халық композиторларының ішінде, тіпті арнайы музыкалық білімі бар қазақ композиторларының ішінде Кененге теңесетіні жоқ.





Сал- серілерге тән ерекшеліктер: өмірге деген құштарлық, сүйіспеншілік, сұлулыққа (қас сұлу, жүйрік ат, көркем дүние) деген ішкі сезімі, ынтызар көңілі. Мұның бәрі сал-серінің жан дүниесін елітіп қана қоймайды, маржандай тізілген сөзге, әуезге, сазға айналып, ақыр соңында ғажап ән болып қалықтайды. Олардың табиғатқа, көңілін селт еткізер әуенге, әсем әнге деген құштарлығы ерекше. Атақты жазушымыз С. Бақбергеновтың сөзімен айтқанда: «Кенен көктемде бұлбұл үнін қандай сүйіп тыңдаса, бозторғай шырылын да сондай сүйеді. Оның өз айтуынша, бұлбұл көктемгі орман-тоғай, гүл әншісі болғанда, бозторғай – дала әншісі.». («Соц. Қазақстан» газеті, 1964 ж., 1-май.)

Осы аты аталған, әрі әнші әрі киелі екі құс та Кенен ақынның өмірінен, әншілік өнерінен ерекше орын алады. Өйткені Кененнің атын кең байтақ қазақ даласына жайып жіберген «Бозторғайы» болса, бүкіл қырғыз-қазаққа әйгілі етіп, даңқын шығарған «Бұлбұл» әні болатын. Ертелі- кешқой соңында жүрген қаршадай бала Кенен, «Бозторғай шырылдайсың жерге түспей, мен жүрмін кешке дейін тамақ ішпей» деп бозторғайға мұңын шақса, орда бұзар отыз жасқа келген жігіт Кенен, «Ей, бұлбұл, сен де бұлбұл, мен де бұлбұл, қаңғыртқан екеумізді патша құрғыр» деп бұлбұлға сырын айтады. Тап осы тұста «Қараторғай ұштың зорға-ай, бейшара шырылдайсың жерге қонбай» деп қоштасқан Ақанның «Қараторғайы» еске түседі. Бұл жәй кездейсоқтық емес. Бұдан біз сал-серілердің дәстүр жалғастығын, үндестігін, сабақтастығын көргендей боламыз.

Сал-серілік өнерді көнеден бастау алатын, тамырын тереңге жіберген алып бәйтерекке ұқсатсақ, осы өнердің төңірегінде шоғырланған ақын-әншілерді сол дарақ ағашының бір-бір бұтағы деуге әбден болады. Сонау бір заманда қазақ даласын әнімен де, жырымен де тербеткен Ақан сері, Біржан сал, Жаяу Мұса, Дәурен сал, Мәди, Әсет, Мұхит, Естай, Балауан Шолақ, Ғазиз, Майра сынды серілер, жезтаңдай әншілер өтті. Жазушы С. Бақбергенов: «Кенен сол серілердің, сол әнші-салдардың, сол жез таңдай бұлбұлдардың, майталман жүйрік боз тарландардың ең соңғысы, солардың алып бір бұтағы, сал соқты болған емендей қатты бір тармағы боп көрінеді» дейді. Бұған қосарымыз, Кенен солардың бір бұтағы ғана емес, сал-серілік өнердің асқар шыңына шығып, шашасына шаң жұқтырмайтын жүйріктердің рухын асқақтатқан, өзінше өрнек қосып, жаңаша үлгісін көрсеткен қайталанбас өнер иесі.





Сал-серілердің бойындағы ерекше қасиеттер, олардың поэзиясына да өзгеше рең беретіні рас. Сал-серілер поэзиясының негізгі бағыт-бағдары көп ретте өмірге құштарлық, жастық дәурен, құс салу, серуен құру, махаббат тақырыбы болып келеді. Кенен құс салып, серуен құрмаса да, (оған заманы сай келмеді) осы тақырыптың қай-қайсысының өресінен шығып, небір тамаша әндерін шығарды.

Отыз екі жасқа енді толған жас серінің алмағы, асар биігі көп еді. Амал не? Дүниені дүр сілкіндіріп келген кеңес дәуірі ақынның жан дүниесін, дүние танымын, өмір сүріп отырған ортасын да төңкеріп тастады. Кенен болса көне өнерден қол үзіп, ғасырлап келе жатқан ақындық, жыраулық, сал-серілік дәстүрден бөлініп, оқшау қалғандай күй кешті. Ендігі жерде көненің бәрін күйретуді көздеген саясаттан сыналап жол табу, тыңнан түрен салу қажет еді. Кенен солай істеді де, киелі өнер алдындағы ақындық та, азаматтық та борышын абыроймен ақтап шықты.

Албырт бозбала шақтың өзіне ғана жарасатын қызығы болады. Ол алғашқы сезім, беймаза көңіл, алғашқы махаббат. Кенен де жалын атқан жастық шақтың бесігінде тербелді, алабұртқан ғашықтық сезімді бастан кешірді. Жанын тербеп, жүрегін тулатқан балауса махаббатын кезіктірді. Ол атақты Мөртай сұлу еді. «Тал бойында тарыдай бір мінің жоқ, тоты құстай түрленіп туарсың ба, Мөртай-ай!» деп махаббат сезімін жайып салды.

Кедейлік пен жоқшылық қолын байлаған сұрқия заманда сүйгенінді алу, көңіл қалаған адамыңа қосылу мүмкін емес. Ақыры солай болды да. Замананың қысастығына көңгісі келмеген, ер мінезді бозбала Кенен Мөртайды алып қашады. Бірақ ол әрекетінен ешнәрсе шығара алмайды. Өйткені кімді болса да басып-таптап үйренген озбырлар, кесек сөйлейтін, кесапаты көп бай-шонжарлар бұған қайтіп жол берсін. Өзінің жеке басынан гөрі елдің тыныштығын, ағайын арасында жік тудырмауды ойлаған албырт Кенен бұл райынан қайтып, Мөртайды еліне қайтаруға мәжбүр болады.

«Сен де арманда, Мөртайжан, мен де арманда,


Екі ғашық қосылар заман бар ма?

Қалың малға сатылып сен кеткенде,

Зар еңіреп мен қалдым, амал бар ма? - деп күңіреніп қала берді.

Бұл енді қатыгез, өктем заманның ащы шындығы ғана емес, сол дәуірдегі Кенен секілді өнерпаз адамдарға жасалған қиянат, өнердің жолын тұмшалап, қанатын қию деп түсінген дұрыс шығар. Мұндай трагедия сал-серілердің өмірінде көптеп кездеседі. Бұған дәлел





ретінде солардың «Мөртай сұлу» әніне үндес, тақырыптас ғажап туындыларын айтсақ та жеткілікті.


Ақынның өзімен 55 жыл өмір кешкен жұбайы Насиха шешемізге арнаған өлеңі де, әні де бар. Он алтыдан енді ғана асқан көзі ботадай, үнемі күліп жүретін. мінезі ақжарқын қызға ақының құлай ғашық болғаны, оның әрбір өлең жолдарынан, әуенінің нәзіктігінен сезіліп тұрады. Бұл ақынға тосыннан бере салған сый емес. Кенен тап осындай жар сүюді «сабау қамшы, салт атты Кенен» атанып жүрген кезінде-ақ армандаған.

Адам нені қиялдамайды дейсіз. Алайда оның бәрі шын мәнінде жүзеге асып жатпайды. Мөртайдан қапы қалған Кененнің, ширек ғасырдан соң тап сондай, өзі армандағандай сұлуға жолығуы адамға ерекше ой салады. Бар ықыласымен құлай сүйген Мөртайға қандай ән шығарса, Нәсихаға да одан бір кем түспейтін әнін арнады. Мөртай өмірден ерте кетсе, Нәсиха ғұмырының соңына дейін қасында болды. Қайғы-мұңын, өмірдің қысастығын, қуанышы мен шаттығын бірдей бөлісті. Сері Кененнің көңілі алдамаған екен. Ару қызға, қызғалдақтай алаулаған арман қызға деген сезімін өнге айналдырды. «Нәсиха» аталатын ән Қордай тауын жаңғыртып, көкке әуелеп, алысқа жол тартты.

*«Қасың менен қабағың керіліп тұр,
Шолпы таққан қара шашың өріліп тұр...
Күн түседі күлгенде маңдайыңнан,
Бал тамады сөйлесең таңдайыңнан.
Ұлар ең Ұлытауды мекендеген,
Таңдап тапқан қыздардың талайынан».*

Арғы-бергі сал-серілердің өміріне көз жүгіртсеңіз сұлулыққа, сұлу қызға ғашық болып, қол созған арманына жете алмай шерменде болған жәйлары көп. Солардың жүрегінен туындаған мұңлы әндер де, асқақ әндер де жетерлік. Мұхиттың «Зәуреш», Біржанның «Ғашығым», Ақанның «Сырымбет», Балуан Шолақтың «Ғалия», Жаяу Мұсаның «Сұрша қыз» атты әндері осындай сипаттағы туындылар. Мұның бәрі қолға түспей, ұстатпай кеткен, орындалмай қалған армандар. Ал Кененнің арманы орындалды. Сүйгеніне қосылып, тоқсан жыл бірге ғұмыр кешкен, көсем бәйбіше атанған Нәсихасымен алтын тойын тойлаған Кенен сияқты ақынды сал-серілер тарихынан іздеп таба алмайсыз. Халық оны бақытты Кенен, армансыз Кенен дейтіні сондықтан.





«Менің абыройым асқақтап, атағым шығып жатса, әндерім шырқалып Алатау асып жатса, тоқсанға келіп торғынға бөленіп жатсам, осы шешелеріңнің арқасы. Мұндай жан әйелдер арасында сирек кездеседі. Қадірін білген соң айтып отырмын. Аналарыңды ардақтай біліңдер» дейтін. Онысын жәй ғана айтып қоймай, ән-жырына қосып та кетті:

*«Қабағының жазығы-ай!
Пейілі елге азық-ай!
Жүрегiнiң тазасы –ай!
Көршi тату, жекжат мәз,*

*Әрбір ісі тамаша-ай.
Ала көйлек, ақкөңіл,
Алақан ашық, кең пейіл.
Ағайын мен абысынға,
Көрсетпеген бір зейіл.
Нәсиқаға теңеу жоқ,
Бұл сөзімде желеу жоқ.
Қабағы ашық жазығым,
Нәсиқа алтын қазығым»* - деп түйіндейді қарт ақын.


Ақынның баянды махаббатынан, өмір тәжірибесінен туған ақыл-нақылдары, өсиет сөздері көп-ақ. «Әйелің жақсы болса атың байлар, шапылдап жаман болса отынға айдар», «Әйелі жақсы жігіт қажымайды, сұрланып, өңі қашып налымайды», «Әйелің жаман болса қатар сілең, отбасы күнде-күнде әуре-сүрең» дейтін өлең жолдары жәй ғана айтыла салған жалаң ойлар емес, өмірден көргенін санасында шыңдап, ақыл елегінен өткізген асыл дүниелер.

Ағайын-туыстың, дос-жаранның алдында қадірің болмаса сен де бір, ішінде дәні жоқ кебек те бір. Соның бәрі түптеп келгенде әйелдің қолында. Ақынның бұл сөзі әйелге табыну емес, анаға, құдай қосқан қосағыңа деген құрмет, адал көңіл. Бұл сөздің түйінін Кенен ақын бір шумақ өлеңіне сиғызып айтып кетті:

*«Жақсы әйел жұрт алдында жасытпайды,
Сабырлы, салмақ сақтап асықпайды.
Алғаны ер жігіттің жаман болса,
Достарың, ағайының қашықтайды».*

Сал-серілердің көбірек баратын, әндеріне арқау етіп алатын тақырыптарының бірі жастық дәурен, өмірге құштарлық сезімі. Бұл тақырыпқа Кенен де біраз әндер шығарды, өлең етіп қалдырды.





Ақынның «Болсайшы», «Аулынан ғашық жардың аттанарда», «Қайран жастық», «Жастық дәурен қайдасың?» дейтін туындылары көзден бұлбұл ұшқан жігіттік дәуренді, енді қайтып келмейтін қызығы мол қызғын шақты еске түсіретін, адамның сағынышын оятатын кәусар дүниелер. Бір ғана «Аулынан ғашық жардың аттанарда» деген өлеңінде қаншама адами сезімдер тоғысып жатыр. Мұнда қимастық, шабыттану, сағыныш, арман, өкініш, тамсану сезімдері қамшының еріміндей жымдасып, үйлесіп тұр. Бірер шумағын оқып көрелік:

*«Керіліп кер маралдай көзі күліп,
Жұмбағын жүрегімнің өзі біліп.
Жаудырап қоштасарда қараушы еді,
Жаныма көктем нұрын сезіндіріп».*

Бұған не дейсіз? Іштей сүйсіну, ғашық жүректің лүпілі, жаудырап қараған сұлуға деген қимастық сезімі төгіліп тұрған жоқ па. «Өніне ғашық жардың шырқап салсам, тау-тастың жаңғырады ылди-өрі» дейді шабытына кірген сері. Енді бірде: «Сый қандай, мінез қандай, сымбат қандай, ойласаң арзан қандай, қымбат қандай?» деп ақын өзінің таңданысын, тамсануын жасыра алмайды. «Қалайша, жастық дәурен келгем білмей, арқырап ағып өткен желмен бірдей» деуі қызғын шақтың, серілік дәуреннің қас қағым сәтте өте шыққанын аңғартатын ақынның өкініш назы.

Гүл-гүл дәуреннің қайта келмесін біле тұра, жастық шағын аңсап, армандауы Кенен секілді көңілі сергек, сері адамға жат емес, жарасымды мінез. Онысын ақынның өзі де сезінеді. Өткенді қайтарып әкеле алмайсың. Өкініштісі, ақын соның бәрін еске алады, қимайды, сағынады. Бірақ уақыт меңіреу, тіл қатпайды. Оның түйіні мына бір шумақ өлеңде жазылған:

*«Шіркін-ай, қайта келсе жастық дәурен,
Көзіңнен бір-бір ұшқан өткен әурен.
Қасыңа қартайғанда бір келмейді,
Кетпейтін төңіректен талай сәулең».*

Кәрілікке мойынсұнбаудың бір жолы – жастықты аңсау. Бұл қайта жасару, келсін-келмесін сақал, шашыңды бояп, ерсілікке бару дегендік емес. Табиғаттың, тау-тастың, көгілдір аспанның көркемдігіне, адамдардың жан сұлулығына көз суартып, көңіліңді қайта түлету деген сөз. Кебекбай шешен айтқандай, әр кезеңнің өз қызығы, өзіне жарасымды сипаты болады. Сондықтан: «Жастығыңды – кәрілікке, кәрілікті – жастыққа зая қылма» дейді. Бұл ойымызды Кенен серінің «Жастық дәурен, қайдасың!» дейтін өлеңі айшықтап, айғақтай түседі:





*«Қартайғанда, жантайғанда,
Ойға түсер қайдағы.*

Тау-таудағы, сай-сайдағы,

Жастық дәурен ойнағы.

Той-тойдағы, қыр-ойдағы,

Жастық шақтың айғағы» - деп өткенді есіне түсірген ақын, «қыра-қыртқыл, жыра-жыпқылға» тығылып, «қой күзеткен, бақан тепкен» кез қайда? «Шолпы таққан, сылдыр қаққан, ән шығартқан қыз қайда?» дейді. «Тың тыңдайтын кемпір-шалдар» қайда? «Құрып қақпан, бұғып жатқан, асыр салған біз қайда?» деп шарқ ұрады. Адам қанша жасаса да, көңілі жас. Өзіңді қанша өрге сүйрегенмен, жас дәурен қайтып келмейді. Бұған торығып, қайғырып жатқан ақынды көрмейсің. Өйткені ол өмірге құштар, сұлулыққа ғашық сері ақын. Менің қолымнан келетіні мынау ғана, дегенді әдеппен білдіреді:

Соның бәрін тірілтемін,

Оңашада мен деген.


Аңсап соны жүре берсем,

Шыққанша жан кеудеден».

Кенен серінің «Тік шырқау» әні. Әннің атауы айтып тұрғандай «Тік шырқау» десе тік шырқалатын ерекше ән. 25-30 жас аралығында шығарған Кененнің бұл әні жастық шаққа тән әр мінезімен, шырқау биіктен төмен құлаған сарқырама тәрізді екпіндете салынатын туынды. Бұған биік үн, кең тыныс қажет. Әншілердің жүрегі дауалай бермейтін, шоқтығы биік, асқақ ән. Өзінің айтылу мәнеріне қарай, Мұхиттың «Зәурешін», Әсеттің «Кіші Ардақ», Балуан Шолақтың «Ғалия» әндерін еске түсіреді. Бұл әннің өн-бойынан шымырлап жатқан жастық қуатты, ауыздықпен алысып дес бермейтін асаудың екпінін, еркіндігін сезінесіз. «Тік шырқау» әнінің тағы бір ерекшелігі оның әуенінде, музыкалық құрылымында әншінің жанынан қосқан соны элементтер көп. Кененнің импровизациялық (жаңашылдық) пәрмені тап осы әнде бірден көзге түседі.

Әдетте, қазақ әндерінің табиғатында негізгі ой, музыкалық екпін өлеңнің негізгі шумақтарынан көрініп, ал ән қайырмасы сол ойдың, әуеннің жалғасы іспеттес, көркін келтіретін қосымша элемент ролін атқарады. Ал Кененнің «Тік шырқауында» бұл заңдылық түбегейлі өзгеріске ұшыраған. Мәселен:





*«Тік шырқауға шырқайын шырғақтатып,
Асқақ әнге салайын ырғақтатып.*

Оу, ұрия-ай, дүние-ай, қызық-ау, қыздар-ай! - деп даусын биіктен алып, асқақтата шырқаған әнші, осы үш жол өлеңнен кейін, бірден әннің қайырмасына көшеді. Қайырма деп отырғанымыз екпіндете айтылатын терме-өлең. Әннің сипатына терме, төкпе жырдың элементтерін кіріктіріп айту деген бұрын-соңды болмаған тәсіл. Бұл Кенен серінің ән өнеріне енгізген үлкен жаңалығы.

*«Қыз мінген қызыл аттың жүрісіндей,
Кетейін бүлкілдетіп, сырғақтатып,
Төрт бөліп түн ұйқысын жортқан жігіт,
Жүрмей ме шартараптың дәмін татып.
Сұлу қыз түлкі болып төстен қашса,
Ер жігіт қырандайын алсаң қалқып.
Шіркін-ай, дүниенің қызығы сол,
Қалқаңды аулақ жерде сүйсең жатып».*

Сал-серілер поэзиясында фольклорлық элементтер жиі қолданылады. Оның құрылымы да өзгеше. Ұйқастық жүйесі көп жағдайда сегіз буынды, он бір буынды болып келеді. «Қыз» сөзіне саналуан баламалар, теңеулер тауып оны асқан шеберлікпен әнге жымдастырып қолдану сал-серілердің көнеден келе жатқан тәсілі. «Қыз емес, қыздың аты қызыл асық» демекші, сұлу қызға, жүйрік атқа, топшысы мықты құсқа арнап айтылған қаншама теңеу-баламалар бар. Мұндай салыстырулар Кененнің әндерінде де молынан кездеседі. «Кер маралдай керілген», «шырмауықтай бұралған», «тотықұстай түрленген», «бұлбұлым, сандуғаш» дейтін балама ұйқастар осының айғағы.

Сері Кенен «Тік шырқау» әнінде сұлу қызды бұлаңдаған қызыл түлкіге баласа, ер жігітті көктен сорғалап келіп түлкі ілетін қыранға теңейді. Дүниенің бар қызығы, сүйгеніңмен оңаша қалып сырласуда, шер тарқатып мұңдасуда екенін шеберлікпен жеткізеді. Жас жігіттің қырандай тегеурінін, екпінін сезгендей боласыз.

«Қамысты терең көлдің сұқсыры едің,

Бір күні ақиыққа алдырарсың» - деп «тәкаппар» ерке қыздарға ескерту жасайды. (Реті келгенде айта кеткен жөн болар. Кенен ақынның 1977 жылы, «Жалын» баспасынан жарық көрген «Бозторғай» деген әндер жинағында «сұқсыры» деген сөз «сұңқарлары» боп басылып кетіпті. Сұқсыр деген қамысты көлді мекендейтін үйректің бір





түрі. Өзі сүйкімді, әдемі, шапшаң жүзетін сұлу құс. Оны қолға түсіру өте қиын. Ақынның айтпағы осы).

«Бір күні ақиыққа алдырарсың» десе, қайда қашсаңда құтылмайсың, ақыры бір қолға түсерсің дегенді аңғартады. Сері жігіт бұл жерде өзін ақиыққа теңеп отыр. Алып ұшқан қыран көңілін, алабұртқан жастық сезімін жасырмайды. Ендігі бір тұста: «Кез болған кенедейін сұлу қыздар, көңілімді қайтып менің қалдырарсың?» деп қыздардың өзіне бағыштап төтеден сұрақ қояды. Мұндағы «кенедейін» сөзі, ертең-ақ кенедей жабысып қыр-соңымнан қалмай қоясыңдар деген жас жігіттің өр мінезін танытады. Ақыр соңында:

«Қоймасаң бұл мінезді, сұлу қыздар,

Біреуді көлеңкеңде талғысарсың.

Қоймасаң бұл сәулетті ару қыздар,

Кеудемді оттай менің жанғысарсың» - деп асқақтайды.


Жалпы жоғарыда айтып кеткеніміздей, Кененнің сал-серілік өнерін, сол дәстүрдің ықпалымен шығарған әндерін саралап, жан-жақты зерттеу әлде қашан толғағы жеткен дүние. Кенен сал-серілік дәстүрдің жалғастырушысы, сал-серілердің сарқыты деп бекер айтылған жоқ. Оның ән-өлеңдерін, жеке өмір жолын былай қойғанда, жеке басындағы адами болмысы, ер жігітке тән мінез-құлқы, іс-әрекетінің өзі осындай ойға жетелейді.

Ақын – өзін-өзі таза ұстайтын, сыпайы, сұңғыла адам. Бойы сұңғақ, аруана көз, көрікті болған. 1937 жылы Жамбылды ортаға алып, Грузия еліне барған сапары туралы қызықты әңгіме айтушы еді. «Бойлары теректей, төкаппар, ұзын бойлы грузиндердің арасында орта бойлы төртпақ тапал қазақтар көрінбей қалдық. Сонда солармен иық тіресіп тұра қалғанымда қасымдағы ақын-жазушылардың көңілі өсіп, бір желпініп қалды» дейтін.

Кененнің жүріс-тұрысы, байыппен сөйлейтіні, жібектей жұмсақ мінезі кімді болса да тамсандырмай қоймайтын. Сонау бозбала кезінде-ақ: «жігіттің қызға жақын икемдісі» деуі серілік мінездің ұшқыны емес пе? Ақынның мінген аттары да ерекше болатын. Жал-құйрығын тарап, үстінен «қыл түсірмей» баптап, ерекше күтетін. «Ақ боз», «Ай қасқа», «Шұбар ат», «Көкайяқ», «Күрең жорға», «Құла қасқа» «Бала қасқа». Аттары айтып тұрғандай шетінен жүйрік, түр-тұрпаты сұлу, сәйгүліктер еді. Бұл да сұлулыққа құмар, көңілі елегізіп тұратын сал-серілер табиғатының бір жұғындысы болса керек.

Аттарды қалай таңдап мінсе, қолына ұстаған домбырасын да ерекше талғаммен алатын. Мен ес білгелі біздің үйде әртүрлі жеті домбы-





ра болды. Бірінен бірі өтетін шешен, үні ерекше домбыралар. Әсіресе қосымша ештеңе (шеге, желім) пайдаланбай ағаштан шауып жасалған домбыра мәңгі есімде қалыпты. Жаз бойы бақ ішінде төсегінің басында ілулі тұрады. Шілденің аптап ыстығына қаңсымай, шыдас беретін еді. Тесігінен су құйып, шайқап-шайып қайта іліп қоятын.

- Ата неге үйтесіз? Жігі ажырап кетеді ғой?» деймін таңданысымды жасырмай.


- Қолдан шапқан домбырада жік болмайды, балам. Бойына ылғал тартқан домбыра қаңсымайды, үні де ерекше қоңыр болады дейтін.

Ал енді сонау бала кезімде өзім қолыма ұстап көрген қоңыр сары түсті домбыраның тағдыры тіпті бөлек. Мойны жіңішке, перделердің арасына сүйектен оюлап ою жасалған. Шанағы мен мойынның түйіскен тұсында айнасы бар еді. Алғаш рет «Елім-ай!» әнін сегіз жасымда осы домбыраға салып үйренген едім. Біз онда Отар бекетінде тұрамыз. Бір жолы 5-6 жасар бала жетелеген әйел келді. Әкемнің Талжыбек атты қызынан туған немере қызы екен. Баланың аты Жұмабай. Қайтар күні әлгі бала домбырамды сүйретіп үйден шықты. Алып қалайын деп жүгіріп едім, атам қолымнан тартып тоқтатты. «Балам, мен саған одан да әдемі домбыра жасатып берем. Алыстан келді ғой, жыламай қайтсын» деді. Ол жыламай кетті, есесіне сол күні кешке дейін мен жыладым. Ол кезде «жиеннің жолын кеспе, қолын қақпа» дейтін салтты қайдан білейін.

Ақын өзінің жастау кезінде қолына тиген «кержолақ» домбырасы туралы аңыздай етіп айтатын. Даусым асқақ болғанмен, домбырам келіспей жүруші едім. Шабан атқа мінгендей, әнді қиналып әрең саламын. Бір жолы Сарықұнан деген қырғыздың ақынымен жолықтым. Өлеңді тоқтаусыз, төгіп жырлағаны үшін Төкпе атанып кетіпті. Ол жыр төкті, мен құйқылжытып ән салдым. Ақыры көңіл жарасып, дос болдық. Бірінші қолқам «кер домбыранды сыйла, өмірлік дос болайық» деп жабыстым. «Бәйеке, астымдағы атымды ал, домбырамды сұрама» деп бәйек болды. Сонда отырған меймандар мені қолпаштап он, жүз сомдық ақшаларын Төкпенің шаужайына байлап, ақыры көндірді.

Кержолағын қолыма ұстатып тұрып: «Теріскейдің қарағайы түнде сөйлеп, күндіз шықпайды. Күңгейдің қарағайы күндіз сөйлеп, түнде шықпайды. Биік шыңға шыққан қарағай қысы-жазы салқын желдің өтінде тұрады. Күн шығып, ұясына батқанға дейін, оған нұр-сәулесін төгіп тұрады. Шың басына өскен сондай қарағайды кесіп алып, ыстық суға үш қайтара қайнатып, үш ай кептіріп барып, шауып жасадым.





Күнге тастасаң қаңсымайды, суға салсаң ісінбейді, күндіз-түнде бірдей сарнайды».

*«Қағылайын, Кененім,
Болды сенің дегенің.
Кер домбыра қолыңда,
Өнеріңді қайрай бер,*


Күндіз-түні сайрай бер.» - деп аяғын өлеңдетіп жіберді. Осы домбыра ақкол болып, әбден ескіріп, тозығы жеткенше қолымнан түскен жоқ, деп еске алатын еді.

Мұның бәрін тәптіштеп жатқанымыз сал-серілердің табиғатында кездесетін көптеген ерекшеліктер Кененнің бойында да бар деген сөз. Заманы қаншалықты қысастық көрсетсе де, сыналап жолын тауып, сал-серілік өнердің туын жықпай, дәстүрін жалғастыра білген ақынды сал-серінің соңы, нағыз серінің өзі деуге толық негіз бар. Бұған күмән жоқ.

«Түйіні жоқ шешеннен, үндемеген есті артық» демекші ой-пікірімізді түйіндесек ол мынаған келіп саяды. Кененді халқымыздың көне өнерінен оқшаулап, алшақтатып әкеткен оның өмір сүрген ортасы, сол кездегі саяси ахуал, кеңестер дәуірі болды. Бұған қарап, Кенен халқымыздың байырғы дәстүрінен, сал-серілік өнерден бөлініп қалған, оған еш қатысы жоқ дейтін көзқарас туғызу ақынның рухына, болмысына қайшы келетін, кереғар пікір. Заманның өзгеруіне байланысты, сондай-ақ ұзақ уақыт патшалық ресейдің ықпалында болған қазақтың көне өнері үлкен дағдарысқа ұшырағаны рас. Бұл жағдай елдің айтыс өнеріне де, жыраулық, сал-серілік өнеріне де кері әсерін тигізді. Өрісі тарылып, көмескіленіп, тіпті жойылып бара жатқан дала мәдениетін, көне дәстүрін, өнерін сақтап қалу үшін табиғи дарыны бар, сол ортадан сусындаған, данагөй ақын-абыздар қажет еді. Солардың бірі әрі бірегейі Кенен Әзірбаев болды десек артық айтқандық болмас. Кеңес дәуірі кезінде де, одан бұрын да Кенен өзінің азаматтық, ақындық, жыраулық, сал-серілік позициясынан ауытқыған жоқ. Ақынның жүріп өткен бүкіл өмір жолы, көп салалы шығармашылық ауқымы бізге осындай қорытынды шығаруға негіз болып отыр. Өнер танушы М. Ахметованың сөзімен айтқанда: «К. Әзірбаевтың творчествосына жоғары идеялық пен сенімділік, азаматтық ой мен асыл сезім, тыңдаушыға ықпал етудегі психологиялық тереңдік тән» дейтін пікірі ойымызды толықтыра түседі.

Сөз зергері, тереңнен ой толғайтын ардақты жазушы Ғабит





Мүсірепов: «Кенен - сал-серінің соңы, соңғы тұяғы» десе, бұл көрегендікпен айтылған, мағынасы терең тұжырым. «Екі Кенен келмейді, Алатауға ексеңде» деп ақынның өзі айтқандай, екі Кененнің де, сал-серілік өнердің де енді қайтып келмесі ақиқат. Бірақ қазақтың байтақ даласын әнге бөлеген сал-серілер дәуірінің жаңғырығы, дарынды әншілері, олар шығарған өшпес туындылары қалды. Ендігі жерде көне дәстүрімізді ұмытпай, зерттеп-зерделеп, келер ұрпақтың санасына құю бүгінгі өнер танушы, музыка зерттеуші, әдебиетші ғалымдардың міндеті, асыл мұраты.

КЕНЕКЕҢ – НАҚЫЛ СӨЗГЕ КЕҢ ЕКЕН

Алакөлеңке кешкі мерзім болса керек. Үйдің кіре берісінде келі түйіп жатқан Сыпатай батыр, қырғыздың манабы әрі құрдасы Бәйтекенің кіргенін аңғармай да қалыпты. «Жорықтың жолы болады, сәт сапардың оңы болады» деген. Жорыққа шыққанды қойдың. Қартайған, қажыған шығарсың. Оныңды түсінеміз, батыр. Ал енді найзаңды тастап, қолыңа келсап алғаның не тәйір?» деп әзіл айтады. Сонда Сыпатай: Е, е, құрдас, оның несін айтасың:

«Түзге шықсам батырмын,

Үйге келсем қатынмын.

Кемпір ауру, бала жас,

Тары түйіп жатырмын» - деп күле жауап беріпті.

Сыпатай алып денелі, әділетті ту етіп, елін-жерін жаудан қорғаған атақты батыр. Адаммен сөйлескенде бетіне тік қарамай, қырындап отырып тілдеседі екен. Өйткені көзі өткір, жанары тым отты болыпты. Қаһары түскен мал болсын, адам болсын тірі қалмайды, деп ел қатты сескенеді екен. Аяқ-асты кіріп келген ескі досын төрге шығарып, сый-құрмет көрсетеді. Батырдың артында ұрпағы жоқ екенін естіген Сыпатай қоштасып тұрып: «Байтеке, бақ өз басыңда ғана екен, артыңда ешнәрсе көрінбейді ғой» - деп қамығады.

- Құдайдың бермегенін тартып ала алмайсың. Есесіне атақты-абыройлы қылды, ұзақ жас силады, өзіңдей дос берді. Соған шүкіршілік айтамын.

- Өмірде өзің не тындырдың. Өкінішің жоқ па? дейді. Бұған Сыпатай:

- Айтарлықтай, есте қалатын үш нәрсе істеппін. Қотыр болдым – қолымды тыйдым, ізет қылдым – үлкенге жолымды қидым, батыр





болдым – халқымды жаудан қорғадым. Өзгесін қойшы, деп жауар беріпті.


Ақ сақалы желпілдеп, аққу ата атанған Кененге де осындай неше алуан сұрақтар қойылып жататын. Әсіресе, жаңа леп, жаңа толқын жасөспірімдер жағы ақынды ортаға алып, қызу пікірлерін айтып, таласып жатар еді. Соның бәріне кеңпейілділік білдіріп, ерінбей жауап беріп отыратын. Соның дені: «нені армандайсыз?», «өкініш-өкпеңіз бар ма?», «өміріңізде қателік істеп көрдіңіз бе?», «қандай да бір ақылсыз іске бардыңыз ба?» дейтін сұрақтар. Ондайда ақын: «Арман көп, өкініш-өкпем жоқ. Атақты екенмін деп ешкімнің ала жібін аттаған жоқпын. Еш адамға қысастық көрсеткен емеспін. Еліммен бірге түледім. Қуанса қуанып, мұңайса бірге мұңайдым. Бойымдағы бар өнерімді халқыма сығып бердім. Мен өміріме разымын, көңілім тоқ» дейтін.

Ал ақымақтық жасау, қателікке ұрыну көбіне албырт жас кезінде болады. Өмірінде кем дегенде бір қателік жібермеген, ақымақтық жасамаған адам жоқ шығар. Сендерге мынадай бір мысал айтып берейін деп, ақ сақалын бір сипап қойып әңгімесін бастап кетуші еді.

...Баяғы хандар билік жасаған заманда неше түрлі жәйлар болып жатады екен. Байлығына мастанып, ойына келгенін істеймін деп күлкіге ұшырап жататын хандар да аз болмаған. Сондай бір хан айнаға қарап, қауғадай болып өскен қаба сақалына көзі түсіп өзіне-өзі қатты ренжіпті. «Кері кеткен адамның сақалы кеңірдектен шығады» демекші, менің мына ұсқыныма қарап ел күлмей ме. Шаштаразға қайта-қайта бастырып, кестіруден әбден мезі болған хан, сақалын отпен шарпып тастамақшы болады. От тиген жерге шөп өспейді деуші еді. Бәлкім, осыдан кейін сақалым да сиреп қалар деп ойлайды. Шырақты бетіне жақындатқаны сол екен, оттың жалыны сақалына тиген бойда лап етіп, бүкіл беті-басын шарпып өтіпті. Сасқалақтаған хан бөшкеде тұрған суға басын тығып жіберіп әрең өшіріпті. Көпке дейін бетіне перне байлап, жара шығыпты дегізіп, елден жасырып әлекке түскен екен.

Қатты ойда қалған хан, қаба сақалдылардың бәрі мен сияқты ақымақ емес шығар, тексеріп көрейін деп шешеді. Алдына келген бір топ адамдардың ішінен қабасақал үш жігітті алып қалады. «Япыр-ай, ханға неміз жақпай қалды?» деп зәре-құты ұшқан жігіттер бастарын салбыратып, ханның жарлығын күтеді. Сонда хан:





- Қане, өмірлеріңде қандай ақымақтық іс істедіңдер? Елге күлкі болған жерлерің болды ма? Жасырмай айтыңдар. Ойлануға бір сағат уақыт беремін. Жалған сөйлеп, жасырсаңдар дарға асамын, дейді. Ханның түйілген қабағынан естері шыққан жігіттер: «құп тақсыр, мұрсат беріңіз еске түсіріп көрелік» деп зар илейді. Сонда жасы үлкендеуі ханның алдына басын иіп:


- Басымнан өткен бір жайды айтып берейін, тақсыр. Мен ол кезде жалғыз өгізім бар, тақыр кедей едім. Бір күні өгізіме мініп егіс басына келе жатыр едім, байғұс өгізім оқыра тигендей аяқ-асты оқалақтап ала жөнелді. Бейқам отырған сорлы басым, ары-бері шалқалақтап лақтырғанда көтеріліп барып, өгіздің екі мүйізіне екі қолтығымнан асылдым да қалдым. Аяғымды жерге тигізбей сүйрелеген өгіз бүкіл ауылды аралап шықты. Күлмеген ел жоқ. Жұрт қаумалап өгізді ұстағанша, екі мүйізінің арасында қысылып тұрдым. Қолым, бірнеше қабырғам сыныпты. Хан тақсыр, бейқамдықтың кесірінен осындай күйге ұшырап, жұртқа күлкі болған жәйім бар, деп әңгімесін аяқтайды. Енді сен сөйле деді хан, екінші жігітке бұрылып:

-Хан ием, мен жас кезімнен өте тамақсау болдым. Қарным ашқанда көзімнің алды қарауытып, қолыма тигенді қарпып асап жей беретін әдетім бар еді. Бір күні алыстан жол жүріп әбден ашығып үйге келсем, әйелім жоқ екен. Өзір тұрған тамақ та жоқ. Дастарқан үстінде жұмыртқаның көлеміндей екі алма тұр екен. Қомағайланып екеуін бірдей аузыма салып жібердім. Екі алма екі ұртымды керіп, бір біріне тірелді де қалды. Шайнауға келмей, екі көзім бақырайып, сілейдім де қалдым. Кіріп келген әйелім менің түрімді, мылқау кісідей бақырайған көзімді көрген бойда бақырып, ойбайлап үйден атып шықты. Қолымды бұлғасам да қарамады.

Көрші-қоландар жиналып: «Не боп қалды? Жылан шақты ма?» дейді. Мен үнсіз басымды шайқаймын. Келген жұрт тіл аузынан айрылғандай мәңкиіп тұрған түрімнен шошып, менің ұсқынымды көріп естері шыға шулап жүр. Біреуі тұрып, «мұны жын соққан» десе, екіншісі «жоқ ұртына үлкен жара шыққан, көрмейсіңбе, қол тигізбейді жарылайын деп тұр» дейді. Ақыры қандауырмен екі жақ ұртымды кесіп, алманы өрең алып шықты. Жаным жай тапқан болу керек, сол жерде талықсып ұйықтап кетіппін, деді ханның алдында кінәсі бар адамдай жалтаң ұрып. Хан бұған жәй ғана мырс етіп күлді де қойды.

Үшінші жігіт әңгімесін тым арыдан бастап, өзі жайлы біраз мағлұмат беріп алды: ...Бұрын-соңды қалаға барып көрмеппін. Әйтеуір, ба-





рып келгендерден неше түрлі қызық жәйларды естіп, есім ауғандай аңтарылып қалушы едім. Бір күні үлкен ағам «ертең менімен бірге қалаға барасың, қолқабыс ет, қашанғы үйкүшік болып үйде жата бересің» деді. Қуанғаннан есім шыға жаздады.

Әкемізден қалған жалғыз түйеге тұз артып Тоқмақтың базарына келдік. Ағам, «осында тұр, заттарды біреу алып кетпесін, түйеге ие бол» деп біржаққа жүгіріп кетті. Көп уақыт өтті. Әбден қалжырап, қарным ашып, шөлдей бастадым.

Түтіні бұрқыраған тамнан неше түрлі тағамның исі келеді. Біреулер кіріп - шығып жатыр. Аузымнан сілекейім ағып, әрең тұрмын. Бір кезде қолында аппақ ормалы бар біреу, «келіңіздер, шаш палау, мәңті пісті, шай дайын» деп дауыстап шақырды. «Е, жақсы болды, құдайы тамаққа шақырып жатыр екен ғой. Тез барып әзір тұрған тамағынан дәм татып қайтайын деп ойлады. Бірер уақытта түйені жер жұта қоймас».

Кіріңіз, жоғары шығыңыз деп үй иесі асты-үстіме түсіп жатыр. Не деген меймандос, ықыласы кең адам деп таңғалып отырмын. Сұрағанның бәрін әкеліп жатыр. Палау да, мәңті де, ет те, сусынның неше түрі келді. Мұндай сый-сияпатты көрмеген басым, әкелгенін дым қалдырмай жеп, ыдысына дейін жалағандай етіп қайтарып жатырмын. Япырма-ай, шелпегі не деген тәтті! Мейіз қосқан палауды ортасына салып, асап, әбден тойғанымша жедім. Қалған бауырсақ, өрік мейіздерді орап-түйіп алып жатсам қолдан қақпайды. Қайта «алыңа-алыңа» деп арқамнан қағады. Мұндай жомарттықты қайдан көрді дейсіз?

- Ау, қожайын, көп рахмет. Құдайы нәзіріңіз қабыл болсын. Алладан қайтсын! деп орнымнан әрең тұрып есікке қарай баттегенім сол еді. Ақ белдемше киген біреу:


- Қайда барасың? Ақшаны кім төлейді? деп жетіп келді.

- Ақшасы несі, құдайы тамаққа шақырған өзің емес пе? деймін.

- Жо-жоқ. Ақысын төлемей ешқайда шықпайсыз, деп айғайға басты.

- Қарағым, жібер мені, түйеме барайын. Көп уақыт өтті, деп қасарысып тұрып алдым. Аяғы не болды дейсіз ғой. Қараңғы қазақ, деп ол мені бір соқты. Мен оны екі соқтым. Тамның іші апыр-топыр, қып-қызыл төбелеске айналды да кетті. «Ақша төле» деп ол айғайлайды, «құдайы тамаққа ақы төлегенді қай атаңнан көріп едің» деп мен айғайлаймын. Сөйтіп, бір бірімізді төмпештеп, қылқындырып, одан қалса аяқпен теуіп әлек боп жатырмыз. Іштегі мүліктің қирап-сынғаны





да қараған жоқпыз... Ағайым келіп қалмағанда, не болатынын құдайым білсін. Екеумізді әрең дегенде ажыратып, менің желкемнен бір-екі рет қойып-қойып жіберді. Екі жақ әрең дегенде мәмілеге келіп, ағам мініп келгенатын сатып, қалтасындағы бар ақшасын айыпқа төлеп, әкеден қалған жалғыз түйені ұрлатып ауылға жаяу қайттық, деп жігіт те әңгімесін аяқтады. Үшеуінің әңгімесінен көңілі орнына түскен хан: «Бұл әңгіме осы жерде қалсын. Ешкімге жақ ашпаңдар» деп үшеуінің қолына үш алтын теңге ұстатып шығарып салыпты.

Әлгілердің көзінше өзін әрең тежеп отырған хан, олар кетісімен ішін ұстап, күлкіге ерік берді. Ішегі түйілгенше күлкіге батқан ханның көңілі жадырап, бойы жеңілдеп қалды. Сөйтіп, «қой өзімді-өзім жазғырғаным орынсыз болыпты, менен де өткен ақымақтар бар екен ғой» деп хан сабасына түскен екен. «Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ» дейтін халық даналығы осыдан қалса керек.

Кенен ақынның осы тақылес мысалдап айтатын әңгімелері өте көп. Соның көбісін өз жанынан қосып, өзгертіп, жаңа әңгіме туғызып айта беретін еді. Ақын бойындағы суырып салып айтатын ерекшелігі, оның әңгіме, дастан, толғау, жырларынан да байқалып тұрады. Мұның өзі Кененнің тек өлең-жыр айтуда ғана емес, әңгіме жанрында да шебер айтушы, құрастырушы, сондай-ақ ой-өрісінің кең екендігін айғақтай түседі.

...Әлгінде айтқан әңгімелерім сонау бағзы заманда болса, қазіргі кезде де адамдар ақымақтықтан арыла қойған жоқ. Сондай бір оқиға есіме түсіп отыр. Тыңдасаңдар айтып берейін. Бұл өмірде болған оқиға. Қылқан деген кемпір туралы, деп әңгімесін жалғастырды.

Қай кезде де адамдар бір біріне ұқсамайды. Ой-өрісі, тіршілігі, тіпті іс-әрекеті бірдей адамды табу мүмкін емес. Анадан егіз туғандардың өзі сырттай қарағанда бір-бірінен айнымай тұрса да ойлау қабілеті, ақыл-айласы түрліше болады. Мұндай жағдайды өмірден күнде көріп жүрміз. Адамдардың мінезіне, істеген істеріне, өзгелермен қарым-қатынасына қарап баға береді, ат қойып, айдар тағады. Қылқан кемпірдің де жайы осындай.

Бұл да тым ертеде болған әңгіме. «Қылқан» - деген өз аты емес. Шайпау мінезіне, қылқандай қадалатын өткір сөзіне, тілінің запырандай ащылығына қарап жұрт осылай атап кеткен. Оның ел қойған тағы бір аты - «Тікен». Табаныңа кірген тікен сияқты жаныңа батырып, небір сұмдық сөздерді көбірте айтатын арсыздығына, заржақтығына қарап, осылай деп ат қойған. Шешелері балаларын: «Анау, Қылқанның үйінің маңына жоламаңдар. Сотанақтық жасап, бір затын бүлдіріп алсаңдар





аямайды, қарғысы қатты, тілі ащы» деп қорқытушы еді. Бір күні ерке-
леу өскен 11-12 жасар бала Қылқанның үйіне келіпті. Есігінің алдында
жүн сабап отырған кемпірге жақындап:

- Апа, мені бір қарғаңызшы. Сіз жайлы неше түрлі сөз айтады. Өз
құлағыммен естиін, дейді. Сонда Тікен кемпір төмен қарап отырған
күйі:

- Үй, көктей қурап, жуадай солғыр. Тоз-тозы шыққан тоқымдай
болғыр. Бұл дүниеде жақсылық көрмей, үрім-бұтақсыз қалғыр,
қарағым-ау, қарғайтындай не істеп қойып едің? деген екен. Не дерін
білмей көзі жыпылықтаған бала үнсіз ғана қақпадан шығып кетіпті.
Қарғамағаны мұндай болса, қарғағаны қандай болмақ? деп таң
қалған екен.


Тілі жаман адамның ашуы да қатты болады. Қамбада ілулі тұрған
етін үлкен бір қара мысық күнде келіп жеп кетеді екен. Ұрлыққа әбден
дәніккені сонша, түнді қойып, күндіз де мазасын алады. Небір ама-
лын жасап, қанша аңдығанмен ұстай алмай әбігер болыпты. Әйтеуір
бір күні мысықтың кіріп-шығып жүрген жеріне қақпан қойып, тор құрып
жатып әрең дегенде қолға түсіреді. Басында ашуға булыққан Қылқан
кемпір, мысықтың басын балтамен шауып тастағысы келеді. Артынан
бұл райынан тайқып, мұны өртеп жіберейін. Жанын қоярға жер тап-
пай, әбден қиналып өлсін. Сөйтіп сазайын тартқызайын деп шешеді.

Мысықтың денесін шелекте тұрған керосинге малып алып,
сіреңкемен от қойғаны сол екен, баж ете қалған мысық қолынан атып
шығып кетіпті. Денесін түгел от шарпыған бейшара, қорадан қораға
секіріп жанталасқа түседі. Жан беру оңай ма, кірерге тесік таппай
жанұшырған мысық қорадан атқып шығып, жиулы тұрған мая шөпке
тығылады. Одан секіріп үйдің төбесіне шығады. Лапылдаған оттан
зәресі ұшып жанталасқан байғұс, кемпірдің ет жаятын қамбасына
қойып кетеді. Мысық кірген жердің бәрі отқа оранып, әп-сәтте Қылқан
кемпірдің бүкіл қора-қопсысы, үй-жайы тып-тыйпыл өртеніп кетіпті.
Тіпті оның зардабы көршілерге жетіп, олардың да естерін аударған
екен.

Міне, балалар, «ойланбай істеген іс, орға жығады» деп халық бе-
кер айтқан жоқ. «Біреуге ор қазба, сол орға өзің түсесің», «сәуегейдің
тезінен, әзәзілдің сөзінен сақтан» дейтіні сондықтан.

Кенен ақынның өлеңмен де, әңгімелеп те айтқан мысалда-
ры, дастандары өмірден алынған, адамға ой салатын, тағылымы
мол дүниелер. Осы туындылардың бәрі де тәрбиелік мәні бар, жас
буынға нақыл береді, ақыл қосады. Неден бойды аулақ ұстап, неден





үлгі-әсиет алу керектігін айқындап береді. Кенен ақын жайлы сөз еткенде біз көп жағдайда оның мысалдарына, аңыз әңгімелеріне көп мән бере бермейміз. Ақынның өмірі мен шығармашылығын зерттеген ғалымдар да осы тақырыптан айналып өтіп, елеусіз қалдыратын сияқты.

Болмаса Кененнің «Жалғыз қаз», «Үш кедей», «Сарбарпы», «Бақ, қыдыр мен ынтымақ», «Шора құсбегі» сияқты аңыз, мысал ретінде жазған туындылары өз алдына бөлек зерттеуді қажет ететін мәнді дүниелер. Бұл да Кенен ақынды тағы бір қырынан тануға, аңыз-мысал жанрында көптеген өлең-дастандар қалдырған өрелі ақын ретінде көруге мүмкіндік береді. Орыстың атақты жазушылары Крылов, Салтыков-Щедрин, Гоголь сияқты мысал, ертегі-аңыз тақырыбына Кенен де бара білген. «Ақынға қара сөзден өлең оңай» деп өзі мойындағанындай, Кенен өзінің аңыз-мысалдарын көбіне өлең түрінде туғызған. Бұл қазақ ауыз әдебиетінде тым көнеден келе жатқан үрдіс.

Дарын мен дарынсыздық, парасат пен өресіздік, даңғойлық пен даналық сияқты қасиеттер адамға ғана тән. Бұлар бір-біріне қаншалықты кереғар ұғым десек те, қатар өмір сүретін, тіршілікте күнде көріп жүрген жәйлар. Адаммен бірге жасасып, бірге келе жатыр. Кененнің «Бұлбұл мен Көкек» мысалында адамның бойындағы тап осы ажырағысыз қасиеттері жайлы айтылады.

Көкек өктемшіл. Өзін бұлбұлдан бір кем санамайды. Тіпті одан өзін артық көреді. «Күндіз-түні елдің мазасын алып ән саласың. Құйқылжыған үніңнен не пайда? Үн деп менің даусымды айтсаңшы. «Келеді, бұлбұл, саған қатты жыным, тау-тасты жаңғыртады менің үнім» деп шалқақтайды. Бұл аз болғандай, саған ән салу үшін жағдай керек, гүлге оранған тоғай, жапырағы жайқалған орман керек. Мен күй таңдамаймын, тау-тас, құз-жартас, тіпті құлаған қорған болса да отырып алып әнімді сала беремін. Дәңгеуде, бөспе Көкектің бұл сөзіне Бұлбұл байыппен былай деп жауап қайтарыпты:

*«Мақтаншақ, төкаппарсың, көкек есер,
Қарғысың маған айтқан тасты төсер.
Әуелеп аспанға айтқан жалғыз әнмен,
Шақырып өз атыңды жүрсің бекер».*

Бұлбұлдың айтқанына өршелене түскен ақылсыз көкек, «жұдырықтай түріңе қарасаңшы, қанша сайрағыш болсаң да мәртебең биік емес әсте менен» деп қағытады. Сені тыңдайтын гүлзар бау-бақша болса, менің үнімді маужыраған қалың орман, бүкіл тау-тас,





құз-жартасың бәрі тыңдайды, деп күпіне сөйлейді.

«Тау-таста арқар, құлжа, барысым бар,

Ақиық, қасқыр, қаблан танысым бар.

Қарағай, қайың, арша, қалың шырша,

Әнімді сүйіп тыңдар дауысым бар» - деп өзінің тыңдаушы таныстарының көп екенін мақтан етеді. Бұлбұлдың «Ау, көкек, есің болса ерегіспе, әншімін деп мақтанба бөсіп-еспе» деп сабырға шақырып, тым дандайсып кеттің дегеніне пысырмайды. Өзінің мәртебесінің биік екенін, бұлбұлдандан кем түспейтін әнші екенін айтып даурығады.

Желөкпе Көкектің дауы мұнымен бітпейді. Менімен теңесер жерің қайсы? Қысқа да, шілденің аптабына да шыдамың жоқ. «Қыс тұрмақ, жазғы шілде түскен кезде, ән салу тұрмақ «күң-күң» етіп тіл байлайсың» деп бұлбұлдың ыстық күнде үні шықпай қалатынын бетіне басады. «Шілдедегі бұлбұлдай үнім шықпай» дейтін сөз тіркестері осыдан шыққан.

Көкектің таяздығын, өркөкірек мінезін бетіне басып сынға алған бұлбұл, ақыр соңында былай деп жауап қайтарады: «Бұлбұл деген атым қалды күллі әлемге...Сен сияқты тәкаппар, мақтаншақтың аты қалмас, халық дана бағасын қайтып алмас» дейді. Сөйтіп, саған да, маған да айдар тағып, өнерімізге баға беретін халық. Құр даурыққаннан не өнеді? Сабаңа түс, өз орныңды біл дейді.

Бозторғай- сен кемсіткендей сұр шымшық емес, ол да әнші құс. Даланың әншісі. Олардың бәрі де маған үндес, тілектес құстар дегенді ұғындырады. Бұлбұлдың осы ойын сабақтай келіп:

«...Көкекті әнші екен деп кім айтады?

Шындық пен кім жеңеді ақиқатты?

Қараторғай, қарлығаш, сандуғаштар,

«Шәкірттерім» ән салған аузы епті,

Мақтаншақтың «көкесі» Көкек екен,

Өз атын өзі атап ұшып кетті» - деп қорытындылайды ақын.

Екі құсты кейіпкер етіп алған ақынның осы мысалында қаншама өмір шындығы жатыр. Адамдардың бақталастығы, қызғаныш, көре алмаушылық, жан дүниесінің жұтаңдығы, дөрекі мінезі, мақтаншақтық, тәкаппарлық, атақ құмарлық сияқты қылықтары осы мысалдың өнбойында тұнып тұр. Бұлбұл мен көкектің бір-біріне таққан міндерін, ой-пікірлерін айтыс жанрында өрнектеген Кененнің бұл мысалы өзінің формасымен, қысқа әрі нұсқа айтылған нақыл сөздерімен ерекшеленеді. Бұл мысалдан артық көлгірсуді, сөз шұбалаңдығын,





айтар ойдың жұтандығын кездестіре алмайсыз. Ойы ұтқыр, айтпағы көп, кімге де болса ой салатын сәтті туынды.

Кененнің өзі де бұлбұл көмей әнші болғандықтан, мұндай жәйларды басынан кешіріп, жанымен сезінуі әбден мүмкін ғой. Қалай десек те ақынның «Бұлбұл мен Көкек» мысалы сюжеті, тақырыбы, ойтүйіні, мазмұны жағынан алғанда айтары көп, мәні терең әрі аса құнды шығарма. Өлең ұйқастарында, айтылу тәсілінде кездесетін кейбір кемшіліктерге қарамастан, бұл туындыны осы жанрда жазылған озық мысалдардың қатарынан орын беруге әбден болады.

Кененнің осы тақылеттес, әртүрлі тақырыпқа арналған мысалдары көп екендігін жоғарыда айтып кеттік. Сондай туындысының бірі «Бақ, қыдыр мен ынтымақ» деп аталады. Тек отбасының ғана емес, бүкіл халықтың, тіпті тұтас бір ұлттың тағдыры, тіршілік етуі «ынтымақ» дейтін асыл ұғымға тәуелді екені ақиқат. Ынтымақтан айрылған ел тозады, ынтымағы күшті ел озады. Бұл тарихи тағылым, ғасырлардан өткен, шыңдалған өмір заңы.

«Көп жылдан бері жолдас болған едік,

Мал, басыңа құт болып қонған едік.

Береке жоқ бүгінде отбасыңда,

Қалағаныңды алып қал, біз кетелік» - деп басталатын мысалдың қысқаша мазмұны мынадай. Үш ұлы, үш келіні бар қарттың үйінде күнде ұрыс, күнде жанжал, әбден берекесі кетіпті. Үлкен келіндері байбақуатты жерден шыққан, мінездері дөрекі, саусағын қимылдатқысы келмейтін жатып ішерлер екен. Атасының сөзіне құлақ аспай күйеулерін желкелеп өз білгендерін істейді. Кіші келіні шаруаға икемді, ізетті, еңбекқор жан екен. Бар айыбы кедей отбасынан шыққандығы.

«Қос үлкен келіндері бай қыздары,


Кедейге жастайынан бар ызғары.

Көре алмай кіші келін кедей қызын,

Күнде ұрыс берекесін тайғызғаны».

Қоштасуға келген бақ, қыдыр, ынтымақтың қайсысын алып қаларын білмей отырған байғұс шал сасқалақтап, біресе кемпіріне, біресе келініне жалтақтай беріпті. Сонда кіші келіні тұрып: «Атажан, өзің тексер көнбегенін, сұраңыз ынтымақты берер болса, көрерміз бақ-қыдырдың келмегенін» дейді. Сөйтіп ынтымақты қалап алып қалыпты. Ынтымақ үйге кірген соң, сақал-шашы әппақ қудай





қартайған шалдың да, «төрт аяқтап» қалған кемпірінің де көңілі жәй тауып, ұрыс-керістен құтылып, жетісіп қалады.

Ісімен де, мінезімен де елге жаққан кіші келін ата-енесінің бабын тауып, жас баладай күтіп-бағады. Бұл жәйді ақын: «Отбасы ойран шықпай тынып қалды, береке, пейіл үйге кіріп қалды» деп бейнелейді. Уақытта тұрыс бар ма? Апталап-айлап зырлап өте беріпті. Ынтымағы жарасқан үйдің абыройы артып, өзгеге үлгі-өсиет болыпты:

*«Бақ, қыдыр сол кеткеннен алты ай өтті,
Бір күні азып-тозып кіріп кепті.*

*Ынтымақ, бірліктерің құтты болсын!
Кетпейміз, біздің мекен осы үй депті».*


Ақындық шеберлікпен ойтүйіндейтін осы мысалда ұрпаққа өсиет-үлгі болатындай қаншалықты мән жатыр. Кененнің осындай мысалдарын, аңыз әңгімелерін мектеп бағдарламасына енгізіп, жас буынға оқытып жатса қандай ғанибет болар еді. «Қолда барда – алтынның қадірі жоқ» деген осы. Бүкіл асылымызды өз халқымыздың даналығынан іздемей, сыртқа қарап «көз сүзетініміз» қынжылтады.

Кенен Әзірбаевтың «Шора құсбегі» деп аталатын аңыз әңгімесі өзінің мазмұны, оқиғасының күрделілігі жағынан ерекше. Аңыз түрінде айтылатын туындының тілі жатық, қарапайым әрі тартымды. Адамды өзіне елітіп, қызықтырып отырады. Бұл шығарманың тағы бір ерекшелігі ақын оқиғаны өлеңмен емес, қара сөзбен баяндайды. Кенен өте сирек болса да қарасөзбен әңгімелеуге барып отырғанын жоғарыда айтып кеткенбіз.

Әңгіменің желісіне қарағанда Шора құсбегі өмірде болған адам деуге толық негіз бар. Өйткені аңызда аталған адамдардың бәрі дерлік халыққа аты-жөні мәлім, тарихи тұлғалар. Жалайыр руынан шыққан: Қабан ақын, Құрақ, Ескелді, Балпық, Қазы, Бақытбайлар тарихтан белгілі - бірі жырау, бірі атақты батырлар. Шора солардың замандасы болу керек деп автордың өзі нұсқап кетеді. «Осы Шора құсбегі жайлы менің бала кезімде ақсақалдар жырдаң да қызық көріп, бас қосқан жерде әңгіме етіп айтар еді. Көрі жас құмарлана тыңдайтын» дейді ақын-автор.

Кенен ақынның бұл нұсқасын бала кезінде ауыл ақсақалдарынан естіген аңыз әңгіменің дәл көшірмесі деп қабылдауға болмайды. Мұнда ақын аңыздың негізгі сюжетін сақтай отырып, өз жанынан





қиыстырып, біраз ойлар қосқан.

Нақты айтқанда өз заманына, өзінің дүние танымына ыңғайлап әңгімелеген десек те болады. Мұны ақынның сөз саптауынан, тілінен, өз тарапынан жасаған тұжырым-түйіндерінен аңғару қиын емес. Бұл аңыздың өзегінде еркіндік аңсап, қырандай көкте самғасам дейтін, жер бетіндегі бүкіл жан-жануарлардың, құс біткеннің бәрінің тілін білсем дейтін адамға тән терең арман жатыр. Кенен ақын соның бәрін қиялымен шалып, Шораның кейпінде бейнелей білген.

...Шора туғанда ата-анасы құстың тілімен ауыздандырыпты. Сол кезден бастап баланың бойында құстарға деген құмарлық пайда болған дейді. Көбелек, балапан қуып жүрген бала Шора бір күні үлкен қара құстың ұясына тап болады. Жұмыртқасы бар ғой деп жүгіріп келсе, жалғыз балапан мен қап-қара күшік ұяда айқасып жатыр екен. Екеуін құшақтап үйіне алып келеді. Тек өз басы емес, бүкіл ауылға қауіп төнгенін бала қайдан білсін. Сол күннен бастап, ауылдың үстінде қалықтаған алып қара құс, жұрттың есін аударады. Көзіне түскен «қызыл түсті» зат болса болды шүйіліп келіп, іліп әкетеді екен. Талай қой-қозысынан айрылған жұрт әбігерге түсіп, үйден шығуға қорқатын бопты.

- Бұл Хантәңірінің «қарақұмайының» тұқымы. Көзіне қан толды, әбден өшікті. Енді бұдан құтылу қиын, деп жұрт зар илейді. Шораның әкесіне келіп, балапанын қайтарыңдар, болмаса көзі қанталаған қара құс ешнәрседен тайынбайды. Қысы жазы тыным бермейді деп зарын айтады.

Оған ерке өскен Шора көне ме? Иті мен құсын құшақтап, бұларды бергенше өлгенім жақсы. Қаласандар «у ішіп өлемін» деп әкешешесінің есін шығарады екен. Ешкімнің сөзін ерең қылмаған Шораға елдің де, ата-анасының да айтарға сөзі, істерге амалы қалмапты. Бір күні көршісінің көзден таса қылмай отырған бес-алты жасар қызы далаға шыға қалса қарақұс іліп алып кетеді. Осы оқиғадан кейін, елді дүрліктірмейін, әке-шешемнің обалына қалмайын деп шешкен он бірге енді толған Шора елінен кетіп, Қаратауды мекендепті дейді.

«Алыстағы ел жақсы,

Қасыңдағы жақыннан.

Қанша қиян кетсем де,

Қол үзбеймін халқымнан» - деп үлкендердің батасын алады.

Сол кеткеннен Алатау, Алтай, Қаратау, Талас, Тарбағатай, Шыңғыс, Орал тауларын мекендеп, жеті жыл елден безіп кетіпті. Қолындағы қарақұстың қанаты қатайып, қара күшігі азулы төбетке ай-





налыпты. Қасына ерген серігі де, қорғаушысы да, асыраушысы да осы екеуі болған екен...

...Оқушысын елітіп бірте-бірте оқиғаның қызу ортасына алып кіретін автордың шұрайлы сөздері ғана емес, әңгіме желісін үзбей, арасында өлең шумақтарын қоса отырып тартымды баяндауында болса керек. Расында, аңыз әңгімені бір деммен, тырп етпей отырып оқысың. Көз алдыға өркеш-өркеш асқар таулар елестеп, төбеңде алып қарақұс қалықтап жүргендей, құлағыңа қанатының сусылы естілгендей болады. Айтушының шеберлігі деген міне осы. Шораның бұдан кейінгі тағдыры қандай болады? Еліне қайтар ма екен, әке-шешесі не күйде? дейтін сауалдар өз-өзінен туындап, оқырманды еліте түседі.

Кеткеніне он жылдың жүзі болғанда еліне қарай жақындауды ойлайды. Ұзақ жылдар құр кеткен жоқ. Өзі мекен еткен таудың бүкіл тағыларын өзіне бағындырып, қанаттыларын қолына қондырады. Бүркіт, тұйғын, лашын, сұңқарлар Шораның төбесі көрінсе болды, айналсоқтап маңайынан кетпейді екен. Аң-құс атаулының тіршілігін, мінез-құлқын, әдетін бақылап, тіпті су ішетін суатына дейін білетін Шорадан бәрі қорқады екен.

Ата-анасы болса баласының өлі-тірі екендігін білмей сарыуайымға салынып қартайып, шөгіп кетіпті.

«Тау-тас болды мекенің,


Ит, құс болды серігің.

Құс тілімен емізіп,

Бекер-ақ қылған екенмін» - деп өкінішпен сарғаяды.

Екеуінің мұң-зарын естіген жұрт, ағайын-туыстары жан-жаққа хабар беріп, Шораны іздестіре бастайды. Ақыры аңшы-саяхатшылар Талғар тауының қарлы шыңдарынан «жабайы» адамды көргендерін айтыпты. Орақ батырды басшы ғып, бір топ адам Шораны іздеп жолға шығады. Екі-үш күн іздеп, соңында Талғардың терең құзынан аң аулап жүрген Шораны кездестіреді. Шора бұларға садағын кезеп, қара төбеті ырылдап айбар көрсеткенде естері шыққан туыстары у-шу болыпты. Көз алдарында тұрған баяғы бала Шора емес, таудың жартасындай алып болып көрінеді. Шораның әке-шешесінің атын атап, бала кезінде ойнаған сақа-асықтарын, құрған қақпан-тұзақтарын көрсетіп әлек болады. Ақыр соңында, бұлардың көздеріндегі жасын, көңіл қуанышын көріп Шора да құшағын ашып көріскен екен. Шораның сымдай тартылған дене бітіміне, тастан қашалғандай шымыр тұлғасына қарап сүйсінген Қабан ақын:





*«Қарағым, Шора, аман ба,
Қайта туды анаң да.
Жасарар енді атаң да.
Менің де атым Қабан-ды,
Жоқ іздесем табамды.
Мың бір алғыс анаңа,
Құс тілмәші сен болдың,
Оқытатын адамды» - деп жыр бұлағын ағылтыпты.*

Құс атаулының тілін біледі, көкте ұшқан қанаттылардың қайсысы болсын Шораның бұйрығымен жүреді. Дауыс шығарып, қолын созса болғаны иығына келіп қонады, дейтін дағбырт ханның да құлағына жетіпті.


«Маған Шора құсбегіні алып келіңдер. Құрметті қонағымдай күтейін. Бір ғана өтінішім бар. Бидайық дейтін құс патшасы болады. Соны түсімде көрдім. Үлкендігі бозторғайдай ғана сүйкімді құс. Бар ынтызарым соған көшті. Күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан қалдым. Сол құсты ұстап әкеп берсе жарты қазынамды силаймын, алты ұлдың ішінде айдай толған жалғыз қызымды беремін. Отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап аттандырамын» деп жар салады.

Несі бар? Хан сөзінде тұрса, мен жолға аттанамын, дейді Шора. Сөйтіп бір апта өткенде жұдырықтай ғана бозша құсты қолына қондырып ханға алып келіпті. «Хан ием, бұл киелі құс. Сізді адамдар хан тұтса, мұны бүкіл құс атаулы патша тұтады. Дұрыс қарамасаңыз, киесі ұрады» деп ханның оң жағында тұрған тұғырға қондырыпты. Арманы орындалған хан, Бидайық құсты басына тәу етіп, ынтығын басқан дейді. Шораға қызын беріп, бүкіл ел болып тойлаған екен. Бірнеше жыл өткенде әйелі бір ұл, бір қыз туыпты. «Жүйрік ат, алғыр тазы, қыран бүркіт, жақсы әйел» дейтін жас кезіндегі арман-ойы түгел орындалыпты.

Талай құсбегі, ит жүгіртіп, құс салатын аңшылар: «Қыранның түрі көп, соны қалай ажыратып, қандай ат қоюға болады?» деп сұрағандарға Шора былай жауап береді екен. Қырандарды - ақиық, мұзбалақ, сасқалақ, көк тұмсық, шөлдің шөңгелі, адырдың аңғалы деп бірқатар түрге бөлуге болады. Бұларға қоса:

*«Қара үйдің қарашолағы,
Сарыарқаның сары балағы,
Қырғыз тауының қиқағы,
Қаратаудың қанды балағы,*





*Оралдың ор жолағы,
Тәңір тауының қасқыр алғышы,
Алтайдың ала бүркіті,
Талғардың тарлан бүркіті,
Гималайдың киік алғышы,
Қастектің қайқы қанаты,
Қордайдың қоңыр бүркіті,
Аңырақайдың ақ бүркіті,*


Хан тауының сақ бүркіті» - деп тізіп ала жөнеледі екен. Бұл есте қалғандары ғана. Ал Шораның өзі айтқанда қыранның отыз-қырық түрін еш тоқтаусыз санап береді екен, деп ақын еске алушы еді. Сөйтіп, әңгіме басында сөз еткеніміздей: «Аспанда жүрсем қанатым талады, Жерге қонсам Шора құсбегі алады» дейтін нақыл осыдан қалса керек.

Кенен ақын жазып қалдырған бірер мысал мен аңыз әңгімесінің өзі-ақ саналуан ойға жетелейді, көп нәрсені аңғартады. Ақыл-нақылға тұнып тұрған, осындай туындыларға үстірт қарап, кейде тіпті көз салып жатпайтынымыз өкінішті. Болмаса халық даналығы, қазақы тәлім-тәрбие, ұлттық таным-түйсіну дегенді алыстан іздемей-ақ Кененнің мол мұрасынан іздеп табуға болар еді.

Халқымыздың түйіндеп айтатын осындай мысал, аңыз, ертегілері келер ұрпақ үшін таптырмас қазына, тәрбие көзі. Тек соған ыждағат танытып, жас ұрпаққа ұғынықты етіп жеткізу қажет. Оның жолдары толып жатыр. Теледидар, телефильмдер, кино, қысқа метражды түсірілімдер, мультфильмдер бар. Өзге елден қалмаймыз деп, келсін-келмесін табиғатымызға жат әпербақан, қатыгез, нәпсіқұмар фильмдерге әуес болғанша, бір сәт ұлтымыздың данагөй туындыларына мойын бұру қажет шығар.

Кененнің «Шора құсбегі» аңыз әңгімесі, бүкіл әлем таныған «Мауглиден» еш кем түспейтін мультсериал түсіруге сұранып тұрған туынды. Әттең, ақша билеп, батыстың ықпалы артып тұрған мына дәуірде оның орайы келе қояр ма екен? Сонда да болса, ұлтжанды, көне дәстүрімізді терең сезінетін, одан қол үзе қоймаған кино мамандарына, драматург-режиссерларға, осы салада қалам тартып жүрген барлық жазушы-авторларға үкілеп үміт артқымыз келеді.





КЕНЕН – ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

«Екі бірдей ғасырды басынан кешкен Кененнің өмірі – өз халқының өмірі, оның тағдыры – өз елінің тағдыры еді. Ол ескінің соңы, жаңаның басы болған, ежелгі замандардан келе жатқан баба жыраулар дәсүрін жаңғыртып, оған жаңа мазмұн, жаңа сипат берген, жаңа дәстүрге айналдырған ұлы тұлға...». Бұдан ширек ғасыр бұрын айтылған осы ұлағатты пікірдің иесі Кенен танушы, атақты ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері М. Жодасбеков.

Айтса-айтқандай-ақ ақын, әнші, композитор, жыршы-жырау ретінде Кененнің алатын орны ерекше. Ол жөнінде айтылып та, жазылып та жатыр, бірер ғылыми еңбектер де қорғалды. Дегенмен, Кененнің көп зерттелмеген, қалтарыста қалып бара жатқан тағы бір ерекшелігі – ақынның азаматтық тұлғасы, өз елінің патриоты, қоғам қайраткері ретінде атқарған еңбегі дер едік. Осы тұрғыда сыншы-ғалым М. Қаратаевтың: «...Кенен түптеп келгенде екі дәуірдің болат білезігі, алтын көпірі-новаторы. Өйткені Кенен тарих тамырын дәл басты, өнердің әлеуметтік мұратын көз жазбай таныды. Кенен өмірі – ақынның заман жаршысына, композитордың - үгітші әншіге, азаматтың - қоғам қайраткеріне айналу жолындағы күрделі күрескер өмір» деген ғылыми тұжырымы ойымыздың кемерін кеңейтіп, өрісін айқындай түседі.

Сондықтан да Кенен шығармаларында әу бастан-ақ әлеуметтік сарын, азаматтық әуен, заман мен уақыттың мақсат – мүддесі қоспасыз көрінді. Оның эпикалық деңгейде көрінетін «Қырғызбай», «Әли батыр» поэмаларындағы әлеуметтік мәселелер Сұлтан-Махмұттың «Кедей» поэмасымен астарлас жатыр. Демек қазақ поэзиясында саяси-әлеуметтік тақырыпты өз творчествосына өзек еткен алғашқы ақындардың бірі – Кенен, деп түйіндейді.

Кененді өз басынан өткен жәйларды ғана тізбектеп, өз дәуірінің қилы-қилы оқиғаларын күйіттеген, бүкіл әндерін, өлең-жырларын соған бағыштап шығарған ақын десек қатты қателесеміз. Бұл жерде ақын өзі өмір сүрген дәуірдің куәгері, көз-құлағы, дабылшысы дейтін аталы сөзді естен шығаруға әсте болмайды. Кенен өз заманының жыршысы, ақыны болумен қоса, көзімен көріп, жанымен сезінген жәйларды ешқандай қоспасыз, әсіре бояусыз сол қалпында бейне-





леп кеткен суретші ақын. Ақынның өз болмысы қаншалықты таза болса, оның өлең-жырлары да сондай таза, сыпайы.

Өнер атты киелі ұғымды пір тұтқан Кенен, бүкіл өмір жолында оған шаң шұқтырмай, пәк ұстаған. Сондықтан Кененді - азамат ақын, үлкен қайраткер ақын деп дәріптеудің мәні осында. Демек, «халық ақындары, (соның ішінде Кенен ақын) көргенін жіпке тізе беретін мәңгібас есепші емес – ол өз заманының тарихшысы, философы, этнографы, психологі, ұстазы, моральдық кодекстерінің сарапшысы, эстетикалық танымның иесі. Тарихымыздағы...халық ақындары әр қайсысы бүгінгі гуманитарлық институттардың қызметін бір өзі атқарған ой-пікір алыптары» дейтін ғалымның пікіріне қол қусырып жүгінуге әбден болады.

Алматы облыстық газетінің (1959 ж.) бетінде Жетісу өңірінде совет үкіметін орнатушы қоғам қайраткерлерінің фотосуреттері (қолдан салынған) басылыпты. Жұбаныш Бөрібаев – 1921 жылы сол кездегі Жетісу облыстық партия комитетінің бірінші секретары, Түркістан Орталық атқару комитетінің, Қазақстан өлкелік партия комитетінің (комиссары) мүшесі. Ораз Жандосов – Жетісу облыстық атқару комитетінің ұлт істері жөніндегі комиссары. Түркістан Орталық партия комитетінің мүшесі. Абдолла Розыбақиев – ұйғыр ұлтынан шыққан атақты большевик-революционер. Қанағат Ходжаев – Жетісуда совет үкіметін орнатуға белсене қатысқан большевик. Осы қоғам қайраткерлерінің тізімінде Кенен Әзірбаев та бар. Кенен ол кезде – Қордай аудандық революциялық комитетінің төрағасы, кейіннен Ұмтыл ауылдық кеңесінің төрағасы қызметін атқарды.

«Құтылып нашарлықтан жетілгенім,

Бұрынғы ойдан кетті өкінгенім.

Большевик партиясы көтермелеп,

Қордайға ревком боп бекінгенім» - дейтін ақынның өлең жолдары, сол кездегі уақыт лебін, замана тынысын сездіргендей.

Кененнің замандасы, сыйлас інісі, жазушы Р. Байжарасов «Халық дарынының өкілі» деген мақаласында (СҚ., 1959 ж. 19 маусым) ақынның қоғамдық жұмыстары туралы, ауылдық жерлерде атқарған қызметі жөнінде бірқатар нақты деректер келтіреді. «...Кенен Әзірбаев тек көркем сөздің шебері ғана емес. Ол өзі туып өскен, ол кезде Түркістан өлкесіне қараған Жетісу облысы еңбекшілерінің басынан кешірген ірі саяси-әлеуметтік оқиғаларға белсене қатысқан күрескерлердің бірі» дейді. Алғашқы жылдары тұңғыш совет органдарын құрысуға, ауылдық жерде жүргізілген түрлі саяси науқандарға Кенен де барынша ат салысқан азамат.





Осындай аумалы-төкпелі заманда халқының арман-мүддесін тап басқан большевик ақын, қайраткер ақын Кенен Әзірбаевтың күрескерлік тұлғасы, азаматтық келбеті оның сол кезде шығарған бүкіл-өлең-жырларында «мен мұңдалап» тұрады. «Шаңқ етпе», «Қызыл тіл», «Балдай бол», «Жаңа заң», «Колхоз әні», «Жас екпін» сияқты туындылары сол уақыттағы аса ірі саяси науқандарды көркем тілмен жеткізген құнды дүниелер.

Кенен туралы деректі фильм («Наследник Джамбула») түсіруге ат салысқан орыстың көрнекті жазушысы Алексей Брагин ақынның қайраткерлік образын сөз ете келіп, өз көзімен көрген жәйді былайша әңгімелейді: «...В 1921 Кенен был избран председателем Курдайского аулсовета и семь лет подряд оставался на этом трудном посту. Трудно представить свободного акына с мягкими движениями рук, привыкших к домбре, в кожанке тех лет, с портфелем и наганом (времена-то были тревожные). Трудно представить, что и говорить. Но ведь есть фотография, я ее видел сам.». («Огни Алатау» газеті., 1984 ж. 26 июнь).

Кенен үшін де, қазақ халқы үшін де кеңес дәуірі зая кеткен жоқ. Кенен өзінің азаматтық, күрескерлік позициясын нығайтты, халқы болса бұрын болмаған жаңаша дәуірді бастан кешіріп, әлеуметтік-саяси жағынан есейіп, шыңдала түсті. Ақынның өз сөзімен айтқанда: «Ел іші алтын бесік. Ол сені әлдилейді. Қалғып кетуіңе мүмкіндік бермейді. Сен үнемі ояу, сергек, көңілді жүресің. Халықтың дауысы, оның сені тыңдауға деген ықылас-ынтасы бойға қуат, жүрекке шабыт береді.». Осындай ақиқат сөздерден ақын Кененнің халыққа деген азаматтық көзқарасын, шынайы махаббатын, қайраткерлік танымын аңғару қиын емес.

Одан бері де ғасырға жуық уақыт өтті. Сондықтан да, Кенен өткерген сол кездің саяси ахуалын, халқымыздың өміріне үлкен өзгерістер әкелген тарихи оқиғаларды тап басып әңгімелеу өте қиын. Сол дәуірде халықтың, Кенен секілді қайраткер ұлдарының күш-жігерімен жүзеге асырылған жасампаз істердің көріністері көзге елестеп, құлаққа сарыны ғана жетеді.

Дені сауатсыз, мешеу, құлдырап жойылуға таяу қалған халқымыздың мәдениетін, ой-санасын жаңа арнаға бұру, тыңнан жол салу оңай шаруа емес еді. Бағымызға қарай осындай ұлы бетбұрыстың басында Жамбыл Жабаев, Кенен Әзірбаев, Шашубай Қошқарбаев, Омар Шипин, Нұрпейіс Байғанин, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Сәбит





Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Әбілхан Қастеев, Құрманбек Жандарбеков, Ахмет Жұбанов, Күләш Бәйсейітова, Серке Қожамқұлов, Шәкен Айманов сияқты алыптар тұрды.

Халыққа үгіт-насихат жүргізу, сауатсыздықты жою, қоғамдық көзқарас қалыптастыру, мемлекеттік құрылымның тетіктерін үйрету, ұжымдастыру, кәмпескелеу, байларды жер аудару, көне мен жаңаның аражігін ашып көрсету, заманы өтіп кеткен зиянды әдет-ғұрыптардан аластау. Айта берсең таусылмайтын іс-шаруа. Әрі осының бәрі қазақ қоғамына ене бастаған жаңа ұғымдар. Тарихи өзгерістердің бел ортасында жүрген Кенен осы белестің бәрінен өтті. Өтіп қана қойған жоқ, сол оқиғалардың бел ортасында жүрді, белсене араласты. Өзі де шыңдалды, еліне қамқоршы бола да білді.

1930-40 жылдары Кенен ақын қазақтың кең байтақ жерін аралады. Ірі-ірі өндіріс орындарын, ауыл шаруашылығын, тіпті әскери бөлімдердің біразын аралап көрді. Қарағандының шахтерлерімен, Балқаштың мысшыларымен, Аралдың балықшыларымен, сол сияқты теміржолшылармен, малшылармен кездесті. Сол жиынның бәрінде үкіметтің сара жолын, мақсат-мүддесін өлеңмен, әнмен баяндап беретін еді. Бұл жерде «баяндап» деген сөзді, «баяндама жасады» деген кең ұғымда қабылдаған жөн. Өйткені ақынның құралы сөз, өлең-жыр, ән. 5-10 бетке жазылған көпірме баяндамадан гөрі, өлеңмен төгіліп айтқан сөздің пәрмені әлде қайда күшті болады. Сондықтан Кененді өлең-жырмен баяндама жасап, үгіт-насихат жүргізген қоғам қайраткері десек шындыққа жақындай түсетін сияқтымыз. Мәселен, «Балдай бол» деген өлеңінде ақын мынадай үгіт айтады:

*«Бақытты ел балдай болғың ұйымдасып,
Ел болып колхоз, совхоз қиюласып.
Сай-сайда бытыраған еңбекші елім,
Қоныстан поселкеге жиындасып».*

Атақты шахтер Алексей Стахановтың 1935 жылы еңбектегі ерлігі (рекорты) бүкіл кеңестер еліне үлгі болып, үлкен науқанға айналғаны мәлім. Сол кезеңге байланыстырып айтқан «Жас екпін» өлеңінде жастарды озық еңбекке шақырған ақынның насихатшы ретіндегі ролін айқын сезінесіз.

*«Донбаста Алексейдей ерді көрдім,
Үлгі алған табысынан елді көрдім.
Жаса, жаса - жас екпін!
Үйренген ер әдісін әйелдерден,
Салиха, Нұриләдай ерді көрдім.*





Жаса, жаса - жас екпін! - деп үгіт айтады. Сол кездегі елде болып жатқан түрлі өзгерістер мен саяси ахуалдарға жәй бақылаушы ғана емес, соның үгітшісі, ұғындырушысы болу Кененнің қоғамдық позициясының айқындығын көрсетеді.


1928 жылы өзінің әкімдік (болыстық) қызметін тоқтатып, таза өнер жолын таңдады деуге болады. Алайда ақын қоғамдық, әлеуметтік өмірден мүлдем қол үзді, тыс қалды деп қорытынды шығару ағаттық. Керісінше ақын әбден қартайғанша аттан түспей, халық арасында болды. Қазақстанда болып жатқан ең қызу науқандарды жібермей қырағылық танытты. Елдің әрбір қуанышына бірге қуанып, әндерін, өлең-жырларын арнаудан бір танып көрген емес. Кенен ақынның бойында қыранның қырағылығы бар деп жұрт таңданса, оған сіз таңданбаңыз. Өйткені шындығы сол. Халық айтса, қалт айтпайды.

Кененнің әр жылдары әртүрлі оқиғаларға байланысты шығарған өлеңдері көп. Мұнда малшыларға, ғарышты бағындырған Гагаринге, отанның қазынасына миллиард пұт астық құйған егіншілерге арналған туындыларын айтсақ та жеткілікті. «Жеңіс салтанаты», «Қуанышты күн», «Елімнің өсті мерейі», «Шашу шаштым өлеңмен», «Екінші тың ерлері», «Айға ұшқан ақиық», «Миллиардты құттықтау» сияқты өлеңдері сол дәуірдің шежіресі іспеттес.

Ақын өмірінің соңғы он сегіз жылын С.М. Киров атындағы колхозда өткізді. Өзінің 75, 80, 90 жылдық мерейтойын ақын көзімен көріп кетті. Бүгінде ақынның атымен аталатын осы киелі мекен Кененнің ең шуақты күндерінен елес береді. Жетпіс алты жасында тұңғыш келінін түсіріп, жұбайы Насиха екеуінің елу жылдық алтын тойын осы ауылда тойлады. Қазақ-қырғыздың маңдайалды ақын-жыршыларын, жазушыларын қонақ етті. Қазақтың біртуар ұлдары Д. Қонаев, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов секілді ардақтыларын құшақ жайып қарсы алды. Осы ауылда Кенен ақынның араласуымен жүзеге асқан талай істер бар.

Өз ауылына Кенен ерекше қамқорлық танытатын. Колхозға басшы боп келген азаматтар кейде өз құқығынан тыс жоғарыдан шешілетін мәселелер болса Кенен ақсақалға жүгініп, көмек беруін өтінетін еді. Ондайда облысқа, астанаға барып, тиісті басшыларға жолығып әлгі мәселені шешуге ат салысатын. Ауыл басшылары ғана емес, қарапайым адамдар да келіп ақынға өтініш-арыздарын айтып жатар еді. Бұл да Кененді басқа бір қырынан танытатын, азаматтық танымын көрсететін жағдай болса керек.





Кененнің өмірінде болған сондай бір сәтті қазақтың лирик ақыны Тұманбай Молдағалиев «Сәулелі шақ» дейтін шағын мақала-естелігінде былай деп әңгімелейді: «Қазақтың 8 қанатты үйінде атамды өкімет, партия қайраткерлері қоршап отыр еді. Кенекең сол кездегі Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Сабыр Ниязбековке қарап:

- Бір тілегім бар, қарағым, деді. Сабыр ағада:

- Айтыңыз, айтыңыз Кенекем, деді. Кенен ата біраз ойланып отырды да:

- Біраз жылда мен кетемін араларыңнан. Жүзге келемін деп уәде бермеймін. Мен кеткенде көзі тірісінде атам салдырған мектеп еді деп балаларым айтып жүрсін. Біздің ауылға бір мектеп салдырып беріңдер, қарақтарым, деді. Мен Кенен атамды ерекше бір сезіммен жақсы көріп кеттім». («Жетісу» газеті., 1984 жыл.)

Ақынның бұл тілегі аяқсыз қалған жоқ. Екі жылға жетер жетпес мерзімде ақын ауылында шағаладай әппақ мектеп ашылды. Сол мектепте ауылдастарының қаншама ұрпағы оқып-білім алды десеңізші. Кенекенің өзі айтып кеткендей: «Мына мектепті, анау зәулім мәдениет үйін, күре жолдан бері қарай тартылған асфальт жолды Кенен атамыз салдырып берген» деп ауыл ақсақалдары, кейінгі ұрпақтар әлі күнге дейін мақтанышпен айтып отырады. Тоқсаннан аса өмір сүрсе де тұғырынан түспеген қарт ақын өзінің азаматтық борышын бәрінен жоғары қояды, ұрпақ қамын ойлайды. Бұған қалай сүйсінбейсің? Ақынның тектілігі, жүрегінің кеңдігі деген осы болар.

Ақын өз дәуірінің сарапшысы, тәрбиеші-ұстазы дейтін болсақ Кенен ақын бұл жағынан да өзге халық ақындарынан ерекшеленіп тұрады. Оның өлең-жырларында ұрпақ тәрбиесі, әйелдерге, балаларға арналған өсиет-тағылымдары өте мол. Мұның өзі жүйелеп, жан-жақты зерттеуді қажет ететін ауқымды тақырып. Айта кететін бір жай, сол кездегі өктем-өзімшіл «қызыл идеологияның» арасынан сыналап жол тапқан Кененнің іздемпаздығына таң қалмасқа болмайды. Кененде «білімді бол», «қатарыңның алды бол», «көп оқысаң көп білесің», «білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» дейтін жалпылама тілектерден гөрі, нақты өсиет-нақылдар басым. «Бір өсиет жастарға» деген өлеңіне көз жүгіртіп көрейік:


«Дүниені көрмек үшін келіппіз,

Жаратқанның тамашасын көріппіз.

Ай менен күн жарық беріп тұрса да,

Надан болып көр соқырға еріппіз.





*Бұл дәуірдің білімі көп білемін,
Жасым өтіп арманда боп жүремін.
Барша жұрттың кәрі-жасы көзі ашық,
Ұрпақтарым оқыңдар деп тіледім».*

Ақынның өкініші де, арманы да, ұрпағына айтар тілегі де осы екі шумақта тұнып тұр. Бұл өлеңнен Кененнің бойындағы тәрбиеші-ұстаздық ерекшелігін аңғару қиын емес.


Кеңестік идеологияда, оқу-ағарту ісінде біржақтылық орын алып, адамның ой-өрісін бір бағытта тәрбиелеуге баса назар аударылғаны белгілі. Әсіресе, қазақ балаларына табиғатына жат, үйлеспейтін ілімді тықпалау, санасына күштеп енгізу үрдісі басым болды. Халқымыздың көнеден келе жатқан ұрпақ тәрбиелеу тәжірибелері ұмыт қалды. Дала педагогикасы, дала психологиясы, салт-дәстүрі, тұрмыстық-отбасылық әдет-ғұрып дейтін ұғымдар оқу-ағарту бағдарламасынан мүлдем алынып тасталды. Сөйтіп қазақы тәрбиенің, қазақы танымның тамыры қиылды. Осындай алмағайып заманда тыңнан жол іздеп, халықтың салт-дәстүрін, ғасырдан ғасырларға ұласып келе жатқан халықтық тәрбие мектебін сақтап қалуды азаматтық парызым деп ұғынған қазақ зиялыларының қатарында Кенен Өзірбаев та болды. Оның қаламынан туған өлең-жырлары, дастандары, аңыз-ертегілері, мысалдары, поэмалары замана жүгін арқалап, халқымыздың мәдениетін, салт-дәстүрін келер ұрпаққа аманат еткен құнды жәдігерлер.

«Балалар ата-анаңның қадірін біл, сендерде де болады қыз бенен ұл» дейді тәрбиеші Кенен. «Ескі әдет, надандықты тастандар, ғылым білген айға ұшып аспандар» дейді ұстаз Кенен. Бұған қоса, «Жалғыз өскен көктеректе пана жоқ, жалғыз жүрген ер жігітте баға жоқ» дейді ақылгөй Кенен.

Сол кездің өзінде ақындық, азаматтық борышын терең сезінген Кенен қай тақырыпқа бармасын, не жайлы сөз етпесін қазақы таным тұрғысынан келеді. Қазақтың ежелгі сөздерін, ақыл-нақылдарын, мақал-мәтелдерін шебер қолдана білген. Ақынның бала тәрбиесіне лайықтап жазған өлеңдері жетерлік. Әрі онысы баланың психологиясына дөп тиетін, ұғынуға жеңіл, ұлттық нақышта айтылған туындылар. Сондай бір өлеңі «Балалар» деп аталады. Өнге лайықтап шығарған.

*«Балаларым, балдырғаным,
Алсам қолды талдырғаным,*





*Сүйсем мейір қандырғаным.
Балалар!*

*Білім таппай білгіш болма,
Қыдырымпаз, жүргіш болма,
Көрінгенге күлгіш болма.
Балалар!*

*Көзін қысқан мысық болма,
Берекесіз шымшық болма,
Ата-анаңа қырсық болма.
Балалар!*


*Қорқақтығың қоян болма,
Жағымпазшыл аяр болма,
«Ас піскенде» даяр болма.
Балалар!*

*Өтірікші, бөсер болма,
Қуыс кеуде есер болма,
Еңбекші елге кесел болма.
Балалар!*

Қазіргі таңда күндіз-түні компьютерге теңіліп, бүкіл есіл-дерті шетелдік даңғаза музыкаға ауған жас буынды қалай сақтап қаламыз дейтін ой кімді болса да бейжай қалдырмайды. Бұған бүкіл халық, қоғам болып жұмылмаса мұндай селебеден аман шығу мүмкін болмай тұр. Бұған қарсы тұратындай жан-жақты ойластырып зерделенген мемлекеттік бағдарлама қажет. Телерадио, газет- журнал дегеніміз тұралап, дәрменсіз болып қалды. Осындайда домбырасы күмбірлеп, көмейлері бүлкілдеп өлең-жырды сел қылатын Жамбыл, Нартай, Кенен сияқты ақылгөй дарабоз ақындарымыз тағы жоқ. Солар жырына қосып дәріптеген ұлттық танымға, қазақы үрдіске, халықтық тәлім-тәрбиеге оралмасақ ұрпақтың болашағы күңгірттене түсетіні хақ.

Бір заманда қазақты «жылқы мінезді», жаужүрек, батыр халық деп атаған. Соған қоса, оның ақкөңіл дарқандығы, қонақжайлылығы тура- лы да мақтан ететін. Кейін «қойдан жуас» момақан, көмпіс атандық. Қазақ әйелдерінің де, еркектерінің де мінез-құлқы, іс-әрекеті күрт





өзгерді. Осы күні қазақтың әйеліне немесе еріне тән байырғы қазақы мінезді тап басып айта алмайсың. Қазіргі заманда қазақтың қыз-жігіттері, олардың мінез-құлқы, жүріс-тұрысы қандай болу керек? деген сауалға дәл жауап таба алмай күмілжіп қалатынымыз сөзсіз. Өйткені жақсы-жаман ғұрыптың бәрі араласып «мый палау» болып, қойыртпаққа айналған қазіргі уақытта, оның ішінен асылы мен жасығын айыру тіпті қиын.

Сонда біздің ата-бабаларымыз дәріптеген, ұл-қыздарына, келіндеріне өсиет-үлгі еткен, ұрпақтарын баулыған қазақы тәрбие қандай еді? Бұл сауалдың жауабын Кенен Әзірбаевтың өлең-жырларынан, аңыз-әңгімелерінен табуға болады. «Жалғыз қаз» аңызындағы Данышпан атты қыздың, «Бұрынғы өткен батырлар» жырындағы Айнамкөз, Қаракөз, Күнтимес деген арулардың, «Ноғайбай мен Өселдегі» ақылгөй Өсел сұлудың, «Дәурен сал» туралы әңгімесіндегі Қырмызының образдары үлгі етіп алатын байырғы қазақ әйелдерінің бейнесі. Осылардың әрқайсысының бойынан өр мінездің, сабырлы-салмақтылықтың, кең пейіл-даналықтың үлгісін көресіз. Ұрпақ тәрбиелеудегі Кенен ақынның ұстанған бағыты, діттеген ойы осындай.

«Жалғыз қаз» аңызында даңқ құмар ханның жалғыз қызына жасаған қиянаты туралы сөз болады. Күн сайын бір қоңыр қаз, сүйкімді үнімен қаңқылдап келіп хан сарайын айнала ұшып кетпей қояды екен. Қаздың мұнысына таң қалған хан уәзірлерін шақырып алып:


- Сендер ақыл тапқыш болсаңдар, осы қаздың не деп жүргенін біліп беріңдер дейді.

- Тақсыр-ау, біз құстың тілін білмейміз. Оның не деп жүргенін құдай білмесе, біз қайдан табамыз, деп ұлардай шулайды. Айтқанын істетіп үйренген төкаппар хан:

- Сендерге қырық күн уақыт беремін. Қоңыр қаздың не деп жүргенін тапқан адамға оң тіземді беремін, қазынамның кілтін ұстатып, жалғыз қызымды қосамын деп жар салады. Уақыт зырлап өте береді. Жауабын таба алмаған уәзірлер зәре-құты қашып, қайғыдан азып-тозып, адами сиқыдан айрылады. Сөйтіп, не істерін білмей түңілген уәзірлер ханның қызы Данышпанға келіп жалыныпты.

- Мен жалғыз қаздың не айтып жүргенін білемін. Сендерге жауабын айтсам қатыгез әкенің қаһарына ұшыраймын. Адам баласын «опасыз» деп жылан патшасы Шәймәрат айтқан. Ертең-ақ мені айтып қоясыңдар ғой дейді.





- Қарағым, мойнымызға мінгізіп еркелетен қыз едің, өлсек те ауыздан шығармаспыз. Дар ағашынан құтқарсаң болды, өмір бойы құлдығың боп өтерміз деп өлердегі сөзін айтып жалбарыныпты. Сонда ақылгөй қыз: «Жақсы еркекті жаман қылатын да – әйел, жаман еркекті жақсы қылатын да – әйел. Жалғыз қаз тегін құс емес, оның айтпағы осы» депті.

Ақырғы күні ханның алдына жүгінген уәзірлері қыздың үйреткен сөзін қайталап айтқан екен. Хан тұрып:

- Жауабын тауыпсыңдар, жарайды. Сонда отыз тоғыз күн бойы таппаған жауап бір күнде қалай естеріңе түсті? Оның үстіне бәрің бірдей бір жауапты міңгесіп келіпсіңдер. Сендерге мұндай ақылды кім үйретті? Айтпасандар дар ағашы даяр тұр, бәрібір дарға асамын депті қаһарлы хан.

- Мұны айтқан өзіңіздің қызыңыз еді, хан ием. Жанымызды қалдыра көріңіз! деп міңгірлеген уәзірлеріне қатты ашуланған хан орнынан тұрып кетіпті.

Қызына қатты кектенгені соншалық сол аймақтағы мүгедек, кемтар болып қалған адамдардың бәрін жинатып алады. Соның ішінен қол-аяғы тырысып, семіп қалған біруді алып қалып:


- Ал қызым, «жаман еркекті жақсы қылатын әйел» депсің ғой. Мына жаман мүгедекті жақсы қылып ал. Сені осыған қостым дейді. Парасаты мол, ақылды қыз әке бұйрығын қабыл алып, сыр білдірмей шығып кетеді.

Мүгедек жігіттің әке-шешесі қолдарынан кетпен түспеген шаруа, адал жандар екен. Данышпан келе салып хан қызымын деп кеудемсалдыққа салынбай, үйдің де, түздің де шаруасын дөңгелетіп алып кетіпті. Келіннің ақыл-парасатын, кішіпейіл-еңбек сүйгіштігін, әдепті жүріс-тұрысын, адамгершілігін көрген жұрт батасын беріп, мақтан етіпті. Бір күні ауыл-аймақты аралап келген келіні:

- Ата, «ерменді жерде ер өлмейді, жалбызды жерде жан өлмейді» дейтін халықтың мақалы бар. Емдік шөптің бәрі осында екен. Екі ту бие тауып сойғызыңыз. Балаңызды емдеуге кірісеміз дейді.

Сол жылдың күзінде екі ту биені сойдырып, ішкі майын, қазықартасын бөліп, теріні әбден тазартып алады. Мес боп қалған күйеуін дәрі шөптерге шомылдырып, шөп қоспасымен ысқылап, майлап теріге орап тастайды. Бірер ай өткенде күйеуінің қол-аяғына жан бітіп, саусақтары қимылдай бастапты. Үзбей жасаған емнің, ішкен дәрінің күшімен жігіттің көңілі жадырап, тілі шыға бастайды. Алты ай өткенде арыстандай алып жігіт болып шыға келеді. Қайта «тіріліп»,





ел қатарына қосылған күйеуінің атын өзгертіп Арыстан деп атайды...

...Перінің қызын әперіңдер деп бүкіл елді дүрліктірген ханды саба-сына түсірген де, оны ұстаудың амал-тәсілін ақылымен ойлап тапқан да, хан-әкесінің алдын орап перінің қызын Арыстанға алып берген де, қызғаныштан қылқынып қырып-жоюға келген ханың әскерін тас-талқан еткен де, ақыр соңында әкесінің у ішіп өлуіне себепші болған да Данышпан қыз. Басқаша айтқанда, әйел парасаты, ақылы, көрегендігі, төзімділігі десек болады.

Кенен қазақ әйелдерінің қадір-қасиетін, қайсар мінезін, еңбек сүйгіштігін, еріне деген сүйіспеншілігін осылай дәріптейді. Мұндай жағдай аңызда ғана емес, өмірде де бар екендігін аңғартады. Бұдан шығатын қорытынды, қыз-ұлдарымызды тәрбиелеуге келгенде ұрпақтан ұрпаққа мұра боп келген ежелгі құндылықтарға, ата-аналарымыз қалдырған ізгі дәстүрімізге жатырқап қарауға болмайды. Соның ішінен саф алтындай таза дүниелерді таңдап алып, өз заманымызға лайықтай білсек болғаны.

Кененді өз дәуірінің ақыны, сарапшысы, ұстазы ретінде өзінің азаматтық борышын абыроймен ақтап шыққан адам дедік. Оның «Ерлі-зайып», «Әжеме», «Биқа қыз», «Күләшқа», «Келінжан», «Нәсиқаға», «Аулынан ғашық жардың аттанарда» деген өлеңдерінің қай-қайсысын алсаңыз да, қазақ әйелдерінің табиғатын, ақыл-парасатын, мінез-құлқын дәріптеген асыл дүниелер. «Тау текеше тау-тасқа аттап кетпе, кір жастықты басыма жастап кетпе» десе, келіндерге жүктеген ақылы, «қорқақтығың қоян болма, жағымпазшыл, аяр болма» десе, немерелерге айтқан өсиеті, «жақсы әйел жұрт алдында жасытпайды, сабырлы салмақ сақтап асықпайды» десе жалпы әйелдерге қалдырған тағлымы.

Қарымды қаламгер-журналист Е. Естаев «Ақынның өзі де үлгі, сөзі де үлгі» дейтін мақаласында былай депті: «Кенен Өзірбаевтың азаматтық тұлғасы қандай биік болса, өнердегі үлгісі бұдан да зор, бұдан да келбетті, келісті... Жалпы Кененнің әжесіне, сүйген жарына, келіндеріне, туыстарына, інілеріне, жеңгелеріне, балаларына арнаған қандай ән мен өлеңін оқысаңыз да адамдар арасындағы ынтымақты, бірлікті мадақтайды, оқушысы мен тыңдаушысын сыйласа білуге шақырады». («Қазақстан мұғалімі» газеті., 1984 ж. 22 июнь). Дөп айтылған сөз. Кенен ақынның дйттеген мақсаты, азаматтық ұстанымы осыған саяды, осыны меңзейді.

*«Болады кейбіреулер көз қаранды,
Ұғымсыз, мағынасыз сөз сараңды.*





*Үйретсең жаман әдет жастайынан,
Өскенде тия алмайсың өз балаңды»* - деп халқына нақыл сөзін қалдырған кемел ақынның өмір жолы, туа біткен өнері тәрбиелік мәні зор, алда талай ұрпаққа үлгі-өнеге көрсететін бағдаршам іспеттес. Оның Алатаудай биік көрікті тұлғасы, азаматтық келбеті, қайраткерлік бейнесі уақыт өткен сайын асқақтай түседі. Өйткені Кенен қазақ тарихында, халық жадында мәңгі сақталып қалған күрескер ақын. Халқымыздың атақты ақыны Әбу Сәрсенбаевтың сөзімен айтқанда: «Сыртқы сымбаттан да, кейіп-келбеттен де, байсалды мінез, парасатты ойдан да жұтамай жаралу қандай бақыт!».

КЕНЕН – СУРЕТКЕР АҚЫН

Сөзбен ою ойып, қыздың тіккен кестесіндей айшықты, қамшының өріміндей жымдастыра жыр тудыратын сөз зергерлері қазақ халқында аз болмаған. Ғасырлар тұнығынан бастау алатын сол бір көне өнерден сусындап, ғұлама ақын-жырау, әнші-термешілердің жарқылындай, сарқытындай болып біздің дәуірімізге жеткен адам Кенен Әзірбаев деуге толық негіз бар. Табиғат сұлулығын, тынымсыз аққан бұлақтың сылдырын, самалдап соққан желдің сыбдырын сезіну үшін адам боп туу аздық етеді. Ол үшін туа біткен ақындық, сезімталдық, сергектік қажет. Міне осының бәрі Кененнің бойында бар.

Кенен Алатаудың небір ғажап жерлерін, қырғыздың асқақ тауларын, туған өлкесі Қордайдың сай мен саласын түгел атпен аралап, көзін суарып, жанымен сезінген адам. Бұған ақынның «Алатау айнасы», «Қырғыздың көп татыппын дәм мен тұзын», «Алатау аспанменен тілдескендей», «Қордай» деген өлең-термелері дәлел. Бұл жерде ақын табиғат сұлулығын сырттай тамашалап қана қоймайды, оған сөзбен жан бітіргендей әсер қалдырады. Ақынның мына бір өлең шумағынан-ақ, көз алдыңызға алып тұлға Алатау емес, ақ сақалы желкілдеген, ықылым заманды бастан өткеріп, сал тартып кемелденген дана адамның кейпі тұра қалғандай:

*«Көп көрген ақсақалым – Алатауым,
Аспанмен ғасыр бойы бітпей дауың.
Көк тіреп биік бойың шоқтықтанып,
Лебіңмен бұлтты тартып алған дәуім».*





Мұны сурет емес деп қалай айтасыз? Тіпті Алатауды көзбен көрмеген адамның өзі, басын бұлт шалған, биік шыңдары көк тіреген алып-асқақ тауларды көз алдына елестете алады. Суреткер ақын төкаппар, асқақ Алатаудың сыртқы кейпімен таныстырып алған соң, ендігі жерде оның сұлу көрінісін сөзбен көркемдеп, адамша киіндіре бастайды.

*«Қарағай, қайыңы мен түрлі жеміс,
Сұлудай мөлдір көзі кірпік қаққан.
Кигендей торғын шапан, жасыл жібек,
Қадалып қарағандар көзін сатқан.
Жігіттің көзін тескен қыз секілді,
Жамылып атлас шәйі, түйме таққан...
Балауса балдырғаны белуардан,
Сылдырлап мөлдір бұлақ сылаң қаққан».*

Бір ғажабы осы шумақтарды оқып отырып, санаңызда басына мұз қатқан, ызғарлы, қойны суық тау шоқылары емес, жасыл «жібектен» шапан жамылып, көздері жаудыраған сұлудың бейнесі тұра қалады. Мұны да ақынның суреткерлігі дегенде не дейміз. Ақын мұнымен де тоқтап қалмайды. Алатау айбарлы, айбынды, елді жаудан қорғаған батырлар іспетті. Олар күндіз-түні кірпік ілмей елінің тыныштығын қорғайтын алып батырлар бейнесінде суреттеледі.

*«Таласқан аспанменен шың-құздары,
Күлімдеп күн мен айға жауап қатқан,
Батырдай сауыт киген, қалқан ұстап,*

Ұйықтамай күндіз-түні халқын баққан» - деп Алатаудың асқақ шыңдарын күнмен де, аймен де тілдесетіндей мүмкіндігі бар қаһармандарға теңеп жырлайды. Жалпы Кененнің өлең-жырларында табиғат көріністерін ғана емес, ақындар шабытын, жүйрік аттың шабысын, тарихи тұлғалардың келбетін өлеңмен нақыштап, суреттеу әдісі көп қолданылады.

Қобыланды жырындағы Тайбурылдың шабысын жырлайтын тұсы қандай көркем болса, Кенен ақынның «Төкетайдың асы» деген жырындағы Мәнікер мен Шалқұйрық атты тұлпарлардың жарысын көрсететін тұсы да өте тартымды суреттелген. Екілене жарысқан екі тұлпардың аяқ дүбірі, ышқына ұмтылып тұяқтарымен тасты үгіткен ұшқырлығы, ер-тұрмандарының, қатарласа бере бір біріне соғылған үзеңгілерінің сыңғырына дейін естіліп тұрғандай әсер аласыз. Шынайы суреткер ақынның дарыны осы тұста барынша ашыла түскен.





Жыр алыбы Жамбылды сөз еткенде көз алдымызға ақсақалы кеудесін жапқан, данагөй абыз ақынның бейнесі келеді. Бірнеше ұрпақ Жәкеңнің осы бейнесін көріп өсті, жадында жыршының осы келбеті ғана сақталып қалды. Ал Жамбылдың желдірмесі, төкпе жыры деп айтуын атқанмен, сол жырды құйындатып айтқан ұлы жыраудың жастық келбетін көзге елестету қиын. Кенен өзінің «Жамбыл-жыр» деген поэмасында ақынның осы ерекшеліктерін өлеңмен нақыштауға ұмтылады. Жамбылды бірінші көргенін былай деп суреттейді.

*«Кісі екен алпыс жасты алқымдаған,
Салдықтың самалымен салқындаған.
Домбыра ап, төңірекке қарағанда,
От болып екі көзі жарқылдаған.
Ауызда айтар сөзі іркілмеген,
Ақынның дер шағы екен бұл күн деген.
Ақырып, домбырасын сабағанда,
Шіркіннің екі иығы бүлкілдеген»*


Сөзбен жасалған «портрет» деп осыны айтса керек. Кенен бұл естелік жырында Жамбылдың көптеген ерекшеліктеріне, мінез-құлқына, адамға деген ілтипатына, жыршылық қасиетіне, отбасындағы көңіл-күйіне үлкен мән бере жырлаған. Және оның бәрі де шындықтан ауытқымайды. Өйткені, Кенен Жәкеңмен танысқан күннен бастап, елу жылдан астам уақыт жыраудың серігі, шәкірті болған адам. Ұстазының мінезіндегі көптеген қызық жәйларды айта келіп, Кенен былай дейді:

*«Жамбылдың бір мінезі – мақтанбайды,
Бой тартып, сайысудан сақтанбайды...».
«Әжуа, қалжыңға да қапелімде,
Шап етіп шауып қалар қақпандай-ды...».*

*«Бір сөзден әділ айтқан танбайтұғын,
Өмірде адалдықты таңдайтұғын.
Жақпаған, жақтырмаған адамына,
Сараңнан да сараң боп тамбайтұғын».
Өмірден жазатайым опық жесе,
Бір күнде бір жылғыдай аритұғын...».*

*«Бала көп, бәрін сүйіп құшатұғын,
Жетімсіз тұрмыс шіркін қысатұғын.
Тапқанын бала-шаға талапайлап,
Үлесіп алушы еді алақайлап».*






Кененнің Жамбылға арнап шығарған бұл туындысы жырау жайлы жазылған, айтылған өлең-жыр, толғаулардың ішінен ерекше бой көрсететін, шоқтығы биік дүние. Бұл көптеген әдебиет зерттеуші ғалымдардың тоғысқан ой-пікірі. «Бір күні Жамбылды ойлап қиялдадым, көз ілмей төсегіме сия алмадым. Кененжан дейтін сөзі еске түсіп, өзімді-өзім сөгіп ұялғаным...» дейді ұстазын сағынған ақын. Жамбылмен өткерген ғажап күндерін, өлең-жырдың ордасына айналған жыраудың ауыл-аймағын еске алып күңіренеді. Ұлы жыраудың өзіне деген ағалық пейілін, берген ақ батасын еске алып: «Ақтауға парызымды домбыра алдым, ойланып шырмауықтай он бұралдым» деп ағынан жарылады.

Біз сөз етіп отырған мәселе Кенен ақынның суреткерлік шеберлігінің бір қыры ғана. Ол адам келбетін жасау. Ал біз жоғарыда айтып кеткен Жамбылдың желдірмесі деген не? Оны құлақпен тыңдамасаңыз, қолмен ұстап көре алмайсыз. Арқаланған кезде, табаны қызған тұлпардай екілене жырлаған жырауды көресіз. Екпінінен тау қозғалып, дауыл тұрғандай әсерлі. Түйдек-түйдек төгілген нөсер жырдың ырқына көніп, соның ырғағына еліп кеткеніңізді байқамай да қаласыз.

*«Желдірмесі Жамбылдың,
Жел соққандай таң қалдың,
Екіленіп, екпіндеп,
Қарасақал желкілдеп,
Тізелері селкілдеп,
Желген аттай дүрсілдеп,
Жел маядай бүлкілдеп,
Жермен бірге зіркілдеп,
Келіп жатқан секілді,
Ахау шіркін-шіркін!- деп,
Таңдайына тамғандай,
Жыр тізбегі біртіндеп...
Қожаңдаған күштіге,
Жолбарыстай атыл деп,
Сорғалаған қырандай,
Бөктердегі бөріге,
Төне жатқан секілді...»*

Желдей есіп, құйындата соғатын төкпе жырдың, желдірме жырдың құдыреті осында. Әрі ол бір тыныспен, екпіндете, аса жоғары шабытпен айтылады. Бұған көп ақының жүрегі дауалай бермейді





деп бекер айтпаса керек. Кененнің суреткерлігі осы тұста айқын байқалады. Желдірме жырдың табиғатын терең түсетіндігі бір бөлек, оны жаныңызбен сезінетіндей етіп жырлайды. Төкпе жырдың екпіні санаңызды елітіп, қиялыңызға қанат бітіргендей әсер етеді.

Жамбыл да, Кенен де терме жырдың асқан шебері әрі соған төселіп, әбден машықтанған майталман әрі суреткер жыршылар. Мәскеуде, Кавказда болған кездерінде, басқа да додалы жиындарда тыңаушылардың таңдайын қақтырып, атақ-даңққа бөленген арқалы ақындар екенін құрметпен еске алуға тиіспіз.

Кененнің суреткер ақын екендігін «Кебекбайдың келбеті» деген өлеңін оқыған кезде анық көзіңіз жетеді. Кебекбай шешен


Кенен ақынға туыстығы бар, қыз алыспайтын бір рудың адамы. Әрі батыр, әрі шешен, елін жаудан қорғаған жаужүрек адам екен. Ақынның көп кейін жарық көрген «Аңыздар сыры» деген кітабында Кебекбай жайлы біраз айтылады. Онда да Кебекеңнің шешендік сөздері, тапқырлығы, адалдығы жайлы қысқаша әңгімелеумен шектелген. Ал Кебекбай туралы жазған Кененнің алғашқы туындысы әлде қайда көлемді, мағыналы болса керек. Біздің бұлай деуімізге себеп мынау.

Сонау 1951 жылғы 8- ақпанда Кененнің бірнеше шығармасына қорытынды пікір жазған белгілі жазушы Сапарғали Бегалиннің қолжазбасы бар. Өз қолымен жазылған түрнұсқада жазушы мынадай пікір айтады (сөзбе-сөз келтіріп отырмыз):

«Кебекбай батырдың әңгімесі» - бұл әңгімеде ақын біресе жырлай, біресе қара сөзбен баяндап, 19-ғасырдың орта кезінде өмір сүрген Кебекбай деген кісінің өмір тарихын баяндайды. «...Кебекбай әрі батыр әрі әділ...Болса да өлгеніне алпыс жылдай, аузында қазақ-қырғыз жүргеннен біл» деп бастап, бірнеше тақырыпқа бөледі. Мысалы:

1. Кебекбайдың алғашқы көрінісі
2. Кебекбайдың анасының зары
3. Колпаковский мен Кебекбай
4. Тезек төре мен Кебекбай
5. Кебекбай мен Қара батыр
6. Әлтөренің жұмбағы
7. Кебекеңнің жоқтаушысы
8. Кебекбайдың тұсындағы ақын Тілеулі





9. Кебекбай жолы

10. Кебекбай мен Бердібек

Бұдан соң жазушы шығармадағы әлі пісуі жетпей жатқан тұстары, сюжеттегі кемшіліктер жайлы сөз етеді. Бұл жерде бізге ой салған нәрсе шығармадағы кемшіліктер емес, сондағы аты аталған тарихи адамдар. Қоқан хандығының қатыгез сарбаздарына Колпаковский соғыс ашса, Кебекбай да қарап жатқан жоқ. Олармен қанды шайқасқа шығып, тіпті солардың тұтқыны да болған. Тезек төре болса Жетісудың ең соңғы ханы. Шыңғысханның тікелей ұрпағы. Бұл туындының құндылығы міне осында.

Демек, Кенен өз шығармасында осы адамдар жайлы, оларға Кебекбайдың қандай қатысы бар екендігі, не жөнінде дидарласқаны туралы сөз етеді. Бұл аса құнды мағлұмат. Кебекеңнің тарихи келбетін аша түсетін, оның қайраткерлік, күрескерлік тұлғасын көрсететін деректер екені дау туғызбайды. Бір өкініштісі Кененнің Кебекбай шешен жайлы жазылған осы туындысының түпнұсқасы бізге жетпей қалған. Оның қай жерде, кімнің қолында екені әлі күнге дейін беймәлім.

Кененнің Кебекең туралы жырында мынадай да шумақ кездеседі.

*«Дәл он сегіз жасында,
Үш Қосайдың басында.
Аңырақайдай батырды,
Байлап алған асуда».*

Егер ақынның айтып отырғаны қазақ тарихында аты қалған атақты Аңырақай шайқасына қатысты болса, Аңырақай жер атауы емес, адамның аты болғаны ғой. Жер атын жекпе-жекте қаза болған батырдың атымен атау көнеден келе жатқан үрдіс. Осы күнгі Аңырақай теміржол станциясы да Кебекеңнің ауылынан алыс емес.

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары әркім өзінің ұмыт болған аталарын, батыр болған бабаларын еске түсіріп ат шаптырып, ас беріп, қолдан келгендері, тіпті ескеркіш-мүсіндерін орнатып жатты. Сондай бір ескерткіш Отар елді мекенінде Кебекбайға да орнатылды. Оны өз қаражатына жасатып, ас беріп, Кебекеңнің рухын асқақтатып жүрген Жұмахан Саймасайұлы деген азамат еді. Ескерткіштің сәтті шыққаны сондай, көз алдымызда Кебекеңнің тірі бейнесі тұрғандай әсер ететін. Бір жолы Жұмаханнан:

- Бабаңды көзбен көргендей етіп, келбетін қалай айнытпай жасағансың? деп сұрадым.

- Кебекбай бабамыздың қандай болғанын біз қайдан білеміз, аға. Келбетін, түр-түсін, тұлғасын айнытпай жырлап кеткен Кенен атама





мың рахмет. Сол кісінің айтқандарына қарап отырып жасаттым, деп ақтарыла күлді.


*«Он жаста Кебекемді көрдім анық,
Жас шақта көрген нәрсе ойға қанық.
Сарылау, кең жауырын, сүйір сақал,
Ақылға қайратпенен құйған сауыт.
Айнала қара көзін қызыл басқан,
Кірпігі оза шығып, қара қастан...
Шор буын, сүмбіл сүйек, кеудесі кең,
Шелектей кебентайы, етек пен жең...
Жанары екі көздің жанған оттай,
Сөзінің өткірлігі атқан оқтай...
Аз сөйлеп, көп тыңдайтын елдің сөзін,
Бас иіп, жұма қарап екі көзін.
Сабырлы, салқын мінез, сүйкімді жүз,
Халыққа борышкердей көріп өзін».*

Кенен сөзбен «өрнектеп» салған Кебекеңнің бейнесі осындай. Біз ақынға қарсы дау айта алмаймыз. Өйткені ол көзбен көргенін, жүректен өткізіп барып айтып отыр. Енді бір жағынан, Кененнің суреткерлігі соншалық, расында Кебекбайдың келбеті тап осындай дегенге кәміл сенесіз.

Адамның образын шығару, сыртқы келбетін, ішкі жан дүниесін дәл көрсету ақын-жазушылардың дарын қабілетіне, шеберлігіне байланысты екені рас. Бұған көзі қарақты, қарымды қаламгерлер тез төселеді. Ал ақын үшін зергерлік, суреткерлік қасиеттер туа бітетін табиғи ерекшелік екені даусыз. Жансызға жан бітіргендей, асау бұлақты сақ-сақ «күлдіріп», санын шапалақтап жүгірген ерке баладай тастан тасқа секіртіп қою үшін қаншалықты шеберлік, тапқырлық керек екені айтпаса да түсінікті. Кенен ақынның «Таудың суы тасқындап» дейтін өлеңі біздің осы ойымызды дәйектей түседі.

*«Тау басынан тас бұлақ,
Тасып ақты атқылап.
Гүрілдеген көзінен,
Күмістей су тасқындап.
Асыр салған баладай,
Санын ұрып шапқылап...
Жағалауы көк торғын,
Миуасы маужырап.*






*Сәукелелі сұлудай,
Сәнді өсімдік салбырап,
Қызғалдағы қыздарша,
Екі беті албырап...
Сеңгір тастан секіріп,
Көкке шапшып көпіріп.
Сақ-сақ күліп сылқылдап,
Билегендей былқылдап...»* деп төгілте жырлайды.

Ақынның да ақыны бар. Қолына домбыра алып жыр төккенде жүйрік аттай екіленіп, тынымсыз атқылаған бұлақ тәрізді күндіз-түні бір тынбай жыр ақтаратын ақындардың жөні бір бөлек. Олар шетінен суреткер, сөзбен ою ойып, өрнек салатын қас шеберлер. Кенен де сондай арынды, арқалы ақындардың бірі. Мұнысын ақынның өзі де «Өткен талай ақындар» деген өлеңінде аңғартып кетеді. «Айтқанбыз кейін шыққан біз де солай, алдағы ақындардың жолын қуып...» дейді. Бұл ойын бекіте түскендей: «Өнердің дәл осындай мен де иесі, өн бойым тек жақсылық дүниесі» деп нақтылай түседі.

2008 жылы Алматыдағы «Білім» баспасынан жарық көрген қаламгер С. Міркемеұлының «Қанаты қырқылған қырандар» атты әдеби естелігінде Кенен ақын жайлы, оның туған өлкесі, ән-айтыстары жөнінде әңгімелей келіп мынадай пікір айтады: «...Ол біздің болашақтағы олжамыз десе де болады. Өйткені қазіргідей айналасы тап-тұйнақтай, іші кеуек сұлу жырлардың тұсында, кенересі кең, тыныштылықты паш ететін нағыз қазақи жырлардың тәліміне ертеңгі күні зар болатынымыз рас. Сол кезде осы Кенен ақынның алдындағы, айналасындағы сөз жүйріктерінің телегей-теңіз, аста-төк жырлары мен оның неше түрлі айтылу тәсілдері һәм түрлері қазақ әдебиетінің қарашаңырағының іргесін шайқалтпай ұстап қалатыны ақиқат».

Көңілге қонатын сөз. Расында, халық поэзиясынан шеттеп, ұлттық таным-тәрбиеден қол үзіп қалған, халық ақындарына менсінбей шекесінен қарайтын, жаңа ұйқас, жаңаша өлең құрамыз деп өзге елдің поэзиясына табынып, не оның өресіне жете алмай, не өз ұлтының көне өнеріне мойын бұра алмай «далақтаған» ақын сымақтарға ой салатындай сөз екен.





ТУҒАН ЖЕР ТҰҒЫРЫҢ

Туған жер туралы өлең шығармаған, жыр арнамаған, әнге қосып асқақтатпаған ақын-әнші жоқ шығар. Солардай көрнекті өнер иесі Кенен деуге болады. Ақын туған жер тақырыбына бестен аса өлеңін, жеті әнін арнапты.

Адамзаттың жерұйығы «Ана - жер ана» дейді ұлы қаламгер Шыңғыс Айтматов. «Жер ана – адамға тағзым ет» дейді ұлы ақын Олжас Сүлейменов. Енді біреулер: «Адамның тіршілік тұғыры да, табыты да қара жер» деп сәуегей сөз айтады. Мұның бірі жазушының бейнелеп айтқан тағлымы, бірі ақынның шабытынан туған ойтүйіндер. Болмаса жердің ана да, табыт та болмайтыны нақ. Ал адамның алдында бас иіп, тағзым етіп жатпайтыны тіпті рас. Одан гөрі жұмыр жерді ақ бесігіміз, ортақ үйіміз десек жөн сияқты. Сол жұмыр жерде қазақтың да ғасырлар бойы жүріп өткен тарихи іздері сайрап жатыр. Кенен өзінің «Қазақстан» деген арнау өлеңінде былай дейді:


*«Халқымның Қазақстан кең жері бар,
Алатау, асқар Алтай белдері бар.
Ақ Жайық, Ертіс, Арал, Каспий, Іле,
Сан өзен, терең теңіз, көлдері бар».*

Ақынның ықшамдап айтқан тау-тасы, өзен-көлдері, сай-саласы, боз даласы біздің баға жетпес байлығымыз. Алтайдан Атырауға, Алатаудан Арқаға дейін көсіліп жатқан, ұшқан құстың қанаты тала-тын, қарасаң көздің жауын алатын кең байтақ жер – Қазақ деп аталатын елге бұйырған екен. «Бұйырыпты» дегенде, оны бізге ешкім әкеп бере салған жоқ. Жерін қорғап кеудесін оққа тосқан бабалардың, найзасын айға білеген батырлардың, болашақты болжай білген, көреген даналардың арқасында бұйырған жер. Қазақ пен туған жердің кіндігі бір. Қазақ халқы бастан не кешірсе, туған жері де соның бәрін көрді. Бір ғана ақиқат бар. «Қазақ - туған жерінсіз өмір сүре алмайды, жұмыр жер болса – қазақсыз-ақ өмір сүре береді». Туған жер тұғырың дегенде біздің діттеген ойымыз осы еді.

Жас ұрпаққа тәлім-тәрбие бергенде туған жердің қадірін, оны сүйіп қана қоймай қадірлей білу керетігін көбірек айтқан жөн. Кененнің өлең-жырларынан біз осы үрдісті берік сақтайтынын көреміз.

- Ата, бір ел бір елмен не үшін соғысады? Соғыссыз өмір сүруге болмай ма? деп сұраушы едік. Сонда, көпті көрген қарт ақын:





- Не үшін болушы еді. Бірінің жеріне, енді бірінің байлығына қызығады. Дәлірек айтқанда қызғанады. Соғыс атаулының бәрі, түптеп келгенде, жер-су үшін болады. Бұл ақиқат, тарих тағылымы деп жауап беретін.

Тап сол кезде ақынның айтқанын терең пайымдап жатпасақ та, туған жерден асыл, қадірлі, қымбат еш нәрсе жоқ екенін жүрегімізбен ұғынатын едік. Кейін ақыл тоқтатып, есейген кезде ақынның өлеңдерінде айтылатын жүрек мұңын, туған жерге деген сағынышын терең түсіне бастадық.

Кененнің бір ерекшелігі көзбен көріп, басынан кешкен жәйларды ғана баяндайды. Ойдан қосып, жалғандықа бару ақын табиғатына жат нәрсе. Мәселен, 1916 жылы тоз-тозы шығып, туған жерден үдере көшіп, тарыдай шашылған елдің, «тас жастанып, мұз бүркенген» ердің көңіл - күйін ақын қалай дөп басып жеткізген.

*«Алатау алабында туып өстік,
Қайнардың тастан аққан суын іштік.*

Ел үшін қайғы тартып, азап шегіп,

Патшаның зорлығынан босып көштік» - дейді қайғы жұтқан есіл ер. Мұндай күйді тек Алатау алабы ғана емес, қазақтың бүкіл даласы бастан кешіргені мәлім. Патшаға қарсы көтерілген халық көтерілісін аяусыз басып, қанға бояған бұл қанды оқиға қазақ тарихында мәңгі жазылып қалды. Сол оқиғаға байланысты шығарған «Қайран елім» өлеңінің осы шумағында қайғы тартқан ақынның күйініші көрініс тапса, келесі шумақта арман-ойы айтылады.

«Аман бол, көріскенше ел-ағайын,

Басыңа түсті бүгін сары уәйым.

Ел-жұртым еркіндік ап, басын қосса,

Серпілер сонда менің арман-ойым» - дейді болашақтан

үмітін үзбеген, арманшыл ақын. Патшаны тақтан құлатып, барлық халыққа теңдік, еркіндік әпереміз деп ұрандатып келген кеңес өкіметін құшақ жая қарсы алуының бір сыры осында жатыр. Ғасырлар бойы патшаның бұғауынан құтылуды арман еткен халқымен бірге Кенен де қуанышқа бөленіп, жаңа дәуірді шабыттана жырлады. Белін жазып, кеудесін көтере бастаған халқының дауылпазы, ақылшысы, ардақты ақыны бола білді. Бұл сөзімізде ешқандай көлгірсу жоқ. Өйткені Кененнің бүкіл өмір жолы, ақындық болмысы, азаматтық парызы осыны айғақтайды, нақтылай түседі.

Кенен үш соғысты бастан кешірген ақын. Оның алғашқысы өзі қатысып, куәгері болған 1916 жылғы халық көтерілісі. Одан соң қазан





төңкерісінен кейін басталған азаматтық соғыс. Үшіншісі – дүние жүзін дүрліктірген ұлы отан соғысы. Ақын осы тарихи оқиғалардың ешқайсысынан қалыс қалған жоқ. 1916 жылғы патшаның жарлығымен қырғынға ұшырап, бас сауғалаған халқының демеушісі, қорғанышы болды. Басын өлімге тігіп жүріп: «Аттан», «Он алтыншы жыл», «Қайран ел қайда», «Бұлбұл» деген әндерін шығарды.

1918 жылдан бастау алып Ресейде басталған азамат соғысы қазақ даласын да шарпып өтті. Ақтар мен қызылдар, бай-кедей болып бөлінген екі жақтың өліспей беріспейтін қанды соғысын көзбен көрді. Мұнда да Кенен халық жағында, өлім мен ажалдың ортасында жүріп елінің намысын, еркіндігін қорғады. Жетісу жерін ойрандап Қытай жеріне қарай шегініп бара жатқан атаман Аненковтың әскеріне тосқауыл қою шараларына ат салысты. Мәселен, Кенен ақынның Қордайға ревком болып сайланатын да, қызыл әскердің атақты қолбасшылары Фурмановты, Фрунзені Қордайдың асуында қарсы алып жыр төгетін де, әскер үшін 300 түйе сұрай барып, Хантауының атақты ақын қызы Ләтипамен қызғын айтысқа түсетін кезі де осы кезеңге дөп келеді, сол уақыттың бұлтартпас шындығы, тарихи шежіресі.

Сол бір қаһарлы кезді көзбен көрген ардагер ақсақал Әміров Құсайынбек былай деп еске алады. «...1921 жылдың август айы болатын. 1200 қазақтың жас жігіттері (16- қазақ полкі) Алматы (Верный)-Ташкент жолының шаңын аспанға көтеріп, сап түзеп келе жатырмыз. Бет алысымыз Ферғана майданы. Фрунзенің бұйрығы бойынша басмашылармен шайқасуға барамыз. Мен полк комиссары едім. Қордай тауына жақындағанда қолында қызыл туы бар жүзге тарта салт аттылар алдымыздан шықты. Полк тоқтай қалды. Топтан бөлініп шыққан, тізгінді ер басына орай салып, қолына домбырасын алған Кенен ақын өлеңді төгіп келеді. Сондағы ұзақ айтқанынан есімде қалғаны мынау. («Лениншіл жас» газеті., 1959 жыл, 20 июнь.)

*«Мен едім жұртқа әйгілі Кенен жырау,
Әділдік жолын іздеп салған сұрау.
Қайырлы сапар болсын батырларым,
Тілектес жеңгеніңе елің мынау».*

Бес жылға созылған Ұлы отан соғысы кезінде Кененнің азаматтық, ақындық тұлғасы бұрынғыдан да асқақтап, кемелдене түскенін көреміз. Ел ағасы елу жасқа келген ақынның сол жылдары шығарған өлеңдері де, әндері де патриоттық рухта жазылған, елдің еңсесін көтеретін қуатты туындылар. «Кек алу», «Жаурамасын батырлар»,





Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин, Нұркен Әбдіров, Төлеген Тоқтаров сынды қазақтың ержүрек ұлдарына арнаған «Төрт батырға» деген өлеңдері жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беретін, елді, туған жерді қорғаудың, құрметтеудің үлгісін көрсететін шығармалар.

Көп түкірсе көл болар. Қан майданда жүрген жауынгерлерге киім-кешек, тон, пима, құлақшын-қолғапты неғұрлым көп жіберсек: «Достығымыз білінер...бүркіттей бүрсе қызыл ер, өлігі жаудың үйілер. Жай оғындай жарқылдап, қызыл әскер түйілер. Қыран қуған шілдей боп, көріне жау кірілер» деп шабыттана жырлайды. Жоғарыда аттары аталған «Төрт батырға» деген арнауында Панфиловшы қырандардың ерлігін айта келіп:

«Төрт батыр жүрген майданда,

Құрайдай дұшпан күйреген...

Жиырма сегіз батырым,

Жолыменен солардың,

Біреуің мыңға татыдың.

Төрт батырым қосылып,

Жау қарасын батырдың» - деп ел қорғаған батырларды мақтаныш етеді, жырына қосып мадақтайды.

Соғыс кезіндегі қазақ ақындарының отан қорғау, туған жер туралы жазған өлең-жырлары қандай өткір әрі мәнді болса, әндері де соншалық асқақ, әсерлі болып келеді. Бұл жөнінде өнер зерттеушілер тарапынан біраз пікірлер айтылған. Мысалы, әдебиет зерттеуші ғалымдар М. Базарбаев пен Ә. Нарымбетов «Қаһарлы күндер әдебиеті» деген еңбегінде мынадай пікір айтады: «Ән текстері (мәтіндері) соғыс жылдарындағы қазақ поэзиясының жанды бір бөлігі болды. Асқар Тоқмағамбетовтың «Сүйген жарға», Сәбит Мұқановтың «Қазақ вальсі», Ғабиден Мұстафиннің «Жас қазақ» т.б. ән текстері халық жанының сыр пернесін дәл басқан, жүрек сезімін танытып, көңіл-күйін көрсететін сәтті еңбектер болды...Кенен Әзірбаевтың «Қайран, Шөкемі» майдандағы жауынгерлерге деген елдегі туматуыстардың бауырлық сағынышын өте әсерлі етіп бейнелеп берді».

Кененнің соғыс кезінде шығарған өлең-жырлары, әндері жайлы айтылған ой-пікірлер өте көп. Солардың бәрінде де негізгі сөз Кененнің отан сүйгіштігі, туған жерге деген құрметі, жас буынды тәрбиелеудегі ролі жөнінде басым айтылады. Ал енді ақынның туған жерді құрметтеу, жүрегіңмен сүйе білу, қастерлеу жөнінде ұстанған көзқарасы өте танымды. Отанды қастерлеу бір бөлек, оны жаудан қорғау әр адамның асыл мұраты әрі борышы дегенге саяды.





«Туған жер тауың да ыстық, тасың да ыстық, туған ел кәрің де ыстық, жасың да ыстық» деп тебіренгенде ақынның айтпағы не еді? Туған жердің топырағы мамық, тасы жастық дейтін де сөз бар. Ер жігіт үшін туған жерден артық қазына, қымбат нәрсе болмаса керек. 1932-34 жылғы аштықта қырғыз еліне көшіп барған ақын былай деп ой түйеді:

*«Қырғызда жан сақтадым бір жыл жарым,
Боп жүрді «түлкі құрсақ» біздің қарын.
Басына күллі қырғыз көтерсе де,
Тұрады ел-жұрт-ай деп ынтызарым.
Қопаның өсіп едім өзенінде,
Қайғы бар елді ойласам өзегімде.
Бал құйып шыны аяққа берседағы,
Болмағы жігіт сұлтан өз елінде».*

Қай дәуірде де ақынға шабыт беретін, ойына ой қосып, қиялына қанат бітіретін ұлағатты мектебі ол – туған жер келбеті, елге-жерге деген махаббаты, көңіл түйсігі. Мұны тек ақындарға ғана теліп қоюға болмас, әр адамның бойында туған жерге деген өзіндік сүйіспеншілігі болады. Адам үшін туған өлкенің шөбі де, шөлеңі де, аққан суы, ұшқан құсы да көзге ыстық көрінетіні сондықтан. Жер-суын былай қойғанда суық, шақпа, самал желіне дейін, екпініне жан шыдамас құйыны мен дауылы, ақ түтек боранына дейін ерекше болатыны рас.

Кенен ақынның «Құстар аты», «Аңдар аты», «Шөп аттары», «Судың да аты бар» деген өлеңдері несімен құнды? Ақын бұл тақырыпқа неге барды? деген сауал әркімнің көкейінде тұратыны ақиқат. Жасыратыны жоқ, туған жер, ұлы отан ұғымы неден басталады? Қоршаған ортаны қорғау, табиғатқа қиянат жасамау дейтін мәселелер бүгінгі таңда жер бетінде өмір сүріп жатқан күллі халықты қатты алаңдатып отыр. Кеш болса да қолға алып жатқан бұл игі істің жақтаушысы, жалғастырушысы сөз жоқ жаңа ұрпақ болуға тиіс. Ол үшін ұрпақтың туған жерге, қоршаған табиғатқа деген құрметін арттыру, көзқарасын өзгерту қажет.

Бұдан жарты ғасыр бұрын осы тақырыпты көтеріп, өлеңіне қосқан ақынның діттегені осы болатын. Жер-судың, аң-құстың аттарын былай қойғанда, өзінің тегін, жеті атасын мүлдем ұмытқан мәңгүрт ұрпақ елес бере бастағанын ақын жаны сезбеді дейсіз бе. Сезіп қана қойған жоқ, соны көзбен көрді. Мәңгүрттеніп бара жатқан жас ұрпақтың санасын ояту, туған жерге, оның табиғатына деген ықылас сезімін ояту үшін де осындай тәсілге барғаны ақиқат. «Жеті атаңды атаудан





қаймықсандар, ең құрғанда, өз өлкеңде мекендейтін аң-құс, өсетін өсімдіктердің аттарын, жер - судың қалай аталатынын білсеңдерші» деп кейігенін талай естідік.

*«Құстардың ең қыраны бүркіт батыр,
Аңдар мен құсқа салар заман ақыр.
Ителгі, қаршыға мен тұйғын, сұңқар,*

Тояттар түзден ет жеп, олжа тапқыр», - деп басталатын өлеңінде алпысқа жуық қанаттылардың аты аталады екен. Күйкентай, құладың, құзғын, қаз, үйрек,, байғыз, үкі сияқты құстар бар. Ақын бұларды жәй ғана тізбелеп шықпайды, әр құстың мекен ететін жерін, мінезін, немен қоректенетіне дейін тартымды жеткізеді. Баланың ұғымына, түсінуіне өте жеңіл тілмен жырлайды: «Сауысқан жемін іздеп жүреді ыршып», «Тырналар қош-қош айтып елді айналар», «Безгелдек без-без етіп жүр аралап», «Шырқырап жылқышы құс шегіркедей», «Ұлар жүр өріп таудың шатқалында» деген өлең жолдары әрі көрініс, әрі сол құстың ерекшелігін көрсететін тапқыр теңеулер. Тыңдауға да, еске сақтауға да жеңіл.

Жекелеген аң-құстар, өзен-көл, орман-шөп аттары Кененнің өзге шығармаларында да кездеседі. Бірақ соның бәрін топтап бір өлеңге кіргізіп айту ақынның тәжірибесінде болмаған тәсіл. Мұндай әдіске ақын саналы түрде барған деуге толық негіз бар. Қалай болғанда да ұрпақ санасына туған жердің қадір-қасиетін, ерекшелігін осылайсіңіруді, ұғындыруды жөн көрген болуы керек.


*«Құстың да мекені бар иемденген,
Тау мен тас, орман, тоғай, сулы шөлден.
Ұялап балапанын ұшырады,*

Кетпейді шыр айналып туған жерден», - дейтін шумақтан ақынның кемел ойын сезінесіз. Құс екеш құстың да ұшқан ұясы, туған жері бар. Оны ешқашан тастап кетпейді, адамша жақсы көреді, құрметтейді деген тәрбиелік мәні бар терең тағылым жатыр.

Қазақ халқы ежелден-ақ жерге, тау-далаға, өзен-көлдерге ат қоюға өте шебер. Ат қойғанда да қазіргі біздің «жаңа туған нәрестеге» ат қойып жүргеніміздей емес, сол жердің сипатын, қасиетін, табиғатын дөп басатындай тарихи мәні бар атаулар қояды. Қазақстанның картасын ашып жіберіп қарасаңыз, тайға таңба басқандай айқын көрініп тұр.

Кененнің «Судың да аты бар» деген өлеңінде картада көрсетілген атаулардың бірі де кездеспейді. Балқаш, Арал, Іле, Ертіс деп тізбектеп жатпайды. Өлеңнің тақырыбы айтып тұрғандай бір ғана «Су» деген





сөзге байланысты қаншама атаулар, балама бар екендігін көреміз.

«Көл дейді, өзен дейді, қайнар дейді, тұнық су, мөлдір бұлақ сайды өрлейді» деп сөзін бастаған ақын, ендігі жерде судың қандай түрлері бар, оны халық қалай атаған? дейтін сауалға былай жауап береді. Тұңғыық, тұнба, құдық шалқар су. Қызыл, ақ, көк, қара, сары су. Ащы, тұщы, қарлы, қасқа, жер (жер асты) су. Көріп отырғанымыздай көбіміз осы атауларды түгендеп бере алмасымыз хақ. Ал өзгенің ықпалына ұрынған, көне дәстүрімізден қол үзе бастаған бүгінгі ұрпақтан мұны талап ете алмасымыз тағы рас. Ол үшін Кенен ақын сияқты көрегендік қажет, төте жол, соны әдістер іздеу керек.

Кененнің туған жер туралы шығарған өлеңдері де, әндері де көп екенін әлгінде айтып кеттік. Сол шығармаларының дені өскелең ұрпаққа арналады. Қарт ақын өз өмірін өткен шаққа балап, келер шақтың иесі жастар, жас буын екенін үнемі ескертіп отырады. Елдің болашағы, туған жердің тұғыры сендердің қолдарыңда, күш-жігерім де, қуаныш-тілегім де сендер дегенді нақтылай түседі.

*«Көзімнің нұры жастарым,
Еркелеп мінген мойныма.
Көңілге қуат-жігерім,
Жырлайын шаттық тойыңа.
Елімнің өңкей қыраны,
Жігерім сендер бойымда...*


*Балақ жүні жетіліп,
Қауырсыны қатқан жас.
Жүзге жеткен адамнан,*

Өнерімен асқан жас» - деп жас ұрпаққа деген сенімін, аталық көңілін жайып салады. «Шырмауықтай оралған жас, тал шыбықтай бұралған жас, енді сенде арман болмас» деп тербенеді қарт ақын. «Сәлем айтқан Кенен атаң, көп жасаңдар берген батам» деп ақ тілеуін, ақ батасын беруді де ұмытпайды.

КЕНЕННІҢ АҚЫЛ-НАҚЫЛДАРЫ

Кенен Әзірбаев жайлы қалам тартқан ғалымдар болсын, ақын- жазушы, қаламгер-журналистер болсын ақынның шығармасындағы үш ерекшелікке баса көңіл аударады. Оның бірі - ақын тек көзбен көріп, жанымен түйсінген жәйді ғана айтады. Екінші бір ерекшелігі- Кененнің өлең-жырларында халықтың дана сөздері, мақал- мәтелдері,





нақылдары көп қолданылады. Үшінші ерекшелігі - Кененнің тапқырлығы. Ақын қанатты сөздерді, теңеулерді сол күйінде емес, өз жанынан сөз қосып өзгертіп жібереді. Оның өлең табиғатымен үйлесіп, жымдасып кететіні соншалық, оқушыға жаңа дүние сияқты көрініп, ерекше әсер етеді. Мұндай тәсілді Кенен табиғат көрінісін, адамдардың келбетін, жүйрік аттардың жарысын, ақын-жыршылардың шабытын бейнелеу кезінде өте шебер пайдаланып отырған. Кененнің дарын ерекшелігі міне осында. Ақынның шығармаларын зерттеп, біраз пікір білдірген ғалым Мырзабек Дүйсенов: «Кенен ақсақал қазақтың сал-серілерінің дәстүрін сақтаумен қатар, ескіден келе жатқан ақындық, жыраулық дәстүрді, соның стильдік сипатын берік ұстанған ақындардың бірі. ...Ақын үнемі баяндаушы емес, оқыстан қиыстырылған бейнелерді жасаушы, бейнелеуші:

*«Шұқыр жерім теңеліп,
Бетегелі бел болды.
Жұртта қалған жұрыным,
Домалап келіп қой болды.
Сайда қалған тулағым,
Ойнақтап келіп тай болды»*

Осындай жансыз дүниеге жан бітіріп, құрап қалған тулақтың ойнақтаған тай болып шыға келгенінде қаншалықты астар, мағына, ой жатыр» деп түйіндейді ғалым. Көптеген әдебиет танушы, фольклор зертеуші ғалымдар да осындай тұжырым жасайды.

Кенен қай уақытта да қиыннан қиыстыратын тапқырлықтан, тереңнен ой түйетін даналықтан кенде болмаған. Табиғат берген дарынның арқасында сөзден сүрініп немесе айтар ойынан ауытқып көрген емес. «Қызыл тіл бәйге атындай тағаланды», «Қырандай түлеп ұшқан тұғырдағы», «Алатау өркеш-өркеш түйеге ұқсап», «Құлағы түзге шықса тебінгідей», «Секілді қотыр ешкі кейбір адам» деген теңеу сөздер ақынның тілге бай, ойға шалымды екенін айғақтай түспей ме.

«Көрмеде туған толғау» термесінде ақынның мәтел сөздерді жымын білдірмей өлеңіне кіріктіріп жібергенін көреміз. «Бұрынғыдан төрт мәтел, төртеуі де дөп мәтел» дей келіп:

*«Көз қараудан тоймайды,
От жанудан тоймайды.
Естуден құлақ тоймайды,*

Ағудан бұлақ тоймайды» - деп термелетіп ала жөнеледі. Бұдан көретініміз ақын жәй мағынада айтыла беретін сөздерге терең





мазмұн, ерекше мән беріп отыр. Нәтижесінде қарапайым сөздер өзгеше мағынаға ие болып, мақалға айналып кеткендей әсерлі. Бұл Кененнің жаңашылдық, тапқырлық ерекшелігі. Осы толғаудағы мына өлең жолдарына көңіл бөліп көріңізші. «Етікшіге біз дәулет, үйшілерге тез дәулет. Батырларға ел дәулет, ақындарға сөз дәулет. Шешендерге тіл дәулет, күйшілерге күй дәулет» дейді ақын. Былай қарағанда ұйқастырып айта салған қарапайым сөз тіркестері сияқты көрінетіні рас. Ал ішкі мағынасына үңілсеңіз, терең мәні бар, адамға ой салатын дүние. Әр жолы нақыл, әрі жеке-жеке мәтел сияқты әсер етеді.


Жоғарыда айтқанымыздай қазақтың мақал-мәтелдерін, қанатты сөдерін ақынның қалай пайдаланғаны жөнінде бірер мысал келтіріп көрелік. «Болады мал аласы сырт жағында» десе, «Адам аласы ішінде, жылқы аласы сыртында» дейтін мақал сөзге дөп келіп тұр. «Жыланның жүрген жері у болады, түлкіден кейбір адам қу болады» десе, көз алдымызға ертегіден белгілі қатыгез жылан мен айлакер түлкінің кейпі келе қалады. «Алтыннан астық қымбат» деген сөз, «құранды бассаң да, нанды басуға болмайды» дейтін мұсылмандық қағиданы еске түсіріп тұр. «Айға шапқан арыстан, аяғынан айрылған» десе, «Арыстан айға шауып мерт болыпты» дейтін мәтел сөзді білдіріп тұрған жоқ па. Айта берсең Кенен шығармаларында жоғарыда айтқанымыздай, қанатты сөздерді, мақал-мәтелдерді өз орнында шебер қолданған мұндай сәйкестіктіктер жиі кездеседі.

*«Өз елің өлсең жылар, күндеп өтер,
Қайын-жұртың қалжыңдап мінеп өтер.
Нағашың сыйлайды да, сынайды да,*

Жақсы болсаң түп жұртың іздеп жетер» - дейтін шумақтан, халық арасында көп айтылатын: «Жігіттің үш жұрты бар. Өз жұртың күншіл, қайын жұртың міншіл, нағашы жұртың сыншыл» дейтін қазақтың нақыл сөздерін нақтылап тұрғандай. Ақын тудырған өлең шумақтары түрленіп, өзгеше мәнге ие болғандай, өз жанынан шығарғандай әсер қалдырады. Мәселен, «Ағайынның жақсысы, бір-біріне қарасқан. Ақымақтың белгісі, ата-салттан адасқан» дейді ақын. «Ағайын тату болса өрің, араз болса сорың» дейтін де өлең жолдары бар. Осының қайсысы халықтікі, қайсысы өзінікі екенін ажырату қиын. Мұның бәрі түптеп келгенде Кененнің нағыз халықшыл, жаңаша толғайтын, экспериментші (новатор) ақын екенін дәлелдей түседі.

Кененнің «Қырғызбай» дастанында айтылған мына жыр жолдары көнекөз ақынның қаншалықты ізденгіш, ойының ұшқыр екендігін аңғартып тұрғандай:





«...Қуа берсең қорқақты,
Ақырында ер болар.
Көп түкірсе көл болар,
Әруақ түбі жын болар.
Барымта түбі құн болар,
Тұман түбі жұт болар,
Тұмаудың түбі құрт болар».


Кенен мұның бәрін жәй ұйқас үшін айта салмаса керек. Әр сөзге мән бере отырып, ой елегінен өткізген адамға мұның терең мағыналы екені анық байқалады. «Қорқа-қорқа қоян да батыр болыпты» дейтін халық арасында кекесін сөз бар. Көп түкірсе көл болатыны ақиқат. Көп болып қолға алған істің аяқсыз қалмайтыны, абырой әкелетіндігі белгілі. «Әруақ түбі жын болар» десе, бұл да ақынның терең ойын білдіріп тұр. Құдайдан қорықпаған, әруақ силамаған адамның бар қасиеттен айрылатыны, көңілі құлазып ең соңында жалғыз қалатыны, тоз-тозы шығып жынға айналатыны құран-кәрімде де айтылады.

«Барымта түбі құн болар». Барымталау, шауып алу деген қазақтың бұрынғы тұрмыс салтында болған жәй. Ерегiскен немесе есесі кеткен жақтың ауылын шауып, жылқыларын (малдарын) айдап кету өш алудың, кек қайтарудың бір түрі. Мұның аяғы кей жағдайда кісі өліміне апарып соғады. Аяғында кінәлі жақ келтірген шығынның құнын төлеп, әрең құтылатын болған. Мал құны, адам құны деген ұғымдар далалықтардың ғасырлар бойы қалыптасқан заңдық жүйесі, танымы. Кенен ақынның меңзеп отырғаны да осы.

«Тұман түбі жұт, тұмау түбі құрт» деуі өмірден көріп жүріп, көңіліне тоқыған ақынның мол тәжірибесін, ойлау деңгейін аңғартады. Расында, апталап, айлап тұрып алатын тұманнан мал арықтайды, ұрықары көбейіп, жыртқыш аңдардың әсерінен өлім-жітім көп болады. Мұның арты жұтқа әкеліп соғатыны тағы белгілі. Бүгінде «грипп» келсе ат тонымызды ала қашатын әдетіміз бар. Тұмау деп жүргеніміз сол грипптің қазақы атауы. Құрт деген ұғымды, қазіргі тілмен айтқанда «вирус» деп түсінген жөн. Тұмаудан жүздеп, мыңдап кісі өлімі болатыны белгілі. Тіпті қатты асқынғанда бір ауыл-аймақты түгелдей қырып салатын да кездері болған. Мұның арты көп жағдайда өкпе ауруына әкеп соғады. Ақын «тұмаудың түбі құрт» дегенде осы жағын баса айтып отыр.

Тіл ұстарту, баланың сөйлеу қабілетін жетілдіру, ойлау жүйесін арттыру сияқты тәрбиелік мәні зор жәйларға халқымыз жоғары мән берген. Баланың ой өрісін кеңейтетін небір қызықты ерегілер,





жаңылтпаш-жұмбақтар қазақтың көнеден келе жатқан тәрбие құралы. «Қуыр-қуыр қуырмаш, тауықтарға тары шаш» деп басталатын тілге жеңіл, көңілге қонымды әңгімені бала кезінде естіген адам ғұмыр бойы ұмытпасы хақ. «Басбармақ, балан үйрек, ортан шелек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек» деп бес саусаққа ат қойып, артынша солардың әрқайсысына: «сен жылқыға бар, сен түйеге бар, сен қойға бар...» деп не істейтінін айтып шаруа тапсырады. Бұдан жас бүлдіршіндерге тәрбие берудің таптырмас әдісін көреміз. Бала жас кезінен-ақ жауапкершілікті сезінеді, өзін осы отбасының арқа сүйейтін үлкен азаматы ретінде тани бастайды.


Бүгінде, бес-он жасқа дейін баланың бетінен қақпау, не істеймін десе де өз ырқына жіберу керек дейтін көзқарас қалыптасты. Бұл баланың еркін ойлауына, дүние танымының тез қалыптасуына, өзін дербес езінуіне ықпал етеді дейтін дүдәмал ой айтады. Мұндай үрдіс еуропа елдерінде, әсіресе жапон, еврей тағы басқа халықта кең тараған дейді. Сөйтіп, компьютерге телмірген, барлық тәрбиені интернеттен алатын, сонда көрген «кейіпкерлердің» тілімен сөйлейтін, үлкенді көзіне ілмейтін, «қой» деген сөзді білмейтін әңгүдік ұрпақты қолдан жасап алдық. Бұған озық елдердің еш кінәсі жоқ. Жаңаны көрсек бас салатын, оның байыбына бармай жатып, пайдасы мен зиянын екшелеп жатпай-ақ киіп кететін «көрсеқызар, аңғал» мінезімізден көру қажет.

Сонда, қазақтың «тәрбие бесіктен басталады», «баланы жастан...», «бес жаста тізгін тартар», «он жаста отау иесі» дейтін тәрбиелік мәні зор тәлім-танымы қайда қалды? Бұдан шығаратын қорытынды, жаңаның бәрі үлгі емес. Қанша озық, бай ел болса да оның да озығы мен тозығы болады. Нені қабылдасақ та, қай тәрбиені таңдасақ та өз халқымыздың менталитетіне, мінез-құлқына, салт-дәстүріне үйлесетін жағына көбірек көңіл бөлгеніміз жөн шығар.

Тым кеш қалмасақ болғаны. Өйткені бізде компьютердің дәуірі басталғалы ширек ғасырдан асыпты. Интернетпен сусындап, компьютердің «құлағында ойнаған» сол ұрпақтың алды 25-30 жастан асты. Көбі отау құрып, ұрпақ тәрбиелеп жатыр. Солардың ұстанғаны қандай тәрбие, ұл-қыздарына нені үйретіп жатыр екен? дейтін сауал көкейде тұрады да қояды.

Осының бәрін ой елегінен өткізіп отырып, әкеміз бізге берген тәрбиесі, айтқан өнеге-өсиеттері еске түседі. Ол кезде телевизор, компьютер дегенді көрмек түгіл естіп те көрмеген біздер үшін, әкешешенің, жасы үлкендердің айтқан нақыл сөздері, аңыз-ертегілері





үлкен мектеп, тәлім-тәрбие екені даусыз. Әсіресе көп білетін, көргені мен тоқығаны көп әкенің алатын орны ерекше болды. Малды жайғап, кешкі тамақты ішіп болған соң, домбырасын қолына алып біраз шертіп отыратын әдеті. Әкенің көңіл-күйін қас-қабағынан танып өскен біздер үшін, осы сәттер есте қалған ең қызықты, қайталанбас оқиға еді. Сондағы әке айтқан ертегі-аңыздардың ішінде менің есімде мәңгі қалып қойғаны ханның қызын аламыз деп топырлап кеп отқа күйіп өлетін «көбелектер» хикаясы.

Аң патшасы - Арыстан, жылан патшасы - Айдаһар, құс патшасы - қыран Бүркіт дейді жұрт. Сол сияқты көбелек патшасы да болған екен. Қанаттары құлаштай, түсі қап-қара, тұрпаты өзгелерден ерекше Патша-көбелектің айдай сұлу, күндей көркем қызы бар екен. Бүкіл көбелек атаулы сол қызға ынтық болыпты. Патшаның қызын алмақ боп қаптаған көбелектердің көптігі сондай күннің бетін көлегейлеп, сәуле түсірмей қойған дейді. Қызға таласып қырқысқан көбелектер «сарайдың алдын шаң қылып, қақпаның бетін қан қылып» патшаның зәре-құтын алыпты. Қандай айла жасарын білмей әбден сасқан көбелек патшасы, бұлардың алдына шығып былай дейді:

- Бірінді бірің өлтіріп босқа қырылғанша, маған бір жақсылық жасаңдар. Сарайда от жоқ. От жағатын оттық та жоқ. Кімде кім от тұтандыратын тамызық әкеп берсе қызымды сол серіге ұзатамын. Тойын жасап, қазынамның жартысын қоса беремін деп жар салады. Патшаның бұл сөзін ести салып, дүрліге көтерілген көбелектердің екпінінен дауыл тұрып, құйын соққандай болыпты.

Бұлттай қаптаған көбелектер жер бауырлай ұшып, ақыры қазақ үйдің алдында ошаққа от жағып, тамақ пісіріп жатқан кемпірді көреді. Тезегін қалап, енді ғана тұтатқан екен, от әлі жалындамай, түтіндеп, бықсып тұр.


Осы тұсқа келгенде әкем бәрімізді көзімен шолып:

- Қалай, ұйқыларың келген жоқ па? Болмаса қалғанын ертең айттайын, дейді. Жо-жоқ, ата, ұйықтамаймыз, деп шу ете қалатын едік. Бұл әрекеті қалғып отырғандар болса оятып, бәрімізді бір сергітіп алу екенін қайдан білейік.

Алдымен қызыл көбелек шығыпты. «Патшаның қызында дәмелерің болмасын, қызды мен аламын», деп өзеуреген көбелек отқа жақындап келіп, енді тұтана бастаған тезекті тістей қашады. Кенет лап ете қалған жалыннан екі қанаты күйіп сол жерде жан тапсырады.

Бұдан соң қоңыр көбелек шығыпты. «Ханның қызына мен лайықтымын, жол беріңдер» деп мақтанған көбелек отты ары ай-





налып, бері айналып ұзақ жүреді. Ақыры шала жанған тезекке енді жақындай бергенде от лап ете қалады. Жалын шарпыған қоңыр көбелек те әлгінің жолын құшыпты. Бұдан соң көк көбелек, сары көбелек, шұбар, жасыл, бозғылт көбелектер келіп, бұлар да тамызық ала алмай отқа күйіп өледі.

Бірінен соң бірі келіп ажал құшып жатқан көбелектің шегі жоқ. Ақсары, күрең, сұрғылт, жирен, күлгін, қызғылт түсті көбелектер. Бәрінің жолы болмай бірінен соң бірі ажал құшады. Әңгіменің ең қызған тұсында әкем ертегісін кілт тоқтатып бізге қарайтын еді:

- Осы мен жаңылып кеттім-ау деймін. Көбелектің қандай түсі айтылмай қалды? деп сұрайды. Біз болсақ улап-шулап, таласып әлекке түсетінбіз. Ақыры айтылмай қалған көбелек табылса мәз-мейрам болып қуанатын едік. Бұған әкем де баладай мәз болатын. Мұны сынау үшін әдейі жасайтынын ол кезде кім білген. Кейін ойласам, біздің қағылездігімізді, еске сақтау қабілетімізді, түстерді бір-бірінен ажырата білуімізді тексеру әрі соған баулу үшін осындай тәсілге барады екен.


Ақыры қаптаған көбелектердің ішінен ең ақылдысы, тапқыры Ақ көбелек болып шығады. Неге ақ көбелек, неге ол қызыл немесе жасыл болмайды, деп ойлайтынмын. Мұнда да әкенің өз діттегені бар. Өйткені ақ түс - адалдықтың, таза пейілдің, тазалықтың нышаны. Ақ жол, ақ ниет, ақ тілеу деген қазақтың ең қасиетті ұғымы.

...Ақ көбелек басқалар сияқты асығыстыққа бармайды. Бәрін ақылмен ойлап есептейді. Өзге көбелектер секілді әлі жетпейтін нәрсеге ұрынбайды, жанып жатқан тезекті бас салмайды. Аңдып жүріп шеті енді ғана тұтана бастаған тезектің кішкентай түйірін тістеп алып, құстай ұшады. Жолда жанып кетпейін деп жанталаса қанат қаққан көбелекке жанымыз ашып, біз де бала тілеуімізді жасыра алмай, жүрегіміз лүпіл қағатын еді.

Сөйтіп көбелек-патшаның жарлығын орындап, көңілін тапқан Ақ көбелек арманына жетіпті. Патшаның қызын алып, ұзақ жылдар қайғысыз ғұмыр кешіпті, деп әке сөзін аяқтаушы еді. Көпке дейін ертегінің әсерінен арыла алмай, қиялдап жатып терең ұйқыға кетер едік. Кім біледі түсімізде алуан түсті көбелектерді көрген де шығармыз. Ол жағы беймәлім. Ал ақ көбелектің ерлігі мәңгі есімізде қалғаны ақиқат.

Сол ертегінің мән - мағынасын көп кейін, ақыл тоқтатар жасқа келгенде ақынның «Көз жүгіртсем өткенге» деген толғауынан оқып, қайран қалдым.





*«Бұл дүние диірмендей дөп-дөңгелек,
Бұрқырап өте шығар әлек-шәлек.
Үмітпен ханның қызын аламыз деп,
Отқа күйіп өлетін біз көбелек» - деп түйіндейді ақын.*

Кенен ақынның балаларға арнап жазылған мұндай шығармалары көп. Соның бәрі де баланың ұғынуына жеңіл тиетін, есінде ұзақ сақталатын, тәрбиелік мәні зор туындылар. «Балаларға», «Көк кептер», «Үш кедей», «Бұлбұл мен көкек», «Торғай қайда барасың?» дейтін өлең-мысалдары терең ойға құрылған, халқымыздың тәрбиелік мектебінен нәр алған дүниелер. Осыларға қарап Кененді ұрпақ тәрбиелеу тақырыбына қалам тартып, зор үлес қосқан ақын деуге болады. Балалар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі десек те артық емес. Өйткені Кененнің бүкіл шығармашылық жолы, көздеген мақсаты, баға жетпес туындылары осындай қорытынды жасауға алып келеді.

Кененнің халық даналығынан сусындап, етене араласып, қабысып кеткені сондай, тіпті өз жанынан шығарған мақал-мәтелдері, өсиет сөздері, ақыл-нақылдары халықтық сипат алып көпке тарап кеткен. Ақынның өлең-жырларын, терме –дастарын оқып отырып бұған әбден көз жеткізуге болады. Әрі оны бірнеше тақырыпқа бөліп қарастырған жөн.

Мәселен, адамның бойындағы келеңсіз жәйләрды, мінез-құлқындағы кемшіліктерді, зиянды қылықтарын ақын былай деп түйіндеген: «Озбайтын ат ұрыншақ, ұзамайтын жігіт ұрысқақ», «Кесірлі адам кер болады, кемеңгер адам кең болады», «Ұялмайтын бетке, талмайтын жақ береді», «Қатты адамда ұят жоқ, қайда барса мият жоқ», «Топастар тойғанға мәз, түбін ойлайтын адамдар аз», «Адамның мінезі әр-түрлі, ел біледі нарқыңды».

Адамдардың бір-біріне деген сыйластығын, құрмет тұтып қадірлей білуін дәріптейтін өсиет сөздері де жетерлік. Өмірдің мәні сыйласуда, бірі біріне ізет көрсетіп, қуаныш-қайғысын бөлісіп тірлік құруда екенін дәріптейді. Адамның күні адаммен дейтін қағиданы берік ұстанған ақын осы пікірін нақылға, мақал-мәтелге айналдырып жіберген. «Ер қырсығын ер кесер», «Ердің көңілін сақта, лебізін сатпа», «Ай толғанын білмейді, ер болғанын білмейді», «Жақсы көпке бірдей болады, ай мен күндей болады. Жаман қара түндей болады», «Ез тойған жерін ойлайды, ер туған жерін ойлайды».

Осының бәрі ақын қиялының қаншалықты ұшқыр, ойының терең екендігін аңғартып тұр. Кенен көп жағдайда ақыл-нақылдарын тер-





мелеп айтқан ғой. Мұнда да ынтымағы жарасқан елдің қандай болатыны, адамдарың ара-қатынасы, адалдық пен ақымақтық туралы түйінді пікір айтып, терең тұжырымдама жасай білген:

*«Су басынан тұнады,
Сөз ақылдан шығады.
Тезге салмай түзелмес,
Түрлі ағаштың бұраңы»...*
*«Жақсы менен жаманның,
Арасы болар жер-аспан.*

*«Ақылы жоқ арыстан,
Айға қарап шабынар.
Арғымақ ат сілкінсе,
Алыс жолға шабылар».*

*«Құрама жиып ел еткен,
Құлан жиып мал еткен».*
*«Екі ел силас болса,
Бірін бірі қимас болар».*

«Ақындардың айырмасы бар, ән мен күйдің қайырмасы бар», «Қартайғанда кәрі боз жорғалайды, қашқан торғай бұтаны қорғалайды», «Ел ұрысыз, жер бөрісіз болмайды», «Жорықтының жолы болады, сәт сапардың оңы болады», «Дәлелсіз сөз қыр асырмайды, өтірік сөз бұра бастырмайды», «Көп сөз көбік, аз сөз ақық» дейтін небір түйінді сөздер қалдырған Кенен ақынның мақал-мәтелдерін, нақылдарын, саф алтындай мол мұрасын түгесіп шығу мүмкін емес. Ақынның ой тұңғыйығына терең сүңгіп, ең асыл-жаһұттарын алып шығу үшін қаншалықты білім, зере, ізденіс қажет екенін айтудың өзі артық. Біз сол телегей теңіз мол қазынаның шетін ғана ашып көрсеттік.

АТАЛАР ТАҒЛЫМЫ

Уақыттың тезінен өтіп шыңдалған, көп нәрсені басынан өткеріп тәжірибе жинаған адамдар ғана болаттай берік, кең пейілді, білгір болады. Бұл қағида емес. Өмірдің өзінен туындайтын талаптар, өткендердің кейінге қалдыратын тағлымы.

Орайы келгенде ақыннан:





- Ата, бес саусақ бірдей емес деп өзіңіз жиі айтасыз. Жаман адам қандай болады? деп сұрайтын едік.


- Даурықпа, даңғой, жікшіл, жетесіз адам жаман дейтін. Бажайлап-байқап көрсеңіз ақын айтқан осы келеңсіз мінез қазақтың бойында бар дүниелер. Ертеде кемеңгер Абай ескерткен «Өтірік, өсек мақтаншақ, еріншек, босқа мал шашпақ» сияқты жаман әдеттерге қоса, осындай да кемшіліктеріміз көп екен.

Сонау 80-ші жылдың аяғына таман басталған «қайта құру» дәуірі көз алдымызда. Мұның өзі көп дүниенің бетін ашты. Кеңестер заманында тұмшаланып қалған адамдардың ашына сөйлеген сөздеріне, істеріне қарап таң қалатын едік. Адамдар қандай жалтақ, үркек, қорқақ болып кеткен. Өмірге жаңаша көзқарас, жаңаша бетбұрыс дейтін үрдіске дайын емес екендігіміз көрініп тұрды. Қолдарына бір-бірден «дауыс үдеткіш» ұстап алып, тамағы жыртылғанша айғайға басқан баяғы даурықпа, ұраншыл адамдардың даусынан құлақ тұнатын еді. Жариялылық деген осы екен деп өткеннің бәрін жоқа шығару, ескі атаулыны сыпырып тастап, жаңаша дүние құрамыз деп даурыққан, ойы келте адамдардың әрекеті, сонау бір кезде Кенен ақын басынан өткерген кеңес дәуірінің алғашқы жылдарын еске түсіргендей еді. Аузына келгенін айтып, үлкен-кіші демей аузы көпірген шешендердің сөзіне еліккен адамдар аз болған жоқ. Жиынның аяғы жанжалға, тіпті қып-қызыл төбелеске айналған оқиғалар да болды.

Кейбір сәуегейлер «қазақтың жері - қазақ үшін, осында тұратын барлық ұлттар тек қазақ тілінде сөйлесін, басқаларды ығыстырып өз еліне көшіру керек, қазақтың - Қазақстаннан өзге жері жоқ», дейтін есерсоқтау, тым әсіре пікірлер де айтылып жататын. Осындай желөкпелердің кесірінен кейбір елді мекендерде, қалаларда басқа ұлт адамдарына тіл тигізіп, кеудемсоқтық жасаған жәйлар да орын алды.

Мұндай даңғаза, оқшаулану, өз елінді өзгеден артық санау сияқты зиянды көзқарастың неге апарып соғатынын көптеген елдердің мысалынан көруге болады. Алысқа бармай-ақ, өктемшіл, тек бір ұлттың ғана мүддесіне құрылған саясаттан қалай таяқ жегеніміз күні кеше ғана емес пе еді? Ана тілімізді өгейсітіп, өзге тілге жармастық. Өз мәдениетіміздің асылдарын менсінбей, өзге елдің «теріс қақпай» өнегесіне бас шұлғыдық. Әдептілік, ұяндық, үлкенді қадірлеу, сыпайылық секілді қанымызға сіңген асыл қасиеттерден айрыла жаздадық. Оның «жарасы» әлі жазылған жоқ, жаңғырығы әлі естіліп тұр.





Халқымыздың бойындағы асыл қасиеттердің бәрі де уақыт елегінен өтіп, ғасырлар бойы жинақталған, толысып-жетілген мол мұра, ерекше құндылығымыз емес пе? Басқа елге ұқсамайтын әдет-ғұрпы, таным-тағлымы. Мыңжылдықтар өтінде шыңдалып, шым-шымдап қалыптасатын дүние. Оны жоғалтып алу қас-қағым сәтте болатын нәрсе. Халықтың өз бойындағы жақсы қасиеттерінен әп-сәтте айрылуы, кері кетуі, күйреуі үшін көп уақыттың керегі жоқ, оған 5 -10 жыл да жетіп жатыр. Бұған кешегі фашизм, бүгінгі таңда Грузия, Украина сияқты елдерде болып жатқан қақтығыстар дәлел.


«Қайта құрудың» алғашқы жылдары мұндай даурықпа есер сөздер кеңес дәуірінде өмір сүрген ақын-жазушылардың атына да айтылып жатты. Соның жаңғырығы Кенен ауылына да жетті. Ақынның мұражайына арнайы адамдар келіп, сонда ілулі тұрған фотосуреттерді, мемлекет қайраткерлері жазған хаттарын, құттықтауларын, басқа да құжаттарды алдыртып тастағаны әлі есімде. Сөйтіп, «қайта құру» деген бастаманың ақыры, «асыра сілтеуге» ұрындыра жаздағанын көзбен көрдік. Егер Елбасы – Нұрсұлтан Әбішұлы жедел араласпағанда бұл үрдістің қаншалықты зиян әкелетінін болжау қиын еді. Елбасы, көнені құрметтеу, тағзым ету керектігін, өткенді- бүгінмен, бүгінді-болашақпен жалғастыра білуді, көне тарихымыздың, салт-дәстүріміздің ең асылын жинап, келешек ұрпақтың санасына сіңіріп, осындай ұлағатты істі жастарға аманат етуді тапсырды. Осындай іргелі шарадан соң ғана жұрт «аптығын» басып, ойлана бастаған еді.

...Көненің көзіндей, данагөй ақын-жырау бабалардың өзіндей болған асқақ тұлға ол – Кенен Әзірбаев. Халқымыздың ғасырлап қалыптасқан өнерін, көне дәстүрін, өлең-жырларын бізге аманат еткен ақиық ақынның өмірі мен шығармашылығын сөз етпес бұрын, оның ақықтай асыл туындыларын сұрыптап, терең зерделеп барып ойтүйіндеген абзал. «Біреуге бұл өлеңім көне сарын, біреуге бұл өлеңім бал шырындай» деп ақынның өзі мойындағандай Кененнің тәрбиелік мәні зор туындылары өте көп. Сөз басында солардың біразына шолу да жасалды.

Адамның бойында, мінез-құлқында, іс-әрекетінде болатын кемістіктерді дөп басып көрсететін сондай бір терме-жыры «Кейбіреу» деп аталады. Сабыр, ынсап сақтау, өз орныңды білу, анайы сөйлемей, жөнсіз көлгірсімеу сияқты жақсы қасиеттер жайлы ойтолғау.

*«Кейбіреу кербезденер, әлін білмей,
Кеудесін көтереді кәдімгідей.*





*Кейбіреу қалжыңдасар кейбіреумен,
Өзінің ойнайтұғын теңін білмей.
Кейбіреу кейбіреуден дау даулайды,
Сөзінің жығатұғын ебін білмей.
Кейбіреу кейбіреуге сын тағады,
Өзінің бойындағы мінін білмей».*

Япыр-ай, қалай дәл айтқан! Тап сол адам қасымызда тұрғандай әсер етеді. Мұндай адамдар бұрын да болған, қазір де арамызда жүр десек жаңсақ айтқандық болмас. Көз алдыңызға төбесімен көк тіреп тұрғандай, кеудесіне «нан піскен» адамның кейпі келе қалады. Теңін, жөнін тауып әзілдесу үшін де үлкен парасат, ақыл керек. Осыған орай алдында тұрған адамның жасын, кім екендігін бажайлап жатпай-ақ құрдасындай немесе жездесіндей қалжыңдасып, артық сөзге барып жататын әпербақан адамды көресіз. Оның аулы алыс емес. Ай сайын, тіпті апта сайын болып жататын той-томалаққа бара қалсаңыз, жап-жас асаба жігіттің шашы әппақ аруанаға: «жүз грамды тартып алсаңыз кемпір күніңізді ұмытып, қыздай билеп кетесіз» деп тұрпайы әзіл айтып тұрғанын талай көрдік. Өлгінде ақынның «өзінің ойнайтұғын теңін білмей» деуі көз алдымызға осыны елестеткендей. «Сөзінің жығатұғын ебін білмей» дегенде көз алдыңызда, сөздің нарқын білмейтін, ыңғайын таба алмай, айтар ойын дұрыстап жеткізе алмай күмілжіген ынжық адамның кейпі тұра қалады.

Адам өзінің бойындағы жаман қасиетін, мінін, қателігін білмей тұрып, өзгеге сын тағып жатады. Бұл да жиі кездесетін жәй. Қазақ ондайларды дөрекі айтылса да: «Өзінің басындағы б...н көрмей, біреудің басындағы шоғын» көретіндер деп түйіп тастайды.

*«Кейбіреу судай ағып сөйлей берер,
Ол сөздің артық-кемді жерін білмей.
Кейбіреу асқақтатып айқайлайды,
Ол әннің айрылатын шегін білмей».*

Бұл енді той- думандарда, жиын- жиналыстарда аузы көпіргенше сөйлеп, тұрып алатын көк мылжыңдарға арнап айтылғандай. Сөзінде дәм жоқ, бұтақтан бұтаққа секірген торғай секілді, әр нәрсенің басын бір шалып судай ағатын адамдардың болатыны рас. Сол сияқты әннің табиғатын тани білмеген, дарынсыз әншілердің де кейпін ақындай түседі. Расында, құр айғайға салып әннің де, өзінің де қадыр-қасиетін кетіретін әншілер толып жатыр. Ақынның меңзей айтқаны осындай жандар болса керек.





Кенен өмірінде дарындыны да, дарынсызды да көп көрген адам. Сөз жарысына да, ән жарысына да қаймықпай түсіп, атақ-абырой жиған ақын. Ақынның «жарыстым талай елдің жүйрігімен» деуі соның айғағы. Қазақтың атақты ақыны Ғали Орманов «Шырқау шың» деген мақаласында Кененнің бұлбұлдай сайраған сондай бір кезін былай деп еске алады: «Соғыс жылы-ау деймін, Алматыда халық ақындарының айтысы болып өтті. Сонда Кенен аға асқақ та, зор даусымен сорғалатып ән салғанда, басқа ақындардың аузына сөз түспей, пәсі басылып қалды. Солардың ең тілдісі, ділмәрі Тұрсынбай ақын домбырасына сүйене отырып: «Өттең шіркін, ішті өртеген жалынды лақ еткізер ән қайда, көсіле шабар, Кенендей дауыс қайда?» деп өлеңдеткен еді». («Лениншіл жас» газеті. 1974 жыл. 22 июнь).

«Кейбіреу әңгіме айтса көп айтады,

Аузыма ел қарасын деп айтады.


Біреуге біреудікін ауыстырып,

Дәлелсіз білмеген соң неге айтады?» - деп ішкі ренішін де білдіріп отыр. Кенен ақынның ерекшелігі сонда өзі естіген өлең-жырларды, бұрынғы өткен ақын-жыршылардың айтқандарын еш қоспасыз сол күйі жеткізіп кетті. Жанынан сөз қосып, мақамын бұзып немесе мазмұнын өзгертіп жіберу Кенен үшін жат дүние. Жамбылдың желдірмесі, Сүйінбай, Бақтыбай, Бармақ ақындардың өлеңдері, Балукан Шолақ, Шашубайдың әндері, өзімен айтысқа түскен ақын қыздар Шәлипа, Ләтипа, Бопиналардың мақамдары сол күйінде бізге жетсе, бұл сөз жоқ Кенен ақынның арқасында болды. Әсіресе, ақын ертеде өткен билердің, шешендердің, ақын-жыршылардың сөздерін шатастырып, дәйексіз айтатын адамдарға қатты ренжитін еді. Соның бір дәлелі жоғарыда өзі айтқандай, біреудің сөзін басқа біреуге таңып айтатындарға: «дәлелсіз білмеген соң неге айтасың?» деп шүйлігеді.

«Кейбіреу дәмді, тәтті сөз айтады, кейбіреу құрт-малтасын езе айтады» дейді ақын. Ақындардың ішінде де дәмді сөз айтатыны немесе ұсақ-түйекті теріп, лағып кететіні бар дегенді меңзеп отыр. Бұл өмір шындығы, ақынның көзбен көргендері. Дарынды ақын болсаң халқыңа адалдығыңды көрсет, құрама ақын болсаң сөз қадірін түсірмей жөніңе көш. Күн сайын, қайта-қайта қайталай берген әңгімеде мән қалмайды, құлаққа жақпайды, тез ұмытылады деп ескертеді.

...Кененнің көбірек қалам тартып, жырына қосқан тақырыбы, ол отбасы, жас жұбайлар мәселесі. Қай заманда болмасын отбасында, ер адамдар мен әйелдер арасында болатын қарым-қатынастар өзекті мәселе болып келгені ақиқат. Мұның өзі бүгінгі таңда да шешуі





табылмаған үлкен проблемаға айналып отыр. Жасыратыны жоқ, жүздеген, мыңдаған жастарымыз теңін тауып, үйленіп отау тіккен соң, арада бірер жыл өткенде ажырасып әлекке түсіп жатады. Бұған көзіміз үйренгені соншалық көп мән бермейтін болдық. «Е, бұл күнде кім ажырасып жатқан жоқ?» дейміз де қоямыз.


Ал мұндай жағдайдың әке-шешеге, сол жұбайлардың өздеріне, әсіресе жас балаларға қаншалықты теріс әсер ететіні қаперге кіріп жатпайды. Бұған айтар уәжімізде дайын тұрады. «Атасы қатал екен, енесі сиғызбапты, мінездері сәйкес келмепті» дейміз. Мұның бәрі дәйексіз сылтау, өзіңді де, өзгені де алдау екені белгілі. Тұрмыстағы ауыртпалық, жетіспеушілік, жұмыстың жоқтығы деп көлгірсу де бос сөз. Сонда біздің ата-бабаларымыз, әке-шешелеріміз қиындық көрмеп пе? Жоқшылық, жетіспеушілікті бастан кешірмеп пе? - дейтін сауал көлденең тұра қалады.

Турасын айтсақ, мұның себебі неде, шеше алмай жүрген түйіткілі қайсы? Ақиқаты сол, тап бүгінгідей ақта-төк молшылық дәуірді қазақ халқы бұрын-соңды көрген емес. Қандай зұлмат дәуірді бастан кешірседе қазақ халқы ажырасу сияқты келеңсіздікке жол берген жоқ, отбасының, ата-ананың абыройын бәрінен де жоғары қойды, сақтап қалды. Солай десек те бүгінгі таңда жас жұбайлардың ажырасып кетуі неге көп? Бұл жөнінде баспасөз беттерінде, теледидарда талай айтылып, көптеген пікір таластар болғаны мәлім. Бірақ сол түйткіл, сол мәселе шешілмеген күйінде қалып қойды.

Біздіңше, мұның түйінін халқымыздың өмір тәжірибесінен, ұлағатты тағлымдарынан, салт-дәстүрінен іздеген жөн сияқты. Өткеннің тағлымына жүгініп, ғасырлар тезінен өткен, мәні зор асыл құндылықтарымызға қайта оралып, зейін салсақ артық болмас еді. Ол неден көрінеді? Ата-бабадан қалған дара жол, тәлім-тәрбие деген не?

Соның біріншісі – ата-ананың, туған-туыстың, бала-шағаңның алдындағы борышың. Міндетің десе де болады. Бұл қағида ер адамдарға да, әйелдерге де бірдей қатысты. Өз борышын терең сезінген адам, өз ұясын «қиратуға» бармайды. Әке-шешесін төмен қаратпайды. Қандай қиындық көрсе де ұясын сақтап қалуға ұмтылады. Екіншісі – қыз бен жігіттің жүрегіндеар-намыс, ұят дейтін киелі ұғымның болмауы. Бұл қасиет адамға ананың сүтімен, нәресте шағынан тәрбиелеу арқылы келеді. Қазақта «Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді» деген сөз бар. Бұл ұғым қызға да, жігітке де ортақ





қағида. Ақылы, жігері, намысы жоқ жігіттен не күтесіз? Ондай адамды жігерсіз, бөтуасыз «шіріген бір жұмыртқаға» теңеп айтқан. Кемеңгер Абай тіпті тереңнен қозғап, өзгеше нақыл айтады:

*«Жасауы көп, малды деп байдан алма,
Кедей қызы арзан деп құмарланба.
Ары бар, ұяты бар, намысы бар,*

Ата-ананың қызынан құр қалма» - дейді ұлы ақын. Мыңғырған малы бар бай қызынан, ары- намысы, ұяты бар кедей қызы әлдеқайда парасатты, қадірлі дегенді аңғартады.


Ақшаны пір тұтып, бәрін соған тәуелді етіп қойған бүгінгі заманда келеңсіздіктің бәріне қарсы қоятын, асыл құндылығымыз - ар-намыс, ізет, қанағат, адалдық десек артық болмас. Жас ұрпақтың бойына осы қасиеттерді сіңіріп, санасына көненің талап-тағлымын ұялату жағына келгенде осал түсіп жатқанымызды мойындау абзал. Есесіне, өзге елдің үгіт-насихатына еріп, солардың жетегінде жүрген жастарымыз көбеймесе, азаймай тұр.

Үшіншісі – әке-шешенің, отбасының, ел-жұрттың, ұрпақтың алдындағы жауапкершілік. Бұны қызмет бабындағы, өзің жұмыс істеп жүрген ұжым алдындағы жауапкершілік деп тар ұғымда түсініп жүрміз. Оның ауқымы біз ойлағаннан әлде қайда кең, мазмұнды. Өйткені адам бойындағы асыл қасиеттердің бәрі түптеп келгенде жеке бастың жауапкершілігіне әкеледі, соны айғақтайды. Осыдан келіп отан, отбасы, қоғам, ұрпақ, ата-ана алдындағы әр адамның жауапкершілігі қалыптасады. Мұндай ұлы қасиетті сезінбеген адамнан дұшпандық та, сатқындық та шығады. Ал өз ұясын «талқандап», әркім өз бетімен кете беру деген сол сатқындықтың бір түрі. Тіпті тағы хайуанның өзі ұрпағын далада қалдырмайды, сол үшін жанын қиюға бар. Біз әлгінде «ескерусіз қалған асыл құндылықтар» дегенде осы мәселе төңірегінде кеңірек пікір айтып, ой салуды мақсат еттік.

Тірлікте болып жататын әр алуан келеңсіз жәйлардың ең ауыры отбасының ыдырап, баланың жетім қалуы. Бұл бұрын да болған, қазіргі күні тым көбейіп кетті. Оның себебін тізбелеп айта берсең тым көп, жаңсақ сылтаудың шегі жоқ. Көнеден келе жатқан бір ақиқат бар. Ол халық айтатын: «Ер - ел мен жердің сақшысы, әйел – отбасының сақшысы». Осы екі асыл өсиет сақталған болса ел де, отбасы да тыныштықта болары нақ.

Қазақ халқы қай кезде де әйелге үлкен жауапкершілік артқан ғой. Отбасының шамшырағы, дастарқанның берекесі, ағайын-туыстың ұйытқысы деп білген. Қазақтың байтақ жерінің, данагөй елінің





сақталып қалуына себепші болған құндылықтардың бір арнасы осында жатыр. Сонау Асан қайғыдан бастау алып, бүгінге дейін жеткен ақын-жыраулардың шығармаларында осы тақырыпқа соқпай, сөз етпей кеткендері жоқ. Солардың жаңғырығы іспеттес Кенен ақынның даотбасы, бала тәрбиелеу, әйелдің тұрмыста алатын орны жайлы айтқан тағлым, ойтүйіндері, өлең-жырлары жетіп жатыр. Соның бірі «Ерлі-зайып» деп аталады. Ақынның өлеңдер жинағында осылай аталса, ән жинағында «Жақсы болса жан жарың» деп берілген. Әннің мақам ерекшелігіне қарай әдейі осылай деп аталды.

«Болыңдар, ерлі-зайып, тату-тәтті, басыңнан қуалама қонған бақты» деп бастайды. «Бақ» деген сөзді ақын бұл жерде ұйқас үшін кіргізіп отырған жоқ. Расында, қосағыңды тауып, отбасын құру үлкен қуаныш, бақыт екені даусыз. «Кереге керіп, шаңырақ көтерген соң, ендігі жерде оны шайқалтпай, шашып алмай берік ұстау ерлі-зайыптың асыл міндеті, борышы. Өйткені бұл қыз бен жігітке Жаратқанның ұсынған сыйы. Мына шексіз кең дүниеден бөліп алған еншілерің» деп ұғынған жөн.

*«Әйелің жаман болса қатар сілең.
Отбасы күнде-күнде әуре-сүрең.
Қарайды қабағына келген қонақ,
Болмайды дәм-тұзыңда ешбір ірең».*

Бұл енді әйелдің мінез-құлқына қаратып айтылған сөз. Алайда мұның ер адамға да қатысы бар. Қайықтың шайқалақтамай тең жүзуі ескекшіге қалай байланысты болса, отбасының «шашылып қалмай» тату-тәтті өмір кешуі ер адамға тәуелді. Бір-бірін толықтырып отыратын жәй. Бұрауы келмеген домбыраның қос ішегі сияқты «ері былай тартып, әйелі олай тартып», бірін-бірі кінәлап жататын отбасында береке-бірлік қайдан болсын?

Келген қонақтың ең алдымен әйелдің қабағына қарайтыны белгілі. Кім келседе жарқын мінез, жақсы пейіл көрсету қонақтың бір тойғаны. Ақын бізге осыны білдіргісі келеді. Ал жақсы әйел қандай болады? Бұл сауалға Кенен мынадай уәж айтады:

*«Жақсы әйел жұрт алдында жасытпайды,
Сабырлы, салмақ сақтап асықпайды.
Алғаны ер жігіттің жаман болса,
Достарың, ағайының қашықтайды»*

Дөп айтылған сөз. Өмірден алынған тәжірибе, ақынның сұңғыла, аңғарғыштығы деген осы. Жұрт алдында ерінің аузын аштырмай, төпелеп сөйлеп, тұқыртып жататын әйелдер аз ба? Онысы





аз болғандай ерінің кемшілігін бетіне басып, сағын сындыратын әйелдер де кездеседі. Мұндайды ара-кідік болса да өмірден көріп жүрміз. Кенен айтқандай: «Жұбайың шайпау мінез болып шықса, қаймығып қатарыңнан сорың қайнар». Көп жігіттің бүгежеңдеп, сөзден қашқақтап, күмілжіп жүретіні сондықтан.

Бұған керісінше, әйелдің жақсысы қайсы дегенде? Салмақтысы, сабырлысы дейді ақын. Ондай әйелі бар жігіт «жасымайды, жөнсіз ашуланып налымайды, дұшпанға ішкі сыры ашылмайды, ең бастысы ақылынан, күш-қуатынан арылмайды» деп түйіндейді.

Ері ашушаң, әйелі шайпау, берекесі жоқ үйге ешкімнің бас сұққысы келмейтіні белгілі. Ондай отбасынан сыйлас достары ғана емес, ағайын-туыстардың өздері бойларын аулақ ұстайды. Бірте-бірте аралары суысып кететіні сондықтан. Өлгінде ақын айтып кеткендей, бәрінің ретін тауып жақындастыратын, ұйыстыратын тағы да әйел адам екендігін айғақтай түседі. «Ерлі-зайып» өлеңінің мәнділігі сол, ақын бұл жерде мынау жақсы, мынау жаман әйел деп жәй ғана атап шықпайды, одан туындайтын залалды, зиянды нақты көрсетіп береді. Мәселен:

«Келеді кейбір әйел сыбысқұмар,

Ер кәйтіп ондай жанды тыныс қылар?

Қонағың аттанғанша шыдай алмай,

«Құдай» қарғап құрғырың ұрыс қылар» - дейтін шумақта, сөз тасыған сұғанақ әйелден ер адам «қандай сүйеніш табады, қандай өнеге алады?» дейтін ой жатыр. Мұның арты немен аяқталатыны тағы мәлім. Кінәсін айтып, ауыз ашсаң болды жер тепкілеп, қонақтардың алдында абыройыңды төгеді. Кененнің айтар ойы айқын, сөзі ұтқыр. Қарапайым мысалмен-ақ, бүйірін таянып, аузына келгенін айтып көкіп тұрған, көкдолы әйелдің кейпін көз алдыңызға алып келгендей әсерде қаласыз.

Жақсы әйелдің жөні басқа. Қандай істе болсын ақылына жүгініп, ерінің абыройын ойлаған әйел кесек-кесел сөзге бармайды. Қыз күнінен «Сабыр түбі сары алтын» дейтін халықтың дана сөзін естіп өскен әйел өзінің де, өзгенің де абыройын төкпейді, әдеп сақтайды. Осындай жары бар, көңілі толып масаттанған ердің көңіл-күйін ақын былай жеткізіпті:


«Әйелі жақсы жігіт жасымайды,

Сұрланып, сұры қашып налымайды.

Білдірмей кем-кетікті бағаласа,

Көңілің неге судай тасымайды?» - дейді көреген ақын. Осы жерде





Кененнің ертеде айтқан: «Қаңтарда бура ойнайды тайлақпенен, еркекке жақсы әйел қайрақ деген» өлең сөздері еске түседі. Айтылуы басқаша болғанмен, түпкі мәні бір. Ер адамның сүйеніші де, ардақ тұтып, қастерлейтіні де әйелі деген ойтүйін. Ондай отбасы елге үлгі. Отағасының да, жұбайының да абыройы артып, үлкен беделге ие болады. Мұндай ортада тәрбиеленген баланың зерделі, қазақы, сыпайы болатынында гәп жоқ. Абыройы артқан адамның әруақытта жүзі жарқын, жолы ашық. Кенен ақынның сөзімен айтқанда:

*«Қолы ашық жігіттің жолы да ашық,
Ешкімнен қор болмайды сөзден сасып.*


Жігітке алыс та дос, жақын да дос,

Жүресің ортасында алшаң басып» - деп қорытады. Тәрбиелік мәні зор, ақиқат сөз. Бұған қосар не қалды. Сөз түйіні осы болсын.

Өңгіме басында айтылғандай отбасының салауаттығы ұлқызымыздың қандай тәрбие алғандығына тікелей байланысты. Тәлім-тәрбиенің де озығы мен тозығы бар. Мәселе, соның ең асылдарын тандап пайдалануда болып тұр. Ол үшін жаңа екен деп өзгенің «тозығына» ұрынбай, ескірген екен деп халқымыздың «озығынан» көз жазып қалмау керек. Жаңаның бәрі жақсы, ескінің күні өткен деу жақсылыққа апармасы белгілі. Сондықтан отбасы мәселесіне келгенде халқымыздың ұстанған тәлім-тәрбиесіне, мол тәжірибесіне ден қойғанымыз қажет-ақ. Өйткені, мұнда заманның тезінен өткен, әбден сұрыпталып, қалыптасқан қазақы тәрбиенің мол мұрасы жатыр. Бұл дегенің қазақтың ғасырлар бойы шым-шымдап жинаған баға жетпейтін ең асыл құндылықтары.

Сондай құндылықтарға көнекөз ақын-жыраулар қалдырған кемері кең, көл-көсір жыр-дастандар да жатады. Бұлар тек өлең өргізіп, жыр ақтарып қана қоймаған, өз дәуірінің көрегені, ұрпақ тәрбиешісі, артына мол өсиет-тағлым қалдырған ұлы ұстаздар. Солардың қатарынан ерекше орын алатын ақиық ақын, көненің көзіндей болған жырау Кенен Әзірбаев екенін сөз басында айттық. Бұл тұрғыда Кененнің шығармалары әлі шымылдығы түрілмеген, қаймағы алынбаған, зерттеуін күтіп жатқан тың дүниелер. Сөз соңында ақ тілеу ретінде айтпағымыз, дарабоз ақынның осындай мол мұрасы ескерусіз, қалтарыста қалып қоймаса екен.





АҚЫННЫҢ ШӘКІРТТЕРІ

Кененнің шәкірттері туралы сөз еткенде ең алдымен ойға орала кететін адам Шолпанқұл Сейітов. Шолпанқұл 1900 жылы Қордай болысы, «Ораз» ауылында, Иірсу өзенінің бойында дүниеге келген. Әкесі Сейіттен туған үш ұл, екі қыз. Сол үш ұлдың кенжесі Шолпанқұл жасынан алғыр, сөзге шешен, өнерлі боп өскен дейді. Кеңес өкіметі әкелген дүрбелең кезде екі ағасын ақтар атып өлтірген. Жесір қалған жеңгелерінің кішісі Қызбалтай әрі көрікті әрі елге қадірлі болыпты. 19 жасқа енді толған Шолпанқұлды әмеңгерлік жолмен кіші жеңгесіне қосады. Бұлардан Нәдірбек, Сәдірбек, Еркінбек, Бүрлібек, Бидай, Ыдырыс атты 6 ұл, Орын деген бір қыз дүниеге келген. Батыр ана атанған Қызбалтай 48 жасында өмірден озған екен. Шолпанқұлдың жүрген жері әзіл-оспақ, жарасымды қалжыңға толы. Өзі ақын әрі сері болған соң той-думанның көркі болыпты. Ақынның жұбайы Нәсихамен қатарлас болған соң Кененмен де еркін қалжыңдасып, небір әзіл сөздерге барып жататын еді деп еске алады көзін көргендер. Кенен ақынның «Жауды жеңіп жарқылдап аман келгің, мінезіңді сағындым күлдіргі інім. Бозбаланың еркесі қайран, Шөкем, қай майданда жүр екен сайрап, Шөкем!» деп сағынышын білдіруі тектен-тек емес шығар.

Шөкеңнің әзіл-қалжыңдарын жұрт ұмытқан жоқ, әлі күнге дейін айтып, күлісіп еске алады. Төрткен Кененқызының әкесі жайлы жазған: «Екі Кенен тумайды» деген естелік кітабында Шолпанқұлдың ерке-аусар мінезі туралы қызық әңгімелер келтіреді. Оны Кененнің өзі айтып, жұртпен қоса күледі екен.

«...Сәтина деген бір жеңгем соғым басына шақырған соң, тұмауратып жүргеніме қарамай барған едім. Түннің бір уағына дейін отырып қалыппыз. Далада аяз қысып тұр. Денемді тағы суық ұстап қалар деп қона салдым. Ертесі күні жеңгемнің күрең шайын ішіп, асықпай үйге келдім. Нәсиқа әдеттегідей емес, жақтырмай қарап:

- Сенің қайда барып, қайда қонып жүргеніңді естіп-біліп отырмыз. Бүкіл ауыл шуылдап жүр. Балаларың өсіп қалды, абайлап жүрмейсің бе, дейді.

- Ау, нені естіп, нені біліп отырсың? Қайда болғанымды саған кім айтты? деп мен де ашу шақыра бастап едім:

- Көркемжан балаң айтып келді. Көркемжан ол кезде 3 жаста. Кешігіп көрген бала болған соң бетінен қақпай өсірдік емес пе. Бұлаң, ерке боп өсті. Қасыма шақырып, басынан сипап:





- Балам, саған мұны кім айтты?

- Шолпанқұл атам айтты.

- Сонда, атаң не деді?

- Менің атамды көрдіңіз бе? деп едім. Атаң Сәтина апаның үйінде ұйықтап жатыр. Үйге келейін десе, қатты терлеп шыға алмай қалыпты деді.

Бұл әңгіме ел арасына тез тарап кетті. Қатар-құрбы, құрдас жеңгелерім қарап жата ма. Бәрі Көрекемжанның тілін қызықтап, қазбалай береді. «Атаң кеше қайда болыпты? Сәтина апаның үйіне қоныпты. Неге қоныпты? Қатты терлеп қалыпты,-дейді аңғал бала. Шолпанқұлдың мұндай әзіл-оспақтары, тапқыр сөздері көп. Зілсіз әзіл - қалжыңның төресі еді. Содан да болу керек, ел жақсы көретін, қаумалап қасынан шықпайтын.

...Бір жолы теміржол бойының бір топ әртістері Шу станциясына барып, жолда істейтін жұмысшыларға концерт қойдық. Арамызда Шолпанқұл да бар. Жаз кезі. Күннің аптап ыстығына шыдай алмай бір топ адам шомылу үшін Шу өзеніне барғанбыз. Жастар жағы шешініп тастап суға қойып кетті. Рахаттана сүңгіп, құлаштай малтып у-шу болып жатыр. Жағада жалғыз Шолпанқұл қалды. Қайта-қайта шақырып көндіре алмаған соң жастар жағы қолдарын бір сілтеп жөніне қалдырған.

Суға түсіп, салқындап алған жұрттың көңілі көтеріңкі:

- Шөке, судан қашып түспей қойдың. Перінің қызы бұтыңнан тартып әкетеді деп қорықтың ба? дейді әжуалап. Әлгінің сөзіне бәрі мәз. Сонда Шолпанқұл жұлып алғандай:

- «Үй, су мый-ау! Судың ағыны қатты екен. Алда-жалда батып кетсеңдер, елге хабар беретін бір адам қалу керек қой дейді қулана күліп. Шолпанқұлдың тауып айтқан сөзіне күлмеген адам қалмады. Кейін білдім өмірінде терең суға түсіп көрмеген екен. Суға жүзе алмайтынын осылай жасырыпты.

Шолпанқұл 1942 жылы майданға аттанып, елге қайтып оралған жоқ. Өзінің артынан көп ұзамай соғысқа кеткен ұлдары Нәдірбек пен Еркімбек те соғыста қаза болды. Соғыс кезінде Кенен ақынмен хат жазысып, амандығын білдіріп тұрған екен. Хатты өлеңмен жазатын еді дейді. Сондай бір хатында Кенен ақын былай деп жырына қосады:


«Сен кетіп ең, бозбала бәрі кетті,

Жігіт қалмай ауылдың сәні кетті.

Отыз жігіт, ішінде Молдабай бар,

Аттандырдық артыңнан Нәдірбекті»





Кенен осы шәкіртін өзгелерден ерекше көретін. Даусы қоңыр, үні жұмсақ, жүрекке жылы тиеді деп айтып отырушы еді. Өзінің жас кезінде шығарған біраз әндерін үйретіп, қасынан тастамай ертіп жүреді. «Кейде жұрт алдына шығудан тартынып, қашқақтайтын мінезі бар. Ысылып, әлі төселмегендігі ғой. Кейін нағыз арқалы, жүйрік ақын болады. «Жүйрікті көп шаппасаң, көсілмейді, жорғаны көп салмасаң, төселмейді» деп айтып отырады екен.

Шолпанқұл жақсы сауат алған, көзі ашық азамат. Кеңес өкіметін құру ісіне, ұжымдастыру, жастарға білім беру шараларына белсене араласқан білікті жігіт болғаны даусыз. Кенен екеуі әйгілі Түрксиб теміржолын салу кезінде өнерпаздардың көшпелі бригадасымен жүріп өнер көрсеткен. 1938-40 жылдары Тасөткел каналын салу кезінде мәдениет (өнерпаздар) бригадасын басқарған. Оның құрамында Есдәулет, Кенен, Жақсыбай сияқты халыққа аттары мәшһүр ақындар болды.

Шолпанқұл 1939 жылы халық өнерпаздарының Алматы облыстық үшінші олимпиадасына қатысып, бірінші орын алды. Ұлы Отан соғысы қарсаңында ұстазы Кененмен бірге халық арасында үгіт-насихат шараларын жүргізуге атсалысқаны мәлім. Жас ақынның осы еңбектерін бағалап, үкімет 1940 жылы Шолпанқұл Сейітовты Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен марапаттады. Осындай маңызы зор, іргелі істерде ұстазы Кененмен бірге жүріп, өнер биігіне құлшына қанат қаққан ақынның ғұмыры қысқа болды. Осылай боларын, енді бірер жылда алапат соғыс басталып, талай боздақтың өмірі қыйылып, талай шаңырақтың қаңырап қалатынын ұстазы Кенен де, шәкірті Шолпанқұл да білген жоқ. Солардың қатарында Шолпанқұл да бар еді.

Бүгінде арамызда ақын Кенен де, шәкірті Шолпанқұл да жоқ. Есесіне ұстазы шығарған «Шолпанқұлға» деген ғажап ән қалды.

«Сағындым-ау, Шолпанқұл, сарғайдым-ау,

Жылдағыдай емеспін қартайдым-ау.

Тасқа шапқан қырандай топшым сынып,

Төр алдында, қайтейін, жантайдым-ау» - деп жырына қосқан Кененнің сөзі қалды. Осының қарымы сияқты, алыс жерден жеткен шәкіртінің:

«Көркемің ер жетті ме, аға Кенен,


Көреді бірін-бірі жан өлмеген.

Ардақты жиен, жеңгем, жан Нәсиқа,

Әктем мен Сақыпбалаға дұғай сәлем.

Сәлем де Күнтәй, Күлиша әпкелерім,





Бар болса кешіріңдер өкпелерің.

Дүние жетпейді деп жүргенімде,

Білмеппін өзімізді көп көрерін» - дейтін сағынышқа толы өлеңі қалды. Бірі әнге айналып Қордайдың асуынан шырқалса, бірі Ресейдің шексіз орман-тоғайынан асып жыр болып жетіп жатты. Ақындардың рухы өлген жоқ. Ұстаз бен шәкірттің жан дүниесі сияқты бірін бірі толықтырып, асқақтай түседі. Бұған екі ақынның ел-жұрты куә. Кенен мен Шолпанқұлдың өлеңдерін жаттап, әндерін әуелете салып жүрген ұрпақтары куә.

Кененнен көп тағлым алған, туыстас інісі, әрі шәкірті Асылқұл Бұрбаев болды. Ол 1919 жылы Жамбыл облысы, Красногор ауланында (қазіргі Сұлтұт) қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Соғыс ардагері. Кененнің біраз әндерін, көптеген өлең-жырларын жатқа айтып отыратын. «Әттең, серілікке көбірек еліктеп, домбыраны көп ұстамайды. Болмаса, Асылқұлдай арқалы, арынды ақын бұл өңірде жоқ» деуші қарт ақын. Кененнің серілік деп отырғаны Асылқұл құралайды көзге ататын мерген еді. Аңшылықты жасынан кәсіп еткен, қысы-жазы Қордай тауының сай-жырасын, тау-тасын аралап аңшылық құратын. «Арқар, еліктің, үйрек-қаздың қайда жүргенін білгің келсе Асылқұлдан сұра» дейтін жұрт. Ол сөздің жаны бар. Сұраған адамға қай аңның жыл мезгіліне қарай қай тұста жүретінін, суаттайтын, жусайтын жеріне де дейін тап басып айтып отыратын еді.

Әкеме жиі келіп тұратын. Асылқұл келгенде әкем де қабағын ашып, көңілденіп қалушы еді. «Осының домбыра шертісі, ән мақамы, сөзінің ұшқырлығы менің жас кезімді еске түсіреді» дейтін. Бір айыбы бойына біткен өнеріне жеңіл қарайды. Өнер деген де пышақ сияқты, жанып-қайрап отырмаса тез мұқалады, тез тотығады деп кейігенін талай көрдік.

Атаның сөзін терең ұғынып, байыбына баратын кезіміз емес. Ақылдан гөрі қиялға көбірек берілетін балалық шақ. Ағаның астындағы сымдай тартылған жүйрік атын қызықтаймыз. Жануар қандай сұлу ат, сылаң қағады. Нағыз аңшының аты осындай болатын шығар деп таңданатын едік. Тебініп қалсаң ытқып кеткелі тұр. Мойнына ілген бесатары тағы бар. 5-10 жасқа енді келген ауыл балалары үшін Асылқұл аға бұрынғының сал-серілеріндей, ғажап ертегінің кейіпкеріндей көрінетін.





Ақынның жан-дүниесін ақын ғана түсінетіні рас. Асылқұлдың кейде еркелеп, кейде астам, артық кететін мінезіне әкем үлкен сабырлылық танытатын еді. «Қайтсін. Мұның да ішін күйдіріп, өзегін өртеп жатқан нәрсе жалғыз ақындықта емес қой. Бұл да мен сияқты баланың зарын шегіп жүрген адам. Сүйіп алған жары қандай көрікті. Құдай араларына бір нәресте тарту етсе ғой, бәрі де өзгеріп сала берер еді» деп қамығатын.


«Мұндай күйді Кенен екеуміз де бастан кешіргенбіз. Дүниеде ең қиын нәрсе баланың зары» дейтін шешем. Мұның ішқұса боп, қиял қуып, өзін-өзі жазғырғандай саяқ жүргенін көп адам түсінбейді. Ақынның жан дүниесін, көңіл иірімін ұғыну оңай шаруа емес.»

Бұл енді сонау 1950-55 жылдардағы әңгіме. Біз ол кезде Отар теміржол бекетінде тұратын едік. Тап қазіргідей ары-бері ағылып жататын пойыздар да көп емес. Қос-қостап созылып жататын теміржол рельстері де аз болатын. Жолдың екі жағын ала салынған үйлер де аз. Шағын ғана елді мекен. Біздің үй тау жағындағы ең шеткі там болатын. Шатыры жоқ «тоқал там». Біздің үй мен Мәтібұлақ тауының арасы көп болса екі-үш шықырым. Тақтайдай жазық дала. Таудан бері қарай жүрген атты адам болсын, мейлі жекелеген мал болсын алыстан көзге шалынады. Мал жаятын өрісіміз де сол жақта.

Әкемнің түс ауа шәй ішетін әдеті. Мұнысын жақсы білетін көрші кемпір-шалдар да немерелерін жетектеп келе қалатын. «Біздің шәй ішкенімізді аңдып отырғандай» деп реніш білдіретін едік. Енді ойласам, солар шәйға бола емес, әкемнің әңгімесін тыңдауға келеді екен ғой. Шешем, шәй ішіліп болған соң дастарқан жинауға кіріскені сол еді, көрші үйдің баласы жүгіріп кірді. «Ата, тау жақтан бір кісі арқар айдап келе жатыр» дейді аптығын баса алмай. Мұны естіген әкем біраз отырып: «Япыр-ау, арқары несі? Мал қайырған біреу шығар. Барып көрелік» деп орнынан тұрды. Біз болсақ әлгі сөзді естісімен, жүгірген бойда тамның үстіне шығып кеттік.

Расында, алыстан салт атты көрінді. Алдына салып айдағаны, шынында мүйізі қарағайдай арқардың құлжасы. Өбден шаршап, діңкесі құрыған тағы тауға қарай бұрылса, атты алдын орап жібермейді. Қолын ербеңдетіп, бірдеме айтқан болады. Даусы естіліп жатқан жоқ. Аттының екпінінен шошыған тау тағысы амалсыз ауылға қарай бет бұрады. Біраз жүгірген соң қайтадан тауға қарай қашады. Салт атты қуып жетіп, қамшының астына алып қайырып жүр. Осылайша біраз уақыт өтті. Арқардың көнетін түрі жоқ. Соны байқаған болу керек, ауылдың әр тұсынан атқа мінген бірнеше жігіттер шықты. Ақыры





не керек, қаумалап жүріп, арқарды біздің аулаға әкеп кіргізді. Жұрт аң-таң. Шешемнің таңданысында шек жоқ. «Япыр-ау! Бұл кім десем, Асылқұл бауырым екен ғой» дейді.

- Жездем, сырқаттанып жатыр деген соң. Арқардың сорпасымен емдейін деп арнайы айдап әкелдім. Сонау Құлжабасы тауында жаралаған едім, содан бері бой бермей келеді. Арқардың бес жасар құлжасы екен, дейді ақтарыла күліп.


- Бүйтпесең, Асылқұл мерген атанарсың ба деп жұрт қаумалап, күліп жатыр. Бүйірінен тиген оқтың ізі тұр. Денесінен аққан қара тер қанмен араласып әбден малыныпты. Қансырағаны байқалып тұр. Аяқтары дір-дір етеді.

- Кенекем, көзбен көрсін деп әдейі тірідей айдап келдім. Сол жақтан-ақ сойып әкелуге болатын еді. Оған мына құда-жұрт «өлі ет қой» деп менсінбей қояма. Нәсиха әпкеме ұят келмесін дегенім рас. Ал енді құлжаны жығып, бата сұрайық. Бұған шамасы жететін «Бесжалаңаяқтан» жігіттер табылатын шығар? дейді әзілдеп. Өзі де төртаяқтап әрең тұрған арқарды төрт-бес адам мүйізінен, аяғынан шалып әрең жықты. Сол түні біздің үйде үлкен мереке болды. Құлжаның етін жеп, сорпасын ішіп қауқылдасқан көршілер түн ауғанда әрең тарқасты.

Сол құлжаның мүйізі біз Қордайға көшкенге дейін биік мая шөптің үстінде жатушы еді. Салмағы ауыр болған соң шөпті осымен бастырып қоятын. Үкімет Кенен ақынға арнайы үй салдырып, 1957 жылы сол кездегі С.М. Киров атындағы колхозға көшіп бардық. Жуандығы арбаның тәртесіндей, екі оралып барып үш жағы иірлене біткен мүйізді ала кету ешкімнің қаперінде болмапты. Сонау бала кезімде көрген Асылқұл ағаның сол бір аңшылық өнері есімде мәңгі қалып қойыпты. Мұны көзбен көргендер көпке дейін аузынан тастамай айтып жүрді.

Асылқұл көп жылдар колхозда әртүрлі жұмыстар істеді. Ауылдың өнерпаздар ұжымын басқарды. Аудандық, облыстық ақындар жарысына қатысып, абыроймен оралып жүретін. Әрқашан ұстазына келіп сәлем беруден, ән-өлең жайлы әңгіме дүкен құрудан жалыққан емес. Шәкіртіне көңілі толған қарт ақын: «Асылқұл, сенің осы бір мақамың құлағыма көненің сарыны сияқты естіледі. Осындай ән мақамын боз-бала кезімде Сарыбастан естуші едім. Сен соны түрлендіріп, өзгеше бояумен айтатын болыпсың. Осыдан айрылма, осы мақам сенің бойтұмарың болып қалады» дейтін. Расында:






«Еңку-еңку ел Қордай,
Асуы биік бел Қордай.
Иірсу, Жайсаң, Сұлутөр
Көкорай шалғын жер Қордай...
Ақыл айтып, ес берген,
Кемпір менен шал қандай?
Асқақтата жыр төккен,

Асылқұлдай ер қандай? - деп әрі күлдіріп, әрі төкпелетіп ала жөнелетін Асылқұлдың екпінді жыры әлі ұмытыла қойған жоқ. Ұстазы Кененнің бойындағы әзіл-сықақ, астарлап қағыта сөйлеу секілді ерекшеліктерді Асылқұлдың өлеңдерінен де жиі кездестіруге болады. Мәселен, Кенен ақын: «Әкем бойдақ ат бойдақ, мен де бойдақ, қайда апарып бағамын үш бойдақты» деп әрі күлдіре, әрі кекете сөйлесе. Шәкірті былай дейді: «Өзім атым Асылқұл, әкем Бұрбай, елден артық жаратты бізді құдай». Бұған қалай күлмейсің? Бұлардың қай жерін артық етіп жаратты екен? деп, жұрт қыран-топай болып жатушы еді. Өкініштісі сол, ақынның жас кездегі даусы, Кенен айтпақшы өзіне ғана тән мақамы таспаға жазылмай қалған. Кейбір иірімдері ғана жұрт аузында сақталыпты.

Асылқұл және сол кездегі ақындар жайлы сөз еткенде мына бір мәселені естен шығармау керек. Кеңес үкіметімен құрдас, бүкіл өмірі сол ортада өткен ақындар сол саясаттың ықпалында болды. Қазіргі біз көріп жүрген еркін айтыстар ол кезде мүлдем болған жоқ. Ақындар саясаттың шеңберінде ғана сөз қозғап, үгітші-насихатшылық роль атқарды. Ол кездегі ақындар еркін көсіле алмай тұсаулы ат сияқты кібіртіктеп, шабандап қалатыны сондықтан. Мұндай тығырықтан шығу мүмкін емес еді. Мақамы болсын, өлең-жыры болсын кеңестің саясатын ғана дәріптеуші, бірінен бірі айнымайтын, бір қалыптан шықандай ақындар легі сол кезде пайда болды. Оның үстіне айтыс деген киелі өнердің өрісі тарылып, мүлдем жойылуға айналған еді. Бұл үрдіс Асылқұлды да айналып өтпегені мәлім. Болмаса айтысқа жиі түсіп ысылған, бәйге атындай суытылған ақын болса, тасқа жанған кездіктей өткірленіп, алау тартып тұрмас па еді.

Жалпы айтыс өнеріне, айтыс ақындарына 1974 жылы өткен Кенен Әзірбаевтың 90 жылдық мерейтойынан кейін ғана жаппай көңіл бөліне бастады. Осы тойға Кененнің шәкірті ретінде Асылқұл Бұрбаев та қатысты. Сол кездегі астанамыз Алматының төрінде өткен арқалы жиында Асылқұл, атақты ақын Манап Көкеновпен айтысқа түсті. Ел ағасы елуді еңсерген ақын бұл кезекте де тосылып қалған жоқ,





Кененнің нағыз шәкірті екенін дәлелдеп берді. Тағыда сол, саясаттан ауытқып кетпейін, артық сөз айтып қоймайын дейтін алаңдаушылық ақынның сөзінен де, ән мақамынан да сезіліп тұратын.

«Жамбыл және қазіргі халық поэзиясы», «Халық поэзиясы және бүгінгі өмір» атты ғылыми туындылардан арқалы ақын, айтыскер Асылқұл Бұрбаев туралы біраз мағлұматтар алуға болады. Ұстазы сияқты Асылқұлдың бойынан әртістік, актерлік қасиеттер де мен мұндалап тұрушы еді. Әңгіме айтқандағы даусының диксиясы, мәнерлеп сөйлеуі, мимикасы кәсіби актерлерден еш кем түспейтін. Бұл ерекшелігі кейін кәдеге асты да. Ақан серінің өмірі жайлы шығарған «Құлагер» кинофильмінде шаман-бақсының ролін ойнады. Кейіпкерін айнытпай келтіргені сондай, бұл ақын емес, шындығында бақсы екен деп қаласың. Тіпті сол рольді ойнаған Асылқұл аға екенін көпке дейін білмей де жүргінімізді несіне жасырамыз.

Асылқұл Бұрбаев көз тірісінде ұстазының 75, 80, 90, 100 жылдық мерей тойларына қатысты. Қатысып қана қойған жоқ, тойдағы іс-шараларға белсене араласып, той сайын өзінің ұстазына арнаған жүрекжарды өлеңдерін шығарды. Кейін ұстазын есіне алған ақын, сағынышын былай деп жеткізіпті:

*«Өлеңге бай Жамбыл, әнге Кенен,
Атағың көп ақыннан ілгері ең.
Бақытты, абыройлы, ардақты ата,
Өзіңді өзге ақыннан ірі көрем.
Дауысын Кененкеңнің естіген соң,
Қамығып біразырақ жылап та алдым...
Кенекеңмен ән салып жүргенімде,
Өткенін білмеуші едім бір аптаның.
Ақыл айтып, ес берер Кенен кетіп,
Бұл күнде жалғыз қалған сияқтандым».*

«Шын тұлпар шапқан сайын екіленер» демекші Асылқұл ақынға Кененнің шәкірті тұрғысынан ғана қарап, баға беру аздық етеді. Жоғарыда сөз еткеніміздей ол атакәсіп аңшылықпен айналысқан кәсіпқой аңшы, ауылының құрметті азаматы, ұрпақтары тағзым ететіндей қадірлі ақсақалы болды. «Қолда барда, алтынның қадірі жоқ» дейді халық. Асылқұлдың ақындығын былай қойып, оның аңшылық өнерінің қыр-сырын көптеп білуге болатын еді. Оған мән беріп жатқан ешкім болмады. Аңға шығудың, аң аулаудың небір айла-тәсілдерін осы өңірде Асылқұлдан артық білетін адам болған жоқ десем артық айтқандық емес. Қайтеміз, баяғы қазақы мінезіміз,





салғырттығымыз деуден басқа айтар сөз жоқ.

1985-88 жылдары Кенен Әзірбаевтың әдеби-мемориальдық мұражайының директоры қызметін атқарып жүргенімде Асылқұл ағамен жиі кездесудің реті түсті. Үйі де сол көшеде еді. Екінші үйленген әйелінен біраз балалар бар. Денсаулығы сыр бере бастапты. Сол жақ қолы тартылып, саусақтары қимылсыз қалған. Өзіл-қалжыңсыз жүрмейтін ақын онысын ерен қылмай: «Өзіме де обал жоқ. Аңшы екенмін деп, нысанаға іліккенді топырлатып түсіре беріппін ғой. Аңдардың да киесі бар деуші еді. Солардың киесі ұрған шығар» дейтін.

Кейде өзінің даусы жазылған таспаны ала келеді. Екеуміз оңаша отырып тыңдаймыз. Жазылуы сапасыз болса да, сөздері анық. Кейде әуендетіп, кейде термелетіп айтатын тұстары өте тартымды. Расында, үнінде Кененге үйлесетін жері көп. Әлде, қасында көп жүргендіктен де болар, даусын көтеріп барып қайыратын тұстары тіпті ұқсап тұр. Маған әсіресе ұнағаны «Туған жер» дейтін әні. Ұстазы қатты ұнатып, осы әуенді ұмытпа деп тапсырған мақамы осы болуы керек. «Аға, мына жазбаңыз ескіріп қалыпты. Көшіртіп бір данасын маған беріңіз. Мұражайға сақтап қоямыз» дедім. Ақыры сол жазба менің қолыма түспеді.

Талай жылдар өтті. Тәуелсіз ел болдық. Астанамыз арқаға көшті. Ұлы көштен қалмай арқа төріне біз де жеттік. Елге біраз қызмет істедік. Зейнеткерлікке шығып, қол босады. «Үйде жалғыз отырмын, өткенімді сағынып» демекші, ой қуалап, әр нәрсені еске түсіресің. Ең алдымен ойыңа ауыл келеді, Қордайдың көкорай шалғын белестері елестейді. Әкең түсіңе кіреді, әкенің көзін көргендер кіреді. Соның ішінде Асылқұл ағаның рухы жүргендей сезінесің.

Айтбақшы, мен үйленгенде (1972 жылы) жас келіннің бетін Асылқұл аға ашып еді ғой. Ол кезде ұстазы тірі, тоқсанның торғынына оранса да қырандай сергек, көзі қырағы. Ортаға шыққан шәкіртіне құлақ түреді. Шәкірті сонда не деп еді?

*«Қос ішекті домбыра,
Пернесін біраз басайын.*

*Аққу сынды келінді,
Өлеңіме қосайын.*

*Балаңыз екеу болды деп,
Атаның көңілін ашайын»* - деп төгілтіп еді.

Шәкіртінің шабыттана айтқан жырына елігіп, көздерін жұмып тыңдайды. «Алатаудай ардақты жерге келдің, келінім, Кенекемдей





әруақты төрге келдің, келінім» дейді. «Атаң менен анаңа бал боп көрін, келінім. Ұйықтап жатып оянса шам боп көрін, келінім» дейтін тұсында қарт ақын басын изеп, сақалын сипап қойды. Бұл шәкіртіне риза болып, қолдағаны болу керек.

Сөз арасында жиналған жұртты бір күлдіріп алатын әдетіне басып: «Жақсы ниет дәулетке ортақ болғың, келінім. Жүз грамды көргенде қорқақ болғың, келінім» деп бір түйіп тастады. Бұл сөзіне жабыла күлген жұрт: «Асекең, тәрбиені шараптан бастады. Мұнысы келінге ұнаса жақсы-ау?» десіп шуласады.


Суырып салма ақын емес пе, арқасы қозған сайын арқаланып, біразға барды. Анда-санда ұстазына көз қиығын салып қойып, төгілтіп жатыр.

*«Жора жолдас, құрбыңа,
Ардақты бол, келінім,
Өте жеңіл болмағың,
Салмақты бол, келінім.
Өсек аяң сөздерге,
Сене көрме, келінім,
Жалғандардың тіліне,
Ере көрме, келінім.
Өте ұяң, бос өсіп,
Ынжық болма, келінім.
Ел-жұртыңа күлкі боп,
Сұмдық болма, келінім»*

Беташар аяқталды. Қара терге түскен ақын аға беторамалын алып, сүртініп жатыр. «Асекеңнен, сөз артылған ба. Бұдан артық тілеу- өсиет қайсы? Кенеке, келініңіз құтты болсы! Ұзағынан сүйіндірсін!» деп ел қаумалап, ақ тілегін білдіріп жатты. Тап осы сәтте қарт ақынның есіне, сонау 1960 жылы тұңғыш келін түсіріп, бетін өзі ашқаны түстіме екен. Сонда шығарған «Келінжан» деген әні бүкіл ел айтатын беташарға айналып кетіп еді. Көңілі босаған қарт ақын Асылқұлға қарап басын изеп, шынайы ризашылығын білдірді. Сөйтіп, тұңғыш келіннің бетін Ұстазы ашқан, кейінгі келіннің бетін Шәкірті ашқан көріністің куәсі болған едік. Бұл да сирек кездесетін жәй. Екі ақынның жүрек тоғысуы шығар.

1976 жылдың көктемінде Кенен ақын дүниеден өтті. Бүкіл халық, ағайын болып үш күн аза тұтып, ақырғы сапарға шығарып салды. Мәйітін көтеріп жүруге таласып қалғандар да болды. Ұлы адамның





денесін иығына салып жүрудің өзі үлкен мәртебе, жақсы ырым ғой. Шәкірті Асылқұл болса ұстазының қазасына жоқтау өлеңін шығарды. «Кененді жоқтау» деп аталатын көлемді туындысы ұлы ұстазына арналған ескерткіші болып халық жадында мәңгі қалды.

*«Кенекем қайтыс болды деген сөзге,
Бой мұздап, жан түршігіп кетті лезде.
Алқынып өкпе, бауыр діріл қағып,
Жас селдеп келе қалды екі көзге...»*

*Өлді деуге ауыз бармай, көз қимай,
Қайғы-қасірет қу кеудеме тұр сыймай.
Жедел, ауыр, мұздай суық хабарды,
Естимін деп ойлаппын ба мен мұндай!*


*Мейірімсіз сұм ажал,
Атамды алдың-ау!
Кенекем қаста жоқ
Жетім боп қалдым-ау!»*

Жасы сексенге тақалса да «атам деп, ұстазым деп» кішілік пен кісіліктің үлгісін көрсеткен әрі шәкірт, әрі ақсақал Асылқұлдың соңғы лебізі еді бұл. Бүгінде екеуі де арамызда жоқ. Бірі ұстаз, бірі шәкірт ақындардың рухы жұмақтың төрінен орын алсын деп тілейік. Бұған күмән жоқ.

Кененнің шәкірттері жайлы әңгіме бола қалса Несіпбек Дәутайұлының есімі қатар аталады. Оның ешқандай сөкеттігі жоқ. Несіпбек те өнер жолын суырып салма ақындықтан бастаған. Қордай ауданы, Иірсу елді-мекенде 1948 жылы туып, сол Кенен тұрған ауылда өсіп, ер жетіп, қанат қақты. Бір қызығы ол да еңбек жолын қойшылықтан бастап еді. Колхоздың бір отар қойын алып, Кенен ата-сы әнге қосқан атақты «Ойжайлау» төсінде талай қызықты күндерін өткізген.

Ара-тұра ауылда қатар өскен бір топ құрбы-құрдастары Несіпбекті іздеп баратын едік. Табиғатында сыпайы, мінезі жұмсақ, қонақжай жігіт бір қойын алып ұрып сойып тастайды. «Әй, жігіттер, мұны қазанға салмас бұрын, көкпар ғып тартып қызықтайық. Көршім, Мырзахан ағаның үйінде екі ат бар, менің үш атымды таңдап мініңдер» дейді. Аттың





құлағында ойнайтын ауыл жігіттері Кенжехан, Серік, Бейсен, Исақан, Таңатбектер бір-бір атты мініп шыға келді. Бұған көрші отырған қойшылар да қасылған еді. Ұзын саны оннан асады. Ол кезде мәре көкпар деген жоқ. Қолына көкпар тиген жігіт атын сабалап, бел асып кететін. Артынан қуып жетіп, қайта қайтарады. Елеуреп, қаны қызған жігіттер біраз тартысты. Күн еңкейгенде барып, ойынды тоқтатып еді.

Түннің бір уағына дейін ән салып, неше түрлі ойындар ойнап таңның қалай атқанын да білмей қалыппыз. Сол түні Несіпбектің үйінде жеген «көкпар» еттің дәмі әлі күнге аузымнан кетпейді. Ал Несіпбектің баяулатып салатын мақамы әлі құлағымда тұр. Дастарқан басында отырған әрқайсымызға өлең арнайды. Өлең болғанда да жәй ұйқастап айтыла салатын сөз емес. Әркімнің түр-түсін, мінез-құлқын, бойындағы өзі аңғара бермейтін ерекшелігін дөп басып айтқанда таң қалушы едік. Сол кездің өзінде Несіпбектің бойында ақынға тән қырағылық, аңғарғыштық, ұшқырлық байқалып тұратын.

Бүгінде ел таныған қазақтың көрнекті жазушысы, бірнеше роман, повестердің авторы, Кенен ақынның алдын көрген, батасын алған Несіпбек Дәутайұлы Тараз қаласында тұрып жатыр. Қыз ұзатып, келін түсіріп, немере сүйген қадірлі әке, үлкен жүректі азамат. Ал енді оның айтыскер ақын болмай, неліктен қаламгерлікке ден қойғанын жазушының. «Үш бәйтерек ішінде мен бір шыбық» дейтін естелік мақаласынан оқып-білуге болады. Жазушының осы мақаласын қысқартып айтсақ, былай болып шығады:

...1971 жылы қыркүйек айында болу керек, түс әлетінде біздің үйге сол кездегі ауылдық кеңестің төрағасы, марқұм Шаймұхамбет Алқамбаев кіріп келді.


- Бол тез, деді ол еңтігіп. Ағаң келіпті, сені тап деп жатыр.
- Қай ағам? деймін таңқалып.
- Екейбай ағаң.

Семей облыстық атару комитетінің төрағасы Екейбай Қашағанов туралы, әрине, естуім бар-тын. Өйткені оның да, менің де кіндік қанымыз тамған жер – Иірсу, руымыз бір.

...Жас емеспін бе, біртүрлі қобалжыдым. Ол кезде суырып салып айтып, аудандық, облыстық айтыстарға қатысып жүрген кезім. Аудан басшылары, ауыл басшылары бар бірқатар адамдар жиналып қалған екен. Төрде Екейбай аға, қасында Ленин орденді ардагер атамыз Шәрәпи Жылыбаев отыр...

Не керек сол жерде суырып салып біраз өлең айттым. «Кененді айтпағанда, Шолпанқұлдан кейін, құдай қолдаса біздің Қасқараудан





шыққан ақын бала осы» деп Шәрәпи атам желпініп қалды. Содан бәріміз Кенен атамның үйіне келдік. Аман-саулықтан соң, әсем ән мен тәтті күйге бөленген әдемі бір әңгіме басталып та кетті. Кенекен ән салмай, құлаққа жағымды бір қазақы мақаммен ұзақ термеледі.... Ұзаққа шапса кешке озған мына жыр дүлдүлдің, қасиетті қара шанақтың жамбылдық, кенендік дәстүрін кейінгі ұрпақ ары қарай жалғап кетсе жақсы, осымен тұйықталып, соңымыз өңшең бәкене ойлы, тұрлаусыз сөзді бақа-шаянға айналса қәйттік?» деген ой санамызда бүлкіл қағады. Мен шынымды айтсам Кененді, Кененнің әнін де осы жолы таныдым.

Кенекен әнін тоқтатып Асылқұл шәкіртіне иек қақты, одан соң өлеңді мен айттым. Отырғандар өлеңді маған ұзағырақ айтқызды. Ақыр соңында Екейбай аға:

- Кенеке, деді, Мұхтар Әуезовқа француздың атақты әдебиетшісі Луи Арагон дегеннің айтқан бір әңгімесі еске түседі. Ол Мұхтарға, сен советтік шығыс қана емес, күллі шығыстағы ұлы суреткерсің, алайда «шәкіртсіз ұстаз тұл». Қане айтыңызшы, сіздің шығыста өзіңізден кейін туып келе жатқан жұлдыз бар ма? деп сұрапты. Осыдан кейін Мұхтар жан-жағына сергек қарап, ақыр соңында шолпандай жарқырап келе жатқан Шыңғыс Айтматовты тапқан екен. Сол айтқандай, Кенеке, сізде талантты шәкірттер бар ма? деді. Кенекен ұзақ ойланып барып жауап қатты.

- Шәкірт мына Асылқұл ғой. Бірақ өмірінің ең қуатты кезін серілік-перілікпен өткізіп алды. Енді міне ұлы бәйгеге бабы келмейді.

- Мына бала туралы не айтасыз? деп Еркебай аға шалдың назарын маған аударды.


- Кім білсін...Ақын екені рас. Әттең даусы баяу. Сонысына намыстанып өлеңді бара-бара айтпай қояы, ақырында мүлде тастап кетуі де мүмкін, деп шал тағы біраз үнсіз отырды. Бірақ түбі осыдан бірдеңе шығады, деді.

- Ойбай, онда бата бер, деп Шәрәпи атам жабыса кетті. Кенеке, қане...

Иә, сол жолы мен Кенен атамның, ұлы өнерпаз адамның батасын алған едім. Қарт қыран бата берді, қалғаны тілек тіледі. Әйтеуір, бәрі де үлкен ақын болсын деп көкседі. Бірақ амал не, мен ақын болмадым. («Қордай шамшырағы» газеті., 1994 ж. 10-11 маусым).

Жазушының шын пейілден жазған естелік мақаласы адамға көп ой салады. Домбырасы күмбірлеп, күндіз-түні жыр төгетін арқалы ақын болмағы міндет емес. Есесіне қаламы қарымды, ойы тұшымды, сөз





зергеріне айналды. Сүйегінде ақындық болмаса, Кенен секілді ұлы тұлғаның алдын көріп, өлең-жырын тыңдамаса, аталы сөзден ғибрат алмаса өмірдің қалай бұлаңдарын кім білген.

Несіпбек Дәутайұлының Кенен ақын жайлы жазған мақалалары әрқайсысы бір-бір ғылыми еңбекке татитын туындылар. Онда тамсанып, таңғалып, ары кетсе мадақтап ала жөнелетін ескі сүрлеу жоқ. Нақты мәселе көтереді. Кененді Кенен қылған не? Ән-жырының құдыреті неде? Кененді қай тұрғыдан зерттеу керек? дейтін соны көзқарастарға жетелейді.

Әрі ақын, әрі жазушы, әрі шәкірт Несіпбектің бойына Кенен атасының көп қасиеті дарыған. Оның романдарын, әңгіме-толғауларын оқып отырып еріксіз осындай ойға келесің. Тілінің бай, ұғынықты болып келуі, қазақылығы, ойының ұшқырлығы тәнті етеді. «Шіркін, осындай дарын-қабілеті бола тұра ірі, іргелі тақырыпқа неге бармайды екен деп ойлап қоятын едім. Ұстазы Кенен жайлы қалам тартса да қолынан тағлымды туынды шығарына күмән жоқ. Тіпті, Қордай бабасы, Қордай жері туралы тарихи трилогия жазса нұр үстіне нұр болар еді.

Өйткені Қордай тауының өне-бойы тарихи деректерге тұнып тұр. Көнеден тартылған Ұлы жібек жолының күре тамыры Қордай жері арқылы өтеді. Шыңғысханның ұлы Шағатай билік құрған көне заманның куәгері. Одан бергі Моғолстан мемлекетінің тұғырын ұстаған Дулаттардың ата мекені. Шапқыншы Жоңғарларға кеудесін тосып, арыстандай атылған батыр бабаларымыздың ат тұяғы тептеген жер. Ақыр соңында жаудың меселін қайтарып, тізесін бүктірген Аңырақай шайқасы да тап осы жерде болған ғой. Ал Қордай топырағында туып-өскен батырлар, шешендер, ел билеген көсемдер қаншама? Тіпті көнені былай қойғанда соңғы үш ғасырда осы жерде өткен тарихи оқиғалардың өзі ашылмай жатқан байтақ шежіре.

Бірімізге ата, бірімізге әке болған Кенен жырау осының бәрін білді. Оның бәрін түгендеп, текшелеп айтуға заманы сай келмеді, мұршасы да болмады. Ендігі жерде ұлы ақынның айта алмағанын пайымдап жеткізу, ұрпақтың санасына сіңіру кейінгілердің міндеті. Бұл сөзімді Кенен сияқты саңлақ ақынның алдын көрген, батасын алған шәкірттеріне, рухын қастерлеп жолын қуып жүрген өнерпаздарға айтылған наз деп ұғыңыздар.

Алтынбек, Жақсылық, Аяз туралы. Жұбын жазбай үшеуін бірге атап отырғандағы себеп: Алтынбек Қоразбаев – композитор. Жақсылық





Сәтібеков – атақты ақын әрі әнші. Аяз Бетбаев – термеші, айтыскер ақын. Үшеуі де Кененді көзбен көріп, дәмдес болған, батасын алған саңлақтар. Үшеуі де Тараздың топырағында дүниеге келген тума таланттар. Алатаудың ақиық ақыны, көнекөз Кенен жыраудың алдына үшеуі үш сүрлеумен келсе де, мақсаттары біреу болатын. Ол ұлы ақынның алдынан өту, батасын алу еді.

«Әнге, өнерге ғашық болуыма бірден – бір себепкер Кенен атам, жырдың кені – Кенекем» дейді Алтынбек өзінің бала кезін есіне алғанда. Расы да сол, 1954 жылы әкесі Алматыда өткен малшылар слетіне барып, бір патефон, төрт күй табақ әкелгенін айтады. Соның бірінде Кененнің: «Қайран жастық», «Бозторғай», «Көкшолақ», «Базар-Назар» атты төрт әні жазылыпты. Сол әндерін әке-шешем де, өзім де күндіз-түні тыңдаудан бір жалықпайтын едік дейді. Баланың көңілін тербетіп, әнге деген құштарлығын оятқан осы төрт ән, болашақ композитордың тағдырын шешкен, жүрегіне өнер дәнегін еккен тағлым-тәрбие десек те болғандай.

Бүгінде Қазақстанның халық әртісі, көрнекті композитор Алтынбек Қоразбаевтың қай туындысын алсаңыз да ұлттық нақыш, халықтық тағлым, кенендік сарын байқалып тұрады. Бұл енді Кенен ақынның әнімен сусындап, соны ұстаз тұтқан, киелі домбыраны жанына мәңгі серік еткен дарынға тән ерекшелік.


Алтынбектің Кененге арнап шығарған екі әнінің өзіндік тарихы бар. Бірі 1974 жылы ақынның 90 жылдық мерейтойына арнап шығарған ән: «Жүз жасаңыз, Кенен ата» деп аталады. Әннің сөзі де өзінікі. Осы әнін тоқсанның торғынына оранған қарт ақынның алдында тізерлеп отырып, орындап бергені әлі есімізде. Көңілі босаған ақын Алтынбектің маңдайынан иіскеп: «Балқытты қорғасындай көңілімді, алты ауыз аталаған әуен сөзің. Өнерің өрге жүзсін! Өркенің өссін!» деп батасын беріп еді. Талантты шәкіртіне бір – екі ауыз өлеңін де арнаған:

*«Нұр жауар, деген халық, талапты ерге,
Өнерді бастаған соң тастай көрме.
Табылмас еңбек етпей ән мен өлең,
Өзіңдей тілектеспін өрендерге».*

Қарт ақынның батасы жерде қалған жоқ, жас композитордың жұлдызы жарқырай түсті. Әрі бұл батагөй абыздың шәкіртіне берген соңғы батасы болды. Екі жылдан соң өзі де көз жұмды.

...Кенекенді соңғы сапарға шығарып салып тұрып, Нұрғиса Тілендиев ағамыз: «Сақалыңнан айналайын желбіреген, бара жатырсың- ау бізді тастап!» деді ішкі толқынысын жасыра ал-





май. Ағаның осы сөзі санама мәңгі сіңіп қалғандай, көп жылдар бойы есімнен шықпай жүретін. Кенекене арнап тағы бір ән шығарсам деген ой мазалай беретін. Ақыры ақынның 100 жылдық мерейтойының қарсаңында дүниеге ән келді. Оның сөзін атақты ақын Жақсыбек Сәтібеков жазды. Сонда Нұрағаның осы сөзін еске түсірдік. «Желбіреген күмістей сақалыңды сағындым. Жайлауындай даламның шапаныңды сағындым» дейтін ән қайырмасы осылайша туып еді, деп еске алады.


Осы әнге байланысты ел арасында әдемі әзіл сөз айтылатын. Алтынбектің таспаға жазылған мұңға толы, азалы әнін естіп отырып, ақынның жұбайы Нәсиха шешеміз: «Япыр-ау, Кененмен елу жыл отасқан менің өзім бұлай жоқтамап едім. Мына баланың әні егілтіп жіберді ғой. Кененнің бармайтын жері болмаушы еді. Сұрап көріндерші осы Кененнің баласы емес пе екен» депті. Әзілмен айтылса да мұның өзі Алтынбектің бойындағы үлкен талантты, ұстазына деген шәкірттік сезімін білдіреді. Ол болмаса жүректен мұндай ән де тумас еді.

Мұндай суреткерлік Алтынбектің әндерінде ғана емес, оның жазған естелік – эсселерінде де айқын байқалып тұр. Кенен атасын соңғы сапарға шығарып тұрған сәтін, ішкі көңіл иірімін қалай тартымды жеткізе білген. Осы қысқа үзінді сөзден Алтынбектің бойынан ақындық, суреткерлік, аңғарғыштық ұшқын атып тұрғандай сезінесің:

«...Көктемнің сол бір күнінде таң атқаннан-ақ Қордай тауының аспанын бүркеп тастаған қара бұлт қабағын ашпай тұрып алып еді. Кенет күркіреген үн естілді. Маған бұл қарт Қордайдың қарс айрылған жүрегі сияқты көрінді. Сонан соң аспанды бүркеген қалың бұлтбіртіндеп ыдырап, алаулап, алабұртып, аңыраған аналардың ақ жаулығына ұқсап бара жатты да, сорғалап жауа бастады. «Аспан да перзентіне егіліп кетеді-ау!» деген ой кімге де болса келгені ақиқат. Бұл Кенекенді соңғы сапарға шығарып бара жатқан сәт еді.» деп толғана жазыпты.

Ірі композитор ретінде Алтынбектің есімін бүкіл қазақ еліне паш еткен сөз жоқ оның «Қара кемпір» әні. Зұлмат соғыстың жарасы әлі жазыла қоймаған, жақындарынан айрылған елдің қайғысы әлі ұмытыла қоймаған сәтте шыққан бұл туынды қазақ өнерінде «резонанс» тудырған ән болды. Қай үйге бармаңыз, ауласына кірмеңіз магнитофоннан осы әнді тыңдап, орамалының ұшымен көзін сүртіп отырған қарттарды көруші едік. Өйткені бұл адамдар соғыстың бүкіл





ауыртпалығын көзбен көрген, бастан кешірген ұрпақ еді. «Сөзін кім жазса да, өлтіртіп жазған екен. Кімді болса да егілтпей, жылатпай қоймайды» деген сөзді талай естідік. Осындай мадаққа ие болған ақын Жақсылық Сәтібеков еді.


Жалпы өмірде де, өнерде де ән шығарушы мен сөз тудырушы адамдардың үйлесуі, үндес болуы өте сирек. Бұл тұрғыда А. Қоразбаевтың бірнеше әніне сөз жазған Ж. Сәтібековтың дарынды, тума ақын екендігі көрініп тұр. Жақсылық ақындығымен қоса керемет әнші де болатын. Бұлардың үндестігін осы жерден іздеген жөн. Ән табиғатын екеулеп ұғынбаса үйлестік қайдан болсын. Ән мен сөздің жарастығы құстың қос қанатындай нәрсе. Екеуі үйлесім тапқанда ғана ән де құстай шарықтап биікке қанат қағары даусыз.

Жақсылық Сәтібеков Кенен ақынның үйіне жиі келетін. Өңгімеге жүйрік, ойы шалымды жас ақын бұрынғы өткен ақын-жыраулардың өлеңдерін көп білетін еді. Тараз топырағында өткен небір әнші – күйшілердің туындыларын айтып, әндерін салып беретін. Кененмен құралас Сауытбек, Көшкімбай, Досмырза сияқты ақындардың өлеңдерін жатқа айтатын. Арасында Кененнің өз әндеріне де кезек келеді. Биік қоңыр даусымен әуелете айтқанда тыңдаған жұрт: «Нағыз әнші екен. Кенекеңнің тап өзіндей болмаса да, кем түсіп жатқан жоқ» дейді ризашылығын жасырмай.

Кенен болса шәкірті салған әндерді бар ынтасымен тыңдап болған соң, баппен, сабыр сақтай отырып өз пікірін білдірді: «Менің әндерімнің төресі, ең күрделісі «Бозторғай». Ол әркімнің уысына түсе бермейтін ән. Бұл әнді орындау үшін кең тыныс, үлкен шеберлік қажет. Әсіресе, «иги-гөй, иги-ги-ги-гигөй» деп айтылатын тұсы әннің шырқау биігі. Әннің ырғағын үзіп алмай, бір деммен алып шығу өте қиын. Әншілердің тынысы жетпей сүрініп жататын жері осы тұс. Көп жағдайда иірімін келтіре алмай, әннің екпінін баяулатып алады. Кейде демді ауызбен, кей жерінде мұрын арқылы тыныс алу тәсілдері бар. Бұған әбден бапталған, кәнігі әнші болмаса, өзгелер бара бермейді» деп біраз шешіле сөйледі. Ендігі сөзін әлгінде ғана «Бозторғайды» айтып ентігін баса алмай отырған Жақсылықтың өзіне бағыштап айтты.

«Балам, ақындығыңды газет беттерінен оқып-біліп жүрмін. Ақынмын деп кеуде ұрып жүргендерден көш ілгері жүрсің. Ел алдына ұялмай шығатындай әншілік өнерің де жоқ емес. Үнінде менің үніме келетін ұқсастық бар екен. Оны да байқадым. Бар айыбы жиі айтып жүрмегендіктен болар, даусыңда болар болмас «жарықшақ»





байқалады деді. Бәрің де менің шәкіртімсіңдер. Атақ-абырой оңайлықпен келмейді. Еліңе талмай қызмет ет. Халық айтса, қалт айтпайды. Кімнің асыл, кімнің жасық екенін өзі сұрыптап алады.».

Атақты ақынның осы айтқан сөздерін үлкен тағлым, ұстаздық деп таныған Ж. Сәтібеков сол жолы көп нәрсені көңіліне тоқып, жадына сақтап кетті. Бекер кетпеген екен. Кенекенің талай өлеңдерін арнады. Ақынның тоқсан жылдығына арнап «Толға, тоқсан» деген поэмасын жазды. Ұстазымен бірге қуанып, бірге түледі. Қарт ақының жаршысы, жоқтаушысы болды. «Сағындым Кенен атамды» деп сағынышқа бөленген тамаша өлеңін қалдырды. Шәкірттік парызын жырымен ақтады.

*«Іздесең жырдың қызыл қырғауылын,
Қордайға аттың басын бұр бауырым.
Қарт жырау домбырасын күйлеп отыр,
Көріп қайт Алатаудай жыр алыбын...*

*Сегіз қырлы серіні ән жыға ма,
Жығылмауды ойла сен, қалжырама.
Сауықтан сілең қатып, қыз-келіншек,
Байлап кетіп жүрмесін қанжығаға.*

*Бетегесі – балқұрақ, шиі шынар,
Жусанымда мейірдің иісі бар.
«Мәтібұлақ» мырзаның мәрттігін көр,
Күйің үшін саған ол сый ұсынар» деп тебірене толғады.*

Кененнің шәкірттері ішінде Аяз Бетбаев ерекше орын алады. Оның бірнеше себептері бар. Ол ақын, әрі жыршы, әрі термеші. Бірнеше өнерді бойына дарытқан талантының үстіне, суырып салма, айтыскер ақын. Онысын Аяздың өзі: «Кенекем Сүйінбайдан бата алған Жамбылдың шәкірті болса, мен халқы «Алатаудың ақиығы» деп әспеттеген Кененнің шәкірті, соңынан ерген інісімін. Бұл – мен үшін үлкен мақтаныш» дейді.

Ел құлағын елең еткізіп, жұрттың назарын бірден өзіне аударған нәрсе Аяздың термелеп айтатын өнері болды. Бұл өнер сонау Сүйінбай ақыннан бері үзілмей келе жатқан үрдіс еді. Одан Жамбыл қабылдап, желдірмелете жыр төкті. Ұлы жыраудың осы мақамы кейінгі толқын Кененге ауысты.





Қырғыздың төкпе жырына ұқсайтын осы мақамның өзіндік ерекшелігі көп. Бұл жөнінде әңгіме басында айтып кеттік. Жаттап алған жыр-дастандарды, поэмаларды термелетіп, төкпелетіп айту бір бөлек. Ал мұндай мақамды айтыс кезінде қолдану тіпті қиын әрі өте күрделі. Ақынның ой ұшқырлығын, тіл байлығын, табан асты тауып айтатын шапшаңдығын талап етеді. Таудан аққан бұлақтай арындап, төгіліп, буырқанып келе жатқан нөпір сөзді тоқыратып алмай. ретімен тауып қолдану үшін қандай шеберлік керек екені айтпаса да белгілі. Және терменің тағы бір ерекшелігі өзге айтыс ақындары сияқты домбыраны баяу қағып, келесі айтар сөзін оймен «құрықтап», ойланып-толғанып жатуға мұрша бермейді. Асау аттай арыны қатты өнер.


Кенен де төкпелетіп айтудың осы әдісін өзінің жыр-дастарында, айтыстарда көп қолданған. Уақыттың талабына, заманына қарай сиреп қалған, тіпті жойыла бастаған төкпе жырға қайта оралып, тыңнан жол салғандай етіп, халқымен қайта қауыштырған айтыскер ақын Аяз Бетбаев деуге болады. Аяз ақынның жүрегінен шықан: «Ата-балаларды еске алу», «Сыпатайға», «Жамбылған арнау», «Кененге», «Бауыржанға арнау», «Жас туралы терме» т.б. сияқты туындылары терме жырдың табиғатын терең ұғынуға, кейінгі ұрпақтың мол ғибрат алуына жол ашатын құнды дүниелер.

Ақынның бойындағы тағы бір ерекшелік, оның ән шығаратын сазгерлігі. Бұл да ұстазы Кененнен қалған бір қыры. Аяздың әндері қазақы бояуымен, қарапайым мақамымен есте қалады. Сазгердің қазақ халқының дарынды ақындары Рза Қунақова, А. Бақтыгереева, Т. Молдағалиев, С. Жиенбаевтың сөздеріне шығарған, «Сағынамын», «Жұлынған гүл», «Қызғалдақ», «Сен жақта шолпан жұлдыз тұр ағарып» дейтін әндері жұртқа кең тараған, жүрекке жылы тиетін әсем туындылар. Аяз Бетбаев өзінің осындай қасиеттерімен -ақ тума талант иесі, ақын Кененнің дарынды шәкірті екенін дәлелдеп тұрған жоқ па?

Біз бұл жерде Кенен атаның жолын қуып, биікке қанат қаққан шәкірттерінің өнер жолына жалпылама шолу жасап өттік. Өйткені бұлардың әрқайсысы ғылыми тұрғыдан терең зерделеуге сұранып тұрған тақырып. Оны болашақтың еншісіне қалдырып, Кенен атаның шашасына шаң жұқтырмай әндерін арнап, жырларын шығарып, рухын асқақтатып жүрген шәкірттеріне Ұлы ұстазының атақ-даңқын, абыройын, жасын берсін. Аяз шәкіртінің сөзімен айтқанда:

*«Өзгермей тұрмайды екен өмір мүлде,
Ел болдық егеменді осы күнде.*





*Жалғансын өнер жолың ұрпақпенен,
Жұлдыздай жарқырайсың күннен күнге.
Ұстазым жыр алыбы Жамбыл деп ең,
Ел үшін егіз есім Жамбыл – Кенен.
Бата алған өзіңізден Аяз ақын,
Келеміз ұстаз тұтып жолыңменен».*

«Кенен атаның берген батасының арқасы шығар, жолын қуған жыршы, термеші, суырып салма ақын атанып, ел құрметіне бөленіп жүргенім» деп ағынан жарылады. Ақынның осы жүрек жарды сөзі Кененнің бүкіл шәкірттеріне, өнер жолында жүрген ұрпақтарына жұғысты болғай деп тілейік.

ҰСТАЗ ТҰТЫП КЕЛЕМІЗ...

Аяз Бетбаевтың өлеңінде айтылғандай, Кененді ұстаз тұтып, әндерін үйреніп, өлең-жырларынан тағлым алған ақын-жыршылар, әнші-күйшілер қаншама. Бұған Кененнің рухын қастерлеп арнау өлеңдерін, күйлерін, толғау-жырларын қалдырған ақындарды, әнші - композиторларды, ғылыми еңбектер жазған ғалымдарды қоссақ құлаштай тізімге айналары сөзсіз. Біз соның біразына ғана тоқтап, ықшамдап қана сөз етсек деймін.

Кененді зерттеу бір адамның өмірін зерделеп шығу емес. Бұл бірнеше ғасырды қамтитын, бастауын тым әріден алатын көне мәдениетінен бастап, бүгінге дейін ұласып жатқан қазақтың кемері шексіз, шалқар өнерін зейіндеп, байыбына бару деген сөз. Өйткені Кененнің бүкіл шығармашылық дүниесін шалқып жатқан көлге теңесек, оның ақындық, әншілік, жыршылық, композиторлық өнері сол көлден бастау алып ағып жатқан арнасы кең бір-бір өзен іспеттес. Кененнің бойындағы осындай қасиеттерді терең пайымдай білген ұлы жазушы Мұхтар Әуезов: «Кенеке, сіз күміс көмей әншілігіңіздің үстіне ғұлама жырау, әрі әбжіл шешен, байтақ шежіре екенсіз...» деп тамсанса, атақты ғалым Мырзатай Жолдасбеков: «Кенекең тірі кезде Жамбыл ақын да, Сыпыра жырау да тірі жүрген сияқты көрінуші еді» деп толғанады.

Замандас, ғалым ағамыз, өмірден ерте кеткен әдебиет зерттеуші Ақселеу Сейдімбек: «Ғасырлар тұңғығынан басталатын салдық-серілік дәстүрдің ең соңғы шыңы Кенен Әзірбаев екенін мойындау





керек. Қазақтың сал-серілерінің көп белгі-нышандары бар. Соның бір парасы, қазақтың сал-серілері әрі ақын, әрі жырау, әрі ән шығарушы, әрі сол әнді келістіріп айтушы, зерделі қара сөздің де көсемі болып келеді» деген тұщымды ой айтады.

Кенен ақынды пір тұтып, тағлым алған қазақтың қайталанбас композиторы Нұрғиса Тілендиев: «Кенекең есімі, Кенекең бейнесі бүгінгі өнерлі избасарлары мен өрендерінің көркем туындыларына арқау болар объектіге айналып отыр» деп болашаққа көз тастайды. Жолы түсіп келе қалса қарт ақынның сақалынан сыйпап, мойнынан құшақтап, тап әкесіне еркелеген баладай көрінуші еді. Кейін білдік қой, Кенен Тіленді күйшісінің күйін тыңдап, дәмдес, үлкен сыйластықта болған екен. «Қайран, Тілекем-ай, күйдің дүлдүлі еді ғой, кешегі Байсеркенің әруағы қонған күйші еді. Бұл атыраптың топырағынан жаралғандардың ішінде арыда Байсеркеден, беріде Тілендіден өткен күйшіні естіген жоқпын» деп айтып отырушы еді.

Нұрғиса аға өзі құрған «Отырар сазы» оркестрінің репертуарына Кененнің бірнеше әндерін кіргізді. Әсіресе, «Ата толғауы» атты Нұрағанның өз күйі ерекше туынды. Қоңырауы сыңғыр қағып, түйелердің тірсектері сырт-сырт етіп баяу кетіп бара жатқан қазақтың көш-керуенін көз алдыңызға әкелгендей әсер ететін. Оркестрдің «құлағында ойнайтын» ғажап дирижер, арқалы музыкант аға сондай бір шабытты сәтінде. «Мен бұл туындымды бұрынғы ата-бабаларымды еске ала отырып, бүгінгі аталарым жыр алыбы Жамбыл мен бұлбұл үнді Кененге арнаймын» деген сөзі әлі құлағымызда тұр.

Филология ғылымының докторы, академик Сейіт Қасқабасов ақын туралы ойын тым тереңнен алады: «Кенен – қазақ сөз өнерінің дәстүрлі өлең өрнектерін өзінше құбылтқан айшықты, көркем тілдің шебері. Қазақ поэзиясының тарихында, әлбетте, өзіндік орны, қолтаңбасы бар ақын» деп тұжырым жасапты.

Сейіт ағамыздың әріптесі, ғылым докторы, профессор Серік Негимов: «Кенен Әзірбаев – поэзия дүниесіндегі өзгеше лепті әрі кең тынысты, сан сиқырлы күйді сай-сүйегіне дейін сезінген, жазғы шөптің гүліндей жұпар аңқитын жақсы сөзді, жібек жіптей есілген, толқындай кестелі жырды халқына сыйлаған, ана тіліміздің өрісін кеңейтіп сөз өрнегін байытқан жомарт дарын» деп шабыттана жазады. Бұл Кенен ақынның көзін көрген, өлең-жырларын судай сапырып зерделеген ғалымдардың лебізі. Айта берсең аға буын өкілдерінің, ғалымдардың мұндай іргелі пікірлері, жасаған тұжырымдары сан – алуан. Ендігі жерде сәл ойысып, сол өнердің қайнаған ортасында





жүрген өнерпаздардың ой- пікіріне құлақ түрсек деймін.

Бала кезден Кененнің әндерін естіп, сондай болсам деп арман жетелеген өнер адамдары аға буын арасында да, ән додасына кейін келіп қосылған жас өнерпаздар арасында да көптеп кездеседі. Солармен тілдесе қалсаңыз көп ретте Кененнің музыкалық туындыларын тілге тиек етеді. Кенен әндерінің ешкімге ұқсамайтын ерекшелігін көрсете келіп, әр әннің өз құпиясы, орындау тәсілі бар екенін баса айтады.

Ақынның әндері өзінің орындауында радио арқылы көп тарады. Кейін кәсіпқой әншілердің айтуымен бірқатар әндері эфирге шықты. Солардың ішінде Кенен ақынға етене жақын жүрген, әндерін эфирге шығарып, сұхбат алған Қазақстанның халық әртісі Нұрғали Нүсіпжанов. Сонымен қатар Кененнің біраз әндерін оркестрдің сүйемелдеуімен де орындады.


Сол кезеңді еске алған әнші: «Кененнің «Жайнады тыңым, жайнады» дейтін әнін Нұрғиса Тілендиев ағамыз ерекше сүйіп тыңдайтын. Мен кейбір күйлерімнің ырғағын Кенен атаның әндерінен алдым, деп отыратын. Әрине «алдым» дегені әзіл ғой, мұнысы – «еліктедім» дегені. Кенекеннің әншілігінде ешкімге ұқсамайтын өзіндік мәнері бар...Оның әндері ұлттық нақыш-бояулардың сақталуымен өміршең» дейді атақты әнші.

Нұрғалидің осы сөзін тірілткендей етіп, әңгіме қозғаған атақты күйші, композитор Әбдімомын Желдібаевтың айтқаны тіпті қызық:

«...Кененнің 100 жылдық мерейтойының (1984 ж.) қарсаңында сол кездегі Жамбыл облыстық атару комитетінің хатшысы Ғ. Бибатырова шақырып алып, мерейтойға арнап күй жазуымды сұрады. Күй шығару оңай шаруа емес екендігін айтып, бас тартып едім, көнбеді...

Бір күні кешкісін теледидардан ақынның өз орындауында «Көкшолақ» әнін беріп жатыр екен. Ғажап-ау, тыңдап отырып, ән элементтерінің күй болып төгіле жөнелгені. Содан сол жылдың мамыр айында күй дайын болды. Сөйтіп Кенен өнерінің дәуірлеген кезін әннің қайырмасымен өрілтіп, «жалы жоқ құйрығы жоқ» қотыр Көкшолақты, күй арқылы тұлпарға айналдырып жібердім. Кененнің қай әнін алсаң да, жан дүниенді самалдай сипап өтіп, ерекше әсер қалдырады. Өз ойымша «Бозторғай» мен «Бұлбұпынан» мұңды, шертпе күйлер тудыруға болады» дейтін терең мәні бар тұжырым жасайды.





«Қазақтың дәстүрлі әндерін нақышына келтіріп орындаушылардың дарынды жаңа бір легі келді» деп қуана жазғанымыз кеше ғана сияқты еді. Одан бері де жарты ғасырдан астам уақыт өтіпті. Жұрт қуана қарсы алған сол әншілердің көшбасында сөз жоқ Қайрат Байбосынов (қазіргі күні Қазақстанның Халық әртісі), марқұм Жәнібек Кәрменов сияқты өнер саңлақтары тұрды. Бұлардың ән репертуарларында Кененнің бірнеше әндері орын алды.

«Кененнің әнін естігенде дала оянып, бас көтергендей болады» дейтін Жәнібек. Өзінің еркін самғайтын асқақ үнімен ән шырқағанда құлағың тұнып, қаның ұйып қалғандай әсер ететін. Жас әншіні сол кездің өзінде-ақ «әншілердің төресі» деп атай бастап еді. Кененнің әншілік ерекшелігі жөнінде Ақселеу Сейдімбетов екеуі жүргізген телехабары жұртты елең еткізген салиқалы хабар болды. Онысы елдің есінде сақталып қалды, әлі күнге ұмытылмай келеді.


Кейінгі бір жазған мақаласында: «Кенен – қазақтың ауыз әдебиеті мен өнерін дәріптеп таратумен қоса, оны мазмұн түр жағынан байытып қана қоймай, саяси-әлеуметтік танымы айқын шығармашылықтың тамаша үлгісін жасаған ірі тұлға» деп жазады. Әншінің бұл пікірін атақты жыраудың еңбегіне кейінгі ұрпақ өкілдерінің берген әділ бағасы деп түсінген жөн.

Кененнің музыкалық туындыларына ден қойып, салиқалы пікір айтқан атақты әнші Қайрат Байбосынов. Кененнің «Қайран жастық», «Базар-Назар» әндерін алғаш рет сахнаға шығарды. Өзінің мақпалдай жұмсақ, қоңыр даусымен ән шырқағанда тыңдаушының айызы қанатын еді. Мұрты қияқтай қап-қара, аруана көз, басында үкілі бөркі бар Қайрат шыға келгенде, сахнаға бейне бір, Біржан сал мен Ақан серінің өздері кіріп келгендей аңтарылып қалушы едік.

«Кененнің әндеріндегі иірімді өзге ешкімнен таппайсыз. Оның күрделілігі сондай, әр әншінің ырқына көне бермейді, қолына түспейді» дейтін. Бұл енді өмірін түгелдей әншілікке арнаған, әннің табиғатын тамыршыдай дөп басып, терең сезінетін өнер адамының пікірі.

Қайрат әнші боп, ел аралап жүрген кезінде де, кейін ұстаздық етіп Алматыда, Астанада қызмет істеп жүріп Кененнің әндерінен қол үзіп кеткен жоқ. Қайта өзі үлгі тұтқан Кенен ақынның тамаша әндерін шәкірттеріне үйретіп, насихаттаудан жалыққан емес. Кенен әндерінің табиғатын бұзбай, өз мақамында, жеткізе орындалуын үнемі назарда ұстайтын.





«Кененнің әр әні бір-бір қойылым тәрізді. Қай әнін алсаңыз да, өзіндік тарихы бар. Өзім консерваторияға Кенекеннің «Қайран жастық» деген әнін айтып түскенмін. Өкінішке қарай, қазір көп әншілер Кенекеннің әндерін орындауда дәрекілікке ұрынып жатады. Ең ақыры кедейлігіне қорланып, ыза-намыстан тудырған «Көкшолағын» да шошандатып айтатын болды» деп күйінеді.

Бұған не айтасыз. Ғалым, ұстаз, әнші бауырым Қайрат мұны да аңғарған екен. Кененнің «Ойжайлау», «Көкшолағына» есінен таңғанша билейтін шоу-бишілерді өзіміз де көріп жүрміз. Бар тілеуіміз қазақтың өнерін жан-тәнімен сүйген, соның жанашыры, қамқоршысы, дәріптеушісі Қайрат Байбосынов сияқты ұлдарымыз көбірек болғай деу ғана. Жоғарыда айтып кеткендей дәстүрлі әншілердің ішінде Кененнің әндеріне соқпай кеткендері некен саяқ. Өйткені Жетісу ән мектебі дегенде ең алдымен Кенен Өзірбаевтың есімі алдымен айтылатыны даусыз. Кейінге дейін Кенен әндері дегенде оның «Бозторғай», «Көкшолақ», «Базар-Назар» сияқты елге кең тараған 5-6 әндері төңірегінде ғана сөз болып, пікір айтылып жататын еді. Ғалымдардың, ұстаздардың осы әндерді ғана қау жап, шиырлай беретіні Кененнің әндерін насихаттау, зерттеп-зерделеу жұмыстары тым аз болды. Оның жүзден астам әндері, бірқатар күйлері бар екенін жұрт біле де бермейтін. Осындай игілікті істі қолға алып, Кененнің әндерін сараптап, елге танытуда біраз еңбек сіңірген азамат, өзі де айтулы әнші, термеші Ержан Қосбармақов.

Бұл тұрғыда ақынның қызы Төрткен екеуі бірігіп жүргізген насихат жұмыстары жемісін бермей қалған жоқ. Бірі арнайы білімі бар кәсіпқой әнші, бірі әкесінің бүкіл әндерін ақынның өз аузынан үйреніп қалған қызы. Екеулеп жасаған игі жұмыстың нәтижесінде Кененнің бірқатар әндері өз орындаушыларын тапты. Кейбірі тіпті іргелі конкурстарда лауреат атанып жатты. Бүгінгі таңда Кененнің 60-70-тен астам әндері дәстүрлі әншілердің аузында жүр. Осының бәрі Төрткен Кененқызы мен Ержан Қосбармақовтың еңбегінің арқасында жүзеге асты. Сол кезеңді - Кенен әндерінің қайта түлеп, молығып, кемерленіп, халықпен қайта қауышуы десек те болады. Ақынның перзенті ретінде бауырым Ержанға, атаңның жасын берсін, жұлдызың жарқырап биіктен көрінсін дегім келеді.

«Кененнің әндерін кез-келген жанрда ғана емес, тіпті кез-келген дәуірде орындауға болады. Тек соның бабына барып, терең ұғына білсең ғана. Болмаса Кененнің әндеріне жеңіл-желпі қарайтын, әйтеуір





айтып шықсам болды дейтін әншілерге «жалын тұрмақ, құйрығын да» сипатпайды.» Осындай тұжырымға келіп, көзқарас білдіріп жүрген талантты әншілердің бірі Ақан Әбдуәлі. Оның репертуарында Кененнің көптеген әндері бар.


А. Әбдуәлінің мына бір пікірі өнер жолында жүрген өнерпаздарға да, Кененнің әндерін естіген кез-келген адамға да үлкен ой салатын соны тұжырым. Әнші былай дейді: «Жалпы, Кененнің әндері екінің бірінің оң жамбасына келе бермейді. Себебі, біріншіден, диапазонының кеңдігі өз алдына, екіншіден, музыка тілімен айтқанда, әндері асинхронды болып келеді. Бұл – кейде өлең шумағындағы бірінші жол мен екінші жолды демалмай (үзіп алмай) бір-ақ айтып шығу деген сөз. Тағы бір ерекшелігі – көп әндері әдеттегідей астыңғы шектегі «соль» дыбысымен емес, үстіңгі шектегі жуан «ре» дыбысымен аяқталады.»

Өнер танушы маман ретінде Ақан Әбдуәлінің бұл пікірі Кенен әншінің көп ретте беймәлім болып келген ерекше бір қырын айқындап тұрған секілді. Ол ән салу кезіндегі Кененнің қолданатын әдісі-тәсілдері. «Екінің бірінің оң жамбасына келе бермейді» десе, біз жоғарыда сөз еткен Кенен әндерінің өте күрделі екендігін, тыныс алу тәсілін, құпиясын аңғартып тұрғандай.

«Өкініштісі, Кенекеннің музыкалық туындылары әлі де кең зерттелмей келеді. Білгенге Кенен әндері – тұнып тұрған тарих... Рас, атаның, «Октябрь», «Бағалады партия» деп басталатын «Жетпіс беске» дейтін әндері бар. Бұл әндер сол дәуірге, сол кезде болған тарихи оқиғаларға байланысты шыққан. Сондықтан бұл әндерді қазақтың ән қорынан алып тастауға болмайды. Кейбіреуін сөзін сәл өзгертіп жіберіп айта беруге болады. Мәселен, өзім атаның «Бағалады партия» дегенін «Бағалады ардақты ел» деп өзгертіп айтып жүрмін. Сол бір ғана сөзін өзгерттім... Сосын атаның әндерін аспаппен де, оркестрдің сүйемелдеуімен де, эстрадаға салып та орындауға болады, деп түйіндейді. Кененнің шығармашылығы жайлы осындай келелі пікір айтып, жаңаша тұжырым жасап, өзіндік көзқарасын білдірген Ақан сияқты өрелі ұрпақтың бар екендігіне қуанасың.

Біраз уақыт бұрын Кененнің әндері шырқата салуға, дауысты еркін жіберуге, эстрадаға ыңғайлап келтіруге келмейді дейтін де сәуегей пікірлер айтылғаны есімізде. Оның жаңсақ пікір екенін Саят Медеуов бастаған бір топ әншілер дәлелдеп берген жоқ па? Бүгінгі таңда Саяттың репертуарында эстраданың сүйемелдеуімен түсірілген Кененнің оннан астам әндері бар. Әсіресе, «Қоңыр» тобымен бірлесіп





сахнаға шығарған Кенен мен Шәлипаның айтысынан көрініс елдің шынайы ризашылығына бөленді. Мұның өзі айтыс тақырыбына барып, онысын сахналау арқылы көпшілікке танытудың жаңа үрдісі болды.


Өлгінде сөз еткендей: «Кененнің әндері эстрадаға келмейді» дейтіндер бір жақ, керісінше «Кененнің әндерін оркестрмен де, эстрадамен де» айтуға болады деп қарсы пікір білдіргендер екінші жақ боп айтысып жүргенде өнер сахнасына Саят Медеуов шыға келді. Оркестрмен де, аспаппен де емес, эстрадамен шықты. Сыбызғы үнімен басталып, бірте-бірте жаныңды елітіп, қазақтың байтақ даласын тербелткендей әсер ететін «Бозторғай» әні Кененнің ең күрделі, ең көп тараған туындысы. Бұған Саяттың жұмсақ қоңыр үні қосылғанда ән ерекше түрленіп, өзгеше сипат алғандай болады. Тұңғыш рет эстрада жанрында орындалған бұл ән халықтың жүрегіне жол тапты, сүйікті әніне айналды, әншінің өзі де бала қырандай самғап, өнер биігіне қанат қақты. «Кененнің әнін орындайтын қара бала» атанып шыға келді. Мұның өзі жас қыранның томағасын алып, сәбидің тұсауын кескендей оқиға болғаны рас.

Сол кездегі ішкі толқынысын әншінің өзі былай деп еске алады: «Өнер жолына түскен алғашқы жылдары халықтың жүрегіне жол таба алмадым. Содан Кенен атаның «Бозторғай» әнін эстрада бағытында орындап көрмек болып, ән әрлеуші Бағлан Омаровқа бардым. Арада жеті ай өтті, ісіміз алға жылжи қоймады. Ақыры әнді жаздырмайтын да, орындамайтын да болып шештім.

Сол күні Кенен атам түсіме енді. Түсімде атаның мұражайы өртеніп кеткен екен. Өрттен аман қалған заттарды жинастырып, жаңа мұражай тұрғызыппын. Сөйтіп, ата екеуміз бірге қонаққа бара жатыр екенбіз. Көрген жұрт «Ойпырмай, мына Саят Кененмен бірге қонаққа бара жатыр ғой» деп таңғала қарап қалыпты...Түсімді жақсылыққа жорып, «қалай болғанда да «Бозторғайды» айтуым керек деген ойға бекіндім.

Кенен атаның Аянбай деген құрдасы болыпты. Сыбызғыны қолдан жасап, құйқылжытып ойнайды екен. Бірі сыбызғымен, бірі домбырамен қосылып ән салатын көрінеді. Сол есіме түсіп, Бағлан ағаға қайта бардым. Әннің бастауына сыбызғы үнін қосып көрсек қайтеді деген ойымды айттым. Ойым да, түсім де дәл келді. Ән өзгеріп, ерекшеленіп шыға келді. Халық өте жақсы қабылдады» дейді әнші. «Абайды - Абай қылған, Мұхтар» дейтін жұрт айтатын сөз бар. Әннің құдыретін асқақтатқан Саят болса, жас әншінің абыройын арттырып,






атағын шығарған Кенен атаның батасы, сондай-ақ осы «Бозторғай» әні шығар деген ой келеді. Саяттың атасы Ермаханбет, әкесі Қабыл да елге қадірлі, Кененге жақын туыстас адамдар. «Тұлпар аунаған жерде түк қалады» дейді халық. Кенен ауылынан шыққан өнерпаздар көп. Солардың біразы елге танымал, өнер жолында жүрген талантты әншілер. Бұл күнде Саяттың үлгісімен келе жатқан Айгүл Иманбаева, Мақсат Базарбаев сынды эстрада жұлдыздары Кенен ақынды үлгі еткен, бала кезінен әндерін естіп, тағлым алған өнерпаздар.

«Домбырам басы бал құрай, басына қонар бозторғай» демекші жоғарыда аты аталған дәстүрлі әншілердің жарқылы іспеттес, әуезді әндерімен ерекше көзге түсіп жүрген таланттар аз емес. Солардың ішінде Рамазан Стамғазив, Ардақ Балажанова, Шолпан Дәржанова, Бейбіт Мұсаев секілді әншілерді ерекше атауға болады. Бұлар Кененнің әндерін орындап қана қоймай, соны насихаттаушы, зерттеуші, жас буынға үйретуші ретінде де еңбек етіп жүрген ұстаздар. Рамазан кең тынысты қоңыр даусымен, Шолпан «тік шырқайтын» текті үнімен, Ардақ болса жанға жайлы әсем әуезімен, Бейбіт үніндегі ерекше бояуымен, көркемділігімен жұрттың есінде қалған арқалы әншілер.

«Кенекең композитор ретінде де шашасына шаң жұқтырмаған дүлдүлдің нағыз өзі. Кенекеңнің қоржыны: тіліп айтатын, көсіп айта-тын, есіп айтатын, тіпті құшақтап-аймалап айтатындай лирикаға толы» дейді әнші, әрі ұстаз Рамазан Стамғазиев. («Жұлдыздар отбасы» журналы, 2012 ж. №4) Кененнің әндеріндегі тұнып тұрған лиризмді, адамның жанын елітіп әкететін ерекше әуезділікті, нәзіктілікті дөп басып айтады. Мұндай пікірге Кененнің әндерін терең зерделеп, жанымен ұққан адам ғана бара алады.

Әсіресе қазақ халқының дәстүрлі өнерін, орындаушылық ерекшеліктерін дәріптей отырып, халық композиторларының ән-күйлерін, терме-жырларын жас ұрпақтың санасына сіңіріп, бүгінгі күннің талабына сай тәрбиелеуді көздейтін біраз шаруалар атқарылды. Соның бірі тұңғыш рет ұйымдастырылған «Жас екпін» атты жас өнерпаздардың республикалық конкурсы. Бұл шара Рамазан Стамғазиев пен ақынның немересі Мұхит Әзірбаевтың бас-тамасымен 2018 жылдың 15-16 ақпан айында Алматы қаласында өтті. Шараны ұйымдастыру ісіне ат салысқан ұжымдар: Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы, сондағы «Музыкалық өнер» факультеті, «Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасы және «Кенен Әзірбаев атындағы қор».





Бұл конкурстың өзгешелігі «Дәстүрлі ән» және «Дәстүрлі күй» деген екі номинация бойынша жүргізілді. Бұған жоғары музыкалық білімі бар, кәсіпқой әншілер қатыспайды. Негізінен музыкалық орта оқу орындары мен дарынды балаларға арналған музыка мектептерінің оқушылары және дәстүрлі ән айтып, күй тартатын кез-келген жас орындаушы қатыса алады. Жас жағына да шектеу қойылған. Конкурстың тәртібі мынадай:

«Дәстүрлі ән».

1) Халық композиторларының бір әні. (Жетісу, Арқа, Батыс, Алтай-Тарбағатай, Сыр бойы әншілік дәстүрлері бойынша)

2) Халық әні.

3) Кенен Өзірбаевтың әндерінен 1 ән. (Билет алу арқылы таңдап алынады. Айтуға тиіс әндердің тізімі алдын ала жіберіледі. Онда Кененнің 15 әні көрсетілген).

«Дәстүрлі күй».

1) Төкпе дәстүрінен 1 күй.

2) Шертпе дәстүрінен 1 күй.

3) Кенен Өзірбаевтың төл туындыларынан (күйлерінен) 1 күй.

Осындай шараларды облыс, аудан орталықтарында, ірі қалаларда өткізуге болар еді. Дәстүрлі өнердің күні бітті, жас ұрпақ халық әндерін тыңдамайды, қызықпайды деп құлдырата бергенше, осындай нақты істерге көшкен әлде қайда тиімді. Ұрпақтың бойына халық дәстүрін сіңірудің бірден бір жолы, амалы болар еді. Бұл пікір менің жадымнан шығып отырған жоқ, Рамазан Стамғазиев секілді білікті ұстаз-өнерпаздардың ойынан туындап отыр.

Домбыраның ең төменгі сағасынан өріліп, көкке самғаған қырандай биіктей беретін Шолпан Дәржанованың шырқау даусы Кенен ақынның жас кезін көзіңе елестеткендей. «Шіркін, жас кездегі үнімді берсе ғой. Тік шырқауға салған кезде Алатау мүлгіп, сай-сала жым-жырт болып тына қалатындай еді» деген қарт ақынның сөзін еске түсіреді. Қалай десек те, Кененнің самғауы ерекше, көп әншінің ыңғайына көне бермейтін әндерінің жігін жатқызып, иінін келтіріп жүрген дарынды әнші Шолпан Дәржанова десек артық болмас. Әншілікті ұстаздықпен ұштастырып, одан әрі ғылыми зерттеуге ден қойып жүрген өнерлі жанның еңбекқорлығына іштей разы боласыз.

Оның «Алатаудың әуендері» атты кітабы Жетісудың әндерін насихаттау тұрғысынан да, ғылыми зерттеу жағынан да өзіндік мәні бар дүние. Өйткені Жетісуда дәстүрлі ән өнері жетілмеген, болған күнде той-томалақ, қыз ұзату, келін түсіру сияқты тар мағынада айтылатын





әндер ғана, ал ән шығару – сазгерлік деген мүлдем болмаған дейтін ұшқары пікірді жоққа шығарады. Бұрын өткен, көбісі беймәлім Жетісу композиторларының әндері нотасымен беріліпті. Кенен Әзірбаевтың әндері жөнінде де біраз ғылыми тұжырымдар айтылады.

Ал Шолпанның көптен бері қолға алып, 2018 жылы қорғап шыққан «Кенен Әзірбаев шығармашылығының музыкалық ерекшеліктері» деген ғылыми еңбегінің мәні аса зор. Бұлай дейтіміз атауының өзі айтып тұрғандай Кененнің өмірі, өлең-жырлары, жалпы шығармашылығы жайлы айтылған пікірлер, ғылыми еңбектер бар, алайда оның музыкалық мұраларын ғылыми тұрғыдан зерделеу, ерекшеліктерін тереңірек ашу мәселесі тұралап қалған. Шолпан Дәржанованың бұл ғылыми еңбегі замана сұранысына орай жасалған соны қадам, жаңаша көзқарастың бастауы болсын. Дәстүрлі өнеріміздің өрісін кеңейтіп, тұмшаланып жатқан мол мұрамызды ұрпақ игілігіне айналдыра берсін деген тілек айтамыз.

Айтулы әнші, екінші рет ұйымдастырылған Кенен Әзірбаев атындағы «Шырқа даусым» республикалық конкурсының үздік жүлдегері Ардақ Балажанованың есімі жұртшылыққа кеңінен таныс. Бүгінде Астанада тұңғыш рет құрылған Президенттік оркестрдің солисі Ардақ Балажанова өзінің әншілік өнерін ұстаздық етумен қатар алып келеді.

«Жұлдыздар отбасы» журналының 2012 жылғы №4 санында әнші мынадай пікір айтады. «Кенен атаның композиторлық ерекшелігі сол – әндері өте әуезді. Жыр тектес, терме тектес әндеріне Жетісудың ғана емес, еліміздегі өзге де ән мектептерінің орындаушылық дәстүрлері жинақталған. Ал орындаушылық ерекшелігі – қағысында дер едім. Өнді айтып келе жатып бір тұсын қағысқа ұластырып жібереді. Сол арқылы әннің мазмұнын дәл жеткізеді. Тағы бір ерекшелігі, әдетте әннің қайырмасы өзгеше болғанымен, шумақтары бір әуенмен айтылады. Ал Кенен атаның әндері бұл заңдылыққа мүлдем бағынбайды. Мысалы бір шумақты орындап, қайырмаға ауысады да, екінші шумақты мүлде басқаша құлпыртады» дейді. Кененнің композиторлық ауқымын, әндерінде кездесетін әуезділік, орындалу ерекшеліктерін дәл тапқан бағалы пікір.

Ардақтың осы ойын сәл жалғастырсақ. Расында, Кененнің ән салудағы ерекшелігі, тіпті құпиясы деуге де болады, оның домбыра қағысында екені даусыз. Кенен домбыраны жөнсіз сабалап, шабыт шақырмайды. Сырттай қарағанда біркелкі қағыспен, баяу ғана ойнап отырған тәрізді. Бар «құпия» осында жатыр. Зер салып көрсеңіз әнші домбыраның өзін сөйлетеді. Өншінің айтпай кеткен жерін домбыра





толықтырып тұрғандай әсер қалдырады. «Әнді айтып келе жатып кей тұсын қағысқа ұластырып жібереді» дегенде Ардақ Балажанова әншінің осы тәсілін дәл аңғарған.

Ал енді әннің әр шумағын әртүрлі етіп, құлпыртып, өзгертіп айтуы Кененнің импровизаторлық ерекшелігі. Сонымен қоса ол үлкен мелодист, ғажап экспериментші. Оның қай әнін алсаңыз да бір-біріне ұқсамайтын әуезді, өзгеше бояуды аңғарасыз. Композитордың 100-аса әндерінің кез келгенін тыңдап көрсеңіз, бірін бірі қайталамай мүлде басқаша естілетіні сондықтан. Осының бәрі Кененнің ұлы дарын иесі екенін дәлелдей түседі.

Кененнің әндері көп тараған, айтушысы да көп. Десек те, уақыттың талабы шығар, халық композиторларының әндерін дәріптеу, арнайы концерттер ұйымдастыру жылдан жылға сиреп барады. Сонда да, намысын жанып, халқымыздың дәстүрлі өнеріне шаң жуытпай, абыройын арттырып, насихаттап жүрген өнерпаздарымыз жоқ емес. Солардың бірі атақты «Тараз триосы». Қайда жүрсе де, қай да барса да халық шын ықыласпен қарсы алатын, жұрттың ризашылығына бөленген ұжым.

Ең алғаш «Алатау» деген атпен құрылған еді. Трио құрылғаннан бері келе жатқан атақты әнші Асылхан Шүңіреков: «Сол 1973 жылдан бастап алғаш орындаған әндеріміздің бірі Кенен атамыздың «Көкшолағы» болды. «Көкшолақ» әні «Тараз» триосының төлқұжаты десек, артық айтқаным емес. Осы ән өнер өлкесінде біздің бағымызды ашты» деп толғана еске алады. Содан бері 45 жылдың жүзі болса да Кененнің атақты әні трионың репертуарынан түскен емес. Еліміздің қай аймағына барсақ та, жұрт бізді «Көкшолақ» келді деп қарсы алады, алдымен осы әнді айтуымызды сұрайды. Кененнің әндері көбіне ойнақы келеді, сосын ырғақтан еш ауытқымайды» деген Асылханның пікірі, біз әлгінде сөз еткен Кенен әндерінің ерекшеліктеріне келіп саяды.

2017 жылдың сәуір айында Астанадағы «Бейбітшілік және келісім сарайында» халық ақыны Кенен Әзірбаевтың шығармашылығына арналған «Мен сүйемін халқымды» атты концерт өтті. Осы концертке жоғарыда аты аталған әншілердің біразы қатысты. Концертке адам жиналмайтын шығар деген күдігіміз де болғаны рас. Ол ойымыз бекер екен. Зал лық толды. Даңғаза, шоу-концерттерден мезі болған жұрт ағылып келіп жатты. Жұрт өзінің дәстүрлі әнін, Кенен сияқты бұлбұл әншілерін сағынған-ау! деген ой әркімнің көкейінде тұрғаны рас. Тұңғыш рет Кененнің оркестрге түсірілген «Мен сүйемін халқымды»





әнін қазақ операсының талантты әншісі Сүндет Байғожин орындады. Әннің қайрмасын жас әншілердің әртүрлі дауыспен сүйемелдеуі тіпті ерекше әсер қалдырды. Концерттің орта тұсында кезек «Тараз триосына» тиген еді. «Көкшолақты тебініп» шыға келгенде ду қол соғып қарсы алған жұрт көпке дейін жібермей тұрып алғанын көзбен көрдік. Бұл өзі көне өнерімізді, дәстүрлі әндерімізді асқақтатқан, халық көңілінен шыққан ерекше оқиға болғаны рас. 2018 жылы атақты ғалым, әдебиет зерттеуші М. Жолдасбековтың бастамасымен екі айға созылған дәстүрлі өнер сайысы өткені жұртшылыққа мәлім. Мұның өзі бұрын-соңды болмаған ерекше жаңалық, өнер «марафоны» іспеттес әсер етті. «Мегажоба» деп аталатын бұл шараға 3000-нан астам өнерпаздар қатысты. Конкурста өнерпаздар үш жанрда сайысқа түсті. Күй, жыр және ән. Тағы бір ерекшелігі әншілер билет алып, билетте қай ән мектебі (жетісу, сыр бойы, арқа, батыс, шығыс) көрсетілсе сол жақтың дәстүрлі бір әнін айтуға тиіс болды. Күйге де, жырға да осындай талап қойылды. Расында, бұл «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» таңдағандай нағыз өнер тартысы еді. Осындай аламан өнер сайысында әр кезеңнен сүрінбей өтіп, ән номинациясы бойынша жеңімпаз атанған Талдықорғандық әнші Бейбіт Мұсаев болды. Соңғы кезеңге (финалға) шыққан әнші бұл жолы Кенен Әзірбаевтың «Тік шырқауын» айтты.

Кенен ақын: «Әншінің дарынын танытып, шама-шарқын көрсететін менің үш әнім бар. Ол «Бозторғай», «Тік шырқау», «Базар-Назар» әндерім. Біріншісі - тағдырымның толғауы, екіншісі - жастық шақтың тегеуріні, үшіншісі –жан-дүниемнің тербелісі. Осы үш әннің табиғатына еніп, терең ұғынып, келістіріп айта алған әнші ғана жұлдызды болады» дейтін.

Ақын айтқандай-ақ осы үш ән Кененнің бүкіл шығармашылығын қамтыйтын, өресін көрсететін ғажап туындылар. Сонда да «Тік шырқаудың» жөні бөлек. Бұл әнді айту үшін шырқау дауыс, жастық арын, жүрек алауы үйлесіп, қабысып жатуы тиіс. Ақынның өзі де бұл әннің ерекшелігін айтып отыратын. «Тік шырқауды» әбден бабыма кіріп, шабыттанған кезде ғана саламын. Басқа кезде бұл ән ырқыңа көне бермейді» дейтін. Демек, сан жүйріктің ішінен Бейбітті таңдап, марапаттап, әспеттеп жатса, Кененнің өзі айтқан осы қасиеттердің бәрі жас әншінің бойынан табылғаны ғой. Кененнің албырт кездегі асау әндерін тізгіндеп, нақышына келтіре орындап шыққан өнерлі жігітті нағыз талант иесі, ақынның сөзімен айтқанда: «жұлдызы жанған әнші» деп айтуға болады. Бұл әділ қазылар алқасы қабылдаған, екі ай бойы





өнерпаздарды тыңдап, сұрыптап, байқаған алқалы жиынның шешімі. Бұған қосарымыз: «Жұлдызың көмескіленбесін, жарқырай түссін!» дейтін тілеу ғана. Кененнің музыкалық шығармашылығы жайлы сөз ете отырып, оның әндерінің қадір-қасиетін, ерекшелігін танып көре білген бірқатар өнер иелеріне қысқаша тоқталдық. Солардың басым көпшілігі Кенен әндерін орындап қана қоймай, оған ғылыми тұрғыдан көзқарас танытып, ой-пікірлерін білдірген өнер саңлақтары. Бұлардан дәріс алған жас әншілер легі қаулап өсіп келеді. Өнер жалғастығы деген осы. Қазақтың дәстүрлі өнері жаңа өрісін тауып мәңгілік жасай береді деген сөз.


АРМАНСЫЗ АҚЫН

«Тұсында әділ заман бағаландым, арманда кеткен екен бұрынғы өлең» дейтін өлең жолдары бар. Бұл Кенен ақынның сонау 1966 жылы шығарған «Бастау» деген өлеңінен алынды. Сонда ақынның қадірін біліп, өнерін бағалаған қай заман? дейтін сұрақ туындайды. Бағаланудың да бірнеше жолы бар. Мейлі ақын, ғалым, малшы, қарапайым адам болсын оның істеген еңбегіне қарай құрмет тұтып, баға беретін ең алдымен халық екені даусыз. Бұдан кейін ол адамның өмір кешкен дәуірі, яғни сол кездің саяси ахуалы десек қате болмас.

Кененді халық 13 жасынан танып, ақын, әнші ретінде басына көтеріп, құрмет көрсетті. Оның жастығына, кедейлігіне қараған жоқ. Тума өнеріне қарады. Кенен де елдің өзіне деген ілтипатын жастай сезінді, тоқсан жасқа келгенше тынбай жырлап халқына еңбек етті. «Біз халық жағындамыз, кедей-шаруаның үкіметіміз, солардың жоғын жоқтаймыз» деп келген кеңестік дәуірді бастан кешірді. Халқы үшін соған қалтқысыз қызмет істеді. Халықтың да, үкіметтің де сыйсияпатынан құр қалған жоқ, құрметіне бөленді.

Қалай десек те, «тұсында әділ заман бағаландым» деген жолда ақынның өз құпиясы жатқан сияқты. Ой елегінен өткізіп көрейік. «Тұсында әділ заман» дегенде ақын кеңес үкіметі өткерген бүкіл дәуірді айтып отырған жоқ. Оның да өз себептері бар. Байлардың малын тәркілеу, жер аудару кезінде талай туыстарынан, замандастарынан айрылды. Қолдан ұйымдастырылған ашаршылық кезінде ағайын-туған, жақындарынан айрылды. 1937-38 жылғы зұлматтың кесірінен талай сыйлас, көзкөрген, дәмдес болған дос-жарандарынан айрылды. Өзін халық жауы атандырды. Елеусіз қалдырды, ақыры ауруға





шалдықтырды. Тап осы кезеңді ақын «әділ заман» дей қоймаған шығар.

Кененнің өмір жолына зер салсаңыз бірде көкке қанат қағып, бірде төменге қарай құлдырай аққан қыран құсты елестеткендей. Ақынның өмірі де осы іспеттес. Қуаныш та, қайғы да, асқақтау мен торығу да астарласып бірін бірі алмастырып жатады. Асау өзендей буырқанған ақын көңілі жетпіс жасқа келгенде ғана сабасына түсіп, байыз тапқандай еді. 1959 жылы ұмыт қалған ақынның 75 жылдық мерей тойы тұңғыш рет тойланды. Ақ шағаладай еңселі үй салып берді. Шаң басып жатқан еңбектері басылып шыға бастады. Алты жыл төсек тартып, кесел құрсауында жатқан ақын аяғынан тұрып, шабытына кірді. Бұл Сталиннің заманы өтіп, жаңа леп есе бастаған кез. Ел басына Дінмұхамет Қонаев секілді озық ойлы, таным-түсінігі өзгеше, жаңаша көзқарастағы азаматтардың келуіне байланысты болды. Кененнің «тұсында әділ заман бағаландым» деуінің түпкі ойы, шешімі осында. Ақын мұнысын астарлап қана, шебер жеткізе білген.


Бұдан соң да он сегіз жыл ғұмыр кешкен ақын шабытынан бір танып көрген жоқ. Бойындағы бар асылын, өлең-жырларын, аңыз-дастарын халқына берумен болды. Халқының қодауымен, сол кездегі үкімет басында отырған азматтар қарт ақынға жағдай туғызып, үнемі көңіл бөліп отырғанын айта кеткен жөн болар. Кененнің әрбір қуанышына ортақтасып, ақындар арнау өлеңдерін, жазушылар тамаша туындыларын, композиторлар әсем әндерін тарту етіп жатты. Соның біразына тоқталсақ деймін.

Атақты ақын, Кененнің көзін көрген, дәмдес болған, қазақ поэзиясының ақсақалы Ғали Орманов: «Ақын қанаты» дейтін 12 шумақтан тұратын арнауында («Қазақ әдебиеті» газеті., 1974 ж.) былай дейді:

*«...Ән салып Ақсеңгірден ассаң бері,
Қарсы алар Алматының әсем жері.
Ежелгі осы өңірдің еркесісің,
Әрі әнші, әрі күйші, әрі сері.*

*Сен соған, Кенен аға, жаралған жан,
Ән салсаң көкіректе қалар ма арман!
Қазақтың ұлан байтақ даласында,
Бір үй жоқ сенің әнің таралмаған.*





*Асқақ ән, әсем өлең, ойың жылы,
Көрсеткің ел ішінде бойыңды ірі.
Жұрт ұзақ аңыз етіп айта жүрер,
Сілтеген серпініңді тойың күні».*

Қазақтың тағы бір арқалы ақыны Ғафу Қайырбеков Кененге арнап көлемді дастан жазды. Онысы Ғ. Қайырбековтың «Алтын бесік» дейтін өлеңдер жинағында басылған. (Алматы., 1969 ж.). Көне Қордайдың көрінісін суреттей келіп, соның тасын сипап, өткенге ой тастаған қарт ақынның келбетін өлеңмен шебер өрнектеген. «Ат жақты, ұзын иек, қоңқақ мұрын, қоңыр жүз, шоқша сақал, мұрты қияқ» дей келіп, ақынның сыртқы кейпін былайша суреттейді:

*«Еңсегей бойы биік – мықты қандай,
Жәй кісі ат үстінде тік тұрғандай.
Басында қара елтірі қазан бөрік,
Жадағай жасыл шапан нық буғандай.*


*Мойыны ұзап шыққан ұңғысынан,
Шағыр көз көне тартып, нұры сынған.
Сексенде сері кеуде селкіл қақпай,
Тұғыры мықты құстай тумысынан.*

*Қараймын қара емендей мәңгі қартқа,
Мінетін сексенде де қарғып атқа.
Қараймын, қараймын да сүйсінемін,
Ақынға тәңір берген сол қуатқа».*

Кененді көзбен көріп, қасында жүрген, дидактасқан адам ғана осындай портрет жасай алады. Бәлкім, өзгелер бұған күмән келтіруі мүмкін, ал мен ақынның перзенті ретінде осы үш шумақтан-ақ әкемнің келбетін танып, Ғафудың ақындық шеберлігіне тәнті екенімді жасыра алмаймын. Ақынның осы өлеңін шешем Нәсіқаға оқып бергенімде: «Шіркін, ақыннан сөз қалған ба? Расында, Кенен атқа мінгенде қасындағы серіктерінен бір бас жоғары, биік көрінетін еді. Басындағы бөркі де тап сондай» деп таңқалғаны әлі есімде.

Ақынға арнап көңіл толғанысын өлеңмен жеткізген ақындардың бірі Фәриза Оңғарсынова. Мен ол кезде Парламенттің Сенатында қызмет істеймін. 1998 – 2001 жылдары екі палатаның депутаттары да, қызметкерлері де бір ғимаратта болдық. Бір күні дәлізде депутат, әрі ақын Фәриза Оңғарсыновамен кездесіп қалдым. Өзінің тік айта-тын әдетіне салып:





- Әй, Бақытжан, пәтерің не болды? деді.

-Күтіп жүрміз ғой, тәте. Құдай қаласа беріп қалар деймін күмілжіп.


- Күткеніңе 2 жылдан асты. Өзің тіпті ынжық екенсің ғой. Иванов, Сидоровтың бәрі алып жатқанда, Кененнің бір баласына пәтер жетпей ме? Ертең мені Елбасы қабылдайтын болды. Өзімнің шаруаммен қоса, сенің де мәселеңді айтып шығамын. Маған қысқа ғана өтініс-хат жазып әкеп бер, деді. Сол күні айтқанын істедім. Мұнымды басшыларым естісе қалай болар екен? деп қобалжығаным да рас.

Кейін естігенімдей, Президенттің қабылдауында болып, тап маған айтқан сөзін Елбасына да айтыпты. «Нұрсұлтан Әбішұлы, «жеңгетайлық» жасап келген тағы бір шаруам бар» деп менің жайымды баяндап берген екен. Сөздің нарқын, қазақтың әдет-ғұрпын жақсы түсінетін Елбасы сәл жымыып, менің хатыма қол таңбасын қойып беріпті. Бәлкім, осы хаттың нәтижесі болар, болмаса билікте отырған өзге де ағалардың себі тиді ме көп ұзамай пәтерге де қол жетті. Арқалы ақын Фәриза Оңғарсынованың «мың бұрау» өлең-толғауларын оқып жүрсек те, ақынның жан-дүниесіндегі осындай ерекшелігін біле бермейді екенбіз.

Ақынның да ақыны болады. Арсы-гүрсі, далақтаған, түйсігі жоқ ақындар. Жалтаң, жалпаң, қазымыр, сұраншақ ақындар. Өтірік-өсекті, әділетсіздікті көрсе тарпа бас салатын шыдамсыз ақындар. Баппен сөйлеп, сөз түйінін шешетін байсалды ақындар. Ақындар да өмірдің өзі сияқты алуан түрлі болып келеді. Соның ішінде намысты ту етіп, басын қатерге тігетін өршіл, жүректілері аз кездеседі. Фариза Оңғарсынова сөз жоқ сол намысты биік ұстанған, өзінің ақындық та, азаматтық та міндетін абыроймен атқара білген ірі тұлға деуге сай. Оның Кенен ақынның 100 жылдық мерейтойына орай шығарған «Кенен тойындағы толғаныс» деген арнауы соған дәлел. Қысқартылған нұсқасы:

*«...Көп ойды көңілімде құлындатып,
қан қалғып, жүрегімде мұңып қатып,
өзгертіп, өрнегін сап, түрімді уақыт,
жүргенде Мәтібұлақ жақтан бір үн,
жетті-ау, бар тұла-бойымды шымырлатып!
Күн сорып қасиетін ағын ұрған,
не пайда жорға мінген қалың ұлдан?
боз жусан боз даланың төсіндегі,
жаралған қаны қырдан, жаны жырдан,*





өзіңдей марқасқалар керек бізге,
шаң қағар қылау тұтқыш жанымыздан...

*Арылып мына тойда дерт-күдіктен,
көңілім от алғандай тектіліктен,
алыппын қан қыжылын жуасытып,
қастерлі топырағыңнан шет жүріп мен.*

Екпіні рухтардың ес жиғызып,

Бір серпін тамырымды тепті үмітпен,

Мен тұрдым өзіңе ұқсап өтсем-ау деп,


Өмірде жалтаңдамас беттілікпен!» - дейтін жүрек толғанысын нағыз ақындықтың, тектіліктің, өршілдіктің белгісі демеген де, басқаша қалай айтасыз.

Ақынға деген құрметін, сағынышын, ақ тілеуін білдірген ақын-жазушылардың, ғалымдардың, өнер танушылардың, тіпті қарапайым адамдардың жазған дүниелерін түгендеп айтып шығудың өзі мүмкін емес. Солардың бәрінде де Кенен ақынның асқақтығын, мәрттігін, ерекше жаратылған адам екендігін, тағдырдың қиын-қыспағына қара нардай шыдас берген қайсарлығын, дүлдүл ақын, бұлбұл әнші екенін мақтан етеді.

Сонау 1937 жылдың 22 желтоқсан айында грузин халқының ұлы ақыны Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» поэмасының 750 жылдығы тойланды. Сол тойға жырау Жамбылды қолтықтап Кенен де барды. Қазақтың бетке ұстар азаматтары, ақын-жазушылары қоса барды. Сол тойды көзбен көріп, Кененнің қасында жүрген сыншы- ғалым М. Қаратаев: «...Басында сусар бөрік, үстінде қырмызы шапан, белінде кемер белбеу, сымбатты, қыр мұрынды, аруана көз Кененнен сұлу адамды білмеймін. Сонда осы Микола Бажан келіп менен «Мына Жамбылдың шәкірті қандай сұлу кісі. Мұның кескін келбеті қазаққа хас типке жата ма?» деп сұрады. «Жатқанда қандай!». Жауаптың аузымнан қалай шыққанын өзім де білмей қалдым» деп толғана еске алады.

Кененнің сыртқы келбетіне, ішкі жан сарайына тереңірек үңілген адам ақынның бойындағы парасатты, жомарт мінезді, кісілікті аңғармауы мүмкін емес. «Кім қойса да бұл асыл адамның есімін тауып атаған. Кенен. Кеудесі де, өнері де кенен кісі, қазір баба жасындағы Кенен ақсақал». Бұл сөздің иесі ғалым, қаламгер Қалижан Бекқожин. 90 жасқа келген ақынның табиғатын осылай бейнелейді.





Қазақтың атақты ақыны Әбу Сәрсенбаевтың мына бір сөзін қайталап, толықтай бергеніміз жөн сияқты. Ақын аға өзінің Кенекеңе деген құрметін, сүйсінуін былай жеткізіпті: «Сыртқы сымбаттан да, кейіп-келбеттен де, байсалды мінез, парасатты ойдан да жұтамай жаралу қандай бақыт! Шіркін, өлең-өнер адамдарының күйкі болмай көрікті туғанына не жетсін! Кенен өзгені сыйлай да, өзін сыйлата да білетін кісі».

«Ойлап тұрсақ Жамбылдан кейінгі алып, қажырлы қайраткер, ғасыр ғұмырды басынан кешіріп отырған Кенен Әзірбаев көп оқиғаның куәсі, бақыты мол, қуанышы көп жан» деп түйінді пікір білдірген әдебиет зерттеуші ғалым Мүсілім Базарбаевтың сөзінде қаншама терең мағына жатыр. Кененнің қайраткер ақын екенін, сан алуан тарихи оқиғалардың куәгері, қажырлы күрескер екенін тайға таңба басқандай етіп айқындап тұрған жоқ па?

Кенен Әзірбаевтың 90-100 жылдық тойына арнап жазылған мақалалардың, өлең-жырдың, құттықтау сөдердің шегі жоқ. Осыларды сұрыптап, тақырыпқа бөліп, өңдеп кітап етіп шығарса әлденеше томдық дүние болары сөзсіз. Сол сияқты ақынның мерейтойларына өздерінің ыстық сәлемін жолдап, таза көңілден құттықтау өлеңін тарту еткен ұжымдар да жеткілікті. Солардың бірі сол кездегі НИСХИ (ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты) деп аталатын ұжымның өлеңмен жазған тілеу-хаты жүрекке жылы тиеді. Авторы Н. Минчук. Орыс тіліндегі нұсқасын қысқартып беріп отырмыз:

«Азирбаева Кенена,
Поздравляем от «НИСХИ».
Мы от имени ученых
Дарим робкие стихи.


Песни славного акына,
Лучший памятник в веках.
Казахстан родного сына,
Нынше носит на руках.

Все проходит и стареет,
Все на свете прах и тлен
Только песня станет вечной,
Что пропел для нас Кенен.

Звуки этих нежных песен,
Сразу душу тянут в плен
Да, на свете будут вечной,
Песня, то пропел Кенен».

Екі дәуірдің куәсіндей болған Кененнің асқақтаған әндерінен, жан тербетер жырларынан Асан қайғының үні мен Қорқыттың күйі естіліп тұрғандай. Қазақтың басын қосып ел етпек болған данагөй бабаларымыз Майқы би, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің рухы елес бергендей. Кененнің өлең-жырларын, шығармаларын оқып тереңірек





зер салған адамға бұл жәй сөз емес, үлкен ақиқат.

Ақын өзін көненің көзі, бұрынғыдан қалған сарқыт екенін, көп білетін шежіре, тұла бойы тұнған тарих екенін жырына қосып, айтып та кеткен ғой. Мұнысында ешқандай сөкеттік жоқ, шын мәнінде ақынның болмысы бұл.

Қазақстан ақын-жазушыларының V съезінде қарт ақындардың атынан сөз алған Кенен былай деп толғайды. Терме-жырдың атауы да солай «Қарт ақындар атынан» деп аталады. Съездің ашылуын құттықтай келіп, ақын өзі жайлы:

*«Абай мен Жамбыл шәкірті,
Мен бір қалған сарқытпын.
Балуан Шолақ, Шашубай,
Үлгісін алған бір қартпын.
Көрмесем де Біржан, Әсетті,
Солар салған әнді ұқтым.
«Құлагерін» Ақанның,
Қой бағып жүріп, тауда ұқтым.
Құм кешіп жеткен керуеннен,
«Екі жирен», «Көкшетау»,
«Жамбас сипар», сонда ұқтым.
Өтірік емес шындығым,*

Тал бойым тұнған тарихпын»- деп төкпелете жырлағаны кеше ғана емес пе? Кененнің өзі де, өлең-жырлары да тұнып тұрған тарих екені даусыз. Соны терең зерттеп, жаңа деңгейге көтеріп, кейінгі ұрпақтың санасына сіңіре алмай жатсақ - өзіміздің бейғам, алаңсыз, жайбасар мінезімізден көру керек. Қазақтың осы мінезін жақсы білгендіктен - ау деймін, ақын ендігі жерде өз бағасын өзі беріп, өзіне өзі өлеңмен ескерткіш жасауға кіріскен сыңай танытады.

*«Шықтым биыл сексенге,
Желігім бар өкпемде.
Екі Кенен тумайды,
Алатауға ексеңде».*

Ақынның бұл қарекетін өзі өмір сүрген кезеңнің тұрлаусыз, тұрақсыз екендігін сезгеннен деп қарастыруға болады. Немесе, бұрқырап өте шыққан өмірдің жалғандығына, қазақтың ғасырлап қорланған көне өнерінің елеусіз қалтарыста қалып бара жатқанына күйіну деп те қарауға болады. Сол ұлы көштің соңы өзі екенін ескертіп, «Кененді





ұмытсаңдар өткеннің бәрін ұмытқандарың» деп болашаққа сауал тастап кеткендей әсер етеді.

Біз өтерміз, өлең-жырым да, әсем әндерім де сендерге қалсын. Оқыңдар, ғибрат алыңдар, ұмытпаңдар деп ұрпағына тапсырып тұрғандай әсерлі. Ақынның осындай арман тілеуі, әсіресе өмірден өтер алдында ғана (1975 ж.) шығарған «Ескерткіш» деген өлеңінде тартымды айтылады:

*«Жас күнде тасығандай қайнар күшің,
Толықсып толған айдай көріктісің.
Сол қалыптан айнамай, тұра бермей,
Орақтай боп қалғанда күйеді ішің...
Он жасымнан ән шырқап, өлең айтып,
Халқымның қандырып ем құлақ құршын.
Мың сөйлеп, жүз күлдіріп тыңдағанды,
Сайраған саядағы бұлбұл құспын...*


*Айнала Алатауды шапқан дүлдүл,
Жарылып кетпей отыр қалай ішім.
Шығып ап тоқсан бірдің төбесіне,
Өзіме арнаған бұл Ескерткішім!»* дейді қарт ақын.

«Тарихта өлеңім мен жырым жүрсін, халықта ән-күйім мен үнім жүрсін» деп толғанады. Ән-жырым халықтың жадында болса, ұрпақтарым оқып тағлым алса, суретімді төріне іліп тағзым етсе ақынға орнатылған ескерткіш деген сол дейді қарт ақын. Кенен осылайша өлеңмен өзіне өзі ескерткіш орнатып, халқына өзінің кім екенін тағы бір ескерткендей, жүрегінен туған бар қазынасын аманат еткендей болады. Ақын өзіне мәңгі өлместей ескерткіш орнатып кеткені ақиқат. Ол Кененнің мың толғау өлең-жырлары, мың өрім ғажап әндері, тот баспайтын асыл сөздері, данагөй ақыл-нақылдары.

Бұл өзіне арнап өлеңмен тұрғызған ескерткіші болса, тап содан 37 жыл өткеннен кейін ғана халықтың тілеуімен, тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлының қолдауымен Алматы қаласында ұлы композитор, ақын, әнші Кенен Әзірбаевтың ескерткіш-тұлғасы бой көтерді. Бұл енді шын мәнінде ақынға көрсетілген зор құрмет еді.

«Ел-жұртым еркіндік ап, басын қосса, серпілер сонда менің арман ойым» деп Алатауды жаңғырта әнге салып Кенен армандаған еркіндік, бостандық лебі ақын дүние салған соң он сегіз жылдан соң





келіп жетті. Талайды бастан өткерген қазақ халқы үшін бұл оңай келе салған олжа емес. Ғасырлап күткен үкілі арманы еді. Бағзы біреулер ССРО табан асты тараған соң, бостандық қайда барсын, бақыт құсы тәрізді басымызға топ етіп қона салды деп көлгірсиді. Мұның жаңсақ сөз екенін тәуелсіздік жолында қаһармандық, шыдамдылық, байсалдылық көрсеткен халқымыздың ерен еңбегінен көреміз. Елінің, ұрпағының ертеңі үшін жатпай-тұрмай қызмет еткен Елбасы мен арнамысты ту етіп атой салған қазақтың біртуар ұлдарының ерлігінен көреміз.

Қалай болғанда да жаратқан бізге оң көзімен қараған болар. Өйткені жер бетінен жойылып кеткен немесе тоз-тозы шығып тарыдай шашылған өзге жұрттың тағдырына қарап отырып, «тәубә» демеске болмайды. Расында, қиналуын қиналдық-ау! Әйтеуір қан-төгіс болған жоқ. «...Кенен ақынның тамаша, өшпес туындылары бүгін де осы жауапты, құрметті істе сапта тұр» деген Елбасының көрегендікпен айтқан сөзі шындыққа айналды. Көк туымыз көкте желбіресе, Кененнің асқақ әндері егемен елдің көңілін тасытып, кең байтақ даланы шарлап жүр. Ол әндері бұрынғыдан да қуатты, шабытты, еркін шырқалады.

Ақынның шығармалары том-том болып жарық көріп жатыр. Әндерінен әртүрлі конкурстар өткізіліп, замануи дискілерге жазылды. Кененнің әндерін орындаушылардың жалпы тізімін жасар болсақ жүзден асып жығылады. Оның ішінде үлкендер де, жастар да, өрен жеткіншектер де көп. Арқа төрінде арайлап бой көтерген Астананың көрікті бір көшесіне ақынның есімі берілді.

Ақын үшін нағыз бақыт, арқалана жыр төгер, шабыт берер қуаныш қой бұл. Кененнің көзі тірі болса тәуелсіздік алған елімен бірге шаттанып, домбырасын күмбірлете жыр төгер ме еді. Ол сөзсіз болар ақиқат. Ендігі жерде ел-жұртының еркіндік алғанын арман етіп, сол жолға бар өнерін, өмірін сарп еткен ақынның рухы разы болсын. Қай уақытта да Кененнің өнері, қайталанбас бейнесі халық жадында мәңгі сақталары күмән туғызбайды.

Кененнің артында ешкім қалмапты дейтін әңгіменің болғаны да рас. Көз тірісінде аты аңызға айналған адам жайлы небір алып қашпа сөздердің жүретіні де рас. Оны біреулер білмегендіктен айтады, енді біреулер қасақана жасайды. Бір кезде: «домбырамның қала ма иесі жоқ» деп күйінген ақынның өз кіндігінен тараған ұрпақтары бір қауым ел болды. Баланы кеш көргендіктен болар, мынау қыздың, мы-





нау ұлдың баласы деп бөліп көрмеген. Бәріміз сол көзқараста, сол тәрбиеде өстік. Ақынның бес қызынан Талжыбек, Ұлтай, Төрткен, Ақтамақ, Ақбілектен туған жиен-жиеншарлардың өзі бір қауым ел болды. Тіпті бұл күнде Кененнің шөпшектері, туажаттары үйленіп отбасын құрып жатыр.

Ғасырға жуық ғұмыр кешкен ақынның артына ергені екі-ақ ұл. Әлде біреулер «бес ағайындымыз, он ағайындымыз» деп көтеріле сөйлегенде қызығып та, қызғанып та қалатыным рас. Болғанға не жетсін. Сол ұлдың бірі «Сен туып ең Жамбылдың батасынан» деп әнге қосатын үлкен ұлы Көркемжан. Апладан бала тілеп, ақ ешкіге зарын қосып жүргенде көрген ұл. Ол кезде, 1939 жылы Кенен 55 жаста. «Көк желкеме көтерген еркем едің» деуі сондықтан. Көркемжан деп атын Жамбыл қойған.

«Оқу да, қызмет те ешқайда қашпас. Алдымен келін түсір, менің де немере сүйіп ата болатын кезім әлде қашан өтіп кетті. 75-ке келдім. Менің қатарларым немере тұрмақ, шөберелерін үйлендіріп жатыр, қарағым» дейтін. Сөйтіп, жиырмадан енді асқан Көркемжанды ерте үйлендірді. Тұңғыш келінге арнап «Келінжан» деген әнін шығарды. Көркемнің өзі де еліне қадірлі, ақжүрек жігіт еді. Жұрт алдындағы, әке алдындағы борышын түгелдей атқарды. Өкінішті сол, 55 жаста көрген баласы, 55 жасында дүние салды. Артында үш ұл, екі қыз қалды. Немерелерінің атын Қуаныш, Қуат, Мұрат деп ақынның өзі қойды. Бұл жөнінде талай мақалалар жазылып, естеліктер айтылған.

Ұлы отан соғысы аяқталған жылы, ақынның 61 жасында өмірге мен келіппін. Атымды Бақытжан деп өзі қойған екен. Мен нағашы әжеме тән бала болдым. Сондықтан болу керек, мені үйлен деп ешкім қыштаған жоқ. Оқуымды бітіріп, әскери борышымды атқарып келген соң, асықпай жүріп 27 жасымда отау құрдым. Жазира, Салтанат есімді екі қыз, Мұхит, Мұхтар атты екі ұл өмірге келді. 8 немере бар. Ақынның Базар-Назарынан бастап, жастай өле берген сегіз баладан соң тұрып қалған Көркемжан екеуміз екенбіз. Сондықтан жұрт бізді тұлпардың тұяғы, Базар-Назардың төлеуі деп атайды.

Ақынның қайын енесінің баласы атанып, әкені «жезде», шешені «әпке» деп өскен еркебұлан ұлдың мінез-құлқы, әжеден алған тәлім-тербиесі жайлы «Әке рухымен сырласу» деген кітабымда кеңірек жазғанмын. Осы күні бүкіл Әзірбаевтар әулетінің жасы үлкені, ақсақалы болып отырмын. Мұны созақтап жазып отырған себебім, Кенен ақын туралы аз білетін, хабары жоқ адамдар үшін, өмір баспалдағын енді басқан жас ұрпақ үшін.





Өмірінің соңғы 18 жылын өткізген әкенің қара жаңырағында Көркемжанның кіші ұлы Мұрат отыр. Атасының мұражайында қызмет істейді. Қазақы тілмен айтсақ - шырақшысы. Үш ұл, бір қыздың әкесі. Ұлды үйлендіріп, немере сүйіп отырған ардақты әке. Менің үлкен ұлым Мұхит (атын ақынның өзі қойған) Алматыда тұрады. Оның да үш ұл, бір қызы бар. «Мұхтардай атақты жазушы бол» деп атын Нәсиха әжесі қойған Мұхтар атты немересі Астанада қызметте. Біз осы кіші баланың қолындамыз. Ошақтың үш аяғы іспеттес ақынның осы үш немересі жайлы жұрт жылы-жылы лебіздер айтады. Мұраттың көп жылдар қалада тұрса да шаруаға бейімділігін, ат құмарлығын, үлкен-кішіге бірдей мінезінің сынықтығын айтады.


Мұхиттың үлкен қызметте жүрсе де кішіпейіл, үлкенге ишарат, кішіге жақсы пейіл білдіріп тұратынын сөз етеді. Қалада туып-өссе де ауылдан қол үзбей, балаларын ертіп шауып келіп тұратыны сүйсінтеді. Шама-шарқынша ауылға көңіл бөліп, көмек көрсетуге әзір тұратынын, атасының рухын көтеріп, атына кір келтірмеуді мақсат тұтады дейді.

Мұхтардың өз мамандығы музыкант. Атаның бүкіл ұрпақтарының ішінде арнайы музыкалық білім алған жалғыз Мұхтар ғана. Оның пайдасын енді көріп жатырмыз. Атасының бүкіл әндері мен күйлерін сұрыптап, ноталарын қайта редакциялап шықты. Соның бәрін замана талабына сәйкес компьютерлік әдіспен қайта түсіріп, жаңа бағдарламасын жүзеге асырды. Қарап жатқан ешқайсысы жоқ. Қолдарынан келгенше Кенен атасының рухын көтеріп, атақ-абыройына дақ түсірмеуге тырысып жүрген ұрпақтары. Осының бәрі сіздің тәрбиеңіз, сіздің жалғасыңыз.

«Туған жеріңіз –көбелек, балапанын қуған жеріңіз» Қордайдың (Мәтібұлақ) елі де, жері де аман. Тәуелсіз елдің арайлап атқан әр таңы жаңалыққа, қуанышқа толы. Дәулеті артып, жылдан жылға көркейіп, құлашын кеңге салады. Талай өлең-жыр арнап, ауасын жұтып, дәмін татқан ауылыңыз бүгінде сіздің атыңызбен аталады. «Қыздары көркем, ұлдары ерен, білімді-білгір, өнерлі ұрпағы бар ақын ауылы» деп аталады. Өйткені бес жасар бүлдіршіннен бастап, белі бүгілген қарияға дейін қолына домбыра беріп ән сал десеңіз Кененнің бір әнін шырқай жөнелетіні даусыз.

Жыл сайын туған күніңізге орай ауылдағы Мәдениет үйінің, Екейбай Қашағанов атындағы мектеп, К. Әзірбаев мұражайының ұжымдары бірлесіп ұйымдастырған еске алу шаралары өткізіліп,





ауыл мешітінде Сіздің рухыңызға бағыштап құран оқылып, дастарқан жаю әдетке айналған дәстүр. Осының бәрін реттеп, көзін тауып жүзеге асырып жүрген ауылдың ақсақалдарына, азаматтарына, басшыларына ризашылық білдіріп, Кенен атаңның бақ-дәулетін, жасын берсін деп тілейік. Әр бес жыл сайын ауданның, облыстың қолдауымен ақынның туған ауылында, Кенен Әзірбаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған әдеби кештер, ақындар айтысы, ғылыми конференциялар өткізіліп тұрады. Ақындар жырын төгіп, ғалымдар баяндама жасап, өнерпаздар өнерін көрсететін бұл шараның аяғы үлкен тойға айналып жатады.

Қабан жырау, Сүйінбай бастаған халық дүлдүлдерінің рухын асқақтатып жүрген, қазақтың дәстүрлі өнерінің жанашыры, үлкен жүректі азамат Серік Үмбетов Жамбыл облысының әкімі болған жылдары шымылдығын ашып, бастап кеткен ізгі шара әлі күнге дейін өз деңгейінен түскен жоқ. Бұл екі жыл сайын өткізіліп тұратын Кенен Әзірбаев атындағы «Шырқа даусым!» республикалық ән конкурсы. Осы ән жарысына қатысып томағасы алынған қырандай өнер көгіне самғаған, атын бүкіл ел таныған ұл-қыздарымыз қаншама.

2018 жылдың сәуір айында өнер адамдарын, бүкіл көпшілікті, ақынның ұрпақтарын үлкен қуанышқа бөлеген тағы бір оқиға болды. Көптен бері орайы келмей жүрген шара, Жамбыл облыстық филармониясына Кенен Әзірбаевтың есімі берілді. Осы шараның жүзеге асуына ат салысқан облыстың игі жақсыларына, мәдениет саласында жүрген азаматтарға, облыс әкімі Асқар Мырзахметовке айтар алғысымыз шексіз.

Айта берсек ақынның есіміне байланысты мұндай іс-шаралардың шегі жоқ. Қырғыздың төкпе ақыны Амантай Құтманалиевтің Кенен ақынның 125 жылдық мерейтойында айтқан:

«Қанша уақыт өтсе де,


Әндерін салып өрнекті.

Ұрпағы бар осындай,

Шынында Кенен өлмепті» дегенге саяды.

«Өлді деуге бола ма айтыңдаршы, өлмейтұғын артында сөз қалдырған» деп кемеңгер Абай айтпақшы, артына ғажап әндерін, тағлымға толы өлең-дастандарын қалдырған Кенен ақынның даңқы ғасырдан ғасырға көшіп мәңгі жасай беретін, сарқылмайтын, асқақтай түсетін ерекше рух.





Жұрт Кененді бақ қонған, бақытты ақын дейді. Бұл сөзде ешқандай жалғандық жоқ. Кенен ақын шын мәнінде, қазақ өнерінің төрінен орын алған, соған барынша лайықты адам. Сондықтан да Кенен Өзірбаевты: «Алатаудай айбатты, ел еркесі ардақты, сегіз қырлы бір сырлы, халқының шынайы құрметіне бөленген дүлдүл ақын, бұлбұл әнші, арманы жоқ жан» деп есептейді.

ТҮМЕН СӨЗДІҢ – ТҮБІ БІР...

Халық айтса қалт айтпайды. «Түмен сөздің түбі бір екені» ақиқат. «Түп атасы Майқы би» деуі де шындықтан ауытқып кетпейді. Біздің діттегеніміз бұл емес. Ненің болса да бастауы болатыны, соңында түйінін шығарып тұжырым жасалатыны бар. Біздің ендігі қарекет осыған саяды. Сөз басын «Бастау» деп атағанымыз да сондықтан.

Дүлдүл ақын, бұлбұл Кененнің өмірінің де, өнерінің де бастау көзі - туған жері, өскен ортасы, ата-анасы, тағзым етіп, тағылым алған жыр сүлейлері, жолын ашып бата берген ұлағатты ұстаздары екенін біраз сөз еттік. Жас тұлпардың тұяқ дүбірін, бала қырандай көкке әуелеген бозбала ақынның жүрек дүрсілін алғаш танып, ақ жол тілеп, батасын берген жыр алабы Жамбыл болды. Сонда Жәкең:

*«Кешегі анау боз үйден,
Шыққан дауыс сен бе едің?
Бөдене мен тұрымтай,
Бұққан дауыс сен бе едің?
Бүркіт болсаң боларсың,
Үлкен екен шеңгелің» - демеп пе еді.*

Қыранның көзі қыранды алыстан шалады. Ұлы жыраудың «әулиелік» сөзі текке айтылмаса керек. Кенен ақын киелі қазақ өнерінің қай тұтқасын ұстаса да самғау биікке көтеріп, жаңаша рең, әуен қосып түрлендірді. Ұстазы айтқандай «шеңгелінен» шығарған жоқ. Көнеден келе жатқан дәстүрлі өнерді желісінен үзіп алмай, асқақтатып жаңа белеске көтерді. Оған жоғарыда сөз еткен ақынның: әншілік, ақындық, жыраулық, айтыскерлік сияқты бүкіл өнер жолы куә. Осының бәрінде де дарынды өнер иесі Кененнің салған іздері шиырлап жатыр. Бұл енді айғақтауды қажет етпейтін, халқы құптаған, уақыт мойындаған ақиқат. Ал ақынның өз келбетіне, адам-азамат ретіндегі жеке тұлғасына келетін болсақ ол мүлде бөлек дүние.





Кенен ақынның жастау кезін көргендер бойының сұңғақ, дене бітімі тастан қашалғандай жинақы, шымыр, бет-әлпеті бұрынғының батырларындай келісті деп суреттейді. Оның кейбірін сөз барысында қысқаша айтып та кеттік. Дегенмен ақынның өмірін, шығармашылығын көп зерттеген ғалым Мырзатай Жолдасбековтың «Асыл арналар» деген еңбегінде Кенекеңнің сыртқы келбетін, өнердегі болмысын сөзбен өрнектеуі тіпті ерекше, әрі дәл бейнеленген. Ғалым былай дейді: «Кенекең болмыс бітімі де, жүріс-тұрысы да бөлек, табиғи дарын-таланты да ешкімге ұқсамайтын, Алатаудың шыңындай ойы да, бойы да биік, әсем үнді, ділмәр тілді, мінезге бай, көпшіл, қонақжай ерекше жан еді. Кенекең ғасыр бойы жасаған байтақ мұрасымен, армандай әншілігімен, аққудың қанатындай әдемі, әппақ жібектей сақалымен, бәйтеректей бойымен көзге де, көңілге де өзгеше бір жұмбақ жандай, данышпан абыздай болып көрінетін».

Айтса-айтқандай-ақ, ақынның сыртқы келбеті 70-75 жасында да көзге ерекше көрініп тұратын. Жасына қарай сәл «шөгіңкірегені» болмаса бойы сол кездің өзінде 1,80- 1,83 см. еді. Кештеу көрген ұлдары «біздің» бойымыз әкеге тартқан жоқ. Сонау студент кезімізде әзіліміз жарасқан Ақкөл Отарбаев деген құрдасым: «Кенекең, мұны мультфильмдерде ойнасын деп тастап кеткен ғой» деп қағытатын.

Кененге шабыт беріп, өнерінің бастау көзіндей болған жәйлар көп. Ақынның сөзге ұста, шешендік, зергерлік ерекшеліктерін алсақ – сөз өнерін құдырет тұтқан Қабан, Қылышбай, Тілеміс, Кебекбай, Ноғайбай, Сапақ, Бөлтірік сынды көнекөз сүлейлерге барып тіреледі.

Ақынның күйшілік өнері – Қанадан, Байсерке, Бердібек, Қырықбай сияқты дауылпаз күйшілерден бастау алатынын көреміз.


Кененнің сал-серілік қасиеті – осы өнерді ту етіп ұстаған Дәурен сал, Кенебай, Сауытбек, Қырмызы, Кербез атты атақты сал-серілерден алған үлгісі, солардың шапағаты тиген өнер десе де болады.

Кенен ақын ұзақ ғұмыр кешті. Өмірден небір теперіш көріп, басынан өткерген қияндықтарға қарамастан осыншама жасқа келу айтуға ғана жеңіл. Ал оның сыры неде? деген сауал әркімнің көңілінде тұратыны хақ. Тап осы сұрақты Кенен ақынға белгілі жазушы С. Бақбергенов қойған екен:

- ...осы, Кенеке, сіз кедейлік, қорлықты көп көргеніңізге қарамай, көп жасап отырсыз. Сондағы құпияңыз қайсы, айтпайсыз ба? Кенен күлді, жымия отырып былай деді:

- Көп жасағанда қандай құпия болушы еді? Ешкімнен артық ішіп, кимедім. Бар сүйеуім – өлеңім мен әнім. Алдымен өлең шығарамын.





Бұл бір қуаныш. Оған ән іздеймін. Таба қалсам тағы қуаныш. Әсіресе соңғы үшіншісіне жеткенде, әнге салған кезде, өзіме қанат біткендей желпініп, көңілім өсе түседі. Мүмкін, мені алысқа, осы күнге жеткізген мол қуат, осы шабыт шығар. Оны кім біледі?». Ақиқат сөз, аталы сөз, әкелік мәнді ой. («Жұлдыз» журналы., 1974 ж. №5). Бұл енді ақынның көп жасауының бір ғана сыры болар.


Қалай десек те мұның негізгі себептері көп. Ең алдымен ақынның өз бойындағы адами қасиеттері дер едік. Ананың сүтімен, әкенің өсиет-өнегесімен келетін бұл ерекшеліктерді Кененнің әрбір өлеңінен, ақыл-нақылдарынан байқауға болады. Біріншіден Кенен – үлкен жүректі, пейілі кең жаратылған адам. Оның азаматтық көзқарасы, парасаттылығы осыдан көрінеді. Екіншіден – өмірге деген құштарлығы, кез-келген адамды бауырындай көріп, сыйлай білетіндігі. Ақын айтатын: «адамның көңілін сақта, пейілін сатпа» деуі осының айғағы емес пе? Үшіншіден – туған халқына жан аямай қызмет етуді ең басты парызым деп ұғынуы. Бұларға қоса отбасын қастерлеу, әйелді құрметтеу, балаға деген әкелік қамқорлық сияқты адами қасиеттерді бойына молынан жинаған азамат ақын.

Ақынды көз тірісінде көрген, дәмдес болған адамдар көп жағдайда Кененнің кешірімді, ешкімге өкпе, кек сақтамайтын адам екенін еске алады. Тіпті, елді дүрліктіріп, екінің бірін халық жауы атандырған сол бір зұлмат кезінде, үстінен арыз жазып өзін ұстап берген адамдарды біле тұра қайырымдылық көрсеткен ақынның кеңдігіне тамсана-тын еді. Бұл жөнінде ақынның өзі «Жақсылық пен жамандық» деген өлеңінде былай дейді:

*«Өмірде өткен істі таныстырдым,
Жақсылық, жамандықты салыстырдым.
Өзіме қастық қылған адамдарға,
Қиянат көрсетпей-ақ қалыс жүрдім.
Ешкімнің ала жібін аттағам жоқ,
Ешкімге кек пен өкпе сақтағам жоқ.
Қолымнан келседағы кек алуға,
Үкімет пен халқыма даттағам жоқ.
Жақсымды, жаманымды саусақтасам,
Тексеріп өткенімді сараптасам.
Шүкірлік, жақсы жағым басым екен,
Тартқандай таразыға салмақтасам».*

Кененнің осындай ізгі істерін еске алып, шарапатын көрген жұрт, кейде ақынның жан тазалығын, ақ пейілін әулиелікке таңып жататын.





Осы күнге дейін киелі, әруақты адам деп дәріптейді. Халқының шынайы құрметіне бөленген ақын, үкімет тарапынан да елеусіз қалған жоқ. Кеңестің сол кездегі ең жоғары наградаларына ие болды. Атап айтқанда:

1937 жылдан «СССР жазушылар одағының мүшесі»,
1939 жылдан «СССР композиторлар одағының мүшесі»,
1945 жылғы 1- қаңтарда «Құрмет белгісі» ордені,
1956 жылы «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері»,
1959 жылы екінші рет «Құрмет белгісі» ордені,
1961 жылы «Қазақ ССР-інің халық ақыны»,
1967 жылы «Еңбек Қызыл Ту» ордені,
1974 жылы «Ленин» ордені.

Қазақ өнерінің қайталанбас саңлағы, таң шолпандай жарық жұлдыздарының бірі, суырып салма ақын, әнші, жырау, қоғам қайраткері Кенен Әзірбаевтың есімі ел тарихында алтын әріппен жазылып қалды. Халықтың жадында мәңгі сақталып қалған, ғасырдан ғасырға иық артып жасара беретін ерекше өнер иесі. Өйткені Кененнің кеңістігі – мәңгілік.

Әрі ғалым, әрі ақын Тәкен Әлімқұловтың «Сері» атты жыр-толғауында айтылған мына бір шумақ өлеңі Кенен ақын туралы ой-түйсігімізді айшықтай түсетін тәрізді:


*«Сүйінбай, Жамбылдардың қол баласы,
Кененнің жырау толған айналасы.
Бір сырлы, сегіз қырлы осы адамға,
Қазақтың сай келеді қай баласы?».*

Ал сонау 1959 жылы ақынның 75 жылдық мерейтойында «Қазақ әдебиеті» газетінің ұжымы жолдаған арнайы құттықтау хаттың баяндалу тәсілі өзгеше тартымды екен. Мұндағы аты аталған өлеңнің бәрі Кененнің өз туындылары. Бұл құттықтауда: «Кенеке, сіз күні кеше «Алатау» бөктерінде жоғалған «Жеті қойды жоқтап» зар еңіреген, «Көкшолақты» қойшының төбесінде шырылдаған «Бозторғай» ғана болатынсыз. Бүгінде сіз «Қазақ халқы» орнатқан «Нұрлы жазда» дәуірлеген, «Бақытты еліміздің» аспанынан шалқыған «Жеңіс жырын» құйқылжыта төккен құмыр -Бұлбұлсыз, «Қазақстан» жерінде топтан озған жүйрік «Ақбоз» -Дүлдүлсіз» депті.

Ақынның перзенті ретінде менің де айтпағым осы еді.

**Астана, 2018 жыл
(қаңтар – маусым)**





ҚЫСҚАША МАҒЛҰМАТТАР


Халық ақыны, әнші және композитор Кенен Әзірбаев 1884 жылы 19 маусымда қазіргі Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Мәтібұлақ ауылында дүниеге келген. Әкесі Әзірбай мен анасы Ұлдардың, балалары Базар мен Назардың мәйіттері осы жерде. Ғұмырының соңғы 18 жылын Жамбыл облысы, Қордай ауданында өткерді. Осында қайтыс болды. Кененді екі облысқа ортақ ақын дейтіні сондықтан.

Он жасында қолына домбыра алып, той-жиындарда ән сала бастаған. 11 жасында өзінің тұңғыш әні «Ри, қойымды», 13 жасында атақты «Бозторғайды» шығарды. Халықтың көңілін елең еткізген бұл ән тез арада бүкіл қазақ даласына тарады. Бала Кененнің аты қырғыз-қазаққа мәлім бола бастады. Жасөспірім әншіні «Боздаланың бозторғайы» деп атады.

Ақынның бозбала шағында (16-17 жасында) шығарған «Көкшолақ әні» Кененнің даңқын арттыра түсті. Өмірдің қысастығы мен кедейлікке ашынған, содан құтылар жол іздеген жас ақынның бұлқынған жүрегі еді бұл.

1904 жылы атақты қырғыз манабы Шәбден батырдың асында өзінің «Көпшілік тыңда әнімді» деген әнін шығарды. Осы жиында Жамбыл, Құлмамбет, Қатаған, Қалмырза сында өлең-жырдың дүлдүлдерін көрді.





1914 жылы арқаның атақты әншісі Балуан Шолақ өзінің ата-жұрты Жетісуға келеді. Ел аралап жүріп Қордай жеріне келгенде атағы бүкіл Жетісу жеріне мәлім Кенен ақынды алдыртып, әнін тыңдайды. Қасына ертіп жүріп, өзінің әндерін үйреткен. Бұл менің Балуанды екінші рет көруім дейтін. Осы жолы Балуан Шолақтың 12 әнін өз аузынан үйреніп қалды.

Кенен жалынды күрескер ақын. 1916 жылы Әли Нұрғожаев бастаған халық көтерілісіне қатысты. Осы жылдары «Аттаныңдар!», «Қайран елім, қайда!», «Бұлбұлға» деген әндерін туғызды.


Кеңес үкіметі орнаған кезде халық арасында үгіт-насихат жүргізу шараларына ат салысты. Ораз Жандосов, Тұрар Рысқұлов, Сәкен Сейфуллин, Қуаныш Бәрібаев сияқты жалынды революционер-большевиктермен бірге болды. Осы жылдары «Октябрь», «Балдай бол», «Соқ-соқ байларды», «Шырқа даусым» т.б. әндерін шығарды.

1919 – 1922 жылдары Қордай болысы революциялық комитетінің төрағасы қызметін атқарды. Әнімен де, жырымен де халықты бірлікке, жасампаздыққа, білім-өнерге ұмтылуға шақырды. «Шаңқ етпе», «Жас екпін», «Екпінделерге» деген әндері осының дәлелі.

1923 жылы ақынның Базар-Назар деген екі ұлы бірдей бір күнде, шешек ауруынан қайтыс болады. Қатты қайғырған ақын өзінің «Ақ ешкінің зары» деген атақты жоқтау-әнін шығарады. Кейін бұл ән халық арасына «Базар-Назар» деген атпен тарап кетті.

1931 - 1933 жылдары қазақ даласына үлкен қасірет әкелген ұжымдастыру саясатының куәгері болды. Кеңес үкіметінің солақай саясатын, аштықтан бас сауғалаған қазақтың ауыр тірлігін көрген ақын шыдай алмай 1932 жылы жұбайы Насиха мен қызы Ұлтайды алып қырғыз ағайындарды паналауға мәжбүр болды.





1934 жылы Кенен ақын Түрксибир (Түркістан-Сібір) темір жолында көшпелі театрда әнші болған. Аягөз станциясында атақты ақын Шашубай Қошқарбаевпен кездесіп, өнер сынасқан.

1934 жылы ақынның Төрткен атты қызы дүниеге келді. Оның азан шақырып қойған аты «Төрт кемпір бір шал». Тіл-көзден сақтасын деп, ырымдап қойған екен. Өйткені оның алдында жеті баласы өлген. Кейін қызының атын Төрткен деп өзгерткен.

1936 жылы тұңғыш рет Мәскеуде өткен Қазақ өнері мен әдебиетінің он күндігіне қатысты. Ұлы ұстазы Жамбылмен бірге барды. Қазақтың бұлбұл қызы Күләштың өнеріне қол соққан жұрттың ортасында болды. Кремльдің үлкен сарайында өзінің «Жаңа заң» деген әнін орындады.

1937 жылы Жамбыл Жабаевпен бірге Кавказға сапар шекті. Онда бір топ қазақ зиялыларымен бірге грузин халқының ұлы ақыны Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» поэмасының 800 жылдығына арналған мерекеге қатысты. Сталиннің туған жері Гори қаласында болды.

1937 жылы Кенен Әзірбаев ССРО Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданды.

Қазақ халқының басына қаратүнек орнаған 1937 жыл. Ораз Жандосовпен дос болған, оған арнап «Оразжан» деген қоштасу әнін шығарған ақынның өз басына да қауіп төнген еді. Ақыры Кененді «халық жауы» деген жаламен қамауға алды. Ол Алматы қаласының түрмесінде бірнеше ай отырып шықты.

1939 жылы ақын ұлды болады. Ұлы жырау Жамбыл Жабаев ақынның тұрған жері Иірсуға арнайы келіп, батасын берген. Көркемжан деп атын қойған.





1939 жылы әнші- композитор К. Әзірбаев ССРО Композиторлар одағының мүшесі болды.

1940 жылы Москваға барып, ССРО халық әртісі, композитор Р.М. Глиердің бастамасымен ашылған әнші-композиторлар курсына қатысты. Осы курста Кенен әлемдік ұлы композиторлардың өмірі және шығармашылығы туралы көптеген мағлұматтар алып қайтты.

1941-1945 жылдары болған Ұлы отан соғысы кезінде ақын домбырасын қолына алып күндіз-түні халқының ортасында болды. Алапат соғыстың бірінші күні-ақ «Біздің Отан жеңеді» деп саңқ ете қалған ақынның даусы бүкіл қазақ жерін шарлап кетті. Халықты сабырға, шыдамдылыққа, жеңіске шақырған ақынның үні бір сәт толастаған емес. «Қайран, Шөкем!», «Жалғыз қайным», «Күйгенім-ай, сүйгенім-ай!», «Ел қуанышы», «Жеңіс жылғы шаттық ән» сияқты туындылары халықтың асыл қазынасына айналды.

1945 жылы ұлы ұстазы Жамбыл дүние салғанда Кенен ақын арнайы келіп, ұзақ жоқтау-жырын айтқан. Кейін осы жырларын толықтырып «Жамбыл-жыр» атты дастанын жазып қалдырды.

1945 жылғы 1 қаңтарда халық ақыны К.Әзірбаев «Құрмет белгісі» орденімен наградталды.

1945 жылы 5 шілдеде ақын 61 жасқа келгенде екінші ұлы туды. Көркемжанға ұқсатып, атын Бақытжан деп ақынның өзі қойды. Ақынның бүкіл мұрасын, өлең-жырын жинақтап, насихаттап жүрген баласы.

1946 жылы сонау Кавказдан жер аударылып, жолда шешесінен, екі баурынан айрылған он жасар қызды қолынан жетектеп үйге алып келеді. Дағыстан жерінен, аты Хамсия екен. Атауға жеңіл деп атын





Айша деп өзгертеді. Сол Айша Кененқызы оқуын бітірген соң қазақтың жігітіне тұрмысқа шықты. Артында 5 ұл, 1 қызы қалды. Айша тәтеміздің ұрпағы Жамбыл облысы, Қордай ауданында өмір сүріп жатыр.

1947 жылы Москва қаласының 800 жылдық мерей тойына қатысты. Осы мерекеге арнап «Батыр Москва» деген әнін шығарды.

1948 жылы қыздары - Ақтамақ, 1952 жылы – Ақбілек дүниеге келді. Ақынның артында мол үрім-бұтағы қалды. Немере-шөбере (шөпшек), жиен - жиеншарларын есептегенде 100-ден асып жығылады.

1948 жылы Қазақстан композиторларының I - съезін халық ақыны Кенен Әзірбаев ашты.


1959 жылы тұңғыш рет ақынның 75 жылдық мерей тойы Қордай жерінде өтті. Тойды қазақтың біртуар азамат-жазушысы Сәбит Мұқанов басқарды. Осы мерекеге орай ақынға екінші рет «Құрмет белгісі» ордені берілді.

1960 жылы ұлы жазушы Мұхтар Әуезовпен бірге Москвада өткен Шығыс фольклорын зерттеушілердің дүниежүзілік XXV-конгресіне қатысты. Осы алқалы жиында Қобыланды жырындағы «Тайбурылдың шабысы» үзіндісін аса шеберлікпен орындап шықты.

1961 жылдың 8-ақпанында К. Әзірбаевқа «Қазақ ССР-нің халық ақыны» деген құрметті атақ берілді.

1964 жылы халық ақыны Кенен Әзірбаевтың 80 жасқа толған мерей тойы республика көлемінде аталып өтті. Осы жылдары ақын «Бес қуаныш», «Қайран жастық», «Қазақстан аймағы» деген әндерін шығарды.





1967 жылғы 28 қазан айында К. Өзірбаев «Еңбек Қызыл Ту» орденімен наградталды.


1974 жылы ақынның 90 жылдық мерей тойы Қордай тауының етегінде өтті. Республиканың барлық аймақтарынан, көрші өзбекстан, қырғыз, қарақалпақ елдерінен көптеген қонақтар келді. Қарт ақынның кеудесіне ең жоғары награда «Ленин» ордені тағылды.

1976 жылдың 12 сәуірінде 92 жастан асқан қазақтың асқан дарын иесі Кенен Өзірбаев дүниеден озды. Оның мәйіті сол өзі тұрған елді мекенге қойылды. Қазіргі таңда ол «Кенен ауылы» деп аталады.

1981 жылы осы жерде халық ақыны Кенен Өзірбаевтың әдеби-мемориалдық мұражайы ашылды.

Содан бері ақынның 100, 110, 120, 125 жылдық мерей тойлары республикалық деңгейде үзбей тойланып келеді. Ақын кейінгі ұрпаққа 100 - ден астам ән, 7 күй, 10 жыр-дастан, көптеген өлең-жырларын, айттыстарын қалдырды. Филология ғылымының докторы, қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбековтың жоғарыда келтірген сөзін қайталап айтсақ шын мәнінде: «Кенен Өзірбаев – сан өнерді жарастырып тең ұстаған ұлы өнерпаз: жырау әрі ақын, жыршы әрі күйші, әнші әрі композитор, шежіреші әрі ел мұрасын сақтаушы үлкен қайраткер».





КІТАП АВТОРЫ ТУРАЛЫ

БАҚЫТЖАН КЕНЕНҰЛЫ 1945 жылы 4 шілдеде Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Иірсу мекен-жайында дүниеге келген. Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, сазгер, аудармашы. Қордай ауданының құрметті азаматы. Кенен атамыздың өлең-жырларын, әндерін насихаттап, халық арасында кең тарауына, жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде талмай атсалысып жүрген қаламгер, айтулы азамат.

Б. Кененұлы 30-дан астам ән шығарған. Оның мәтіндерін де өзі жазады. «Көңіл кептері» атты әндер жинағы, нотасымен қоса 2004 жылы жарық көрді. Мұны жұрт әкеден балаға дарыған өнер жалғастығы дейді. 2011 жылы оның авторлық етуімен Кенен ақынның өмірі мен шығармашылығы жайлы «Алатаудың ақиығы» атты деректі фильм түсірілді. Оның тұсау кесері Павлодар, Қызылжар, Көкшетау, Алматы, Астана қалаларында және ақынның туған жері Қордайда өткізілді.

Б. Кененұлы баспа және полиграфия саласының үздік маманы. Ол көп жылдар «Қазақстан», «Қайнар», «Өнер» баспаларында редактор, аға редактор қызметін атқарды. Қазақстан Театр қайраткерлері одағында «Сахна» басылымының редакторы, Әділет министрлігінде аударма бөлімінің меңгерушісі болып қызмет етті.






1998 жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейін (2008 ж.) ҚР-сы Парламенті Сенатының редакциялық-баспа бөлімінде бас консультант, сектор меңгерушісі қызметін атқарды. Б. Кененұлы «Астанаға 10 жыл», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Республикасының Парламентіне 10 жыл» мерекелік медальдармен және басқа да мақтау грамоталарымен марапатталған.

Оның қаламынан шыққан «Әке рухымен сырласу» (2004 және 2011 ж.) атты роман-эссесі, Кенен ақынның өмір жолы, отбасы, әке-азамат ретінде алатын орны туралы жазған көптеген мақала - естеліктері көпшіліктің көңілінен шыққан аса құнды дүниелер.






МАЗМҰНЫ


Серік НЕГИМОВ. Телегейім, тереңім, кемелім!.....	9
Бастау.....	17
Жол басшым да, жолдасым да, Еркебай.....	35
Туған жерге тағзым.....	43
Ақынның ұстаздары	48
Өмірін өлеңмен өрген ақын	57
Әлемді дүр сілкіндірген оқиға	72
Насиха – алтын қазығым!	77
Жамандық айтып келмейді	89
Қас жүйрік қосылмайды қою шаңға	112
Кененнің айтыстары.....	127
Кененді мойындатқан келіншек	134
Бұлбұл әнші – Ұлы композитор	145
Ақынның жоқтау өлеңдері	155
Ақынның арнау өлеңдері	181
«Бозторғай» неге ұмыт қалды?	188
Жүректің ыстық қаны үзілмейді	197
Кенен жырау ма?	207





Сал - серінің соңы	215
Кенекең - нақыл сөзге кең екен!	229
Кенен - қоғам қайраткері	243
Кенен - суреткер ақын	254
Туған жер тұғырың	261
Кененнің ақыл-нақылдары	268
Аталар тағлымы	276
Ақынның шәкірттері	285
Ұстаз тұтып келеміз	305
Армансыз ақын	317
Түмен сөздің - түбі бір	329
Қысқаша мағлұматтар	333
Кітап авторы туралы.....	339





БАҚЫТЖАН КЕНЕНҰЛЫ

ҰЛЫ ДАЛА ЖЫРШЫСЫ

ЖАУАПТЫ ШЫҒАРУШЫ -
«Алатау» баспа-полиграфиялық корпорациясы


Президенті – КЕНЕНБАЙ ЫРЫМ СУАНБАЙҰЛЫ

Редакторы – Ы.С. КЕНЕНБАЙ
Беттеген – А. К. ҚЫДЫРАЛЫ
Техникалық редакторы – В.В. СТЕНЯКИН
Баспахана директоры – И.Ү. АҚБАСОВ

ISBN 978-601-7461-49-2

Теруге 05.10.2018 ж. берілді.
Басуға қол қойылған күні 22.03.2019 ж.
Қаріп түрі «Arial». Шартты баспа табағы 25,7.
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 000





ISBN 978-601-7461-49-2



«Алатау» Баспа-полиграфиялық корпорациясы.
Алматы қаласы, 050026. Төле би көшесі, 130 «А».
тел.: 378-42-02, e-mail: corp_alatau@rambler.ru



АҚ «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, 050026. Мұқанов көшесі, 223 «В».
тел.: 378-36-46, e-mail: ao@almatybolashak.kz

